

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Кодексімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 04.07.2014 № 231-V Кодексімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

ҚР ҚІЖК қолданысқа енгізілу тәртібін ҚР 1997.12.13 N 207 ҚР Заңынан қараңыз.

Жалпы бөлім

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "зерттеу үшін үлгілерді", "зерттеу үшін үлгілер", "зерттеу үшін алынған үлгілер", "Сараптамалық зерттеу үшін үлгілер", "Сараптамалық зерттеу үшін үлгі", "сараптамалық зерттеу үшін үлгілер", "сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді", "Сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді", "сараптамалық зерттеудің үлгілері", "Сараптамалық зерттеу үшін дәрігердің немесе басқа маманның үлгілер алуы", "сараптамалық зерттеу үшін үлгі", "Сараптамалық зерттеу үшін алынған үлгілер", "сараптамалық зерттеуге үлгілер" деген сөздер тиісінше "үлгілерді", "үлгілер", "Үлгілер", "Үлгі", "Үлгілерді", "Дәрігердің немесе басқа маманның үлгілер алуы", "үлгі", "Алынған үлгілер" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2006.07.04 N 151 Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "өтінімдер", "өтінімі", "өтінімдерді", "өтінім", "өтінімдердің", "өтінімдерінің" деген сөздер тиісінше "өтініштер", "өтініші", "өтініштерді", "өтініш", "өтініштердің", "өтініштерінің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «медициналық мекемеге», «медициналық мекеменің», «медициналық мекемеден», «медициналық мекемелерге», «медицина мекемесіне», «медициналық мекеме», «Медициналық мекемеде» деген сөздер тиісінше «медициналық ұйымға», «медициналық ұйымның», «медициналық ұйымнан», «медициналық ұйымға», «медициналық ұйымға», «медициналық ұйым», «Медициналық ұйымда» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

1-бөлім. Негізгі ережелер

1-тарау. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу заңдары

1-бап. Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін айқындайтын заңдар

1. Қазақстан Республикасы аумағына қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, конституциялық заңдарымен, Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына негізделген Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен айқындалады. Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін өзге заңдардың ережелері осы Кодекске е н г і з і л у г е т и і с .

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік қаулылары қылмыстық іс жүргізу құқығының құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Егер қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында азаматтық немесе әкімшілік құқықтарға сәйкес шешілуі тиіс мәселені қарау қажеттігі туындаса, ол азаматтық немесе әкімшілік іс жүргізу тәртібімен шешіледі.

2-бап. Қылмыстық сот ісін жүргізуде басым күші бар құқықтық нормаларды қолдану

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жоғары заң күші болады және ол тікелей қолданылады. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының Конституциясы ережелерінің арасында қайшылық болған жағдайда Конституцияның ережелері қолданылады.

2. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының конституциялық заңы ережелерінің арасында қайшылық болған жағдайда конституциялық заңның ережелері қолданылады. Осы Кодекс пен өзге де заңдар ережелері арасында қайшылық болған жағдайда осы Кодекстің ережелері қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың осы Кодекстен басымдығы болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару қажет екендігі айтылған жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

3-бап. Қылмыстық іс жүргізу заңының кеңістікте қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық сот ісін жүргізу қылмыс жасалған жерге қарамастан осы Кодекске сәйкес жүргізіледі.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Кодекстің кеңістікте қолданылуының өзгеше ережелері белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің қылмыстық іс жүргізу құқығының қолданылуы

Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің тергеу органдары мен сотының немесе олардың тапсырмасы бойынша қылмыстық процесті жүргізуші органның шет мемлекеттің қылмыстық іс жүргізу құқығын, егер ол Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта көзделсе, қолдануға болады.

5-бап. Қылмыстық іс жүргізу заңының уақыт тұрғысында қолданылуы

1. Қылмыстық сот ісін жүргізу іс жүргізу әрекетін орындау, іс жүргізу шешімін қабылдау кезіне дейін күшіне енген қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жаңа міндеттер жүктейтін, процеске қатысушыларға тиесілі құқықтардың күшін жоятын немесе оларды кемітетін, оның пайдаланылуын қосымша шарттармен шектейтін қылмыстық іс жүргізу заңының кері күші болмайды.

3. Дәлелдердің жарамдылығы олар алынған кезде қолданылып жүрген заңға сәйкес айқындалады.

6-бап. Қылмыстық іс жүргізу заңының шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылуы

1. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізу осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген дипломатиялық немесе өзге де артықшылықтар мен иммунитеттерге ие адамдарға қатысты немесе олардың қатысуымен жүзеге асырылатын қылмыстық сот ісін жүргізудің ерекшеліктері осы Кодекстің 53-тарауына сәйкес айқындалады.

7-бап. Осы Кодекстегі кейбір ұғымдардың түсініктемесі

Осы Кодексте қамтылған ұғымдардың, егер заңда ерекше нұсқаулар болмаса, мынадай мағынасы бар:

- 1) "сот" - сот билігі органы, Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін, істі алқалық немесе жеке қарайтын кез келген заңды түрде құрылған сот;
- 2) "бірінші сатыдағы сот" - қылмыстық істі мәні бойынша қарайтын сот;
- 3) "апелляциялық саты" – бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енбеген үкімдеріне, қаулыларына апелляциялық шағымдар (наразылықтар) бойынша істі мәні бойынша қарайтын сот;

4) алынып тасталды - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен;

4-1) "кассациялық саты" – бірінші және апелляциялық сатыдағы соттың заңды күшіне енген үкімдеріне, қаулыларына кассациялық шағымдар (наразылықтар) бойынша істі қарайтын сот;

5) "қадағалау сатысы" - заңды күшіне енген сот шешімдеріне өтініштер, наразылықтар бойынша істі қадағалау тәртібімен қарайтын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының алқасы, сондай-ақ Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынымын немесе Бас прокурордың наразылығын қарайтын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы;

6) "судья" - сот билігін жүргізуші; осы лауазымға заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған немесе сайланған кәсіпқой судья (соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы, тиісті соттың судьясы);

7) "төрағалық етуші" - қылмыстық істі алқалық немесе жеке қарау кезінде төрағалық ететін судья;

7-1) алқабі - соттың қылмыстық істі осы Кодексте белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы;

8) "басты сот талқылауы" - бірінші сатыдағы соттың қылмыстық істі мәні бойынша қарауы;

9) "процеске қатысушылар" - қылмыстық ізге түсуді және сотта айыптауды қолдауды жүзеге асыратын органдар мен адамдар, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өздерінің немесе өздері білдіретін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын адамдар: прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы, сезікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер, оның заңды өкілі мен өкілі, жәбірленуші, жеке айыптаушы, азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері мен өкілдері;

10) "қылмыстық процесті жүргізуші орган" - сот, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша істі сотқа дейін жүргізу кезінде прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушы;

11) "тараптар" - сот талқылауында бәсекелестік пен тең құқықтылық негізінде айыптауды (қылмыстық ізге түсуді) және айыптаудан қорғауды жүзеге асыратын органдар мен адамдар;

12) "айыптау тарабы" - қылмыстық ізге түсу органдары, сондай-ақ жәбірленуші (жеке айыптаушы), азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері мен өкілдері;

13) "қылмыстық ізге түсу (айыптау)" - қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет пен оны жасаған адамды, соңғысының қылмыс жасаудағы кінәлілігін анықтау мақсатында, сондай-ақ мұндай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін

айыптау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі;

14) "қылмыстық ізге түсу органдары" - прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы;

14-1) сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу - анықтау органының, анықтаушының, тергеушінің осы Кодексте белгіленген өкілеттіктері шегінде сотқа дейінгі қызметінің іс жүргізу нысаны;

15) "анықтау" - анықтау органдарының осы Кодекспен белгіленген өкілеттік шегінде істің мән-жайының жиынтығын анықтау, белгілеу, бекіту және қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі сотқа дейінгі қызметінің іс жүргізу нысаны;

16) "алдын ала тергеу" ("алдын ала іздестіру") - уәкілетті органдардың осы Кодекспен белгіленген өкілеттік шегінде істің мән-жайының жиынтығын анықтау, белгілеу, бекіту және қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі сотқа дейінгі қызметінің іс жүргізу нысаны;

17) "тергеуде болу" - осы Кодексте белгіленген, белгілі бір қылмысты тергеу белгілі бір алдын ала тергеу органының немесе анықтаудың құзыретіне жататын белгілердің жиынтығы;

18) "қорғану тарабы" - сезікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілі;

19) "қорғау" - қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, айыптауды жоққа шығару немесе жеңілдету, сондай-ақ заңсыз қылмыстық ізге түсуге ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі;

20) "мәлімдеуші" - сотқа немесе қылмыстық ізге түсу органдарына қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен өзінің (басқаның) нақты немесе жорамалды құқығын қорғау үшін өтініш жасаған адам;

21) "өкілдер" - заңның немесе келісімнің күшіне орай жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің заңды мүдделерін білдіруге уәкілдік берілген адамдар;

22) "заңды өкілдер" - сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары, сондай-ақ сезіктіні, айыпталушыны немесе жәбірленушіні қорғап немесе асырап отырған ұйымдар мен адамдардың өкілдері;

23) "туыстар" - үлкен атасы мен үлкен әжесіне дейін ортақ ата-бабалары бар туыстық байланыстағы адамдар;

24) "жақын туыстар" - ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандар, бірге туған және бірге тумаған туыс аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері;

25) "қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдар" - сот отырысының

хатшысы, аудармашы, көрген адам, куә, куәгер, сарапшы, маман, сот приставы;

25-1) "хабар-ошарсыз жоғалған адам" – өтініш берілген кезден бастап екі ай бойы жүргізілген жедел-ізвестіру шараларымен тұрған жерін осы мерзімде анықтау мүмкін болмаған адам;

26) "қылмыстық іс" - жасалды деп жорамалданған бір немесе бірнеше қылмыстар бойынша қылмыстық ізге түсу органы мен сот жүргізетін оқшауландырылған іс жүргізу;

27) "іс бойынша іс жүргізу" - қозғау, сотқа дейінгі дайындау, сотта талқылау және соттың үкімін (қаулысын) орындау барысында нақты қылмыстық іс бойынша жүзеге асырылатын іс жүргізу әрекеттері мен шешімдерінің жиынтығы;

28) "қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу" - қылмыстық іс қозғалған кезден бастап оны мәні бойынша қарау үшін сотқа жолдағанға дейін қылмыстық іс бойынша іс жүргізу (анықтау және алдын ала тергеу), сондай-ақ қылмыстық іс бойынша жеке айыптаушы мен қорғау тарабының материалдар дайындауы;

29) "істің материалдары" - істің құрамдас бөлігі болып табылатын немесе оған қосу үшін ұсынылған құжаттар мен заттар; хабарлаулар, сондай-ақ іс бойынша жағдайды белгілеу үшін маңызы болуы мүмкін құжаттар мен заттар;

30) "іс жүргізу әрекеттері" - осы Кодекске сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу барысында жүргізілетін іс-әрекеттер;

31) "хаттама" - қылмыстық процесті жүргізуші орган жасаған іс жүргізу әрекеті көрсетілетін іс жүргізу құжаты;

32) "іс жүргізу шешімдері" - өз құзыреттері шегінде қылмыстық процесті жүргізуші органдар шығаратын және осы Кодексте айқындалған нысанда көрініс табатын қылмыстық іс жүргізу құқығын қолдану актілері - үкімдер, қаулылар, қорытындылар, ұсыныстар, санкциялар;

33) "қаулы" - соттың үкімнен басқа әртүрлі шешімдері; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында, сондай-ақ сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу шеңберінде қабылданған шешімдері;

34) "үкім" - айыпталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі және оған жаза қолдану немесе қолданбау туралы мәселе бойынша бірінші, апелляциялық сатыдағы сот шығарған сот шешімі;

35) "қорытынды шешім" - қылмыстық процесті жүргізуші органның іс бойынша іс жүргізудің басталуын немесе жалғастырылуын болдырмайтын, сондай-ақ, түпкілікті болмаса да, істі мәні бойынша шешетін әртүрлі шешімдері;

36) "санкция" - прокурордың, соттың сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қылмыстық ізге түсу органы қабылдаған іс жүргізу шешімін бекіту актісі;

37) "түсіндіру" - процеске қатысушылар мен мәлімдеушілердің өзінің дәмесін немесе өздері өкілі болған адамдардың дәмесін негіздеу үшін келтірілген ауызша немесе жазбаша дәйектемесі;

38) "шағым, наразылық" - процеске қатысушылардың анықтау, алдын ала тергеу, прокурор немесе соттың іс-әрекетіне өздерінің құзыреті шегінде және осы Кодексте белгіленген тәртіппен енгізілген көңіл аудару актісі;

39) "өтініш жасау" – тараптың немесе арыз берушінің қылмыстық процесті жүргізуші органға жолданған іс-жүргізу іс-әрекеттерін жүргізу немесе іс жүргізу шешімін қабылдау туралы өтініші, ал қадағалау сатысында – қадағалау іс жүргізуін қозғау және заңды күшіне енген сот актісін қайта қарау туралы жолданым;

40) "ғылыми-техникалық құралдар" - дәлелдерді анықтау, көрсету, алу және зерттеу үшін заңды түрде қолданылатын аспаптар, арнаулы жабдықтар, материалдар;

41) "арнаулы білім" - адам кәсіби оқудың не практикалық қызметтің барысында алған, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланылатын қылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білім;

41-1) «арнаулы ғылыми білім» - сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерінде іске асырылған, мазмұны ғылыми білімді құрайтын арнаулы білім саласы;

42) "баспана" - бір немесе бірнеше адамның уақытша немесе тұрақты тұруына арналған үй-жай немесе құрылыс, оның ішінде: меншікті немесе жалға алынған пәтер, үй, саяжай үйі, мейманхана нөмірі, каюта; көп пәтерлі үйлерді қоспағанда, оларға тікелей жалғасатын тұрғын үйлердің верандалары, террасалары, галереялары, балкондары, жертөлесі және шатыры, сондай-ақ өзен немесе теңіз кемесі;

43) "түнгі уақыт" - жергілікті уақыт бойынша сағат жиырма екіден алтыға дейінгі уақыт аралығы.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Қылмыстық процестің міндеттері мен принциптері

8-бап. Қылмыстық процестің міндеттері

1. Қылмыстық процестің міндеттері қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану болып табылады.

2. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда - оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесуі тиіс.

9-бап. Қылмыстық процесс принциптерінің мәні

Қылмыстық процесс принциптерінің мәні мынада: оларды бұзу, оның сипаты мен мәніне қарай, іс бойынша болған іс жүргізуді жарамсыз деп тануға, мұндай іс жүргізудің барысында шығарылған шешімдерді бұзуға не осы тұрғыда жиналған материалдарды дәлелдеу күші жоқ деп тануға әкеліп соқтырады.

10-бап. Заңдылық

1. Сот, прокурор, тергеуші, анықтау органы және анықтаушы қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Кодекстің, осы Кодекстің 1-бабында көрсетілген өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын дәл сақтауға міндетті.

2. Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне жүгінуге міндетті.

3. Соттың, қылмыстық ізге түсу органдарының қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде заңды бұзуына жол берілмейді және ол заңмен белгіленген жауаптылыққа, актілерді заңсыз деп тануға және олардың күшін жоюға әкеп
с о ғ а д ы .

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Сот әділдігін тек соттың ғана жүзеге асыруы

1. Қазақстан Республикасында қылмыстық істер бойынша сот әділдігін тек соттар ғана жүзеге асырады. Сот өкілеттігін кімнің болса да иемденуі заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

2. Соттың үкімі бойынша және заңға сәйкес болмаса, ешкім де қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп таныла алмайды, сондай-ақ қылмыстық жазаға тартыла алмайды.

3. Соттың құзыреті, оның заңды құқығының шегі, оның қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыру тәртібі заңмен айқындалады және оны өз бетінше өзгертуге болмайды. Қылмыстық істерді қарау үшін қандай атаумен болса да төтенше немесе арнаулы соттар құруға жол берілмейді. Төтенше соттардың, сондай-ақ өзге де заңсыз құрылған соттардың үкімдері мен басқа да шешімдерінің заңды күші болмайды және атқарылуға жатпайды.

4. Өзі қарауына жатпайтын іс бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асырушы, өзінің өкілеттігін асыра қолданған немесе осы Кодексте көзделген қылмыстық сот ісін жүргізу принциптерін өзгедей бұзған соттың үкімі мен басқа да шешімдері заңсыз болады және олардың күші жойылуға тиіс.

5. Соттың қылмыстық іс бойынша үкімі мен басқа да шешімдерін осы Кодексте көзделген тәртіппен тек тиісті соттар ғана тексеріп, қайта қарай алады.

12-бап. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау

1. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сотпен қорғауға құқығы бар.

2. Ешкімге өзінің келісімінсіз ол үшін заңмен көзделген соттылығы өзгертіле алмайды.

3. Мемлекет заңда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша жәбірленушіге сот әділдігіне қол жеткізуін және келтірілген залалдың өтелуін қамтамасыз етеді.

13-бап. Жеке адамның абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу

1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық процеске қатысушы адамдардың абыройын түсіретін немесе қадір-қасиетін кемітетін шешімдер мен іс-әрекеттерге тыйым салынады, адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді, сонымен бірдей осы Кодексте көзделмеген мақсаттар үшін адам құпия сақтау қажет деп санайтын жеке сипаттағы мәліметтерді жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен адамға келтірілген моральдық зиян заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

14-бап. Адамның жеке басына тиіспеушілік

1. Осы Кодексте белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімді де қылмыс жасады деген сезік бойынша ұстауға, қамауға алуға немесе өзгеше

түрде бас бостандығынан айыруға болмайды.

2. Осы Кодексте көзделген жағдайларда ғана және қамауға алынған адамға сотқа шағымдану құқығын бере отырып, тек соттың санкциясымен ғана қамауға алуға және күзетпен ұстауға жол беріледі. Адам соттың санкциясыз жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұсталуы мүмкін. Күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға соттың шешімімен ғана жол беріледі. Күзетпен ұсталмаған адамды сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға соттың шешімі санкциясы бойынша жол беріледі.

3. Әрбір ұсталған адамға ұстаудың негізі, сондай-ақ ол жасады деп сезік келтірілген немесе айыпталған қылмыстың заңдық сипаттамасы дереу хабарланады.

4. Сот, қылмыстық ізге түсу органдары заңсыз ұсталған немесе қамауға алынған, немесе медициналық ұйымға заңсыз орналастырылған не заңда немесе үкімде көзделгендегіден артық мерзімге күзетпен ұсталған адамды дереу босатуға міндетті.

5. Қылмыстық процеске қатысушы адамдардың ешқайсысына күш қолдануға, катал немесе адамның қадір-қасиетін түсіретін әрекет жасауға болмайды.

6. Ешкімді де адамның өміріне немесе денсаулығына қауіп туғызатын іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға тартуға болмайды. Адамның жеке басына тиіспеушілікті бұзатын іс жүргізу әрекеттері адамның не оның заңды өкілінің еркіне қарсы осы Кодексте тікелей көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жүргізілуі мүмкін.

7. Өзіне қатысты жолын кесу шарасы ретінде қамауға алу таңдалған адамды, сондай-ақ қылмыс жасады деген сезікпен ұсталған адамды қамауда ұстау оның өмірі мен денсаулығына қауіп туғызбайтын жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс.

8. Заңсыз бас бостандығынан айыру, өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайда ұстау, оған катал қарау салдарынан азаматқа келтірілген зиян осы Кодексте көзделген тәртіппен өтелуге тиіс.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

15-бап. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау

1. Қылмыстық процесті жүргізуші орган қылмыстық процеске қатысушы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, процеске қатысушылардың заңды талаптарын қанағаттандыруға уақытылы шаралар қолдануға міндетті.

2. Азаматқа қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде оның құқықтары мен

бостандықтарының бұзылуы салдарынан келтірілген зиян осы Кодексте көзделген негіздер мен тәртіп бойынша өтелуге тиіс.

3. Жәбірленушіні, куәні немесе қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдарды, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін немесе өзге де жақын туыстарын өлтірумен, күш қолданумен, мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен, не өзге де заңға қарсы қауіпті әрекеттермен қорқытқандығына жеткілікті негіздер болған кезде қылмыстық процесті жүргізуші орган өз құзыреті шегінде бұл адамдардың өмірін, денсаулығын, абыройын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғауға заңда көзделген шараларды қолдануға міндетті.

16-бап. Жеке өмірге қол сұқпаушылық. Хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесудің, почта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиясы

Азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтардың, хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесудің, почта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиясына құқығы бар. Қылмыстық процесс барысында бұл құқықтарды шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

17-бап. Тұрғын үйге қол сұқпаушылық

Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Тұрғын үйге онда тұратын адамдардың еркіне қарсы кіруге, оны қарауға және тінту жүргізуге заңда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

18-бап. Меншікке қол сұқпаушылық

1. Меншікке заңмен кепілдік беріледі. Ешкімді де соттың шешімі болмайынша өз мүлкінен айыруға болмайды.

2. Іс жүргізу әрекеттерінің барысында адамдардың банктегі салымдарына және басқа да мүліктеріне тыйым салу, сондай-ақ оны алу осы Кодексте көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша жүргізілуі мүмкін.

19-бап. Кінәсіздік презумпциясы

1. Әр адам оның қылмыс жасағандығы үшін кінәлілігі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады.

2. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

3. Айыпталушының кінәлілігіне сейілмеген күдік оның пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңын қолдану кезінде пайда болған күмәндер де айыпталушының пайдасына шешілуі тиіс.

4. Айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол ақиқат дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс.

20-бап. Қайта соттауға және қылмыстық ізге түсуге жол берілмеуі

Ешкімді де нақ бір қылмыс үшін қайтадан қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

21-бап. Сот әділдігін заң мен сот алдындағы теңдік негіздерінде жүзеге асыру

1. Сот әділдігі барша жұрттың заң мен сот алдында теңдігі негізінде жүзеге асырылады.

2. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында ешкімді де шыққан тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдері, тұрғылықты жері бойынша немесе өзге де кез келген мән-жайлар бойынша қандай да болсын кемсітушілікке ұшыратуға болмайды.

3. Қылмыстық ізге түсуден иммунитеті бар адамдарға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізудің шарттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Кодекспен, заңдармен және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен айқындалады.

22-бап. Судьялардың тәуелсіздігі

1. Судья сот әділдігін атқару кезінде тәуелсіз болады және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады.

2. Соттың сот әділдігін атқару жөніндегі қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапқа тартылады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

3. Судьялар тәуелсіздігінің кепілдігі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңмен белгіленген.

23-бап. Сот ісін жүргізуді тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыру

1. Қылмыстық сот ісін жүргізу айыптау және қорғау тараптарының бәсекелестігі мен тең құқықтылығы принципінің негізінде жүзеге асырылады.

2. Қылмыстық ізге түсу, қорғау және істі соттың шешуі бір-бірінен бөлінген және оларды әртүрлі органдар мен лауазымды адамдар жүзеге асырады.

3. Сотталушыға тағылған айыпты дәлелдеу міндеті айыптаушыға жүктеледі.

4. Қорғаушы сотталушыны қорғаудың заңда көзделген барлық құралдары мен әдістерін пайдалануға міндетті.

5. Сот қылмыстық ізге түсу органы болып табылмайды, айыптау немесе қорғау жағында болмайды және құқық мүдделерінен басқа қандай да болсын мүдделерді білдірмейді.

6. Сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың өз іс жүргізу міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай туғызады.

7. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы тараптар тең құқықты, яғни оларға Конституциямен және осы Кодекспен өз айқындамаларын қорғауға бірдей

мүмкіндік берілген. Сот, іс жүргізу шешімін, зерттеуге қатысу тараптардың әрқайсысына бірдей негізде қамтамасыз етілген дәлелдерге ғана негіздейді.

8. Тараптар қылмыстық сот ісін жүргізу барысында өзінің айқындамасын, оны дербес және сотқа, басқа да органдар мен адамдарға тәуелсіз қорғаудың әдістері мен құралдарын таңдайды. Сот тараптың өтініші бойынша оған осы Кодексте көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсетеді.

9. Мемлекеттік айыптаушы мен жеке айыптаушы белгілі бір адамның қылмыстық ізіне түсуді жүзеге асыра алады немесе заңда көзделген жағдайларда қылмыстық ізіне түсуден бас тарта алады. Сезікті мен айыпталушы өзінің кінәсін еркін жоққа шығара алады немесе өзін кінәлімін деп мойындай алады. Азаматтық талапкер талап арыздан бас тартуға немесе азаматтық жауапкермен бейбіт келісім жасасуға құқылы. Азаматтық жауапкер талап арызды мойындауға немесе азаматтық талапкермен бейбіт келісім жасасуға құқылы.

10. Сот тараптарға істің бірінші және апелляциялық саты бойынша қаралу құқығын қамтамасыз етеді; айыпталушыға және оның қорғаушысына істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша кассациялық және қадағалау тәртібімен қарау кезінде қатысуға рұқсат етіледі. Сот әрбір қылмыстық істі қараған кезде айыптау тарабының мемлекеттік не жеке айыптаушысы болуға тиіс. Сот істі қарағанда тараптардың қатысуы міндетті болатын басқа да жағдайлар осы Кодексте айқындалады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу

1. Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

2. Қылмыстық ізге түсу органдары нақты деректерді анықтайды, солардың негізінде іс үшін мәні бар мән-жайлар белгіленеді.

3. Қылмыстық істі қараушы сот объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, айыптау және қорғау тараптарына олардың істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеу құқықтарын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай т у ғ ы з а д ы .

3-1. Осы Кодекстің 361-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сот істегі бар және сот отырысында тараптар табыс еткен дәлелдемелерді зерттеудің қажеттілігі мен жеткіліктілігі мәселелері бойынша тараптардың пікірімен байланысты емес.

4. Айыпталушыны әшкерелейтін де, ақтайтын да, сондай-ақ оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар іс

бойынша анықтауға жатады. Қылмыстық процесті жүргізуші орган күдіктінің, айыпталушының кінәсіздігі немесе кінәлілік дәрежесінің аздығы туралы, сондай-ақ оларды ақтайтын не жауаптылығын жеңілдететін дәлелдемелердің бар екендігі туралы барлық мәлімдемелерді, сондай-ақ іс материалдарын дәлелдемелер ретінде жинақтау және бекіту кезінде тергеудің рұқсат етілмеген әдістерінің қолданылғаны туралы мәлімдемелерді тексеруге тиіс.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау

1. Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл орайда заң мен ар-ожданدى басшылыққа алады.

Алқаби дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өзінің ішкі нанымы бойынша бағалайды, бұл ретте ар-ожданدى басшылыққа а л а д ы .

2. Ешқандай дәлелдеменің күні бұрын белгіленген күші болмайды.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Сезіктің, айыпталушының қорғануға құқығын қамтамасыз ету

1. Сезіктің, айыпталушының қорғануға құқығы бар. Олар бұл құқығын осы Кодексте белгіленген тәртіппен жеке өзі де, қорғаушының, заңды өкілінің көмегімен де жүзеге асыра алады.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган сезіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіруге және олардың айыптаудан заңмен тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғауға шаралар қолдануға міндетті.

3. Осы Кодексте көзделген жағдайларда қылмыстық процесті жүргізуші орган сезікті, айыпталушы қорғаушысының іске қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Сезікті, айыпталушы қорғаушысының және заңды өкілінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы сезіктіге, айыпталушыға тиесілі құқықтарды кемітпейді.

5. Сезікті, айыпталушы қылмыстық ізге түсу органдарына айғақтар беруге, қандай да болсын материалдар беруге, оларға қандай да бір жәрдем көрсетуге мә ж б ү р е т і л м е у г е т и і с .

6. Сезіктің, айыпталушының онымен бірлесіп қылмыс жасады деп айыпталған адамға қатысты қылмыстық істі қарау кезінде де өзіне тиесілі қорғану құқығының барлық кепілдіктері сақталады.

27-бап. Куәлік айғақтар беру міндетінен босату

1. Ешкім өзіне, жұбайына (зайыбына) және ауқымы заңмен айқындалған жақын туыстарына қарсы айғақтар беруге міндетті емес.

2. Діни қызметшілер өздеріне ішкі сырын ашуға сенім білдірген адамдарға қарсы куәлік беруге міндетті емес.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларда аталған адамдар айғақтар беруден бас тартуға құқылы және ол үшін қандай да болсын жауапқа тартуға болмайды.

28-бап. Білікті заң көмегіне құқықты қамтамасыз ету

1. Қылмыстық процесс барысында осы Кодекстің ережелеріне сәйкес білікті заң көмегін алуға әркімнің құқығы бар.

2. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

29-бап. Жариялылық

1. Қылмыстық істерді талқылау барлық соттар мен барлық сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот талқылауының жариялылығын шектеуге ол мемлекеттік құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана жол беріледі. Сонымен бірге іске қатысушы адамдар өмірінің жеке жақтары туралы мәліметтерді жариялауды болдырмау мақсатында, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәнің немесе басқа да іске қатысушы адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздік мүдделері талап ететін жағдайларда кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер және басқа да істер бойынша соттың дәлелді қаулысымен жабық сот талқылауына жол беріледі. Жабық сот отырысында сот процесінің сотқа дейінгі сатысында сот шешетін қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы органның іс-әрекеті мен шешіміне шағымдар да қаралады.

2. Істер мен шағымдарды жабық отырыста қарау осы Кодексте белгіленген барлық ережелер сақтала отырып жүзеге асырылады.

3. Соттың үкімі мен іс бойынша қабылданған қаулылар барлық жағдайларда ашық жарияланады.

30-бап. Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі

1. Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот ісінде мемлекеттік тілмен бірдей орыс тілі немесе басқа да тілдер қолданылады.

2. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе өзге тілдерде жүргізу қажет болған жағдайда сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы дәлелді қаулы шығарады.

3. Іс бойынша іс жүргізілген тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысушы адамдарға сотта өзінің ана тілінде немесе олар білетін басқа тілде өтініш жасау, түсінік және айғақтар беру, өтініш білдіру, шағым жасау, істің материалдарымен танысу, сөйлеу, осы Кодексте белгіленген тәртіппен

аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

4. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы адамдарға олар үшін заң күшімен қажетті істің басқа тілде жазылған материалдарын қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін қамтамасыз етіледі. Сот процесіне қатысушы адамдарға соттағы айтылғандардың басқа тілде болған бөлігінің сот ісін жүргізу тіліне аудармасы тегін қамтамасыз етіледі.

5. Қылмыстық процесті жүргізуші органдар процеске қатысушыларға осы Кодекске сәйкес оларға сот ісін жүргізу тілінде тапсырылуы тиіс құжаттарды тапсырады. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін сот ісін жүргізудің осы адамдар таңдаған тілінде жазылған құжаттарының куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-бап. Іс жүргізу әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану бостандығы

1. Сот пен қылмыстық ізге түсу органының әрекеттері мен шешімдеріне осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

2. Әрбір сотталған адамның осы Кодексте белгіленген тәртіппен үкімді жоғары тұрған сотқа қайта қаратуға, сондай-ақ кешірім жасау немесе жазаны жеңілдету туралы сұрауға құқығы бар. Шет мемлекеттің соты соттаған және жазасын өтеу үшін кешірім жасауды қолданбау туралы шарт қойылмай, Қазақстан Республикасына берілген адамның кешірім жасау немесе жазаны жеңілдету туралы өтінішпен жүгінуге құқығы бар.

3. Шағымды берген адамға зиян келетін немесе ол мүдделерін көздеп берілген адамға зиян келетін етіп қолдануға жол берілмейді.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. Қылмыстық ізге түсу

32-бап. Жеке, жеке-жариялы және жариялы ізге түсу мен айыптау істері

1. Жасалған қылмыстың сипаты мен ауырлығына қарай қылмыстық ізге түсу мен сотта айыптау жеке, жеке-жариялы және жариялы түрде жүзеге асырылады.

2. Осы Кодекстің 33-бабында аталған қылмыстар туралы істер жеке айыптау істері болып саналады, жәбірленушінің өтініші бойынша ғана қозғалады және оның айыпталушымен, сотталушымен бітісуіне орай қысқартылуға тиіс.

3. Осы Кодекстің 34-бабында аталған қылмыстар туралы істер жеке-жариялы айыптау істер болып саналады, жәбірленушінің шағымы бойынша ғана қозғалады және тек Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабында көзделген жағдайларда ғана жәбірленушінің айыпталушымен, сотталушымен бітісуіне орай қысқартылуға жатады.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында аталғандарын қоспағандағы қылмыстар туралы істер жариялы айыптау істері болып саналады. Бұл істер бойынша қылмыстық ізге түсу жәбірленушінің шағым беруіне қарамастан жүзеге асырылады.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

33-бап. Қылмыстық ізге түсу жеке түрде жүзеге асырылуы мүмкін қылмыстар

1. Қылмыстық ізге түсу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 111, 123, 129, 130, 136, 140, 142 (бірінші бөлігінде), 144 (бірінші бөлігінде), 145 (бірінші бөлігінде), 300 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жеке түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Егер әрекет дәрменсіз немесе басқаға тәуелді жағдайдағы не басқа да себептер бойынша өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамдардың мүдделерін қозғайтын болса, прокурор жеке айыптау ісі бойынша жәбірленушінің шағымы болмаған кезде де іс қозғауға құқылы.

Ескерту. 33-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2004.12.09 N 10, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2013 № 95-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Қылмыстық ізге түсуді жеке-жариялы түрде жүзеге асыру

1. Жеке-жариялы тәртіппен жүзеге асырылатын қылмыстық ізге түсу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 103-бабында (бірінші бөлігінде), 104-бабында (бірінші бөлігінде), 117-бабында (бірінші және екінші бөлігінде), 120-бабында (бірінші бөлігінде), 121-бабында (бірінші бөлігінде), 135, 139-баптарында, 144-бабында (екінші бөлігінде), 176-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде), 184-бабында (бірінші бөлігінде), 184-1-бабында (бірінші бөлігінде), 187-бабында (бірінші бөлігінде), 188, 200-баптарында, 226-бабында (бірінші бөлігінде), 227-бабында (бірінші бөлігінде), 228-бабында, 229-бабында (бірінші бөлігінде), 296-бабында (бірінші бөлігінде), 327-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жәбірленушінің шағымы болмаған кезде басталмайды және қылмыстық іс бойынша іс қозғалмайды.

2. Егер әрекет дәрменсіз немесе басқаға тәуелді жағдайдағы не басқа да себептер бойынша өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамдардың мүдделерін қозғайтын не басқа адамдардың, қоғамның немесе мемлекеттің елеулі мүдделерін қозғайтын болса, прокурор жеке-жариялы айыптау ісі бойынша жәбірленушінің шағымы болмаған кезде де іс қозғауға қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2005.11.22 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

35-бап. Коммерциялық немесе өзге де ұйымның арызы бойынша қылмыстық жауапқа тарту

Егер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 8-тарауында көзделген әрекет мемлекеттік кәсіпорын болып табылмайтын тек қана коммерциялық немесе өзге ұйымның мүдделеріне зиян келтірсе және басқа ұйымдардың мүдделеріне, сондай-ақ азаматтардың, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне зиян келтірмесе, қылмыстық жауапқа тарту осы ұйым немесе уәкілетті орган басшысының арызы немесе олардың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

36-бап. Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау мақсатында қылмыстық ізге түсу органы өз құзыреті шегінде қылмыстың белгілерін тапқан әрбір жағдайда қылмыс оқиғасын белгілеуге, қылмыс жасауға кінәлі адамдарды анықтауға, оларды жазалауға заңмен көзделген барлық шараларды қолдануға, сонымен бірдей кінәсіз адамдарды ақтау шараларын қолдануға міндетті.

2. Қылмыстық ізге түсу органы жәбірленушіге сот әділдігіне қол жеткізуін қамтамасыз етуге және қылмыспен келтірілген зиянды өтеу шараларын қ о л д а н у ғ а м і н д е т т і .

3. Қылмыстық ізге түсу органы қылмыстық процестегі өзінің өкілеттігін қандай да болсын органдар мен лауазымды адамдарға тәуелсіз және осы Кодекстің талаптарына қатаң сәйкес түрде жүзеге асырады.

4. Қылмыстық іс бойынша объективті зерттеу жүргізуге кедергі келтіру мақсатында қылмыстық ізге түсу органына қандай түрде болса да ықпал ету заңмен белгіленген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

5. Қылмыстық қудалау органының заңға сәйкес қойған талаптары барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті және үш тәуліктен кешіктірмей орындалуға тиіс.

Қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдау немесе күдіктіні ұстау, қамауға алу қажет болған жағдайда қылмыстық қудалау органының талабы жиырма төрт сағат ішінде орындалуға тиіс. Аталған талаптарды дәлелсіз себептермен орындамау заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

37-бап. Іс жүргізуді болдырмайтын жағдайлар

1. Қылмыстық іс қозғауға болмайтын, ал қозғалған қылмыстық іс тоқтатылуға тиіс жағдайлар:

- 1) қылмыс оқиғасы болмауы;
- 2) әрекетте қылмыс құрамының болмауы;
- 3) егер ол жасаған әрекет үшін жаза қолдануды жойса, рақымшылық ету актісінің салдары;
- 4) мерзімінің ескіруіне байланысты;
- 5) осы Кодекстің 33-бабының екінші бөлігінде және 34-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 33-бабының бірінші бөлігінде және 34-бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жәбірленуші шағымының болмауы.
- 6) жеке айыптаушының - осы Кодекстің 33-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша айыптаудан бас тартуы;
- 7) өзі туралы белгілі бір айыптау бойынша соттың заңды күшіне енген үкімі не қылмыстық ізге түсудің мүмкін еместігін белгілейтін соттың күшін жоймаған қаулысы бар адамға қатысты;
- 8) белгілі бір айыптау бойынша қылмыстық ізге түсу органының қылмыстық ізге түсуден бас тарту туралы күшін жоймаған қаулысы бар адамға қатысты;
- 9) қылмыстық іс қозғау оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін қажет жағдайларды қоспағанда, қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі кіресілі-шығасылы жағдайда жасаған адамға қатысты;
- 10) артықшылықтары немесе қылмыстық қудалауға қарсы иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға уәкілетті органның немесе лауазымды тұлғаның келісім беруден бас тартуына байланысты;
- 11) іс бойынша іс жүргізу қайтыс болған адамды ақтау немесе істі басқа адамдарға қатысты тергеу үшін қажет жағдайларды қоспағанда, қайтыс болған адамға қатысты;
- 12) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамға қатысты;
- 13) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі әрекетті қылмыс

ретінде саралау соған байланысты болатын осы қылмыстық іс бойынша қолдануға жататын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп таныған жағдайда.

2. Қылмыстық іс қылмысты оқиғаның жоқтығы немесе қылмыс құрамы жоқтығы дәлелденген кезде де, егер қосымша дәлелдер жинау үшін барлық мүмкіндіктер сарқылса, олардың бар екендігі дәлелденбеген кезде де осы баптың бірінші бөлігінің 1 және 2-тармақтарында көзделген негіздер бойынша қысқартылады.

3. Қылмыстық іс айыпталушының (сезіктінің) зиян келтіруі заңды болып табылған не әрекетті айыпталушы (сезікті) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес оның қылмыстылығы мен қылмыстық жауаптылығын жоққа шығаратын жағдаятта жасаған жағдайларда осы баптың бірінші бөлігінің 2-тармағында көзделген негіздер бойынша қысқартылуға тиіс.

4. Осы баптың бірінші бөлігінің 3, 4 және 11-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тартуға не қылмыстық істі тоқтатуға, егер өтініш беруші ол адамды қылмыс жасаған адам ретінде тікелей көрсетсе, күдікті, айыпталушы, сондай-ақ сотталушы немесе оның заңды өкілдері бұған қарсылық білдірсе де, жол берілмейді. Бұл жағдайда іс жүргізу жалғастырылады және оған негіздер болған кезде сотталған адамды жазадан босату арқылы айыптау үкімінің қаулысымен аяқталады.

Осы баптың бірінші бөлігінің 3, 4, 9, 10 және 11-тармақтарында аталған негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы не қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылдау үшін қылмыс жасаудан зардап шеккен адамның немесе жәбірленушінің келісімі талап етілмейді.

Қылмыстық істі тоқтату бір мезгілде қылмыстық қудалауды тоқтатуға әкеп соғады.

4-1. Әрекет жасаған сәтте заңға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкін болатын жасқа толмаған адамға қатысты қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы не қылмыстық істі тоқтату туралы шешім осы баптың бірінші бөлігінің 2-тармағында аталған негіз бойынша қабылдануға тиіс. Әрекет жасаған сәтте заңға сәйкес қылмыстық жауапқа тартылатын жасқа жетсе де, психикалық науқаспен байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толығымен түйсіне алмаған және оларды игере алмаған, кәметке толмаған адамға қатысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не қылмыстық істі тоқтату туралы шешім дәл осы негіз бойынша қабылдануы тиіс.

5. Қылмыстық ізге түсу органы қылмыстық ізге түсуді жоққа шығаратын жағдайды байқағаннан кейін сотқа дейінгі іс жүргізудің кез келген сатысында қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы немесе қылмыстық істі қысқарту

туралы қаулы шығарады. Прокурор істі соттың басты талқылауында қарау басталғанға дейін оны соттан кері қайтарып алуға және осы бапта көзделген негіздер бойынша қысқартуға да құқылы.

6. Сотта қылмыстық ізге түсуді жоққа шығаратын мән-жайды байқаған мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тарту туралы мәлімдеуге міндетті. Мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тарту туралы мәлімдемесі, егер жеке айыптаушы айыптауды қолдауын жалғастырса, қылмыстық істі қараудың жалғастырылуына кедергі келтірмейді.

7. Қылмыстық ізге түсуді жоққа шығаратын мән-жайларды байқаған сот қылмыстық істі қысқарту туралы мәселені шешуге міндетті.

8. Қылмыстық қудалау органдары және соттар қылмыстық іс тоқтатылған не қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған кезде адамның іс-әрекеттерінде әкімшілік немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болғанда он күн ішінде құзыретті органдарға әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін материалдар жіберуге міндетті.

Ескерту. 37-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2002.12.21 N 363, 2004.12.09 N 10, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

38-бап. Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар

1. Сот, прокурор, сондай-ақ прокурордың келісімімен тергеуші немесе анықтау органы тиісті мән-жайлар болған кезде өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65, 66-баптарында, 67-бабының екінші бөлігінде және 68-бабында, сондай-ақ 373, 375 – 378, 381-баптарының ескертулерінде көзделген жағдайларда адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, қылмыстық іс қозғаудан бас тартуға не қылмыстық істі тоқтатуға құқылы. Мұндай жағдайларда сот қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, айыптау үкімін шығаруға да құқылы.

2. Сотта қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін жағдайларды байқаған мемлекеттік айыптаушы айыпталушының қылмыстық ізіне түсуден бас тартуды мәлімдеуге құқылы. Мемлекеттік айыптаушы мәлімдеген қылмыстық ізге түсуден бас тарту жеке айыптаушыға қылмыстық істің материалдарын пайдалана отырып, айыпталушының қылмыстық ізіне түсуді жалғастыруына кедергі келтірмейді.

3. Қылмыстық іс қысқартылғанға дейін айыпталушыға (сезіктіге) істі қысқартудың негізі мен осы негіз бойынша оны қысқартуға қарсылық білдіру құқығы түсіндірілуге тиіс.

4. Қылмыстық істің қысқартылғандығы туралы жәбірленушіге және оның өкіліне хабарланады, олар қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысына жоғары тұрған сотқа немесе жоғары тұрған прокурорға шағымдануға құқылы.

5. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық істі қысқартуға, егер сезікті, айыпталушы немесе жәбірленуші оған қарсылық білдірсе, жол берілмейді. Мұндай жағдайда іс бойынша іс жүргізу әдеттегі тәртіппен жалғастырылады.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекетімен келтірілген зиянды өтеу

39-бап. Айыпталушы (сезікті) ретінде тартылған адамды кінәсіздігін тану жолымен ақтау

1. Сот бойынша ақталған адам, сонымен бірге оған қатысты осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 7), 8) және 13) тармақтарында көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі қысқарту туралы қылмыстық ізге түсу органының қаулысы шығарылған айыпталушы (сезікті) кінәсіз деп саналады және оның Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір шектеуге болмайды.

2. Сот, қылмыстық ізге түсу органы осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамды ақтау және оған қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекетінің салдарынан келтірілген зияндарды өтеу жөнінде заңда көзделген барлық шараларды қолдануға тиіс.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

40-бап. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекетінің салдарынан келтірілген зиянның өтелуіне құқығы бар адамдар

1. Адамға заңсыз ұстаудың, қамауға алудың, үйде қамауда ұстаудың, қызметінен уақытша шеттетудің, арнаулы медициналық ұйымға орналастырудың, соттаудың, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың нәтижесінде келтірілген зиян қылмыстық процесті жүргізуші органның кінәсіне карамастан толық көлемде республикалық бюджеттен өтеледі.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянды өтеуге мыналар құқылы:

- 1) осы Кодекстің 39-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамдар;
- 2) егер осы Кодекстің 33-бабының екінші бөлігінде және 34-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайлардың болмауына қарамастан қылмыстық іс қозғалған болса немесе қылмыстық ізге түсуді жоққа шығаратын жағдайлар анықталған кезден бастап қысқартылмаса, өздеріне қатысты қылмыстық іс қозғалмауға тиісті, ал қозғалған іс осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінің 6-тармағында көзделген негіздер бойынша қысқартылуға тиісті адамдар;
- 3) өздеріне қатысты қылмыстық іс осы Кодекстің 37-бабы бірінші бөлігінің 3 және 4-тармақтарында көзделген негіздер бойынша қысқартылуы тиіс, бірақ қылмыстық ізге түсуді жоққа шығаратын мән-жайлар анықталған кезден бастап қысқартылмаған және мұндай адамдардың қылмыстық істі қысқартуға келіскеніне қарамастан қылмыстық ізге түсу заңсыз жалғастырылған адамдар;
- 4) жасаған әрекетінің саралануы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің оны жасағаны үшін сезік келтірілу немесе айыптау кезінде осы Кодекспен ұстауға немесе күзетпен ұстауға жол берілмейтін одан жеңілірек қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін бабына өзгерген не осы бап бойынша неғұрлым жеңіл жаңа жаза тағайындалған немесе үкімнен айыптаудың бөлігі алып тасталған және осыған байланысты жазасы төмендетілген жағдайда, сол сияқты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын немесе тәрбиелік ықпал ету мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы соттың заңсыз шешімі бұзылған жағдайда қамауға алуға, бас бостандығынан айыруға сотталған, ұсталған немесе күзетпен ұсталған адам. Қамауға алудың немесе бас бостандығынан айырудың іс жүзінде өтелген мерзімі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің кінәлі адам жасаған әрекет жаңадан сараланған бабында көзделген қамауға алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның ең жоғары мөлшерінен асатын бөлігінде заңсыз өтелген болып саналады;
- 5) заңды негізсіз тиісті мерзімінен артық қамауда ұсталған, сонымен бірге қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында іс жүргізуге мәжбүр етудің кез келген өзге де шараларына заңсыз ұшыраған адамдар.

3. Азамат қайтыс болған жағдайда зиянды өтеттіру құқығы белгіленген тәртіппен оның мұрагерлеріне, ал төленуі тоқтатыла тұрған зейнетақылар мен жәрдемақыларды алу бөлігінде - отбасының асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақымен қамтамасыз етілетін адамдар тобына жататын мүшелеріне а у ы с а д ы .

4. Егер анықтау, алдын ала тергеу және сот талқылауы процесінде ерікті түрде өзіне өзі жала жабу жолымен ақиқатты ашуға кедергі келтіргендігі және сол арқылы осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген зардаптардың пайда

болуына жағдай жасағандығы дәлелденген адамға зиянның өтелуі тиіс емес.

5. Осы баптың ережелері оның екінші бөлігінің 3-тармағында көзделген мән-жайлар болмаған кезде адамға қатысты қолданылған іс жүргізудің мәжбүрлеу шаралары немесе қаулымен шығарылған айыптау үкімі рақымшылық ету немесе кешірім жасау актілерінің шығуына, мерзімінің ескіруіне немесе қылмыстық жауаптылықты жоятын немесе жазаны жеңілдететін заңның қабылдануына байланысты бұзылған немесе өзгертілген жағдайларға қолданылмайды.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

41-бап. Өтелуге жататын зиян

Осы Кодекстің 40-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген адамдардың мүліктік зиянның толық көлемінде өтелуіне, моральдық зиянның зардаптарының жойылуына және еңбек, зейнетақы, тұрғын үй және өзге де құқықтарының қалпына келтірілуіне құқығы бар. Соттың үкімі бойынша құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге де атағынан, сыныптық шенінен, дипломаттық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан, сондай-ақ мемлекеттік наградаларынан айырылған адамдардың атағы, сыныптық шені, дипломаттық дәрежесі, біліктілік сыныбы қалпына келтіріледі, мемлекеттік наградалары қайтарылады.

42-бап. Зиянды өтеттіру құқығын тану

Қылмыстық процесті жүргізуші орган адамды толық немесе ішінара ақтау туралы шешім қабылдай отырып, оның келтірілген зиянның өтелуіне құқығын да тануы тиіс. Ақтау үкімінің немесе қылмыстық істі қысқарту туралы, өзге де заңсыз шешімдердің күшін жою немесе өзгерту туралы қаулының көшірмесі мүдделі адамға тапсырылады не почта арқылы жіберіледі. Сонымен бір мезгілде оған зиянның өтелу тәртібі түсіндірілген хабарлама да жолданады. Залалдың өтелуіне құқығы бар қайтыс болған адамның мұрагерлерінің, туыстарының немесе асырауындағылардың тұратын жерлері туралы мәлімет болмаған жағдайда хабарлама олар қылмыстық процесті жүргізуші органға өтініш жасаған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірілмей жолданады.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

43-бап. Мүліктік зиянды өтеу

1. Осы Кодекстің 40-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдарға келтірілген мүліктік зиян:

1) жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыны, олар айырылған өзге де қаражаттар мен кірістерді;

2) соттың үкімінің немесе өзге де шешімінің негізінде заңсыз тәркіленген немесе мемлекеттің кірісіне айналдырылған мүлікті;

3) соттың заңсыз үкімін орындау үшін өндіріліп алынған айыппұлдарды; сот шығындарын және адам заңсыз әрекеттерге байланысты төлеген өзге де сомаларды ;

4) көрсетілген заңгерлік көмек үшін адам төлеген сомаларды;

5) қылмыстық ізге түсудің салдарынан келтірілген өзге де шығыстарды өтеуді қамтиды .

2. Осы Кодекстің 40-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдарды күзетпен ұстауға, қамауды немесе бас бостандығынан айыруды өтейтін жерлерде ұстауға жұмсалған сомалар, бұл адамдардың қылмыстық ізіне түсуге байланысты сот шығындары, сонымен бірдей олардың күзетпен ұсталуын, қамауға алынуын немесе бас бостандығынан айырылуын өтеуі уақытында қандай да бір жұмыстарды орындағаны үшін жалақысы қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекетінің салдарының келтірілген зиянды өтеу төлеміне жататын сомадан шегеріле алмайды.

3. Зиянды өтеудің тәртібі туралы хабарламамен бірге осы Кодекстің 42-бабында көрсетілген құжаттардың көшірмесін алған кезде осы Кодекстің 40-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген адам істі қысқарту, өзге де заңсыз шешімдердің күшін жою және өзгерту туралы үкім, қаулы шығарған органға мүліктік зиянды өтеу туралы талап қоюға құқылы. Егер істі жоғары тұрған сот қысқартса немесе үкімді өзгертсе, зиянды өтеу туралы талап үкімді шығарған сотқа жолданады. Кәмелетке толмаған адам ақталған жағдайда зиянды өтеу туралы талапты оның заңды өкілі қоя алады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде аталған орган өтініш түскен күннен бастап бір айдан кешіктірмей, қажет болған жағдайларда қаржы және әлеуметтік қорғау органдарынан есеп сұрату арқылы зиянның мөлшерін айқындайды, одан кейін инфляцияны ескере отырып бұл зияндарды өтеуге өтем төлеуді жүргізу туралы қаулы шығарады. Егер сот істі апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау тәртібімен қарау кезінде тоқтатса, көрсетілген әрекеттерді бірінші саты бойынша қараған сот жүргізеді .

5. Мүліктік зиянды өтеу туралы талапты осы Кодекстің 371-бабының екінші бөлігінде белгіленген үкімді атқаруға байланысты мәселелерді шешуге арналған тәртіппен судья шешеді .

6. Гербілі мөрмен расталған қаулының көшірмесі төлем төлеуді жүргізуге міндетті органдарға көрсету үшін адамға тапсырылады немесе жолданады. Төлем төлеу тәртібі заңдармен айқындалады.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

44-бап. Моральдық зиянның зардаптарын жою

1. Қылмыстық процесті жүргізуші, адамды ақтау туралы шешім қабылдаған орган келтірілген зиян үшін одан ресми түрде кешірім сұрауға міндетті.

2. Келтірілген моральдық зиян үшін ақшалай өтемақы туралы талап қою азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен ұсынылады.

3. Егер адам заңсыз қылмыстық ізге түсуге ұшыратылып, ал қылмыстық іс қозғау, ұстау, күзетпен ұстау, қызметінен уақытша шеттету, медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, соттау туралы мәліметтер және оған қатысты қолданылып, кейіннен заңсыз деп танылған басқа да іс-әрекеттер баспасөзде жарияланса, радио, теледидар немесе өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылса, осы адамның талап етуі бойынша, ал ол қайтыс болған жағдайда - оның туыстарының немесе қылмыстық процесті жүргізуші органның талап етуі бойынша тиісті бұқаралық ақпарат құралы бір айдың ішінде ол туралы қажетті хабарлама жасауға міндетті.

4. Осы Кодекстің 40-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген адамдардың талап етуі бойынша қылмыстық процесті жүргізуші орган екі апта мерзім ішінде өзінің заңсыз шешімдерінің күшін жойғаны туралы оның жұмыс істейтін, оқитын, тұратын жері бойынша жазбаша хабарлама жолдауға міндетті.

45-бап. Талап қою мерзімдері

1. Мүліктік зиянды өтеуге ақшалай төлем жасау туралы талап осы Кодекстің 40-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген адамдар мұндай төлемдерді жасау туралы қаулыны алған сәттен бастап үш жылдың ішінде ұсынылады.

2. Өзге де құқықтарды қалпына келтіру туралы талап құқықтарды қалпына келтірудің тәртібі түсіндірілген хабарлама алынған күннен бастап алты айдың ішінде ұсынылады.

3. Бұл мерзімдерді дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда оларды мүдделі адамдардың өтініші бойынша қылмыстық процесті жүргізуші орган қалпына келтіреді.

46-бап. Заңды тұлғаларға зиянды өтеу

Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекеттерінен заңды тұлғаларға келтірілген зиянды толық көлемде және осы тарауда белгіленген мерзімдерде мемлекет өтейді.

47-бап. Құқықтарды талап қою тәртібімен қалпына келтіру

Егер ақтау немесе зиянды өтеу туралы талап қанағаттандырылмаса не адам қабылданған шешімге келіспесе, ол азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен сотқа шағымдануға құқылы.

5-тарау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу

48-бап. Қылмыстық істерді біріктіру

1. Бір іс жүргізуде бір немесе бірнеше қылмыстарды жасағандығына, қатысқандығына бірнеше адамдарды айыптау немесе күдіктену жөніндегі істер, адамның бірнеше қылмыс жасағандығын айыптау жөніндегі істер, сондай-ақ бұл қылмыстарды күні бұрын уәде берілмей жасырғандығын немесе олар туралы айтпағандығын айыптау немесе күдіктену жөніндегі істер біріктіруі мүмкін.

2. Бір іс жүргізуде:

- 1) әртүрлі адамдарға қатысты бірдей айыптау;
- 2) жеке айыптау ісі қаралатын жағдайларды қоспағанда, бір-біріне қатысты қылмыс жасағандығы таңылатын адамдарға қатысты айыптау;
- 3) біреуі бойынша қылмыстық ізге түсу жеке түрде, ал екіншісі бойынша - жария түрде жүзеге асырылатын істер;
- 4) біріктіріп қарау істі объективті қарауға бөгет жасайтын барлық басқа да айыптаулар біріктірілмеуі тиіс.

3. Істерді біріктіру қылмыстық процесі жүргізуші органның қаулысы негізінде жүзеге асырылады. Қылмыстық ізге түсу органы шығарған қаулының көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жолданады.

4. Бірнеше іс біріктірілген іс бойынша іс жүргізу мерзімі уақыты бойынша бірінші іс қозғалған күннен бастап есептеледі. Егер біріктірілген істердің біреуі бойынша жолын кесу шарасы ретінде қамауға алу не үйінде қамауда ұстау қолданылса, тергеу мерзімі аталған жолын кесу шаралары қолданылған іс қозғалған күннен бастап есептеледі.

Бірнеше қылмыстық іс бір іске біріктірілген жағдайда олар бойынша алдын ала тыңдауды өткізу мерзімі сотқа соңғы іс түскен күннен бастап есептеледі.

5. Адамдарға процеске қатысушылар құқығы оларға қатысты біріктірілген істер бойынша ғана тиесілі болады.

Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

49-бап. Қылмыстық істі бөлектеу

1. Сот, қылмыстық ізге түсу органы қылмыстық істен:

- 1) қылмыстық іс осы Кодекстің 50-бабында көзделген негіздер бойынша тоқтатылуға тиіс болғанда жекелеген айыпталушыларға;
- 2) мемлекеттік құпияларды қорғауға байланысты жабық сот талқылауы үшін негіз оған қатысты болатын, бірақ басқа айыпталушыларға қатысты болмайтын жекелеген айыпталушыларға;
- 3) ересектермен бірге қылмыстық жауаптылыққа тартылған кәмелетке толмаған айыпталушыға;
- 4) қылмыстық жауаптылыққа тартуға жататын жекелеген анықталмаған

тұлғаларға қатысты басқа қылмыстық істі жеке жүргізуге бөлектеуге құқылы.

2. Тергеу немесе қамауға алу мерзімдері аяқталып қалған көп эпизодты қылмыстық істерді тергеу жағдайында тергеуші айыптау бөлігінде тергеу толық, жан-жақты жүргізілгендігін мойындап, егер ол істің қалған бөліктерін тергеуге және қарауға кедергі жасамаса, істің бір бөлігін оны сотқа жолдау үшін жеке іс жүргізуге бөлектеуге құқылы.

3. Егер қылмыстық іс бойынша бұл іске байланысты емес қылмыстың белгілері бар іс-әрекеттер туралы мәлімет алынса, ол туралы барлық материалдар осы Кодексте көзделген тәртіппен жаңа қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін дереу бөлектенілуі тиіс.

4. Егер ол істі тергеу мен шешудің жан-жақтылығына, тұтастығына әсер етпесе, қылмыстық істерді бөлектеуге рұқсат етіледі.

5. Істі бөлектеу қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысы негізінде жүзеге асырылады. Қылмыстық ізге түсу органы шығарған қаулының көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жолданады. Қаулыға түпнұсқада немесе көшірмесінде бөлектенетін материалдардың тізбесі қоса берілуі тиіс.

6. Бөлектелген іс бойынша іс жүргізудің мерзімі жаңа қылмыс бойынша немесе жаңа адамға қатысты істі бөлектеу туралы қаулы шығарылған күннен бастап есептеледі. Қалған жағдайларда мерзім негізгі қылмыстық іс қозғалған кезден бастап есептеледі.

50-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру

1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу:

1) айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауы;
2) айыпталушы тергеуден немесе соттан жасырынып қалған не оның тұратын жері басқа себептермен анықталмаған;

3) айыпталушыны қылмыстық ізге түсу иммунитетінен айыру не оны шетелдік мемлекеттердің беруі туралы мәселелердің шешілуіне байланысты айыпталушының іске қатысуының нақты мүмкіндіктері болмаған;

4) айыпталушы жүйкесінің заңда көзделген тәртіпте куәландырылған уақытша бұзылуы немесе өзге де ауыр науқастануы;

5) айыпталушының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде болуы;

6) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) қылмыстық іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін тежеусіз күштің іс-әрекеті;

8) тиісті сараптама жүргізілген;

9) осы Кодекстің 55-тарауында көзделген тәртіппен құқықтық көмек алуға байланысты іс жүргізу әрекеттері орындалған;

10) хабар-ошарсыз жоғалған адамды таппаған жағдайда анықтаушының,

тергеушінің немесе соттың қаулысымен толықтай немесе тиісті бөлігінде
т о қ т а т ы л а т ұ р у ы м ү м к і н .

1-1. Сот осы қылмыстық істе қолданылуға жататын, Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығына нұқсан келтіретін заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне жүгінген жағдайда, сот іс бойынша іс жүргізуді толықтай немесе тиісті бөлігінде
т о қ т а т а т ұ р у ғ а м і н д е т т і .

Егер Конституциялық Кеңес басқа соттың бастамасымен осы қылмыстық іс бойынша қолдануға жататын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынысты іс жүргізуге қабылдаса, сот қорғаушы тараптың өтінішхаты болған кезде іс бойынша іс жүргізуді толықтай немесе тиісті бөлігінде тоқтата тұруға міндетті.

2. Сотта қылмыстық іс бойынша іс жүргізу, егер жеке айыптау ісі бойынша жеке айыптаушы оның ауыр науқас екендігіне, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде іс-сапарларда болуына немесе азаматтық борышын орындауына байланысты сотта қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыра алмаған жағдайда да соттың қаулысымен толық немесе тиісті бөлігінде тоқтатыла тұруы
м ү м к і н .

3. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу оны тоқтатуға негіз болған жағдайлар жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады. Әлгі жағдайлар жойылған соң анықтаушының, тергеушінің немесе соттың қаулысымен ол жаңартылады.

4. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру немесе жаңарту туралы процеске қатысушыларға хабарланады. Қылмыстық ізге түсу органы шығарған қылмыстық істі тоқтата тұру туралы қаулының көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде
п р о к у р о р ғ а ж о л д а н а д ы .

5. Тоқтатылып қойған іс, егер іс бойынша ескіру мерзімін үзу туралы мәлімет болмаса, қылмыстық заңмен белгіленген ескіру мерзімінің аяқталуы бойынша
т о қ т а т ы л у ғ а т и і с .

Ескерту. Қылмыстық іс бойынша одан әрі іс жүргізуге кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсері деп табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды, төтенше жағдайды немесе соғыс жағдайын түсіну керек.

Ескерту. 50-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.08 N 210, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

51-бап. Қылмыстық істі қысқарту

1. Қылмыстық іс осы Кодекстің 37, 38-баптарында көзделген негіздер бойынша қылмыстық процесті жүргізуші орган қысқартады.

2. Қылмыстық іс қысқартылғанға дейін сезіктіге, айыпталушыға қысқартылу негізі мен осы негіздер бойынша қысқартылуға қарсылығын мәлімдеу құқығы түсінілді.

3. Қылмыстық істі қысқарту туралы қаулының күші жойылған жағдайда іс бойынша іс жүргізу қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіруі шегінде жаңартылады.

4. Қылмыстық істің қысқартылғандығы туралы және іс бойынша іс жүргізудің жаңартылғандығы туралы сезіктіге, айыпталушыға, қорғаушыға, сондай-ақ жәбірленушіге, оның өкіліне, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкіліне өтініштері бойынша іс қозғалған жеке және заңды тұлғаларға жазбаша хабарланады. Қылмыстық ізге түсу органы шығарған қылмыстық істі қысқарту туралы және іс бойынша іс жүргізуді жаңарту туралы қаулының көшірмелері жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жолданады.

Ескерту. 51-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-1-бап. Күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты қылмыстық қудалауды тоқтату тәртібі

1. Күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты қылмыстық қудалау осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінде, 38-бабының бірінші бөлігінде аталған негіздер бойынша тоқтатылады.

2. Қылмыстық қудалауды тоқтатуды осы Кодекстің 128-бабында белгіленген қағидаларды сақтап, дәлелдемелерді бағалағаннан кейін қылмыстық процесті жүргізуші орган жүзеге асырады.

3. Күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған жағдайда іс жүргізу осы Кодекстің 50-бабында көзделген негіздер бойынша жалғастырылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

4. Қылмыстық қудалауды тоқтату туралы шешім күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты ғана қабылдана алады. Осы қылмыстық іс бойынша күдікті немесе айыпталушы деп танылмаған адамдарға қатысты қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылдануы мүмкін.

Ескерту. Кодекс 51-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

52-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу:

1) қылмыстық іс бойынша іс жүргізу толық қысқартылғандығы туралы қаулының күшіне енуі бойынша;

2) үкімнің немесе іс бойынша басқа да түпкілікті шешімнің күшіне енуі бойынша - егер ол оны атқару жөнінде арнаулы шаралар қабылдауды қажет етпесе;

3) үкімнің немесе іс бойынша басқа да түпкілікті шешімнің орындалғандығы туралы растау алынуы бойынша - егер ол оны атқару жөнінде арнаулы шаралар қабылдауды қажет ететін болса, аяқталады.

53-бап. Құпиялылықты сақтау

1. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында осы Кодексте және басқа да заңнамада көзделген мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, алынатын мәліметтерді қорғау жөніндегі шаралар қолданылады.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган мемлекеттік және өзге де құпияларды құрайтын мәліметті хабарлауды немесе беруді ұсынған тұлғалар тиісті құжаттарды сақтаудың қажеттігіне сілтей отырып, көрсетілген талапты орындаудан бас тарта алмайды, бірақ одан қылмыстық іс бойынша іс жүргізу үшін көрсетілген мәліметтерді алудың қажеттігін растайтын, тиісті іс жүргізу қызметінің хаттамасына енгізуге жататын түсіндірме алуға құқылы.

3. Процеске қатысушылардың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен танысу тәртібі заңдармен айқындалады.

3-1. Егер сот алқабилердің қатысуымен қарайтын қылмыстық істің материалдарында мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер болса, облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган төрағалық етушінің жазбаша өкімі бойынша алқабилердің мемлекеттік құпияларға қол жеткізуіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсат етуді ресімдейді.

4. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметті қамтитын дәлелдер соттың жабық отырысында зерттеледі.

5. Өзге де құпияларды құрайтын мәліметті, сондай-ақ жеке өмірінің ішкі сырын ашатын дәлелдер, аталған мәліметтердің жариялану қаупі төнген адамдардың сұрауы бойынша соттың жабық отырысында зерттелуі мүмкін.

6. Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзудың, жеке немесе отбасылық құпияны жариялаудың нәтижесінде адамға келтірілген зиян заңда көзделген тәртіппен өтелуге тиіс.

7. Анықтау және алдын ала тергеу деректерінің құпиялығын сақтау тәртібі осы Кодекстің 205-бабымен белгіленеді.

9. Процеске қатысушыларға тапсырылуға жататын, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер бар істен түсірілген іс жүргізу құжаттарының көшірмелері олармен танысқаннан кейін іспен бірге сақталады және процеске қатысушыларға сот отырысы кезінде тапсырылады .

Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2001.03.16 N 163, 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-тарау. Іс жүргізу мерзімдері

54-бап. Мерзімдерді есептеу

1. Осы Кодексте белгіленген мерзімдер сағаттармен, тәуліктермен, айлармен, жылдармен есептеледі .

2. Мерзімдерді есептеу кезінде мерзімнің өтуі басталатын сағат пен тәулік есепке алынбайды. Бұл ереженің ұстау кезіндегі мерзімдерді есептеуге қатысы жоқ .

3. Мерзімді есептеу кезінде оған жұмыс уақыты емес уақыт та кіреді.

4. Мерзімді тәулікпен есептеу кезінде мерзім оның ақырғы тәулігінің жиырма төрт сағатында аяқталады. Мерзімді айлармен немесе жылдармен есептеу кезінде мерзім соңғы айдың тиісті күнінде аяқталады, ал егер бұл айдың тиісті күні болмаса, мерзім осы айдың соңғы күні аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс күні емес (демалыс, мереке) күнге келсе, онда ұстау, қамауға алу, үйінде қамауда ұстау және медициналық немесе арнаулы оқу-тәрбие мекемесінде болуы кезіндегі мерзімді есептеу жағдайларын қоспағанда, одан кейінгі бірінші жұмыс күні мерзімнің ақырғы күні болып саналады.

5. Адамды қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстаған кезде мерзім осы шара іс жүзінде қолданылған сәттен (сағаттан) бастап есептеледі.

55-бап. Мерзімді сақтау

1. Егер шағым, өтініш немесе өзге де құжат мерзім аяқталғанға дейін почтаға тапсырылса, оны қабылдауға уәкілетті адамға берілсе немесе мәлімделсе, ал күзетпен ұсталушы не медициналық ұйымға орналастырылған адамдар үшін, - егер шағым немесе өзге де құжат күзетпен ұстау орнының немесе медициналық ұйымның әкімшілігіне мерзім аяқталғанға дейін тапсырылса, мерзім өтіп кеткен болып саналмайды. Шағымды немесе өзге де құжатты почтаға тапсыру уақыты почта штемпелі бойынша, ал оны қабылдауға уәкілетті адамға немесе күзетпен ұстау орнының немесе медициналық ұйымның әкімшілігіне тапсыру уақыты -

бұл ұйымдар кеңсесінің немесе лауазымды адамдарының қойған белгісі бойынша а й қ ы н д а л а д ы .

2. Лауазымды адамдардың белгіленген мерзімді сақтауы іс жүргізу құжаттарында тиісті көрсетумен расталады. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы адамдарға тапсырылуға жататын құжаттардың алынғандығы іске қоса тігілген олардың қолхатымен расталады.

3. Іс жүргізу мерзімдері тек осы Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана ұзартыла алады.

56-бап. Мерзімді өткізіп алудың салдары және оны қалпына келтіру тәртібі

1. Мерзім аяқталғаннан кейін процеске қатысушылармен жасалған іс жүргізу әрекеті жарамсыз болып саналады.

2. Дәлелді себептермен өткізіліп алынған мерзім, мүдделі адамның өтініші бойынша, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе іс жүргізіп отырған судьяның қаулысымен қалпына келтірілуі мүмкін. Бұл орайда мерзім, егер қылмыстық процесті жүргізуші органның тиісті шешімімен өзгеше көзделмесе, басқа адамдар емес, оны өткізіп алған адам үшін қалпына келтіріледі.

3. Мүдделі адамның өтініші бойынша белгіленген мерзім өткізіліп алып шағым жасалған шешімді орындау өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы мәселе шешілгенге дейін тоқтатыла тұруы мүмкін.

4. Мерзімді қалпына келтіруден бас тартуға осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағым (наразылық) жасалуы мүмкін.

Ескерту. 56-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

2-бөлім. Қылмыстық процеске қатысушы мемлекеттік органдар мен тұлғалар

7-тарау. Сот

57-бап. Сот

1. Сот, сот билігі органы бола отырып, қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырады.

2. Кез-келген қылмыстық іс соттың заңды, тәуелсіз, құзыретті және бейтарап құрамымен ғана қаралады, мұның өзі осы Кодексте белгіленген:

- нақты істердің соттылығын анықтау;
- нақты қылмыстық істерді қарау үшін соттың құрамын жасақтау;
- судьяларды бөлу;
- істі шешу функциясын айыптау және қорғау функциясынан бөлектеу ережелерін сақтаумен қамтамасыз етіледі.

3. Қазақстан Республикасында қылмыстық істер бойынша сот төрелігін:

Ж оғ а р ғ ы С о т ;

облыстық және оларға теңестірілген соттар;

аудандық және оларға теңестірілген соттар;

қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттар, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, гарнизондардың әскери соттары жүзеге асырады.

Ескерту. 57-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

58-бап. Соттың құрамы

1. Бірінші сатыдағы соттарда қылмыстық істерді қарауды судья жеке-дара жүзеге асырады, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96 (екінші бөлігінің п) тармағында), 162 (төртінші бөлігінде), 165, 166-1, 167, 171, 233 (төртінші бөлігінде), 235-1 (бесінші бөлігінде), 250 (төртінші бөлігінде), 259 (төртінші бөлігінде), 260 (төртінші бөлігінде), 261 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істерді қоспағанда, жасалғаны үшін қылмыстық заңда өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру көзделген қылмыстар туралы істерді қарау айыпталушының өтінішхаты бойынша бір судьяның және он алқабидің құрамында жүзеге асырылады.

2. Қылмыстық істерді апелляциялық тәртіппен қарауды судья жеке-дара, ал алқабилер қатысқан соттың үкімдеріне, қаулыларына шағымдарды, наразылықтарды қарау кезінде – кемінде үш судья құрамындағы алқа жүзеге асырады.

3. Кассациялық сатыда істерді қарауды облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының төрағалық етуімен кемінде үш судья құрамындағы алқа жүзеге асырады.

4. Істі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қарауды кемінде үш судья құрамындағы алқа жүзеге асырады.

5. Істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қараған кезде соттың құрамы осы Кодекстің 476-бабында көзделген қағидаларға сәйкес айқындалады.

6. Үкімді орындау кезінде туындайтын мәселелерді және есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қарауды тиісті соттың судьясы жеке-дара жүзеге асырады.

Ескерту. 58-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

59-бап. Соттың өкілеттігі

1. Сот билігінің органы ретіндегі соттың өкілеттігі заңда айқындалады.

2. Т е к с о т қ а н а :

1) адамды қылмыстың жасалуына кінәлі деп тануға және оған жаза тағайындауға ;

2) адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын не мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдануға ;

3) төмен тұрған сот қабылдаған шешімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге ;

4) тергеушінің, анықтау органының, прокурордың айыпталушыға, күдіктіге қатысты үйде қамауда ұстау, қамауға алу түріндегі таңдаған бұлтартпау шараларына санкция беруге және олардың мерзімін ұзартуға ;

5) сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауға ;

6) күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру туралы шешім қабылдауға қ ұ қ ы қ т ы .

3. Сот осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен:

1) қылмыстық қудалау органының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымдарды қарайды ;

2) әкімшілік жаза қолданады ;

3) іс бойынша жаңадан анықталған мән-жайларға орай іс жүргізуді жаңғыртуға негіздердің болмауына байланысты қозғалған іс жүргізуді қысқарту туралы прокурордың қаулысына шағымдарды қарайды ;

4) үкімнің орындалуына байланысты мәселелерді қарайды.

4. Егер істі сотта қарау кезінде қылмыс жасауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға ықпал еткен мән-жайлар, сондай-ақ анықтау, алдын ала тергеу барысында жол берілген басқа да заң бұзушылықтар анықталса, сот жеке қаулы шығарып, онда заңды бұзудың қажетті шаралар қабылдауды талап ететін осы мән-жайлар мен фактілерге тиісті ұйымдардың немесе тұлғалардың назарын аударады. Егер сот мұны қажет деп тапса, басқа жағдайларда да жеке қ а у л ы ш ы ғ а р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

5. Қылмыстар құрамын құрайтын әрекеттердің жасалу фактілері анықталған кезде сот заңда көзделген шараларды қабылдау үшін тиісті прокурордың атына ж е к е қ а у л ы ш ы ғ а р а д ы .

Ескерту. 59-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

60-бап. Судья

1. Өз құзыреті шегінде істі жеке-дара қарайтын, соттың отырысын дайындау не оның үкімінің немесе басқа шешімінің атқарылуын қамтамасыз ету жөнінде өкім жасау қызметін жүзеге асыратын, осы Кодекстің 59-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген өтініштер мен шағымдарды шешетін судьяға соттың өкілеттігі тиесілі болады.

2. Істі судьялар алқасының құрамында қарайтын судья істі қарауға байланысты туындайтын барлық мәселелерді шешу кезінде төрағалық етушімен және басқа да судьялармен тең құқықтарды пайдаланады.

61-бап. Іс бойынша төрағалық етуші

1. Судьялар алқасының құрамында қылмыстық істі қараған кезде соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы не оған заңмен көзделген тәртіппен уәкілеттік берілген судьялардың біреуі төрағалық етеді. Істі жеке дара қараған судья іс бойынша төрағалық етуші болып саналады.

2. Төрағалық етуші сот отырысының барысына басшылық етеді, қылмыстық істің әділ қаралуын және осы Кодекстің басқа да талаптарының сақталуын, сондай-ақ сот отырысына қатысушы барлық адамдардың өздерін тиісінше ұстауын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданады.

3. Сот отырысына төрағалық етушінің өкімдері процеске қатысушылардың барлығы және сот залындағы өзге де адамдар үшін міндетті.

8-тарау. Қылмыстық ізге түсу функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар

62-бап. Прокурор

1. Прокурор - өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын лауазымды тұлға: Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Бас әскери прокурор, облыстардың прокурорлары және соларға теңестірілген прокурорлар, аудандық, қалалық прокурорлар, әскери прокурорлар, көлік прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары мен көмекшілері, прокуратуралардың қадағалау саласы жөніндегі прокурорлары, аға прокурорлары және прокуратура басқармалары мен бөлімдерінің прокурорлары. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысушы прокурор айыптауды қолдау жолымен мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады.

2. Прокурор айыпталушыға немесе оның іс-әрекеті үшін мүліктік жауаптылықта болатын тұлғаға:

1) өзінің дәрменсіз күйіне, айыпталушыға тәуелді болуына немесе өзге де

себептер бойынша талап қою және оны қорғау құқығын өз бетінше пайдалануға қабілеті жоқ жәбірленушінің;

2) мемлекеттің мүдделерін қорғап талап қоюға құқылы.

3. Прокурордың сотқа дейінгі іс жүргізу және істі соттың қарауы кезіндегі өкілеттігі осы Кодекстің 190, 190-4, 192 /алтыншы және жетінші бөліктеріне/, 197, 289, 317, 396 /үшінші бөлігіне/, 458, 460-баптарына сәйкес анықталады.

4. Прокурор өзінің іс жүргізушілік өкілеттігін жүзеге асыруы кезінде тәуелсіз болады және заңға ғана бағынады.

5. Бас Прокурор өз құзыреті шегінде осы Кодекс нормаларының қолданылу мәселелері бойынша анықтау және тергеу органдарының орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдайды.

Анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын органдардың нормативтік құқықтық актілері олардың құзыреті шегінде, Бас Прокурормен келісіле отырып, қабылданады.

Ескерту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 N 346, 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

63-бап. Тергеу бөлімінің бастығы

1. Тергеу бөлімінің бастығы - алдын ала тергеуді немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді жүзеге асыратын органның тергеу бөлімшесінің бастығы мен өз құзыреті шегінде іс-әрекет жасайтын оның орынбасарлары.

2. Тергеу бөлімінің бастығы тергеу ісін жүргізуді немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді тергеушіге тапсырады, тергеушілердің жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша олардың дер кезінде іс-әрекет жасауына, тергеушілердің алдын ала тергеу және күзетпен ұстау мерзімдерін сақтауына, прокурор нұсқауларының, осы Кодексте белгіленген жағдайларда басқа да тергеушілер тапсырмаларының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады; істер бойынша нұсқаулар береді; алдын ала тергеу жүргізуді бірнеше тергеушіге тапсырады; заңда көзделген жағдайларда тергеушіні іс бойынша іс жүргізуден шеттетеді; өз құзыреті шегінде өзіне бағынысты алдын ала тергеуді жүзеге асырушы органның бір тергеу бөлімшесінен қылмыстық істі алады және алдын ала тергеуді жүзеге асырушы сол не өзге де өзіне бағынысты органның басқа тергеу бөлімшесіне береді; аяқталған қылмыстық істерді прокурорға жолдайды. Тергеу бөлімінің бастығы қылмыстық іс қозғауға, қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне алуға және бұл орайда тергеушінің өкілеттігін пайдалана отырып, жеке-дара алдын ала тергеу жүргізуге немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуге құқылы.

3. Тергеу бөлімі бастығының қылмыстық іс бойынша нұсқауы тергеушінің дербестігін, осы Кодекстің 64-бабында белгіленген оның құқықтарын шектей алмайды. Нұсқау жазбаша нысанда беріледі және атқарылуы міндетті, бірақ ол

жөнінде прокурорға шағымдануға болады. Тергеушінің тергеу бөлімі бастығының іс-әрекеті жөнінде прокурорға шағымдануы, қылмыстың сипаттамасы мен айыптаудың көлемі, айыпталушыны сотқа беру үшін істі прокурорға жолдау туралы немесе қылмыстық істі қысқарту туралы нұсқауларды қоспағанда, олардың атқарылуын кідіртпейді.

Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

64-бап. Тергеуші

1. Тергеуші – өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам: арнайы прокурор, ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеушісі және экономикалық тергеу қызметінің тергеушісі.

2. Тергеуші қылмыстық іс қозғауға, ол бойынша алдын ала тергеу жүргізуге және осы Кодексте көзделген барлық тергеу қызметін орындауға құқылы.

3. Тергеуші істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге барлық шараларды қолдануға, оның қылмыс жасағандығын көрсететін, оған қатысты жеткілікті дәлелдер жиналған адамды айыпталушы ретінде тарту, айыптау, осы Кодекске сәйкес оған жолын кесу шараларын таңдау, айыптау қорытындысын жасау жолымен оны қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға м і н д е т т і .

Үкімді азаматтық талап қою, басқа да мүліктік жазалар немесе мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатында тергеуші күдіктінің, айыпталушының немесе заң бойынша олардың іс-әрекеті үшін материалдық жауаптылықта болатын адамдардың мүлкін анықтауға шаралар қолдануға міндетті. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), сондай-ақ трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында жасалған қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу кезінде тергеуші қылмыстық жолмен алынған не қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған, басқа адамдардың меншігіне берілген мүлікті анықтауға да шаралар қолдануға міндетті.

4. Тергеуші алдын ала тергелуі міндетті істер бойынша анықтау органдарының осы Кодекстің 200-бабында көзделген кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындауын күтпей-ақ істі кез келген сәтте іс жүргізуге қабылдауға және оны тергеуге кірісуге құқылы.

5. Тергеуші, заңда прокурордың, соттың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеудің бағыты мен тергеу

іс-әрекеттерін жүргізу туралы барлық шешімді дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы атқарылуы үшін толық жауапты болады. Тергеушінің қызметіне заңсыз араласу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады.

6. Тергеуші тергеудегі іс бойынша прокурордың нұсқауларымен келіспеген жағдайда ол жөнінде жоғары тұрған прокурорға шағымдануға құқылы.

7. Тергеуші өз тергеуіндегі істер бойынша анықтау органдарының тергеліп жатқан іске қатысты жедел іздестіру материалдарымен танысуға, осы Кодексте белгіленген тәртіппен осы іске қосу үшін оларды сұратып алуға, анықтау органдарына жазбаша, атқару үшін міндетті іздестіру және тергеу іс-әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге және олардан тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етуге құқығы бар.

Ескерту. 64-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2009.12.03 N 213 -IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

65-бап. Анықтау органы

1. Қылмыстың сипатына қарай анықтау органдарына:

1) заңмен белгіленген құзыретіне сәйкес қылмыстың белгілері мен оларды жасаған адамдарды табу, қылмыстардың алдын алу және жолын кесу мақсатында қажетті қылмыстық іс жүргізу және жедел іздестіру шараларын қолдану;

2) алдын ала тергеу жүргізу міндетті істер бойынша осы Кодекстің 200-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық-іс жүргізу және жедел іздестіру әрекеттерін орындау;

3) осы Кодекстің 37-тарауында көзделген тәртіппен алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау;

4) осы Кодекстің 288-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда алдын ала тергеу жүргізу;

5) осы Кодекстің 23-1-тарауында белгіленген сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді жүзеге асыру жүктеледі.

2. Мыналар анықтау органдары болып табылады:

1) ішкі істер органдары;

2) ұлттық қауіпсіздік органдары;

3) алып тасталды - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет;

5) экономикалық тергеу қызметі;

6) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындардан өту кезінде запастағы азаматтар; әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персоналы өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты немесе осы бөлімдердің, құрамалардың және мекемелердің орналасқан жерінде жасаған барлық қылмыстар туралы істер бойынша – әскери полиция органдары анықтау органдары болып табылады.

Сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері жасаған барлық қылмыстар туралы істер бойынша – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары;

7) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңдарды бұзу туралы істер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континентальдық шельфінде жасалған қылмыстар туралы істер бойынша - шекара бөлімдерінің командирлері;

8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында шақыру немесе келісім-шарт бойынша әскери қызметін атқарып жүрген өздеріне бағынысты әскери қызметшілер, сондай-ақ олар әскери жиындар өткеру кезінде запастағы азаматтар жасаған барлық қылмыстар туралы істер бойынша; әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметкерлері олардың өзінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты немесе осы бөлімдердің, құрамалардың және мекемелердің орналасқан жерінде жасаған қылмыстары туралы істер бойынша - әскери полиция органы болмаған жағдайда әскери бөлімдердің, құрамалардың командирлері, әскери мекемелер мен гарнизондардың бастықтары;

9) өздерінің қызметкерлері болған елдерінде жасаған қылмыстар туралы істер бойынша - Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілетті өкілдіктерінің басшылары;

9-1) күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі Заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы тікелей бағытталған қылмыстар туралы істер бойынша – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі;

10) өртке байланысты барлық қылмыстар туралы істер бойынша - өртпен күресу қызметінің басқару органдары мен бөлімшелері.

3. Анықтау органының барлық қылмыстар туралы істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу және кезек күттірмейтін тергеу қимылдарын орындау жөніндегі құқықтары мен міндеттері сол сияқты алысқа жүзу сапарындағы теңіз

кемелерінің капитандарына, геологиялық барлау партияларының осы баптың екінші бөлігінде аталған анықтау органдарынан алыстағы басқа да - мемлекеттік ұйымдар мен олардың бөлімшелерінің басшыларына да, көлік қатынасы болмаған кезеңде жүктеледі.

Ескерту. 65-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2001.03.16 N 163, 2001.07.16 N 244, 2004.12.29 N 25, 2007.01.08 N 210, 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

66-бап. Анықтау органының бастығы

1. Осы Кодекстің 190-1 және 285-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында анықтау органы бастығының өкілеттігіне өз құзыретінің шегінде Бас басқарманың (Департаменттің), басқарманың, анықтау органы бөлімінің бастығы және олардың орынбасарлары и е б о л а д ы .

2. Анықтау органының бастығы қылмыстың белгілері мен оны жасаған адамдарды анықтау, қылмыстарды болдырмау және жолын кесу мақсатында қажетті қылмыстық іс жүргізу және жедел іздестіру шараларын қолдануды ұйымдастырады. Жедел-іздестіру қызметінің қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы болатын, нақты деректері бар нәтижелерін қылмыстық іске қосу үшін қылмыстық іс жүргізуші органның талап етуі бойынша не өз бастамасымен осы Кодекстің 130-бабында белгіленген тәртіппен жібереді.

3. Анықтау органының бастығы алдын ала тергеу органдары тергейтін қылмыстар туралы істер бойынша:

- 1) кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 2) прокурордың, тергеушінің тапсырмаларын, оның ішінде жекелеген тергеу және өзге де әрекеттер жүргізу туралы және жәбірленушілерді, куәларды, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы басқа да адамдарды қорғау шараларын қолдану туралы тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады;
- 3) соттың тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады.

4. Сотқа дейінгі іс жүргізуді анықтау органдары жүзеге асыратын қылмыстар туралы істер бойынша анықтау органының бастығы анықтаушылардың іс-әрекеттерінің уақтылылығына және заңдылығына бақылау жасайды және:

- 1) олардың іс жүргізуіндегі істерді тексеруге;
- 2) жекелеген тергеу және өзге де іс жүргізу әрекеттерін жүргізу, айыпталушы

ретінде тарту, қылмысты саралау және айыптаудың көлемі туралы, істерді (материалдарды) бір анықтаушыдан екіншісіне беру туралы нұсқау беруге;

3) анықтауды бірнеше анықтаушыға тапсыруға;

4) қылмыстық іс қозғауға және істі өзінің жүргізуіне қабылдап не жекелеген іс жүргізу әрекеттерін орындай отырып анықтауды жеке-дара жүргізуге құқылы.

5. Анықтау органының бастығы қылмыстық іс қозғау немесе оны қозғаудан бас тарту, тінту жүргізу және мүлікке тыйым салу туралы, айыпталушыны қызметінен шеттету, айыпталушыға (сезіктіге) қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын таңдау, өзгерту немесе тоқтату туралы, іс бойынша іс жүргізуді қысқарту, тоқтата тұру, жаңғырту қамауға алынбаған айыпталушыны (сезіктіні) стационарлық сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптамалар жүргізу үшін медициналық ұйымға жіберу, айыпталушыны (сезіктіні) қамауда ұстау мерзімін ұзарту туралы, айыпталушыны этаппен жөнелту, оған іздеу жариялау туралы қаулыларды бекітеді; қылмыс жасады деп күмән келтірілген адамдарды ұстау туралы хаттаманы, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын, айыптау хаттамасын бекітеді; қылмыс жасауға жағдай туғызатын жағдаяттарды жою жөнінде шаралар қолдануды қамтамасыз етеді; прокурорға сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасымен, айыптау хаттамасымен бірге қылмыстық істі жолдайды.

6. Анықтау органы бастығының қылмыстық істер жөніндегі нұсқауы анықтаушының дербестігін, оның осы Кодекстің 67-бабында белгіленген құқықтарын шектей алмайды. Нұсқау жазбаша нысанда беріледі және атқарылуға міндетті, бірақ ол жөнінде прокурорға шағым жасалуы мүмкін. Анықтаушының прокурорға анықтау органы бастығының іс-әрекетіне шағымдануы олардың атқарылуын тоқтатпайды.

Ескерту. 66-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

67-бап. Анықтаушы

1. Анықтаушы - өз құзыретінің шегінде қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік лауазымды адам.

2. Анықтаушы осы Кодексте айқындалған нысандарда сотқа дейінгі іс жүргізудің басталуы және жүзеге асырылуы туралы шешім қабылдауға, заңда оларды анықтау органы бастығының бекітуі, прокурордың, соттың санкциялары немесе соттың шешімі көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес шешімдер қабылдауға және тергеу мен басқа да іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге құқылы.

3. Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде анықтаушы осы Кодекстің 23-1 және 37-тарауларында

көзделген алынып тасталатындарды қоспағанда, алдын ала тергеу жүргізу үшін осы Кодексте көзделген ережелерді басшылыққа алады.

4. Анықтаушы, алдын ала тергеу жүргізілуі міндетті қылмыстық істер бойынша кідіртуге болмайтын жағдайларда анықтау органы бастығының тапсырмасы бойынша қылмыстық іс қозғауға, сондай-ақ шұғыл тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларын жүргізуге, ол туралы жиырма төрт сағаттан кешіктірмей прокурор мен алдын ала тергеу органын хабардар етуге міндетті.

5. Анықтаушы соттың, прокурордың, алдын ала тергеу органының және анықтау органының жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу туралы, қылмыстық процеске қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы тапсырмаларын орындауға міндетті.

Үкімді азаматтық талап қою, басқа да мүліктік жазалар немесе мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатында анықтаушы сезіктінің, айыпталушының немесе заң бойынша олардың әрекеті үшін материалдық жауаптылықта болатын адамдардың мүлкін анықтауға шара қолдануға міндетті.

6. Анықтау органы бастығының нұсқаулары анықтаушы үшін міндетті. Анықтау органы бастығының қылмыстық істер жөніндегі нұсқауына прокурорға шағым жасалуы мүмкін. Нұсқауларға шағым жасалуы, қылмыстың саралануы мен айыптаудың көлемі, айыпталушыны сотқа беру үшін істі прокурорға жолдау туралы немесе қылмыстық істі қысқарту туралы нұсқауларды қоспағанда, олардың атқарылуын тоқтатпайды.

Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-тарау. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері білдіретін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар

68-бап. Сезікті

1. Тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты осы Кодексте белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған не оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған, не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам күдікті болып танылады.

2. Сезікті ұсталған немесе оған айып тағылғанға дейін бұлтартпау шаралары қолданылған жағдайда ұсталған немесе бұлтартпау шаралары қолданылған

кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия жолығу құқығы қамтамасыз етіле отырып, одан жауап алынуы тиіс. Ұсталған сезікті телефон арқылы немесе өзге де тәсілмен дереу өзінің тұрған жеріне немесе жұмыс орнына өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған жері туралы х а б а р л а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2-1. Күдікті деп тану туралы қаулыда мыналар көрсетілуге тиіс:

1) оның жасалған уақыты мен жері; қаулыны кім жасады; күдікті деп танылған адамның тегі, аты және әкесінің аты, туған жылы, күні, айы және оның т у ғ а н ж е р і ;

2) оны жасаған уақыты, орны, сондай-ақ осы Кодекстің 117-бабына сәйкес дәлелденуге тиіс өзге де мән-жайлар көрсетілген, күдікті болатын адам жасаған қ ы л м ы с т ы ң с и п а т т а м а с ы ;

3) осы қылмыс үшін жауаптылық көзделетін қылмыстық заң (бабы, бөлігі, т а р м а ғ ы) .

Қаулы тергеліп жатқан іс бойынша адамды күдікті деп тану туралы шешімді камтуға тиіс. Адамды күдікті деп тану туралы қаулы сол адамға ұсынылады. Тергеуші күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған адамға күдіктінің құқықтарын түсіндіруге және осы қаулының көшірмесін тапсыруға міндетті.

Адамды күдікті деп тану туралы қаулы шығарылғаннан кейін оның көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі.

3. Қылмыстық ізге түсу органының:

1) ұсталған адамды - жетпіс екі сағаттан артық;

2) жолын кесу шарасы қолданылған адамды - сезіктіге бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы жарияланған сәттен бастап он тәуліктен артық сезікті адам жағдайында ұстауға құқығы жоқ.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде белгіленген мерзімдер аяқталған сәтте қылмыстық ізге түсу органы сезіктіні қамаудан босатуға, оған қатысты таңдалған бұлтартпау шарасының күшін жоюға не оны айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы шығаруға міндетті.

5. Күдік жеткілікті негізделмеген деп тапқан қылмыстық ізге түсу органы осы баптың үшінші бөлігінде белгіленген мерзімдер аяқталғанға дейін сезіктіні қамаудан босатуға, оған қатысты таңдалған бұлтартпау шарасының күшін жоюға м і н д е т т і .

6. Адам оған қатысты қудалау тоқтатылған сәттен бастап, не қылмыстық қудалау органы оны айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы шығарған сәттен бастап сезікті жағдайында болуын тоқтатады.

7 . К ү д і к т і :

1) ұстауды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы дереу

т ү с і н д і р м е

а л у ғ а ;

- 2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге;
- 3) өз бетінше немесе өзінің туысқандары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы, егер күдікті, оның туысқандары немесе сенім білдірген адамдары қорғаушыны шақырмаған жағдайда тергеуші, анықтаушы осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен оның қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия жолығуға;
- 5) күдікті одан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана түсініктеме мен айғақ беруге;
- 6) өзіне қарсы қылмыстық іс қозғалғандығы туралы қаулының, оны күдікті деп тану туралы қаулының ұстау хаттамасының және бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының көшірмелерін алуға;
- 7) түсініктеме мен айғақ беруден бас тартуға;
- 8) дәлелдер ұсынуға;
- 9) өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті және қарсылықты мәлімдеуге;
- 10) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ пен түсініктеме беруге;
- 11) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;
- 12) тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өзінің өтініші бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға;
- 12-1) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға;
- 13) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертпелер беруге;
- 14) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым беруге;
- 15) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға құқылы.

8. Сезіктінің қорғаушысының немесе заңды өкілінің болуы сезіктінің қандай да болсын құқығын жою немесе шектеу үшін негіз бола алмайды.

Ескерту. 68-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.28 N 402-IV (2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

69-бап. Айыпталушы

1. Өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған және бекіткен не тергеуші сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған адам айыпталушы болып танылады. Сотқа берілген, ал жеке айыптау істері бойынша өзіне қатысты шағымды сот өзінің іс жүргізуіне қабылдаған айыпталушы, - сотталушы, өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы, - сотталған адам, өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы, - ақталушы деп а т а л а д ы .

2 . А й ы п т а л у ш ы :

1) заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыты мен мүмкіндігінің болуына;

2) өзінің не үшін айыпталғандығын білуге және қылмыстық іс қозғалғандығы туралы, өзінің айыпталушы ретінде тартылғаны туралы қаулылардың көшірмелерін алуға ;

3) қылмыстық қудалау органынан өзіне тиесілі құқықтар туралы дереу түсіндірме алуға ;

4) қылмыстық процесті жүргізуші органның өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын іс жүргізу шешімдерін қабылданғаны туралы хабардар етуіне ;

5) бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулының көшірмесін алуға;

6) өзіне тағылған айып бойынша түсініктеме мен айғақ беруге;

7) айғақ беруден бас тартуға;

8) дәлелдер ұсынуға ;

9) өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті және қарсылықты мәлімдеуге ;

10) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге және түсінісуге;

11) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

12) қорғаушысының болуына ;

13) осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен өзінен алғашқы жауап алудың алдындағы кезден бастап қорғаушысымен оңаша және құпия ж о л ы ғ у ғ а ;

14) тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өзінің өтініші немесе өзінің қорғаушысының не заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қ а т ы с у ғ а ;

14-1) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен т а т у л а с у ғ а ;

15) өзінің өтініші немесе өзінің қорғаушысының не заңды өкілінің өтініші

бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге;

16) сараптама тағайындалған, жүргізілген кезде, сондай-ақ оған сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде осы Кодекстің 244, 254, 354 және 355-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға;

17) тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға және одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға;

18) айыптау тізімін қоспағанда, айыптау қорытындысының немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасының және оның қосымшаларының көшірмелерін алуға;

19) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым беруге;

20) ақтамайтын негіздер бойынша істі қысқартуға қарсылық білдіруге;

21) жария сот талқылауын талап етуге құқылы.

2 - 1 . Сотталушының:

1) бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда істі соттың карауына қатысуға;

2) қорғау тарапының барлық құқықтарын, сондай-ақ ақырғы сөз құқығын пайдалануға құқығы бар.

2-2. Сотталған адамның немесе ақталған адамның:

1) сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге;

2) соттың үкіміне, қаулысына, судьялардың қаулыларына шағым жасауға және шағымдалған шешімдердің көшірмелерін алуға;

3) іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылықтар беруге;

4) келтірілген шағымдар мен наразылықтардың сотта қаралуына қатысуға құқығы бар.

3. Іске айыпталушының қорғаушысының немесе заңды өкілінің қатысуы айыпталушының қандай да болмасын құқығын жою немесе шектеу үшін негіз бола алмайды.

Ескерту. 69-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.28 N 402-IV (2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

70-бап. Қорғаушы

1. Қорғаушы - заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін

к ө р с е т е т і н

а д а м .

2. Қорғаушы ретінде адвокат қатысады. Қорғаушы ретінде қылмыстық процеске адвокаттың қатысуы кезінде күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғауды одан басқа оның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы не қамқоршысы, қорғаншысы не күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі.

3. Қорғаушы айып тағылған не адам осы Кодекстің 68-бабының бірінші бөлігіне сәйкес сезікті деп танылған кезден бастап, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізудің кез келген келесі сәтінде іске қатысуға жіберіледі.

4. Бір адам, егер сезіктінің, айыпталушының біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, олардың екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды.

5. Адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні немесе айыпталушыны қорғаудан б а с т а р т у ғ а қ ұ қ ы ж о қ .

Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

71-бап. Қорғаушының міндетті қатысуы

1. Қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуы, егер:

1) ол туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам ө т і н і ш ж а с а с а ;

2) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам кәмелетке т о л м а с а ;

3) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра а л м а с а ;

4) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам сот ісі жү р г і з і л е т і н т і л д і б і л м е с е ;

5) адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасағаны үшін айыпталса;

6) айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса немесе ол мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға жіберілсе;

7) күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталған

адамдардың, ақталған адамдардың мүдделері арасында қайшылық болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса;

8) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жәбірленушінің (жеке айыпталушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысса;

9) іс сотта қаралған кезде прокурор (мемлекеттік айыптаушы) қатысса;

10) айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болса және алдын ала тергеу органдарына келуден жалтарса міндетті.

2. Қорғаушының қатысуы осы баптың бірінші бөлігінің 1-6, 10-тармақтарында көзделген жағдайларда адам күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам болып танылған кезден бастап, 7-тармағында көзделген жағдайларда - күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталған адамдардың, ақталған адамдардың мүдделерінің арасындағы қайшылық анықталған кезден бастап, 8-9-тармақтарда көзделген жағдайларда - айыпталушыны сотқа берген сәттен бастап қамтамасыз етіледі.

3. Егер осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мән-жайлар болған кезде қорғаушыны күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның өзі, олардың заңды өкілдері, сондай-ақ олардың тапсыруы бойынша басқа тұлғалар шақырмаса, қылмыстық процесті жүргізуші орган процестің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті, бұл туралы ол қаулы шығарады. Қаулы орындау үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасына немесе оның құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі және алынған кезінен бастап жиырма төрт сағат ішінде о р ы н д а л у ғ а ж а т а д ы .

Ескерту. 71-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 N 123-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

72-бап. Қорғаушыны шақыру, тағайындау, ауыстыру, оның еңбегіне ақы төлеу

1. Қорғаушыны күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам, олардың заңды өкілдері, сондай-ақ күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның тапсыруы бойынша немесе келісімімен басқа тұлғалар шақырады. Күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам қорғану үшін бірнеше қорғаушыны шақыруға қ ұ қ ы л ы .

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның сұрауы бойынша

қорғаушының қатысуын қамтамасыз етеді.

3. Таңдап алынған немесе тағайындалған қорғаушының ұзақ мерзім (кемінде бес тәулік) ішінде қатысуы мүмкін болмайтын жағдайларда қылмыстық процесті жүргізуші орган күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға басқа қорғаушы шақыруды ұсынуға немесе қорғаушыны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы тағайындауға шаралар қолдануға міндетті. Қылмыстық процесті жүргізуші орган қорғаушы ретінде белгілі бір адамды шақыруды ұсынуға құқылы емес.

4. Ұстау немесе күзетпен ұстау жағдайында, егер күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам таңдаған қорғаушының келуі жиырма төрт сағаттың ішінде мүмкін болмаса, қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы орган күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға басқа қорғаушы шақыруды ұсынады, ал одан бас тартылған жағдайда қорғаушыны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы тағайындауға шаралар қолданады.

5. Адвокаттың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Қылмыстық процесті жүргізуші орган оған негіздер болған жағдайда күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды заң көмегіне ақы төлеуден босатуға міндетті. Бұл жағдайда еңбекке ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

6. Осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде көзделген, адвокат анықтау, алдын ала тергеу ісін жүргізуге немесе сотқа тағайындау бойынша қатысқан жағдайда да адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

7. Егер қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге бірнеше қорғаушы қатысса, қорғаушының қатысуы қажет болатын іс жүргізу әрекеті оған тиісті күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның қорғаушыларының түгел қатыспауы себебінен заңсыз болып таныла алмайды.

8. Адвокат қылмыстық іске қорғаушы ретінде қатысуға адвокат куәлігін және өзінің нақты істі жүргізуге өкілеттігін куәландыратын ордерін көрсетуі бойынша жіберіледі. Осы Кодекстің 70-бабының екінші бөлігінде аталған басқа тұлғалар өздерінің қылмыстық іске қорғаушы ретінде қатысуға құқығын растайтын құжаттарды (неке туралы куәлікті, күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен, сотталған адаммен, ақталған адаммен туыстық қатынастарын растайтын құжатты, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың шешімдерін) ұсынады.

Ескерту. 72-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 N 123-V Заңымен (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

73-бап. Қорғаушыдан бас тарту

1. Сезікті, айыпталушы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде қорғаушыдан бас тартуға құқылы. Осындай бас тартуға іске қатысушы қорғаушының не осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде белгіленген тәртіппен тағайындалған қорғаушының қатысуымен күдіктінің, айыпталушының бастамасы бойынша ғана жол беріледі. Заңгерлік көмекке ақы төлеу үшін қаражаттың жоқтығы себепті қорғаушыдан бас тарту қабылданбайды. Бас тарту жазбаша нысанда ресімделеді немесе тиісті тергеу не сот әрекетінің х а т т а м а с ы н д а к ө р с е т і л е д і .

2. Осы Кодекстің 71-бабының бірінші бөлігінің 2) - 4), 5) (жазалау шарасы ретінде өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін қылмыстарды жасаған адамды айыптау кезінде), 6) тармақтарында (айыпталушыны тұрақты сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберу кезінде) көзделген жағдайларда айыпталушының қорғаушыдан бас тартуын қылмыстық процесті жүргізуші органның қ а б ы л д а у ы н а б о л м а й д ы .

3. Қорғаушыдан бас тарту айыпталушыны немесе сезіктіні кейін қорғаушының іске қатысуына рұқсат ету туралы өтініш жасау құқығынан айырмайды. Қорғаушының іске қатысуы осы уақытқа дейін тергеу немесе сот талқылауының барысында жасалған әрекеттерді қайталауға әкеп соқтырмайды.

Ескерту. 73-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 175-IV, 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

74-бап. Қорғаушының өкілеттігі

1. Қорғаушы сезіктінің, айыпталушының айыбын жоққа шығаратын немесе жауаптылығын жеңілдететін жағдайларды анықтау мақсатында барлық заңды құралдар мен қорғау тәсілдерін пайдалануға және оларға қажетті заңгерлік көмек к ө р с е т у г е м і н д е т т і .

2. Қорғаушы іске қатысуға рұқсат етілген сәттен бастап:

1) күдіктімен немесе айыпталушымен олардың саны мен ұзақтығы шектелместен оңаша және құпия жолығуға;

2) заң көмегін көрсету үшін қажетті заттарды, құжаттарды және мәліметтерді ж и н а у ғ а ж ә н е ұ с ы н у ғ а ;

3) айып тағылған кезде қатысуға, күдіктіден және (немесе) айыпталушыдан жауап алу кезінде, сондай-ақ олардың қатысуымен немесе олардың өтініші не қорғаушының өзінің өтініші бойынша жүргізілетін өзге де тергеу және іс жүргізу ә р е к е т т е р і н е қ а т ы с у ғ а ;

4) қарсылықтар білдіруге;

5) айыптау тізімін қоспағанда, ұстау хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулымен, күдіктінің, айыпталушының немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, күдіктіге және (немесе) айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуға тиіс болатын құжаттармен, ал анықтау, оңайлатылған сотқа дейінгі іс жүргізу немесе алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін – істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға;

6) өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті мәлімдеуге;

7) кез келген сатыдағы сотта істі алдын ала тыңдауға, соттың талқылауына қатысуға, сот жарыссөздерінде сөйлеуге, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жаңарту кезінде соттың отырысына қатысуға;

8) әрбір беттегі мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өз қолын қоя отырып, ал сот отырысы хаттамасының бөлігімен танысқан кезде әрбір беттің соңына және осы бөліктің соңына қол қоя отырып, сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпе енгізуге;

9) іс жүргізу құжаттарының көшірмелерін алуға;

10) қылмыстық процесті жүргізуші адамның және қылмыстық процеске қатысушы өзге адамдардың заңсыз әрекеттеріне қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтарды іс жүргізу құжаттарына енгізуді талап етуге;

11) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттері мен шешімдеріне шағым енгізуге және оларды қарауға қатысуға;

12) заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға құқылы.

3. Тергеуші немесе анықтаушы жауап алып болғаннан кейін тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысушы қорғаушы жауап алынып отырған адамдарға сұрақтар қоюға құқылы. Тергеуші, анықтаушы қорғаушының сұрақтарын қабылдамауына болады, бірақ берілген сұрақтардың бәрін хаттамаға енгізуге міндетті. Қорғаушы тергеу әрекетінің хаттамасына оның жазбаларының дұрыстығы мен толықтығына орай жазбаша ескертпе жасауға құқылы.

4. Қорғаушының: өзінің қорғауындағы адамның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасауға және оған тиесілі құқықтарды жүзеге асыруына кедергі жасауға; қорғауындағы адамның айқындамасына қарамастан оның қылмысқа қатысын және оны жасағанына кінәлілігін мойындауға, қорғауындағы адамның жәбірленушімен татуласқандығы туралы мәлімдеуге; азаматтық талапты мойындауға; қорғауындағы адам берген шағымдар мен өтініштерді кері қайтарып алуға; заңгерлік көмек көрсетуге өтініш білдіруге және оны жүзеге асыруына байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жариялауға құқығы жоқ.

5. Қорғаушының осы Кодексте көзделген басқа да құқықтары бар және ол басқа да міндеттерді мойнына алады.

Ескерту. 74-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

75-бап. Жәбірленуші

1. Қылмыстық процесте оған тікелей қылмыспен моральдық, дене және мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға ол жөнінде негіз бар адам жәбірленуші бо л ы п т а н ы л а д ы .

2. Адам есі кіресілі-шығасылы адам жасаған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тыйым салынған әрекетпен оған зиян келтірілген жағдайларда да жәбірленуші болып таныла алады.

3. Адам қылмыстық процесте қылмыстық іс қозғалған кезден бастап тиісті қаулы шығысымен жәбірленуші болып танылады. Егер адамды жәбірленуші деп танығаннан кейін оның бұл жағдайда болуы үшін негіздер жоқ екені белгіленсе, қылмыстық процесті жүргізуші орган өзінің қаулысымен ол адамның іске жәбірленуші ретінде қатысуын тоқтатады.

4. Жәбірленушіге қылмыспен келтірілген мүліктік зиянды, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген ережелер бойынша өкілге арналған шығындарды қоса есептегендегі оның алдын ала тергеу мен сотқа қатысуына байланысты келтірілген шығындарды өтеу қамтамасыз етіледі.

5. Жәбірленушінің өзіне келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюы қылмыстық процесте қаралады. Егер мұндай талап қылмыстық істе қойылмаса не қараусыз қалдырылса, онда жәбірленуші оны азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қоюға құқылы.

6. Ж ә б і р л е н у ш і н і ң :

- 1) айыпталушыға тағылған айып туралы білуге;
- 2) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге;
- 3) дәлелдер ұсынуға;
- 4) өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті және қ а р с ы л ы қ т ы мәлімдеуге;
- 5) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;
- 6) өкілінің болуына;
- 7) одан дәлелдеу құралы ретінде қылмыстық қудалау органы алып қойған немесе өзі берген мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адамнан алып қойылған өзіне тиесілі мүлікті алуға, өзіне тиесілі құжаттардың түпнұсқаларын алуға;
- 8) заңда көзделген жағдайларда күдіктімен, айыпталушымен татуласуға, оның

ішінде медиация тәртібімен татуласуға;

9) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертпелер беруге;

10) тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өз өтініші не өз өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға;

11) тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген көлемде және кез келген мәліметті көшіріп алуға;

12) оған және оның отбасы мүшелеріне қауіпсіздік шараларын беру туралы өтінішті мәлімдеуге;

13) қылмыстық іс қозғау туралы, оны жәбірленуші деп тану туралы немесе одан бас тарту туралы, қылмыстық істі тоқтата тұру туралы, істі тоқтату туралы қаулылардың көшірмелерін, айыптау қорытындысының көшірмесін, сондай-ақ бірінші және апелляциялық сатылардағы соттың үкімі мен қаулысының көшірмелерін алуға;

14) бірінші және апелляциялық сатылардағы сотта істі сот талқылауына қатысуға;

15) сот жарыссөздерінде сөйлеуге;

16) айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдауға;

17) әрбір беттегі мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өз қолын қоя отырып, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде әрбір беттің соңына және осы бөліктің соңына қол қоя отырып, сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге;

18) қылмыстық процесті жүргізуші органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым беруге;

19) соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға;

20) іс бойынша әкелінген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық ұсынуға;

21) мәлімделген шағымдарды, өтініштерді және наразылықтарды кассациялық және қадағалау сатыларындағы соттың қарауына қатысуға;

22) өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауына құқығы бар.

Осы Кодекстің 80-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда жәбірленушіге заң көмегі тегін көрсетіледі.

7. Жәбірленушінің, ал ол қайтыс болған жағдайда - оның құқықтық мирасқорларының аса ауыр қылмыспен келтірілген мүліктік зиян үшін, егер осындай қылмыс үшін сотталған адамның осы қылмыспен келтірілген залалды өтеу үшін жеткілікті мүлкі болмаса, бюджет қаражаты есебінен ақшалай өтемақы алуға құқығы бар. Мұндай жағдайда бюджет қаражаты есебінен ақшалай

өтемақы төлеу туралы мәселені жәбірленушінің не оның құқықтық мирасқорының арызы бойынша үкімді шығарған сот шешеді. Жәбірленушінің көрсетілген жағдайларда, егер залал жүз елу есептік көрсеткіштен аспаса, залалдың толық көлемінде өтелуіне құқығы бар.

8. Жәбірленуші: қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша белгілі барлық мән-жайларды шын хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жарияламауға; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

9. Жәбірленуші дәлелсіз себептермен шақыру бойынша келмеген кезде ол осы Кодекстің 158-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп әкелуге ұшырауы және заңдарға сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

10. Жәбірленуші жауап беруден бас тартқаны үшін және қасақана жалған айғақ бергені үшін заңдарға сәйкес қылмыстық жауапқа тартылады.

11. Зардабы адамның қайтыс болуына жеткізген қылмыстар туралы істер бойынша жәбірленушінің осы бапта көзделген құқықтарын қайтыс болған адамның жақын туыстары жүзеге асырады. Егер жәбірленушінің құқықтарын беруге туыстарының қаза табуына байланысты қылмыспен моральдық зиян келтірілген бірнеше адам үміткер болып отырса, олардың бәрі не олардың арасындағы келісім бойынша олардың біреуі жәбірленуші болып таныла алады.

12. Қылмыспен моральдық немесе мүлдіктік зиян келтірілген заңды тұлға жәбірленуші болып танылуы мүмкін. Бұл жағдайда жәбірленушінің құқықтары мен міндеттерін заңды тұлғаның өкілі жүзеге асырады.

Ескерту. 75-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.28 N 402-IV (2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

76-бап. Жеке айыптаушы

1. Жеке айыптау ісі бойынша сотқа шағым берген және сотта айыптауды қолдаған адам, сондай-ақ мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда сотта айыптауды дербес қолдаушы жариялы және жеке-жариялы айыптау ісі бойынша жәбірленуші жеке айыптаушы болып табылады.

2. Жәбірленуші кәмелетке толмаған немесе әрекет қабілеті жоқ жағдайда өтініш, сұрау білдірген немесе шағым берген оның заңды өкілі жеке айыптаушы болады.

3. Жеке айыптаушы жәбірленушінің барлық құқықтарын пайдаланады және барлық міндеттерін алады, сондай-ақ осы Кодекстің 393-бабының үшінші, төртінші және алтыншы бөліктерінде көзделген құқықтарға ие болады.

4. Жеке айыптаушы оған тиесілі құқықтарды пайдаланады және өзіне жүктелген міндеттерді жеке немесе, егер ол құқықтар мен міндеттердің сипатына сәйкес келсе, өкіл арқылы атқарады.

77-бап. Азаматтық талапкер

1. Өзіне қатысты тікелей қылмыспен мүліктік залал келтірілді деп ұйғаруға жеткілікті негіз бар және оны өтеу туралы талап қойған жеке және заңды тұлға азаматтық талапкер болып танылады. Азаматтық талапкер моральдық зиянды мүліктік өтеу үшін де талап қоя алады. Прокурор заңдарда көзделген жағдайларда өз бастамашылығы бойынша жеке немесе заңды тұлғаны азаматтық талапкер деп тануға құқылы.

2. Азаматтық талапкер деп тану немесе көрсетілген іс жүргізу жағдайында болу үшін негіздер болмаған жағдайда тұлғаның азаматтық талапкер ретінде іске қатысуын тоқтату туралы шешімді қылмыстық процесті жүргізуші орган қабылдайды, ол туралы тиісті қаулы шығарады.

3. Кәметке толмағандардың, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен әрекет қабілеті жоқ деп танылған адамдардың мүдделерін қорғауға азаматтық талапты олардың заңды өкілдері қоюы мүмкін.

4. Азаматтық талапкер өздері қойған талапты қолдау мақсатында: айыптаудың мәнін білуге; дәлелдерді ұсынуға; қойылған талап бойынша түсініктеме беруге; қылмыстық іске қосу үшін материалдар ұсынуға; өтініштер мен қарсылықтар мәлімдеуге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ пен түсініктеме беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өкілі болуына; өзінің қатысуымен жүргізілетін тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға; тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өзінің өтініші бойынша немесе өкілінің өтініші бойынша жүргізілген тергеу әрекеттеріне қатысуға; тергеу аяқталғаннан кейін азаматтық талапқа қатысты істің материалдарымен танысуға және одан кез келген көлемде кез келген мәліметті көшіріп алуға; өзінің мүддесін қозғайтын қабылданған шешімдер туралы білуге және мәлімделген азаматтық талапқа қатысты іс жүргізу шешімдерінің көшірмелерін алуға; кез келген сатыдағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге; қылмыстық процесті жүргізуші органның әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасауға; азаматтық талапқа қатысты бөлігінде соттың үкімі мен қаулыларына шағымдануға; азаматтық талап бөлігінде іс бойынша жасалынған шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық білдіруге; мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысуға; осы Кодекстің 75-бабының жетінші бөлігінде көзделген жағдайларда қылмыспен келтірілген залалға мемлекеттің есебінен өтемақы алуға; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы мәлімдеуге құқығы бар.

5. Азаматтық талапкердің осы Кодекстің 75-бабының сегізінші бөлігінде көзделгендей міндеттері болады.

6. Азаматтық талапкердің заңмен көзделген басқа да құқықтары бар және басқа да міндеттері болады.

Ескерту. 77-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

78-бап. Азаматтық жауапкер

1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің барысында қойылған талапқа байланысты заң күшімен қылмыспен не есі кіресілі-шығасылы адамның Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен тыйым салынған әрекетімен келтірілген зиян үшін мүліктік жауаптылықта болатын жеке немесе заңды тұлға азаматтық жауапкер болып табылады.

2. Азаматтық жауапкер деп тану немесе адамның көрсетілген іс жүргізу жағдайында болуы үшін негіздер болмаған жағдайда азаматтық жауапкер ретінде процеске қатысуын тоқтату туралы шешімді қылмыстық процесті жүргізуші орган қабылдайды, ол туралы тиісті қаулы шығарады.

3. Азаматтық жауапкердің оған қойылған талапқа байланысты өзінің мүдделерін қорғау мақсатында: айыптау мен азаматтық талаптың мәнін білуге; талапқа қарсылық білдіруге; ұсынылған талаптың мәні бойынша түсініктеме мен айғақ беруге; өкілі болуына; қылмыстық іске қосу үшін материалдар ұсынуға; өтініштер мен қарсылықтар білдіруге; тергеу аяқталғаннан кейін істің азаматтық талапқа қатысты материалдарымен танысуға және кез келген көлемде кез келген мәліметті көшіріп алуға; өзінің мүддесін қозғайтын қабылданған шешімдер туралы білуге және мәлімделген азаматтық талапқа қатысты іс жүргізу шешімдерінің көшірмелерін алуға; кез келген сатыдағы соттың істің сотта талқылауына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге, қылмыстық процесті жүргізуші органның әрекеттері мен шешімдеріне шағым әкелуге; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге; азаматтық талапқа қатысты бөлігінде соттың үкімі мен қаулысына шағымдануға; азаматтық талапқа қатысты бөлігінде іс бойынша келтірілген наразылықтар мен шағымдар туралы білуге және оларға қарсылық білдіруге; мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысуға; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы мәлімдеуге құқығы бар.

4. Азаматтық жауапкердің осы Кодекстің 75-бабының жетінші бөлігінде көзделгендей міндеттері болады.

5. Азаматтық жауапкердің заңда көзделген басқа да құқықтары бар және басқа да міндеттері болады.

Ескерту. 78-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

79-бап. Кәмелетке толмаған айыпталушының, сезіктінің заңды өкілдері

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы істер бойынша іске қатысуға осы Кодексте көзделген тәртіппен олардың заңды өкілдері тартылады.

80-бап. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жеке айыптаушының өкілдері

1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жеке айыптаушының заңды мүдделерін білдіруге заң күшімен құқығы бар және қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысымен іске қатысуға рұқсат етілген адвокаттар мен өзге де адамдар жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жеке айыптаушының өкілдері болуы мүмкін.

2. Кәмелетке толмаған немесе өзінің дене бітімі немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау мүмкіндігінен айырылған жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін олардың заңды өкілдері мен өкілдері іске міндетті түрде қатысуға тартылады.

Мұндай жағдайларда жәбірленуші не оның заңды өкілі таңдаған адвокат жәбірленушінің өкілі ретінде жіберіледі. Егер адвокатты жәбірленушінің өзі немесе оның заңды өкілі шақырмаса, қылмыстық процесті жүргізуші орган қаулы шығару жолымен адвокаттың қатысуын қамтамасыз етеді. Қаулы орындау үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасына немесе оның құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі және алынған кезінен бастап жиырма төрт сағат ішінде орындалуға жатады. Қылмыстық процесті жүргізуші орган қорғаушы ретінде нақты адвокатты шақыруды ұсынуға қ ұ қ ы л ы е м е с .

Жәбірленушіде немесе оның заңды өкілінде қаражат болмаған жағдайда, адвокаттың еңбегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі шеңберінде азаматтарға заң көмегін көрсететін адвокаттардың еңбегіне ақы төлеудің және олардың қорғауға, өкілдік етуге және өзге де заң көмегін көрсетуге байланысты шығыстарын өтеудің мөлшерін, тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жеке айыптаушының заңды өкілдері мен өкілдерінің өздері өкілі болып отырған жеке және заңды тұлғалардікіндей, осы Кодексте көзделген шектерде, іс жүргізу құқығы болады.

4. Жәбірленуші, азаматтық талапкер, жеке айыптаушы өкілінің өзі өкілі болып отырған процеске қатысушының мүдделеріне қайшы қандай да болсын әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

5. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жеке айыптаушының іске өзінің қатысуы олардың осы іс бойынша өкілге ие болу құқығын жоймайды.

Ескерту. 80-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01

бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 N 123-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

81-бап. Азаматтық жауапкердің өкілдері

1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде азаматтық жауапкердің заңды мүдделерін білдіруге заң күшімен құқығы бар және қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысымен іске қатысуға рұқсат етілген адвокаттар және өзге де адамдар азаматтық жауапкердің өкілдері болып танылады.

2. Азаматтық жауапкер өкілдерінің өздері өкілі болып отырған жеке және заңды тұлғалардікіндей іс жүргізу құқығы болады.

3. Азаматтық жауапкер өкілінің өзі өкілі болып отырған процеске қатысушының мүдделеріне қайшы қандай да болмасын әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

4. Азаматтық жауапкердің іске өзінің қатысуы олардың осы іс бойынша өкілге ие болу құқығын жоймайды.

10-тарау. Қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдар

82-бап. Куә

1. Айғақ беру үшін куә ретінде іс үшін маңызы бар қандай да болсын мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам шақырылуы және одан жауап алынуы мүмкін.

2. Куә ретінде жауап алуға:

1) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуына байланысты, сондай-ақ сот шешімін шығару кезінде туындаған мәселелерді кеңесу бөлмесінде талқылау барысында өздеріне белгілі болған қылмыстық істің мән-жайлары туралы - судья алқаби;

1-1) өз міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – төреші немесе аралық судья;

2) қылмыстық іс бойынша өзінің міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған жағдайлар туралы - сезіктінің, айыпталушының қорғаушысы, сонымен бірдей жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің өкілі, сондай-ақ куәнің адвокаты;

3) оған ішкі сырын ашу кезінде белгілі болған мән-жайлар туралы - діни қызметші;

4) өзінің жасының толмауына не психикалық немесе дене кемістіктеріне орай іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс түсінуге және олар туралы жауап беруге қабілетсіз адамдар;

5) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, медиацияны жүргізуге

байланысты оған белгілі болған мән-жайлар туралы – медиатор;

б) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, өз қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы - ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы жатпайды.

3. Куәнің: қылмыстық жазаланатын әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзі, жұбайы (зайыбы) немесе жақын туыстары үшін ізіне түсуге әкеп соқтыратын айғақ беруден бас тартуға; өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; одан жауап алуға қатысушы аудармашыға ескерту жасауға; жауап алу хаттамасына айғақтаманы өз қолымен жазуға; жауап алуға дейін оны күдікті деп тану туралы өтініш жасауға; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың іс-әрекетіне шағым жасауға, өз құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті мәлімдеуге құқығы бар. Куә, егер адвокаттың іске қандай да бір басқа жағдайда қатысы болмаса, адвокаттың қатысуымен айғақ беруге құқылы. Адвокаттың келмеуі жауап алуды тергеуші белгілеген уақытта жүргізуге кедергі келтірмейді. Куәның алдын ала тергеуге және сотқа қатысуына байланысты оған келтірілген шығыстарды өтеу қамтамасыз етіледі.

4. Куә: анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың шақыруы бойынша келуге; іс бойынша барлық өзіне белгілі жайларды шын хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; егер оған анықтаушы, тергеуші немесе прокурор ескерткен болса, өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметті жарияламауға; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы кезінде белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

5. Куә, осы Кодекстің 241-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сараптамаға немесе куәландырылуға мәжбүрлеп тартылмайды.

6. Қасақана жалған жауап бергені үшін және жауап беруден бас тартқаны үшін куә Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстық жауапқа тартылады. Айғақтар беруден бас тарту немесе қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмеу әкімшілік жауапқа тартуға әкеп соғады.

Ескерту. 82-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2004.12.28 N 24 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.28 N 402-IV (2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2013 № 111-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 125-V (

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

83-бап. Сарапшы

1. Арнаулы ғылыми білімі бар, іске мүдделі емес адам сарапшы ретінде шақырылуы мүмкін. Сараптама жүргізу тапсырылуы мүмкін адамға қойылатын өзге де талаптар осы Кодекстің 243-бабының бірінші бөлігінде белгіленеді.

2. Сарапшыны шақыру сараптама тағайындау және жүргізу осы Кодекстің 32-тарауында, сондай-ақ 354-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3 . С а р а п ш ы н ы ң :

1) сараптама нысанасына қатысты іс материалдарымен танысуға;
2) қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды өзіне беру туралы, сондай-ақ қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті мәлімдеуге;

3) қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатымен іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге және сот отырысына қатысуға және оларға қатысушы адамдарға сараптама нысанасына қатысты сұрақтар қоюға;

4) өзі қатысқан іс жүргізу әрекетінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеттері мен айғақтарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты хаттамаларға енгізілуге тиісті ескертпелер жасауға;

5) сараптама тағайындаған органның келісімі бойынша сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған, іс үшін маңызы бар, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда қамтылған мәселелердің шегінен тыс мән-жайлар бойынша өз құзыреті шегінде қорытынды беруге;

6) ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; аудармашыдан бас тартуды мәлімдеуге;

7) сараптама жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізуші органның және іс бойынша іс жүргізуге қатысушы өзге де адамдардың өзінің құқықтарына нұқсан келтіретін шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасауға;

8) сараптама жүргізу кезінде шеккен шығыстарға өтем және егер сот сараптамасын жүргізу өзінің лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқығы бар.

4 . С а р а п ш ы :

1) қылмыстық процесті жүргізуші органды хабардар етпестен, процеске қатысушылармен сараптама жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге;

2) зерттеу үшін материалдарды дербес жинауға;

3) егер сараптама тағайындаған органның бұған арнайы рұқсаты болмаса, объектілерді толық немесе ішінара жоюға не олардың сыртқы түрін немесе

негізгі қасиеттерін өзгертуге әкеп соғуы мүмкін зерттеулер жүргізуге құқылы
е м е с .

5 . С а р а п ш ы :

- 1) қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыртуы бойынша келуге;
- 2) өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, қойылған мәселелер бойынша негізделген және объективті жазбаша қ о р ы т ы н д ы б е р у г е ;
- 3) осы Кодекстің 252-бабында көзделген жағдайларда қорытынды беруден бас тартуға және қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді жазбаша хабарлама жасауға және оны қылмыстық процесті жүргізуші органға жіберуге;
- 4) жүргізілген зерттеуге және берілген қорытындыға байланысты мәселелер б о й ы н ш а а й ғ а қ т а р б е р у г е ;
- 5) зерттеуге ұсынылған объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге;
- 6) істің мән-жайы туралы мәліметтерді және сараптама жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді жария етпеуге;
- 7) сараптама тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шығыстардың сметасын және келтірілген шығыстар туралы есепті табыс етуге м і н д е т т і .

6. Сарапшы көрінеу жалған қорытынды бергені үшін заңда белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

7. Сот сараптамасы органының қызметкері болып табылатын сарапшы өз қызметінің сипатына қарай өзінің құқықтарымен және міндеттерімен танысқан және көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілген деп есептеледі.

Ескерту. 83-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

84-бап. Маман

1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге маман ретінде қатысу үшін қылмыстық процестің қатысушыларына өзінің арнайы құзыретіне жататын түсіндіру жолымен дәлелдерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар, іске мүдделі емес адам тартылуы мүмкін. Кәмелетке толмағандар қатысатын тергеуге және өзге де іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы педагог те, сондай-ақ оны сарапшы етіп тағайындаған жағдайларды қоспағанда, тергеу және өзге де іс жүргізу процестеріне қатысушы дәрігер де мамандар б о л ы п т а б ы л а д ы .

1-1. Сотқа дейінгі іс жүргізуде зерттеу жүргізу және қорытынды алу қажет болған кезде Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары уәкілетті бөлімшесінің қызметкері маман ретінде тартылуы мүмкін.

Тараптар маманның қорытындысымен келіспеген кезде қылмыстық процесті жүргізуші орган сараптама тағайындайды.

2. Маманның: өзінің шақырылу мақсатын білуге; егер тиісті арнаулы білімі мен дағдысы болмаса, іс бойынша іс жүргізуге қатысудан бас тартуға; қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатымен тергеу немесе сот әрекетіне қатысушыларға сұрақтар қоюға; олардың назарын дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен бағалауға жәрдемдесу және ғылыми-техникалық құралдарды қолдану, істің материалдарын зерттеу, сараптама тағайындау үшін материалдарды дайындау кезінде өзінің іс-әрекетіне байланысты мән-жайларға аударуға; салыстырма зерттеулерді қоспағанда, осы баптың 1-1-бөлігінде көзделген жағдайлардан басқа, тергеу немесе сот әрекетінің шеңберінде оның барысы мен нәтижелерін осы Кодекстің 203-бабының сегізінші бөлігінде көзделген тәртіппен қылмыстық іске қосылатын хаттамада не ресми құжатта көрсету арқылы істің материалдарына объектілердің толық немесе ішінара жойылуына не сыртқы түрінің немесе негізгі қасиеттерінің өзгеруіне әкеп соқпайтын зерттеулер жүргізуге; өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен, сондай-ақ сот отырысы хаттамасының тиісті бөлігімен танысуға және өзінің қатысуымен жүргізілген әрекеттердің барысы мен нәтижелерінің көрсетілуінің толықтығы мен дұрыстығына қатысты хаттамаға енгізуге жататын мәлімдемелер мен ескертпелер жасауға; қылмыстық процесті жүргізуші органның іс-әрекетіне шағым жасауға; аудармашыдан бас тартуды, қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті мәлімдеуге; өзінің тергеу немесе сот әрекеттеріне қатысуына байланысты өзіне келтірілген шығындарға өтем және егер іс бойынша іс жүргізу оның қызметтік міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмыс үшін сыйақы алуға құқығы бар.

3. Маман: қылмыстық істі жүргізуші органның шақыртуы бойынша келуге; дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен бағалауға көмек көрсету үшін арнаулы білімін, дағдысын және ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып тергеу іс-әрекеттерін жүргізу мен сот талқылауына қатысуға; өзі орындаған іс-әрекеттер жөнінде түсініктеме беруге, ал осы баптың 1-1-бөлігінде көзделген жағдайда зерттеу жүргізуге және қорытынды беруге; өзіне іске қатысуына байланысты белгілі болған істің мән-жайлары туралы мәліметтерді және өзге де мәліметтерді жарияламауға; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында тәртіп сақтауға міндетті.

4. Өзінің міндеттерін орындаудан дәлелді себептерсіз бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін маман әкімшілік жауапқа тартылады. Көрінеу жалған қорытынды берген жағдайда маман заңда белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

Ескерту. 84-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2002.12.21 N 363,

2006.07.04 N 151, 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

85-бап. Аудармашы

1. Аударма жасау үшін қажет тілді меңгерген және сезікті, айыпталушы, сотталушы; олардың қорғаушылары не жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар және өзге де процеске қатысушылар іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген жағдайларда, сонымен бірдей жазбаша құжаттарды аудару үшін тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысуға тартылған іске мүдделі емес адам аудармашы ретінде шақырылады.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган адамды аудармашы етіп тағайындау туралы қаулы шығарды.

3. Аудармашының: аударманы жүзеге асыру кезінде қатысушыларға аударманы нақтылау үшін сұрақтар қоюға; жүргізуіне өзі қатысқан тергеу немесе өзге де іс жүргізу іс-әрекеттерінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және аударманың толықтығы мен дұрыстығына қатысты хаттамаға енгізуге жататын ескертпелер жасауға; егер оның аудару үшін қажетті білімі болмаса, іс бойынша іс жүргізуге қатысудан бас тартуға; қылмыстық процесті жүргізуші органның іс-әрекетіне шағым жасауға; тергеу және өзге де іс жүргізу іс-әрекетіне қатысуына байланысты өзіне келтірілген шығындарға өтем және егер іс бойынша іс жүргізуге қатысу оның қызметтік міндетінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті мәлімдеуге құқығы бар.

4. Аудармашы: қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуге; өзіне тапсырылған аударманы дәл және толық орындауға; оның қатысуымен жүргізілген тергеу іс-әрекетінің хаттамасында, сондай-ақ процеске қатысушыларға олардың ана тіліндегі немесе олар білетін тілдегі аудармасында тапсырылатын іс жүргізу құжаттарында аударманың дұрыстығын өзінің қолымен куәландыруға; аудармашы ретінде тартылуына байланысты өзіне белгілі болған істің жағдайы туралы мәліметтерді немесе өзге де деректерді жарияламауға; тергеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында тәртіп сақтауға міндетті.

5. Аудармашы дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндетін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылады. Қасақана дұрыс аудармаған жағдайда аудармашы қылмыстық жауапқа тартылады.

6. Осы баптың ережелері іс бойынша іс жүргізуге қатысу үшін шақырылған, мылқау немесе саңырау адамдардың белгілерін түсінетін адамдарға қолданылады.

Ескерту. 85-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

86-бап. Куәгер

1. Қылмыстық ізге түсу органы осы Кодексте көзделген жағдайда тергеу іс-әрекеттерін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін тартқан адамдар куәгерлер болып табылады.

2. Өздерінің қатысуымен болып жатқан іс-әрекеттерді толық және дұрыс қабылдауға қабілетті, іске мүдделі емес және қылмыстық ізге түсу органдарына тәуелсіз кәмелеттік жастағы азаматтар ғана куәгерлер бола алады.

3. Тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге кемінде екі куәгер қатысады.

4. Куәгердің: тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге қатысуға; тергеу іс-әрекеті жөнінде хаттамаға енгізуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға; өзі қатысқан тергеу іс-әрекетінің хаттамасымен танысуға; қылмыстық ізге түсу органының іс-әрекетіне шағым жасауға; қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзіне келтірілген шығындарға өтем алуға; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті мәлімдеуге құқығы бар.

5. Куәгер: қылмыстық ізге түсу органының шақыруы бойынша келуге; тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысуға; осы іс-әрекеттің жүргізілу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін тергеу іс-әрекеттерінің хаттамасында өзінің қолымен куәландыруға; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз алдын ала тергеу материалдарын жарияламауға; тергеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде тәртіп сақтауға міндетті.

6. Куәгер дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндетін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылады.

Ескерту. 86-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

87-бап. Сот отырысының хатшысы

1. Сот отырысының хаттамасын жүргізетін, қылмыстық іске мүдделі емес мемлекеттік қызметші сот отырысының хатшысы болып табылады.

2. Сот отырысының хатшысы: өзі хаттамалауды қамтамасыз етуі қажетті барлық уақытта сот отырысы залында болуға және сот отырысына төрағалық етушінің рұқсатынсыз кетпеуге; хаттамада соттың іс-әрекеті мен шешімін, соттың отырысына қатысушы барлық адамдардың өтініштерін, қарсылықтарын, жауаптарын, түсініктемелерін, сондай-ақ сот отырысының хаттамасында көрсетуге жататын басқа да жағдайларда толық және дұрыс жазуға; сот отырысының хаттамасын осы Кодексте белгіленген мерзімде дайындауға;

төрағалық етушінің заңды өкіміне бағынуға; жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жарияламауға м і н д е т т і .

3. Сот отырысының хатшысы сот отырысы хаттамасының толықтығы мен дұрыстығы үшін дербес жауап береді.

4. Дұрыс емес не шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді сот отырысының хаттамасына қасақана енгізген жағдайда хатшы заңда көзделгендей жауапты болады.

88-бап. Сот приставы

1. Соттар қызметінің және сот шешімдерін орындаудың белгіленген тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындаушы лауазымды адам сот приставы болып табылады.

2. Сот приставы бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың атқарылуына бақылау жасауды қамтамасыз етеді, сот орындаушыларына атқару құжаттарын мәжбүрлеп атқаруда көмек көрсетеді, сот талқылауы кезінде залдағы тәртіпті бақылап отырады, төрағалық етушінің өкімін орындайды және соттарда судьяларды, куәларды және басқа да процеске қатысушыларды қорғауды жүзеге асырады, оларды басқаның ықпалынан қорғайды, соттың іс жүргізу іс-әрекетін жүргізуіне жәрдемдеседі, сотқа келуден жалтарған адамдарды алып келуді жүзеге асырады, өзіне заңмен жүктелген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

88-1-бап. Медиатор

1. Тараптар заңның талаптарына сәйкес медиацияны жүргізу үшін тартатын тәуелсіз жеке тұлға медиатор болып табылады.

2 . М е д и а т о р :

1) медиация тараптарына қылмыстық процесті жүргізетін орган беретін а қ п а р а т п е н т а н ы с у ғ а ;

2) медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылар туралы деректермен т а н ы с у ғ а ;

3) қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес кездесулердің саны мен ұзақтығын шектемей медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылармен жеке және құпия кездесуге құқылы.

Ескерту. Кодекс 88-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.28 N 402-IV (2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-тарау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудың мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдай. Қарсылық білдіру

89-бап. Қарсылық білдіру және қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттету туралы өтініштер.

Қылмыстық процеске қатысудан босату

1. Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы, қорғаушы, жәбірленушінің (жеке айыптаушының), азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілі, куәгер, сот отырысының хатшысы, сот приставы, аудармашы, сарапшы, маман қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге өздерінің қатысуын жоққа шығаратын мән-жайлар болған кезде қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттетілуге міндетті не оларға қылмыстық процеске қатысушылар қарсылық білдіретінін мәлімдеуі тиіс.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган өз құзыретінің шегінде іс бойынша іс жүргізуден шеттету туралы мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтініштерді шешуге немесе бұл адамның қылмыстық процеске қатысуын жоққа шығаратын мән-жайлар анықталған кезде тиісті қаулы шығару арқылы өз бастамашылығы бойынша оны іс жүргізуге қатысудан шеттетуге құқылы. Егер басқа процеске қатысушыларға қатысты қарсылық білдірулерді шешуге уәкілетті адамға қарсылық білдірумен бір уақытта процеске өзге де қатысушыларға қарсылық білдіру мәлімделсе, онда бірінші кезекте осы адамға қарсылық білдіру туралы мәселе шешіледі.

3. Егер қылмыстық сот ісін жүргізуге бір мезгілде бірнеше адамның қатысуы олардың туыстық қатынастарына немесе жеке байланыстың басқа да қатынастарына байланысты жоққа шығарылатын жағдайда қылмыстық іс бойынша іс жүргізуден процеске қатысушы жағдайына басқалардан кейінірек ие болған адам шеттетілуі тиіс. Егер туыстық немесе жеке байланыстың басқа да қатынастарымен байланысты адам соттың құрамында болса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуден шеттетілуге төрағалық етуші таңдаған адам жатады.

4. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысуы осы Кодексте көзделген қандай да болсын жағдайлармен жоққа шығарылмайтын сот отырысының хатшысын, сот приставын, аудармашыны, маманды, сарапшыны олардың сұрауы бойынша олардың өз іс жүргізу функцияларын орындауына кедергі келтіретін дәлелді себептерінің болуына орай мұндай қатысудан қылмыстық процесті жүргізуші орган босатады.

90-бап. Судьяға қарсылық білдіру

1. Егер ол:

1) осы Кодекске сәйкес қылмыстық істі соттай алуға жатқызылған судья болып табылмаса;

2) прокурордың, тергеу және анықтау органдарының шешімдеріне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымды қараған не осы қылмыстық іс бойынша іс жүргізу шешіміне санкция беруге қатысқан болса;

3) аталған іс бойынша жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер болып табылса, куә ретінде шақырылса не шақырылуы мүмкін болса;

4) осы қылмыстық іс бойынша сарапшы, маман, аудармашы, куәгер, сот отырысының хатшысы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, қорғаушы, айыпталушының заңды өкілі, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің өкілі ретінде іс жүргізуге қатысса;

5) жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің туысы, айыпталушының немесе оның заңды өкілінің туысы, прокурордың, қорғаушының, тергеушінің немесе анықтаушының туысы болса;

б) егер судья жеке, тікелей немесе жанама осы іске мүдделі деп санауға негіз беретін өзге де мән-жайлар болса, ол істі қарауға қатыса алмайды.

2. Қылмыстық істі қарайтын соттың құрамына туыстық немесе жеке байланыстың басқа да қатынастарымен байланысқан өзара тәуелді адамдар кіре
а л м а й д ы .

3. Бірінші сатыдағы сотта қылмыстық істі қарауға қатысқан судья бұл істі апелляциялық, кассациялық сатыдағы сотта немесе қадағалау тәртібімен қарауға қатыса алмайды, сол сияқты өзінің қатысуымен шығарылған істі тоқтату туралы үкімнің немесе қаулының күшін жою жағдайында, бірінші сатыдағы сотта істі жаңадан, оның ішінде алқабилердің қатысуымен қарауға қатыса алмайды.

4. Апелляциялық сатыдағы сотта істі қарауға қатысқан судья өзінің қатысуымен қабылданған апелляциялық үкімнің, қаулының күші жойылғаннан кейін оны осы сатыда жаңадан қарау кезінде, сондай-ақ істі кассациялық сатыда қарау кезінде қарауға қатыса алмайды.

4-1. Кассациялық сатыдағы сотта істі қарауға қатысқан судья өзінің қатысуымен қабылданған қаулы күшін жойғаннан кейін бұл істі бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы сотта қайта қарау кезінде қатыса
а л м а й д ы .

5. Істі алдыңғы сот сатыларында қарауға қатысқан судья сол істі қадағалау сатысында қарауға қатыса алмайды.

6. Қарсылық білдіру - сот тергеуі басталғанға дейін, ал істі алқабилердің қатысуымен қараған жағдайда алқабилер алқасы құрылғанға дейін мәлімделуге тиіс. Одан кейінгі мәлімдемеге тек ол үшін негіз қарсылық білдіруді мәлімдеген тарапқа сот тергеуі басталғаннан кейін белгілі болған жағдайда ғана жол беріледі .

7. Судьяға қарсылық білдіру, сондай-ақ қарсылық білдірілуге жататын сот талқылауына қатысушылар туралы мәселені қаулы шығару арқылы кеңесу б ө л м е с і н д е с о т ш е ш е д і .

8. Судьяға мәлімделген қарсылық білдіруді, қалған судьялар қарсылық білдірілген судьяның қатысуынсыз шешеді, ол, алайда, судьялар кеңесу

бөлмесіне кеткенге дейін өзіне мәлімделген қарсылық білдіру жөнінде өзінің түсініктемесін көпшілік алдында айтуға құқылы. Бірнеше судьяға немесе соттың бүкіл құрамына мәлімделген қарсылық білдіруді толық құрамда көпшілік дауыспен сот шешеді. Дауыстар тең болған кезде судьяға қарсылық білдірілген б о л ы п с а н а л а д ы .

9. Бұлтартпау шараларын қолдану немесе тергеу әрекеттерін жүргізу туралы өтінішті шешетін судьяға мәлімделген қарсылық білдіруді осы судья қаулы шығара отырып жеке өзі шешеді. Істі осы Кодекстің 58-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қарайтын судьяға мәлімделген жеке-дара қарсылық білдіруді сол соттың төрағасы немесе осы соттың басқа судьясы, ал олар болмаған жағдайда жоғары тұрған соттың судьясы шешеді. Қарсылық білдіру туралы мәлімдеме қанағаттандырылған жағдайда қылмыстық іс, шағым не өтініш белгіленген тәртіппен басқа судьяның іс жүргізуіне беріледі.

10. Қарсылық білдіруді қабылдамай тастау немесе қанағаттандыру туралы қаулы шағымдалуға (наразылық келтірілуге) жатпайды. Қаулымен келіспеушілік туралы уәждер апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау шағымына енгізілуі м ү м к і н .

Ескерту. 90-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

91-бап. Прокурорға қарсылық білдіру

1. Прокурор осы Кодекстің 90-бабында көзделген мән-жайлардың кез келгені болған кезде қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды.

2. Прокурордың алдын ала тергеу немесе анықтау жүргізуге қатысуы, сонымен бірдей оның сотта айыптауды қолдауы оның іске одан әрі қатысуына к е д е р г і б о л ы п т а б ы л м а ы д ы .

3. Сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде прокурорға қарсылық білдіру туралы мәселені жоғары тұрған прокурор, ал сотта іс жүргізу кезінде - істі қараушы сот шешеді.

92-бап. Тергеуші мен анықтаушыға қарсылық білдіру

1. Осы Кодекстің 90-бабында көзделген негіздер болған кезде тергеуші мен анықтаушы істі тергеуге қатыса алмайды.

2. Осы қылмыстық іс бойынша бұрын жүргізілген тергеуге тергеуші мен анықтаушының тиісті сапада қатысуы осы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге олардың одан әрі қатысуын жоққа шығаратын жағдай болып табылмайды.

3. Тергеушіге немесе анықтаушыға қарсылық білдіру туралы мәселені прокурор не тиісінше тергеу бөлімінің бастығы немесе анықтау органының б а с т ы ғ ы ш е ш е д і .

Ескерту. 92-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

93-бап. Куәгерге қарсылық білдіру

1. Осы Кодекстің 90-бабында көзделген мән-жайлардың кез келгені болған кезде куәгер қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші органға жеке немесе қызметі бойынша кіріптар болса, куәгер қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды.

3. Куәгердің тергеу әрекеттерін жүргізуге оның алдында қатысуы, куәгерлердің қандай да болсын біреуінің қатысуы жүйелі сипат алған мән-жайларды қоспағанда, басқа тергеу әрекетіндегі осы іс бойынша іс жүргізуге оның қатысуын жоққа шығармайды.

4. Куәгерге қарсылық білдіруде тергеу әрекетін жүргізуші адам шешеді.

94-бап. Сот отырысының хатшысы мен соттың приставына қарсылық білдіру

1. Сот отырысының хатшысы мен соттың приставы:

1) осы Кодекстің 90-бабында көзделген мән-жайлардың кез келгені болған кезде ;

2) олардың құзыретті еместігі байқалса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды .

2. Адамның сот отырысына сот отырысының хатшысы немесе соттың приставы ретінде оның алдында қатысуы олардың сот отырысына тиісті сапада одан әрі қатысуын жоққа шығаратын мән-жай болып табылмайды.

3. Сот отырысының хатшысы мен соттың приставына қарсылық білдіру туралы мәселені істі қараушы сот шешеді.

95-бап. Аудармашы мен маманға қарсылық білдіру

1. Аудармашы мен маман :

1) осы Кодекстің 90-бабында көзделген мән-жайлардың кез келгені болған кезде ;

2) егер олардың құзыретті еместігі байқалса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды .

2. Адамның аудармашы немесе маман ретінде оның алдында қатысуы олардың сот отырысына тиісті сапада одан әрі қатысуын жоққа шығаратын мән-жай болып табылмайды .

3. Аудармашы мен маманға қарсылық білдірілуі туралы мәселені қылмыстық процесті жүргізуші орган шешеді.

96-бап. Сарапшыға қарсылық білдіру

1. Сарапшы :

1) осы Кодекстің 90-бабында көзделген мән-жайлардың кез келгені болған

к е з д е ;

2) егер ол анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға, судьяға, сезіктіге, айыпталушыға, олардың қорғаушыларына, заңды өкілдеріне, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне қызметтік немесе өзге де байланыста болса немесе болып отырса;

3) егер ол нәтижесі қылмыстық іс бойынша іс қозғау немесе қылмыстық ізге түсуді бастау үшін негіз болған тексеру немесе басқа да тексеріс әрекеттерін жүргізсе ;

4) егер оның құзыретті еместігі байқалса;

5) егер ол іске, осы Кодекстің 224-бабына сәйкес сот медицинасы саласындағы дәрігер-маман ретінде адамның мәйітін қарауға қатысу жағдайларын қоспағанда, маман ретінде қатысса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса алмайды .

1-1. Тірі адамға, сондай-ақ мәйітке сараптама жүргізуге сараптама тағайындалғанға дейін тиісті адамға медициналық көмек көрсеткен дәрігер сарапшы ретінде қатыса алмайды .

2. Адамның осы іске сарапшы ретінде алдыңғы қатысуы, оның қатысуымен жүргізілген сараптамадан кейін ол қайталап тағайындалатын жағдайларды қоспағанда, іс бойынша сараптама жүргізуді оған тапсыруды болдырмайтын мән - жай болып табылмайды .

3. Сарапшыға қарсылық білдіру туралы мәселені қылмыстық процесті жүргізуші орган шешеді .

Ескерту. 96-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

97-бап. Қорғаушыны, жәбірленушінің (жеке айыптаушының), азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің өкілін қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттету

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қорғаушы, сондай-ақ жәбірленушінің (жеке айыптаушының), азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілі мына мән-жайлардың кез-келгені болған кезде :

1) егер ол бұрын іске судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы, сот отырысының хатшысы, сот приставы, куә, сарапшы, маман, аудармашы немесе куәгер ретінде қатысса ;

2) егер ол осы істі тергеуге немесе соттың қарауына қатысқан немесе қатысатын лауазымды адаммен туыстық қатынаста болса;

3) егер ол қорғалушымен немесе сенім білдірушімен қарама-қарсы мүдделері

бар адамға заңгерлік көмек көрсетіп жүрсе немесе бұрын көмек көрсеткен болса, сонымен бірге мұндай адамдармен туыстық қатынаста болса;

4) егер заңның күшімен немесе соттың шешімімен қорғаушы немесе өкіл болуға оның құқығы жоқ болса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатыса
а л м а й д ы .

2. Қорғаушыны, жәбірленушінің (жеке айыптаушының), азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің өкілін іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттету туралы мәселені сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде - прокурор, ал сотта іс жүргізу кезінде істі қарайтын сот шешеді.

Ескерту. 97-бапқа өзгеріс енгізілді - 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-тарау. Қылмыстық процеске қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

98-бап. Судьялардың, алқабилердің, прокурорлардың, тергеушілердің, анықтаушылардың, қорғаушылардың, сарапшылардың, мамандардың, сот отырысы хатшыларының, сот приставтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Судья, алқаби, прокурор, тергеуші, анықтаушы, қорғаушы, сарапшы, маман, сот отырысы хатшысы, сот приставы, сонымен бірге олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстары мемлекеттің қорғауында болады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдарға мемлекет заңда көзделген тәртіппен сотта қылмыстық істерді немесе материалдарды қарауға, анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты олардың өміріне қауіп төнуден немесе өзге де күш қолданудан қауіпсіздендіру шараларын қолдануды
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Ескерту. 98-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

99-бап. Күдіктілердің, жәбірленушілердің, куәлардың, айыпталушылардың және қылмыстық процеске қатысушы басқа да адамдардың қауіпсіздігі шараларын қолдану міндеті

1. Қылмыстық процесті жүргізуші орган, егер қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге байланысты оларға қатысты күш қолдануды немесе қылмыстық заңда тыйым салынған өзге де әрекетті жасаудың нақты қаупі болса, күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің, айыпталушының, қылмыстық процеске қатысушы басқа

да адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігі шараларын қолдануға міндетті.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган олардың ауызша (жазбаша) мәлімдемесінің негізінде немесе өз бастамашылығы бойынша осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдардың қауіпсіздігі шараларын қолданып, ол туралы тиісті қаулы шығарады.

3. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының өздерінің қауіпсіздігі шараларын қолдану туралы мәлімдемелерін қылмыстық процесті жүргізуші орган оларды алған сәттен бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірмей қарайды. Мәлімдеушіге тиісті қаулының көшірмесін жібере отырып, оған қабылданған шешім туралы дереу х а б а р л а н а д ы .

4. Мәлімдеуші өзінің қауіпсіздігі шараларын қолдану туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартылғанына прокурорға немесе сотқа шағымдануға қ ұ қ ы л ы .

5. Қауіпсіздік шараларын қолданудан бас тарту, егер бұрын берілген өтініштен көрінісін таппаған мән-жайлар туындаса, көрсетілген шараларды қолдану туралы қайта өтініш жасауға кедергі келтірілмейді.

Ескерту. 99-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

100-бап. Жәбірленушілердің, куәлардың, сезіктілердің, айыпталушылардың және қылмыстық процеске қатысушы басқа да адамдардың қауіпсіздігі шаралары

1. Куәлардың, сезіктілердің, айыпталушылардың және қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының іс жүргізу қауіпсіздігінің шаралары ретінде:

1) қылмыстық процесті жүргізуші органның күш қолдану немесе қылмыстық заңда тыйым салынған басқа да әрекеттер қаупі шыққан адамға оны мүмкін болатын қылмыстық жауапқа тарту туралы ресми ескерту жасауы;

2) қорғалатын адам туралы мәліметтер алуға шек қою;

3) оның жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) айыпталушыға (сезіктіге) қатысты қылмыстық процеске қатысушыларға қатысты күш қолдану (қолдануды ұйымдастыру) немесе өзге де қылмысты әрекеттер жасау (жасауды ұйымдастыру) мүмкіндігін жоққа шығаратын бұлтартпау шараларын таңдау қолданылады.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган енгізген ескерту адамға қолы қ о й ғ ы з ы л ы п х а б а р л а н а д ы .

3. Қорғалатын адам туралы мәлімет алуға шек қою қылмыстық істің материалдарынан адамның анкеталық деректері туралы мәліметтерді алып, оны негізгі іс жүргізуден бөлек сақтаудан, бұл адамдардың бүркеншік ат пайдалануынан тұрады. Негізгі іс жүргізуден оқшауландырылған материалдармен танысу үшін қылмыстық процесті жүргізуші органға ғана рұқсат етіледі. Процеске басқа қатысушылар онымен осы мәліметтерді жарияламау туралы қолхат бере отырып қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатымен ғана таныса алады. Қорғалатын адамның қатысуымен іс жүргізу әрекеттері қажет жағдайларда оны тануды болдырмайтын жағдайларда жүргізіледі.

4. Куәгерлердің, сезіктілердің, айыпталушылардың, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы басқа да азаматтардың және олардың жақындарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тәртібі заңмен айқындалады.

5. Қауіпсіздік шараларын қолданғанына қарамастан, қылмыстық ізге түсу органы бұған негіздер болған жағдайда жәбірленушіге, куәға, айыпталушыға, қылмыстық істі жүргізуге қатысушы басқа да адамдарға қатысты қылмыстық заңда тыйым салынған әрекеттер жасау қауіпі анықталуына байланысты қылмыстық іс қозғауға міндетті.

6. Қауіпсіздік шаралары оны қолданудың қажеттігі болмағанда қылмыстық процесті жүргізуші органның дәлелді қаулысымен тоқтатылады. Қорғалатын адамға оның қауіпсіздігі шараларының тоқтатылғандығы немесе ол туралы деректердің іс бойынша іс жүргізуге қатысушы адамдарға ашылғандығы туралы дереу хабарлануы тиіс. Қылмыстық процесті жүргізуші органның қауіпсіздік шараларын тоқтату туралы шешіміне қорғалатын адамның сотқа немесе прокурорға шағым беруі шағым жасалған шешімнің атқарылуын тоқтата тұрады.

Ескерту. 100-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.04.07 N 149-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

101-бап. Сот талқылауына қатысушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Сот талқылауына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін төрағалық етуші соттың жабық отырысын өткізеді, сондай-ақ осы Кодекстің 100-бабының бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген шараларды қолданады.

2. Сот куәнің, айыптау тарабының өтініші бойынша, сондай-ақ куәнің және оның жақындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өз бастамашылығы бойынша куәдан:

1) бүркеншік атты пайдалана отырып оның жеке басы туралы деректерді жарияламастан;

2) қалған қатысушылардың оны дауысы және сыртқы белгілері: акценті,

жынысы, ұлты, жасы, бойы, дене бітімі, мүсіні, жүрісі бойынша тануы мүмкін
болмайтын жағдайларда;

3) оны сот талқылауына басқа қатысушылардың көзіне көрсетпей жауап алу
туралы қаулы шығаруға құқылы.

3. Төрағалық етуші:

1) бейне, дыбыс жазуды жүргізуге және жауап алуды түсіріп алудың өзге де
әдістерін жүргізуге тыйым салуға;

2) адвокатты қоспағанда, сот отырысы залынан сотталушыны, қорғау
тарапының өкілдерін шығарып жіберуге құқылы.

4. Сот процеске қатысушылардың біреуі болмағанда немесе олардың көзбен
көріп отыруынан тыс жауап алынған куәнің көрсетуін сотта төрағалық етуші ол
куә туралы мәліметті көрсетпестен оған барлық қатысушылар қатысып
отырғанда хабарлайды.

5. Қажет болған жағдайларда сот процеске қатысушылардың және заңда
көзделген өзге де адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде басқа да
шаралар қолданады.

6. Сот талқылауына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы
соттың қаулысын атқару қылмыстық ізге түсу органдарына, сондай-ақ сот
приставына жүктеледі.

**Ескерту. 101-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.17 N 187-IV, 2009.12.11 N
230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

13-тарау. Өтініш жасау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану

102-бап. Қылмыстық процеске қатысушылардың өтініштерін қараудың міндеттілігі

1. Қылмыстық процеске қатысушылар анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға,
сотқа іс бойынша маңызы бар мән-жайларды анықтау; өтініш жасап барған
адамның немесе оларды ұсынған адамның құқықтары мен заңды мүдделерін
қамтамасыз ету үшін іс жүргізу іс-әрекеттерін жүргізу немесе іс жүргізу
шешімдерін қабылдау туралы өтініштермен бара алады.

2. Өтініш процестің кез келген сатысында мәлімделуі мүмкін. Өтініш
білдірген адам қандай мән-жайды анықтау үшін іс-әрекет жүргізуді немесе
шешім қабылдауды сұрайтындығын көрсетуі тиіс. Жазбаша өтініштер іске
тігіледі, ауызша өтініштер тергеу іс-әрекетінің немесе сот отырысының
хаттамасына кіргізіледі.

3. Өтініштің қабылданбағандығы оны қылмыстық сот ісін жүргізудің келесі

кезеңдерінде қайталап беруге немесе қылмыстық процесті жүргізуші басқа органға беруге кедергі келтірмейді.

4. Өтініш ол мәлімделгеннен кейін қарауға және тікелей шешуге жатады. Өтініш бойынша шешімді дереу қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда ол мәлімделген күннен бастап үш тәуліктен кешіктірілмей шешілуге тиіс.

5. Егер ол істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге, процеске қатысушылардың немесе басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге жәрдемдесетін болса, өтініш қанағаттандырылуы тиіс. Өзге жағдайларда өтінішті қанағаттандырудан бас тартылуы мүмкін.

6. Қылмыстық процесті жүргізуші орган өтінішті қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тарту туралы дәлелді қаулы шығарып, ол өтініш жасаған адамға жеткізіледі. Өтініш жөніндегі шешімге осы Кодексте белгіленген шағым берудің және оны қараудың жалпы ережелері бойынша шағым жасалуы мүмкін.

103-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағымдану

1. Егер жүргізілген іс жүргізу әрекеті өздерінің мүдделерін қозғайтын болса, процеске қатысушылар, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдар осы Кодексте белгіленген тәртіппен анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың, соттың немесе судьяның шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағымдануы мүмкін.

2. Шағымдар шағымдарды қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға заңмен уәкілдік берілген, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу үшін жауапты сол мемлекеттік органға немесе сол лауазымды адамға беріледі.

3. Шағымдар ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Ауызша шағымдар оны жасаушы мен шағымды қабылдап алушы лауазымды адам қол қоятын хаттамаға кіргізіледі. Тиісті лауазымды адамдардың қабылдауында азаматтар ауызша айтқан шағымдар жазбаша түрде ұсынылған шағымдармен ортақ негізде шешіледі. Шағымға қосымша материалдар қоса тіркелуі мүмкін.

4. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін адамға шағымды ана тілінде немесе өзі білетін тілде беру құқығы қамтамасыз етіледі.

5. Шағым берген адам оны қайтарып алуға құқылы. Сезікті мен айыпталушы қорғаушының шағымын қайтарып алуға құқылы; азаматтық талапкер, жәбірленуші (жеке айыптаушы), азаматтық жауапкер, заңды өкілді қоспағанда, өзінің өкілінің шағымын қайтарып алуға құқылы. Сезіктінің немесе айыпталушының мүдделерін көздеп берілген шағым тек олардың келісімімен

ғана қайтарылып алынуы мүмкін. Шағымды қайтарып алу, осы Кодексте тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 105-бабында көрсетілген мерзімдер аяқталғанға дейін оны қайтадан беруге кедергі келтірмейді.

104-бап. Ұсталған немесе тұтқында отырған адамдардың шағым жолдау тәртібі

1. Алдын ала қамауға алу орындарының әкімшілігі қылмыстық процесті жүргізуші органға қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталған немесе бұлтартпау шарасы ретінде тұтқында отырған адамдардың оған жолданған шағымдарын дереу беруге міндетті.

2. Ұсталған немесе тұтқында отырған адамдардың анықтаушының, анықтау органы бастығының, тергеушінің іс-әрекетіне немесе шешімдеріне шағымдарын қамауда ұстау орындарының әкімшілігі дереу істі тергеуді қадағалаушы прокурорға, ал прокурордың іс-әрекеті мен шешімімен шағымдарды - жоғары тұрған прокурорға беруге міндетті. Өзге шағымдарды қамауда ұстау орындарының әкімшілігі ол келіп түскен кезден бастап бір тәуліктен кешіктірмей істі жүргізуші адамға немесе органға береді.

105-бап. Шағымдарды берудің мерзімдері

Анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың, судьяның немесе соттың іс-әрекеттері мен шешіміне шағымдар барлық анықтау ісі, алдын ала тергеу және сот талқылауын жүргізу барысында беріле алады. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту және қылмыстық істі тоқтату туралы шешімдерге, бірінші немесе апелляциялық сатыдағы соттар шығарған үкімдерге шағымдар осы Кодексте белгіленген мерзімдерде беріледі.

106-бап. Шағым берілуіне байланысты шешімнің атқарылуын тоқтата тұру

Осы Кодексте көзделген жағдайларда шағым беру шағымданылған шешімнің атқарылуын тоқтата тұрады. Өзге жағдайларда шағым түсіру, егер шағымды қараушы адам мұны қажет деп тапса, шағымданылған шешімнің атқарылуын тоқтата тұруға әкеп соғуы мүмкін.

107-бап. Шағымдарды қараудың жалпы тәртібі

1. Шағымдарды қарауды іс-әрекетіне шағым жасалған анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға немесе судьяға, сондай-ақ шағым жасалған шешімді бекіткен лауазымды адамға тапсыруға тыйым салынады.

2. Шағымды қарағанда прокурор немесе судья онда жазылған дәлелдерді жан-жақты тексеруге, қажет болған жағдайда қосымша материалдарды талап етуге, тиісті лауазымды адамдардан, ұйымдардан және азаматтардан шағымданылған іс-әрекеттер мен шешімдерге қатысты түсініктеме алуға м і н д е т т і .

3. Шағымды қараушы прокурор немесе судья өз өкілеттіктері шегінде

қылмыстық процеске қатысушылардың, сондай-ақ өзге де азаматтардың немесе ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге дереу шаралар қолдануға міндетті.

4. Егер шағымданылған заңсыз іс-әрекеттермен немесе шешімдермен азаматқа моральдық, дене немесе мүліктік зиян келтірілсе, оған осы Кодекстің 4-тарауында көзделген зиянды өтеуге немесе жоюға арналған құқығы мен бұл құқықты жүзеге асырудың тәртібі түсіндірілуі тиіс.

108-бап. Анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың іс-әрекеті мен шешіміне шағымды қарау тәртібі

Ескерту. 108-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 Заңымен.

1. Анықтаушының, анықтау органының және тергеушінің іс-әрекеті мен шешіміне шағымдар алдын ала тергеу мен анықтауды жүргізу кезінде заңдардың атқарылуына қадағалау жасайтын прокурорға беріледі. Прокурордың іс-әрекеті мен шешіміне шағымдар жоғары тұрған прокурорға беріледі. Өзінің жеке іс-әрекеті мен шешіміне шағым түскен лауазымды адам шағымды өзінің түсініктемесімен бірге дереу тиісті прокурорға жолдауға міндетті. Егер лауазымды адам шағымды негізді деп есептесе, онда ол шағым жасалған іс-әрекетті тоқтатады немесе шағым жасалған шешімді өзгертеді, ол туралы **п р о к у р о р ғ а х а б а р л а й д ы .**

2. Прокурор шағымды ол алынған сәттен бастап жеті тәуліктің ішінде қарауға міндетті. Қамауға алу, тінту, алу, мүлікке тыйым салу, айыпталушы ретінде іске тарту, қызметінен шеттетуге кезінде заңды бұзу, сондай-ақ қинау, күш қолдану, қорқыту, не қорғану құқығын бұзу туралы шағымдар оларды алған сәттен бастап бес тәуліктің ішінде қарауға жатады. Шағымды тексеру үшін қосымша материалдар талап ету не өзге де шаралар қолдану қажет болатын ерекше жағдайларда шағым берген адамға ол туралы хабарлай отырып, шағымды он бес тәулікке дейінгі мерзімде қарауға жол беріледі.

3. Шағымды қараудың нәтижесінде шағым жасалған шешімді тоқтату немесе өзгерту арқылы шағымды толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы не шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдануы мүмкін. Бұл орайда, егер мұның өзі шағым берген адамның немесе шағым өз мүддесіне сай берілген адамның жағдайын нашарлатуға әкеп соғатын болса, бұрын шығарылған шешімді өзгертуге болмайды.

4. Шағым берген адам шағым бойынша қабылданған шешім және одан әрі шағымданудың тәртібі туралы хабарландырылуы тиіс. Шағымды қанағаттандырудан бас тарту дәлелденуі тиіс.

Ескерту. 99-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2011.11.09 N 490-IV

(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

109-бап. Прокурордың, тергеу және анықтау органдарының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жасалған шағымдарды сотта қарау тәртібі

1. Жеке басының құқықтары мен бостандықтарын прокурордың, тергеу және анықтау органдарының іс-әрекеті (әрекетсіздігі) және шешімі тікелей қозғайтын тұлға, егер мұндай іс-әрекеттердің (әрекетсіздіктердің) және шешімдердің заңдылығын тексеруді сот талқылауы кезеңіне дейін кейінге қалдыру адам мен азаматтың нұқсан келтірілген құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді қиындатса немесе оның мүмкіндігін жоққа шығарса, қылмыс туралы арызды қабылдаудан бас тартылуына, сондай-ақ қылмыстық істі қозғаудан бас тарту, қылмыстық істі қозғау, тоқтата тұру және тоқтату, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, тінтуді және (немесе) алуды жүргізу, мүлікке тыйым салуды қолдану, кепілді қолдану, өзге де іс-әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасау және шешімдерді қабылдау кезіндегі заң бұзушылыққа шағымданып сотқа жүгіне алады. Шағым тиісті шешіммен танысқаннан кейін не осыған ұқсас шағымды прокурор қанағаттандырмай тастаған жағдайда тікелей сотқа беріледі.

2. Қылмыстық қудалау органының қаулысына жасалған шағымды тексерген кезде сот осы Кодекске сәйкес қылмыстық істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қарау нысанасы болып табылатын мәселелерді алдын ала шешпеуге тиіс.

3. Сот тексеруінің шектері осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген іс-әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасау және шешімдерді қабылдау кезінде заң нормаларының сақталуын анықтаумен шектелген.

4. Шағым түсіру шағым жасалып отырған іс-әрекеттің жүргізілуін және шағым жасалып отырған шешімнің орындалуын тоқтата тұрмайды.

5. Шағым тұлғаның келіспейтін шешіммен танысқан күнінен бастап он бес тәулік ішінде не прокурордың өзінің атына берілген шағымды қанағаттандырудан бас тартатыны туралы хабарламасы алынғаннан кейін сол мерзімде немесе, егер прокурорға берілген шағымға жауап алынбаса, ол берілгеннен кейін он бес тәулік өткен күннен бастап қылмыстық процесті жүргізетін орган тұрған жердегі аудандық сотқа берілуі мүмкін.

6. Шағымды судья ол келіп түскен кезден бастап он тәуліктің ішінде прокурордың, арыз берушінің және оның қорғаушысының, егер олар қылмыстық іске қатысса, заңды өкілінің немесе өкілінің, мүдделерін шағым жасалатын іс-әрекет (әрекетсіздік) және шешім тікелей қозғайтын өзге де адамдардың қатысуымен, жабық отырыста жеке-дара қарайды. Егер судья аталған адамдардың келуін міндетті деп таппаса, олардың сот отырысына келмеуі

шағымды қарауға кедергі болмайды. Іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым жасалған лауазымды адамдар мұндай іс-әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға және шешімдерге негіз болған материалдарды сотқа үш тәулік ішінде табыс етуге міндетті.

7. Сот отырысы басталғанда судья қандай шағымның қаралуға жататынын хабарлайды, келген адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Содан соң, егер сот отырысына қатысып отырған болса, арыз беруші шағымды негіздейді, содан кейін келген басқа да адамдар тыңдалады.

8. Шағымды қарау нәтижелері бойынша судья мынадай:

1) заңсыз деп танылған іс жүргізу шешімін бұзу туралы;
2) тиісті лауазымды адамның іс-әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз немесе негізсіз деп тану туралы және оның жол берілген бұзушылықты жоюға міндетті екені туралы;

3) прокурорға азаматтың немесе ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерінің жол берілген бұзылуын жою міндетін жүктеу туралы;

4) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы қаулылардың бірінші сәтін.

9. Судьяның осы баптың қағидаларына сәйкес шығарған қаулысына ол жария етілген кезден бастап үш тәуліктің ішінде осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар шағымдануы, сондай-ақ прокурор осы қаулы шығарған судьяның соты арқылы облыстық және оған теңестірілген сотқа наразылық беруі мүмкін. Шағымдану мерзімі өткеннен кейін іс бұл туралы осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар мен прокурорға хабарлай отырып, шағыммен, наразылықпен бірге облыстық немесе оған теңестірілген сотқа жіберіледі. Облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген қағидалар мен мерзімдерді сақтай отырып, шағымды, наразылықты қарайды және мынадай: шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру және аудандық немесе оған теңестірілген сот судьясының қаулысын өзгеріссіз қалдыру туралы; шағымды, наразылықты қанағаттандыру және аудандық немесе оған теңестірілген сот қаулысының күшін жою туралы шешімдердің бірін шығарады.

10. Қылмыстық іс бойынша прокурордың, тергеу және анықтау органдарының осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілмеген іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдардың заңдылығын тексеруді сот істі мәні бойынша одан әрі қарау кезінде жүзеге асырады.

11. Шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасады деп айыпталған немесе сотталған адамды беру туралы шешімге шағым жасау және оның заңдылығы мен негізділігін соттың тексеруі осы Кодекстің 531-1-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 109-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

110-бап. Айыпталушыны, сезіктіні қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру немесе қамауға алу мерзімін ұзарту туралы, қамауға алуға санкция беруден бас тарту немесе қамауға алу мерзімін ұзартудан бас тарту туралы сот қаулысына шағымдану, наразылық білдіру

1. Айыпталушы, сезікті, олардың қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі, өкілі қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру немесе қамауға алу мерзімін ұзарту туралы, қамауға алуға санкция беруден бас тарту немесе қамауға алу мерзімін ұзартудан бас тарту туралы сот қаулысына судьясы қаулы шығарған сот арқылы облыстық немесе оған теңестірілген сотқа оның жарияланған кезінен бастап үш тәулік ішінде шағымдануға, ал прокурор наразылық білдіруге құқылы. Шағым беру немесе наразылық келтіру, осы Кодекстің 154-бабының алтыншы бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы сот қаулысының орындалуын тоқтатпайды және адамды күзетпен ұстаудан босатуға әкеп соқпайды. Соттың қаулысына шағымдануға, наразылық білдіруге белгіленген мерзім өткеннен кейін шағымы, наразылығы бар іс бұл туралы айыпталушыға, сезіктіге, олардың қорғаушысына, заңды өкіліне, жәбірленушіге, оның заңды өкіліне, өкіліне және прокурорға хабар беріле отырып, облыстық немесе оған теңестірілген сотқа кідіріссіз жіберіледі.

2. Облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы қылмыстық іс сотқа келіп түскен кезден бастап үш тәуліктен кешіктірмей, айыпталушыға, сезіктіге қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру немесе қамауға алу мерзімін ұзарту туралы, айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беруден бас тарту немесе қамауға алу мерзімін ұзартудан бас тарту туралы сот қаулысының заңдылығын және негізділігін тексеруді жүзеге асырады.

3. Сот отырысына прокурор және айыпталушының, сезіктінің қорғаушысы қатысады. Отырысқа айыпталушы, сезікті, айыпталушының, сезіктінің заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі және өкілі де қатыса алады, шағымның, наразылықтың қаралатын уақыты туралы уақтылы хабарланған кезде олардың келмей қалуы соттың шағымды, наразылықты қарауына кедергі келтірмейді.

4. Сот тараптардың дәлелдемелерін тыңдап, қылмыстық істің материалдарын қ а р а й к е л і п , м ы н а д а й :

1) аудандық немесе оған теңестірілген соттың қаулысын өзгеріссіз қалдыру туралы ;

2) аудандық немесе оған теңестірілген соттың қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына берген санкциясының күшін жоя отырып, оның қаулысының күшін жою туралы ;

3) аудандық немесе оған теңестірілген соттың қаулысының күшін жою туралы және айыпталушыға, сезіктіге қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы ;

4) аудандық немесе оған теңестірілген соттың қаулысының күшін жою және айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзартудан бас тарту не ұзарту туралы дәлелді қаулылардың бірін шығарады.

Сот қаулысының көшірмесі қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішпен іс қозғаған қылмыстық қудалау органына, сондай-ақ прокурорға, айыпталушыға, сезіктіге, қорғаушыға, айыпталушының, сезіктінің заңды өкіліне және өкіліне, жәбірленушіге, оның заңды өкіліне және өкіліне, адамды күзетпен ұстау орнының әкімшілігіне жіберіледі және дереу орындалуға тиіс .

5. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдардың жасаған шағымы немесе прокурордың білдірген наразылығы қанағаттандырылмай қалған жағдайда, қамауға алу мерзімінің жаңадан әрбір ұзартылуы кезінде сол адамның немесе прокурордың нақ сол іс бойынша, нақ сол негіздер бойынша жасаған шағымын, білдірген наразылығын қайтадан қаратуға құқығы бар. Қайтадан жасалған шағым , білдірілген наразылық осы бапта көзделген тәртіппен қаралады.

6. Судья осы бапта көзделген тәртіппен шағымды, наразылықты қараған кезде хаттама жүргізіледі .

Ескерту. 110-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

111-бап. Прокурордың сезіктіні, айыпталушыны медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға берген санкциясына сотқа шағымдану

1. Прокурор санкцияландырған сезіктіні, айыпталушыны сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға шағымдану осы баптың екінші бөлігінде көзделген қосымшалармен бірге осы Кодекстің 109-бабында көзделген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

2. Сот отырысы барысында судья тараптардың дәлелдерін тыңдап, қылмыстық ізге түсу органдарынан талап етілген қылмыстық істің материалдарын, ал қажет болған жағдайда - дәрігерлік комиссияның қорытындысын қарай келіп мынадай:

1) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;

2) сезіктіні, айыпталушыны медициналық ұйымға орналастыру немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын өзгерту және сезіктіні, айыпталушыны медициналық ұйымнан босату туралы шешімнің күшін жою туралы дәлелді шешімдердің біреуін шығарады.

Ескерту. 111-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

112-бап. Соттың үкіміне, қаулыларына шағымдар, наразылықтар

Бірінші сатыдағы соттардың үкіміне, қаулыларына шағымдар, наразылықтар осы Кодекстің 46-тарауының қағидаларына сәйкес беріледі. Заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қарау туралы шағымдар, наразылықтар, өтініштер осы Кодекстің 48-1 және 50-тарауларының қағидаларына сәйкес беріледі.

Ескерту. 112-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-тарау. Қылмыстық процеске қатысушы адамдар туралы қорытынды ережелер

113-бап. Процеске қатысушы деп тануды талап ету құқығы

1. Қылмыстық процестің қатысушысы болып табылмайтын адамдардың оған осы Кодексте көзделген негіздер болған кезде, олардың жәбірленуші, жеке айыпталушы, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, олардың заңды өкілдері және өкілдері деп тануды талап етуге құқығы бар. Аталған адамдардың арыздарын (өтініштерін) олар алынған кезден бастап үш тәуліктен кешіктірмей қылмыстық процесті жүргізуші орган қарауы тиіс. Қабылданған шешім туралы өтініш беруші дереу хабарландырылады, оған тиісті қаулының көшірмесі ж і б е р і л е д і .

2. Өтініш беруші тиісті қаулының көшірмесін алғаннан кейінгі бес тәуліктің ішінде өзінің өтінішін қанағаттандырудан бас тартылғанына немесе оны шешуді кейінге қалдырылғанына прокурорға, сотқа шағымдануға құқылы. Егер қаулының көшірмесі шағым берілген кезден бастап он тәуліктің ішінде алынбаса, өтініш беруші оны процеске қатысушы деп тану туралы өтініш жазып прокурорға, сотқа жүгінуге құқылы.

3. Қайтыс болған немесе қылмыс нәтижесінде өзінің еркін саналы түрде білдіру қабілетін жоғалтқан адамның жақын туысы, жұбайы (зайыбы), егер оның құқықтық мұрагері болғысы келсе, өзін жәбірленуші деп тану туралы талап ете алады. Аталған өтінішті осы баптың бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен қылмыстық процесті жүргізуші орган қарайды.

**114-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысты
адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін
түсіндіру және оларды жүзеге асыру мүмкіндігін
қамтамасыз ету міндеті**

1. Қылмыстық сот ісіне қатысушы әрбір адамның өз құқықтары мен міндеттерін, ол таңдаған айқындаманың құқықтық салдарын білуге, сондай-ақ оның қатысуымен өтіп жатқан іс жүргізу іс-әрекеттерінің маңызы мен оған танысу үшін ұсынылған іс материалдарының мазмұнын ұғынуға құқығы бар.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысушы әрбір адамға оған тиесілі құқықтар мен оған жүктелген міндеттерді түсіндіруі, осы Кодексте көзделген тәртіппен оларды жүзеге асырудың мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Адамның өтініші бойынша қылмыстық процесті жүргізуші орган оның құқықтары мен міндеттерін қайталап түсіндіруге м і н д е т т і .

3. Қылмыстық процесті жүргізуші орган процеске қатысушыларға қарсылық білдіру мәлімделуі мүмкін болатын адамдардың тегін және олар туралы басқа да қажетті деректерді хабарлауға міндетті.

4. Қылмыстық процеске қатысушы жағдайына ие болған адамға оның қатысуымен іс жүргізу іс-әрекетін жүргізу басталғанға дейін және ол процеске қатысушы ретінде қандай да болмасын позицияны білдіргенге дейін оның құқықтары мен міндеттері міндетті түрде түсіндіріледі. Сот олар қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында түсіндірілген, түсіндірілмегеніне қарамастан соттың отырысына келген процеске қатысушыға оған тиесілі құқықтар мен оған жүктелген міндеттерді түсіндіруге міндетті.

5. Қылмыстық процесті жүргізуші орган олардың қатысуымен болатын іс жүргізу іс-әрекеті басталар алдында куәгердің, аудармашының, маманның, сарапшының міндеттері мен құқықтарын түсіндіруге міндетті. Куәнің құқықтары мен міндеттерін алдын ала тергеу органы одан бірінші рет жауап алар алдында және соттың отырысында қайталап түсіндіруге міндетті.

3-бөлім. Дәлелдемелер және дәлелдеу

15-тарау. Дәлелдемелер

115-бап. Дәлелдемелер ұғымы

1. Оның негізінде анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот осы Кодексте белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген әрекеттердің болғандығын немесе болмағандығын, айыпталушының бұл әрекетті жасағандығын немесе жасамағандығын және айыпталушының

кінәлілігін не кінәлі емес екендігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын заңды түрде алынған іс жүзіндегі деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

2. Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар іс жүзіндегі деректер сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің көрсетулерімен; сарапшының, маманның қорытындыларымен; заттай айғақтармен; іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталады.

Ескерту. 115-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

116-бап. Дәлелдемелер ретінде рұқсат етілмейтін іс жүзіндегі деректер

1. Іс жүзіндегі деректер, егер олар осы Кодекстің талаптарын бұза отырып, процеске қатысушыларды олардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды қысу жолымен немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұзумен, оның ішінде:

1) қинау, күш қолдану, қорқыту, алдау, сонымен бірге өзге де заңсыз іс-әрекеттер арқылы;

2) оларға түсіндірмеудің, толық немесе дұрыс түсіндірмеудің салдарынан туындаған қылмыстық процеске қатысушы адамдардың өз құқықтары мен міндеттеріне қатысты жаңылуын пайдалану арқылы;

3) іс жүргізу іс-әрекетін осы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқ адамның жүргізуіне байланысты;

4) іс жүргізу іс-әрекетіне қарсылық білдіруге жататын адамның қатысуына байланысты;

5) іс жүргізу іс-әрекетін жүргізудің тәртібін айтарлықтай бұза отырып;

6) белгісіз көзден, не сот отырысында анықтала алмайтын көзден;

7) дәлелдеу барысында осы заманғы ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы алынып, олар істі тергеу немесе сотта қарау кезінде алынған іс жүзіндегі деректердің дұрыстығына ықпал етсе немесе ықпал ету мүмкін болса, дәлел ретінде пайдалануға жол берілмейді деп танылуы тиіс.

2. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде іс жүзіндегі деректерді дәлелдеме ретінде пайдалануға жол бермеушілікті, сондай-ақ оларды шектеп пайдаланудың мүмкіндігін өз бастамашылығы бойынша немесе тараптардың өтініші бойынша процесті жүргізуші орган белгілейді.

3. Егер бұлар қылмыстық іс материалдарының түгендеу тізіміне кіргізілмесе, сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің және куәнің көрсетуін, сарапшының, маманның қорытындыларын, заттай айғақтарды, тергеу және сот іс-әрекеттерінің хаттамаларын және өзге де құжаттарды айыптаудың негізіне

жатқызуға болмайды. Қуә ретінде алдын ала жауап алу барысында сезікті, айыпталушы берген айғақтар дәлелдер ретінде танылмайды және айыптау негізіне алынбайды.

4. Заңды бұзу арқылы алынған дәлелдемелер заңдық күші жоқ деп танылады және айыптаудың негізіне жатқызыла алмайды, сондай-ақ осы Кодекстің 117-бабында аталған кез келген мән-жайды дәлелдеу кезінде пайдаланыла алмайды.

5. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған бұзушылықтармен алынған іс жүзіндегі деректер тиісті құқық бұзушылықтар мен оларға жол берген адамдардың кінәлілігін дәлелдеу фактісі ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Ескерту. 116-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 , 2004.12.09 N 10, 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

117-бап. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлар

1. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге:

1) оқиға мен қылмыстық заңда көзделген қылмыс құрамының белгілері (қылмыстың жасалу уақыты, болған жері, әдісі және басқа да мән-жайлары);

2) қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті кімнің жасағандығы;

3) адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған әрекеттің себеп-дәлелдері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктер;

4) айыпталушының жауаптылығының дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар;

5) айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар;

6) жасалған қылмыстың зардаптары;

7) қылмыспен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері;

8) әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын мән-жайлар;

9) қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соқтыратын мән-жайлар жатады.

2. Кәмелетке толмаған адам жасаған қылмыстар туралы іс бойынша дәлелдеуге жататын қосымша мән-жайлар осы Кодекстің 481-бабында көрсетілген.

3. Қылмыс жасауға ықпал етуші мән-жайлар да қылмыстық іс бойынша анықтауға жатады.

118-бап. Дәлелсіз анықталатын мән-жайлар

Егер тиісті құқықтық рәсімдердің шеңберінде керісінше дәлелденбесе, мына мән-жайлар:

1) жалпыға белгілі фактілер;

2) осы заманғы ғылымда, техникада, өнерде, кәсіпте жалпы қабылданған

зерттеу әдістерінің дұрыстығы;

3) заңды күшіне енген соттың шешімімен белгіленген мән-жайлар;

4) адамның заңды білуі;

5) адамның өзінің қызметтік және кәсіби міндеттерін білуі;

б) олардың бар екендігін растайтын құжатты ұсынбаған және ол арнаулы даярлық немесе білім алған оқу орнын немесе басқа да мекемені көрсетпеген адамда арнаулы даярлықтың немесе білімнің болмауы дәлелсіз анықталған болып саналады.

119-бап. Сезіктің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтары

1. Сезіктің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтары - ол осы Кодекстің 26-тарауында белгіленген тәртіппен анықтау немесе алдын ала тергеу процесінде жауап алуда олар жазбаша немесе ауызша нысанда хабарланған мәліметтер.

2. Сезікті өзіне қарсы туып отырған сезік жөнінде, сондай-ақ іс бойынша маңызы бар өзіне белгілі өзге де мән-жайлар мен дәлелдемелер туралы айғақтар беруге құқылы.

3. Айыпталушы өзіне тағылған айыптау бойынша, сонымен бірге іс бойынша маңызы бар, өзіне белгілі өзге де мән-жайлар мен дәлелдемелер жөнінде айғақтар беруге құқылы.

4. Айыпталушының қылмыс жасаудағы өзінің кінәсін мойындауы оның кінәлілігі бар дәлелдемелердің жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін.

5. Жәбірленушіден іс бойынша дәлелдеуге жататын кез келген мән-жайлар туралы, сондай-ақ сезіктімен, айыпталушымен, басқа да жәбірленушілермен, куәлармен өзінің өзара қарым-қатынасы туралы жауап алынуы мүмкін. Егер ол өзінің хабардарлығының көзін көрсете алмаса, жәбірленуші хабарлаған мәлімет дәлелдеме бола алмайды.

6. Куәдан кез келген іске қатысты мән-жайлар туралы, оның ішінде айыпталушының, жәбірленушінің жеке басы туралы, өзінің олармен және басқа да куәлармен өзара қатынасы туралы жауап алынуы мүмкін. Егер ол өзінің хабардарлығының көзін көрсете алмаса, куә хабарлаған мәлімет дәлел болып табылмайды.

7. Айыпталушының жеке басына сипаттама беретін деректер туралы айғақтар айыптаудың негізіне жатқызыла алмайды және дәлел ретінде жаза тағайындаумен немесе жазадан босатумен байланысты мәселелерді шешу үшін ғана пайдаланылады.

8. Осы Кодексте белгіленген тәртіппен жауап алу кезінде қылмыстық іс үшін

маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға немесе ұғынуға қабілетсіз деп танылған адамның айғақтары дәлелдеме болмайды.

120-бап. Сарапшының қорытындысы

1. Сарапшының қорытындысы - осы Кодекстің талаптарына сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін қ ұ ж а т .

2. Сарапшының ауызша түсініктемесі ол бұрын берген қорытындыны түсіндіруі бөлігінде ғана дәлел болып табылады.

3. Сарапшының қорытындысы қылмыстық процесті жүргізуші орган үшін міндетті болып табылмайды, алайда оның қорытындымен келіспеушілігі дәлелді б о л у ы т и і с .

Ескерту. 120-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

121-бап. Заттай дәлелдемелер

1. Егер оларға қылмыс қаруы болды деп ойлауға негіз болса, немесе өзінде қылмыстың ізі сақталып қалса, немесе қылмыстық әрекеттің объектісі болса, сондай-ақ ақша мен өзге де бағалы заттар, қылмысты анықтауға, істің іс жүзіндегі мән-жайын белгілеуге, кінәлілерді табуға не айыпты жоққа шығаруға немесе жауаптылықты жеңілдетуге құрал болуы мүмкін басқа да заттар мен құжаттар заттай дәлелдемелер деп танылады.

2. Осы Кодекстің 223-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, заттай дәлелдемелер қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысымен іске қоса тігіледі және үкім немесе істі тоқтату туралы қаулы заңды күшіне енгенге дейін сонда болады. Заттай дәлелдемелерді қараудың және сақтаудың тәртібі осы Кодекстің 223-бабымен белгіленеді.

3. Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту шешім шығару, қылмыстық іс жүргізуді тоқтату немесе үкім шығару кезінде заттай дәлелдемелер туралы мәселе шешілуі т и і с . Б ұ л р е т т е :

1) қылмыс қаруы тәркіленуге жатады немесе оны белгілі бір адам тиісті мекемеге береді немесе жойылады;

2) ұстауға тыйым салынған заттар тиісті мекемеге беруге жатады немесе ж о й ы л а д ы ;

3) құндылығы жоқ және пайдалануға келмейтін заттар жойылуға жатады, ал мүдделі адамдар немесе мекемелер өтінген жағдайда оларға берілуі мүмкін;

4) қылмыстық жолмен жиналған ақша мен өзге де құндылықтар, сондай-ақ заңсыз кәсіпкерлік және контрабандалық заттар соттың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне қаратылуға жатады; қалған заттар заңды иелеріне беріледі, ал соңғылары анықталмаған кезде мемлекеттің меншігіне көшеді. Бұл заттардың тиесілілігі туралы дау туған жағдайда бұл дау азаматтық сот ісін жүргізу

тәртібімен

шешуге

жатады;

5) заттай дәлелдеме болып табылатын құжаттар істің бүкіл сақталу мерзімінің ішінде онымен бірге қалады не осы Кодекстің 123-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген тәртіппен мүдделі ұйымдарға немесе азаматтарға беріледі.

4. Соттың, прокуратура, алдын ала тергеу, анықтау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алу, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 121-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

122-бап. Іс жүргізу әрекеттерінің хаттамалары

1. Осы Кодекстің тиісті ережелеріне сәйкес жасалған, тексеру, көзін жеткізу, алу, тінту, ұстау, мүлікке тыйым салу, хат-хабарларға тыйым салу, хабарларды ұстап алу, телефонмен және басқа да сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, үлгілерді алу, мәйітті эксгумация жасау, айғақтарды қылмыс болған жерде тексеру, қылмыс болған жерде тергеу экспериментінде, тергеу әрекеттерінің барысында маман жүргізген заттай айғақтарды зерттеу кезінде анықталған, қылмыстық процесті жүргізуші адам тікелей түсінген мән-жайларды куәландыратын тергеу іс-әрекеттерінің хаттамаларында бар іс жүзіндегі деректер, сондай-ақ сот іс-әрекеттерінің барысы мен олардың нәтижелерін көрсететін сот отырысының хаттамасында бар қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

2. Дәлелдеме ретінде қылмыс туралы, табыс етілген заттар мен құжаттар туралы, айыбын мойындап келуі туралы ауызша мәлімдеу кезінде жасалған хаттамаларда, адамдарға олардың құқықтары мен оларға жүктелген міндеттерді түсіндірулерде қамтылған іс жүзіндегі деректер пайдаланылуы мүмкін.

123-бап. Құжаттар

1. Құжаттар, егер олардағы ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар баяндаған немесе куәландырған мәліметтердің қылмыстық іс үшін маңызы болса, дәлелдемелер болып танылады.

2. Құжаттар жазбаша да, өзге нысанда да тіркеп жазылған мәліметтерді қамтуы мүмкін. Құжаттарға, сонымен бірге осы Кодекстің 125-бабында көзделген тәртіппен алынған, талап етіп алдырылған немесе ұсынылған тергеуге дейінгі тексеру материалдары (түсініктемелер және басқа да айғақтар, түгендеулердің, ревизиялардың актілері, анықтамалар, салықтық тексерулердің актілері, мемлекеттік кіріс органдарының қорытындылары), сондай-ақ компьютерлік ақпаратты қамтитын материалдар, фото- және кино түсірілімдер,

дыбыс - және бейнежазбалар жатады.

3. Құжаттар іске тіркеледі және онда оның сақталуының бүкіл мерзімі бойында сақталады. Алынған және іске қосылған құжаттар ағымдағы есеп, есеп беру үшін және өзге де заңды мақсаттарда талап етілген жағдайда, олар заңды иесіне қайтарылуы немесе егер ол іс үшін залалсыз болса уақытша пайдалануға ұсынылуы не олардың көшірмесі берілуі мүмкін.

4. Құжаттардың осы Кодекстің 121-бабында көрсетілген белгілері болған жағдайларда олар заттай дәлелдеме болып танылады.

Ескерту. 123-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.08 N 225-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-тарау. Дәлелдеу

124-бап. Дәлелдеу

1. Дәлелдеу істі заңды, негізделген және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, дәлелдемелерді пайдалануға қабылдаудан тұрады.

2. Айыпталушының қылмыстық жауаптылығы мен кінәсінің бар екендігінің негізін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады.

125-бап. Дәлелдемелер жинау

1. Дәлелдемелер жинау осы Кодексте көзделген іс жүргізу іс-әрекеттерін жүргізу жолымен сотқа дейінгі іс жүргізу және сот талқылауы процесінде жүргізіледі. Дәлелдемелер жинау оларды табуды, бекітуді және алуды қамтиды.

2. Процеске қатысушылардың өтініштері немесе өз бастамашылығы бойынша қылмыстық процесті жүргізуші орган іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша осы Кодексте белгіленген тәртіппен жауап алу немесе сарапшы ретінде қорытынды беру үшін кез келген адамды шақыруға; осы Кодексте көзделген іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге; коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпті сақтай отырып, ұйымдардан, олардың басшыларынан, лауазымды адамдардан, азаматтардан, сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен заттарды табыс етуді талап етуге; уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан тексерулер мен тексерістер жүргізуді талап етуге құқылы

3. Осы Кодексте белгіленген тәртіппен қылмыстық іске қатысуға жіберілген

қорғаушы, жәбірленушінің өкілі қорғауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді:

1) ұйымдардан анықтамаларды, мінездемелерді, өзге де құжаттарды талап ету

Анықтамаларды, мінездемелерді және өзге де құжаттарды мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден, сондай-ақ өзге де ұйымдардан қорғаушы, жәбірленушінің өкілі талап ете алады. Аталған заңды тұлғалар қорғаушыға, жәбірленушінің өкіліне олар сұратқан құжаттарды немесе олардың расталған көшірмелерін он тәулік ішінде беруге міндетті;

2) осы Кодекстің 242-бабының төртінші – алтыншы бөліктеріне сәйкес шарт негізінде сот сараптамасы ісін жүргізуге бастамашылық жасау;

3) шарт негізінде маман тарту;

4) олардың келісімі бойынша болжамды түрде қылмыстық іске қатысты ақпаратты білетін адамдардан жауап алу жолымен алуға құқылы.

Жауап алу барысында алынған мәліметтерді осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізілген қылмыстық процесті жүргізуші орган адамнан жауап алғаннан кейін дәлел ретінде пайдалануы мүмкін.

Бұрын жауап алынған адамнан жауап алу мүмкін болмаған кезде аталған мәліметтер тікелей мәлімет ретінде пайдаланылуы мүмкін, бұл ретте бұрын жауап алынған адамның қолының түпнұсқасы заңда белгіленген тәртіппен қуәландырылуға тиіс.

4. Күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жеке айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдар қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде қосу үшін ауызша да, жазбаша да нысандағы мәліметтерді, сондай-ақ заттар мен құжаттарды ұсынуға құқылы.

Заттар мен құжаттар осы Кодекстің 128-бабының ережелері бойынша оларды бағалағаннан кейін қылмыстық іске тігіледі, ол туралы осы Кодекстің 122-бабының екінші бөлігінің талаптарына сәйкес хаттама жасалады.

Қылмыстық процеске қатысушылар болып табылатын адамдардан заттар мен құжаттарды қабылдау өтініш негізінде осы Кодекстің 102-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Осы баптың үшінші бөлігі 1) тармағының талаптарын орындамау заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 125-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

126-бап. Дәлелдемелерді бекіту

1. Іс жүзіндегі деректер олар іс жүргізу іс-әрекеттерінің хаттамаларында көрсетілгеннен кейін ғана дәлелдеме ретінде пайдаланыла алады.

2. Анықтау және алдын ала тергеу барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы тиісінше анықтаушы мен тергеушіге, ал сотта - сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысына жүктеледі.

3. Тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ тараптарға сот талқылауында бұл іс-әрекеттердің барысы мен нәтижелері көрсетілген хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы іс-әрекеттерді жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну, анықтаушының, тергеушінің немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мән-жайларға аудару құқығы қамтамасыз етілуі тиіс. Хаттамаға тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі қойылады.

4. Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылық білдірулер, өтініштер және шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда жазылғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызылып тасталған немесе көшіріліп алынған сөздер немесе басқа түзетулер туралы хаттаманың соңына қол қою алдында ескерту жасалады.

5. Тергеу іс-әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әр бетіндегі мәтіннің соңғы жолының астына және оның соңына өзінің қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бөлігімен танысу кезінде әр беттің аяғына және осы бөліктің соңына қол қойылады.

6. Анықтаушы, тергеуші немесе сот ескертулермен немесе қарсылық білдірулермен келіспеген жағдайда ол туралы қаулы шығарады.

7. Заңдарда көзделген жағдайларда процеске қатысушылардың біреуі немесе басқа да адамдар тергеу іс-әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартқан кезде анықтаушы немесе тергеуші өзінің қолымен куәландыратын хаттамаға ол туралы белгі соғады.

8. Сот отырысының хаттамасында жазылған соттың іс-әрекеті туралы жазбаларға заңда көзделген жағдайларда қол қоюдан бас тартылса, ол хаттамада сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы өз қолдарымен куәландыратын белгі соғылады.

9. Хаттамаға қол қоюдан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсіндіру хаттамаға енгізілуі тиіс.

10. Егер іс жүргізу іс-әрекетіне қатысушы өзінің дене кемшілігінің салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе ол адам сенетін басқа азамат хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, ол туралы хаттамада белгі қойылады.

11. Дәлелдемелерді бекіту үшін хаттамалар жасаумен қатар дыбыс жазу,

бейнежазба, киноға түсіріп алу, фотоға түсіру, құймалар, таңбалар, жоспарлар, кестелер дайындау және ақпаратты бейнелеудің басқа да әдістері қолданылуы мүмкін. Тергеу іс-әрекетіне немесе соттың талқылауына қатысушының дәлелдемелерді бекітудің көрсетілген әдістерін қолданғандығы туралы тиісінше тергеу іс әрекеті хаттамасына немесе сот отырысының хаттамасына пайдаланылған ғылыми-техникалық құралдардың техникалық сипаттамасы келтіріле отырып белгі соғылады.

12. Фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, құймалар, таңбалар, жоспарлар, кестелер тергеу немесе сот іс-әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі. Әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот іс-әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында анықтаушы немесе тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта - сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады.

127-бап. Дәлелдемелерді зерттеу

Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті зерттеуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемелерді талдауды, оны басқа да дәлелдемелермен салыстыруды, қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелерді алу көздерін тексеруді қамтиды.

128-бап. Дәлелдемелерді бағалау

1. Әрбір дәлелдеме қатыстылығы, жол берілушілігі, дұрыстығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

2. Дәлелдемелерді судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы осы Кодекстің 25-бабына сәйкес заң мен ар-ожданым басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді жиынтығында жан-жақты, толық және объективті қарауға негізделген өздерінің ішкі наным бойынша бағалайды.

3. Егер ол іс үшін маңызы бар мән-жайдың бар екендігі туралы қорытындыны растайтын, жоққа шығаратын немесе күмәндандыратын іс жүзіндегі деректерді білдіретін болса, дәлелдеме іске қатысты деп танылады.

4. Егер дәлелдеме осы Кодексте белгіленген тәртіппен алынса, ол рұқсат етілген деп танылады.

5. Дәлелдеме, егер тексерудің нәтижесінде оның шындыққа сәйкес келетіндігі анықталса, дұрыс деп танылады.

6. Егер дәлелдеуге жататын мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты даусыз белгілейтін іске қатысты рұқсат етілген және дұрыс дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады.

129-бап. Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар

1. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінде ғылыми-техникалық құралдарды қылмыстық процесті жүргізуші орган, сондай-ақ сарапшы және маман өздері осы Кодексте көзделген іс жүргізу міндеттерін атқаруы кезінде п а й д а л а н а а л а д ы .

2. Қылмыстық процесті жүргізуші органның ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануы кезінде жәрдем көрсету үшін маман тартылуы мүмкін.

3. Ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға, егер олар:

1) заңда тікелей көзделсе немесе оның нормалары мен принциптеріне қайшы к е л м е с е ;

2) ғылыми жағынан маңызды болса;

3) қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса;

4) қауіпсіз болса, жол беруге болады деп танылады.

4. Қылмыстық процесті жүргізуші органның ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануы ғылыми-техникалық құралдардың деректері, оларды пайдаланудың шарттары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және оларды пайдаланудың нәтижелері көрсетіле отырып тиісті іс жүргізу іс-әрекеттерінің хаттамаларында және сот отырысының хаттамасында көрсетіледі.

Ескерту. 129-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

130-бап. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемеде жедел іздестіру қызметінің нәтижелерін пайдалану

1. Заң талаптарының сақталуы жағдайында алынған жедел іздестіру қызметінің нәтижелері дәлелдемелерді жинауды, зерттеуді және бағалауды реттейтін осы Кодекстің ережелеріне сәйкес осы Кодекстің 53-бабында және 21-тарауында, сондай-ақ "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы", "Жедел-іздестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптар сақтала отырып, қылмыстық істер бойынша дәлелдеуге п а й д а л а н ы л а а л а д ы .

2. Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органның қызметкері жедел-іздестіру шараларын жүргізу кезінде тікелей қабылдаған нақты деректер аталған қызметкерден куә ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға жасырын негізде көмек көрсетуші адам тікелей қабылдаған нақты деректер оның келісімімен аталған адамнан куә, жәбірленуші, сезікті (айыпталушы) ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Ұйымдасқан топқа, қылмыстық қоғамдастыққа (қылмыстық ұйымға),

трансұлттық ұйымдасқан топқа, трансұлттық қылмыстық қоғамдастыққа (трансұлттық қылмыстық ұйымға) немесе тұрақты қарулы топқа (бандаға) ендірілген адамдар тікелей қабылдаған нақты деректер осы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органның лауазымды адамынан куә ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

3. Жедел-ізвестіру іс-шаралары нәтижесінде анықталған істің мән-жайларын қылмыстық процесті жүргізуші адам тікелей қабылдауы қажет және мүмкін болған кезде істің бұл мән-жайлары осы Кодексте көзделген ережелер бойынша жүргізілетін тергеу не сот іс-әрекеттерінің хаттамаларында көрсетіледі.

4. Жедел-ізвестіру қызметі барысында алынған заттар мен құжаттарды заттай айғақтар және құжаттар ретінде пайдалану тиісінше осы Кодекстің 121 және 123-баптарында көзделген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Жедел-ізвестіру қызметі материалдарын заттай айғақтар мен құжаттар ретінде іске қосу олардың пайда болуы туралы анық деректер болған ретте ғана осы Кодекстің 53 және 100-баптарының талаптары сақтала отырып жүргізіледі.

5. Анықтау органының бастығы қылмыстық процесті жүргізуші органның талап етуі бойынша не өз бастамасы бойынша жедел-ізвестіру қызметі материалдарын табыс ету туралы шешім қабылдай отырып, осы Кодекстің 202-бабының ережелеріне сәйкес тиісті қаулы шығарады. Қаулыда: талап етуі бойынша жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелері табыс етіліп отырған, қылмыстық процесті жүргізуші орган; қандай жедел-ізвестіру шарасының қандай нәтижелері және қандай көлемде табыс етілетіні; аталған нәтижелерді алу үшін пайдаланылған техникалық құралдар; қылмыстық іс материалдарына қосу үшін жіберілетін заттар мен құжаттар; қылмыстық процеске қатысушы адамдардың қауіпсіздігін, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ұсынылатын шаралар көрсетіледі. Анықтау органының бастығы қылмыстық процесті жүргізуші органға жедел-ізвестіру материалдарын өз бастамасымен табыс еткен жағдайда, қаулыда жедел-ізвестіру қызметі нәтижелерін қылмыстық іс бойынша дәлелдеуде пайдалану қажеттігіне негіздеме де келтіріледі. Жедел-ізвестіру қызметінің материалдары олардағы нақты деректерді олардың тергеліп (қаралып) жатқан қылмысты іске қатыстылығы, пайдалануға болатындығы және дұрыстығы тұрғысынан бағалауға мүмкіндік беретін көлем мен нысанда табыс етілуге тиіс.

6. Жедел-ізвестіру қызметінің осы бапта баяндалған талаптарға сай келмейтін нәтижелері осы материалдарды ұсынған органға қайтарылады, бұл туралы дәлелді қаулы жасалады. Қаулыда жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелерін қылмыстық іске қоса тіркеуден бас тартудың себептері көрсетілуге тиіс.

Ескерту. 130-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2011.11.29 N 502-

IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

131-бап. Преюдиция

1. Қылмыстық іс бойынша соттың заңды күшіне енген үкімі, сондай-ақ заңды күшіне енген басқа да шешімдері анықталған мән-жайларға да, олардың құқықтық бағалануына да қатысты барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар және азаматтар үшін міндетті. Бұл ереже жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша соттың үкімі мен басқа да шешімдерін кассациялық және қадағалау тәртібімен тексеруге, олардың күшін жоюға және оларды өзгертуге кедергі жасамайды.

2. Соттың азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімі оқиғаның немесе әрекеттің орын алған-алмағандығы туралы мәселе жөнінде ғана қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізуші орган үшін міндетті және сотталушының кінәлі немесе кінәлі еместігі туралы қорытындыларды күні бұрын шешуге тиіс емес.

3. Соттың талап-арызды қанағаттандыруға құқықты танитын заңды күшіне енген үкімі сот үшін осы бөлігінде оның азаматтық іс қарауы кезінде міндетті.

4. Қылмыстық ізге түсу органы қаулысының сот үшін міндетті күші болмайды.

Ескерту. 131-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бөлім. Іс жүргізулік мәжбүрлеу шаралары

17-тарау. Сезіктіні ұстау

132-бап. Ұстауға негіз

1. Қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамды ұстау - оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын іс жүргізулік мәжбүрлеу шарасы.

2. Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы орган мына негіздердің бірі болған жағдайда: P 0 9 0 0 7 S

1) ол адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталғанда;

2) көрген адамдар, оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаушы ретінде ол адамды тура көрсетсе не ол адам осы Кодекстің 133-бабында көзделген тәртіппен ұсталса;

3) ол адамда немесе оның киімінде, өзінде немесе оның тұратын үйінде

қылмыстың анық ізі табылған кезде;

4) жедел іздестіру қызметінің заңға сәйкес алынған материалдарында ол адамға қатысты ол жасаған немесе дайындап жатқан ауыр немесе аса ауыр қылмыс туралы анық деректер болған кезде бас бостандығынан айыру түрінде жаза қолданылуы мүмкін болатын қылмыс жасағандығына күдік келтірілген адамды ұстауға құқылы.

3. Адамның қылмыс жасағандығына сезіктенуге негіз беретін өзге де деректер болған кезде ол адам жасырынуға әрекет жасаған не оның тұрақты тұратын жері болмаған, немесе сезіктінің жеке басы анықталмаған жағдайларда ғана ұсталады.

133-бап. Азаматтардың қылмыс жасаған адамдарды ұстауға құқығы

1. Жәбірленушінің, сондай-ақ кез келген өзге де азаматтың жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігінің жолын кесу мақсатымен қылмыс жасаған адамды ұстауға құқығы бар.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларды ұсталған адамға ол қарсылық көрсеткен кезде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 33-бабында көзделген шекте дене күші мен басқа да құралдар қолданыла алады. Егер ұсталған адамда қару немесе өзге де қауіпті заттар немесе қылмыстық іс үшін мәні бар заттар бар деп ұйғаруға негіз болса, оны ұстаған азамат ұсталушының киімін тексеруге және құқық қорғау органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет органдарына беру үшін ондағы заттарды алуға құқылы.

134-бап. Қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамды ұстау тәртібі

1. Нақты ұстау сәтінен бастап үш сағаттан аспайтын мерзімде тергеуші немесе анықтаушы ұстаудың негізі мен дәлелдері, жері мен уақыты (сағаты мен минутын көрсете отырып), жеке тінтудің нәтижелері, сондай-ақ хаттама жасалған уақыт көрсетілетін хаттама жасайды. Хаттама ұсталған адамға жарияланады және бұл ретте оған осы Кодекстің 68-бабында көзделген сезік келтірілген адамның құқықтары, соның ішінде оның қорғаушы шақыру және соның қатысуымен жауап беру құқығы түсіндіріліп, бұлар хаттамада көрсетіледі. Ұстау хаттамасына оны жасаған адам мен ұсталған адам қол қояды. Жүргізілген ұстау туралы анықтаушы мен тергеуші ұстау хаттамасы жасалған сәттен бастап он екі сағаттың ішінде прокурорға жазбаша хабарлауға міндетті. P09007S

2. Ұсталған адамнан осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жауап алынуға тиіс. Жауап алыну басталғанға дейін ұсталған адамға қорғаушымен оңаша және құпия жолығу қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 134-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

135-бап. Ұсталған адамды жеке тінту

Ұстауды жүзеге асырған адам ұсталған адамды қару бар деп ұйғаруға негіз болған не ол өзінің қылмыс жасағандығын айғақтайтын дәлелдемелерден құтылуға тырысқан жағдайларда немесе өзге де қажетті жағдайларда осы Кодекстің 233-бабында көзделген ережелерді сақтай отырып, ұсталған адамға дереу жеке тінту жүргізуге құқылы.

136-бап. Қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталған адамды босатудың негіздері

1. Қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталған адам, егер:

1) қылмыс жасады деген сезік расталмаса;
2) ұсталған адамға қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға негіз болмаса;

3) ұстау осы Кодекстің 134-бабының талаптарын бұзу арқылы жүргізілсе, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың қаулысы бойынша босатылуға жатады.

2. Ұсталу кезінен бастап жетпіс екі сағаттың ішінде сезіктіге қатысты осы Кодексте белгіленген тәртіппен қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалуға тиіс немесе ол босатуға жатады.

3. Егер ұстаған кезден бастап жетпіс екі сағаттың ішінде ұсталушыны ұстау орнының бастығына айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы сот қаулысы келіп түспесе, ұстау орнының бастығы ұсталушыны өзінің қаулысымен бірден босатады және ол туралы іс жүргізіп жатқан адамға және прокурорға хабарлайды.

4. Ұсталған адамды ұстау орны әкімшілігінің бастығы осы баптың үшінші бөлігінің талаптарын орындамаған жағдайда заңмен белгіленгендей жауапты болады.

5. Ұсталған адамды босату кезінде соңғысына оны кім ұстағандығы, ұстаудың негізі, орны және уақыты, босатудың негізі мен уақыты көрсетілетін анықтама беріледі.

Ескерту. 136-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

137-бап. Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталғандарды қамауда ұстау тәртібі

Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталғандар уақытша ұстау изоляторларында ұсталады. Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған әскери қызметшілер және жазасын бас бостандығынан айыру түрінде өтеп жүрген адамдар да тиісінше гауптвахталарда және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындайтын қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталуы мүмкін. Осы Кодекстің 65-бабының үшінші бөлігінде көзделген

жағдайларда қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталғандар анықтау органының бастығы айқындайтын арнайы ыңғайластырылған үй-жайларда ұсталады. Төтенше жағдай режимі кезінде қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталғандар жергілікті жердің коменданты айқындайтын, осы мақсаттар үшін ыңғайластырылған үй-жайларда ұсталуы мүмкін. Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған адамдарды қамауда ұстау тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 137-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

138-бап. Сезіктің туыстарына оның ұсталғандығы туралы хабарлау

1. Анықтаушы, тергеуші он екі сағаттың ішінде оның отбасының кәмелетке толған мүшелерінің біреуіне, ал олар болмаған жағдайларда - басқа туыстарына немесе жақын адамдарына сезіктінің ұсталғандығы және оның қай жерде екендігі туралы хабарлауға немесе мұндай хабарлау мүмкіндігін сезіктінің немесе айыпталушының өзіне беруге міндетті.

2. Егер ұсталған адам басқа мемлекеттің азаматы болып табылса, онда аталған мерзімде ол мемлекеттің елшілігі, консулдығы немесе өзгеде өкілдігі х а б а р д а р е т і л у г е т и і с .

3. Алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен .

Ескерту. 138-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-тарау. Бұлтартпау шаралары

139-бап. Бұлтартпау шараларын қолдану үшін негіздер

Айыпталушы анықтаудан, алдын ала тергеуден немесе соттан жасырынады, не істі сотта объективті зерттеуге және талдауға бөгет жасайды, немесе қылмыстық әрекетпен шұғылдануды жалғастырады деп ойлауға жеткілікті негіздер болған кезде, сондай-ақ үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін қылмыстық процесті жүргізуші орган өз өкілеттігі шегінде ол адамға осы Кодекстің 140-бабында көзделген бұлтартпау шараларының бірін қолданады.

140-бап. Бұлтартпау шаралары және қосымша шектеулер

Бұлтартпау шаралары мыналар болып табылады:

1) ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қол қойдыру;

- 2) жеке кепілдік беру;
- 3) әскери қызметшіні әскери бөлім командованиесінің бақылауына беру;
- 4) кәмелетке толмағанды қарауға беру;
- 5) кепіл болу;
- 6) үйде қамауда ұстау;
- 7) қамау.

2. Әскери қызметшіні әскери бөлім командованиесінің бақылауына беруді және қамауды қоспағанда, қажет кезде бұлтартпау шарасы қолданылған адамға қатысты электрондық ізге түсу құралдары қолданылуы мүмкін.

Бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулыда электрондық ізге түсу құралдарын қолдану және айыпталушыға олардың мақсатын түсіндіру туралы белгі жасалады.

Электрондық ізге түсу құралдарын қолдануға оларды айналадағылардың байқауынан жасыру шаралары қолданылған жағдайда жол беріледі, ол айыпталушының баратын жері және оның орнын ауыстыратын жолдар, сондай-ақ жасы, денсаулығы, отбасылық жағдайы мен өмір салты ескеріліп жүзеге асырылуға тиіс.

Ескерту. 140-бап жана редакцияда - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

141-бап. Бұлтартпау шараларын таңдау және қосымша шектеулер белгілеу кезінде ескерілетін мән-жайлар

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Бұлтартпау шарасы және оның қайсысын қолданудың қажеттігі туралы, сондай-ақ осы Кодекстің 140-бабының екінші бөлігінде көрсетілген қосымша шектеулерді белгілеу туралы мәселені шешу кезінде осы Кодекстің 139-бабында аталған мән-жайлармен қатар, тағылған айыптаудың ауырлығы, айыпталушының жеке басы, оның жас мөлшері, денсаулық жағдайы, отбасы жағдайы, немен шұғылданатындығы, мүліктік жай-күйі, тұрақты тұратын жерінің бар-жоғы және басқа мән-жайлар ескерілуге тиіс.

Ескерту. 141-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

142-бап. Сезіктіге қатысты бұлтартпау шараларын қолдану

1. Айрықша жағдайларда осы Кодекстің 139-бабында көзделген негіздер болған кезде және 141-бабында көрсетілген мән-жайлар ескеріле отырып,

бұлтартпау шаралары күдіктіге қатысты қолданылуы мүмкін. Бұл ретте айыптау күдіктіге бұлтартпау шарасы қолданылған кезден бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 163, 168, 169, 171, 233 – 237 және 241-баптарында көзделген қылмыстардың ең болмағанда біреуі жасалған жағдайларда – отыз тәуліктен кешіктірілмей, ал егер күдікті адам ұсталып, содан кейін қамауға алынса, - ұсталған кезден бастап дәл сондай мерзімде тағылуға тиіс. Егер бұл мерзімде айып тағылмаса, бұлтартпау шарасының дереу күші жойылады.

2. Күдіктіге айып тағу кезінде сот оған бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуды қолдану туралы мәселені осы Кодекстің 150-бабында көзделген тәртіппен қайтадан қарайды. Егер осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім аяқталғанға дейінгі жиырма төрт сағат ішінде күзетпен ұстау орнының бастығына соттың айыпталушыны қамауға алуға санкция беру туралы қаулысы келіп түспесе, күзетпен ұстау орнының бастығы ол туралы қылмыстық іс жүргізуінде жатқан органды немесе тұлғаны, сондай-ақ прокурорды хабардар етуге міндетті. Егер осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін бұлтартпау шарасын тоқтату немесе айыпталушыны қамауға алуға соттың санкция бергені туралы тиісті шешімдер келіп түспесе, күзетпен ұстау орнының бастығы оны өзінің қаулысымен босатып, қаулының көшірмесін жиырма төрт сағат ішінде қылмыстық іс жүргізуінде жатқан органға немесе тұлғаға және прокурорға жолдайды.

3. Қамауға ұстау орны әкімшілігінің басшысы осы баптың екінші бөлігінің талаптарын орындамаған жағдайда заңмен белгіленгендей жауапты болады.

Ескерту. 142-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

143-бап. Бұлтартпау шараларын қолдану тәртібі

1. Айыпталушыға (сезіктіге) бір мезгілде екі және одан да көп бұлтартпау шараларын қолдануға болмайды.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган бұлтартпау шараларын қолдану туралы адамға ол сезікті болған немесе айыпталатын қылмыс пен осы бұлтартпау шарасын қолдану үшін негіздің көрсетілуін қамтитын қаулы шығарады. Қаулының көшірмесі соған қатысты шығарылған адамға тапсырылады және онымен бір мезгілде оған осы Кодексте көзделген бұлтартпау шарасын қолдану туралы шешімге шағымданудың тәртібі түсіндіріледі.

3. Сезікті, айыпталушы оны болдырмау үшін осы Кодекстің 144, 145, 146, 147, 148, 149-баптарында көзделген шаралар қолданылған әрекеттерді жасаған жағдайда оған неғұрлым қатаң бұлтартпау шарасы қолданылады, ол туралы

айыпталушыға, сезіктіге тиісті қаулының көшірмесін тапсыру кезінде жариялануы тиіс.

144-бап. Ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат

1. Ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат қылмыстық процесті жүргізуші органның күдіктіден, айыпталушыдан анықтаушының, тергеушінің немесе соттың рұқсатынсыз тұрақты немесе уақытша тұратын жерінен (елді мекеннен) кетпеуі, сотта істі тергеуге және қарауға кедергі келтірмеуі, қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша белгіленген мерзімде келуі жөнінде жазбаша міндеттеме алуынан тұрады.

2. Күш қолданумен немесе оны қолдану қаупін төндірумен байланысты қылмыс жасалған кезде қылмыстық процесті жүргізуші орган жәбірленушінің жазбаша өтініші бойынша күдіктіге, айыпталушыға жәбірленушіні іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға тыйым салу туралы жазбаша түрде е с к е р т е д і .

Ескерту. 144-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.04 N 215-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

145-бап. Жеке кепілдік

1. Жеке кепілдік сенімге ие болған адамдардың олар сезіктінің немесе айыпталушының өзін дұрыс ұстауына және олардың қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келетіндігіне кепілдік беретіндігі туралы жазбаша міндеттемесінен тұрады. Кепілдік берушілердің саны екеуден кем б о л м а й д ы .

2. Бұлтартпау шаралары ретіндегі жеке кепілдікті таңдауға тек кепілдік берушілердің жазбаша өтініші мен оған қатысты кепілдік берілетін адамның келісімі бойынша ғана жол беріледі.

3. Кепілдік беруші оған қатысты өзі кепілдік беретін адамның айыбының мәні , кепілдік берушінің оған сезікті, айыпталушы бұлтартпау үшін осы шара қолданылған әрекетті жасаған жағдайда ақшадай айып салынатындығынан тұратын жауаптылығы түсіндірілгендігін растайтын жеке кепілдігі туралы қолхат б е р е д і .

4. Кепілдік беруші қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде кепілдік беруден бас тартуға құқылы.

5. Сезікті, айыпталушы оны болдырмау үшін жеке кепілдік қолданылған

әрекеттерді жасаған жағдайда, әрбір кепілдік берушіге сот осы Кодекстің 160-бабында көзделген тәртіппен жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде ақшалай айып салуы мүмкін.

146-бап. Әскери бөлімдер командованиесінің әскери қызметшілерді байқауы

1. Әскери бөлімдер командованиесінің әскери қызметшілер немесе оқу жиынына шақырылған әскери міндеттілер болып табылатын сезіктілерді, айыпталушыларды байқауы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен Ішкі әскерлерінің жарғыларында көзделген және ол адамдардың тиісті мінез-құлқы мен олардың қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуін қамтамасыз етуге тиісті шаралардың қолданылуынан тұрады.

2. Әскери бөлімнің командованиесіне ол бойынша аталған бұлтартпау шарасы таңдалған істің мәні туралы хабарланады. Әскери бөлімнің командованиесі: байқау орнатылғаны туралы осы бұлтартпау шарасын таңдаған органға жазбаша хабарлайды.

3. Сезікті, айыпталушы оны болдырмау үшін аталған бұлтартпау шарасы таңдалған әрекетті жасаған жағдайда әскери бөлімнің командованиесі ол туралы осы бұлтартпау шарасын таңдаған органға жедел хабарлауға міндетті.

4. Өздеріне жүктелген байқау жөніндегі міндетті орындамағанына кінәлі адамдар заңдарда көзделген тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

147-бап. Кәмелетке толмағанды қарауына беру

1. Кәмелетке толмағанды ата-анасының, қамқоршыларының, қорғаншыларының немесе басқа да сенімге ие адамдардың, сондай-ақ ол тұрып жатқан арнаулы мекеме әкімшілігінің қарауына беру аталған адамдардың біреуінің кәмелетке толмағанның тиісті мінез-құлқы мен оның қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуін қамтамасыз етуді, соның ішінде оның үйден тыс жерде болуын шектеуді, қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатынсыз басқа жерге кетуіне жол бермеуді мойнына алып, жазбаша міндеттеме қабылдауынан тұрады.

2. Кәмелетке толмағанды ата-анасының және басқа да адамдардың қарауына беру тек олардың жазбаша өтініші бойынша ғана мүмкін болады.

3. Қарауына қабылдау туралы қолхат алынып қойылған кезде ата-аналарға, қамқоршыларға, қорғаншыларға, арнаулы мекемелер әкімшілігі өкілдеріне кәмелетке толмаған сезік келтірілген немесе ол айыпталған қылмыстың сипаты туралы және қарауына алу жөніндегі өздеріне қабылданған міндеттерін бұзған жағдайдағы олардың жауаптылығы туралы хабардар етіледі.

4. Қарауына кәмелетке толмаған берілген адамдарға олар қабылдаған міндеттемелерін орындамаған жағдайда осы Кодекстің 145-бабының бесінші бөлігінде және 160-бабында көзделген жазалау шаралары қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 147-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

148-бап. Кепіл

1. Кепіл сезіктінің, айыпталушының өзі не басқа жеке немесе заңды тұлға соттың депозитіне сезікті, айыпталушы анықтау, тергеу органдарына немесе сотқа олардың шақыруы бойынша келуі жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз етуге енгізетін ақшадан тұрады. Кепіл ретінде прокурордың немесе соттың рұқсатымен басқа да бағалы заттар мен жылжымайтын мүлік қабылдануы мүмкін. Кепілдің бағалылығын дәлелдеу кепіл берушіге жүктеледі. Кепілдің сомасын айыптаудың ауырлығын, сезіктінің, айыпталушының жеке басын, кепіл берушінің мүліктік жағдайын ескере отырып, осы бұлтартпау шарасын таңдаған адам белгілейді. Аса ауыр қылмыс жасады деп айыпталған адамдарға қатысты к е п і л қ а б ы л д а н б а й д ы .

2. Кепіл прокурордың санкциясымен не соттың шешімі бойынша ғана қ а б ы л д а н а д ы .

3. Кепілдің мөлшері: шағын ауырлықтағы қылмыс жасағандығына айыпталуы кезінде - айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен; орта ауырлықтағы байқаусызда жасалған қылмысқа айыпталуы кезінде - айлық есептік көрсеткіштің үш жүз еселенген мөлшерінен; орташа ауырлықтағы, қасақана қылмыс жасағандығына айыпталуы кезінде - айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен; ауыр қылмыс жасағандығына айыпталуы кезінде - айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен кем б о л м а й д ы .

4. Кепіл берушіге, егер оның өзі сезікті немесе айыпталушы болмаса, оған қатысты осы бұлтартпау шарасы қолданылатын адамның айыбының мәні түсіндіріледі. Кепілдің қабылданғандығы туралы сезіктіге, айыпталушыға осы баптың бірінші бөлігінде көзделген міндеттері түсіндірілгендігі, ал кепіл берушіге сезікті, айыпталушы шақыру бойынша келуден жалтарған жағдайда кепіл мемлекеттің кірісіне айналатындығы туралы ескертілгендігі атап өтілген хаттама жасалады. Хаттамаға осы бұлтартпау шарасын таңдап алған лауазымды адам, сезікті, айыпталушы, сондай-ақ ол басқа адам болса кепіл беруші қол қояды. Соттың депозитіне кепіл енгізілгендігі туралы хаттама мен құжат істің материалдарына қосылады, ал кепіл берушіге хаттаманың көшірмесі т а п с ы р ы л а д ы .

5. Сезікті, айыпталушы қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келмеген жағдайда бұлтартпау шарасы неғұрлым қатаңырақ етіп ө з г е р т і л е д і .

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көрсетілген жағдайда прокурор сотқа кепілді мемлекеттің кірісіне айналдыру туралы ұсыныс жолдайды. Сот кепіл беруші жоғары тұрған сотқа шағымдануы мүмкін болатын тиісті шешім қабылдайды.

7. Қалған жағдайларда сот істі тоқтату туралы үкім немесе қаулы шығарған кезде кепілді кепіл берушіге қайтару туралы мәселені шешеді.

8. Қылмыстық іс алдын ала тергеуде тоқтатылған кезде кепіл анықтау немесе алдын ала тергеу органының қаулысы бойынша кепіл берушіге қайтарылады.

149-бап. Үйде қамап ұстау

1. Үйде қамап ұстау сезіктіге, айыпталушыға қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын таңдауға мүмкіндік беретін шарттар болған, бірақ адамды толықтай оқшаулау қажет бола қоймайтын немесе жасы, денсаулық жағдайы, отбасылық жағдайы және басқа да мән-жайлар ескеріле отырып, дұрыс емес деп ұйғарылған кезде осы Кодекстің 150-бабында көзделген тәртіппен соттың с а н к ц и я с ы м е н қ о л д а н ы л а д ы .

2. Бұлтартпаудың аталған шарасын таңдау туралы қаулыда қамауға алынған адамға қолданылатын бостандығын нақты шектеу және белгіленген шектеулердің сақталуына қадағалауды жүзеге асыру жүктелген орган немесе лауазымды адам көрсетіледі. Қамап ұсталатын адамға белгілі бір адамдармен қарым-қатынас жасауға, хат-хабар алуға және жөнелтуге, кез келген байланыс құралдарын пайдалану арқылы сөйлесуге тыйым салынуы, сондай-ақ тұрғын үйден шығуға шектеу белгіленуі мүмкін. Қамап ұсталатын адамның тұрғылықты жері күзетілуі мүмкін. Қажет болған кезде оның мінез-құлқын қадағалау б е л г і л е н е д і .

Қамауға алынған адамның тұрғын үйден шығуына белгіленген шектеулерді сақтауын қадағалауды жүзеге асыру кезінде қылмыстық процесті жүргізуші орган тәуліктің кез келген уақытында оның тұрғылықты жерінде болуын т е к с е р у г е қ ұ қ ы л ы .

Тексеру күндізгі уақытта екі реттен артық және түнгі уақытта бір реттен артық жүргізілмейді. Лауазымды адамның қамауда отырған адамның тұрғын үйінде болуына осы адамның және онымен бірге тұратын адамдардың келісімімен жол беріледі және ол отыз минуттан аспауға тиіс.

3. Үйде қамауда ұстаудың мерзімі, оны ұзартудың және оған шағымданудың тәртібі осы Кодекстің 110, 153 және 496-499-баптарында белгіленген е р е ж е л е р м е н а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 149-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

150-бап. Қамауға алу

1. Қамауға алу бұлтартпау шарасы ретінде соттың санкция беруімен ғана және заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс жасаған деп айыпталушыға, сезіктіге қатысты ғана қолданылады. Ерекше жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс жасаған деп айыпталушыға, сезіктіге қатысты, егер:

- 1) оның Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жері б о л м а с а ;
- 2) оның жеке басы анықталмаса;
- 3) ол бұрын таңдалған бұлтартпау шарасын бұзса;
- 4) ол қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынуға тырысса н е м е с е ж а с ы р ы н с а ;
- 5) ол ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасады деп айыпталса не оған күдік келтірілсе;
- 6) оның бұрын жасаған ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін соттылығы б о л с а , қ о л д а н ы л у ы м ү м к і н .

2. Прокурор, тергеуші, анықтау органы қамауға алуды бұлтартпау шарасы ретінде таңдау қажет болған кезде сот алдында қамауға алуға санкция беру туралы өтінішпен іс қозғау туралы қаулы шығарады. Қаулымен бірге өтініштің негізділігін растайтын қылмыстық істің материалдары қоса беріледі.

Егер өтініш осы Кодекстің 132 және 134-баптарындағы негіздерде және тәртіппен ұсталған сезіктіге қатысты қозғалса, аталған қаулы мен материалдар ұстау мерзімі аяқталғанға дейін он сегіз сағаттан кешіктірілмей прокурорға т а б ы с е т і л у г е т и і с .

3. Айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы қылмыстық қудалау органының өтінішін қолдау туралы мәселені шешу кезінде прокурор күзетпен ұстауға негіздерді қамтитын барлық материалдармен танысуға міндетті және айыпталушыдан, сезіктіден жауап алуға құқылы. Прокурор табыс етілген барлық материалдарды зерделеп, заңда көзделген негіздер болған кезде және неғұрлым жеңіл бұлтартпау шарасын таңдау жолымен осы Кодекстің 139-бабында көзделген зардаптарды жою мүмкіндігі болмаған жағдайда, қылмыстық қудалау органының айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы өтінішін қолдау туралы қаулы шығарады. Өтінішті қолдаудан бас тартылған жағдайда, прокурор қылмыстық қудалау органының айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы өтінішін қолдаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Прокурор өтінішті қолдаудан бас тартқан кезде айыпталушы, сезікті күзетпен ұстаудан дереу босатылуға тиіс.

Айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы өтінішті қолдаудан бас тарту және күзетпен ұстаудан босату туралы прокурордың

қаулысына қамау түрінде бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтініш жасаған қылмыстық қудалау органы не өздерінің немесе берілетін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын процеске қатысушылар жоғары тұрған прокурорға осы Кодекстің 109-бабының тәртібімен шағым жасай алады.

4. Қылмыстық қудалау органының қамауға алуға санкция беру туралы өтінішін қолдау туралы прокурордың қаулысын, сондай-ақ оның негізділігін растайтын материалдарды прокурор ұстау мерзімі аяқталғанға дейін он екі сағаттан кешіктірмей сотқа табыс етуге тиіс.

Судья қажет болған жағдайда қылмыстық істі сұратуға құқылы.

5. Қамауға алуға санкция беру құқығы аудандық және оған теңестірілген соттың судьяларына, ал осы Кодекстің 110-бабы төртінші бөлігінің 3) тармағында көзделген жағдайларда - облыстық және оған теңестірілген соттың судьяларына тиесілі.

6. Қылмыстық қудалау органының айыпталушыны, сезіктіні қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішпен іс қозғау туралы прокурор қолдаған қаулысы алдын ала тергеу ісі жүргізілген жер бойынша не сезіктінің ұсталған жері бойынша сот отырысында айыпталушының, сезіктінің, прокурордың және қорғаушының қатысуымен материалдар сотқа түскен кезден бастап сегіз сағат ішінде аудандық немесе оған теңестірілген сот судьясының жеке-дара қарауына жатады. Сот отырысына айыпталушының, сезіктінің заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі және өкілі де қатысуға құқылы. Процеске қатысушыларға сот отырысының орны мен уақыты туралы сот уақтылы хабарлаған жағдайда олардың сотқа келмей қалуы сот отырысын өткізуге кедергі болмайды.

Сот отырысы барысында хаттама жүргізіледі.

7. Қамауға алуға санкция беруге байланысты мәселелерді шешу кезінде сот аталған бұлтартпау шарасын таңдау кезінде ескерілетін мән-жайларға қатысты істің материалдарын зерделеумен шектеледі.

8. Айыпталушы болмаған кезде қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішті соттың қарауына оған іздестіру жарияланған немесе ол Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған және сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған кезде алдын ала тергеу органдарына келуден жалтарған жағдайларда ғана жол беріледі.

9. Судья отырыстың басында қандай өтініштің қаралуға жататынын хабарлайды, сот отырысына келген адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Содан кейін прокурор айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуды бұлтартпау шарасы ретінде таңдаудың қажеттілігін негіздейді, бұдан соң сот отырысына келген басқа да адамдар тыңдалады.

10. Судья айыпталушыны, күдіктіні қамауға алу түріндегі бұлтартпау

шарасына санкция беру туралы өтінішті қарап, айыпталушыны, күдіктіні қамауға алуға санкция беру туралы не қамауға алуға санкция беруден бас тарту туралы қаулы шығарады. Судья күдіктіні немесе айыпталушыны қамауға алуға санкция беруден бас тартқан кезде сот отырысының барысында прокурордың өтініші бойынша күдіктіге, айыпталушыға қатысты үйде қамауда ұстау түрінде бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы.

Күдіктіге, айыпталушыға қатысты үйде қамауда ұстау түрінде бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішті прокурор қажет болған жағдайда, судья күдіктіні, айыпталушыны қамауға алуға санкция беруден бас тарту туралы қаулыны жария еткеннен кейін, өзі оған осы Кодекстің 150-бабында көзделген тәртіппен наразылық беруді орынсыз деп санаған жағдайда тікелей мәлімдей алады. Судья үйде қамауда ұстауға санкция беруден бас тарту туралы қаулы шығарған жағдайда прокурор оған осы Кодекстің 110-бабында белгіленген қағидалар бойынша наразылық беруге құқылы.

11. Соттың қаулысы қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішпен іс қозғаған қылмыстық қудалау органына, сондай-ақ прокурорға, айыпталушыға, сезіктіге, жәбірленушіге кідіріссіз жіберіледі және дереу орындалуға тиіс.

12. Қылмыстық қудалау органының нақ сол қылмыстық іс бойынша нақ сол бір адамға қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішпен сотқа қайтадан жүгінуіне, судья аталған бұлтартпау шарасына санкция беруден бас тарту туралы қаулы шығарғаннан кейін, қамауға алу қажеттігін негіздейтін жаңа мән-жайлар туындаған кезде ғана мүмкін болады.

13. Егер сотталушы адамға қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы мәселе сотта туындаса, сот бұл туралы шешімді тараптың өтініші бойынша немесе өз бастамасы бойынша қабылдайды, ол туралы қаулы шығарады.

14. Қылмыстық процесті жүргізуші орган айыпталушының, сезіктінің туыстарына қамауға алуды бұлтартпау шарасы ретінде қолданатыны жөнінде осы Кодекстің 138-бабында белгіленген тәртіппен хабарлауға міндетті.

15. Айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы немесе одан бас тарту туралы соттың қаулысына осы Кодекстің 110-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

16. Аудандық немесе оған теңестірілген соттың қамауға алуға санкция беруден бас тарту туралы қаулысының күші жойылған жағдайларда айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы мәселені облыстық немесе оған теңестірілген соттың қарауы осы Кодекстің 110-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 150-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа

енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

151-бап. Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды ұстау

Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторларында ұсталады. Оларды ұстаудың тәртібі мен ережелері заңдармен белгіленеді.

152-бап. Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілерді, айыпталушылар мен сотталушыларды, ұсталғандарды ұстау орындарында ұстау

Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны тергеу изоляторларына әкелу жердің шалғайлығына немесе тиісті қатынас жолдарының болмауына байланысты мүмкін болмаған жағдайда мұндай адамдар прокурордың, судьяның қаулысы бойынша, сондай-ақ прокурор, оның орынбасары бекіткен анықтаушының немесе тергеушінің қаулысы бойынша отыз тәулікке дейін уақытша ұстау изоляторларында ұсталады. Осындай тәртіппен ол адамда тергеу іс-әрекеттерін жүргізу немесе істі соттың қарауы үшін аталған мерзімге тергеу изоляторларынан уақытша ұстау изоляторларына ауыстырылуы мүмкін. Мұндай адамдарды қамауда ұстаудың тәртібі мен шарттары заңдармен айқындалады.

Бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны тергеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін бір тергеу изоляторынан басқа тергеу изоляторына ауыстыру (этаптау) прокурордың, судьяның қаулысы бойынша немесе анықтаушының, тергеушінің прокурор бекіткен қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 152-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2007.03.26 N 240, 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

153-бап. Қамауға алудың мерзімдері, оларды ұзарту тәртібі

1. Іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде қамауға алудың мерзімі, осы Кодексте көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, екі айдан аспауға тиіс.

Күдіктіні қамауға алу мерзімі оған бұлтартпау шарасын қолданған кезден бастап, ал егер күдікті ұсталып, содан соң күзетпен қамауға алынған болса, ұсталған кезінен бастап он тәуліктен аспауға тиіс.

2. Тергеуді екі айға дейінгі мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою үшін негіздер болмаған кезде бұл мерзімді қылмыстық қудалау органының аудандық (қалалық) прокурормен және оған теңестірілген өзге де прокурорлармен келісілген дәлелді өтініші бойынша аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы - үш айға дейін, ал тергеушінің облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен және олардың орынбасарларымен келісілген дәлелді өтініші бойынша аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы - алты айға дейін ұ з а р т у ы м ү м к і н .

3. Қамауға алуды алты айдан астам мерзімге ұзартуды тек істің ерекше күрделілігіне орай тергеу бөлімі бастығының не қылмыстық істі өз қарауына қабылдаған прокурордың не тергеу тобы басшысының облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен келісілген дәлелді өтініші бойынша аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы - тоғыз айға дейін жүзеге а с ы р у ы м ү м к і н .

4. Қамауға алуды тоғыз айдан астам мерзімге ұзартуға ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін айыпталушы адамдарға қатысты ерекше жағдайларда тергеу бөлімі бастығының не қылмыстық істі өз қарауына қабылдаған прокурордың не тергеу тобы басшысының облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен келісілген дәлелді өтініші бойынша аудандық және оған теңестірілген сот судьясының он екі айға дейін ұзартуына жол беріледі . Қамауға алуды тоғыз айдан астам мерзімге ұзарту туралы мәселе облыс прокуратурасының және оған теңестірілген прокуратураның алқасында алдын а л а қ а р а л а д ы .

5. Қамауға алу мерзімін бұдан әрі ұзартуға жол берілмейді, қамауға алынған айыпталушы дереу босатылуға тиіс.

6. Қамауға алу мерзімін үш айға дейін ұзарту туралы өтініш аудандық (қалалық) прокурорға және оған теңестірілген өзге де прокурорларға қамауға алу мерзімі аяқталғанға дейін он тәуліктен кешіктірілмей келісім беру үшін табыс етіледі және прокурор өтініш келіп түскен кезден бастап үш тәуліктен аспайтын м е р з і м д е қ а р а й д ы .

7. Қамауға алуды үш айдан астам мерзімге ұзарту туралы өтініш келісім беру үшін прокурорға қамауға алу мерзімі аяқталғанға дейін он бес тәуліктен кешіктірілмей табыс етіледі және прокурор ол келіп түскен кезден бастап бес тәуліктен аспайтын мерзімде қарайды.

8. Қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қарап, прокурор келісімін білдіреді және оны қамауға алу мерзімін ұзартудың негізділігін дәлелдейтін қылмыстық істің материалдарымен бірге тиісті сотқа кідіріссіз жолдайды не өтінішке жазбаша қарар жазып, келісім беруден дәлелді түрде бас тартады.

Прокурор қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қолдамаған жағдайда айыпталушы қамауға алу мерзімі аяқталғаннан кейін дереу босатылуға тиіс.

9. Қамауға алу мерзімін үш айға дейін ұзарту туралы өтініш сотқа - қамауға алу мерзімі аяқталғанға дейін жеті тәуліктен кешіктірілмей, қамауға алуды үш айдан астам мерзімге ұзарту туралы өтініш он тәуліктен кешіктірілмей табыс е т і л е д і .

10. Қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтініш судьяның жеке-дара қарауына жатады. Сот отырысына міндетті түрде прокурор қатысады. Отырысқа айыпталушының қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі және өкілі де қатыса алады, олардың өтінішті қарау уақыты туралы уақтылы хабарланған кезде келмей қалуы оларды сотта қарауға кедергі келтірмейді.

11. Судья отырыстың басында қандай өтініштің қаралуға жататынын хабарлайды, келген адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, содан кейін енгізілген өтініш бойынша қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қалдыру қажеттігіне қатысты тараптардың дәлелдемелерін тыңдай к е л і п , м ы н а д а й :

1) айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қ а н а ғ а т т а н д ы р у т у р а л ы ;

2) айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту және бұлтартпау шарасының күшін жою немесе қатаң еместеуіне өзгерту және айыпталушыны күзетпен ұстаудан босату туралы қ а у л ы л а р д ы ң б і р і н ш ы ғ а р а д ы .

12. Қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы өтініш келіп түскен күннен бастап үш тәуліктен аспайтын м е р з і м д е қ а р а у ғ а т и і с .

13. Күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысы айыпталушыны қамауға алу мерзімі аяқталғанға дейін жиырма төрт сағаттан кешіктірмей қылмыстық іс жүргізуінде жатқан органға немесе адамға, сондай-ақ прокурорға ол туралы хабарлауға міндетті. Егер бұлтартпау шарасы ретінде заңмен белгіленген қамауға алу мерзімі аяқталғаннан кейін айыпталушыны босату туралы не бұлтартпау шарасы ретінде оны қамауға алу мерзімін ұзарту туралы тиісті шешім келіп түспесе, күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысы оны өзінің қаулысымен босатып, оның көшірмесін жиырма төрт сағаттың ішінде қылмыстық іс жүргізуінде жатқан органға немесе адамға және прокурорға жібереді.

14. Күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысы осы баптың он үшінші бөлігінің талаптарын орындамаған кезде заңмен белгіленген жауаптылықта б о л а д ы .

15. Қамауға алудың мерзімі айыпталушы, сезікті күзетпен ұстауға алынған кезден бастап прокурор істі сотқа жібергенге дейін есептеледі. Адамды сезікті

ретінде ұстау уақыты, соттың шешімі бойынша үйде қамауда ұстау және психиатриялық немесе өзге де медициналық ұйымда мәжбүрлі түрде болу уақыты қамауға алу мерзіміне есептеледі. Айыпталушының, оның қорғаушысының, сондай-ақ прокурордың осы Кодекстің 282-бабының тәртібімен қылмыстық істің материалдарымен танысу уақыты қамауға алу мерзімін есептеу кезінде ескерілмейді.

16. Айыпталушыны, сезіктіні нақ сол бір іс бойынша, сондай-ақ онымен біріктірілген немесе одан бөлектелген қылмыстық іс бойынша қайта қамауға алу жағдайында қамауға алу мерзімі күзетпен ұстауда өткізілген уақыт ескерілетіріп есептеледі.

17. Іздестірілудегі адамды шет мемлекет Қазақстан Республикасына берген жағдайда қамауға алу мерзімі ол Қазақстан Республикасының аумағына келген күннен бастап есептеледі. Бұл ретте адамды шет мемлекеттің аумағында экстрадициялық қамауға алу тәртібімен күзетпен ұстау уақыты оны берген жағдайда жаза тағайындау кезінде жалпы күзетпен ұстау мерзіміне есептеледі.

18. Осы бапта белгіленген, айыпталушыны қамауға алу мерзімін есептеу мен ұзартудың тәртібі кассациялық немесе қадағалау сатысында іс жүргізудің нәтижесінде немесе бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жүрген адамға қатысты жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша үкімнің күшін жою және соттың қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдана отырып, істі жаңа тергеуге жіберуі кезінде де қолданылады.

19. Сот айыпталушыны қамауға алудың шекті мерзімі аяқталмаған, ал бұлтартпау шарасын өзгерту үшін негіз жоқ істі қосымша тергеу үшін қайтарған кезде сол сот соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір айдың шегінде қамауға алу мерзімін ұзартады.

Ескерту. 153-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

154-бап. Бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту

1. Бұлтартпау шарасы оған қажеттілік болмаған кезде күшін жояды немесе осы Кодекстің 139 және 141-баптарында көзделген бұлтартпау шарасын таңдау үшін негіздер өзгерген жағдайда неғұрлым қатаң немесе жеңіл шараға өзгертіледі.

2. Бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту қылмыстық

процесті жүргізетін органның дәлелді қаулысы бойынша жүргізіледі.

3. Прокурор санкция берген, қолданған, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында оның нұсқауы бойынша таңдалған бұлтартпау шарасы тек прокурордың келісімімен күшін жоюы немесе өзгертілуі мүмкін.

4. Қылмыстық қудалау органының бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою туралы қаулысына шағымдану, наразылық білдіру осы Кодекстің 103-109-баптарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

5. Айыпталушыға, сезіктіге соттың санкциясы бойынша қолданылған қамауға алу, үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту, осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық қудалау органының прокурор қолдаған дәлелді қаулысының негізінде соттың санкциясымен жүргізіледі. Бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту туралы қаулы қылмыстық істің материалдары сотқа келіп түскен кезден бастап сот отырысына прокурордың қатысуымен алты сағаттың ішінде судьяның жеке-дара қарауына жатады. Қажет болған жағдайда судья сот отырысына айыпталушының, сезіктінің, олардың қорғаушысының, заңды өкілінің, жәбірленушінің, оның заңды өкілінің, өкілінің қатысуын қамтамасыз етеді.

6. Айыпталушыға, сезіктіге қатысты қылмыстық қудалау ақтап алу негіздері бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында тоқтатылған кезде қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасының күшін жоюды қылмыстық қудалау органы прокурордың келісімімен дереу жүргізеді.

7. Қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға берілген санкцияның күшін жою немесе күшін жоюдан бас тарту туралы соттың қаулысына шағымдану, наразылық білдіру осы Кодекстің 110-бабында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 154-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

155-бап. Қорғаншылыққа құқық және мүлікті қарау

1. Ата-анасының немесе асыраушысының қамауға алынуының, сонымен бірдей қылмыстық процесті жүргізуші органның басқа да іс-әрекеттерінің нәтижесінде қараусыз, күтусіз және күн көру қаражатынсыз қалған кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ еңбекке қабілетсіз адамдардың аталған орган оларды республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қамтамасыз етуге міндетті қорғаншылыққа құқығы бар. Қылмыстық процесті жүргізуші органның еңбекке қабілетсіз адамдарды қарау, күту және мемлекеттік әлеуметтік көмек органдарына немесе медициналық ұйымға уақытша орналастыру жөніндегі

тапсырмасы қамқоршылық және қорғаншылық органы, сондай-ақ аталған ұйымдардың басшылары үшін міндетті. Қылмыстық процесті жүргізуші орган сондай-ақ кәмелетке толмаған және еңбекке қабілетсіз адамдарға қамқорлық жасауды олардың келісімімен туыстарына сеніп тапсыруға құқылы.

2. Қамауға алынуының, сонымен бірдей қылмыстық процесті жүргізуші органның басқа да іс-әрекеттерінің нәтижесінде мүлкі қараусыз қалған адамның аталған орган оның өтініші бойынша және оның есебінен осы адамды қамтамасыз етуге міндетті оның мүлкінің және оған тиесілі жануарларының қаралуына құқығы бар. Қылмыстық процесті жүргізуші органның адамның мүлкі мен оған тиесілі жануарларды қарауды ұйымдастыруға тапсырмасы тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін міндетті.

3. Қылмыстық процесті жүргізуші орган бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған адамға немесе басқа да мүдделі адамға осы бапқа сәйкес қабылданған шаралар туралы кешіктірмей хабарлайды.

19-тарау. Іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де шаралары

156-бап. Іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану үшін негіздемелер

1. Осы Кодекспен көзделген қылмыстық іс бойынша тергеудің және сотта іс қараудың, үкімнің ойдағыдай атқарылуының тәртібін қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық процесті жүргізуші орган сезіктіге, айыпталушыға осы Кодекстің 18-тарауында көзделген бұлтартпау шараларының орнына немесе сонымен бірге іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де шараларын: келу туралы міндеттемені, алып келуді, қызметінен уақытша шеттетуді, мүлкіне тыйым салуды қолдануға құқылы.

2. Осы Кодексте көзделген жағдайларда қылмыстық процесті жүргізуші орган жәбірленушіге, куәға және басқа да іске қатысушы адамдарға іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларын: келуі туралы міндеттемені, алып келуді, ақшадай жазаны қолдануға құқылы.

157-бап. Анықтаушыға, тергеушіге, сотқа келу туралы міндеттеме

Мәжбүрлеу шарасы қолданылмаған сезікті, айыпталушы, сондай-ақ куә немесе жәбірленуші тергеу іс-әрекеттеріне немесе сотта іс қарауға қатысудан жалтаруы мүмкін деп ұйғаруға жеткілікті негіздемелер болған жағдайда не олар дәлелді себептерсіз шақыру бойынша іс жүзінде келмеген кезде аталған адамдардан анықтаушының, тергеушінің немесе соттың шақыруы бойынша уақтылы келуге жазбаша міндеттеме қайтарып алынуы мүмкін, ал тұратын жері өзгерген жағдайда бұл туралы кешіктірмей хабарлауы керек.

158-бап. Алып келу

1. Сезікті, айыпталушы, сондай-ақ куә мен жәбірленуші дәлелді себептерсіз шақыру бойынша келмеген жағдайда анықтаушының, тергеушінің, соттың дәлелді қаулысы бойынша алып келуге (мәжбүрлеп әкелуге) ұшыратылуы мүмкін.

2. Шақырту туралы тиісінше хабарланған адамның келмеуінің дәлелді себептері: адамды келу мүмкіндігінен айыратын сырқат, жақын туыстарының қайтыс болуы, кездейсоқ апат, адамды тағайындалған уақытта келу мүмкіндігінен айыратын өзге де себептер болып танылады. Сезікті, айыпталушы, сондай-ақ куә мен жәбірленуші шақыру бойынша тағайындалған мерзімде келуге кедергі келтіретін дәлелді себептер туралы олар өздері шақырылған органға хабарлауға міндетті.

3. Алып келу туралы қаулы сезіктіге, айыпталушыға, сондай-ақ куә мен жәбірленушіге оның атқарылуы алдында жарияланады, бұл олардың қаулыға қол қоюымен куәландырылады.

4. Алып келу түнгі уақыттарда жүргізілмейді.

5. Олардың заңды өкілдеріне хабарламастан он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар, он сегіз жасқа толмаған адамдар, жүкті әйелдер, сондай-ақ дәрігердің куәландыруына жататын денсаулық жағдайы бойынша өзінің жатқан орнын тастап кете алмайтын немесе тастап кетпеуі тиіс науқас адамдар алып келуге жатпайды.

6. Алып келу туралы сот қаулысын сот приставы немесе ішкі істер органы; анықтаушының, тергеушінің қаулысын анықтау, алдын ала тергеу жүргізетін орган немесе ішкі істер органы атқарады.

Ескерту. 158-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

159-бап. Қызметінен уақытша шеттету

1. Қылмыстық процесті жүргізуші орган прокурордың санкциясымен, осы қызметте қала отырып, ол тергеуге және істі сотта қарауға, қылмыспен келтірілген залалды өтеуге кедергі келтіреді немесе осы қызметте болуымен байланысты қылмыстық әрекетпен шұғылдануды жалғастырады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, айыпталушыны қызметінен шеттетуге құқылы.

2. Айыпталушыны қызметінен уақытша шеттету туралы қаулы оның жұмыс орны бойынша ұйым басшысына жіберіледі, ол оны алғаннан кейінгі үш тәулік ішінде қаулыны орындауға және ол туралы сол адамға немесе қызметінен шеттету туралы шешім қабылдаған органға хабарлауға міндетті.

3. Қызметінен шеттетілген айыпталушының, егер ол оған қатысты емес жағдайлар бойынша басқа қызметте істей алмаса немесе басқа жұмысқа кіре алмаса, еңбекке ақы төлеудің бір ең төменгі мөлшерінен кем емес сомада ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыға құқығы бар.

4. Қызметінен уақытша шеттету бұл шараға қажеттілік болмаған кезде судьяның немесе прокурордың қаулысымен, сондай-ақ тергеушінің немесе анықтаушының қаулысымен тоқтатылады.

Ескерту. 159-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

160-бап. Ақша өндіріп алу

Осы Кодекстің 75, 82, 84, 85, 86, 145, 147-баптарында көзделген іс жүргізу міндеттерін орындамағаны және сот отырысында тәртіп бұзғаны үшін жәбірленушіден, куәдан, маманнан, аудармашыдан және өзге де адамдардан ақша өндіріліп алынуы мүмкін. Ақша өндіріп алу туралы мәселе әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарға сәйкес шешіледі.

Ескерту. 160-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 Заңымен .

161-бап. Мүлікке тыйым салу

1. Үкімді азаматтық талап, басқа да мүліктік жазалар немесе мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатында прокурордың санкциясымен анықтаушы, тергеуші немесе сот сезіктінің, айыпталушының немесе заң бойынша олардың әрекеті үшін материалдық жауаптылықта болатын адамдардың мүлкіне тыйым салуға құқылы. Осы Кодекстің 232-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда мүлікке тыйым салу прокурордың санкциясынсыз, бірақ жиырма төрт сағаттың ішінде оған мүлікке тыйым салу жүргізілгені туралы хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Күдіктінің, айыпталушының немесе олардың іс-қимылы үшін заң бойынша материалдық жауапкершілікте болатын, Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін заңдарында көзделген жағдайларда міндеттемелері қайта құрылымдауға жататын қаржы ұйымдарының кредиторлары болып табылатын тұлғалардың мүлкіне тыйым салу туралы азаматтық талап қою бөлігінде үкімді орындауды қамтамасыз ету шараларын қабылдауға жол берілмейді.

2. Мүлікке тыйым салу оның меншік иесіне немесе иеленушісіне оған билік етуге, ал қажет жағдайларда бұл мүлікті пайдалануға тыйым салуды жариялаудан не мүлікті алудан және оны сақтауға беруден тұрады.

3. Азаматтық талапкер немесе прокурор ұсынған азаматтық талапты қамтамасыз етуге тыйым салынған мүліктің құны талаптың құнынан аспауға тиіс.

4. Бірнеше айыпталушылардың немесе олардың әрекетіне жауап беретін адамдардың әрқайсысынан тыйым салуға жататын мүліктің үлесін айқындау кезінде айыпталушыға таңылған қылмысты жасауға қатысу дәрежесі ескеріледі, алайда азаматтық талапты қамтамасыз ету үшін толық мөлшерде тиісті

адамдардың бірінің мүлкіне де тыйым салынуы мүмкін.

5. Тізбесі заңдармен айқындалатын, бірінші қажеттілік заттары болып табылатын мүлікке тыйым салынбайды.

6. Мүлікке тыйым салу туралы дәлелді қаулы шығарылады. Мүлікке тыйым салу туралы қаулыда тыйым салуға жататын мүлік, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында ол қаншалықты анықталғаны, сондай-ақ азаматтық талапты қамтамасыз етуде тыйым салу жеткілікті болатын мүліктің құны көрсетілуі тиіс.

7. Анықтаушы, тергеуші меншік иесіне немесе мүлікті иеленушіге мүлікке тыйым салынғаны туралы қаулыны қолхат ала отырып тапсырады және оны беруді талап етеді. Бұл талапты өз еркімен орындаудан бас тартылған жағдайда мүлікке тыйым салу мәжбүрлеу жолымен жүргізіледі. Мүлікті оның меншік иесі немесе иеленуші жасырып қалды деп ойлауға негіз бар қажетті жағдайда қылмыстық ізге түсу органы осы Кодекстің 232-бабында көзделген тәртіппен тінту жүргізуі не алып қоюы мүмкін.

8. Істі өзінің іс жүргізуіне қабылдаған соттың шешімі бойынша мүлікке тыйым салуды соттың атқарушысы жүргізеді.

9. Мүлікке тыйым салу кезінде мүліктің құнын айқындайтын маман қатыса алады.

10. Меншік иесі немесе мүлікті иеленуші бірінші кезекте қандай затқа тыйым салу қажеттігін ұсынуға құқылы.

11. Анықтаушы, тергеуші мүлікке тыйым салу жүргізілгені туралы хаттаманы жасайды, ал сот орындаушысы тыйым салу туралы қаулы шығарады.

12. Тыйым салынған мүлік алынуы не тыйым салған адамның қалауы бойынша мүліктің сақталуы үшін жауаптылығы ескертілуі тиіс жергілікті әкімшіліктің, тұрғын үй-пайдалану ұйымының өкіліне, осы мүлікті иеленушіге немесе өзге адамға сақтауға берілуі мүмкін, ол туралы қолхат алынады.

13. Банкердегі және несие мекемелеріндегі шоттар мен салымдардағы ақша қаражаты мен өзге де бағалы заттарға тыйым салу кезінде осы шот бойынша шығыс операциялары тыйым салынған қаражат шегінде тоқтатылады.

14. Мүлікке тыйым салу бұл шара бойынша қажеттілік жойылған кезде істі жүргізуші адамның немесе органның қаулысымен тоқтатылады. Тергеушінің, анықтаушының мүлікке тыйым салудың күшін жою туралы қаулысы прокурордың келісімімен шығарылады.

Ескерту. 161-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2009.07.11 N 185 -IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бөлім. Қылмыстық процестегі мүлiктік мәселелер

20-тарау. Қылмыстық процестегі азаматтық талап

162-бап. Қылмыстық процесте қаралатын азаматтық талаптар

1. Қылмыстық процесте жеке және заңды тұлғалардың есі кіресілі-шығасылы адамның тікелей қылмысымен немесе қоғамға қауіпті әрекетімен келтірілген мүлiктік және моральдық зиянды өтеу туралы, сондай-ақ жерлеуге, зардап шеккен адамды емдеуге кеткен шығыстарды, оған сақтандыру өтем ретінде төленген сомаларды, жәрдемақыны немесе зейнетақыны, сондай-ақ өкілдікке шыққан шығыстарды қоса алғанда анықтау, алдын ала тергеу ісіне және сотқа қатысуымен байланысты шыққан шығыстарды өтеу туралы азаматтық талаптары қ а р а л а д ы .

2. Азаматтық талап айыпталушыға немесе айыпталушының әрекеті үшін материалдық жауап беретін адамдарға қойылады және қылмыстық іспен бірге қ а р а л а д ы .

3. Талапкер қылмыстық істе азаматтық талап қойған кезде мемлекеттік баж т ө л е у д е н б о с а т ы л а д ы .

4. Қылмыстық істен туындайтын азаматтық талаптың соттылығы ол талап қойылған қылмыстық істің соттылығымен айқындалады.

5. Қылмыстық іс бойынша қойылған азаматтық талапты дәлелдеу осы Кодексте белгіленген ережелер бойынша жүргізіледі.

6. Егер азаматтық талапқа байланысты туындайтын іс жүргізу қатынастары осы Кодекспен реттелмеген болса, азаматтық іс жүргізу заңдарының нормалары осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Ескерту. 162-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен.

163-бап. Азаматтық талап қою

1. Есі кіресілі-шығасылы адамның қылмысы немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген әрекеті нәтижесінде зиян шеккен адам не оның өкілі қылмыстық іс қозғалған кезден бастап, бірақ сот тергеуі аяқталғанға дейін кез келген уақытта азаматтық талап қоюға құқылы.

2. Азаматтық талап жазбаша нысанда беріледі. Талапта қандай қылмыстық іс бойынша, кім, кімге, қандай негізде және қандай мөлшерде азаматтық талап қоятыны көрсетіледі, сондай-ақ зиянды өтеу үшін нақтылы ақша сомасын немесе мүлiкті өндіру туралы өтініш жазылады.

3. Азаматтық талаптың негізін және талаптың мөлшерін нақтылау қажет болған кезде ол адам қосымша азаматтық талап қоюға құқылы.

4. Айыпталушы ретінде жауапқа тартылатын адамның анықталмауы қылмыстық істе азаматтық талап қоюға бөгет болмайды.

5. Қылмыстық процесте азаматтық талап қоймаған адам, сондай-ақ талабын сот қарамай қалдырған адам оны азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қоюға қ ұ қ ы л ы .

6. Қылмыстық ізге түсу иммунитетінің болуына байланысты айыпкер ретінде жауапқа тартуға болмайтын адамға азаматтық талап азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қ о й ы л у ы м ү м к і н .

7. Осы Кодекстің 62-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда қылмыстық істе прокурор азаматтық талап қоюға құқылы.

Ескерту. 163-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

164-бап. Азаматтық талапкер деп тану

1. Егер қылмыстық іс материалдарынан ақыл-есінен айырылған адам қылмысы арқылы немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тыйым салынған әрекетімен азаматқа немесе заңды тұлғаға зиян келтірген деп қаралса, анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот оларға немесе олардың өкілдеріне азаматтық талап қою құқығы бар екенін түсіндіреді.

2. Талап қойған жеке немесе заңды тұлға осы Кодекстің 77-бабының бірінші бөлігінде белгіленген тәртіппен азаматтық талапкер деп танылады. Талап қойған адамға, оның өкіліне азаматтық талапкер деп тану туралы қаулы хабарланады және осы Кодекстің 77-бабының төртінші бөлігінде көзделген құқықтары түсіндіріледі.

165-бап. Азаматтық талапкер деп танудан бас тарту

Азаматтық талап қою үшін осы Кодекстің 164-бабында көзделген негіздер болмаған жағдайда талап қойған азаматқа немесе заңды тұлғаға азаматтық талапкер деп танудан бас тартылуы мүмкін, бұл туралы дәлелді қаулы шығарылып, оған шағымдану құқығы түсіндіріледі. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында тұлғаны азаматтық талапкер деп танудан бас тарту оны сотта сот тергеуі басталғанға дейін азаматтық талап қою және азаматтық талапкер деп тану туралы өтініш білдіру құқығынан айырмайды.

Ескерту. 165-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

166-бап. Іске азаматтық жауапкер ретінде қатысуға тарту

Ақыл-есінен айырылған адамның қылмысымен немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тыйым салынған әрекетімен келтірілген зиян үшін жауапты адамды анықтағаннан кейін, қылмыстық іске азаматтық талап қойылған жағдайда қылмыстық процесті жүргізуші орган бұл адамды осы Кодекстің 78-бабының бірінші бөлігінде белгіленген тәртіп бойынша

азаматтық жауапкер ретінде тартады. Азаматтық жауапкерге немесе оның өкіліне азаматтық жауапкер ретінде іске тарту туралы қаулы хабарланады және осы Кодекстің 78-бабының төртінші бөлігінде көзделген құқықтары түсіндіріледі.

167-бап. Зиянды өтеудің негіздемелері, шарттары, көлемі және әдісі туралы ережелерді қолдану

Қылмыстық іске қойылған азаматтық талапты қарау кезінде зиянды өтеу негіздемелері, шарттары, көлемі және әдісі азаматтық, еңбек және басқа заңдардың нормаларына сәйкес белгіленеді. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда халықаралық-құқықтық нормалар мен шет мемлекеттердің заңдары қолданылады.

168-бап. Азаматтық талаптан бас тарту

1. Азаматтық талапкер өзі қойған азаматтық талаптан бас тартуға құқылы.
2. Азаматтық талапкердің қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында талаптан бас тарту туралы өтініші жазбаша түрде беріліп, қылмыстық іске қоса тіркеледі. Егер азаматтық талапкердің талаптан бас тартуы сот отырысында білдірілсе, онда ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі.
3. Талаптан бас тартуды анықтаушы, тергеуші немесе прокурор қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізудің кез келген сәтінде қабылдайды, бұл туралы қаулы шығарылады. Талаптан бас тартуды сот қаулы шығара отырып, сотта іс қараудың кез келген сәтінде, бірақ сот үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін қ а б ы л д а й а л а д ы .
4. Талаптан бас тартуды қабылдау ол бойынша іс жүргізуді тоқтатуға әкеп с о ғ а д ы .
5. Талаптан бас тартуды қабылдағанға дейін қылмыстық процесті жүргізуші орган азаматтық талапкерге осы баптың төртінші бөлігінде белгілеген бас тартудың салдарын түсіндіруге міндетті.
6. Қылмыстық процесті жүргізетін орган, егер азаматтық талапкердің талаптан бас тартуы заңға қайшы келсе немесе кімнің де болсын құқығын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзатын болса, онда бас тартуды қабылдамайды, бұл туралы дәлелді қаулы шығарады.

169-бап. Азаматтық талап бойынша шешім шығару

1. Айыптау үкімі шығарылғанда немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қаулы шығарылғанда, сот азаматтық талапты толық немесе ішінара қанағаттандырады не оны қанағаттандырудан бас тартады.
2. Азаматтық қуыным толық немесе ішінара қанағаттандырылған жағдайларда сот азаматтық қуыным бөлігінде үкімді ерікті түрде орындау үшін мерзім белгілейді және оны үкімде көрсетеді. Сот үкімі азаматтық қуыным бөлігінде ерікті түрде орындау үшін берілген мерзімде орындалмаған жағдайда, сот азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен үкімді азаматтық

қуыным бөлігінде мәжбүрлеп орындатуға жібереді. Мәжбүрлеп орындату Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Азаматтық талап бойынша жан-жақты есепті қылмыстық істі тергеуді кейінге қалдырмай жүргізу мүмкін болмаған кезде сот азаматтық талапкердің талабын қанағаттандыру құқығын танып, оның мөлшері туралы мәселені азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен соттың қарауына бере алады.

4. Белгілі бір ақтау үкімі шығарылған кезде, сонымен қатар медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі істі тоқтату туралы қаулы шығарылғанда сот:

1) егер қылмыс оқиғасы немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен тыйым салынған әрекет анықталмаса не сотталушы адамның немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселесі шешілген адамның қылмыс жасауға немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен тыйым салынған әрекетке қатысқаны дәлелденбесе, азаматтық талапты қанағаттандырудан бас тартады;

2) сотталушы қылмыс құрамының болмауына байланысты ақталған жағдайда не өзі жасаған әрекеттің сипатына және өзінің жай-күйіне қарай қоғам үшін қауіп төндірмейтін және мәжбүрлеп емдеуге мұқтаж емес адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға негіздердің болмауына байланысты іс тоқтатылғанда талапты қарамайды.

5. Осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінің 3-5, 7, 8-тармақтарында және 38-бабында көрсетілген негіздер бойынша іс тоқтатылған кезде сот азаматтық талапты қарамайды.

6. Егер осы баптың төртінші бөлігінің 2-тармағында және бесінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша қылмыстық іс сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында тоқтатылса, азамат немесе заңды тұлға не олардың өкілдері азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен талап қоюға құқылы.

7. Азаматтық талап бөлігінде сотталушы мен жәбірленуші арасында заңда белгіленген тәртіппен бітімгершілік келісім жасасу мүмкіндігіне жол беріледі.

Ескерту. 169-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

170-бап. Азаматтық талапты қамтамасыз ету

Қылмыс арқылы моральдық немесе мүліктік зиян келтірілгені туралы деректер болған кезде қылмыстық ізге түсу органы азаматтық талапты қамтамасыз ету шараларын қолдануға міндетті. Егер мұндай шаралар

кабылданбаған болса, сот үкім заңды күшіне енгенге дейін оны қамтамасыз ету шараларын қолдануға құқылы.

171-бап. Сот үкімінің және қаулысының азаматтық қуыным бөлігінде орындалуы

Сот азаматтық қуынымды қанағаттандырған кезде үкім, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы қаулы азаматтық талап бөлігінде Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен о р ы н д а л а д ы .

Ескерту. 171-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.01.2014 № 164-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-тарау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысындағы еңбекке ақы төлеу және шығындарды өтеу

172-бап. Заң көмегіне ақы төлеу

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қорғаушының және жәбірленушінің өкілінің заң көмегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган, оған негіздер болған жағдайда қорғаушы тағайындау туралы және күдіктіні, айыпталушыны, жәбірленушіні заң көмегіне ақы төлеуден босату туралы қаулыны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасына немесе оның құрылымдық бөлімшелеріне жіберуге міндетті. Бұл жағдайда адвокаттың еңбегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жіберіледі.

3. Осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде және 80-бабының екінші бөлігінде көзделген, адвокат анықтау, алдын ала тергеу ісін жүргізуге немесе сотқа тағайындау бойынша қатысқан жағдайларда адвокаттың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар бюджет қаражатының есебіне жатқызылуға тиіс.

Ескерту. 172-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 N 123-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

173-бап. Аудармашының, маманның, сарапшының орындаған жұмысы үшін сыйақы алуы

1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде тиісті жұмысты орындайтын а у д а р м а ш ы , м а м а н , с а р а п ш ы :

1) егер жұмысты қызметтік тапсырма тәртібімен орындаса - жұмыс істеген
о р н ы н д а ж а л а қ ы ;

2) егер орындалған жұмыс олардың лауазымдық міндеттерінің аясына
кірмесе және жұмыстан тыс уақытта орындалса - Қазақстан Республикасының
Үкіметі белгілеген ставкалардың шегінде республикалық бюджет қаражатының
е с е б і н е н с ы й а қ ы ;

3) егер жұмысты осы тараппен уағдаластық бойынша орындаса - тараппен
жасалған шартта белгіленген мөлшерде сыйақы алады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің 2-тармағында көзделген жағдайда сыйақы
қылмыстық процесті жүргізіп отырған органның аудармашы, маман, сарапшы
шотты ұсынғаннан кейін шығарған қаулысының негізінде төленеді.

174-бап. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысқан адамдардың шыққан шығындарын өтеу

1. Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен жәбірленушінің, азаматтық талап
қоюшының, азаматтық жауапкердің, олардың заңды өкілдерінің қылмыстық
процесті жүргізуші органның тағайындауы бойынша қорғаушы ретінде заң
көмегін көрсететін адвокаттардың немесе жәбірленушінің (жеке айыптаушының)
өкілінің осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде және 80-баптың екінші
бөлігінде көзделген жағдайларда, куәнің, аудармашының, маманның,
сарапшының, куәгердің мынадай шығыстары бюджет қаражатының есебінен
ө т е л у г е ж а т а д ы :

1) қылмыстық істі жүргізу органының шақыртуы бойынша келуге
б а й л а н ы с т ы ш ы ғ ы с т а р :

- темір жол, су, автомобиль (таксиді қоспағанда) көлігімен және сол жерде
бар басқа да көлік түрлерімен жол жүру құны, ал қылмыстық процесті жүргізуші
органның келісуімен - әуе көлігімен жол жүру құны;

- қызметтік іссапарларға ақы төлеу үшін қабылданған норма бойынша бұл
шығындарды ұйым, жұмыс беруші өтемейтін реттегі тұрғын үйді жалдау құны;

2) бұл адамдар үшін қылмыстық процесті жүргізуші органның талап етуі
бойынша тұрғылықты тұратын жерінен тысқары жерде тұруы қажет болған кезде
және тәуліктік ақыны ұйым, жұмыс беруші өтемейтін кездегі - тәуліктік ақы;

3) олар үшін орташа жалақысын ұйым, жұмыс беруші сақтайтын
жағдайлардан басқа, қылмыстық процесті жүргізуші органның талап етуі
бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуға кеткен барлық уақыт үшін
о р т а ш а ж а л а қ ы ;

4) сол адамның қылмыстық процесті жүргізуші органның талап етуі бойынша
тергеу ісіне немесе басқа да іс жүргізу әрекетіне қатысуы нәтижесінде сапасынан
айырылған немесе жоғалған мүлікті қалпына келтіруге немесе сатып алуға
а р н а л ғ а н ш ы ғ ы н д а р ы .

2. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар жәбірленушінің, оның заңды өкілінің, куәнің, аудармашының, маманның, сарапшының, куәгердің, сотқа шақырылған, бірақ алқабилер алқасының құрамына іріктеп алынбаған алқабиге кандидаттың қылмыстық процесті жүргізуші органның талап етуі бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуға кеткен барлық уақыты ішіндегі орташа жалақысын сақтауға міндетті.

3. Маман мен сарапшыға сондай-ақ оларға тиесілі химиялық реактивтер мен тапсырылған жұмысты орындау кезінде жұмсалған басқа да шығыс материалдарының құны, сондай-ақ жұмысты орындау үшін олардың құрал-жабдықтарды пайдаланғаны, коммуналдық қызмет көрсетулер және машина уақытын тұтынғаны үшін төлеген ақысы өтеледі.

4. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде шыққан шығындар осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардың өтініші бойынша, қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысының негізінде, заңдарда белгіленген мөлшерде өтелуге жатады. Аталған шығыстар сонымен қатар осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарды тергеу ісіне қатысуға тартқан тараптың есебінен не осы Кодексте көзделген басқа жағдайларда өтелуі мүмкін. Осы баптың бірінші бөлігінің 1, 2 және 4-тармақтарында көзделген шығындар заңдарға сәйкес қылмыстық процесті жүргізуші органның өз бастамашылығымен өтелуі мүмкін. Көрсетілген шығыстарды төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ескерту. 174-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.08 N 210, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-тарау. Іс жүргізу шығындары

175-бап. Іс жүргізу шығындары

Іс жүргізу шығындары:

1) куәларға, жәбірленушілерге және олардың өкілдеріне, сарапшыларға, мамандарға, аудармашыларға, куәгерлерге осы Кодекстің 173, 174-баптары тәртібімен төленетін сомалардан;

2) тұрақты жалақысы жоқ куәларға, жәбірленушілерге және олардың өкілдеріне, куәгерлерге оларды қалыпты жұмыстарынан қол үздіргені үшін төленетін сомалардан;

3) жұмыс істейтін және тұрақты жалақысы бар куәларға, жәбірленушілерге және олардың заңды өкілдеріне, куәгерлерге олардың қылмыстық процесті жүргізуші органға шақыртылуына байланысты кеткен барлық уақыты үшін толық алмаған жалақысын өтеу үшін төленетін сомалардан;

4) міндеттер қызметтік тапсырма тәртібімен орындалғаннан басқа жағдайларда сарапшыларға, аудармашыларға, мамандарға олардың анықтау, алдын ала тергеу процесінде немесе сотта өз міндеттерін орындағаны үшін төленетін сыйақыдан;

5) қорғаушының заң көмегін көрсеткені үшін төленетін сомалардан, сезікті, айыпталушы немесе сотталушы адам оны төлеуден босатылған не адвокат анықтауға, алдын-ала тергеуге немесе сотқа клиентпен келісім жасамай, тағайындау бойынша қатысқан жағдайда;

5-1) жәбірленушінің өкілі (жеке айыптаушы) заң көмегін көрсеткені үшін төленетін сомалардан, оны төлеуден босатылған жағдайда;

6) заттай дәлелдемелерді сақтау мен жөнелтуге жұмсалған сомалардан;

7) сот сараптамасы органдарында сараптама жүргізуге жұмсалған сомалардан ;

8) тергеуден немесе соттан жасырынған айыпталушыны іздестіруге байланысты жұмсалған сомалардан;

9) айыпталушыны тергеушіге немесе сотқа ол дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда алып келуге байланысты, сондай-ақ сотталушының дәлелсіз себептермен келмеуіне не оның сотқа мас болып келуіне байланысты сот карауын басқа уақытқа қалдыруға байланысты жұмсалған сомалардан;

10) қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде келтірілген өзге шығындардан құралады .

Ескерту. 175-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

176-бап. Іс жүргізу шығындарын төлеттіру

1. Іс жүргізу шығындарын сот сотталушыға жүктеуі мүмкін немесе олар мемлекет есебіне жатқызылады .

2. Аудармашыға, төленген сомаларды қоспағанда, сот сотталушыдан іс жүргізу шығындарын төлеттіруге құқылы. Іс жүргізу шығындары жазадан босатылған сотталушыға да жүктелуі мүмкін.

3. Іске аудармашының қатысуына байланысты іс жүргізу шығындары мемлекет есебіне жатқызылады. Егер аудармашы өз функцияларын қызметтік тапсырма тәртібімен орындаған болса, онда оның еңбегіне ақы төлеуді мемлекет аудармашы жұмыс істейтін ұйымға өтейді.

4. Осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде және 80-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда күдіктінің, айыпталушының, сотталушының қорғаушысы немесе жәбірленушінің (жеке айыптаушының) өкілі ретінде заң көмегін тегін көрсеткен адвокаттың іске қатысуына байланысты іс жүргізу шығындары бюджет қаражаты есебіне жатқызылады.

5. Сотталушы ақталған немесе іс осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінің

1, 2-тармақтарына және 269-бабының екінші бөлігіне сәйкес қысқартылған жағдайда іс жүргізу шығындары мемлекет есебіне жатқызылады. Егер сотталушы ішінара ғана ақталса, сот оны кінәлі деп танылған айыппен байланысты іс жүргізу шығындарын төлеуге міндеттейді.

6. Іс жүргізу шығындары оны төлеуге тиіс адам мүліктік жағынан дәрменсіз болған жағдайда мемлекет есебіне жатқызылады. Егер іс жүргізу шығындарын төлеттіру сотталушының асырауындағы адамдардың материалдық жағдайына айтарлықтай әсер ететін болса, сот сотталушыны іс жүргізу шығындарын төлеуден толық немесе ішінара босатуға құқылы.

7. Іс бойынша бірнеше сотталушыны кінәлі деп тани отырып, сот іс жүргізу шығындары олардың әрқайсысынан қандай мөлшерде төлеттірілуге тиіс екенін белгілейді. Бұл ретте сот сотталушы кінәсінің сипатын, қылмыс үшін жауапкершілік дәрежесін және мүліктік жағдайын есепке алады.

8. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша сот іс жүргізу шығындарын кәмелетке толмағандардың ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға жүктей алады.

9. Сотталушы жеке айыптау ісі бойынша ақталған кезде сот іс жүргізу шығындарын шағымы бойынша іс жүргізу басталған адамға толық немесе ішінара төлеттіруге құқылы. Тараптардың бітімге келуіне байланысты іс қысқарылған кезде іс жүргізу шығындары бір немесе екі тараптан да төлеттіріледі.

10. Айыпталушы қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлері іс жүргізу шығындарына байланысты міндеттемелер бойынша жауап бермейді.

11. Іс жүргізу шығындарын төлеттіру құқығы соттың тиісті шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл өткен соң ескіруіне байланысты тоқтатылады.

12. Осы баптың 6-бөлігінде көрсетілген жағдайды қоспағанда, іс жүргізу шығасылары туралы деректер болған жағдайда қылмыстық қудалау органы іс жүргізу шығасыларын өндіруді қамтамасыз ету шараларын қабылдауға міндетті.

Ескерту. 176-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Ерекше бөлім

6-бөлім. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу

23-тарау. Қылмыстық іс қозғау

177-бап. Қылмыстық іс қозғауға себептер мен негіздер

1. Қылмыстық іс қозғауға мыналар себеп болады:

- 1) азаматтардың арыздары;
- 2) кінәсін мойындап келу;
- 3) мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын атқарып отырған адамның хабарламасы;
- 4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар;
- 5) лауазымды адамдардың және қылмыстық іс қозғауға құқық берілген органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтауы.

2. Қылмыстық іс қозғауға:

- 1) қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыс белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы;
- 2) егер өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде осы мерзімде жүргізілген жедел іздестіру іс-шаралары арқылы адамның тұрған жерін анықтау мүмкін болмаса, адамның жоғалып кетуі негіз болып табылады.

3. Осы баптың екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген тәртіппен қозғалған қылмыстық іс бойынша хабар-ошарсыз жоғалған адамға қатысты қылмыс жасау белгілерін көрсететін деректер анықталған жағдайда, әрекет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті бабы бойынша дәрежеленеді.

Ескерту. 177-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

178-бап. Азаматтардың арыздары

1. Азаматтардың қылмыс туралы арыздары ауызша немесе жазбаша болуы мүмкін. Жазбаша арызға оны беріп отырған адам қол қоюға тиіс.

2. Тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде немесе сот талқылауы барысында жасалған қылмыс туралы ауызша арыз тиісінше тергеу іс-әрекетінің немесе сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Өзге жағдайларда жеке хаттама жасалады. Хаттама арыз беруші, оның тұратын жері немесе жұмыс орны, сондай-ақ оның жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді қамтуға тиіс. Хаттамаға арыз беруші және арызды қабылдаған лауазымды адам қол қояды.

3. Арыз берушіге әдейі жалған сөз жеткізгені үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 351-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі, бұл туралы хаттамада белгі қойылып, ол арыз берушінің қол қ о ю ы м е н к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

4. Қылмыс туралы «домалақ арыз» қылмыстық іс қозғауға себеп бола а л м а й д ы .

Ескерту. 178-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

179-бап. Кінәсін мойындап келу

1. Кінәсін мойындап келу - адамның оған қатысты әлі күмән келтірілмегенде немесе аталған қылмысты жасағанына айып тағылмағанда өзі жасаған қылмысы туралы ерікті мәлімдеуі.

2. Аталған мәлімдемені жазбаша да және ауызша да нысанда жасауға болады және оны мәлімдеуші қылмыстық процесті жүргізетін органға беруге тиіс. Ауызша мәлімдеме хаттамаға енгізіледі, хаттамада жасалған мәлімдеме егжей-тегжейлі жазылады. Хаттамаға кінәсін мойындап келген адам және мәлімдемені қабылдаған лауазымды адам қол қояды.

3. Кінәсін мойындап келген кездегі мәлімдемеде қылмысқа бірге қатысқан адамдар аталған жағдайда мәлімдеушіге әдейі жалған хабар бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі.

180-бап. Мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын атқаратын адамның хабарлауы

Мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын атқаратын адамның қылмыс туралы хабарлауы жазбаша түрде жасалуға тиіс. Оған қылмыс туралы жасалған хабарды растайтын құжаттар мен өзге де материалдар қоса тіркеледі.

181-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар

1. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар газетте немесе журналда жарияланғанда не радио, телевидение немесе телекоммуникациялық желілер арқылы таратылғанда қылмыстық іс қозғауға себеп бола алады.

2. Қылмыс туралы хабарды жариялаған немесе таратқан бұқаралық ақпарат құралдарында басқару функцияларын атқаратын адамдар қылмыстық іс қозғауға құқығы бар адамның талап етуі бойынша жасалған мәлімдемені растайтын өз қолындағы құжаттар мен өзге де материалдарды беруге, сондай-ақ мәліметтерді ақпарат көзін құпия ұстау шартымен берген жағдайларды қоспағанда, сол мәліметтерді берген адамның атын атауға міндетті.

Ескерту. 181-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

182-бап. Қылмыстық істі қозғауға құқық берілген лауазымды адамдардың және органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтауы

Қылмыс туралы мәліметтерді анықтау қылмыстық істі қозғауға мынадай жағдайларда :

1) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде анықтау органының қызметкері, тергеуші, прокурор қылмыстың куәлары болғанда не қылмыстың ізін немесе салдарын ол жасалғаннан кейін бірден байқағанда;

2) анықтау органы мен анықтаушы қылмыс туралы мәліметтерді өз функцияларын жүзеге асыру кезінде немесе басқа бір қылмыс туралы іс бойынша анықтауды жүргізу кезінде алғанда;

3) тергеуші қылмыс туралы мәліметтерді басқа қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша тергеу кезінде алғанда;

4) прокурор қылмыс туралы мәліметтерді заңдардың орындалуына қадағалау жасаған кезде алғанда себеп болады.

183-бап. Қылмыс туралы арыздар мен хабарларды қабылдау мен қараудың міндеттілігі

1. Қылмыстық ізге түсу органы кез келген жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы арызды немесе хабарды қабылдауға, тіркеуге және қарауға міндетті. Арыз берушіге арызды немесе хабарды қабылдаған адамды, оны тіркеген уақыт пен арыз немесе хабар бойынша шешім қабылдануға тиісті уақытты көрсете отырып, қылмыс туралы қабылданған арыздың немесе хабардың тіркелгені туралы құжат беріледі.

2. Қылмыс туралы арызды немесе хабарды қабылдаудан негізсіз бас тартуға прокурорға немесе сотқа осы Кодексте белгіленген тәртіп бойынша шағымдануға болады .

3. Сотқа түскен қылмыс туралы арыз немесе хабар, жеке айып тағу ісін қозғау жағдайларын қоспағанда, прокурорға жіберіледі, бұл туралы арыз берушіге хабарланады .

4. Сот қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік істі талқылау кезінде қылмыс белгілерін байқағанда ол туралы жеке қаулы арқылы прокурорға хабарлауға міндетті.

184-бап. Қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қарау мерзімдері

Қылмыс туралы арыз немесе хабар бойынша шешім ол түскен күннен бастап үш тәуліктен кешіктірілмей қабылдануға тиіс. Қажет болған жағдайда қосымша мәліметтер алу, құжаттарды немесе өзге материалдарды талап етіп алу, тексеріп қарауды, іс үшін маңызы бар нәрселерді немесе құжаттарды алуды, сараптаманы жүргізу үшін бұл мерзімді анықтау органының бастығы, тергеу бөлімінің бастығы он тәулікке дейін, ал ерекше жағдайларда - екі айға дейін ұзарта алады,

бұл туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға хабарлануға тиіс.

Ескерту. 184-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2007.01.08 N 210, 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

185-бап. Қылмыс туралы арызды немесе хабарды қарау нәтижесінде қабылданатын шешімдер

1. Қылмыс туралы арызды немесе хабарды алған әрбір жағдайда немесе қылмыс тікелей анықталғанда анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші немесе прокурор мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) қылмыстық іс қозғау туралы;
- 2) қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы;
- 3) арызды, хабарды тергеу ретімен, ал жеке айып тағу істері бойынша - сот р е т і м е н б е р у т у р а л ы ;
- 4) сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді осы Кодекстің 23-1-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асыру туралы.

2. Қабылданған шешім туралы арыз берушіге хабарланады және сонымен бір уақытта оған шешімге шағым беру құқығы түсіндіріледі.

3. Арыз немесе хабар тергеу немесе соттау ретімен жіберілген жағдайда анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор қылмысты болдырмау немесе бұлтартпау, сонымен қатар қылмыс ізін бекіту шараларын қ о л д а н у ғ а м і н д е т т і .

Ескерту. 185-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

186-бап. Қылмыстық іс қозғау тәртібі

1. Осы Кодекстің 23-1-тарауында белгіленген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 177-бабында көрсетілген себеп пен негіз болған кезде анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шығарады.

2. Қаулыда: оның шығарылған уақыты мен орны, оны кім жасағаны, іс қозғаудың себептері мен негіздері, ол кімге қатысты немесе қандай факт бойынша қозғалып отырғаны, белгілер бойынша іс қозғалып отырған қылмыстық заңның бабы, сондай-ақ істің бұдан былайғы бағыты көрсетіледі. Қылмыстық іс қозғау туралы қаулының көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі. Қабылданған шешім туралы арыз берушіге және өзіне қатысты іс қозғалып отырған адамға оған қылмыстық ізге түсудің басталуына байланысты құқықтар мен міндеттерді түсіндіре отырып, хабарланады.

Осы Кодекстің 177-бабының екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген тәртіппен қозғалған қылмыстық іс қозғау туралы қаулыда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабы көрсетілмейді.

3. Егер қылмыс жасаудан зардап шеккен адам белгілі болса, қылмыстық іс

қозғаумен бір уақытта ол жәбірленуші деп танылады, ал егер қылмыс жасалғаны туралы хабармен бірге азаматтық талап қойылса, онда бұл адам сонымен қатар азаматтық талапкер деп танылады.

Ескерту. 186-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

187-бап. Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту

1. Қылмыстық іс қозғауға негіздер болмаған кезде қылмыстық ізге түсу органы қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

2. Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға және арыз берушіге жіберіледі. Бұл ретте арыз берушіге құқықтары мен қаулыға шағымдану тәртібі түсіндірілуге тиіс.

3. Тергеушінің, анықтаушының қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулысына тиісінше тергеу бөлімінің бастығына, анықтау органының бастығына, сондай-ақ прокурорға немесе сотқа осы Кодексте белгіленген тәртіп бойынша шағымдануға болады. Соттың жеке айыптау туралы арызды қабылдаудан бас тарту туралы қаулысына жоғары тұрған сотқа шағымдануға болады.

4. Егер келіп түскен арызда (хабарда) азаматтардың саяси, еңбек, тұрғын үй, отбасы және өзге де құқықтарын бұзушылық, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қорғалатын ұйымдардың заңды мүдделерін бұзушылық байқалса, онда қылмыстық іс қозғаудан бас тартумен бір уақытта мүдделі адамдарға құқықтары және бұзылған құқықтар мен мүдделерді қалпына келтіру үшін азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгіну тәртібі түсіндірілуге тиіс.

188-бап. Қылмыс туралы хабарды немесе арызды тергелуіне немесе сотталуына қарай беру

1. Қылмыстық іс қозғауға құқық берілген лауазымды адам немесе орган қылмыс туралы арызды немесе хабарды қылмыстық іс қозғамай, тергелуі бойынша тек мынадай :

1) қылмыс бұл ауданнан тысқары жерде жасалып және қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қылмыс жасалған жерде тексеру іс-әрекетін жасау қажет болған ;

2) қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін ол тергеуіне жатқызылған орган ғана жүргізе алатын тексеру іс-әрекеттерін жасау қажет болған жағдайларда ғана беруге құқылы.

2. Арыздың немесе хабардың қылмыстық іс қозғамай, тергелуі бойынша берілгені туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурор хабардар етілуге тиіс.

3. Қылмыстық іс қозғамай сотталуы бойынша беруге жәбірленушілердің жеке

айыптау тәртібімен ізге түсетін қылмыстары туралы шағымдары ғана жатады.

4. Қылмыс туралы хабарды немесе арызды тергелу реті немесе соттылығы бойынша беру кезінде оқиға болған орынды, сол жерді немесе үй-жайды қарау кезінде табылған не ұйымдар, лауазымды адамдар немесе азаматтар ұсынған заттар мен құжаттар осы Кодекстің 223-бабының бесінші бөлігінде көзделген тәртіппен беріледі.

Ескерту. 188-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10 Заңымен.

189-бап. Қылмыстық ізге түсу органының қылмыстық іс қозғалғаннан кейінгі іс-әрекеті

1. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін:

1) прокурор істі алдын ала тергеу немесе анықтау жүргізуі үшін тергеушіге немесе анықтау органына жібереді;

2) тергеуші алдын-ала тергеу жүргізуге кіріседі;

3) алдын-ала тергеу жүргізу міндетті болып табылатын істер бойынша анықтау органы шұғыл тергеу іс-әрекеттерін орындағаннан кейін істі алдын-ала тергеу ісін жүргізуге жібереді; осы Кодекстің 285-бабында аталған қылмыстар туралы істер бойынша анықтау жүргізеді.

2. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу кезіндегі қылмыстық қудалау органының іс-әрекеті осы Кодекстің 23-1-тарауымен реттеледі.

Ескерту. 189-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

190-бап. Прокурордың қылмыстық іс қозғаудың заңды болуын қадағалауы

Қылмыстық іс қозғаудың заңды болуын қадағалай отырып, прокурор:

1) анықтаушының, анықтау органының немесе тергеушінің қылмыстық іс қозғау туралы қаулысының күшін жоюға және қылмыстық іс қозғаудан бас тартуға немесе материалдарды қосымша тексеру үшін іс жүргізуге жіберуге;

2) анықтаушының, анықтау органының немесе тергеушінің қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулысының күшін жоюға және қылмыстық іс қозғауға;

3) анықтаушының, анықтау органының немесе тергеушінің қылмыстық іс қозғау туралы қаулысының күшін жоюға және егер қылмыстық іс бойынша тергеу іс-әрекеттері жасалған болса, оны тоқтатуға құқылы.

Ескерту. 190-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 N 346 Заңымен.

23-1-тарау. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу

Ескерту. Кодекс 23-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

190-1-бап. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің негіздері

1. Ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар, сондай-ақ ауыр қылмыстар туралы істер бойынша, егер жинақталған дәлелдемелер арқылы қылмыс фактісі және оны жасаған адам белгілі болса, ол адам дәлелдемелерге, өзінің кінәсін келтірілген зиянның сипаты мен мөлшеріне дау айтпай мойындаған жағдайда, осы тараудың баптарында белгіленген алынып тасталатындарды қоспағанда, осы Кодекстің жалпы ережелері бойынша сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу жүзеге асырылады.

2. Сотқа дейінгі іс жүргізудің жеңілдетілген тәртібі: қылмыстардың ішінде ең болмағанда біреуі аса ауыр болып табылатын қылмыстардың жиынтығына қатысты; кәмелетке толмағандарға және өзінің қорғану құқығын дене немесе психикалық кемістіктеріне байланысты өздері жүзеге асыра алмайтын адамдарға қатысты; сот ісі жүргізілетін тілді меңгермеген адамдарға қатысты; артықшылықтары және қылмыстық қудалауға қарсы иммунитеті бар адамдарға қатысты; бірге қатысушылардың ең болмағанда біреуі өз кінәсін мойындамаған жағдайда; осы Кодекстің 190-2-бабының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде істің барлық мән-жайының жан-жақты және толық зерттелуін қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде; күдіктіні осы Кодекстің 132-бабы негізінде ұстау немесе оған бұлтартпау шараларын қолдану қажет болған кезде қолданылмайды.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар болған ретте алдын ала тергеу немесе анықтау жүргізіледі.

Ескерту. 190-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

190-2-бап. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің тәртібі

1. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу қылмыс туралы арызды немесе хабарламаны тіркеген кезден бастап он тәулікке дейінгі мерзімде іс прокурорға берілгенге дейін аяқталуға тиіс.

Қылмыстардың жиынтығы бойынша материалдар бір іс жүргізуге біріктірілуі мүмкін.

2. Сотқа дейінгі іс жүргізудің жеңілдетілген тәртібі көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтаушы немесе тергеуші жасалған қылмыстың мән-жайларын және оның кінәсін растайтын мән-жайларды анықтайды.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мән-жайларды анықтау үшін тексеріп қарау, алу, сараптама, арыз берушіге, көрген адамдарға және қылмыс

жасаған адамға сұрау салынуы, құжаттар немесе өзге де материалдар талап етіп алынуы, тексерулердің, ревизиялардың, сараптамалардың актілері, аудиторлық қорытындылар, соттылық туралы анықтама, мінездеме, стенограмма, аудио-, бейнежазба материалдары қоса тігілуі мүмкін.

4. Қылмыстық қудалау органдарына жүгінген кезден бастап - арыз берушінің, ал көрген адамдар мен қылмыс жасаған адамның тергеушіге, анықтаушыға немесе анықтау органына шақырылған кезден бастап заң көмегін көрсету үшін қорғаушы шақыртуға құқығы бар.

Арыз берушіге, көрген адамдарға және қылмыс жасаған адамға жасалған қылмыстың белгілі мән-жайлары туралы сұрау салынады. Сұрау салынатын адамдарға олардың өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына қарсы түсінік бермеу құқығы түсіндіріледі. Сұрау салу кезінде дыбыс-, бейне жазба қолданылуы мүмкін.

Қылмыс жасаған адамға сұрау салу кезінде іс бойынша іс жүргізуді сотқа дейінгі жеңілдетілген тәртіппен жүзеге асыру мүмкіндігі және оның құқықтық салдары түсіндіріледі.

Сұрау салу барысында қылмыс жасаған адамға, арыз берушіге және көрген адамдарға олардың шақырту бойынша анықтаушыға, тергеушіге және сотқа келу міндеті түсіндіріледі. Қажет болған жағдайда аталған адамдардан осы Кодекстің 157-бабында белгіленген тәртіппен анықтаушыға, тергеушіге және сотқа келуі туралы міндеттеме алынады.

190-3-бап. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасау және қылмыстық істі прокурорға беру

1. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттама жасаумен аяқталады. Хаттамада: оның жасалған уақыты мен орны; хаттаманы кімнің жасағаны; қылмыс жасаған адам туралы деректер; қылмыстың жасалу мән-жайлары; адамның кінәлілігін растайтын дәлелдемелер; Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстың саралануы (бап, бөлік, тармақ); адамның өз кінәсін мойындағаны және қылмыс арқылы келтірілген зиянның сипаты мен мөлшеріне келіскені көрсетіледі.

Хаттамаға барлық материалдар, сондай-ақ сотқа шақырылуға жататын адамдардың тізімі қоса тігіледі.

2. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын тергеушінің жасауы не оны анықтау органы бастығының бекітуі қылмыстық істің қозғалғанын және қылмыс жасаған адамның айыпталушы деп танылғанын білдіреді.

3. Айыпталушы, ал шақырылған жағдайда оның қорғаушысы да сотқа дейінгі

жеңілдетілген іс жүргізудегі істің материалдарымен таныстырылады. Хаттамаға олардың арыздары мен өтініш хаттары енгізіледі. Хаттаманың көшірмесі айыпталушыға тапсырылады және арыз берушіге жіберіледі.

190-4-бап. Прокурордың сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен келіп түскен қылмыстық іс бойынша іс-әрекеттері

Прокурор сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудегі қылмыстық істі алып, ол бойынша үш тәуліктен кешіктірмей мына іс-әрекеттердің бірін жасайды:

1) сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасына келісім білдіреді және айыпталушыны сотқа береді;

2) алдын ала тергеу немесе анықтау жүргізу үшін жібереді;

3) осы Кодексте көзделген негіздер бойынша жекелеген айыпталушыларға қатысты қылмыстық істі немесе қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы шығарады не айыпталушының іс-әрекеттерін қайта саралайды немесе айыптаудың жекелеген тармақтарын алып тастайды.

24-тарау. Алдын-ала тергеу жүргізудің жалпы шарттары

191-бап. Алдын-ала тергеудің міндеттілігі

1. Алдын-ала тергеуді осы Кодекстің 33-бабының бірінші бөлігінде, 190-1, 285-баптарында көрсетілген қылмыстар туралы істерді қоспағанда, барлық қылмыстық істер бойынша жүргізу міндетті.

2. Алдын ала тергеуді кәмелетке толмағандар немесе өздерінің дене немесе ақыл-ой кемістіктеріне байланысты өздерінің қорғану құқықтарын өздері жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған қылмыстар туралы барлық қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ осы Кодекстің 177-бабының екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген тәртіппен қозғалған қылмыстық істер бойынша жүргізу міндетті.

3. Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, экономикалық тергеу қызметінің тергеушілері, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда, прокурорлар да жүргізеді.

4. Қылмыстық істерді тергелуі бойынша бір органнан екінші органға беру осы Кодекске сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 191-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2009.07.17 N 187-IV, 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

192-бап. Тергелу реті

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 156-163, 165-173, 233, 233-1, 233-2, 233-4, 233-5, 236, 238-240, 243, 244, 247-249-баптарында, 255-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде жаппай қырып-жоятын қаруды, сол сияқты жаппай қырып-жоятын қару жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін материалдарды немесе жабдықтарды ұрлауға не қорқытып алуға қатысты), 306-бабында, 317-1-бабында, 317-2-бабында, 318-бабында, 330-бабында (екінші бөлігінде), 331-бабында (екінші бөлігінде), 367-бабында (үшінші, 3-1 және бесінші бөліктерінде), 368-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 369-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 372-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 373-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 374-бабында (үшінші және төртінші бөліктерінде), 375, 376-баптарында, 381-бабында (үшінші бөлігінде), 382-бабында (екінші бөлігінде), 383-386-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, алдын-ала тергеуді Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеушілері жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің өзге де баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша, егер олардың тергеуі ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеуіне жатқызылған қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізуге тікелей байланысты болса және қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлу мүмкін болмаса, алдын ала тергеуді ұлттық қауіпсіздік органы жүргізуі мүмкін. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 227-2 (екінші және үшінші бөліктерінде), 227-3 (екінші және үшінші бөліктерінде), 227-4 (екінші және үшінші бөліктерінде), 227-5 (екінші және үшінші бөліктерінде), 227-6 (екінші және үшінші бөліктерінде), 227-7 (екінші және үшінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық істер бойынша, егер олар ұлттық электрондық ақпараттық ресурстарға, ұлттық ақпараттық жүйелерге қатысты жасалса, алдын ала тергеуді ұлттық қауіпсіздік органы жүзеге асыруы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96 – 103, 107 (екінші бөлігінде), 112, 113, 114, 116 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 117 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 120 – 122, 124, 125, 126 (екінші және үшінші бөліктерінде), 127, 128 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 131, 132 (екінші және үшінші бөліктерінде), 132-1 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 133, 138, 138-1, 141 (екінші бөлігінде), 142 (екінші бөлігінде), 143, 145 (үшінші бөлігінде), 146 – 153, 155, 174, 175 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 178 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 179, 180, 181 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 183-1, 185 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 186 (екінші бөлігінде), 187 (екінші және үшінші бөліктерінде), 224, 227-2 – 227-10, 229, 230 (екінші бөлігінде), 232, 234, 237, 241, 242, 242-1, 245, 245-1, 246, 246-1, 251 (екінші және үшінші бөліктерінде), 252 (

екінші және үшінші бөліктерінде), 254 (екінші бөлігінде), 255 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 257 (екінші және үшінші бөліктерінде), 259 (1-1, екінші, 2-1, үшінші және төртінші бөліктерінде), 260, 261 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 263 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 264, 267 – 269, 270 (екінші және үшінші бөліктерінде), 271 (екінші және үшінші бөліктерінде), 273-1, 275 (екінші бөлігінде), 275-1 (екінші бөлігінде), 277 – 286, 287 (екінші және үшінші бөліктерінде), 288 (екінші және үшінші бөліктерінде), 289, 292 (екінші бөлігінде), 294, 295, 298 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 299 (екінші және үшінші бөліктерінде), 300 (екінші және үшінші бөліктерінде), 301, 302 (екінші бөлігінде), 303 – 305, 319, 319-1, 320 (екінші бөлігінде), 321 – 322, 327 (үшінші бөлігінде), 330-2 (екінші бөлігінде), 335 – 338-1, 339 (екінші және үшінші бөліктерінде), 340, 341, 343, 358 (екінші бөлігінде), 360 (екінші және үшінші бөліктерінде), 361, 362 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 367 (төртінші бөлігінде), 368 (екінші бөлігінде), 369 (екінші бөлігінде), 370 (үшінші бөлігінде), 373 (екінші бөлігінде), 374 (екінші бөлігінде), 377 (екінші бөлігінде), 381 (екінші бөлігінде), 382 (бірінші бөлігінде), 390 (екінші және үшінші бөліктерінде), 391 (екінші және үшінші бөліктерінде), 392, 393-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ осы Кодекстің 177-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында көзделген тәртіппен қозғалған қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді ішкі істер органдарының тергеушілері жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176 (үшінші бөліктің г) тармағында), 177 (үшінші бөліктің г) тармағында), 177-1 (үшінші бөліктің б) тармағында), 192 (екінші бөліктің в) тармағында), 193 (үшінші бөліктің а) тармағында), 209 (үшінші бөліктің а) тармағында), 226-1 (үшінші бөліктің б) тармағында), 269-1 (үшінші бөліктің в) тармағында), 307, 308, 310 – 315-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тергеушілері жүргізеді.

3-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 (екінші бөлігінде), 191, 192 (бірінші бөлігінде, екінші бөліктің а), б) тармақтарында, үшінші бөлігінде), 192-1, 194 – 196, 199 – 205-3, 206, 209 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің б) тармағында), 213, 214 (екінші бөлігінде), 215 – 220, 221 (екінші бөлігінде), 222 (екінші және үшінші бөліктерінде), 222-1, 226 (екінші бөлігінде), 226-1 (бірінші және екінші бөліктерінде, үшінші бөліктің а) тармағында), 231, 269-1 (бірінші, екінші бөліктерінде, үшінші бөліктің а) және б) тармақтарында)-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді экономикалық тергеу қызметінің тергеушілері жүргізеді.

4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 309, 316, 345, 346, 347, 348 (1-1, 1-2, екінші бөліктерінде), 350-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер

органы немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 141-1, 344, 363-1-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді осы органның қызметкері болып табылмайтын адамға қатысты қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді.

4-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 164 -бабында, 250 - бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 337-1-бабында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғалған ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізеді.

4-2. **Алынып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**
З а ң ы м е н .

4-3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 193 (бірінші, екінші бөліктерінде, үшінші бөліктің б) және в) тармақтарында), 235, 235-1, 235-2, 235-3 , 235-4-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.

4-4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233-3-бабында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ұлттық қауіпсіздік органдары немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.

4-5. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 142 (үшінші бөлігінде), 176 (екінші бөлігінде, үшінші бөліктің б) тармағында, төртінші бөлігінде), 177 (екінші бөлігінде, үшінші бөліктің б) тармағында, төртінші бөлігінде), 177-1 (екінші бөлігінде, үшінші бөліктің а) және в) тармақтарында), 182 (екінші бөлігінде), 183 (екінші және үшінші бөліктерінде), 184, 184-1, 207, 228-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органдары немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176 (төртінші бөлігінде) не 177 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, егер олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176 (үшінші бөліктің г) тармағы) не 177 (үшінші бөліктің г) тармағы)-баптары бойынша көзделген алдын ала тергеу жүргізумен тікелей байланысты болса, алдын ала тергеуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізуі мүмкін.

4-6. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 348 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 349, 351, 352, 353, 354, 355, 356, 357, 363, 364, 365-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала

тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.

4-7. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380, 380-1, 380-2-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді.

5. **Алынып тасталды - ҚР 2004.12.31 N 27 Заңымен.**

6. Белгілі бір істің өз тергеуіне жатпайтынын анықтағанда тергеуші қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап бес тәулік ішінде кейінге қалдыруға болмайтын тергеу іс-әрекетін жүргізуге, содан кейін істі тергелу реті бойынша жіберуі үшін прокурорға тапсыруға міндетті.

7. Бір немесе бірнеше адамды әртүрлі алдын ала тергеу органдарының тергеуіне жататын қылмыстар жасағаны үшін айыптау бойынша істерді бір іс жүргізуге біріктірген кезде тергеу ретін прокурор белгілейді.

Ескерту. 192-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.09 N 307, 2000.05.05 N 47, 2001.03.16 N 163, 2002.02.19 N 295, 2002.12.21 N 363, 2003.09.25 N 484, 2004.12.09 N 10, 2004.12.31 N 27, 2005.07.08 N 67 (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.11.22 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.03.02 N 131, 2007.01.08 N 210, 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 175-IV, 2009.07.10 N 177-IV, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.08 N 225-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.06.14 № 290-IV, 2010.10.06 N 343-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.11 № 385-IV (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.06 N 529-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 21.05.2013 № 95-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық

заңымен; 04.07.2013 № 127-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 N 166-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

193-бап. Алдын ала тергеу жүргізілетін жер

1. Алдын ала тергеу қылмыс жасалған ауданда (облыста) жүргізіледі.
2. Алдын ала тергеу жедел және толық болуы мақсатында қылмыс анықталған орын бойынша, сондай-ақ сезікті, айыпталушы адам немесе куәлардың көпшілігі тұрған жерде жүргізілуі мүмкін.
3. Тергеу іс-әрекеттерінің басқа ауданда (облыста) жүргізу қажет болған жағдайда тергеуші оны тікелей өзі жүргізуге не бұл іс-әрекеттерді жүргізуді сол ауданның (облыстың) тергеушісіне немесе анықтау органына тапсыруға құқылы. Тергеуші іздестіру әрекеттерін немесе жедел іздестіру шараларын жүргізуді алдын ала тергеу жүргізілетін жердегі немесе іс жүргізілетін жердегі анықтау органына тапсыра алады. Тергеушінің тапсырмасы он тәуліктен аспайтын мерзімде орындалуға тиіс.

194-бап. Алдын ала тергеу жүргізудің басталуы

1. Алдын ала тергеу қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шығарылғаннан кейін ғана жүргізіледі.
2. Тергеуші өзі қозғаған немесе өзіне тапсырылған іс бойынша тергеуге дереу кірісуге міндетті. Істі өзінің іс жүргізуіне қабылдағаны туралы тергеуші қаулы шығарады. Егер қылмыстық істі тергеуші қозғаса және өзінің іс жүргізуіне қабылдаса, онда қылмыстық істі қозғау және оны өзінің іс жүргізуіне қабылдау туралы бірыңғай қаулы жасалады. Жоғарыда аталған қаулылардың көшірмелерін тергеуші жиырма төрт сағаттан кешіктірмей прокурорға жібереді.

195-бап. Алдын ала тергеудің аяқталуы

Алдын ала тергеу айыптау қорытындысын жасау не қылмыстық істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберу туралы қаулы, не қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы шығарумен аяқталады.

196-бап. Алдын ала тергеу мерзімі

1. Қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу - қылмыстық іс қозғалған күннен бастап, ал осы Кодекстің 190-4-бабының 2) тармағында, 303-1-бабында көзделген жағдайларда сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің хаттамасы

жасалған күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей аяқталуға тиіс.

2. Алдын ала тергеу мерзіміне іс қозғалған күннен бастап істі айыптау қорытындысымен немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін істі сотқа беру туралы қаулымен бірге прокурорға жіберген күнге дейінгі не іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы қаулы шығарылған күнге дейінгі уақыт енгізіледі.

3. Алдын ала тергеу мерзіміне осы Кодексте көзделген негіздер бойынша алдын ала тергеу тоқтатыла тұрған уақыт, айыпталушы мен оның қорғаушысын қылмыстық іс материалдарымен таныстыру уақыты, сондай-ақ айыпталушының шағымы бойынша талап етілген қылмыстық істің сотта және прокуратурада жатқан уақыты енгізілмейді.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген алдын ала тергеу мерзімін тергеушінің дәлелді қаулысы бойынша:

- істің күрделілігіне байланысты аудандық және оған теңестірілген прокурор - үш айға дейін;

- істің аса күрделі болуына байланысты облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор мен олардың орынбасарлары - алты айға дейін ұзартуы мүмкін.

5. Алдын ала тергеу мерзімін одан әрі ұзартуға тек айрықша жағдайларда істің күрделілігі ескеріле отырып жол беріледі және Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары, Бас әскери прокурор жүзеге асыра алады.

6. Алдын ала тергеудің мерзімін ұзарту туралы қаулыны тергеуші ауданның, облыстың прокурорына және оларға теңестірілген прокурорларға тергеу мерзімі өтпестен бұрын - бес тәуліктен кешіктірмей, Бас Прокурорға, оның орынбасарларына, Бас әскери прокурорға он тәуліктен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

7. Іс қосымша тергеу жүргізу үшін қайтарылған кезде, сондай-ақ уақытша тоқтатыла тұрған немесе қысқартылған іс қайта қозғалған кезде қосымша тергеуді іс тергеушіге түскен кезден бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүргізілуі мүмкін. Мерзімді одан әрі ұзарту осы бапта көзделген тәртіппен жалпы негіздерде жүргізіледі.

8. Қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адам анықталмаған іс бойынша іс жүргізу мерзімдері қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімімен шектеледі.

Ескерту. 196-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

197-бап. Прокурордың алдын ала тергеу барысындағы өкілеттіктері

1. Қылмыстық ізге түсу мен қылмыстық істерді тергеу кезінде заңдылықты қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) оқиға болған жерді қарауға қатысуға, сараптама тағайындауға, сондай-ақ қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешуге қажетті басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы;

2) қылмыстық іс қозғайды немесе оны қозғаудан бас тартады, тергеу іс-әрекеттерін жүргізу туралы, сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметінің материалдарын қылмыстық іске қосу туралы жазбаша нұсқаулар береді;

3) өзі қозғаған қылмыстық істі алдын ала тергеу жүргізу үшін береді;

4) заңдарда көзделген жағдайларда алдын ала тергеу жүргізетін лауазымды адамдардың іс-әрекеттеріне санкция береді;

5) жекелеген тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге қатысады;

6) қылмыстық ізге түсуден иммунитеті бар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін ұйғарым шығарады;

7) алдын ала тергеу органдарынан келіп түскен қылмыстық істі сотқа жібере отырып, істі мәнісі бойынша қарау үшін айыпталушыны сотқа тапсырады;

8) қылмыстық ізге түсу органдарынан тексеру үшін қылмыстық істерді, құжаттарды, материалдарды және жасалған қылмыстар туралы, жедел ізвестіру қызметі, анықтау мен тергеу барысы туралы өзге де мәліметтерді алады;

9) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау, тіркеу, шешу кезінде заңның сақталуын тексереді;

10) анықтаушы мен тергеушінің, сондай-ақ анықтау органы мен тергеу бөлімі бастықтарының заңсыз қаулыларының күшін жояды;

11) тергеу мен анықтау толық болмаған, сондай-ақ тергеу және анықтау барысында заң бұзушылыққа жол берілгені анықталған жағдайда қылмыстық істі қосымша тергеуге жібереді не оны толық көлемінде немесе белгілі бір адамдарға қатысты қысқартады;

12) анықтау органынан қылмыстық істі алып қояды және алдын ала тергеу органына береді; айрықша жағдайларда тергеудің толық және объективті болуын қамтамасыз ету мақсатында алдын ала тергеу органының жазбаша өтініші бойынша не өз бастамашылығымен істі алдын ала тергеудің бір органынан екінші органына береді не өзінің іс жүргізуіне қабылдайды және осы Кодексте белгіленген тергеуде болу ретіне қарамастан, оған тергеу жүргізеді;

13) анықтаушы мен тергеушінің, анықтау және тергеу органдары басшыларының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;

14) алдын ала тергеу, анықтау ісін жүргізуде заң бұзушылықты анықтаған кезде тергеушіні, анықтаушыны қылмыстық істі одан әрі тергеуден шеттетеді;

15) осы Кодексте көзделген жағдайлар мен тәртіпте алдын ала тергеудің мерзімдерін ұзарттады;

16) бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған адамдарды күзетпен ұстаудың заңдарда белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын тексереді;

17) заңдарда көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Прокурордың тергеушіге, тергеу бөлімінің бастығына, анықтау органына, анықтау органының бастығына және анықтаушыға осы Кодексте көзделген тәртіппен берген нұсқаулары міндетті болып табылады, бірақ жоғары тұрған прокурорға шағым жасалуы мүмкін. Жоғары тұрған прокурорға алынған нұсқауларға шағымдану олардың орындалуын тоқтатпайды.

Ескерту. 197-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163 , 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 N 187-IV Заңдарымен.

198-бап. Алдын ала тергеуді тергеушілер тобының жүргізуі

1. Қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу ол күрделі немесе оның көлемі үлкен болған жағдайда тергеушілер тобына (тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы қылмыстық іс қозғау туралы қаулыда көрсетіледі немесе жеке қаулы шығарылады. Бұл туралы шешімді тергеу бөлімінің бастығы қабылдауға құқылы. Қаулыда тергеу жүргізу тапсырылған барлық тергеушілер, оның ішінде топ жетекшісі - тергеуші көрсетілуге тиіс. Сезікті, айыпталушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер мен олардың өкілдері істі тергеушілер тобының тергейтіні туралы қаулымен таныстырылуға тиіс және оларға тергеу тобының жетекшісінен, сондай-ақ топ құрамындағы кез келген тергеушіден бас тарту құқығы түсіндіріледі.

2. Тергеу тобына алдын ала тергеу жүргізетін бірнеше органның тергеушілері енгізілуі мүмкін. Мұндай топты құру туралы шешім прокурордың нұсқауы бойынша да, осы органдардың тергеу бөлімдері бастықтарының бастамашылығы бойынша да қабылдануы мүмкін. Шешім тергеу бөлімдері бастықтарының бірлескен қаулысымен ресімделеді, ол осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып шығарылады.

3. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры ерекше жағдайларда тергеудің толық және объективті еместігі фактілері анықталған, іс күрделі және маңызды болған кезде алдын ала тергеуді жүзеге асыратын бір немесе бірнеше органның тергеушілері арасынан тергеу тобын құра алады, бұл ретте прокурорды осы топтың жетекшісі етіп тағайындап, бұл шешімді өз қаулысымен ресімдейді.

Ескерту. 198-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

199-бап. Тергеу тобы жетекшісінің өкілеттіктері

1. Тергеу тобының жетекшісі қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне қабылдайды, тергеу тобының жұмысын ұйымдастырады, басқа тергеушілердің іс-әрекеттеріне басшылық жасайды.

2. Істерді біріктіру және бөлу, қылмыстық істі толығымен немесе оның бір бөлігін тоқтату, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру немесе қайта жаңғырту туралы, сондай-ақ тергеу мерзімін ұзарту туралы өтініштерді қозғау, бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуды, үйде қамап ұстауды қолдану және оларды ұзарту туралы шешімдерді тергеу тобының жетекшісі ғана қабылдайды.

3. Айыптау қорытындысын және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін істі сотқа жіберу туралы қаулыны тергеу тобының жетекшісі жасайды және оған қол қояды.

4. Тергеу тобының жетекшісі басқа тергеушілер жүргізетін тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға, тергеу іс-әрекеттерін жеке өзі жүргізуге құқылы.

5. Тергеу тобының жетекшісі болып тағайындалған прокурор тергеушінің осы Кодексте көзделген барлық өкілеттіктерін пайдаланады.

Ескерту. 199-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

200-бап. Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүргізу міндетті болып табылатын істер бойынша қызметі

1. Алдын ала тергеу жүргізу міндетті болып табылатын қылмыс белгілері болған кезде анықтау органы қылмыстық іс қозғауға және қылмыстың ізін анықтау мен бекіту жөніндегі кейінге қалдыруға болмайтын тергеу іс-әрекеттерін : қарауды, тінтуді, алуды, куәландыруды, сезіктілерді ұстау мен олардан жауап алуды, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алуды жүргізуге құқылы. Анықтау органы байқалған қылмыс пен қылмыстық іс қозғалғаны туралы прокурорға х а б а р л а й д ы .

2. Кейінге қалдыруға болмайтын тергеу іс-әрекеттерін орындағаннан кейін, бірақ іс қозғалған күннен бастап бес тәуліктен кешіктірмей анықтау органы істі тергеушіге беруге, бұл туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жазбаша х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

3. Істі тергеушіге бергеннен кейін анықтау органы ол бойынша тергеу іс-әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын тек тергеушінің тапсырмасы бойынша ғана жүргізе алады. Қылмыс жасаған адамды анықтау мүмкін болмаған істі тергеушіге берген жағдайда анықтау органы қылмыс жасаған адамды анықтау үшін іздестіру шараларын жүргізуге, тергеушіге нәтижелер туралы хабарлауға міндетті.

201-бап. Тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің жалпы ережелері

1. Тергеуші тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға заңдарда белгіленген адамдарды тарта отырып, олардың жеке басын анықтайды, оларға құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің тәртібін түсіндіреді.

2. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларды қоспағанда, тергеу ісін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді.

3. Тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде техникалық құралдар қолданылуы және қылмыс іздері мен заттай дәлелдерді анықтаудың, бекіту мен алудың ғылыми негізделген әдістері қолданылуы мүмкін.

4. Тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде күш қолдануға, қорқытуға және өзге де заңсыз шараларды қолдануға, сонымен қатар оған қатысушы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызуға жол берілмейді.

5. Тергеуші тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға анықтау органының қызметкерін т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

6. Осы Кодекстің 233-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, 222-бабының он екінші және он үшінші бөліктерінде, 230, 233-баптарында көзделген тергеу іс-әрекеттерін жүргізген кезде куәгерлерді т а р т у м і н д е т т і б о л а д ы .

Қалған тергеу іс-әрекеттері куәгерлердің қатысуынсыз, бірақ барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі.

Барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры тиісті мемлекеттік органдармен келісе отырып айқындайды.

Ескерту. 201-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

202-бап. Алдын ала тергеу барысында шығарылатын қаулылар

Алдын ала тергеу процесінде осы Кодекске сәйкес қандай да бір іс жүргізу шешімін қабылдау кезінде тергеуші қаулы шығарады, онда оның жасалған орны мен уақыты, тергеушінің аты-жөні мен лауазымы, қабылданатын шешімнің мәнісі мен негіздері, қаулының осы Кодекстің қай бабына негізделіп шығарылатыны көрсетіледі. Қаулыға тергеуші қол қояды.

203-бап. Тергеу іс-әрекетінің хаттамасы

1. Тергеу іс-әрекетінің хаттамасы тергеу іс-әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталғаннан кейін бірден жасалады.

2. Хаттама қолмен жазылуы, машинка жазбасы не компьютер арқылы жасалуы мүмкін. Хаттаманың толық болуын қамтамасыз ету үшін стенографиялау, киноға түсіру, дыбыс және бейнежазба қолданылуы мүмкін.

Стенографиялық жазба, дыбыс және бейнежазба материалдары іспен бірге с а қ т а л а д ы .

3. Хаттамада: тергеу іс-әрекетін жүргізу орны мен күні; оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейін дәл; тергеушінің лауазымы мен аты-жөні; тергеу іс-әрекетіне қатысқан әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты, ал қажет болған жағдайда оның мекен-жайы көрсетіледі. Хаттамада іс жүргізу әрекеттері олардың болған ретімен, оларды жүргізу барысында іс үшін мәні бар анықталған жағдайлар, сондай-ақ тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың мәлімдемелері ж а з ы л а д ы .

4. Егер тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде фотосуретке түсіру, киноға түсіру, дыбыс және бейнежазба қолданылса не іздің көшірме бедері мен таңбасы жасалса, сызбалар, схемалар, жоспарлар жасалса, онда хаттамада оны жүргізу барысында қолданылған ғылыми-техникалық құралдар, оларды пайдалану жағдайлары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және алынған нәтижелер көрсетілуге тиіс. Хаттамада бұған қоса ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгені көрсетілуге тиіс.

5. Танысу үшін хаттама тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдарға ұсынылады. Оларға хаттамаға енгізілуге тиіс ескертпе жасау құқығы түсіндіріледі. Хаттамаға енгізілген барлық ескертпелер, толықтырулар, түзетулер көрсетілуге және олар осы адамдардың қол қоюымен куәландырылуға тиіс.

6. Хаттамаға тергеуші, жауап алынған адам, аудармашы, маман, куәгерлер және тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан барлық адамдар қол қояды. Тергеу іс-әрекетінің хаттамасына қол қоюдан бас тартылған немесе қол қою мүмкін болмаған жағдайда бұл фактіні куәландыру осы Кодекстің 126-бабының сегізінші және оныншы бөліктеріне сәйкес жүргізіледі.

7. Хаттамаға тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде орындалған фотографиялық негативтер мен суреттер, кинотаспалар, диапозитивтер, фонограммалар, бейнежазба кассеталары, сызбалар, жоспарлар, схемалар, іздің көшірме бедерлері мен таңбалары қоса тіркеледі.

8. Егер тергеу іс-әрекетін жүргізу барысында маман зерттеу нәтижелері бойынша ресми құжат жасаса, онда бұл құжат хаттамаға қоса тіркеледі, ол туралы хаттамаға тиісті жазу жазылады.

9. Жәбірленушінің, оның өкілінің, куәнің және олардың жақындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет деп санауға негіздер болған кезде тергеуші аталған адамдар қатысып отырған тергеу іс-әрекеті хаттамасында олардың жеке басы туралы деректерді жазбауға құқылы. Бұл жағдайда тергеуші жеке басы туралы деректерді құпия сақтау туралы қабылданған шешімнің себептері жазылған, олардың бүркеншік аттары көрсетілген және ол қатысқан тергеу

іс-әрекетінің хаттамаларында ол қолданатын қол қоюдың үлгілері келтірілген қаулыны шығаруға міндетті. Қаулы бұдан әрі қылмыстық істі тергеген органда сақталатын конвертке салынып, желімделеді, оның ішіндегілермен тергеушіден басқа прокурор және сот таныса алады.

Ескерту. 203-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163 Заңымен.

204-бап. Қылмыс жасауға және басқа да заң бұзушылықтарға ықпал еткен жағдайларды жою жөніндегі ұйғарым

1. Тергеуге дейінгі тексеру барысында немесе қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыс жасауға ықпал еткен мән-жайларды анықтаған қылмыстық қудалау органы тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе оларда басқару қызметін атқаратын адамдарға осы мән-жайларды немесе басқа заң бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұйғарым ұсынуға қ ұ қ ы л ы .

2. Ұйғарым қабылданған шаралар туралы бір ай мерзім ішінде міндетті түрде х а б а р л а й отырып қ а р а л у ғ а тиіс.

Ескерту. 204-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

205-бап. Алдын ала тергеу мен анықтау деректерін жария етуге жол бермеу

1. Алдын ала тергеу деректері жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеу мүдделеріне қайшы келмесе және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзумен байланысты болмаса, онда тек тергеушінің, анықтаушының, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сондай кө л е м д е ж а р и я е т і л у і м ү м к і н .

2. Тергеуші қорғаушыға, куәларға, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сарапшыға, маманға, аудармашыға, куәгерлерге және тергеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа адамдарға өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы аталған адамдардан олардың жауапкершілігін ескерте отырып, қолхат алынады.

25-тарау. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту

206-бап. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту

1. Қылмыс жасады деп айыптау үшін негіз беретін жеткілікті дәлелдемелер болған кезде тергеуші адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы д ә л е л д і қ а у л ы ш ы ғ а р а д ы .

2. Тергеуші айыпталушыға айып тағылған күн туралы хабарлайды және сонымен бір мезгілде оған қорғаушыны шақыру не тергеушіден қорғаушының қатысуын қамтамасыз ету туралы өтіну құқығы түсіндіріледі.

3. Осы Кодекстің ережелеріне сәйкес айып тағу кезінде қорғаушының қатысуы міндетті болып табылатын істер бойынша тергеуші, егер қорғаушыны айыпталушының өзі, оның заңды өкілі не оның тапсырмасы немесе келісімі бойынша басқа адамдар шақырмаса, қорғаушының келуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады.

207-бап. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы

1. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда мыналар көрсетілуге тиіс :

1) оның жасалған уақыты мен орны; қаулыны кім жасаған; айыпталушы ретінде жауапқа тартылатын адамның тегі, аты мен әкесінің аты, оның туған күні, айы, жылы және жері ;

2) айыпталушы айыпталып отырған қылмыстың оның жасалған уақыты, орны көрсетілген сипаттамасы, сондай-ақ осы Кодекстің 117-бабына сәйкес дәлелденуге тиісті өзге де жағдайлардың сипаттамасы;

3) аталған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ) .

2. Бірнеше қылмыс бойынша айыпталған кездегі айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда қылмыстық заңның әрбір бабы (бөліктер, тармақтар) бойынша айыпталушыға қандай нақты іс-әрекеттер таңылатыны көрсетілуге тиіс .

3. Қаулыда адамды тергеліп отырған іс бойынша айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы шешім болуға тиіс.

4. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулының көшірмесі ол шығарылғаннан кейін жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі.

208-бап. Айыпталушының келу міндеттілігі

1. Бостандықта жүрген айыпталушы жазбаша хабарлама-шақыру қағазы арқылы жауап алуға шақырылады. Хабарлама телефонограмма немесе жеделхат арқылы да берілуі мүмкін .

2. Шақыру қағазында айыпталушы ретінде кім, қайда және кімге шақырылатыны, келетін күн мен сағаты, сондай-ақ келмей қалуының салдары көрсетілуге тиіс .

3. Шақыру қағазы айыпталушыдан қолхат алып тапсырылады, ал ол уақытша болмаған жағдайда айыпталушыға беруі үшін шақыру қағазы кәмелетке толған отбасы мүшесіне тапсырылады немесе тұрғылықты жеріндегі тұрғын үй-пайдалану ұйымына немесе әкімшілікке не жұмыс орнындағы әкімшілікке беріледі, олар жауап алуға шақырылып отырған айыпталушыға шақыру қағазын

беруге міндетті. Айыпталушы басқа да байланыс құралдарын пайдалана отырып шақыртылуы мүмкін. Айыпталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болған және ол тергеу органдарына келуден жалтарған жағдайда, алдын ала тергеу органы республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ жалпы жұрттың қолы жететін телекоммуникация желілерінде, ал оның тұрып жатқан жері белгілі болған жағдайда айыпталушының тұрып жатқан жері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлама жариялауға құқылы.

4. Бостандықта жүрген айыпталушы тергеушінің шақыртуы бойынша белгіленген мерзімде келуге міндетті.

5. Тергеушінің шақыртуы бойынша айыпталушының келмей қалуына мыналар дәлелді себеп деп танылады:

1) айыпталушының келуіне мүмкіндік бермейтін ауру;

2) жақын туыстарының қайтыс болуы;

3) дүлей апаттар;

4) шақыру қағазының /хабарламаның/ қолына тимеуі;

5) айыпталушының белгіленген мерзімде келуіне мүмкіндік бермейтін өзге жағдайлар.

6. Айыпталушы белгіленген мерзімде келмей қалу себептері туралы тергеушіге хабарлауға міндетті.

7. Дәлелсіз себептермен келмей қалған жағдайда айыпталушы айдап әкелінуі мүмкін.

8. Күзетпен ұстауда жүрген айыпталушы қамау орнының әкімшілігі арқылы шақыртылады.

Ескерту. 208-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163 Заңымен.

209-бап. Айып тағу

1. Айып, егер қорғаушының қатысуы заң бойынша міндетті болса немесе бұл туралы айыпталушы өтініш білдірген болса, қорғаушының көзінше және адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шығарылған кезден бастап үш тәуліктен кешіктірілмей тағылады. Айыпталушы немесе оның қорғаушысы келмей қалған жағдайда айып үш тәулік өткеннен кейін де тағылады.

2. Айдап әкелінген айыпталушыға айып айдап әкелінген күні тағылады. Бұл ретте тергеуші айып тағу кезінде қорғаушының қатысуы заң бойынша міндетті болған жағдайларда қорғаушының қатысуын қамтамасыз ету шараларын қолдануға тиіс.

3. Тергеуші айыпталушының жеке басын анықтағаннан және қорғаушының қорғауды жүргізу тапсырмасын тексергеннен кейін айыпталушыға және оның қорғаушысына айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыны хабарлайды.

4. Тергеуші айыпталушыға тағылып отырған айыптың мәнісін түсіндіруге міндетті.

5. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көрсетілген іс-әрекеттерді орындау айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыға айып тағудың күні мен сағатын көрсете отырып айыпталушының, қорғаушының және тергеушінің қол қоюы мен куәландырылады.

6. Айыпталушы қол қоюдан бас тартқан жағдайда, егер ол айып тағылған кезде қатысқан болса, тергеуші және қорғаушы айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда қаулының мәтіні айыпталушыға жарияланғанын куәландырады.

7. Айыпталушыға оны айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулының көшірмесі тапсырылады.

8. Айыпталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болған және ол алдын ала тергеу органына келуден жалтарған жағдайда - тергеуші, ал қорғаушы келген жағдайда қорғаушы да, айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда оның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болуына және алдын ала тергеу органына келуден жалтаруына байланысты айыпталушыға айыпты жариялау мүмкін еместігін куәландырады.

Егер айыпталушының тұрып жатқан жері алдын ала тергеу органына белгілі болса, айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулының көшірмесі оған байланыс құралдары пайдаланыла отырып, соның ішінде почта арқылы жіберіледі. Қажет болған жағдайда алдын ала тергеу органы республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, айыпталушының тұрып жатқан жері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ жалпы жұрттың қолы жететін телекоммуникация желілерінде айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы хабарлама жариялауды ұйымдастыруға құқылы.

Ескерту. 209-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163 Заңымен.

210-бап. Айып тағуды өзгерту мен толықтыру. Қылмыстық ізге түсуді айып тағу бөлігінде қысқарту

1. Егер алдын-ала тергеу кезінде тағылған айыпты өзгертуге немесе оны толықтыруға негіздер пайда болса, тергеуші осы Кодекстің 207-бабының талаптарын сақтай отырып, айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы жаңа қаулы шығаруға және оны айыпталушыға осы Кодекстің 208-209-баптарында белгіленген тәртіп бойынша ұсынуға міндетті.

2. Егер алдын ала тергеу барысында тағылған айыптың әлде бір бөлігі расталмаса, тергеуші өзінің қаулысы арқылы осы бөлік бойынша қылмыстық ізге түсуді қысқартады, қабылданған шешімнің көшірмелерін тапсыра отырып, бұл туралы айыпталушыға және процестің басқа да қатысушыларына хабарлайды.

26-тарау. Жауап алу және беттестіру

211-бап. Жауап алуға шақыру тәртібі

1. Куә, жәбірленуші, сондай-ақ бостандықта жүрген сезікті, айыпталушы жауап алуға олардан қолхат ала отырып тапсырылатын хабарлау қағазы арқылы шақыртылады, ал олар болмаған жағдайда кәметке толған отбасы мүшелерінің, көршілерінің, жергілікті атқарушы орган өкілдерінің бірі арқылы немесе олардың жұмыс немесе оқу орындарының әкімшілігі арқылы тапсырылады. Жауап алынатын адам өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып шақыртылуы мүмкін.

2. Хабарлау қағазында кімнің және кім ретінде, кімге және қандай мекен жай бойынша шақыртылатыны, жауап алуға келетін уақыт (күні, сағаты), сондай-ақ дәлелсіз себептермен келмеудің салдары көрсетіледі.

3. Кәметке толмаған адам оның ата-анасы немесе өзге заңды өкілдері арқылы шақыртылады.

4. Күзетпен ұстаудағы сезікті және айыпталушы жауап алуға ол күзетте ұсталып отырған орынның әкімшілігі арқылы шақыртылады.

212-бап. Жауап алудың орны мен уақыты

1. Жауап алу алдын ала тергеу өтетін жерде жүргізіледі. Тергеуші қажет деп тапқан жағдайда жауап алуды жауап алынатын адам тұратын жерде жүргізуге құқылы.

2. Жауап алу кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлардан басқасында күндізгі уақытта жүргізіледі.

3. Жауап алу үзіліссіз төрт сағаттан артық жүргізілмеуге тиіс. Жауап алуды демалу мен ас ішуге арналған кемінде бір сағат үзілістен кейін жалғастыруға жол беріледі, мұның өзінде жауап алудың бір күн ішіндегі жалпы ұзақтығы сегіз сағаттан аспауға тиіс. Медициналық дәлелдер болған жағдайда жауап алудың ұзақтығы дәрігердің жазбаша қорытындысының негізінде белгіленеді.

213-бап. Жауап алуды жүргізудің жалпы ережелері

1. Жауап алудың алдында тергеуші жауап алынатын адамның жеке басын анықтауға тиіс. Егер жауап алынатын адамның іс бойынша іс жүргізіліп отырған тілді білетіндігіне күмән туса, оның қай тілде жауап бергісі келетіні анықталады.

2. Жауап алуға шақырылған адамға одан кім ретінде, қандай қылмыстық іс бойынша жауап алынатыны хабарланады, осы Кодексте көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады.

3. Жауап алу жауап алынатын адамға іс бойынша өзіне белгілі мән-жайларды айтуды ұсынудан басталады. Егер жауап алынатын адам іске мүлде қатысы жоқ мән-жайлар туралы айтса, оған бұл туралы ескертілуге тиіс.

4. Еркін баяндау аяқталғаннан кейін жауап алынып отырған адамға айғақтарды нақтылау мен толықтыруға бағытталған сұрақтар қойылуы мүмкін. Жетектеуші сұрақтар қоюға тыйым салынады.

5. Егер айғақтар цифрлық деректермен немесе есте сақтау қиын өзге мәліметтермен байланысты болса, жауап алынатын адам өзінің өтініші бойынша немесе оның келісімімен хаттамаға қоса тіркелуі мүмкін құжаттар мен жазбаларды пайдалануға құқылы.

6. Жауап алу барысында тергеуші жауап алынып отырған адамға заттай дәлелдер мен құжаттарды көрсете алады, ал еркін баяндау аяқталғаннан кейін қылмыстық іс материалдарындағы айғақтарды жария ете алады, дыбыс және бейнежазбаларды немесе кино түсіру материалдарын тыңдатып, көрсете алады.

7. Мылқау немесе саңырау куәдан, жәбірленушіден, сезіктіден, айыпталушыдан жауап алу оның белгілерін түсінетін және онымен белгілер арқылы сөйлесе алатын адамның қатысуымен жүзеге асырылады. Мұндай адамның жауап алуға қатысуы хаттамада көрсетіледі.

8. Жауап алынатын адамның психикалық немесе өзге ауыр науқасы болғанда одан жауап алу дәрігердің рұқсатымен және оның қатысуымен жүзеге асырылады.

9. Тергелетін істің мән-жайлары бойынша бұрын берілген айғақтарды нақтылау немесе толықтыру қажеттілігі пайда болған жағдайда қайтадан (қосымша) жауап алу жүргізілуі мүмкін.

214-бап. Куә мен жәбірленушіден жауап алу

1. Бір іс бойынша шақырылған куәлардан, жәбірленушілерден басқа куәлардан және жәбірленушілерден бөлек жауап алынады. Тергеуші бір іс бойынша шақырылған куәлар, жәбірленушілер жауап алу басталғанға дейін өзара сөйлеспейтіндей шаралар қолданады.

2. Жауап алу алдында тергеуші куәнің, жәбірленушінің айыпталушыға немесе сезіктіге қандай қатысы бар екенін анықтайды, оларға іс жүргізудегі құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, айғақ беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауапкершілігі туралы ескертеді. Бұл ретте тергеуші куәгерге, жәбірленушіге өзінің, ерінің (зайыбының), жақын туыстарының, қылмыс жасағанын ашатын, сондай-ақ діни қызметшіге тәубе үстінде оған ішкі сырын сеніп ашқан адамдарға қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқығы бар екенін түсіндіруге міндетті. Бұл құқықты пайдаланбаған куә, жәбірленуші көрінеу жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі.

3. Басқа жағдайда куә мен жәбірленушіден жауап алу осы Кодекстің 213-бабының ережелері бойынша жүргізіледі.

215-бап. Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктері

1. Он төрт жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін, ал тергеушінің қалауы бойынша он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін педагог шақыртылады.

Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу кезінде оның заңды өкілдері қатысуға құқылы.

2. Он алты жасқа дейінгі куәлар мен жәбірленушілерге айғақ беруден бас тартқаны үшін және көрінеу жалған айғақ бергені үшін жауапкершілік туралы ескертілмейді. Мұндай куәлар мен жәбірленушілерге іс жүргізудегі құқықтары мен міндеттері түсіндірілген кезде оларға тек шындықты ғана айтудың қажет екені атап көрсетіледі. Кәмелетке толмаған куә мен жәбірленушіге өздерінің немесе жақын туыстарының қылмыс жасағанын ашатын айғақтар беруден бас тарту құқығы түсіндіріледі.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген жауап алуға қатысушы адамдарға хаттамаға енгізілуге тиісті жауап алынып отырған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылық туралы ескертпелер беру, сондай-ақ тергеушінің рұқсатымен жауап алынып отырған адамға сұрақ қою құқығы түсіндіріледі. Тергеуші сұрақ қоюды қабылдамауға құқылы, бірақ оны хаттамаға енгізуге және қабылдамаудың себебін көрсетуге тиіс.

216-бап. Сезіктіден жауап алу

1. Сезіктіден жауап алу ол ұсталған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде осы Кодекстің 134-бабында көзделген тәртіппен немесе оған бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулы жарияланған кезден бастап жүргізіледі.

2. Егер сезікті ұсталған немесе күзетпен қамауға алынған болса, ол өз айғақтарын қорғаушының қатысуымен баяндауға құқылы. Қорғаушының қатысуын тез арада қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда тергеуші оның қатысуын сезікті ұсталғаннан немесе ол күзетпен қамауға алынғаннан кейінгі жиырма төрт сағаттан кешіктірмей қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жауап алу басталар алдында тергеуші сезіктіге сезік келтірудің мәнісін хабарлайды, сондай-ақ оған айғақ беруден бас тарту құқығын қоса, құқықтарын түсіндіреді.

4. Жауап алу сезіктіге күмән туралы және өзінің пікірінше іс үшін маңызы бар басқа барлық мән-жайлар бойынша айғақтар беруін ұсынудан басталады.

4-1. Осы Кодекстің 73-бабының екінші бөлігінің ережелерін ескере отырып, осы Кодекстің 71-бабында көзделген жағдайларда қорғаушының қатысуы міндетті.

5. Қалған жағдайларда сезіктіден жауап алу осы Кодексте айыпталушыдан жауап алу үшін көзделген ережелер бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 216-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

217-бап. Айыпталушыдан жауап алу

1. Айыпталушыдан жауап алуды тергеуші айып тағылғаннан кейінгі жиырма төрт сағаттан кешіктірмей, ал айыпталушы келуден жалтарған жағдайда немесе

оған іздеу салынған жағдайда ол айдап әкелінгеннен немесе ұсталғаннан кейін
д е р е у ж ү р г і з е д і .

2. Жауап алу басталар алдында тергеуші айыпталушыға оның айғақ беруден бас тарту құқығын түсіндіреді және айыпталушының айтқандары оның өзіне қарсы пайдаланылуы мүмкін екенін хабарлайды. Айыпталушы айғақ беруден бас тартқан жағдайда одан жауап алу хаттамасында бұл туралы белгі қойылады.

3. Бір іс бойынша шақырылған айыпталушылардан жеке-жеке жауап алынады , бұл орайда тергеуші олар өзара сөйлеспейтіндей шаралар қолданады.

4. Осы Кодекстің 73-бабының екінші бөлігінің ережелерін ескере отырып, осы Кодекстің 71-бабында көзделген жағдайларда қорғаушының қатысуы
м і н д е т т і б о л а д ы .

5. Жауап алудың басында тергеуші оған тағылған айыптың мәнісін түсіндіре отырып, ол тағылған айып бойынша өзінің толық немесе ішінара кінәлі екенін мойындайтынын не өз кінәсін теріске шығаратынын анықтайды. Егер айыпталушы жауап бермесе, онда ол өзінің кінәлі екенін мойындамады деп
е с е п т е л е д і .

6. Айыпталушының тағылған айыпқа көзқарасын анықтағаннан кейін оған тергеуші тағылған айып пен іс үшін маңызы болуы мүмкін басқа жағдайлар бойынша айғақтар беруді ұсынады.

7. Қалған жағдайда айыпталушыдан жауап алу осы Кодекстің 213-бабының ережелері бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 217-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

218-бап. Жауап алу хаттамасы

1. Жауап алудың барысы мен нәтижелері осы Кодекстің 203-бабының талаптарын сақтай отырып жасалған хаттамада көрсетіледі. Айғақтар бірінші жақтан және мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады. Ондағы сұрақтар мен жауаптар жауап алу кезіндегі реті бойынша жазылады. Хаттамада жауап алуға қатысқан адамдардың тергеуші қабылдамаған сұрақтары да немесе жауап алынып отырған адам жауап беруден бас тартқан сұрақтар да, оларды қабылдамаудың немесе олардан бас тартудың себептері көрсетіле отырып, көрініс табуға тиіс.

2. Бірінші жауап алу хаттамасында жауап алынып отырған адамның жеке басы туралы деректер, соның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты, туған уақыты мен жері, азаматтығы, ұлты, білімі, отбасылық жағдайы, жұмыс орны, жұмысының түрі немесе лауазымы, тұратын жері, сондай-ақ істің мән-жайы бойынша қажет болатын басқа мәліметтер көрсетіледі. Сезіктіден, айыпталушыдан жауап алу хаттамасында бұрын сотталғаны немесе сотталмағаны туралы көрсетіледі. Бұдан кейінгі жауап алуларда жауап алынып отырған адамның жеке басы туралы деректерді, егер олар өзгермеген болса, оның аты-жөнін көрсетумен шектеуге

б о л а д ы .

3. Заттай дәлелдер мен құжаттарды көрсету, хаттамаларды жариялау және тергеу іс-әрекеттерінің дыбыс- және бейнежазбаларын, киноға түсірілуін, сондай-ақ осыған байланысты жауап алынушы берген айғақтарды көрсету міндетті түрде хаттамада жазылуға тиіс.

4. Жауап алынып отырған адам тергеу іс-әрекеті барысында схемалар, сызбалар, суреттер, диаграммалар жасай алады, олар хаттамаға қоса тігіліп, хаттамада ол туралы белгі қойылады.

5. Еркін баяндаудан кейін жауап алынып отырған адам айғақтарын өз қолымен жазуға құқылы. Жауап алынатын адам өз қолымен жазып, оған қол қойғаннан кейін тергеуші толықтыратын және нақтылайтын сұрақтар қоя алады.

6. Жауап алу аяқталғаннан кейін хаттама оқып шығу үшін жауап алынып отырған адамға ұсынылады не оның өтініші бойынша дауыстап оқылады. Жауап алынып отырған адамның хаттамаға толықтыру мен нақтылау енгізу туралы талабы міндетті түрде орындалуға тиіс.

7. Айғақтармен таныстыру фактісі және олардың дұрыс жазылғанын жауап алынып отырған адам хаттаманың соңында өз қолын қою арқылы куәландырады. Жауап алынып отырған адам сонымен қатар хаттаманың әрбір бетіне қол қояды. Жауап алынып отырған адам хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда тергеуші бас тарту себептерін анықтайды, оларды хаттамаға енгізеді және хаттаманы өзі қол қойып куәландырады.

8. Егер жауап алынып отырған адам тән кемістігіне немесе өзге себептерге байланысты хаттамаға өзі қол қоя алмайтын болса, оның өтініші бойынша хаттамаға қорғаушы, жауап алынып отырған адам сенетін өкіл немесе өзге адам қол қояды, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

9. Егер жауап алуға аудармашы қатысса, онда ол да хаттаманың әрбір бетіне және тұтас хаттамаға қол қояды. Ол жауап алынатын адамның өз қолымен жазған айғақтарының аудармасына да қол қояды.

10. Хаттамада жауап алуға қатысқан барлық адам көрсетіледі. Олардың әрқайсысы хаттамаға қол қоюға тиіс.

219-бап. Жауап алу кезінде дыбыс және бейне жазбаны қолдану

1. Тергеушінің шешімі бойынша, сондай-ақ айыпталушының, сезіктінің, куәнің немесе жәбірленушінің өтініші бойынша жауап алу кезінде дыбыс және бейне жазба қолданылуы мүмкін.

2. Тергеуші дыбыс және бейне жазба туралы шешім қабылдайды және бұл туралы жауап алынатын адамға жауап алу басталғанға дейін хабарлайды.

3. Дыбыс және бейне жазба жауап алудың барысын толығымен бейнелеуге және жауап алынатын адамдардың айғақтарын толық қамтуға тиіс. Жауап

алудың бір бөлігін дыбыс және бейне жазбаға түсіруге, сондай-ақ сол жауап алудың барысында берілген айғақтарды жазып алу үшін арнайы қайталауға жол берілмейді.

4. Жауап алу аяқталғаннан кейін дыбыс және бейне жазба толығымен жауап алынып отырған адамға тыңдатылып, көрсетіледі. Жауап алынып отырған адамның дыбыс- және бейне жазбаға толықтыру ретіндегі айғақтары да дыбыс және бейне жазбаға толықтыру ретіндегі айғақтары да дыбыс жазу мен бейне жазуға енгізіледі. Дыбыс және бейнежазба жауап алынатын адамның бұл жазбалардың дұрыстығын куәландыратын мәлімдемесімен аяқталады.

5. Дыбыс және бейне жазба қолданылған жауап алу барысында алынған айғақтар жауап алу хаттамасына енгізіледі. Жауап алу хаттамасы сондай-ақ дыбыс және бейне жазба қолданылғаны және ол туралы жауап алынып отырған адамға хабарланғаны туралы белгіні; техникалық құралдар, дыбыс және бейне жазба шарттары мен оны тоқтата тұру фактілері, тоқтатудың себептері мен ұзақтығы туралы мәліметтерді; жауап алынып отырған адамның дыбыс және бейне жазбаны қолдану жөніндегі мәлімдемесін; дыбыс жазбасының жауап алынып отырған адамға тыңдатылғаны туралы белгіні; жауап алынып отырған адамның және тергеушінің хаттама мен дыбыс және бейне жазбаның қолданылуы жөніндегі мәлімдемесін қамтуға тиіс. Дыбыс жазба мен бейне жазба іспен бірге сақталады және алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін олар мөрмен бекітіледі.

6. Айғақтардың дыбыс және бейне жазбасы басқа тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде тыңдатылып, көрсетілген жағдайда тергеуші бұл туралы тиісті тергеу іс-әрекетінің хаттамасында көрсетуге міндетті.

220-бап. Беттестіру

1. Егер бұрын жауап алынған екі адамның көрсетпелерінде елеулі қайшылықтар болса, тергеуші осы қайшылықтардың себебін анықтау үшін оларды беттестіреді.

2. Беттестіруге осы Кодексте көзделген жағдайларда қорғаушы, педагог, дәрігер, аудармашы және жауап алынып отырған адамның заңды өкілі қатыса алады.

3. Беттестірудің басында беттестіріліп отырған адамдардың бірін-бірі білетін-білмейтіндігі және олардың арасында қандай қарым-қатынас бар екені анықталады. Куә мен жәбірленушіге айғақ беруден бас тартқаны, айғақ беруден жалтарғаны және көрінеу жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі, сондай-ақ оларға өзіне, еріне (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына, ал діни қызметшілерге, - тәубе үстінде өздеріне ішкі сырын сеніп ашқан адамдарға қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндіріледі.

4. Беттестіруге шақырылған адамдарға анықтау үшін беттестіру жүргізіліп

отырған істің жайы туралы айғақ беру кезек бойынша ұсынылады. Мұнан соң тергеуші сұрақ қояды. Беттестіруге шақырылған адамдар тергеушінің рұқсатымен бір-біріне сұрақ қоя алады.

5. Беттестіру кезінде тергеуші іске қоса тігілген заттай дәлелдер мен құжаттарды көрсетуге құқылы.

6. Беттестіруге қатысқандардың алдыңғы жауап алулардағы айғақтарын жария етуге олар беттестіруде айғақ бергеннен кейін және ол айғақтар хаттамаға енгізілгеннен кейін рұқсат беріледі.

7. Беттестірудің барысы мен нәтижелері осы Кодекстің 203-бабында көзделген ережелер бойынша жасалатын хаттамада көрсетіледі.

8. Тергеуші беттестіруге қатысушы адамдарды хаттаманың мазмұнымен таныстырады. Жауап алынған адамдар хаттамаға түзетулер мен толықтырулар енгізуді талап етуге құқылы. Беттестіру хаттамасына тергеуші және жауап алынған адамдар қол қояды. Әрбір жауап алынған адам өз айғақтарына және хаттаманың әрбір бетіне қол қояды.

27-тарау. Тексеру, эксгумация және куәландыру

221-бап. Тексеру

1. Қылмыс ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ іс үшін маңызы бар жағдайларды айқындау мақсатында тергеуші, ал ол жоқ болған жағдайда анықтаушы немесе қылмыс туралы арыз немесе хабар түскен анықтау органының лауазымы жағынан жоғары қызметкері жерді, үй-жайларды, заттарды, құжаттарды, көзі тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды тексереді. Тексеруді жүзеге асыратын адамның нұсқаулары сол тергеу іс-әрекетіне қатысушылардың б а р л ы ғы ү ш і н м і н д е т т і .

2. Қылмыстық істі қозғау туралы шешім шығару тексеруді жүргізбейінше мүмкін болмайтын жағдайларда ол қылмыстық іс қозғалғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

222-бап. Тексеру жүргізудің жалпы ережелері

1. Тексеру бұған қажеттілік пайда болған кезде, әдетте, кейінге қалдырылмай жү р г і з і л е д і .

2. Қылмысты ашу үшін тергеу талап етілетін қылмыс туралы арыз немесе хабар алғаннан кейін тергеуші оқиға болған жерге дереу келіп, тексеру жүргізуге т и і с .

3. Тергеуші уақытында келе алмайтын жағдайда тексеруді анықтаушы немесе арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органының лауазымы жағынан жоғары қ ы з м е т к е р і жү р г і з е д і .

4. Анықтау органының қызметкерлері тексеру жүргізген кезде жәрдемдесуге

және тергеушінің тапсырмасы бойынша оқиға болған жерді күзету, көрген адамдарды анықтау, қылмыс жасаған адамдарды анықтау және ұстау, зардап шеккендерді көшіру, қаза болғандарды тасымалдау, жалғасып жатқан қылмыстылардың жолын кесу және олардың қайталануының алдын алу, оқиғаның өзге зардаптарын жою жөніндегі қажетті шараларды жүргізуге м і н д е т т і .

5. Қарап-тексеру оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолданыла отырып, ал осы баптың он екінші және он үшінші бөліктерінде көзделген жағдайда – куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі.

тоғызыншы бөліктегі «тергеуші мен куәгерлердің» деген сөздер «тергеушінің және куәгерлер тартылған кезде олардың» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. Қажет болған жағдайда тексеру сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі.

7. Байқалған іздерді және өзге де материалдық объектілерді тексеру тергеу іс-әрекеті жүргізілетін жерде өтеді. Егер тексеруге ұзақ уақыт қажет болса немесе қылмыс анықталған жерде тексеру елеулі түрде қиын болса, объектілер ол жерден алынып, буып-түйіліп, мөрмен бекітіліп және бүлінбеген күйде тексеруге ыңғайлы басқа жерге жеткізілуге тиіс.

8. Тексеру кезінде анықталғанның және алынғанның бәрі куәгерлерге, басқа да тексеруге қатысушыларға көрсетілуі тиіс, бұл туралы хаттамада белгі ж а с а л а д ы .

9. Іске қатысы бар объектілер ғана алынуға жатады. Алынған объектілер буып-түйіледі, мөрмен бекітіледі және тергеуші мен куәгерлердің қол қоюы а р қ ы л ы р а с т а л а д ы .

10. Тексеруге қатысушы адамдар тергеушінің назарын өз пікірлерінше істің мән-жайын анықтауға ықпал ететін жәйттің бәріне аударуға құқылы.

11. Қажет болған жағдайларда тексерілетін объектілерге өлшеу жүргізіліп, олардың жоспарлары мен схемалары жасалады, сондай-ақ суретке түсіру және өзге құралдармен бейнелеу жүргізіледі, бұл туралы хаттамада белгі қойылып, оған аталған материалдар қоса тігіледі.

12. Тұрғын үйді тексеру тек онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісімімен немесе прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе психикалық немесе өзге ауыр науқастан зардап шегетіні белгілі болса немесе тексеруге қарсы болса, тергеуші прокурордың санкциясы алынуға тиіс мәжбүрлеп тексеру туралы қаулы шығарады. Прокурор санкция беруден бас тартқан жағдайда тексеру жү р г і з і л м е й д і .

13. Егер оқиға тұрғын үйде болса және оны тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үйді тексеру тергеушінің қаулысы бойынша жүргізілуі

мүмкін, бірақ кейін оның заңды екенін тексеру үшін жүргізілген тексеру туралы бір тәулік мерзімде прокурорға хабарланады. Аталған хабарды алғаннан кейін прокурор тексерудің заңды екенін тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады. Тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда бұл іс-әрекет іс бойынша дәлел ретінде жіберіле алмайды.

14. Тұрғын үйді тексеру кезінде онда тұратын кәмелетке толған адамның болуы қамтамасыз етілуге тиіс. Оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда жергілікті атқарушы органның өкілдері шақырылады.

15. Ұйымның үй-жайлары мен аумағындағы тексеру олардың әкімшілік өкілдерінің көзінше жүргізіледі.

16. Дипломатиялық өкілдіктер орналасқан үй-жайлардағы, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен олардың отбасылары тұратын үй-жайларды тексеру тек дипломатиялық өкілдік басшысының немесе оның орнындағы адамның өтініші бойынша немесе олардың келісімімен және олардың көзінше жүргізіледі. Дипломатиялық өкілдің келісіміне Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы сұрау салынады. Тексеру жүргізілген кезде прокурордың және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі өкілінің қатысуы міндетті.

17. Егер әлде бір себептер бойынша бірінші тексеруде объектінің бөліктері зерттелмеген болса, оларды қосымша тексеру жүргізілуі мүмкін.

18. Бір объектіні қайталап тексеру:

1) бастапқы тексерудің жағдайы объектіні тиімді тану үшін қолайсыз болған жағдайда ;

2) бастапқы тексеруден кейін жаңа мәліметтер алынуы мүмкін болған жағдайда ;

3) бастапқы тексеру сапасыз жүргізілген жағдайда жүргізіледі.

Ескерту. 222-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

223-бап. Заттай дәлелдерді тексеру және сақтау

1. Оқиға болған жерді тексеру кезінде жерді немесе үй-жайды тінту, шығарып алу, тергеу эксперименті немесе басқа тергеу іс-әрекеті кезінде алынған не тергеушінің талап етуі бойынша ұйымдар және азаматтар берген заттар осы Кодекстің 222-бабының ережелері бойынша тексеруге жатады. Аталған заттар тексергеннен кейін осы Кодекстің 121-бабының ережелеріне сәйкес заттай дәлелдер деп танылуы мүмкін.

2. Затты тергеуші заттай дәлел ретінде тану және оны іске қосып тіркеу

туралы қаулы шығарады. Осы қаулыда заттай дәлелді іспен бірге қалдыру немесе оны иесіне немесе өзге адамдар мен ұйымдарға сақтауға өткізу туралы мәселе ш е ш і л у г е т и і с .

3. Егер заттар ауқымды болуына немесе өзге де себептерге байланысты қылмыстық іспен бірге сақтауға келмесе, олар фотосурет немесе бейнежазба құралдарымен түсіріп алынуға, мүмкіндігінше мөрмен бекітілуге және тергеуші көрсеткен орында сақталуға тиіс. Іске заттай дәлелдің үлгісі қоса тіркелуі мүмкін . Заттай дәлелдің жатқан жері туралы істе тиісті анықтама болуы тиіс.

Тергеу және анықтау органдары алып қойған ұлттық және шетел валютасы түріндегі ақшалай қаражат қылмыстық процесті жүргізуші органның депозиттік ш о т ы н а с а л ы н а д ы .

4. Тез бұзылатын заттай дәлелдер, егер олар иесіне қайтарылмайтындай болса , жергілікті атқарушы орган айқындайтын тиісті ұйымдарға мақсатына сай пайдалануға не алынған сомаларды қылмыстық істі жүргізуші органның депозитіне енгізе отырып сатуға өткізіледі. Сақталуы айтарлықтай материалдық шығын жұмсауды қажет ететін заттай дәлелдемелер, егер иесіне қайтарылып берілуі мүмкін болмаса оның келісімімен алынған соманы қылмыстық процесті жүргізуші органның депозитіне сала отырып, заңдарда белгіленген тәртіппен сатылады. Негіздер болған жағдайда пайдаланылған немесе сатылған заттай дәлелдемелер сол секілді және сондай сападағы заттармен қайтарылып беріледі немесе иесіне олардың құны сот шешімі бойынша мемлекеттік бюджет есебінен т ө л е н е д і .

Әрбір атауы (түрі) бойынша өте ірі мөлшерге жатқызудың белгіленген шегінен асатын мөлшердегі есірткі, психотроптық заттар сот сараптамасы жүргізілгеннен кейін, заттай дәлелдер деп танылып, іске үлгі ретінде қоса тіркелгендерді қоспағанда, қылмыстың қудалау органы қаулысының негізінде прокурордың келісімімен Үкімет белгілеген тәртіппен жойылуға тиіс.

Оларды қылмыстық іске қоса тіркеу үшін анықтау органы, тергеуші прокурормен келісілген тиісті қаулының негізінде міндетті түрде маманды қатыстыра отырып және бейнежазбаны қолданып, алып қойылған есірткі, психотроптық заттардың жалпы көлемінен әрбір атауы (түрі) бойынша тиісті есірткі, психотроптық заттар үшін заңда белгіленген өте ірі шамаға тең мөлшерде үлгілер таңдап алуға тиіс.

5. Анықтау органы істі тергеушіге берген кезде немесе ол бір анықтау органынан екінші анықтау органына, не бір тергеушіден екіншісіне берілген ретте, сонымен қатар іс прокурорға және сотқа жіберілгенде заттай дәлелдер осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделгеннен басқа жағдайларда белгіленген тәртіпке сәйкес бірге жөнелтіледі. Заттай дәлелдер буып-түйілген және мөрмен бекітілген күйінде оларды даралайтын белгілері көрсетілген

тізімдеумен бірге беріледі.

6. Қылмыстық іс тергеу сатысында тоқтатылған кезде заттай дәлелдер туралы мәселе осы Кодекстің 121-бабы үшінші бөлігінің ережелері бойынша шешіледі.

Ескерту. 223-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 , 2001.07.11 N 238 , 2007.01.08 N 210 , 2008.06.27 N 50-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

224-бап. Адам мәйітін тексеру

1. Адам мәйітін ол табылған жерде сыртынан тексеру тексерудің жалпы ережелерін сақтай отырып және сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда - өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Мәйітті тексеру үшін басқа да мамандар тартылуы мүмкін.

2. Мәйітті қосымша немесе қайталап тексерген жағдайда сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің қатысуы міндетті.

3. Танылмаған мәйіт міндетті түрде фотосуретке түсірілуге және дактилоскопия жасалуға тиіс.

4. Мәйітті сырттай тексеру кейін сот-медицина сараптамасының жүргізілуін алмастырмайды және жоққа шығармайды.

5. Мәйітті тексеру барысында азаматтардың қайтыс болған адамды тану туралы мәлімдемелері сол тергеу іс-әрекетінің хаттамасына енгізіліп, кейіннен мәлімдеушіден куә ретінде жауап алынады, бұл мәйітті басқа адамдардың тануы үшін көрсетуді жоққа шығармайды.

225-бап. Эксгумация

1. Адамның мәйітін жерленген жерінен қазып алу (эксгумация) егер мыналар:

1) мәйітті тексеру, оның ішінде қосымша немесе қайталап тексеру;

2) тану үшін көрсету;

3) сараптама жүргізу талап етілгенде жүргізіледі.

2. Эксгумация тергеушінің прокурор санкция берген дәлелді қаулысы бойынша жүргізіледі.

3. Эксгумация туралы қаулы жерленген жердің әкімшілігі және қайтыс болған адамның туыстары үшін міндетті болып табылады.

4. Эксгумация сот медицинасы саласындағы маманның міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі.

5. Мәйітті тану мен тексеру, сараптамалық үлгілер алу эксгумация жасалатын орында жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда тергеу іс-әрекетін жүргізуден алынған

деректер және олардың реті мәйіт эксгумациясының жалпы хаттамасына енгізіледі.

6. Егер осы баптың бесінші бөлігінде көрсетілген тергеу іс-әрекеттері басқа жерде жүргізілсе, бұл туралы жеке хаттама жасалады.

7. Эксгумациядан кейін мәйіт өзге зерттеулерді жүргізу үшін медициналық ұйымға жеткізілуі мүмкін.

8. Мәйітті эксгумациялаудан және кейінгі іс жүргізу әрекеттерінен соң жерлеуді мәйітті эксгумациялау туралы қаулы шығарған адамның немесе органның қатысуымен жерлеу орны әкімшілігі жүргізеді.

9. Анықтау органдары тергеушіге эксгумация жүргізуге жәрдемдесуге міндетті.

226-бап. Куәландыру

1. Адам денесіндегі ерекше белгілерді, қылмыс іздерін, денсаулығына келтірілген зиянның белгілерін анықтау, мас болу жағдайын немесе іс үшін маңызы бар өзге де қасиеттер мен белгілерді анықтау үшін, егер бұл үшін сараптама жүргізу талап етілмесе, сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге және куәға, сондай-ақ қылмыстық іс қозғалғанға дейін өтініш берушіге және өтініш беруші қылмыс жасаған адам ретінде тікелей көрсеткен адамға куәландыру жүргізілуі мүмкін.

2. Куәландыру жүргізу туралы тергеуші күдікті, айыпталушы үшін міндетті болып табылатын қаулы шығарады. Жәбірленушіні, куәні, өтініш берушіні, сондай-ақ өтініш беруші қылмыс жасаған адам ретінде тікелей көрсеткен адамды мәжбүрлеп куәландыру прокурордың санкциясымен жүргізіледі.

3. Куәландыруды тергеуші дәрігердің немесе басқа маманның қатысуымен жүргізеді.

4. Егер куәландыруда адамның денесі жалаңаштандырылатын болса, онда тергеуші жынысы басқа адамды куәландыру кезінде қатыспайды. Бұл жағдайда куәландыруды сот медицинасы саласындағы маман немесе дәрігер жүргізеді.

Ескерту. 226-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

227-бап. Тексерудің, куәландырудың, эксгумацияның хаттамасы

1. Тексеру, куәландыру, эксгумация жүргізу туралы тергеуші осы Кодекстің 203-бабының талаптарын сақтай отырып хаттама жасайды.

2. Хаттамада тергеушінің барлық іс-әрекеті, сондай-ақ тексеру, куәландыру, эксгумация кезінде анықталғандардың барлығы аталған тергеу іс-әрекеттері жүргізілген ретпен және тексеру, куәландыру, эксгумация кезінде анықталғандар

қандай күйінде байқалса, сол күйінде сипатталады. Хаттамада тексеру, куәландыру, эксгумация кезінде алынған барлық объектілер көрсетіліп, с и п а т т а л а д ы .

3. Бұған қоса хаттамада: тексеру, куәландыру, эксгумация қай уақытта, ауа райы және жарықтың түсуі қандай болғанда жүргізілгені; қандай техникалық құралдар қолданылып қандай нәтижелер алынғаны; аталған тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге кімдер тартылғаны және олардың қалай қатысқаны; қандай объектілер және қандай мөрмен бекітілгені; тексеруден кейін мәйіт немесе іс үшін маңызы бар заттар қайда жіберілгені көрсетілуі тиіс.

28-тарау. Тану

228-бап. Тану үшін көрсету

1. Бұрын байқалған адаммен немесе объектімен ұқсастықты немесе айырманы анықтау мақсатында тергеуші тану үшін куәға, жәбірленушіге, сезіктіге немесе айыпталушыға адамды немесе затты көрсете алады. Тану үшін мәйіт те көрсетілуі мүмкін.

2. Тануға қатыстырылатын адамдардан тиісті адамды немесе затты қандай жағдайда байқағаны туралы, қандай белгілеріне және ерекшеліктеріне қарай тани алатыны туралы алдын ала жауап алынады.

229-бап. Тану үшін көрсету тәртібі

1. Танылуға тиіс адам тануға қатыстырылатын адамға жынысы бір, сыртқы пішіні мен киімінде айтарлықтай айырма жоқ басқа адамдармен бірге көрсетіледі. Тану үшін көрсетілетін адамдардың жалпы саны кемінде үш адам болуы керек. Бұл ереже мәйітті тануға қолданылмайды.

2. Тергеу іс-әрекетіне арасында танылуға тиіс адам орналасқан өзге адамдардың қатысуы тек олар ерікті түрде келіскен кезде және тануға қатыстырылған адам олармен бұрын таныс болмаған жағдайда мүмкін болады.

3. Әдетте, мәйіт жеке көрсетіледі. Апаттар туралы істер бойынша және құрбан болғандардың саны айтарлықтай болған басқа да істер бойынша мәйіт тану үшін жалпы қаза болғандармен бірге көрсетілуі мүмкін. Қажет болған жағдайларда тергеушінің нұсқауы бойынша танушы адамға мәйітті көрсетпес бұрын маман мәйітті гримдейді. Тергеушінің мәйітті оның жатқан жерінде сақталуын қамтамасыз ету туралы нұсқауы тану үшін ұсынуға қажетті уақыт кезеңінде орындалуға міндетті.

4. Егер танитын адам куә немесе жәбірленуші болса, оған танудың алдында айғақ беруден бас тартқаны үшін, көрінеу жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі, оған сондай-ақ өзіне, еріне (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына, ал діни қызметшіге - тәубе үстінде өзіне ішкі сырын

сеніп ашқан адамдарға қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндіріледі.

5. Тану жүргізудің алдында тергеуші танылуға тиіс адамға өзге адамдардың арасында кез келген орынды таңдап алуын ұсынады, бұл хаттамада көрсетіледі.

6. Адамды көрсету мүмкін болмаған кезде тану оның фотосуреті бойынша жүргізілуі мүмкін, ол бет әлпеті танылуға тиіс адаммен мүмкіндігінше ұқсас, кемінде үш адамның фотосуретімен бірге көрсетіледі, тану сонымен бірге дыбыс және бейнежазба бойынша да жүргізіледі.

7. Зат кемінде үш біртектес затпен бірге көрсетіледі. Ұқсас объектілерді іріктеп алу мүмкін болмаған немесе қиын болғанда затты тану үшін көрсету жалғыз дана бойынша жүргізіледі.

8. Танушы адамға өзі ол туралы айғақ берген адамды немесе затты көрсету ұсынылады. Жетекші сұрақтар қоюға тыйым салынады.

9. Егер танушы адам оған көрсетілген адамдардың немесе заттардың бірін көрсетсе, оған бұл адамды немесе затты қандай белгілері немесе ерекшеліктері бойынша танығанын түсіндіру ұсынылады.

10. Тану үшін көрсету оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізіледі.

11. Танушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ дауыс, сөйлеу, жүріс ерекшеліктері бойынша тану кезінде адамды тану үшін көрсету танушыны танылатын адамның көріп байқауын болдырмайтын жағдайда жүргізілуі мүмкін. Танушыға тану үшін көрсетілген адамдарды жеткілікті көріп байқау мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

12. Тануға көрсетілген адамды сол белгілері бойынша танушының қайталап т а н у ы жү р г і з і л м е й д і .

13. Тану үшін көрсету туралы осы Кодекстің 203-бабының талаптарын сақтай отырып, хаттама жасалады. Хаттамада танудың шарттары, барысы, нәтижелері көрсетіледі және танушы адамның түсініктемелері мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады. Егер тану үшін адамды көрсету танылуға тиіс адам танушы адамды көрмейтіндей жағдайда жүргізілсе, бұл да хаттамада көрсетіледі.

Ескерту. 229-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-тарау. Тінту және алу

230-бап. Тінту

1. Тінту іс үшін маңызы бар заттарды немесе құжаттарды табу және алу ма қ с а т ы н д а жү р г і з і л е д і .

2. Тінту жүргізуге аталған заттардың немесе құжаттардың белгілі бір

үй-жайда немесе өзге орында, не нақты адамда болуы мүмкін деп болжауға жеткілікті деректердің болуы негіз болып табылады.

3. Тінту іздестіріліп жатқан адамдарды немесе мәйіттерді табу үшін де жүргізілуі мүмкін.

231-бап. Алу

1. Алу іс үшін маңызы бар белгілі бір заттар мен құжаттардың қайда және кімде екені анық болғанда, оларды алып қою мақсатымен жүргізіледі.

2. Алуды жүргізбей қылмыстық істі қозғау туралы шешім қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда алу осы Кодекстің 232-бабының талаптарын сақтай отырып, қылмыстық іс қозғалғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 231-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

232-бап. Тінту мен алуды жүргізу тәртібі

1. Тінту мен алуды тергеуші дәлелді қаулы бойынша жүргізеді. Тінту жүргізу туралы, сондай-ақ мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны қамтитын құжаттарды алу туралы қаулыға прокурор немесе оның орынбасары с а н к ц и я б е р у г е т и і с .

2. Тұрғын үйде онда тұрып жатқан адамдардың еркінен тыс алу осы Кодекстің 222-бабының он екінші және он үшінші бөліктерінің ережелері б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

3. Айрықша жағдайларда, іздестіріліп жатқан және алып қоюға жататын объект оны табуды ұзаққа созудан жоғалуы, бүлінуі немесе қылмыстық мақсатта пайдаланылуы мүмкін болғанда не іздестіріліп жатқан адам жасырынуы мүмкін болғанда тінту прокурордың санкциясынсыз, бірақ жүргізілген тінту туралы кейін жиырма төрт сағат ішінде оған хабарлау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Аталған хабарламаны алғаннан кейін прокурор жүргізілген тінтудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады. Жүргізілген тінтудің заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда бұл әрекет іс бойынша дәлел ретінде жіберілмейді.

4. Тінту куәгерлердің қатысуымен, ал қажет болған жағдайларда маманның және аудармашының қатысуымен жүргізіледі.

Алу оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі, қажет болған кезде маман және а у д а р м а ш ы т а р т ы л у ы м ү м к і н .

5. Тұрғын үйлердегі, ұйымдардың үй-жайларындағы тінту немесе алу осы Кодекстің 222-бабының он төртінші және он бесінші бөліктерінде аталған адамдардың қатысуымен жүргізіледі.

6. Дипломатиялық өкілдіктер орналасқан үй-жайларда, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен олардың отбасылары тұрып жатқан

үй-жайларда тінту мен алу осы Кодекстің 222-бабының он алтыншы бөлігінде белгіленген талаптарды сақтай отырып жүргізіледі.

7. Тінту немесе алу жүргізу басталар алдында тергеуші оларды жүргізу туралы қаулыны көрсетуге міндетті.

8. Тінтуге кіріскенде тергеуші іс үшін маңызды болуы мүмкін, алынуға жататын заттар мен құжаттарды ерікті түрде беруді ұсынады. Егер олар ерікті түрде берілсе және алынуға жататын заттар мен құжаттардың жасырылғанына күмәндануға негіздер болмаса, тергеуші одан әрі іздеу жүргізбеуге құқылы.

9. Егер жабық үй-жайлар мен қоймалардың иесі оларды ерікті түрде ашудан бас тартса, тінту жүргізген кезде олар ашылуы мүмкін. Бұл ретте есік құлыптарын және басқа заттарды қажетсіз бүлдіруге жол берілмеуге тиіс.

10. Алу кезінде тергеуші алынуға жататын заттар мен құжаттарды беруді ұсынады, ал бұдан бас тартылған жағдайда алу мәжбүрлі түрде жүргізіледі.

11. Тергеуші сол үй-жайда тұрып жатқан адамның немесе басқа адамдардың жеке өмірінің тінту мен алу кезінде анықталған мән-жайларының жария етілмеуіне шаралар қолдануға міндетті.

12. Тергеуші тінту немесе алу жүргізіліп жатқан үй-жайда немесе орында тұрған адамдарға және осы үй-жайға немесе орынға келген адамдарға тінту немесе алу аяқталғанға дейін ол жерден кетуге, сондай-ақ бір-бірімен немесе өзге адамдармен сөйлесуге тыйым салуға құқылы.

13. Тінту мен алу жүргізілген кезде тергеуші іске қатысы болуы мүмкін заттар мен құжаттарды алумен шектелуге тиіс. Айналымға салуға тыйым салынған заттар мен құжаттар олардың іске қатыстылығына қарамастан алынуға т и і с .

14. Тінту кезінде алып қойылатын заттар мен құжаттар куәгерлерге және қатысып отырған басқа да адамдарға көрсетіледі, тінту орнында буып-түйіледі және мөрмен бекітіледі және куәгерлер мен бұған қатысып отырған адамдардың қол қоюымен куәландырылады.

14-1. Алу кезінде алып қойылатын заттар мен құжаттар қатысып отырған адамдарға көрсетіледі, алу орнында буып-түйіледі және мөрмен бекітіледі және бұған қатысып отырған басқа адамдардың қол қоюымен куәландырылады.

15. Тінту жүргізген кезде қажет болған жағдайда фотосуретке, киноға түсіру және бейнежазба жүргізіледі.

Ескерту. 232-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

233-бап. Жеке адамды тінту

1. Осы Кодекстің 230-бабында көзделген негіздер болған кезде және 232-бабының талаптарын сақтай отырып, тергеуші тінтілетін адамның денесінен,

оның киімінен және бойындағы заттардан заттар мен құжаттарды табу және алу мақсатында жеке адамды тінтуге құқылы.

2. Жеке адамды тінтуді тінту жүргізілетін адаммен жынысы бір адам және сол жыныстағы куәгерлер мен мамандардың қатысуымен жүргізеді.

3. Жеке тінту арнайы қаулы шығармай және прокурордың санкциясынсыз, мынадай жағдайларда, егер:

1) үй-жайдағы немесе тінту жүргізіліп жатқан өзге орындағы адам іс үшін маңызы болуы мүмкін құжаттарды немесе заттарды өз бойында жасырып отыр деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса;

2) ол адам ұсталса немесе күзетпен қамауға алынса жүргізіледі. Бұл жағдайда жеке адамды тінту куәгерлер жоқ болса да жүргізіледі.

234-бап. Тінту немесе алу хаттамасы

1. Тінту немесе алу жүргізетін адам осы Кодекстің 203-бабында көзделген талаптарды сақтай отырып хаттама жасайды.

2. Хаттамада заттар немесе құжаттар қай жерде және қандай жағдайда табылғаны, олардың ерікті түрде берілгені немесе мәжбүрлеп алынғаны көрсетілуге тиіс. Барлық алынған заттар хаттамада саны, мөлшері, салмағы, өзіндік белгілері және мүмкіндігінше бағасы дәл көрсетіле отырып жазылуға тиіс.

3. Егер тінту немесе алу жүргізген кезде алынуға жататын заттарды немесе құжаттарды жою немесе жасыру әрекеттері жасалған болса, бұл хаттамада қолданған шаралар көрсетіле отырып жазылуға тиіс.

4. Тінту немесе алу хаттамасының көшірмесі олар жүргізілген адамға не оның кәмелетке толған отбасы мүшесіне, ал олар болмаған жағдайда тұрғын үй пайдалану ұйымның немесе жергілікті атқарушы органның өкіліне олардан қолхат алынып тапсырылады. Егер тінту немесе алу ұйымда жүргізілсе, онда хаттаманың көшірмесі оның өкілдеріне қолхат алынып тапсырылады.

30-тарау. Почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау.

Хабарламаларды жол-жөнекей ұстау. Сөйлесулерді тыңдау мен жазу

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

235-бап. Почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау, оларды тексеру мен алу

1. Хаттар, жеделхаттар, радиogramмалар, бандерольдер, посылкалар мен басқа да почта-телеграф жөнелтілімдері іс үшін маңызы бар мәліметтерді, құжаттар мен заттарды қамтуы мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіз болған

кезде олар тұтқындалуы мүмкін.

2. Тергеуші почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау туралы прокурор санкция беретін қаулы шығарады. Қаулыда почта-телеграф жөнелтілімдерін ұстап қалу міндеті жүктелетін байланыс мекемесінің атауы, почта-телеграф жөнелтілімдері ұстауға жататын адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың мекен-жайы, тұтқындалып отырған почта-телеграф жөнелтілімінің түрі, ол тұтқындалатын мерзім көрсетіледі.

3. Почта-телеграф хат-хабарын тұтқындау туралы қаулы тиісті байланыс мекемесінің басшысына жіберіледі, ол почта-телеграф жөнелтілімдерін ұстап қалып, бұл туралы дереу тергеушіге хабарлауға міндетті.

4. Ұсталған почта-телеграф жөнелтілімдерін қарап-тексеруді, алуды және көшірмесін түсіруді тергеуші байланыс мекемесінде оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізеді. Қажет болған жағдайларда почта-телеграф жөнелтілімдерін тексеру мен алуға қатысуға тергеуші тиісті маманды, сондай-ақ аудармашыны шақыртуға құқылы. Почта-телеграф жөнелтілімдерін тексерудің әрбір жағдайында хаттама жасалады, онда кім және қандай почта-телеграф жөнелтілімдерін тексергені, көшірмесін алғаны және алушыға жібергені немесе тергеуші белгілеген мерзімге ұстағаны көрсетіледі.

5. Почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындаудың күшін бұл шараға қажеттілік жойылған кезде тергеуші немесе прокурор, бірақ кез келген жағдайда тергеу аяқталғаннан кейін кешіктірмей жояды.

Ескерту. 235-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

236-бап. Хабарды жол-жөнекей ұстау

1. Техникалық, оның ішінде компьютерлік байланыс арналары арқылы берілетін хабарларды жолдан ұстау және компьютерлік жүйелерден тергеліп отырған іске қатысты ақпаратты алу тергеушінің прокурор санкция берген қаулысының негізінде жүргізіледі.

2. Тергеушінің прокурор санкция берген қаулысы жедел іздестіру қызметін жүзеге асырып отырған органға орындауға жіберіледі.

3. Жол-жөнекей ұстап алу нәтижесінде алынған хабарлар мен компьютерлік ақпаратты маман тиісті ақпарат ұстаушыда бекітеді және тергеушіге береді.

237-бап. Сөйлесулерді және сөздерді тыңдау мен жазу

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 221-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120-бабында (бірінші бөлік); 122-бабында; 128-бабында (бірінші бөлік); 131-бабында (бірінші бөлік);

132-1-бабында (бірінші бөлік); 143-бабында (үшінші бөлік); 157-бабында (бірінші және екінші бөліктер); 164-бабында (бірінші бөлік); 170-бабында (бірінші бөлік); 175-бабында (бірінші және екінші бөліктер); 177-бабында (бірінші және екінші бөліктер); 178-бабында (бірінші бөлік); 181-бабында (бірінші бөлік); 185-бабында (бірінші және екінші бөліктер); 192-бабында (бірінші бөлік); 193-бабында (бірінші және екінші бөліктер); 209-бабында (бірінші және екінші бөліктер); 233-1-бабында (бірінші бөлік); 233-3-бабында (бірінші бөлік); 242-бабында; 251-бабында (бірінші бөлік); 252-бабында (бірінші бөлік); 270-бабында (бірінші бөлік); 271-бабында (бірінші бөлік); 307-бабында (екінші бөлік); 308-бабында (бірінші және екінші бөліктер); 311-бабында (бірінші бөлік); 312-бабында (бірінші және екінші бөліктер); 339-бабында (үшінші бөлік); 346-бабында (екінші бөлік); 347-1-бабында (бірінші бөлік); 358-бабында (бірінші бөлік); 361-бабында (екінші бөлік) көрсетілген ауырлығы орташа қылмыстар туралы, сондай-ақ ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, егер күдікті, айыпталушы үшінші бір адамның телефонын немесе өзге де сөйлесу құрылғысын пайдаланады деген мәліметтер болса немесе егер үшінші бір адам басқа адамдарға беру үшін күдіктіге, айыпталушыға арналған не күдіктіден, айыпталушыдан ақпарат алады деген мәліметтер болса, тыңдау нәтижесінде іс үшін маңызы бар мәліметтер алынады деп болжауға жеткілікті негіздер болған кезде күдіктінің, айыпталушының не үшінші бір адамның телефон және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерін жасырын тыңдау және жазып алу тергеушінің (анықтаушының) прокурор санкция берген қаулысының негізінде жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген қылмыстар тізбесі бойынша бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу прокурордың санкциясымен ғана күдіктіге, айыпталушыға қатысты жүргізілуі мүмкін.

2. Күш қолдану, қорқытып алу және басқа қылмыстық әрекеттерді жәбірленушіге, куәға немесе олардың отбасы мүшелеріне қолдану қаупі болған кезде тергеушінің прокурор санкция берген қаулысы бойынша олардың келісімімен, бейне және дыбыс жазу техникаларын немесе басқа да арнаулы техникалық құралдарды пайдалану арқылы әңгімелесулерінің жасырын тыңдалуы және жазылуы, сондай-ақ олардың телефондары немесе басқа сөйлесу құрылғылары арқылы сөйлескен сөздерінің тыңдалуы және жазылуы мүмкін.

3. Тергеуші сөйлескен сөздерді, әңгімелесулерді тыңдау мен оларды жазуды қажет деп таныған соң дәлелді қаулы шығарады, онда: қылмыстық іс және осы тергеу іс-әрекеті жүргізілуге тиіс негіздер, сөйлескен сөздері тыңдалатын және жазылатын адамдардың аты-жөні және ол қандай уақыт аралығында жүргізілетіні; сөйлескен сөздерді, әңгімелесулерді тыңдау мен жазуды

техникалық тұрғыдан жүзеге асыру тапсырылған орган көрсетіледі. Аталған қаулы прокурорға ұсынылады және ол санкция берген жағдайда тергеуші оны орындау үшін тиісті органға жібереді.

4. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда сөйлескен сөздерді, әңгімелесулерді тыңдау мен жазу тергеушінің қаулысы бойынша прокурордың санкциясыз, оған кейіннен жиырма төрт сағат ішінде сөйлескен сөздердің тыңдалғаны, жазылғаны туралы хабар жібере отырып, жүргізіледі. Аталған хабарды алғаннан кейін прокурор осы тергеулік іс-әрекеттің заңға сәйкестігін тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады. Сөйлескен сөзді, әңгімелесуді тыңдаудың, жазудың заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда аталған іс-әрекет іс бойынша дәлел ретінде жіберіледі.

5. Сөйлескен сөздерді, әңгімелесулерді тыңдау мен жазу алты айдан аспайтын мерзімге белгіленуі мүмкін. Олар бұл шараларға қажеттілік жойылған кезде, бірақ кез келген жағдайда тергеу аяқталған соң кешіктірмей тергеушінің қаулысы арқылы тоқтатылады.

6. Тергеуші ол қаулыда белгіленген бүкіл мерзімнің ішінде кез келген уақытта техникалық тыңдауды жүзеге асырып отырған органнан тексеру және тыңдау үшін фонограмманы талап етуге құқылы. Фонограмма тергеушіге мөрмен бекітілген түрінде, тыңдаудың негізі, сөйлескен сөзді, әңгімелесуді жазудың басталған және аяқталған уақыты, пайдаланылған құралдардың қажетті техникалық сипаттамалары мен жазудың сапасы көрсетілген ілеспе хатпен бірге тапсырылады.

7. Фонограмманы тексеру мен тыңдауды тергеуші қажет болған жағдайда маманды тарта отырып жүргізеді, бұл туралы хаттама жасалады, онда сөйлесу фонограммасының іске қатысы бар бөлігі сөзбе-сөз жазылып, сөйлесіп отырғандардың сөздерінің естілу сапасына сипаттама берілуге тиіс. Фонограмма хаттамаға қоса беріледі, бұл ретте оның іске қатысы жоқ бөлігі үкім заңды күшіне енген соң немесе қылмыстық іс тоқтатылғаннан кейін жойылады.

Ескерту. 237-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2009.07.17 N 187-IV, 2009.12.07 N 221-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 04.07.2013 № 127-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-тарау. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау. Тергеу эксперименті

238-бап. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау

1. Жәбірленушінің, куәнің, сезіктінің, айыпталушының тергелетін оқиғамен байланысты жерде берген айғақтарын тексеру мен нақтылау:

- айғақтардың растығын оларды болған оқиғаның жағдайымен салыстыру
а р қ ы л ы а н ы қ т а у ;

- тексерілетін іс-әрекет болған бағытты және орынды анықтау;

- жаңа нақтылы деректерді анықтау мақсатында жүргізіледі.

2. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау бұрын жауап алынған адам зерттеліп отырған оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын оқиға болған жерде жаңғыртуу; іс үшін маңызы бар заттарды, құжаттарды, іздерді тауып, көрсетуі; белгілі бір іс-қимылды бейнелеп көрсетуі; зерттеліп отырған оқиғада қандай заттардың қандай рөл атқарғанын көрсетуі; оқиға болған орынның өзгеруіне назар аудартуу; өзінің бұрынғы айғақтарын нақтылауы және айқындауы болып табылады. Бұл әрекеттерге сырттан қандай да бір араласуға және жетекші сұрақтар қоюға жол берілмейді.

3. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолданыла отырып, қажет болған жағдайларда маманның қатысуымен жүргізіледі.

4. Оқиға болған жерде бірнеше адамның айғақтарын бір уақытта тексеру мен нақтылауға жол берілмейді.

5. Айғақтарды тексеру мен нақтылау жауап алынып отырған адамға оның айғақтары тексерілетін бағыт пен орынды ерікті түрде көрсетуді ұсынудан басталады. Айғақтар айтылғаннан кейін және іс-қимылдарды бейнелеп көрсеткеннен кейін айғақтары тексеріліп отырған адамға сұрақтар қойылуы мүмкін. Бұл адам, сондай-ақ іске қатысушы өзге адамдар жүргізіліп отырған тергеу әрекетіне байланысты өздерінен қосымша жауап алуды талап етуге қ ұ қ ы л ы .

6. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау барысында табылған , іс бойынша дәлел ретінде маңызы болуы мүмкін заттар мен құжаттар алынып, буып-түйіледі және олар мөрмен бекітіледі; оларды алу фактісі хаттамада к ө р с е т і л е д і .

7. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау кезінде қажет болған жағдайда өлшеу, суретке түсіру, дыбыс және бейнежазба жасау, киноға түсіру жүргізіледі, жоспарлар мен схемалар жасалады. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау кезінде дыбыс және бейнежазба құралдарын

пайдалану осы Кодекстің 219-бабында баяндалған ережелер бойынша жүргізіледі

8. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау жүргізілгені туралы осы Кодекстің 203-бабының талаптарын сақтай отырып хаттама жасалады. Хаттамада оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен айқындаудың жағдайы, барысы мен нәтижелері егжей-тегжейлі бейнеленеді.

Ескерту. 238-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

239-бап. Тергеу эксперименті

1. Тергеу эксперименті іс үшін маңызы бар мәліметтерді зерттеліп отырған оқиғаның белгілі бір әрекеттерін, жай-жапсарын, мән-жайларын қайта жаңғырту және тәжірибе жүргізу арқылы тексеру мен нақтылау мақсатында жүргізіледі. Эксперимент жүргізу кезінде, атап айтқанда, әлде бір фактілерді қабылдау, жекелеген әрекеттердің жасалу, әлде бір оқиғаның болу ықтималдығы тексерілуі, сондай-ақ болған оқиғаның реті және іздердің пайда болу тетігі анықталуы м ү м к і н .

2. Тергеу эксперименті оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі. Қажет болған жағдайда тергеу экспериментіне өздерінің келісімі бойынша сезікті, айыпталушы, жәбірленуші, куә, маман, сарапшы және тәжірибелік іс-қимылдарды жүргізетін адамдар қатыстырылуы мүмкін. Экспериментке қатысушыларға оның мақсаты мен жүргізілу тәртібі түсіндіріледі.

3. Тергеу экспериментін жүргізуге оған қатысушы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп келтірілмегенде, олардың ары мен намысына нұқсан келтірілмегенде, оларға материалдық зиян болмағанда жол беріледі.

4. Тергеу эксперименті қайта жаңғыртылып отырған оқиғалар немесе әрекеттер болған жағдайларға барынша ұқсас жағдайларда жүргізіледі.

5. Қажет болған жағдайларда тергеу экспериментін жүргізген кезде суретке түсіру, дыбыс және бейнежазба, киноға түсіру жүргізіледі, басқа ғылыми-техникалық құралдар қолданылады, жоспарлар, схемалар, сызбалар ж а с а л а д ы .

6. Тергеу эксперименті жүргізілгені туралы осы Кодекстің 203-бабының талаптарын сақтай отырып хаттама жасалады. Хаттамада тергеу экспериментінің шарты, барысы мен нәтижелері егжей-тегжейлі баяндалады және мыналар көрсетіледі: эксперимент қандай мақсатпен, қашан, қайда және қандай жағдайда жүргізілді; оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғырту нақты неден көрінді; қандай әрекеттер, қандай ретпен жүргізілді, оны кім және қанша рет жасады; қандай нәтижелер алынды.

Ескерту. 239-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-тарау. Сот сараптамасы

240-бап. Сараптаманы тағайындау

Сараптама сарапшы арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізетін іс материалдарын зерттеу нәтижесінде іс үшін маңызы бар мән-жайлар алынуы мүмкін жағдайда тағайындалады. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы өзге адамдардың мұндай білімінің болуы қылмыстық істі жүргізуші адамды тиісті жағдайларда сарапшы тағайындау қажеттілігінен босатпайды.

241-бап. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау

1. Егер іс бойынша:

- 1) өлімнің себептерін, денсаулыққа келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін;
- 2) іс үшін маңызды болып, бірақ жасы туралы құжаттар болмағанда немесе олар күмән туғызғанда күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің жасын;
- 3) күдіктінің, айыпталушының есінің дұрыстығы немесе қылмыстық іс жүргізуде өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабілеті жөнінде күмән туғанда олардың психикалық немесе тәнінің жай-күйін;
- 4) жәбірленушінің, куәнің іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдау және олар туралы айғақтар беру қабілетіне күмән туған жағдайда олардың психикалық немесе тәнінің жай-күйін анықтау қажет болғанда;
- 5) істің өзге дәлелдермен дәйекті түрде анықталмайтын өзге де мән-жайын анықтау қажет болғанда, сараптаманы тағайындау мен жүргізу міндетті болады.

2. Егер айыпталушының психикалық жай-күйіне Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасағаны үшін күмән келтірілсе, сот-психиатриялық сараптаманы тағайындау мен жүргізу міндетті болады.

Ескерту. Осы баптың бірінші бөлігінің 3 және 4-тармақтарында тізбеленген негіздемелер бойынша күдіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге, куәға амбулаториялық сот-психиатриялық сараптама тағайындалады және жүргізіледі. Егер сарапшы стационарлық сот-психиатриялық сараптама жүргізбей және сынақтан өтушіні стационарлық тексеруге орналастырмай қорытынды беру мүмкін еместігі туралы хабарлаған жағдайда, осы Кодекстің 247-бабының тәртібімен қылмыстық іс бойынша стационарлық сот-психиатриялық сараптама тағайындалады.

Ескерту. 241-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

242-бап. Сараптама тағайындау тәртібі

1. Қылмыстық процесті жүргізуші орган сараптама тағайындау кажет деп тани отырып, бұл туралы қаулы шығарады, онда: сараптама тағайындаған органның атауы, сараптаманы тағайындау уақыты, орны; сараптаманың түрі; сараптама тағайындау үшін негіздер; сараптамаға жіберілетін объектілер және олардың шығу тегі туралы ақпарат, сондай-ақ көрсетілген объектілерді зерттеу барысында толық немесе ішінара жою, олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгерту мүмкіндігіне рұқсат; сот сараптамасы органының атауы және (немесе) сот сараптамасын жүргізу тапсырылған адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Қылмыстық процесті жүргізуші органның сараптама тағайындау туралы қаулысы ол жіберілген және өз құзыретіне жататын органдардың немесе адамдардың орындауы үшін міндетті.

2. Сараптама жүргізілмей қылмыстық істі қозғау туралы шешім қабылдау мүмкін болмайтын жағдайларда, ол қылмыстық іс қозғалғанға дейін тағайындалуы мүмкін. Бұл ретте, мыналар:

1) қылмыстар туралы арыздарға немесе хабарламаларға қоса берілетін, осы Кодекстің 178, 179, 180, 181-баптарына сәйкес табыс етілген;

2) осы Кодекстің 182-бабына сәйкес қылмыстық істі қозғауға құқық берілген лауазымды адамдар және органдар тікелей тапқан;

3) тергеуге дейінгі тексеру барысында осы Кодекспен жол берілетін іс жүргізу әрекеттерінің нәтижесінде алынған;

4) осы Кодекстің 125-бабында көзделген тәртіппен талап етіліп алынған немесе табыс етілген материалдар сот-сараптамалық зерттеулердің объектілері б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Істе ревизия, тексеру актілерінің, ведомстволық инспекциялар қорытындыларының, сондай-ақ іс жүргізу әрекеттері барысында мамандар жүргізген зерттеулердің нәтижелері бойынша жасалған ресми құжаттардың болуы нақ сол мәселелер бойынша сот сараптамасын тағайындау мүмкіндігін ж о қ қ а ш ы ғ а р м а й д ы .

4. Сараптама өздерінің немесе өздеріне берілетін құқықтары мен мүдделерін қорғайтын процеске қатысушылардың бастамасы бойынша тағайындалуы мүмкін. Өзінің немесе өзіне берілетін құқықтары мен мүдделерін қорғайтын процеске қатысушы қылмыстық процесті жүргізуші органға, өз пікірі бойынша, сарапшының қорытындысы берілуге тиіс мәселелерді жазбаша түрде ұсынады, зерттеу объектілерін көрсетеді, сондай-ақ сарапшы ретінде шақырылуы мүмкін адамды (адамдарды) атайды. Бұл ретте, шешілуі өзіне ұсынылған мәселелер қылмыстық іске немесе сот сараптамасының нысанасына жатпайтын

жағдайларды қоспағанда, қылмыстық процесті жүргізуші орган сараптама тағайындаудан бас тартуға құқылы емес.

5. Бастамасы бойынша сараптама тағайындалып отырған процеске қатысушы сараптамалық зерттеу объектілері ретінде заттарды, құжаттарды ұсына алады. Қылмыстық процесті жүргізуші орган дәлелді қаулысымен оларды мұндай объектілердің қатарынан алып тастауға құқылы.

6. Қылмыстық процесті жүргізуші орган ұсынылған мәселелерді қарап, олардың қылмыстық іске немесе сот сараптамасының нысанасына жатпайтындарын қабылдамайды, сарапшыдан бас тартуға негіздердің бар-жоғын анықтайды, содан кейін осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды сақтай отырып, сараптама тағайындау туралы қаулы шығарады.

7. Сараптама жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу, сондай-ақ сарапшының еңбегіне ақы төлеу осы Кодекстің 21-тарауының ережелері бойынша жүргізіледі.

8. Қылмыстық процесті жүргізуші орган, егер сараптама жүргізу кезінде олардың қатысуы міндетті деп танылса, сезіктіні, айыпталушыны, жәбірленушіні, куәні сарапшыға жеткізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 242-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

243-бап. Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар

1. Сот сараптамасын жүргізу:

- 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
- 2) лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғаларға;
- 3) заң талаптарына сәйкес бір жолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.

2. Сараптама жүргізу іс жүргізуге қатысушылар ұсынған адамдардың біріне тапсырылуы мүмкін.

3. Сараптама жүргізу тапсырылған адамды шақыру туралы тергеушінің талабы аталған адам жұмыс істейтін ұйымның басшысы үшін міндетті.

Ескерту. 243-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2001.11.06 N 251 ; 02.07.2013 № 113-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

244-бап. Сезіктің, айыпталушының, жәбірленушінің, қорғаушының және жәбірленушінің өкілінің сараптама тағайындау және жүргізу кезіндегі

құқықтары

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Сараптама тағайындалған және ол жүргізілген кезде жәбірленушінің, сезіктінің, айыпталушының, қорғаушының және жәбірленушінің өкілінің:

1) сараптама жүргізілгенге дейін оның тағайындалғаны туралы қаулымен танысуға және өзіне тиесілі құқықтарына түсіндірме алуына, бұл туралы хаттама ж а с а л а д ы ;

2) сарапшыдан бас тартуға немесе сараптама жүргізуден сот сараптамасы органын шеттету туралы өтініш жасауға;

3) сарапшылар ретінде өздері атаған адамдарды немесе белгілі бір сот сараптамасы органының қызметкерлерін тағайындау туралы, сондай-ақ сараптаманы сарапшылар комиссиясының жүргізуі туралы өтініш жасауға;

4) сарапшының алдында қосымша мәселелер қою немесе бұрын қойылғандарын нақтылау туралы өтініш жасауға;

5) қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатымен, осы Кодекстің 246-1-бабында көзделген тәртіппен сараптама жүргізу кезінде қатысуға;

б) осы Кодекстің 254-бабында көзделген тәртіппен сарапшының қорытындысымен не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламамен т а н ы с у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Аталған құқықтарға, сонымен қатар сараптама жасалатын куә да және психикалық жағдайы мүмкіндік берсе, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізіліп отырған адам да ие. Қылмыстық істі қозғау сатысында тізбеленген құқықтарға қылмыс жасаудан зардап шеккен адам, сондай-ақ өзіне қатысты қылмыстық іс қозғау туралы мәселе шешіліп жатқан а д а м и е б о л а д ы .

3. Егер сараптама адамды сезікті деп танығанға немесе айыпталушы ретінде іске тартқанға дейін жүргізілсе, қылмыстық процесті жүргізуші орган оны сараптама тағайындау туралы қаулымен, сарапшының қорытындысымен таныстыруға және оның осы Кодекстің 254-бабында көзделген құқығын тү с і н д і р у г е м і н д е т т і .

4. Жәбірленушілер мен куәларға, сондай-ақ қылмыс жасаудан зардап шеккен адамға және өзіне қатысты қылмыстық іс қозғау туралы мәселе шешіліп жатқан адамға сараптама жүргізу тек олардың жазбаша келісімімен ғана жүргізіледі. Егер бұл адамдар кәмелетке толмаған болса немесе сот оларды әрекет қабілеті жоқ деп таныса, сараптама жүргізуге жазбаша келісімді олардың заңды өкілдері береді. Аталған ереже осы Кодекстің 241-бабында көзделген жағдайларда сараптама жүргізу үшін қолданылмайды.

5. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде аталған адамдар жасаған өтініштер қанағаттандырылған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізуші орган

сараптама тағайындау туралы өз қаулысын тиісінше өзгертеді немесе толықтырады. Өтініштерді қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда ол өтініш берген адамға одан қолхат алып жарияланатын дәлелді қаулы шығарады.

Ескерту. 244-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.07.04 N 151, 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

244-1-бап. Өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі

1. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде:

1) олардан мәліметтер алу мақсатында оларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыруға немесе оларға қысым жасауға (оның ішінде, алдау, күш қолдану, қорқыту және өзге де заңсыз шаралар арқылы);

2) аталған адамдарды медициналық технологияларды, фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникалық зерттеулердің субъектілері ретінде пайдалануға;

3) хирургиялық араласуды көздейтін зерттеулердің әдістерін қолдануға

т ы й ы м с а л ы н а д ы .

2. Сот сараптамасын тағайындаған орган өзіне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамды баламалы, болуы мүмкін ауырсыну сезімдерін және жанама әсерлерді қоса алғанда, сот-сараптамалық зерттеулердің пайдаланылатын әдістері туралы оған түсінікті түрде хабардар етуге тиіс. Көрсетілген ақпарат сот сараптамасы жүргізілетін адамның өтініші бойынша оның заңды өкіліне де беріледі.

3. Өзіне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамға медициналық көмек заңда көзделген негіздер бойынша және тәртіппен ғана көрсетілуі мүмкін.

4. Медициналық ұйымға орналастырылған адамға шағымдар және өтініштер жасауға мүмкіндік беріледі. Осы Кодексте көзделген тәртіппен берілген шағымдарды және өтініштерді медициналық ұйымның әкімшілігі жиырма төрт сағат ішінде жолданым иесіне жібереді және олар цензураға жатпайды.

5. Адамға қатысты оның келісімімен жүргізілетін сот сараптамасы оның кез келген сатысында аталған адамның бастамасы бойынша тоқтатылуы мүмкін.

Ескерту. Кодекс 244-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

245-бап. Сот сараптамасы органының сараптама жүргізуі. Сот сараптамасы органы басшысының құқықтары мен міндеттері

1. Сараптама сот сараптамасы органына тапсырылған кезде, қылмыстық процесті жүргізуші орган сараптама тағайындау туралы қаулыны және қажетті материалдарды оның басшысына жібереді. Сараптаманы сот сараптамасы

органының қаулыда көрсетілген қызметкері жүргізеді. Егер қаулыда нақты сарапшы көрсетілмесе, сарапшыны таңдауды сот сараптамасы органының басшысы жүзеге асырады, бұл туралы сараптама тағайындаған адамға үш күн мерзімде хабарлайды.

2. Сот сараптамасы органының басшысы:

1) егер: осы сот сараптамасы органында қажетті арнаулы ғылыми білімі бар сарапшы болмаса; осы сот сараптамасы органының материалдық-техникалық базасы мен жағдайы нақты сараптама міндеттерін шешуге мүмкіндік бермесе; сот сарапшысының алдына қойылған мәселелер оның құзыретінің шегінен тыс болса; сараптама жүргізуге арналған материалдар осы Кодекстің талаптары бұзыла отырып ұсынылса, дәлелдерді көрсете отырып, сараптама тағайындаған органға сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны орындамастан және зерттеуге ұсынылған объектілерді қайтаруға;

2) сараптама тағайындаған орган алдында осы сот сараптамасы органында жұмыс істемейтін адамдарды, егер олардың арнаулы ғылыми білімі қорытынды беру үшін қажет болса, сот сарапшылары комиссиясының құрамына енгізу туралы өтініш жасауға құқылы.

Сот сараптамасы органы басшысының заңда көзделген өзге құқықтары да бар.

3. Сот сараптамасы органының басшысы:

1) сараптама жүргізу үшін қажетті объектілерді дербес талап етіп алдыруға;

2) осы сот сараптамасы органының қызметкерлері болып табылмайтын адамдарды сараптама тағайындаған органның келісімінсіз оны жүргізуге тартуға;

3) сарапшыға нақты сараптама бойынша қорытындылардың мазмұнын алдын ала шешетін нұсқаулар беруге құқылы емес.

4. Сот сараптамасы органының басшысы:

1) сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны және зерттеу объектілерін алысымен, осы Кодекстің 242-бабы бірінші бөлігінің талаптарын ескере отырып, осы сот сараптамасы органының нақты сарапшысына немесе сарапшылар комиссиясына жүргізуді тапсыруға;

2) сот сарапшысының тәуелсіздігі принципін бұзбастан, сот сараптамасын жүргізу мерзімінің сақталуына, жүргізіліп жатқан зерттеулердің жан-жақтылығына, толықтығы мен объективтілігіне, сот сараптамасы объектілерінің сақталуына бақылауды қамтамасыз етуге;

3) сараптама жүргізуді ұйымдастыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етпеуге;

4) зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 245-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

246-бап. Сот сараптамасы органынан тыс сараптама жүргізу

1. Егер сараптама жүргізуді сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын адамға тапсыру ұйғарылса, қылмыстық процесті жүргізуші орган оны тағайындау туралы қаулы шығарылғанға дейін өзі сараптама жасауды тапсырғалы отырған адамның жеке басына көз жеткізуге және сарапшыдан бас тартуға осы Кодекстің 96-бабында көзделген негіздердің бар-жоғын тексеруге т и і с .

2. Қылмыстық процесті жүргізуші орган сараптама тағайындау туралы қаулы шығарады, оны сарапшыға тапсырады, оған осы Кодекстің 83-бабында көзделген құқықтар мен міндеттерді түсіндіреді және көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертеді. Бұл іс-әрекеттің орындалғаны туралы қылмыстық процесті жүргізуші орган сарапшының қол қоюымен куәландырылатын сараптама тағайындау туралы хаттамада белгі жасайды. Сарапшы жасаған мәлімдеме және оның өтініштері де осылайша бекітіледі. Сарапшының өтінішін қабылдамау туралы сараптама тағайындаған адам дәлелді қ а у л ы ш ы ғ а р а д ы .

Ескерту. 246-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

246-1-бап. Сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың қатысуы

1. Қылмыстық процесті жүргізуші орган сараптама жүргізу кезінде қатысуға, сарапшының жүргізіп жатқан іс-әрекеттеріне қатысты оның түсіндірмесін алуға құқылы. Сараптама жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізуші органның қатысу фактісі сарапшының қорытындысында көрсетіледі.

2. Сараптама жүргізу кезінде өздерінің немесе өздеріне берілетін құқықтары мен мүдделерін қорғайтын процеске қатысушылар қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатымен қатыса алады. Бұл жағдайда қылмыстық процесті жүргізуші органның қатысуы міндетті.

3. Қылмыстық процесті жүргізуші орган тиісті өтінішті қанағаттандырған кезде, оны мәлімдеген адамға сараптаманың жүргізілетін орны мен уақыты хабарланады. Хабарланған адамның келмей қалуы сараптаманы жүргізуге к е д е р г і к е л т і р м е й д і .

4. Сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысып отырған қатысушылар зерттеулер барысына араласуға құқылы емес, бірақ сот сараптамасының нысанасына қатысты түсініктемелер бере алады.

5. Егер сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысып отырған қатысушы сот сарапшысының қызметіне кедергі келтірсе, сот сарапшысы зерттеуді тоқтата тұруға және қылмыстық процесті жүргізуші орган алдында

аталған процеске қатысушыға сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуға берілген рұқсаттың күшін жою туралы өтініш жасауға құқылы.

6. Егер сот сараптамасын сот сарапшыларының комиссиясы жүргізсе, сот сарапшысы қорытынды жасаған кезде, сондай-ақ сот сарапшыларының кеңесуі және қорытындыларды тұжырымдау сатысында процеске қатысушылардың қ а т ы с у ы н а ж о л б е р і л м е й д і .

7. Сот психиатриялық және сот психологиялық-психиатриялық сараптаманың жүргізілуі құпия жағдайда жүзеге асырылады.

8. Адамды жалаңаштау арқылы сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде тек сол жыныстағы адамдар қатыса алады. Осы шектеу көрсетілген зерттеулерді жүргізуге қатысатын дәрігерлерге және басқа да медицина қызметкерлеріне қолданылмайды.

Ескерту. Кодекс 246-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

247-бап. Сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастыру

1. Егер адамға қатысты сот сараптамасын жүргізу сот-сараптамалық зерттеулерді стационар жағдайында жүргізуді көздейтін болса, сезікті, айыпталушы, жәбірленуші, куә сараптама тағайындау туралы қаулының негізінде медициналық ұйымға орналастырылуы мүмкін.

Осы Кодекстің 241-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда жәбірленушіні, куәні медициналық ұйымға орналастыруға оның жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Егер аталған адам кәмелетке толмаса немесе сот оны әрекетке қабілетсіз деп таныса, көрсетілген жазбаша келісімді заңды өкіл береді. Заңды өкіл қарсылық білдірген немесе болмаған жағдайда жазбаша келісімді қорғаншылық және қ а м қ о р ш ы л ы қ о р г а н ы б е р е д і .

2. Күзетпен ұсталмайтын сезіктіні, айыпталушыны, сондай-ақ жәбірленушіні, куәні сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға жіберу осы Кодекстің 14-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

3. Өздеріне қатысты сараптама жүргізілетін адамдарды медициналық ұйымда ұстау ережелері Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасында айқындалады.

4. Стационарлық сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін сезіктіні медициналық ұйымға орналастырған кезде оған айып тағылуға тиісті мерзім сарапшылар комиссиясының сезіктінің психикалық жағдайы туралы қорытындысы алынғанға дейін кідіртіле тұрады.

5. Өзіне қатысты сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама

жүргізілетін адамның медициналық ұйымда болуының жалпы мерзімі отыз тәулікке тең. Сот-сараптамалық зерттеулерді аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім осы Кодекстің 14-бабы екінші бөлігінің талаптарына сәйкес сарапшының (сарапшылар комиссиясының) дәлелді өтініші бойынша отыз тәулікке ұзартылуы мүмкін.

Өтініш сараптаманың жүргізілу мерзімінің аяқталуына дейін үш тәуліктен кешіктірілмей прокурорға немесе сотқа табыс етілуге және алған күннен бастап үш тәулік ішінде шешілуге тиіс. Прокурор, сот мерзімді ұзартудан бас тартқан жағдайда, адам медициналық ұйымнан шығарылуға тиіс. Медициналық ұйымның басшысы мәлімделген өтініш пен оны прокурордың, соттың қарау нәтижелері туралы өзіне қатысты сараптама жүргізілетін адамға, оның қорғаушысына, заңды өкіліне, өкіліне, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізуші органға хабарлайды.

6. Медициналық ұйымда өзіне қатысты сот сараптамасы жүргізіліп жатқан адам, оның қорғаушысы, заңды өкілі, өкілі осы Кодексте көзделген тәртіппен оның жүргізілу мерзімін ұзарту туралы қаулыға шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 247-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

248-бап. Сараптама объектілері

1. Заттай дәлелдер, құжаттар, адамның денесі мен психикалық ахуалы, мәйіттер, жануарлар, сараптамалық үлгілер, сондай-ақ қылмыстық іс материалдарындағы сараптама нысанасына жататын мәліметтер сараптама объектілері болып табылады.

2. Сараптамалық зерттеу объектілерінің дәлдігі мен оларға жол берілетініне сараптаманы тағайындаған орган кепілдік береді.

3. Сараптамалық зерттеу объектілері, егер олардың көлемі мен қасиеттері мүмкіндік берсе, сарапшыға буып-түйілген және мөрмен бекітілген күйінде беріледі. Басқа жағдайларда сараптаманы тағайындаған адам сарапшыны зерттеу объектілері орналасқан жерге жеткізуді, оларға бөгетсіз қол жеткізуді және зерттеу жүргізу үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуге тиіс.

4. Сот сараптамасы объектілерін пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

5. Сараптама жүргізу кезінде оның объектілері сараптама тағайындаған органның рұқсатымен зерттеулер жүргізу және қорытынды беру үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада ғана бүлдірілуі немесе пайдаланылуы мүмкін.

Аталған рұқсат сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда немесе сот сарапшысының өтінішін қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан ішінара бас тарту туралы дәлелді қаулыда қамтылуға тиіс.

Ескерту. 248-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

249-бап. Жеке және комиссиялық сараптама

1. Сараптаманы сарапшы жеке не сарапшылар комиссиясы жүзеге асырады.
2. Комиссиялық сараптама күрделі сараптамалық зерттеулерді жүргізу қажет болған жағдайларда тағайындалады және оны бір мамандықтағы кемінде екі с а р а п ш ы ж ү р г і з е д і .

3. Ақыл-есінің дұрыстығы туралы мәселе бойынша сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін кемінде үш сарапшы тағайындалады.

4. Комиссиялық сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшыларының әрқайсысы сот-сараптамалық зерттеуді толық көлемінде тәуелсіз және дербес жүргізеді. Сараптама комиссиясының мүшелері алынған нәтижелерді бірлесіп талдайды және ортақ пікірге келгенде қорытындыға не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаға қол қояды. Сарапшылар арасында келіспеушілік болған жағдайда олардың әрқайсысы немесе сарапшылардың бір бөлігі жеке қорытынды береді не пікірі комиссияның басқа мүшелерінің қорытындысымен сәйкес келмеген сарапшы пікірін қорытындыда жеке т ұ ж ы р ы м д а й д ы .

5. Қылмыстық процесті жүргізуші органның комиссиялық сараптама жүргізу туралы қаулысы сот сараптамасы органының басшысы үшін міндетті болып табылады. Сот сараптамасы органының басшысы ұсынылған материалдар бойынша комиссиялық сараптама жүргізу туралы өз бетінше шешім қабылдауға және оны жүргізуді ұйымдастыруға құқылы.

Ескерту. 249-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

250-бап. Кешенді сараптама

1. Кешенді сараптама іс үшін маңызы бар жағдайларды анықтау үшін әртүрлі білім саласының негізінде зерттеулер жүргізу қажет болған кезде тағайындалады және оны әртүрлі мамандықтағы сарапшылар өз құзыретінің шегінде жүргізеді.

2. Кешенді сараптаманың қорытындысында әрбір сарапшының қандай зерттеуді, қандай көлемде жүргізгені және оның қандай қорытындыға келгені көрсетілуге тиіс. Әрбір сарапшы қорытындының осы зерттеулер мазмұндалған б ө л і г і н е қ о л қ о я д ы .

3. Әрбір сарапшы жүргізген зерттеулер нәтижелерінің негізінде олар анықтау үшін сараптама тағайындалған мән-жай туралы ортақ қорытынды (қорытындылар) тұжырымдайды. Ортақ қорытындыны (қорытындыларды) алынған нәтижелерді бағалауға құзыреті бар сарапшылар ғана тұжырымдап, қол қояды. Егер комиссияның немесе оның бір бөлігінің түпкілікті қорытындысына сарапшылардың бірі (жекелеген сарапшылар) анықтаған фактілер негіз болса,

онда бұл туралы қорытындыда көрсетілуге тиіс.

4. Сарапшылар арасында келіспеушілік болған жағдайда зерттеулердің нәтижелері осы Кодекстің 249-бабының төртінші бөлігіне сәйкес ресімделеді.

5. Сот сараптамасы органына тапсырылған кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыру оның басшысына жүктеледі. Сот сараптамасы органының басшысы сол сияқты тергеушінің қаулысына сәйкес ұсынылған материалдар бойынша кешенді сараптама жүргізу туралы өз бетінше шешім қабылдауға және оны жүргізуді ұйымдастыруға құқылы.

251-бап. Сарапшы қорытындысының мазмұны

1. Қажетті зерттеулер жүргізілгеннен кейін оның нәтижелерін есепке ала отырып, сарапшы (сарапшылар) өз атынан жазбаша қорытынды жасап, оны өз қолын қоюы және жеке мөрі арқылы растап, сараптама тағайындаған органға жібереді. Сараптаманы сот сараптамасы органы жүргізген жағдайда сарапшының (сарапшылардың) қолы аталған органның мөрімен расталады.

2. Сарапшының қорытындысында: оның ресімделген күні, сараптаманың жүргізілген мерзімдері және орны; сот сараптамасын жүргізудің негіздері; сараптаманы тағайындаған орган туралы мәліметтер; сараптама жүргізу тапсырылған сот сараптамасы органы және (немесе) сарапшы (сарапшылар) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, білімі, сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс стажы, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын қызметі); көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы өзінің ескертілгені туралы сарапшының (сарапшылардың) қолымен куәландырылған белгі; сот сарапшысының (сарапшылардың) алдына қойылған мәселелер; сараптама жүргізу кезінде процеске қатысқан қатысушылар туралы және олар берген түсіндірмелер туралы мәліметтер; зерттеу объектілері; пайдаланылған әдістемелер көрсетіле отырып, зерттеулердің мазмұны мен нәтижелері; жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалау, сарапшының (сарапшылардың) алдына қойылған мәселелер бойынша қорытындылардың негіздемесі мен тұжырымы көрсетілуге тиіс.

3. Егер зерттеу барысында осы Кодекстің 252-бабында көрсетілген мән-жайлар анықталса, қорытындыда қойылған сұрақтардың барлығына немесе олардың кейбіреуіне жауап берудің мүмкін болмауының негіздемесі қамтылуға т и і с .

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен куәландырылған, сарапшының қорытындысын көрнекілейтін материалдар (фотокестелер, схемалар , графиктер, кестелер және басқа да материалдар) қорытындыға қоса беріледі және оның құрамдас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ қорытындыға зерттеуден

кейін қалған объектілер, оның ішінде үлгілер қоса берілуге тиіс.

Ескерту. 251-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

252-бап. Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама

Егер сарапшының зерттеу жүргізгенге дейін оның алдына қойылған мәселелер өзінің арнайы білімдерінің аясынан тыс екеніне не оған ұсынылған материалдар қорытынды беру үшін жарамсыз немесе жеткіліксіз екеніне және орындалуы мүмкін емес екеніне, не ғылым мен сараптама тәжірибесінің жайы қойылған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік бермейтініне көзі жетсе, ол қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді хабарлама жазып, оны сараптама тағайындаған органға жібереді.

Ескерту. 252-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

253-бап. Сарапшыдан жауап алу

1. Егер сарапшының қорытындысы жеткілікті түрде айқын болмаса, қосымша зерттеулер жүргізу талап етілмейтіндей олқылықтары болса, немесе сарапшы қолданған әдістер мен терминдерді нақтылау қажет болса, қылмыстық процесті жүргізуші орган сарапшыдан аталған мән-жайлар бойынша жауап алуға құқылы. Сарапшының өзінің жауаптарын өз қолымен жазуына болады. Сарапшыдан жауап алу хаттамасы осы Кодекстің 203-бабында жазылған ережелерді сақтай отырып жасалады.

2. Сарапшы қорытынды бергенге дейін одан жауап алуға жол берілмейді.

3. Сарапшыдан оның қорытындысына қатысты емес, тірі адамдарға қатысты сот-психиатриялық, сондай-ақ сот-медициналық сараптама жүргізуге байланысты оған белгілі болған мән-жайлар бойынша жауап алуға болмайды.

Ескерту. 253-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

254-бап. Сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге сарапшының қорытындысын көрсету

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

1. Сарапшының қорытындысы немесе оның қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламасы, сондай-ақ сарапшыдан жауап алу хаттамасы алдын ала тергеу аяқталғанға дейін сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге не осы Кодекстің 244-бабының бірінші және екінші бөліктерінде аталған өзге де адамдарға көрсетіледі, олар өз ескертпелерін ұсынуға, сарапшының қорытындылары бойынша қарсылықтарын мәлімдеуге, сарапшыдан жауап алу, қосымша немесе қайталама сараптама, сондай-ақ жаңа сараптамалар тағайындау

туралы өтініштерін мәлімдеуге құқылы. Мұндай өтініш қанағаттандырылған немесе ол қабылданбаған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізуші орган тиісті қаулы шығарады, ол өтінішті мәлімдеген адамға одан қолхат алып хабарланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдарды сарапшының қорытындысымен және одан жауап алудың хаттамасымен таныстыру туралы хаттама жасалады, онда жасалған мәлімдемелер немесе қарсылық білдірулер көрсетіледі.

3. Осы баптың ережелері адамды айыпталушы ретінде тартқанға не ол сезікті немесе жәбірленуші деп танылғанға дейін сараптама жүргізілген жағдайларда да қолданылады.

Ескерту. 254-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

255-бап. Қосымша және қайталама сараптама

1. Қосымша сараптама қорытынды толық немесе жеткілікті түрде айқын болмаған, сондай-ақ осының алдындағы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажет болған жағдайда тағайындалады.

2. Қосымша сараптаманы жүргізу сол сарапшының өзіне немесе басқа сарапшыға тапсырылуы мүмкін.

3. Қайталама сараптама сарапшының алдыңғы қорытындысы жеткілікті түрде негізді болмағанда не оның қорытындылары күмән туғызған не сараптаманы тағайындау мен жүргізу туралы іс жүргізу нормалары елеулі түрде бұзылған жағдайларда дәл сол объектілерді зерттеу және дәл сол мәселелерді шешу үшін тағайындалады.

4. Қайталама сараптама тағайындау туралы қаулыда алдыңғы сараптаманың нәтижелерімен келіспеудің дәлелдері келтіруге тиіс.

5. Қайталама сараптама жүргізу сарапшылар комиссиясына тапсырылады. Алдыңғы сараптаманы жүргізген сарапшылар қайталама сарапшылар жүргізген кезде қатысып, комиссияға түсініктемелер бере алады, бірақ олар сараптамалық зерттеуге және қорытынды жасауға қатыспайды.

6. Қосымша және қайталама сараптама тапсырылған кезде сарапшыға (сарапшыларға) алдыңғы сараптамалардың қорытындылары ұсынылуға тиіс.

7. Қосымша және қайталама сараптамалар осы Кодекстің 240, 242-252-баптарының ережелері сақтала отырып тағайындалады және жүргізіледі.

8. Егер екінші немесе реті бойынша келесі сараптама бірнеше негіздер бойынша тағайындалып, олардың бірі - қосымша, ал басқалары қайталама сараптамаға жататын болса, мұндай сараптама қайталама сараптама жүргізу ережелері бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 255-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

33-тарау. Үлгілер алу

256-бап. Үлгілер алудың негіздері

1. Тергеуші көзі тірі адамның, мәйіттің, жануардың, бұйымның, заттың қасиеттерін бейнелейтін үлгілерін зерттеудің іс үшін маңызы болғанда оларды алуға құқылы.

2. Үлгі ретінде, атап айтқанда:

1) қан, ұрық, шаш, қиып алынған тырнақ, дененің сыртқы бетінің микроскопиялық қорытындылары;

2) сілекей, тер және басқа бөлініп шығатындар;

3) тері бедерінің ізі, тістің қалыбы;

4) қолжазба мәтін, бұйымдар, адамның дағдысын бейнелейтін басқа материалдар;

5) дауыс фонограммасы;

6) материалдардың, заттардың, шикізаттың, дайын өнімнің сынамалары;

7) гильзалардың, оқтардың қару мен тетік іздерінің үлгілері алынады.

3. Үлгілер алу туралы дәлелді қаулы шығарылады, онда: үлгілерді алатын адам; үлгілер алынатын адам (ұйым); нақты қандай үлгілер қандай мөлшерде алынуға тиіс екені; үлгілерді алу үшін адамның қашан және кімге келуі керек екені; үлгілер алынғаннан кейін қашан және кімге ұсынылуға тиіс екені көрсетілуге тиіс.

4. Қылмыстық істі қозғау туралы шешім қабылдау үлгілерді зерттеусіз мүмкін болмаған жағдайларда олар қылмыстық іс қозғалғанға дейін алынуы мүмкін.

Ескерту. 256-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

257-бап. Үлгілер алуға құқығы бар адамдар мен органдар

1. Егер іс-әрекет үлгілер алынуға тиісті жынысы басқа адамды шешіндірумен байланысты болмаса және ерекше кәсіптік дағдыны талап етпесе, тергеуші жеке өзі, ал қажет болғанда дәрігердің, өзге маманның қатысуымен үлгілер алуға құқылы. Өзге жағдайларда үлгілерді тергеушінің тапсырмасы бойынша дәрігер немесе маман алуы мүмкін.

2. Үлгілерді алу сараптамалық зерттеудің бір бөлігі болып табылған жағдайда оны сарапшы алуы мүмкін.

258-бап. Үлгілер алуға болатын адамдар

1. Үлгілер сезіктіден, айыпталушыдан, жәбірленушіден, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізіліп отырған адамнан алынуы мүмкін.

2. Оқиға болған жердегі немесе заттай дәлелдердегі іздерді өзге адамның қалдыруы мүмкін екені туралы жеткілікті деректер болған кезде үлгілері сол адамнан, бірақ аталған іздер қалдырылуы мүмкін жағдайлар туралы одан куә (жәбірленуші) ретінде жауап алынғаннан кейін ғана алынуы мүмкін.

259-бап. Тергеушінің үлгілер алуының тәртібі

1. Тергеуші адамды өзіне шақыртып немесе ол тұрған жерге келіп, оны үлгілер алу туралы қаулымен қолхат ала отырып таныстырады, оған және аталған тергеу іс-әрекетіне қатысушы өзге адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

2. Тергеуші қажетті іс-әрекетті жеке өзі немесе маманның қатысуымен жүргізеді, үлгілер алады, оларды буып-түйіп, мөрмен бекітеді.

3. Тиісті жағдайларда үлгілерді сұрыптап алуды, тінтуді, эксгумацияны жүргізу арқылы немесе оларды жүргізумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

260-бап. Дәрігердің немесе басқа маманның үлгілер алуы

1. Тергеуші үлгі алынуға тиісті адамды, сондай-ақ тиісті тапсырмасы бар қаулыны дәрігерге немесе басқа маманға жібереді. Қаулыда аталған тергеу іс-әрекетінің барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттері көрсетілуге тиіс. Дәрігерге, басқа маманға апару туралы мәселені қаулы шығарған тергеуші шешеді.

2. Дәрігер немесе басқа маман тергеушінің тапсырмасы бойынша қажетті іс-әрекет жасайды және үлгілерді алады. Үлгілер буып-түйіледі және олар мөрмен бекітіледі, осыдан кейін дәрігер немесе басқа маман жазған ресми құжатпен бірге тергеушіге жіберіледі.

261-бап. Сарапшының үлгілерді алуы

1. Сарапшы зерттеу процесінде эксперименттік үлгілер жасауы мүмкін, бұл туралы ол қорытындыда хабарлайды.

2. Тергеуші мұндай үлгілерді әзірлеу кезінде қатысуға құқылы, бұл өзі жасайтын хаттамада көрсетіледі.

3. Зерттеу жүргізгеннен кейін сарапшы үлгілерді буып-түйілген және мөрмен бекітілген күйінде өзінің қорытындысына қоса тігеді.

262-бап. Үлгілер алу кезіндегі жеке адам құқықтарын қорғау

Үлгілер алудың әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары адамның өмірі мен денсаулығына қауіпсіз болуға тиіс. Жанға қатты батыра жасалатын күрделі медициналық рәсімдерді немесе әдістерді қолдануға бұған үлгілер алынуға тиісті

адам, ал егер ол адам кәмелетке толмаған болса немесе психикалық ауру болса - оның заңды өкілдері жазбаша келісім берген жағдайда ғана жол беріледі.

263-бап. Үлгілер алу туралы қаулының орындалу міндеттілігі

1. Сезіктіден, айыпталушыдан үлгілер мәжбүрленіп алынуы мүмкін.

2. Жәбірленуші мен куәдан үлгілер алу, мұндай әрекетті жасауды сезікті, айыпталушы өзін қылмыс жасады деп әшкерелейтін айғақтарды тексеру үшін табанды түрде талап еткеннен, сондай-ақ жыныстық аурулар мен өзге де жұқпалы ауруларды анықтау үшін, мұндай анықтау іс үшін маңызы болғанда үлгілер алу қажет болғаннан басқа жағдайларда, жәбірленуші мен куәнің келісімімен ғана жүргізілуі мүмкін.

3. Жәбірленушіден, куәдан осы баптың екінші бөлігінде аталған жағдайларда, сондай-ақ өтініш берушіден және өтініш беруші қылмыс жасаған деп тікелей көрсеткен адамнан үлгілерді мәжбүрлеп алуға прокурордың санкциясымен немесе соттың шешімі бойынша ғана жол беріледі.

Ескерту. 263-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

264-бап. Үлгілер алудың хаттамасы

1. Тергеуші үлгілерді алғаннан кейін хаттама жасайды, онда үлгілерді алу үшін жасалған барлық әрекет олардың жүргізілу ретімен, бұл үшін қолданылған ғылыми-зерттеу және басқа әдістер мен рәсімдер, сондай-ақ үлгілердің өзі с и п а т т а л ы п ж а з ы л а д ы .

2. Егер үлгілерді тергеушінің тапсырмасы бойынша дәрігер немесе басқа маман алса, онда ол бұл туралы ресми құжат жасайды, оған аталған іс-әрекетке қатысқан барлық адам қол қояды және ол осы Кодекстің 203-бабының сегізінші бөлігінде белгіленген тәртіппен қылмыстық іске қосып тігу үшін тергеушіге б е р е д і .

3. Үлгілер буып-түйілген және мөрмен бекітілген күйінде хаттамаға қоса тіркеледі.

34-тарау. Алдын ала тергеуді тоқтата тұру және қайта жалғастыру

265-бап. Алдын ала тергеуді тоқтата тұрудың тәртібі

1. Тергеуші алдын ала тергеуді осы Кодекстің 50-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша тоқтата тұруға құқылы.

2. Алдын ала тергеуді тоқтата тұру туралы тергеуші дәлелді қаулы шығарады, мұның көшірмесі жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі.

3. Алдын ала тергеуді тоқтата тұрудың алдында тергеуші айыпталушы болмаған кезде жүргізілуі мүмкін барлық іс-әрекетті орындау, оны табу, сонымен қатар қылмыс жасаған адамды анықтау үшін барлық шараны қолдануға міндетті.

266-бап. Тергеушінің алдын ала тергеуді тоқтата тұрғаннан кейінгі іс әрекеті

1. Алдын ала тергеуді тоқтата тұрғаннан кейін тергеуші бұл туралы жәбірленушіге, оның өкіліне, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне хабарлауға және сонымен бір мезгілде прокурорға алдын ала тергеуді тоқтата тұру туралы қаулыға шағым жасауға болатынын оларға түсіндіруге міндетті. Алдын ала тергеу осы Кодекстің 50-бабының бірінші бөлігінің 4) және 7)-тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда бұл туралы айыпталушы мен оның қорғаушысына да хабарланады.

2. Алдын ала тергеу тоқтатыла тұрғаннан кейін тергеуші:

1) осы Кодекстің 50-бабының бірінші бөлігінің 1-тармағында көзделген жағдайда тікелей өзі де, анықтау органдары арқылы да айыпталушы ретінде жауапқа тартылуға тиіс адамды анықтау үшін шара қолданады;

2) осы Кодекстің 50-бабының бірінші бөлігінің 2-тармағында көзделген жағдайда айыпталушының тұрған жерін анықтайды, егер ол ізін жасырса, оны іздестіру шараларын қолданады.

3. Іс жүргізу тоқтатыла тұрған іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізуге жол берілмейді.

Ескерту. 266-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

267-бап. Айыпталушыны іздестіру

1. Айыпталушының тұрған жері белгісіз болған жағдайда тергеуші іздестіру жүргізуді анықтау органдарына тапсыруға құқылы. Бұл тапсырма туралы алдын ала тергеуді тоқтата тұру туралы қаулыда көрсетіледі немесе жеке қаулы шығарылады.

2. Айыпталушыны іздеу алдын ала тергеу жүргізу кезінде де, оның тоқтатыла тұруымен бір мезгілде де жариялануы мүмкін.

3. Осы Кодекстің 139-бабында көрсетілген негіздер болған кезде іздестіріліп жатқан айыпталушыға қатысты, ол табылған жағдайда, бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін. Осы Кодекстің 150-бабында көрсетілген жағдайларда соттың санкциясы бойынша тұтқындау түрінде бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 267-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

267-1-бап. Халықаралық іздестіруді жариялау

1. Халықаралық іздестіруді жариялауға негіздер болған кезде қылмыстық қудалау органы айыпталушыға халықаралық іздестіру жариялау туралы прокурор санкция берген жеке қаулы шығарады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға халықаралық іздестіру жариялауға санкция беру құқығы Бас прокурор мен оның орынбасарларында, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорларда болады.

Ескерту. Кодекс 267-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.09.25 N 484 Заңымен , 2007.01.08. N 210 Заңдарымен.

268-бап. Тоқтатыла тұрған алдын ала тергеуді қайта жалғастыру

1. Тоқтатыла тұрған алдын ала тергеу қылмыстық ізге түсу органының дәлелді қаулысымен:

- 1) тоқтата тұру үшін негіздер жойылғаннан кейін;
- 2) айыпталушының қатысуынсыз жүзеге асырылуы мүмкін тергеу іс-әрекетін жүргізу қажеттілігі пайда болғанда қайта жалғастырылады.

2. Алдын-ала тергеу прокурордың немесе судьяның істі тоқтата тұру туралы қаулының күшін жоюына байланысты қылмыстық ізге түсу органының дәлелді қаулысымен де қайтадан басталады.

3. Алдын ала тергеуді қайта жалғастыру туралы айыпталушы мен қорғаушыға , сондай-ақ жәбірленушіге, оның өкіліне, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге, олардың өкілдеріне хабарланады.

Ескерту. 268-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

35-тарау. Алдын ала тергеу барысында істі қысқарту

269-бап. Алдын ала тергеу барысында істі қысқартудың негіздері мен тәртібі

1. Тергеуші, прокурор қылмыстық істі осы Кодекстің 38-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша қысқартуға құқылы, ал осы Кодекстің 37-бабының бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша қылмыстық істі тоқтатады.

2. Сезіктіні немесе айыпталушының қылмыс жасауға қатысқаны дәлелденбеген жағдайда, егер қосымша дәлелдемелер жинау үшін барлық мүмкіндік таусылса, қылмыстық іс осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінің 1 немесе 2-тармақтарының негізінде қысқартылады. Бұл жағдайда тергеуші, прокурор адамды ақтау және оған заңсыз ұстау немесе қамау нәтижесінде келтірілген материалдық зиянды өтеу жөнінде заңдарда көзделген барлық шараны қолдануға тиіс.

3. Егер іс бойынша бірнеше сезікті, айыпталушы жауапқа тартылса, ал істі қысқартуға негіз сезіктілердің, айыпталушылардың бәріне бірдей қатысты болмаса, онда қылмыстық қудалау осы Кодекстің 51-1-бабында көзделген тәртіппен жекелеген сезіктілерге, айыпталушыларға қатысты қысқартылады.

4. Қылмыстық істі қысқарту туралы дәлелді қаулы шығарылады.

5. Қаулының кіріспе бөлімінде оның жасалған уақыты мен орны, тергеушінің аты-жөні мен лауазымы көрсетіледі.

6. Қаулының сипаттама-дәлелдеу бөлімінде істі қозғауға себеп пен негіз болған жағдайлар, іс бойынша қылмыс жасады деп сезік келтірілген немесе айыпталған адамдар, олардың мәнісі, қылмыстық-құқықтық біліктілік және қолданылған бұлтартпау шаралары туралы деректерді көрсете отырып, оны тергеу нәтижелері баяндалады.

7. Қаулының қарар бөлімінде істі қысқарту үшін негіз болған осы Кодекстің бабын (бөлігін, тармағын) көрсете отырып, істі қысқарту туралы шешім, сондай-ақ бұлтартпау шарасын қолданбау туралы, мүлікті тұтқындауды алып тастау туралы, қызметінен уақытша босатуды тоқтатуды алып тастау туралы, хат-хабарды тұтқындау, сөйлескен сөздерді тыңдау мен жазып алу, заттай дәлелдердің тағдыры туралы нұсқау баяндалады.

8. Заң бойынша істі тоқтатуға айыпталушының немесе жәбірленушінің келісімі бойынша ғана жол берілетін жағдайларда мұндай келісімнің бар екені қаулыда көрсетілуге тиіс.

9. Іс осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінің 1, 2-тармақтарында және үшінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша қысқартылған ретте қаулыға оларға қатысты іс қысқартылған адамдардың кінәсіз екеніне күмән келтіретін сөз орамдарын енгізуге жол берілмейді.

10. Қылмыстық істі қысқарту туралы қаулының көшірмесі прокурорға жіберіледі.

Ескерту. 269-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.28 N 402-IV (2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

270-бап. Тергеушінің қылмыстық іс қысқартылғаннан кейінгі іс-әрекеті

1. Істі қысқарту туралы және қысқарту негіздері туралы тергеуші сезіктіге, айыпталушыға, олардың қорғаушыларына, жәбірленушіге және оның өкіліне, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге және олардың өкілдеріне, сондай-ақ арызы бойынша іс қозғалған адамға немесе ұйымға жазбаша хабарлайды.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдарға іс материалдарымен танысу құқығы және істі қысқарту туралы қаулыға шағым жасау тәртібі

түсіндіріледі. Осы адамдардан келіп түскен өтініш бойынша оларға істі қысқарту туралы қаулының көшірмесі тапсырылады.

3. Іс материалдарымен танысу осы Кодекстің 275-бабының талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

271-бап. Қылмыстық істі қысқарту туралы қаулыға шағым жасау

1. Тергеушінің қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысына сезікті, айыпталушы, олардың қорғаушылары, жәбірленуші және оның өкілі, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ арызы бойынша іс қозғалған адам немесе мемлекеттік органның немесе ұйымның өкілі тергеуге қадағалау жасап отырған прокурорға шағымдана алады.

2. Іс прокурордың келісімімен қысқартылған жағдайда қаулыға жоғары тұрған прокурорға шағымдануға болады.

3. Прокурордың қылмыстық істің қысқартылуына байланысты берілген арызды қанағаттандырудан бас тартуына осы Кодекстің 109-бабының ережелері бойынша сотқа шағым жасауға болады.

272-бап. Қысқартылған қылмыстық істі қайта жалғастыру

1. Қысқартылған іс бойынша іс жүргізу мынадай жағдайларда:

1) тергеушінің қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысының күші жоғалғанда ;

2) сот қылмыстық істің негізсіз қысқартылуына берілген арызды осы Кодекстің 109-бабының тәртібімен қанағаттандырғанда қайта жалғастырылады.

2. Қысқартылған іс бойынша іс жүргізу адамды қылмыстық жауапқа тартудың ескіру мерзімі өтпеген жағдайда ғана қайта жалғастырылуы мүмкін.

3. Іс бойынша іс жүргізуді қайта жалғастыру туралы сезіктіге, айыпталушыға, олардың қорғаушыларына, жәбірленушіге және оның өкіліне, азаматтық жауапкерге немесе олардың өкілдеріне, сондай-ақ арызы бойынша іс қозғалған адамға немесе ұйымға жазбаша түрде хабарланады.

272-1-бап. Жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтіру

1. Жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтіру – прокурордың, тергеушінің, анықтау органының қаулысы бойынша, ал қылмыстық іс немесе материалдар сот ісін жүргізу барысында жоғалған жағдайда орындау үшін прокурорға жіберілетін сот шешімі бойынша жүргізіледі.

2. Қылмыстық істі қалпына келтіру осы Кодексте белгіленген тәртіппен дәлелдемелер деп танылуы мүмкін қылмыстық іс материалдарының сақталған көшірмелері бойынша не қылмыстық процесті жүргізетін органның іс жүргізу әрекеттерін жүргізу жолымен жүргізіледі.

3. Қылмыстық істі қалпына келтіру кезінде анықтау, алдын ала тергеу және

қамау мерзімдері осы Кодекстің 153, 196 және 285-баптарында белгіленген т ә р т і п п е н е с е п т е л е д і .

4. Егер жоғалған қылмыстық іс бойынша қамауда ұстаудың шекті мерзімі өтсе, айыпталушы дереу босатылуға тиіс.

Ескерту. Кодекс 272-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-тарау. Айыптау қорытындысын жасау және қылмыстық істі сотқа жіберу

273-бап. Прокурорға айыптау қорытындысымен бірге жіберілетін іс бойынша тергеу іс-әрекетінің аяқталғаны туралы хабарлау

1. Іс бойынша барлық тергеу іс-әрекеті орындалды, ал жиналған дәлелдер айыптау қорытындысын жасау үшін жеткілікті деп танылғаннан кейін тергеуші бұл туралы айыпталушыға хабарлауға, оған істің барлық материалдарымен жеке өзінің де, қорғаушысының көмегімен де танысу, сондай-ақ алдын ала тергеуді толықтыру немесе іс бойынша басқа шешімдер қабылдау туралы өтініш айту құқығын түсіндіруге міндетті. Айыпталушыға тергеу іс-әрекетінің аяқталғаны туралы хабарлағаны және оған құқықтары түсіндірілгені туралы осы Кодекстің 203-бабының талаптарын сақтай отырып, хаттама жасалады. Айыпталушы қылмыстық іс материалдарымен танысудан бас тартқан жағдайда бұл туралы себептері айтыла отырып, қаулыда көрсетіледі. Егер айыпталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болса және алдын ала тергеу органдарына келуден жалтарса, бірақ айыпталушының тұрып жатқан жері алдын ала тергеу органына белгілі болса, айыпталушыға оның құқықтары түсіндіріле отырып, тергеу аяқталғаны туралы жазбаша хабарлама почта арқылы жіберіледі, хаттамаға тергеуші айыпталушыға тергеу іс-әрекеттерінің аяқталғаны және құқықтарының түсіндірілгені туралы хабарланғаны жөнінде белгі соғады.

2. Тергеудің аяқталғаны туралы және іс материалдарымен танысу және өтініш айту құқықтары туралы тергеуші іске қатысқан жағдайда айыпталушының қорғаушысына, сондай-ақ жәбірленушіге және оның өкіліне, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге және олардың өкілдеріне хабарлауға міндетті.

2-1. Тергеуші осы Кодекстің 290-1-бабының екінші бөлігінде көрсетілген қылмыстар бойынша кәмелетке толмаған айыпталушының заңды өкілдеріне, кәмелетке толмаған жәбірленушінің заңды өкілдеріне және өкілдеріне кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған істі аудандық және оған теңестірілген сотта қарату

құқығын

түсіндіруге

міндетті.

3. Егер айыпталушының қорғаушысы немесе жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілі іспен танысу үшін белгіленген уақытта дәлелді себептермен келе алмаса, тергеуші іспен танысуды бес тәуліктен аспайтын мерзімге кейінге қалдырады. Қорғаушы немесе өкіл осы мерзім ішінде келмеген жағдайда тергеуші басқа қорғаушының немесе өкілдің келуі үшін

ш а р л а р

қ о л д а н а д ы .

Ескерту. 273-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163; 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

274-бап. Жәбірленушіні, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді және олардың өкілдерін іс материалдарымен таныстыру

1. Жәбірленуші немесе оның өкілі ауызша немесе жазбаша өтініш жасаған жағдайда тергеуші бұл адамдарды іс материалдарымен немесе олар танысуға тілек білдірген олардың бір бөлігімен таныстырады. Азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, егер олар өтініш білдірсе, іс материалдарының азаматтық талап қоюға қатысты бөлігімен танысады.

2. Таныстыру осы Кодекстің 275-бабында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

275-бап. Айыпталушыны және оның қорғаушысын істің барлық материалымен таныстыру

1. Осы Кодекстің 274-бабының талаптарын орындай отырып, тергеуші айыпталушы мен оның қорғаушысына айыптау тізімін қоспағанда, істің барлық материалын көрсетеді, олар тігілген, нөмірленген, іс парақтарының тізімдемесіне енгізілген, тігілген және тергеу органының мөрімен бекітілген болуға тиіс. Танысуға сонымен қатар айғақ заттар ұсынылады және айыпталушының немесе оның қорғаушысының өтініші бойынша, егер тергеу іс-әрекетінің хаттамаларына қоса тіркелген болса, фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, слайдылар тыңдатылып, көрсетіледі. Айыпталушының немесе оның қорғаушысының өтініші бойынша олар іс материалдарымен бірге немесе жеке-жеке таныса алады.

2. Айыпталушы мен қорғаушы іс материалдарымен танысу процесінде, егер ол бірнеше томнан тұратын болса, олардың кез келгенін қайта қарауға, сондай-ақ кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, құжаттардың көшірмесін түсіріп алуға, соның ішінде техникалық құралдардың көмегімен түсіріп алуға құқылы. Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтер бар істегі құжаттардан үзінділер және олардың көшірмелері іспен бірге сақталады және айыпталушы мен оның қорғаушысына сот отырысы

к е з і н д е

б е р і л е д і .

3. Айыпталушы мен қорғаушының істің барлық материалымен танысу үшін

қажет болатын уақытына шек қойылмайды. Алайда, егер айыпталушы мен қорғаушы іс материалдарымен танысуды қасақана созса, онда тергеуші өзінің прокурор бекітетін дәлелді қаулысымен іс материалдарымен танысуға жеткілікті белгілі бір мерзімді белгілеуге құқылы.

4. Айыпталушы мен қорғаушының іс материалдарымен танысуы аяқталғаннан кейін тергеуші олардың өтініш мәлімдейтінін және нақты не туралы мәлімдейтінін, өзге қандай мәлімдемелер жасауға тілек білдіретінін анықтауға міндетті. Бұл ретте айыпталушы мен оның қорғаушысының жауап алынған куәлардың, сондай-ақ іске қатысушы сарапшылардың, мамандардың және куәгерлердің арасынан нақты кімді жауап алуға және қорғаушының көзқарасын растауға сот отырысына шақыруға тілек білдіретіні анықталуға тиіс.

Ескерту. 275-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

276-бап. Өтініштерді мәлімдеу және шешу

1. Айыпталушының және оның қорғаушысының, сондай-ақ жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің іс материалдарымен танысқаннан кейін ауызша мәлімдеген ұсыныстары қылмыстық іс материалдарымен таныстыру туралы хаттамаға енгізіледі.

2. Процеске қатысушы өтінішін жазбаша түрде баяндау ниеті туралы мәлімдеген жағдайда оның дайындалуы үшін қажетті уақыт берілуі мүмкін, бұл туралы хаттамада белгі жасалады, ал жазбаша өтініш кейін іске қоса тігіледі.

3. Осы Кодекстің 102-бабына сәйкес тергеушінің іс үшін маңызы бар жағдайларды анықтау туралы ұсынысты қанағаттандырудан бас тартуға құқығы жоқ. Мұндай жағдайларда тергеуші алдын ала тергеуді толықтыруға міндетті, бұл ретте қылмыстық іс материалдарымен процестің басқа қатысушыларының танысуды жалғастыруы өтініштерді шешуге және олар қанағаттандырылған жағдайда, тергеу іс-әрекетін жүргізуге бөгет болмайды.

4. Қосымша тергеу іс-әрекеттерін жүргізгеннен кейін тергеуші іс жүргізуге қатысушыларға алдын ала тергеудің аяқталғаны туралы қайталап хабарлауға, оларға істің қосымша материалдарымен, ал олардың өтініші бойынша істің барлық материалымен танысуға мүмкіндік беруге міндетті.

5. Мәлімделген өтініштерді қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартылған жағдайда тергеуші бұл жөнінде қаулы шығарады, оның көшірмесін мәлімдеушіге тапсырады немесе жібереді.

6. Тергеушінің қылмыстық іс бойынша өтінішті қанағаттандырудан бас тартуына ұсыныс беруші ұсынысты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулының көшірмесін алған кезден бастап үш тәуліктің ішінде прокурорға

7. Арызды прокурор шешкенге дейін қылмыстық іс сотқа жіберілмеуге тиіс. Прокурордың сотқа жіберілген қылмыстық іс бойынша өтінішті қанағаттандырудан бас тартуға берілген арызды қабылдамауы дәл сол өтінішті соттың алдында қайталауға бөгет болмайды.

277-бап. Қылмыстық іс материалдарымен таныстыру туралы хаттама

1. Айыпталушының және оның қорғаушысының, сондай-ақ жәбірленуші мен оның өкілінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің қылмыстық іс материалдарымен таныстырылғаны туралы осы Кодекстің 203-бабының талаптарын сақтай отырып, хаттамалар жасалады. Хаттамаларда танысуға қандай материалдар ұсынылғаны, қандай өтініштердің мәлімделгені және өзге қандай мәлімдемелер жасалғаны, сондай-ақ іс бойынша жауап алынған қандай куәларды, іске қатысқан қандай сарапшыларды, мамандар мен куәгерлерді айыпталушы мен қорғаушы сот отырысына шақырылуы қажет деп мәлімдегені немесе олардың тізімі қоса тіркелгені көрсетіледі.

2. Егер іс материалдарымен айыпталушы және оның қорғаушысы немесе жәбірленуші мен оның өкілі бірге таныстырылса, онда тиісінше бір хаттама жасалады.

278-бап. Айыптау қорытындысы

1. Тергеушінің айыптау қорытындысы кіріспе, сипаттама-дәлелдеу және қ а р а р б ө л і м д е р і н е н т ұ р а д ы .

2. Кіріспе бөлімде тергеуші айыптау қорытындысы жасалып отырған айыпталушының (айыпталушылардың) тегін, атын, әкесінің атын, оның әрекеттеріне баға беріліп отырған қылмыстық заңды (бабын, бөлігін, тармағын) к ө р с е т е д і .

3. Сипаттама-дәлелдеу бөлімінде, айыптаудың мәнісі, қылмыс жасалған орын мен уақыт, оның әдістері, себептері, салдары мен басқа да елеулі мән-жайлары, жәбірленуші туралы мәліметтер, айыпталушының кінәсін растайтын дәлелдер; оның жауапкершілігін жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар; айыпталушы өзін қорғау үшін келтірген дәлелдер және осы дәлелдерді тексеру нәтижелері баяндалады. Айыптау қорытындысы істің томына және бетіне жасалған сілтемені қ а м т у ғ а т и і с .

4. Қарар бөлімінде айыпталушының жеке басы туралы мәліметтер келтіріледі және осы қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заңды (бабын, бөлігін, тармағын) көрсете отырып, тағылған айыптың сипаты баяндалады.

5. Айыптау қорытындысына оның жасалған орны мен күнін көрсетіп, тергеуші қол қояды.

279-бап. Айыптау қорытындысына қосымшалар

1. Айыптау қорытындысына сот отырысына шақыртылуға тиісті жәбірленушілердің, куәлардың, сарапшылардың тізімі қоса тіркеледі. Тізім екі бөліктен - айыпталушы мен қорғаушы атаған адамдардың тізімінен (қорғаушы тізімі) және тергеуші жасаған тізімнен (айыптаушы тізімі) тұруға тиіс.

2. Сот отырысына шақыртылуға тиісті адамдардың тізіміне олардың мекен-жайы немесе тұрғылықты жері және істің олардың айғақтары немесе қорытындылары баяндалған беттері көрсетіледі. Осы Кодекстің 100-бабында көзделген жағдайларда бұл тізімде сот отырысына шақыртылуға тиісті адамдардың бүркеншік аттары ғана қамтылуға тиіс, олардың мекен-жайы көрсетілмейді.

3. Айыптау қорытындысына, сондай-ақ істің тиісті беттері көрсетіле отырып, тергеу мерзімдері туралы, тұтқынға алу және үйде қамауда болған уақыты көрсетіле отырып, қолданылған бұлтартпау шаралары туралы, заттай дәлелдемелер туралы, азаматтық талап қою туралы, азаматтық талапты қамтамасыз ету жөніндегі қабылданған шаралар туралы және мүлікті ықтимал тәркілеу туралы, іс жүргізу шығыстары туралы анықтамалар қоса тіркеледі.

280-бап. Қылмыстық істі прокурорға жіберу

1. Тергеуші айыптау қорытындысына қол қойғаннан кейін іс осы іс бойынша қадағалауды жүзеге асырып отырған прокурорға дереу жіберіледі.

2. Айыпталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болған және алдын ала тергеу органдарына келуден жалтарған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық іске айыпталушының жеке басын куәландыратын құжаттар қоса тіркелуге тиіс.

Айыпталушыда - Қазақстан Республикасының азаматында жеке басын куәландыратын құжат болмаған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізетін органның өтініші бойынша уәкілетті орган іс бойынша тергеу аяқталғанға дейін оны құжаттауға тиіс.

Айыпталушыда - шетелдікте жеке басын куәландыратын құжат болмаған жағдайда, қылмыстық іске айрықша жағдайларда өзге құжат қоса тіркелуі мүмкін.

Ескерту. Осы бапта:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
- 3) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- 4) азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- 5) Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты;
- 6) Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты;
- 7) босқын куәлігі;
- 8) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі;

- 9) ш е т е л д і к п а с п о р т ;
- 10) қайтып оралуға арналған куәлік;
- 11) туу туралы куәлік (он алты жасқа толмаған адам үшін);
- 12) жүргізушінің куәлігі;
- 13) әскери билет жеке басты куәландыратын құжаттар болып танылады.

Ескерту. 280-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.01.08 N 210 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.29 N 74-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

281-бап. Айыптау қорытындысымен келіп түскен іс бойынша прокурор шешетін мәселелер

Прокурор айыптау қорытындысымен келіп түскен қылмыстық істі зерделеуге ж ә н е м ы н а л а р д ы :

- 1) айыпталушыға таңылып отырған әрекеттің жасалғанын және бұл әрекетте қылмыс құрамының бар-жоғын;
- 2) істе оны тоқтатуға әкелетін мән-жайлардың бар-жоғын;
- 3) тағылған айыптың негізді-негізсіз екенін, оның істе бар дәлелдемелермен расталатынын;
- 4) айыпталушыға іс бойынша барлық анықталған және дәлелденген қылмыстық әрекеттері бойынша айып тағылғанын-тағылмағанын;
- 5) қылмыс жасағаны туралы іс бойынша дәлелдер табылған барлық адамның айыпталушылар ретінде жауапқа тартылғанын-тартылмағанын;
- 6) айыпталушының әрекеті дұрыс сараланғанын-сараланбағанын;
- 7) бұлтартпау шарасының дұрыс таңдалғанын-таңдалмағанын және істе оны өзгертуге не алып тастауға негіздердің бар-жоғын;
- 8) азаматтық талапты қамтамасыз ету және мүлікті ықтимал тәркілеу шараларының қабылданған-қабылданбағанын;
- 9) айыптау қорытындысының осы Кодекстің талаптарына сәйкес жасалғанын-жасалмағанын;
- 10) алдын ала тергеу жүргізуде қылмыстық іс жүргізу заңын елеулі бұзушылыққа жол берілгені-берілмегенін;
- 11) қылмыстық қудалау органының оларды сотпен өндіруді қамтамасыз ету үшін іс жүргізу шығасыларының сомаларын белгілеу шараларын қабылдаған-қабылдамағанын тексеруге міндетті.

Ескерту. 281-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

282-бап. Прокурордың айыптау қорытындысымен келіп түскен іс бойынша іс-әрекеті

Прокурор айыптау қорытындысымен тергеушіден келіп түскен істі қарайды және он тәуліктен аспайтын мерзімде ол бойынша мынадай іс-әрекеттердің бірін жүргізеді:

1) өзінің қарарымен айыптау қорытындысымен келісетінін білдіреді және айыпталушыны сотқа береді;

2) өзінің қаулысымен айыптаудың жекелеген тармақтарын жоққа шығарады не айыпталушының әрекетін жеңілірек қылмыс туралы заңды қолдана отырып, қайта саралайды;

3) қылмыстық істі толық көлемінде немесе жекелеген айыпталушыларға қатысты тоқтатады;

4) қосымша тергеу жүргізу немесе айыптау қорытындысын қайта жасау үшін өзінің жазбаша нұсқауларымен бірге істі тергеушіге қайтарады, бұл туралы дәлелді қаулы шығарады;

5) жаңа айыптау қорытындысын жасайды;

б) қорғау куәларының тізімін қоспағанда, сотқа шақырылуға тиісті адамдардың тізімін толықтырады немесе қысқартады.

Ескерту. 282-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

283-бап. Прокурордың іс бойынша бұлтартпау шарасы туралы шешімі

1. Айыптау қорытындысымен келіп түскен іс бойынша прокурор дәлелді қаулысымен айыпталушыға бұрын таңдап алынған бұлтартпау шарасының күшін жоюға немесе оны өзгертуге не егер ондай бұлтартпау шарасы қолданылмаған болса, қамауға алудан немесе үйде қамауда ұстаудан басқа, бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы. Егер, прокурор қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын жою, өзгерту не таңдап алу қажет деп санаған жағдайда ол тиісінше осы Кодекстің 149, 150, 154-баптарын басшылыққа алады.

2. Егер прокурор қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын жою, өзгерту не таңдап алу қажет деп санаған жағдайда ол бұл туралы дәлелді қаулы шығарып, санкция беру үшін сотқа жібереді.

Қаулыға қамауға алу негізін растайтын қылмыстық іс материалдары қоса беріледі.

Ескерту. 283-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

284-бап. Айыпталушыны сотқа беру

1. Айыпталушыны сотқа беру туралы прокурор қаулы шығарады, бұдан соң ол қылмыстық істі айыптау қорытындысымен және осы Кодекстің 280-бабының ескертуінде аталған жеке басын куәландыратын құжатпен бірге дереу оны қ а р а й т ы н с о т қ а ж і б е р е д і .

2. Істің сотқа жіберілгені туралы айыпталушы, қорғаушы, жәбірленуші және оның өкілдері, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері хабарландырылады. Прокурор айыпталушыға айыптау қорытындысының көшірмесі және оған қосымшалардың табыс етілуін қамтамасыз етеді, бұл ретте қорғау куәларының тізімін қоспағанда, сотқа шақырылуға жататын адамдардың тізімінде бұл адамдардың мекен-жайы көрсетілмейді. Айыпталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болған және прокуратура органдарына келуден жалтарған жағдайларда, прокурор айыпталушыға айыптау қорытындысының көшірмесін тапсырмай-ақ, қылмыстық істі сотқа жібереді. Егер айыпталушының тұрып жатқан жері белгілі болса, айыптау қорытындысының көшірмесі оған почта арқылы жіберіледі. Қажет болған жағдайда прокурор республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, айыпталушының тұрып жатқан жері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ жалпы жұрттың қолы жететін телекоммуникация желілерінде айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу туралы хабарлама жариялауды ұйымдастыруға құқылы. Айыптау қорытындысының көшірмесі қорғаушыға, жәбірленушіге және оның өкіліне табыс етіледі. Айыптау қорытындысы жасалған тілді білмейтін айыпталушы мен жәбірленушіге көшірме олардың білетін тілінде аударылып табыс етілуге тиіс.

3. Іс сотқа жіберілген соң іс бойынша өтініш пен шағымдар тікелей сотқа ж о л д а н а д ы .

Ескерту. 284-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

37-тарау. Алдын ала тергеу ісін жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау

285-бап. Алдын ала тергеу ісін жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтаудың тәртібі мен мерзімдері

1. Осы баптың екінші, үшінші, бесінші, 5-1, жетінші, 7-1, сегізінші, 8-1, 8-2, 8-3, 8-4 және тоғызыншы бөліктерінде көрсетілген қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тергеу ісін жүргізу міндетті емес және анықтау материалдары істі сотта қарау үшін негіз болып табылады.

2. Ішкі істер органдары анықтауды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 104, 107 (бірінші бөлігінде), 108, 109, 110, 115, 116 (бірінші және екінші бөліктерінде), 117 (бірінші және екінші бөліктерінде), 118, 119, 123, 126 (бірінші бөлігінде), 128 (бірінші бөлігінде), 132 (бірінші бөлігінде), 132-1 (бірінші бөлігінде), 134-137, 139, 140, 141 (бірінші бөлігінде), 142 (бірінші бөлігінде), 144, 145 (бірінші және екінші бөліктерінде), 175 (бірінші бөлігінде), 178 (бірінші бөлігінде), 181 (бірінші бөлігінде), 183 (бірінші бөлігінде), 185 (бірінші бөлігінде), 186 (бірінші бөлігінде), 187 (бірінші бөлігінде), 230 (бірінші бөлігінде), 251 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 252 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 253, 254 (бірінші бөлігінде), 257 (бірінші бөлігінде), 258, 261 (бірінші бөлігінде), 262, 263 (бірінші және екінші бөліктерінде), 265, 266, 270 (бірінші бөлігінде), 271 (бірінші бөлігінде), 272-274, 275 (бірінші бөлігінде), 275-1 (бірінші бөлігінде), 276, 287 (бірінші бөлігінде), 288 (бірінші бөлігінде), 290, 291, 292 (бірінші бөлігінде), 293, 296, 297, 298 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (бірінші бөлігінде), 300 (бірінші бөлігінде), 302 (бірінші бөлігінде), 317, 320 (бірінші бөлігінде) 323, 324, 326, 327 (бірінші және екінші бөліктерінде), 328, 329, 330-1, 330-2, 330-3, 332-334, 339 (бірінші бөлігінде), 342, 358 (бірінші бөлігінде), 359, 360 (бірінші бөлігінде), 362 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 142 (бірінші бөлігінде), 145 (бірінші және екінші бөліктерінде), 175 (бірінші бөлігінде), 187 (бірінші бөлігінде), 230 (бірінші бөлігінде), 251 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 257 (бірінші бөлігінде), 288 (бірінші бөлігінде), 296, 298 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (бірінші бөлігінде), 300 (бірінші бөлігінде), 302 (бірінші бөлігінде), 333 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды, егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі Заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы тікелей бағытталған болса, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жүргізе алады.

3. Экономикалық тергеу қызметі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 (бірінші бөлігінде), 198, 208, 209 (бірінші бөлігінде), 214 (бірінші бөлігінде), 221 (бірінші бөлігінде), 222 (бірінші бөлігінде), 226 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүргізеді.

3-1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 307-1-бабында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүргізеді.

4. Алып тасталды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
З а ң ы м е н .

5. Әскери полиция органдары анықтауды Қазақстан Республикасы

Қылмыстық кодексінің 367 (бірінші және екінші бөліктерінде), 368 (бірінші бөлігінде), 369 (бірінші бөлігінде), 370 (бірінші және екінші бөліктерінде), 371 , 372 (бірінші бөлігінде), 373 (бірінші бөлігінде), 374 (бірінші бөлігінде), 377 (бірінші бөлігінде), 378 (бірінші және екінші бөліктерінде), 379 , 381 (бірінші бөлігінде), 387 (бірінші және екінші бөліктерінде), 388 , 389 , 390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде) баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша, сондай-ақ осы бапта көрсетілген, әскери қызметті шақыру немесе келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында өткеруші әскери қызметшілердің; запастағы азаматтардың олардың әскери жиындардан өту уақытында; әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметкер адамдарының өздерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты немесе осы бөлімдердің, құрамалар мен мекемелердің орналасқан жерінде жасаған қылмыстары туралы істер бойынша жүргізеді.

5-1. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары анықтауды осы баптың бесінші бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері жасаған, алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес, өзге де барлық қылмыстар бойынша жүргізеді.

6. **Алып тасталды - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

7. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі анықтауды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 331-бабының (бірінші бөлігінде) көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жүргізеді.

7-1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 330 -бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды іс қозғаған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі немесе ішкі істер органы жүргізеді.

8. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары анықтауды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 256-бабында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жүргізеді.

8-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 176 (бірінші бөлігінде), 177 (бірінші бөлігінде), 177-1 (бірінші бөлігінде), 182 (бірінші бөлігінде), 183 (бірінші бөлігінде), 250 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органы немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді.

8-2. **Алып тасталды - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

8-3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды қылмыстық іс қозғаған ішкі істер

органы немесе мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жүргізеді.

8-4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 325-бабында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды қылмыстық іс қозғаған ішкі істер органы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі немесе егер, олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға қарсы тікелей бағытталған болса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі жүргізеді.

9. **Алып тасталды - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

10. Осы бапта көрсетілген қылмыстар туралы істер бойынша анықтау қылмысты жасады деген сезікті адам белгілі болған кезде жүргізіледі.

11. Анықтау осы тараудың баптарында көзделген алуларға орай осы Кодексте алдын ала тергеу үшін белгіленген ережелер бойынша жүргізіледі.

12. Қылмыс жасады деп анықтау нысанында сотқа дейінгі іс жүргізу жүзеге асырылатын сезікті адамды осы Кодекстің 132-138 -баптарында белгіленген ережелер бойынша анықтау органы ұстауы мүмкін. Аталған адамға осы Кодекстің 139-бабына сәйкес бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін.

13. Анықтау қылмыстық іс қозғалған күннен бастап отыз тәулікке дейінгі мерзімде істі сотқа жіберу үшін прокурорға берілгенге дейін жүргізіледі.

Осы Кодекстің 190-4-бабының 2) тармағында, 303-1-бабында көзделген жағдайларда бұл мерзім анықтау органының бастығы сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің хаттамасын бекіткен күннен бастап есептеледі.

Ескерту. 285-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.12.09 N 307, 2000.05.05 N 47, 2001.03.16. N 163, 2001.07.16 N 244, 2002.02.22 N 296, 2002.12.21 N 363, 2004.12.09 N 10, 2004.12.31 N 27, 2006.03.02 N 131, 2009.07.10 N 177-IV, 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.21 N 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.16 N 71-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 127-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 N 166-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 N 233-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

286-бап. Анықтау барысында дәлелденуге жататын мән-жайлар

1. Анықтау барысында осы Кодекстің 117-бабына сәйкес қылмыстың оқиғасы, қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адам, адамның кінәлілігі, залалдың сипаты мен мөлшері және іс бойынша мәні бар өзге де мән-жайлар дәлелденуге жатады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған мән-жайларды анықтау үшін осы баптың алтыншы бөлігінде көзделгендерді қоспағанда, тергеу іс-әрекеттері жүргізілуі; қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамның сотталғандығы бар немесе жоқ екендігі туралы анықтамалар, оның жұмыс немесе оқу орнынан мінездемелер, іс үшін мәні бар өзге де материалдар талап етілуі; жәбірленушіден, куәгерден сұрау салу жүргізілуі мүмкін.

3. Жәбірленуші (куәгер) ауызша нысанда сұралынуы мүмкін. Сұраудың нәтижелері анықтамамен ресімделеді, онда жәбірленушінің (куәгердің) тегі, аты, әкесінің аты, тұратын жері немесе жұмыс орны, оның хабардар болу дәрежесі мен сипаты көрсетіледі. Сұрау салу барысында осы Кодекстің 219-бабында көзделген тәртіппен дыбыс, бейне жазу және кинотүсіру қолданылуы мүмкін. Сұрау салу кезінде жәбірленушінің (куәгердің) осы Кодекстің 100-бабында көзделген қауіпсіздік шараларын қылмыстық іс жүргізу барысында оған қолданудың орындылығы туралы пікірі анықталады.

4. Анықтаушы жәбірленушіге (куәгерге) осы Кодекстің 75 және 82-баптарында көзделген оның құқықтарын және анықтаушының, тергеушінің немесе соттың шақыртуы бойынша жауап алу үшін келуге міндеттілігін түсіндіреді және айғақтар беруден бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін жауаптылығы туралы қолхат алып ескертеді.

5. Жәбірленушіге (куәгерге) сұрау салу туралы анықтама істің материалдарына қоса беріледі және анықтау, алдын ала тергеу жүргізу кезінде не сот талқылауы барысында одан жауап алу үшін негіз болып табылады.

6. Жәбірленуші (куәгер) ретінде адамнан жауап алу, әдетте, белгілі бір жерден жол жүріп кетуіне, мекен-жайын ауыстыруына байланысты, денсаулық жағдайы бойынша не өзге себептер бойынша ол қылмыстық істі соттың талқылауына қатыса алмайды деп пайымдауға негіздер болған жағдайларда жүргізіледі. Жеке айыптаушы болып табылатын жәбірленушіден барлық

жағдайда жауап алынуға тиіс.

7. Өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған адамнан сезікті ретінде жауап алынады.

Ескерту. 286-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 Заңымен.

287-бап. Айыптау хаттамасын жасау және істі сотқа жіберу үшін прокурорға беру

1. Анықтаушы анықтау аяқталған соң айыптау хаттамасын жасайды, онда: оның жасалған уақыты мен орны; хаттаманы кімнің жасағаны; қылмысты жасаудың мән-жайлары; оны жасады деп айыпталған адам туралы деректер; іс үшін мәні бар басқа да мән-жайлар, сондай-ақ қылмыстың Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша (бап, бөлік, тармақ) дәрежеленуі көрсетіледі. Хаттамаға анықтау барысында алынған барлық материалдар, сондай-ақ сотқа шақыртуға жататын адамдардың тізімі қоса беріледі.

2. Осы бапта белгіленген тәртіппен өзіне айыптау хаттамасы жасалған адам айыпталушы болып танылады.

3. Анықтау органының бастығы айыптау хаттамасы мен оған қоса берілген материалдарды зерделеп, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) хаттаманы бекіту және материалдарды сотқа жіберу үшін прокурорға беру туралы;

2) хаттаманы бекітуден бас тарту туралы.

4. Айыптау хаттамасы бекітілген соң істің барлық материалдары осы Кодекстің 275-бабында көзделген тәртіппен айыпталушыға және оның қорғаушысына, ал тиісті өтініш болған кезде жәбірленуші мен оның өкіліне де танысу үшін ұсынылады. Аталған адамдардың істің материалдарымен танысқаны туралы, сондай-ақ олар берген өтініштер мен оларды қараудың нәтижелері туралы айыптау хаттамасына тиісті жазбалар жасалады.

4-1. Анықтаушы осы Кодекстің 290-1-бабының екінші бөлігінде көрсетілген қылмыстар бойынша кәмелетке толмаған айыпталушының заңды өкілдеріне, кәмелетке толмаған жәбірленушінің заңды өкілдеріне және өкілдеріне кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған істерді аудандық және оған теңестірілген сотта қарату құқығын түсіндіруге міндетті.

5. Анықтау органының бастығы бекіткен айыптау хаттамасы істің материалдарымен бірге сотқа жіберу үшін прокурорға беріледі. Айыптау хаттамасының көшірмесін анықтау органы айыпталушыға табыс етеді.

6. Егер іс азаматтардың, лауазымды адамдардың немесе ұйымдардың өтініші немесе хабарлауы бойынша қозғалған болса, олар анықтаудың аяқталғаны және істің сотқа жіберу үшін прокурорға берілгені туралы хабарландырылады.

7. Айыпталушыға қатысты істі сотқа жіберу кезінде осы Кодекстің 18 және 19

-тарауларының ережелері бойынша бұлтартпау шарасы немесе мәжбүрлі іс жүргізудің басқа шарасы таңдап алынуы мүмкін.

Ескерту. 287-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 17.11.2014 № 254-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

288-бап. Алдын ала тергеу жүргізу

1. Осы Кодекстің 285-бабының екінші, үшінші, бесінші, жетінші, 7-1, сегізінші, 8-3, 8-4 және тоғызыншы бөліктерінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша, егер оларды жасады деп күдік келтірілген адам белгісіз болса немесе оларды кәмелетке толмағандар немесе өзінің дене немесе психикалық кемшіліктеріне байланысты өзін қорғау құқығын жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған болса, алдын ала тергеу жүргізу міндетті.

2. Анықтау органының бастығы осы Кодекстің 285-бабының үшінші бөлігінде белгіленген мерзімде істің мән-жайларының жан-жақты және толық зерттелуін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда да алдын ала тергеу жүргізуді тағайындауға құқылы.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларда алдын ала тергеуді осы Кодекстің 65-бабы бірінші бөлігінің 4-тармағымен белгіленген өз құзыретіне сәйкес анықтау органдары жүргізеді.

4. Осы Кодекстің 196-бабында белгіленген алдын ала тергеу мерзімі осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларда қылмыстық іс қозғалған кезден бастап есептеледі.

Ескерту. 288-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.02.22 N 296, 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

289-бап. Прокурордың анықтауды қадағалау жөніндегі өкілеттіктері

Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау жүргізу кезінде заңдардың атқарылуына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор осы Кодекспен белгіленген өкілеттіктерге ие болады, бұдан басқа ол:

- 1) айыпталушыны сотқа беруге және қылмыстық істі сотқа жіберуге;
 - 1-1) істі қосымша анықтау немесе тергеу жүргізу үшін не айыптау хаттамасын немесе айыптау қорытындысын қайта жасау үшін анықтаушыға қайтаруға құқылы, бұл туралы дәлелді қаулы шығарады;
 - 2) анықтау жүргізілетін қылмыстық істі алдын ала тергеу жүргізуге жіберуге;
 - 3) анықтау органының бастығы бекіткен айыптау хаттамасының күшін жоюға және осы Кодексте көзделген негіздер бойынша анықтауды қысқартуға құқылы.

Ескерту. 289-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бөлім. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу

38-тарау. Қылмыстық істердің соттылығы

290-бап. Аудандық және оған теңестірілген соттың соттауына жататын қылмыстық істер

1. Аудандық және оларға теңестірілген соттар бірінші сатыдағы сот ретінде ә р е к е т е т е д і .
2. Мамандандырылған соттардың соттауына жатқызылған қылмыстық істерді қоспағанда, барлық қылмыстық істер аудандық және оған теңестірілген соттың с о т т а у ы н а ж а т а д ы .
3. Аудандық және оларға теңестірілген соттар қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын прокурордың шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымдарды қарайды, тергеушінің, анықтау органының күдіктіге, айыпталушыға қатысты үйде қамауда ұстау, қамауға алу түріндегі таңдаған бұлтартпау шараларына, олардың мерзімдерін ұзартуға санкция береді.
4. Үкімді орындау сатысында аудандық және оларға теңестірілген соттар өздерінің соттауына жатқызылған істер бойынша осы Кодекстің 452 және 453-баптарында көрсетілген мәселелерді қарайды.
5. Осы Кодексте көзделген жағдайларда аудандық және оларға теңестірілген соттар өздерінің соттауына жатқызылған істер бойынша прокурордың жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді жаңғыртуға негіздердің болмауына байланысты қозғалған іс жүргізуді қысқарту туралы қаулысына жасалған шағымдарды және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарайды.

Ескерту. 290-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

290-1-бап. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттауына жатқызылған қылмыстық істер

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық с о т т ы ң с о т т а у ы н а :

- 1) қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттың және

гарнизонның әскери сотының соттауына жатқызылған істерді қоспағанда, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 103 (екінші бөлігінің л) тармағында), 104 (екінші бөлігінің з) тармағында), 122, 124, 131, 132, 132-1, 133 (бірінші – үшінші бөліктерінде), 134, 135-баптарында, 136-бабында (бірінші бөлігінде), 137, 138, 138-1, 139-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер жатқызылады.

Ескерту. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған істерді кәмелетке толмаған айыпталушының заңды өкілінің, кәмелетке толмаған жәбірленушінің заңды өкілінің және өкілінің өтінішхаты бойынша аудандық және оған теңестірілген с о т қ а р а у ы м ү м к і н .

Ескерту. Кодекс 290-1-баппен толықтырылды - ҚР 2008.07.05 N 64-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 127-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

290-2-бап. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттауына жататын қылмыстық істер

1. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар бірінші сатыдағы сот ретінде әрекет етеді.

2. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың соттауына жатқызылған істерді қоспағанда, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың соттауына аса ауыр қылмыстар туралы қылмыстық істер жатады.

3. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар үкімді орындау сатысында өздерінің соттауына жатқызылған істер бойынша осы Кодекстің 452 және 453-баптарында көрсетілген мәселелерді қарайды.

4. Осы Кодексте көзделген жағдайларда қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар өздерінің соттауына жатқызылған істер бойынша прокурордың іс бойынша жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді жаңғыртуға негіздердің болмауына байланысты қозғалған іс жүргізуді қысқарту туралы қаулысына берілген шағымдарды және жаңадан ашылған

мән-жайлар бойынша істерді қарайды.

Ескерту. Кодекс 290-2-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

290-3-бап. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың және гарнизондардың әскери соттарының соттауына жататын қылмыстық істер

1. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттар және гарнизондардың әскери соттары бірінші сатыдағы сот ретінде әрекет етеді.

2. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың соттауына :

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 16-тарауында көзделген аса ауыр әскери қылмыстар туралы;

2) Қарулы Күштерде, басқа да әскерлерде және әскери құралымдарда шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындардан өту кезінде запастағы азаматтар; өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты немесе осы бөлімдер, құрамалар және мекемелер орналасқан жерде әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персоналының адамдары жасаған басқа да аса ауыр қылмыстар туралы қылмыстық істер жатады.

3. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттың соттауына жататын істерді қоспағанда, гарнизондардың әскери соттарының соттауына :

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 16-тарауында көзделген әскери қылмыстар туралы;

2) Қарулы Күштерде, басқа да әскерлерде және әскери құралымдарда шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындардан өту кезінде запастағы азаматтар; өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты немесе осы бөлімдер, құрамалар және мекемелер орналасқан жерде әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персоналының адамдары жасаған басқа да қылмыстар туралы қылмыстық істер жатады.

4. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттар және гарнизондардың әскери соттары үкімдерді орындау сатысында өздерінің соттауына жатқызылған істер бойынша осы Кодекстің 452 және 453-баптарында көрсетілген мәселелерді қарайды.

5. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттар және гарнизондардың әскери соттары өздерінің соттауына жатқызылған істер бойынша, прокурордың іс

бойынша жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді жаңғыртуға негіздердің болмауына байланысты қозғалған іс жүргізуді қысқарту туралы қаулысына берілген шағымдарды және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарайды.

Ескерту. Кодекс 290-3-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

291-бап. Облыстық және оған теңестірілген соттың соттауына жататын қылмыстық істер

1. Облыстық және оған теңестірілген сот апелляциялық және кассациялық сатыдағы сот ретінде әрекет етеді.

2. Облыстық және оған теңестірілген сот аудандық және оларға теңестірілген соттардың, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың, сондай-ақ қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне және қаулыларына апелляциялық (жеке) шағымдар, наразылықтар бойынша істерді апелляциялық тәртіппен қарайды.

3. Облыстық және оған теңестірілген сот бірінші және апелляциялық сатылардағы соттар шығарған, заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға кассациялық (жеке) шағымдар, наразылықтар бойынша істерді кассациялық тәртіппен қарайды.

4. Облыстық және оларға теңестірілген соттар қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында аудандық және оған теңестірілген соттардың қылмыстық қудалау органының әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды апелляциялық тәртіппен қараған кезде, тергеушінің, анықтау органының күдіктіге, айыпталушыға қатысты үйде қамауда ұстау, қамауға алу түріндегі таңдаған бұлтартпау шараларына, олардың мерзімін ұзартуға санкция беру туралы мәселелерді қараған кезде шығарған қаулыларына берілген жеке шағымдарды, наразылықтарды қарайды.

5. Үкімді орындау сатысында облыстық және оған теңестірілген соттар бірінші сатыдағы соттардың осы Кодекстің 452 және 453-баптарында көрсетілген мәселелерді қараған кезде шығарған қаулыларына берілген жеке шағымдарды, наразылықтарды апелляциялық тәртіппен қарайды.

6. Осы Кодексте көзделген жағдайларда облыстық және оған теңестірілген соттар прокурордың іс бойынша жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді жаңғыртуға негіздердің болмауына байланысты қозғалған іс жүргізуді қысқарту туралы қаулысына берілген шағымдарды және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарайды.

Ескерту. 291-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізіліді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

291-1-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қарау

Қылмыстық заңда тыйым салынған әрекетті есі дұрыс емес күйінде жасаған не оны жасағаннан кейін жүйке ауруына шалдыққан адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді осы Кодекстің 290, 290-1, 290-2, 290-3-баптарында белгіленген соттылыққа сәйкес бірінші сатыдағы сот қ а р а й д ы .

Ескерту. Кодекс 291-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

292-бап. Жоғарғы Соттың соттауына жататын қылмыстық істер

1 . Ж о ғ а р ғ ы С о т :

1) істерді кассациялық сатыда қарағаннан кейін ғана бірінші және апелляциялық сатылардағы соттардың үкімдеріне, қаулыларына;

2) кассациялық сатыдағы соттың қаулыларына тараптардың өтініштері мен прокурордың наразылықтары бойынша істерді алқа болып қарайтын жоғары сот с а т ы с ы р е т і н д е ә р е к е т е т е д і .

2. Жоғарғы Соттың жалпы отырысы осы Кодекстің 458-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша Жоғарғы Сот алқасының қаулыларына Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы немесе Бас Прокурордың наразылығы б о й ы н ш а і с т е р д і қ а р а й д ы .

3. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, Жоғарғы Сот прокурордың іс бойынша жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді жаңғыртуға негіздердің болмауына байланысты қозғалған іс жүргізуді қысқарту туралы қаулысына шағымдарды қарайды және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша і с т е р д і қ а р а й д ы .

Ескерту. 292-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

293-бап. Әскери соттың соттауына жататын істер

1. Әскери сот апелляциялық және кассациялық сатыдағы сот ретінде әрекет е т е д і .

2. Әскери сот гарнизондардың әскери соттарының, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне және қаулыларына апелляциялық (жеке) шағымдар, наразылықтар бойынша істерді апелляциялық тәртіппен қарайды.

3. Әскери сот гарнизондардың соттары, қылмыстық істер жөніндегі

мамандандырылған ауданаралық әскери соттар және Әскери Соттың апелляциялық сатыдағы соттары шығарған, заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға кассациялық (жеке) шағымдар, наразылықтар бойынша істерді к а с с а ц и я л ы қ т ә р т і п п е н қ а р а й д ы .

4. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, Әскери сот өзінің соттауына жатқызылған істер бойынша прокурордың іс бойынша жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді жаңғыртуға негіздердің болмауына байланысты қозғалған іс жүргізуді қысқарту туралы қаулысына берілген шағымдарды және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарайды.

Ескерту. 293-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

294-бап. Қылмыстық істердің аумақтық сот қарауына жатуы

1. Қылмыстық іс қылмыс жасалған жердегі сотта қаралуға тиіс.
2. Егер қылмыс бір соттың қызмет жасайтын жерінде басталып, басқа соттың қызмет жасайтын жерінде аяқталса, іс тергеу аяқталған жердегі сотта қаралады.
3. Егер қылмыс Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жасалса немесе қылмыс жасалған жерді анықтау мүмкін болмаса, немесе қылмыстар әртүрлі жерде жасалса, істі тергеу аяқталған жердегі сот қарайды.

295-бап. Қылмыстық істерді біріктіру кезінде соттылықты белгілеу

Бір адамды немесе адамдар тобын бірнеше қылмыстар жасағаны үшін айыптау кезінде, олардың ең болмағанда біреуі аса ауыр қылмыс санатына жататын болса, істі қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот қарайды, ал осы Кодекстің 290-3-бабында көрсетілген қылмыстар туралы істерді қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сот қ а р а й д ы .

Аса ауыр қылмыстар санатына жатпайтын қылмыс бірге қатысумен жасалған жағдайда және істі жеке іс жүргізуге бөліп шығару мүмкін болмаған кезде істерді :

егер бірге қатысушылар арасында әскери қызметші болмаса, бірге қатысушылардың ең болмағанда біреуі кәмелетке толмаған болып табылатын істерді кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған а у д а н а р а л ы қ с о т ;

бірге қатысушылардың ең болмағанда біреуі әскери қызметші немесе осы Кодекстің 290-3-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағында көрсетілген басқа тұлға болып табылатын істерді гарнизонның әскери соты қарайды.

Ескерту. 295-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

296-бап. Істі іс жүргізуге қабылдаған соттың қылмыстық істі соттың қарауына жатқызылуы бойынша беруі

1. Егер сот келіп түскен істің өзінің қарауына жатпайтынын анықтаса, онда істі соттың қаралуына жатқызылуы бойынша жібереді.

2. Егер осы Кодекстің 294-бабында көзделген істің аумақтық сот қаралуына жатқызылуы ережелерін бұзушылық басты сот отырысында анықталса, онда процестің барлық қатысушыларының келісімімен сот істі өзінің іс жүргізуінде қ а л д ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

3. Егер істің қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттың немесе гарнизонның әскери сотының соттылығына жататыны анықталса, ол барлық жағдайларда соттылығы бойынша жіберілуге жатады.

Ескерту. 296-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

297-бап. Қарауына жататын соттан қылмыстық істі басқа сотқа беру

1. Жекелеген жағдайларда, істі мейлінше тез, жан-жақты және объективті қарау мақсатында ол тараптардың өтініші немесе келісімі бойынша бір соттан сол деңгейдегі басқа соттың қарауына берілуі мүмкін. Бұл ретте істі беруге оның сот отырысында қаралуына дейін ғана жол беріледі.

2. Егер белгілі бір соттың барлық судьяларына бөгет болып отырған жағдайларға байланысты сол соттың істі қарауға мүмкіндігі болмаса, сондай-ақ істің жан-жақты және объективті түрде қаралуын қамтамасыз ету мақсатында не басқа сотқа беру сот процесіне қатысушылардың жеке қауіпсіздігіне төнген нақты қатермен байланысты болғанда іс тараптың өтініші, судьяның немесе сот төрағасының ұсынуы бойынша бір соттан сол деңгейдегі басқа соттың қарауына б е р і л у і м ү м к і н .

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген негіздер бойынша істі бір соттан екінші сотқа беру туралы мәселені жоғары тұрған сот шешеді, бұл туралы қаулы шығарылады.

Ескерту. 297-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

298-бап. Сот қаралуына жататындығы туралы дауларды шешу

1. Соттардың арасындағы сот қаралуына жататындығы туралы дауларды жоғары тұрған сот шешеді, оның шешімі түпкілікті болып табылады және ол ш а ғ ы м д а н у ғ а ж а т п а й д ы .

2. Тараптардың бұл сотта істің қаралуға жатпайтындығы туралы арыздарын

сол сот шешеді. Тарап (тараптар) істің сот қарауына жатпайтындығы туралы арыздарын қанағаттандырмай тастау туралы сот қаулысына жоғары тұрған сотқа шағымдануы мүмкін, ал оның шешімі түпкілікті болып табылады және оған шағым жасауға, наразылық білдіруге болмайды.

39-тарау. Басты сот талқылауын тағайындау туралы мәселені шешу және соттың отырысына дайындық іс-әрекеттер

299-бап. Соттың келіп түскен қылмыстық іс бойынша іс-әрекеті

1. Қылмыстық іс сотқа түскен кезде соттың төрағасы немесе оның тапсыруы бойынша басқа судья істі сотта іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені шешеді.

2. Судья келіп түскен іс бойынша:

- 1) басты сот талқылауын тағайындау;
- 2) істі алдын ала тыңдауды жүргізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

3. Судья іс бойынша шешімді қаулы нысанында қабылдайды, онда:

- 1) қаулының шығарылған уақыты мен жері;
- 2) қаулы шығарған судьяның лауазымы мен тегі;
- 3) қабылданған шешімдердің негіздері мен мәні көрсетілуге тиіс.

4. Шешім іс сотқа келіп түскен сәттен бастап бес тәуліктен кешіктірілмей қабылдануға тиіс.

5. Судья қаулы шығарумен бір уақытта айыпталушыға бұлтартпау шарасын қолданудың немесе қолданбаудың негізділігі туралы және егер бұлтартпау шарасы таңдалса, оның түрінің негізділігі немесе негізсіздігі туралы мәселені қарауға міндетті.

Ескерту. 299-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

300-бап. Сотқа келіп түскен іс бойынша анықтауға жататын мәселелер

Судья сот отырысын тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені шешу кезінде сотталушылардың әрқайсысына қатысты мыналарды:

- 1) істің аталған соттың қарауына жататындығын;
- 2) іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға не уақытша тоқтатуға әкеп соқтыратын жағдайдың болу-болмауын;
- 3) сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу, анықтау және алдын ала тергеу жүргізу кезінде сот мәжілісін тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық іс жүргізу заңын бұзуға жол берілген-берілмегендігін;
- 4) алынып тасталды - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен.
- 5) айыптау қорытындысының, айыптау немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс

жүргізу хаттамасының көшірмелері берілген-берілмегендігін;

б) айыпталушыға таңдап алынған бұлтартпау шарасының өзгертуге немесе тоқтатуға жататын-жатпайтындығын;

7) қылмыспен келтірілген залалды өтеуді және мүлкін ықтимал тәркілеуді қамтамасыз ету шаралары қабылданған-қабылданбағанын;

8) арыздар мен өтініштердің қанағаттандыруға жататын-жатпайтындығын анықтауға тиіс.

Ескерту. 300-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

301-бап. Алдын ала тыңдауды өткізу

1. Судья істі қосымша тергеуге қайтару, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру, істі соттылығы бойынша жіберу, істі қысқарту, қылмыстық істерді біріктіру туралы шешімдерді қабылдау үшін, сондай-ақ тараптардың өтініштерін қарау және сот талқылауын қысқартылған тәртіппен өткізу туралы мәселені шешу үшін аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша, сондай-ақ басқа да істер бойынша тараптардың қатысуымен істі алдын ала тыңдауды өткізеді.

2. Істі алдын ала тыңдауды судья соттың жабық отырысында жеке-дара өткізеді. Істі алдын ала тыңдау өткізілетін уақыт пен орын тараптарға хабарланады. Істі алдын ала тыңдау барысында хаттама жүргізіледі.

3. Сот отырысына сотталушының, оның қорғаушысы мен мемлекеттік айыптаушының қатысуы міндетті. Алдын ала тыңдау сотталушы бұл жөнінде өтінген кезде оның қатысуынсыз жүргізіледі. Қорғаушы дәлелді себептерсіз келмей қалған жағдайда, сондай-ақ оның алдын ала тыңдауға қатысуға мүмкіндігі болмаған кезде, судья сот отырысына жаңадан тағайындалған қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге шаралар қолданады. Сот отырысына жәбірленуші мен оның өкілінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің келмеуі істі алдын ала тыңдауға кедергі болмайды.

3-1. Алдын ала тыңдау барысында судья Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96 (екінші бөлігінің п) тармағында), 162 (төртінші бөлігінде), 165, 166-1, 167, 171, 233 (төртінші бөлігінде), 235-1 (бесінші бөлігінде), 250 (төртінші бөлігінде), 259(төртінші бөлігінде), 260 (төртінші бөлігінде) 261 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстарды қоспағанда, жасалғаны үшін қылмыстық заңда өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру көзделген қылмыстарды жасады деп айыпталған сотталушыдан өз ісін алқабилердің қатысуымен қарау туралы оның өтінішхатының бар-жоғын анықтайды.

3-2. Алдын ала тыңдау барысында судья кәмелетке толмаған сотталушының заңды өкіліне, кәмелетке толмаған жәбірленушінің заңды өкіліне және өкіліне олардың істі соттылығы бойынша аудандық және оған теңестірілген сотқа беру

туралы өтінішхатпен жүгіну құқығын түсіндіреді.

4. Істі алдын ала тыңдаудың нәтижелері туралы судья қаулы шығарады, онда қаралған мәселелер бойынша шешімді баяндайды. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру үшін, істі қысқарту үшін немесе істі қосымша тергеуге қайтару үшін негіздер болмаған жағдайда сот басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығарады.

5. Егер алдын ала тыңдау барысында прокурор айыптауды өзгертсе, судья мұны қаулыда көрсетеді. Егер прокурордың айыптауды өзгертуі соттауға жатқызудың өзгеруіне әкеп соқса, судья істі айыптау қорытындысын, айыптау хаттамасын қайта жасау және істі соттауға жатқызу бойынша жіберу үшін прокурорға қайтарады.

Ескерту. 301-бап жаңа редакцияда - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.06.14 № 290-IV, 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

302-бап. Басты сот талқылауын тағайындау

1. Анықтау немесе алдын ала тергеу процесінде осы Кодекстің процеске қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі барлық талаптары сақталған және істі сотта қарауға кедергі келтіретін өзге негіздер жоқ деген пікірге келген судья басты сот талқылауын тағайындау туралы шешім қабылдайды.

2. Басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы:

- 1) сотталушы болып табылатын адамды көрсетуді;
- 2) оны бұзу сотталушыға есептелетін қылмыстық заңды дәл көрсетуді;
- 3) бұлтартпау шарасы мен келтірілген залалдарды қамтамасыз ету шараларын сақтау, тоқтату, өзгерту немесе таңдау туралы шешімді;
- 4) процеске қатысушылардың қарсылық білдіру, өтініштер және өзге де мәлімдемелері бойынша шешімдерді;
- 5) қорғаушы ретінде айыпталушы таңдаған немесе соңғысына тағайындалған қорғаушыға рұқсат ету туралы шешімді;
- 6) басты сот отырысына шақыруға жататын адамдардың тізбесін;
- 7) заң оның ісін сырттай қарауға жол беретін жағдайда істі сотталушының қатысуынсыз тыңдау туралы шешімді;
- 8) басты сот талқылауының орны мен уақыты туралы мәліметті;

9) осы Кодексте көзделген жағдайларда істі соттың жабық отырысында қарау туралы шешімді ;

10) сот ісі қай тілде жүргізілетіні туралы шешімді;

11) запастағы судья туралы шешімді қамтуы тиіс.

3. Егер іс бойынша алдын ала тыңдау жүргізілсе, басты сот отырысын тағайындау туралы қаулыда талқылауға қойылған мәселелер жөніндегі шешімдер баяндалуы қажет.

4. Басты сот талқылауы тараптарға сот отырысының болатын орны мен басталатын уақыты хабарланған кезден бастап кемінде үш тәуліктен кейін және оның тағайындалуы туралы қаулы шығарылған кезден бастап он бес тәуліктен кешіктірілмей басталуға тиіс. Ерекше жағдайларда бұл мерзім судьяның қаулысымен ұзартылуы мүмкін, бірақ ол отыз тәуліктен аспауға тиіс.

5. Басты сот талқылауы бір ай мерзімде аяқталуға тиіс, ерекше жағдайларда бұл мерзім судьяның дәлелді қаулысымен ұзартылуы мүмкін.

Ескерту. 302-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2001.03.16 N 163, 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

303-бап. Қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтару

1. Судья істі тараптың өтініші бойынша:

1) егер ол қаралып отырған іспен байланысты болып, істе айыпталушыға басқа айып тағуға негіздердің болуы немесе егер олардың әрекеті қаралып отырған іспен байланысты болып, басқа адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіздер болса және жаңа адамдарға қатысты істі жеке қарау мүмкін болмаса ;

2) айыптау актісінде көрсетілген айыптауды бастапқы тағылған айыптаудан неғұрлым ауыр немесе елеулі түрде өзгеше айыптауға өзгерту қажеттігі болған жағдайларда қосымша тергеуге жіберуге құқылы.

2. Судья істі алдын ала тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша тараптың өтініші бойынша да, өз бастамашылығы бойынша да іс дұрыс біріктірілмеген немесе бөлінбеген, не басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық іс жүргізу заңын басқа да елеулі бұзушылық анықталған жағдайларда, басты сот талқылауын тағайындамай-ақ істі қосымша тергеуге жіберуге құқылы .

3. Іс қосымша тергеуге прокурор арқылы жіберіледі. Бұл ретте судья қаулыда істің қандай негіз бойынша қайтарылып отырғанын көрсетуге, сондай-ақ айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасы туралы мәселені шешуге міндетті.

Ескерту. 303-бап жаңа редакцияда - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

303-1-бап. Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудегі қылмыстық істі прокурорға жіберу

Сот осы Кодекстің 303-бабының бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген мән-жайларды анықтаған кезде сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудегі іс алдын ала тергеуді немесе анықтауды тағайындауы үшін прокурорға жіберіледі.

Ескерту. Кодекс 303-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

304-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді уақытша тоқтату

1. Судья іс бойынша іс жүргізуді уақытша тоқтату туралы қаулыны осы Кодекстің 50-бабының бірінші, 1-1 және екінші бөліктерінде көзделген негіздер бойынша шығаруы мүмкін.

2. Іс бойынша іс жүргізу бірнеше сотталушылардың біреуіне қатысты қорғануға арналған оның құқығына немесе басқа да сотталушылардың құқығына нұқсан келтірмеуі шартымен уақытша тоқтатылуы мүмкін. Оларға қатысты іс жүргізу тоқтатылмаған сотталушылар қамауда болған және судья оларға бұлтартпау шарасын өзгертуді мүмкін деп таппаған жағдайда іс жүргізу отыз тәуліктен аспайтын мерзімге тоқтатылуы мүмкін. Егер осы уақыт ішінде сотталушылардың біреуіне қатысты іс жүргізуді уақытша тоқтатуға негіздер жойылмаса, онда басқа сотталушыларға қатысты іс жүргізу жанартылуы және басты сот талқылауының күні белгіленуі тиіс.

3. Осы Кодекстің 50-бабының бірінші бөлігінің 2-тармағында көзделген негіздерге сәйкес іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру кезінде осы Кодекстің 315-бабының екінші бөлігінде және 321-бабының екінші бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда іс прокурорға қайтарылады.

Ескерту. 304-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

305-бап. Азаматтық талапты және мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету шаралары

Анықтаушы, тергеуші немесе прокурор қылмыспен келтірілген залалды өтеуді және мүлікті ықтимал тәркілеуді қамтамасыз ететін шаралар қабылдамаған жағдайда судья қылмыстық ізге түсу органдарына оларды қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолдануды міндеттейді.

306-бап. Қылмыстық істі соттың қарауына жататындығы бойынша жіберу

Егер судья істің өзі соттауына жатпайтынын анықтаса, онда ол мұндай шешімнің заңдық негіздерін келтіре және іс жолданатын сотты көрсете отырып, істі соттың қарауына жататындығы бойынша жіберу туралы қаулы шығарады, ол туралы процеске қатысушыларға хабарлайды.

307-бап. Қылмыстық істі қысқарту

Судья осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінің 1-12-тармақтарында және 38-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша, сондай-ақ мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда істі қысқарту туралы қаулы шығарады. Істі қысқарту туралы шешім қабылданғаннан кейін судья бұлтартпау шарасын, азаматтық талапты және мүлкін тәркілеуді қамтамасыз ету шараларын тоқтатады және заттай айғақтар туралы мәселені шешеді. Судьяның істі қысқарту туралы қаулысының көшірмесі прокурорға жіберіледі, сондай-ақ қылмыстық жауапқа тартылған адамға және жәбірленушіге тапсырылады.

308-бап. Тараптардың іс материалдарымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету

Басты сот талқылауы тағайындалғаннан кейін судья тараптарға істің сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында өздері таныстырылмаған барлық материалдарымен танысу және олардан қажетті мәліметтерді жазып алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

309-бап. Құжаттардың көшірмелерін тапсыру

Егер сот отырысын тағайындау туралы мәселені шешу кезінде бұлтартпау шарасы немесе сотқа шақыруға жататын адамдардың тізімі өзгертілсе, не прокурор айыптауды өзгертсе, онда сотталушы адамға, оның қорғаушысына, жәбірленушіге және оның өкіліне судьяның қаулысының көшірмесі тапсырылады.

Ескерту. 309-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

310-бап. Сот отырысына шақырту

Судья өзінің қаулысында көрсетілген адамдарды сот отырысына шақырту туралы өкім береді, сондай-ақ сот отырысын әзірлеу үшін шаралар қолданады.

40-тарау. Басты сот талқылауының жалпы шарттары

311-бап. Сот талқылауының тікелей және ауызша болуы

1. Сот талқылауында іс бойынша барлық дәлелдер тікелей зерттелуге тиіс. Сот сотталушы адамның, жәбірленушінің, куәлардың айғақтарын тыңдауы, сарапшылардың қорытындыларын жария етуі және зерттеуі, заттай дәлелдемелерді тексеруі, хаттамалар мен өзге де құжаттарды оқуы, осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, дәлелдемелерді зерттеу жөнінде басқа да сот

іс-әрекеттерін жүргізуі тиіс.

2. Алдын ала тергеу жүргізу кезінде берілген айғақтарды жария ету тек осы Кодексте көзделген ерекше жағдайларда ғана мүмкін болады.

3. Соттың үкімі тек сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге, ал сот тергеуінің қысқартылған түрі кезінде - анықтау жүргізу кезінде алынған және сотта тараптар дауға салмаған дәлелдемелерге ғана негізделуі қажет.

312-бап. Істі талқылау кезінде сот құрамының өзгертілмеуі

1. Істі бір судья қарауы тиіс.

2. Судьяның сот талқылауына қатысуды жалғастыруы мүмкін болмаған кезде ол басқа судьямен ауыстырылады, ал істі талқылау осы Кодекстің 313-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда қайтадан басталады.

Ескерту. 312-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

313-бап. Запастағы судья

1. Талқылау үшін ұзақ уақытты қажет ететін істі қарау кезінде запастағы судья тағайындалуы мүмкін.

2. Запастағы судья басты сот талқылауында сот отырысы ашылғаннан бастап немесе сот оның қатысуы туралы шешім қабылдаған кезден бастап қатысады және судья шығып қалған жағдайда оны алмастырады. Бұл ретте істі талқылау жалғастырыла береді. Запастағы судья алдыңғы судья шығып қалған кезден бастап судьяның құқықтарын пайдаланады. Шығып қалған судьяның орнына кірген запастағы судья кез келген сот әрекетін жаңартуды талап етуге құқылы.

Ескерту. 313-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

314-бап. Төрағалық етушінің басты сот талқылауындағы өкілеттігі

1. Басты сот талқылауында істі қарау тапсырылған судья төрағалық етеді.

2. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Төрағалық етуші сот отырысына басшылық жасайды, әділ соттың мүддесінде объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, тараптар құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету үшін осы Кодексте көзделген барлық шараларды қолданады, істің жай-күйін жан-жақты және толық зерттеу үшін қажетті жағдайлар жасайды. Төрағалық етуші сондай-ақ сот отырысы күн тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді, сот талқылауының барлық қатысушыларына олардың құқықтары мен міндеттерін және оларды жүзеге асырудың тәртібін түсіндіреді. Сот талқылауына қатысушы адамдардың бірі төрағалық етушінің іс-әрекетіне қарсылық білдірген жағдайда бұл қарсылық

білдіру сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

4. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі басқа соттың бастамасы бойынша қылмыстық іс бойынша қолдануға жататын заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің конституциялық екендігіне тексеру жүргізген жағдайда, төрағалық етуші бұл туралы қорғаушы тарапты хабардар е т е д і .

Ескерту. 314-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

315-бап. Сотталушы адамның басты сот талқылауына қатысуы

1. Басты сот талқылауы осы баптың екінші бөлігінде көзделгеннен басқа жағдайларда сотталушының міндетті түрде қатысуымен өтеді. Сотталушы келмеген кезде іс кейінге қалдырылуы тиіс. Сот дәлелді себептерсіз келмеген сотталушыны келтіруге, сондай-ақ оған қатысты бұлтартпау шарасын қолдануға немесе өзгертуге құқылы. Күзетпен ұстаудағы сотталушы сот отырысына келуден бас тартқан кезде сот істі қорғаушының міндетті түрде қатысуымен ол болмағанда қ а р а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2. Сотталушы болмағанда істі талқылауға:

1) ауырлығы шағын қылмыс жасағаны үшін айыпталған сотталушы істі оның қатысуынсыз қ а р а у т у р а л ы өтініш берген;

2) сотталушы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде болған және сотқа келуден жалтарған жағдайларда ғана жол берілуі мүмкін.

316-бап. Қорғаушының басты сот талқылауына қатысуы

1. Сотталушының қорғаушысы осы Кодекстің 125-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен жиналған заң көмегін көрсету үшін қажет заттарды, құжаттар мен мәліметтерді табыс етеді, басқа дәлелдерді зерттеуге қатысады, сотқа айыптаудың мәні және оның дәлелденгендігі жөнінде, сотталушының жауаптылығын жеңілдететін немесе оны ақтайтын мән-жайлар туралы, жазалау шарасы туралы, сондай-ақ сот талқылауында туындаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін айтады.

2. Қорғаушы келмеген және оны осы сот отырысында ауыстыру мүмкін болмаған кезде істі талқылау кейінге қалдырылады. Сот отырысына келмеген қорғаушыны ауыстыруға тек сотталушының келісімімен ғана жол беріледі. Егер сотталушы шақырған қорғаушының қатысуы ұзақ уақыттың ішінде мүмкін болмаса, сот басты сот талқылауын кейінге қалдыра отырып, айыпталушыға басқа қорғаушыны таңдауды ұсынады, ал ол бас тартқан жағдайда жаңа қ о р ғ а у ш ы н ы т а ғ а й ы н д а й д ы .

3. Іске жаңадан кіріскен қорғаушыға сот талқылауына қатысуға дайындалу үшін қажетті уақыт беріледі. Ол өзі іске кіріскенге дейін істі соттың қарауы кезінде жасалған кез келген әрекеттің қайталануы туралы өтініш жасауға құқылы.

Ескерту. 316-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

317-бап. Мемлекеттік айыптаушының басты сот талқылауына қатысуы

1. Прокурордың жеке айыптау істерін қоспағанда, мемлекеттік айыптаушы ретінде бас сот талқылауына қатысуы міндетті.

2. Күрделі және көп эпизодты істер бойынша мемлекеттік айыптауды бірнеше прокурор қолдауы мүмкін.

3. Егер сот талқылауы кезінде прокурордың одан әрі қатысуының мүмкін еместігі анықталса, ол алмастырылуы мүмкін. Іске жаңа прокурордың кірісуі осы уақытқа дейін сотта жасалған іс-әрекеттерді қайталауға әкеп соқтырмайды, бірақ прокурордың өтініші бойынша сот оған істің материалдарымен танысу үшін уақыт береді алады.

4. Прокурор дәлелдерді ұсынады және оларды зерттеуге қатысады, сотқа айыптаудың мәні бойынша, сондай-ақ сот талқылауы кезінде туындаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін баяндайды, сотқа қылмыстық заңды қолдану және сотталушыға жаза қолдану туралы ұсыныс айтады.

5. Егер мұны азаматтардың құқықтарын, мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді қорғау талап етсе, прокурор іс бойынша азаматтық талап қояды немесе оны қолдайды.

6. Айыптауды қолдай отырып, прокурор заң талаптарын және істің барлық жағдайларын қарау нәтижелеріне негізделген өзінің ішкі көзқарасын басшылыққа алады. Сотталушының жағдайын нашарлатпайтын және оның қорғалу құқығын бұзбайтын болса, прокурор айыптауды өзгерте алады. Прокурор, егер айыптау сот талқылауында қолдау таппады деген қорытындыға келсе, айыптаудан бас тартуға (толық немесе ішінара) міндетті. Мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына сот тергеуі немесе сот жарыссөзі кезінде жол беріледі.

7. Прокурор айыптаудан толық бас тартқан жағдайда, егер айыптаудан жәбірленуші де бас тартса, сот өз қаулысымен істі қысқартады. Ал егер жәбірленуші айыптауды талап етсе, сот істі талқылауды жалғастырып, оны жалпы тәртіппен шешеді. Бұл жағдайда прокурор процеске одан әрі қатысудан босатылады, ал айыптауды жәбірленушінің өзі немесе өкілі арқылы қолдайды. Жәбірленушінің өтініші бойынша сот оған өкіл шақыру үшін уақыт беруге тиіс. Прокурор мен жеке айыптаушы айыптаудан ішінара бас тартқан кезде сот

айыптаудың тарап айыптаудан бас тартқан бөлігінде істі қысқартады, айыптаудың қалған бөлігіндегі іс жалпы тәртіппен қаралады. Егер прокурор айыптауды өзгертсе және жәбірленуші бұрынғы айыптауды талап етпесе, сот істі жаңа айыптау бойынша қарайды.

8. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 67-бабының төртінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар болған кезде прокурор заңмен қорғалатын қоғам мен мемлекет мүддесіне келтірілген зиян бөлігінде сотталушымен татуласуға келісетіндігі туралы сотқа мәлімдеуге құқылы. Прокурордың сотталушымен татуласуға келісуі туралы мәлімдемесі қылмыстық қудалаудан бас тартуды білдірмейді.

Ескерту. 317-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

318-бап. Жәбірленушінің басты сот талқылауына қатысуы

1. Басты сот талқылауы жәбірленушінің немесе оның өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

2. Жәбірленуші келмеген жағдайда сот істі талқылау немесе оны жәбірленушінің болмауынсыз істің барлық жағдайларын толық анықтаудың және оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың мүмкін болуына қарай оны кейінге қалдыру туралы мәселені шешеді. Егер сот отырысына жәбірленушінің өкілі келсе, сот бұл мәселені өкілдің пікірін ескере отырып шешеді.

3. Жәбірленушінің өтініші бойынша сот оны айғақ беру үшін белгілі уақытта келуге міндеттей отырып, сот отырысына қатысудан босата алады.

4. Жеке айыптау ісі бойынша жәбірленушінің сот отырысына дәлелсіз себептермен келмеуі істі қысқартуға әкеп соғады, бірақ сотталушының өтініші бойынша іс мәнісі жөнінде жәбірленушінің қатысуынсыз қаралуы мүмкін.

319-бап. Азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің басты сот талқылауына қатысуы

1. Сот талқылауына азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері қатысады.

2. Азаматтық талапкер немесе оның өкілі сотқа келмеген кезде азаматтық талап қаралмауы мүмкін. Азаматтық талапкердің азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен талап қою құқығы сақталады.

3. Сот азаматтық талапкердің немесе оның өкілінің өтініші бойынша азаматтық талап қоюды азаматтық талапкердің қатысуынсыз қарауға құқылы.

4. Сот қажет деп тапқан жағдайда немесе талап қоюды прокурор қолдағанда сот азаматтық талапты азаматтық талапкердің немесе оның өкілінің

келу-келмеуіне байланыссыз қарайды.

5. Азаматтық талапкердің немесе оның өкілінің келмеуі азаматтық талап қоюды қарауды тоқтатпайды.

320-бап. Басты сот талқылауының шегі

1. Басты сот талқылауы тек айыпкерге қатысты және сотқа берілген айыптаудың шегінде ғана жүргізіледі.

2. Айыптауды өзгертуге бұл арқылы сотталушының жағдайы нашарламаған және оның қорғауға деген құқығы бұзылмаған жағдайда ғана жол беріледі.

3. Егер басты сот талқылауы барысында алдын ала тыңдау сатысында бастапқы айыптауды негізсіз өзгертуге байланысты айыптауды неғұрлым ауыр айыптау етіп өзгерту қажет болса, онда істі тағылған айыптау шегінде қарау үшін сот айыптаушы тараптың бұл жөніндегі өтініші бойынша, процестің басқа қатысушыларының пікірін ескере отырып, сот талқылауын жеті тәулікке дейін мерзімге кейінге қалдырып, істі жаңадан алдын ала тыңдау өткізе алады.

321-бап. Басты сот талқылауын кейінге қалдыру және қылмыстық істі тоқтата тұру

1. Сот отырысына шақырылған адамдардың бірінің келмеуі салдарынан немесе жаңа дәлелдер алдыру қажеттігіне байланысты істі талқылау мүмкін болмаған кезде сот істі талқылауды кейінге қалдыру туралы қаулы шығарады. Осымен бірге сот келмеген адамдарды шақыру немесе жаңа дәлелдерді алдыруға шаралар қолданады. Сот істі талқылау кейінге қалдырылатын мерзімді белгілейді.

2. Осы Кодекстің 50-бабының бірінші, 1-1 және екінші бөліктерінде көзделген негіздер болған кезде сот бір немесе бірнеше сотталушыға қатысты іс бойынша іс жүргізуді осы жағдайлар жойылғанға дейін уақытша тоқтатады және басқа сотталушыларға қатысты сот талқылауын жалғастыра береді.

3. Жасырынып жүрген сотталушыны іздеу сот-қаулысымен жарияланады.

Ескерту. 321-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

322-бап. Бұлтартпау шарасы туралы мәселені шешу

1. Басты сот талқылауы кезінде сот сотталушыға қатысты бұлтартпау шарасын таңдап алуға, өзгертуге немесе оның күшін жоюға құқылы.

2. Сотталушыны бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу мерзімі істің сотқа түскен күнінен бастап үкім шығарылғанға дейін алты айдан аспауға тиіс.

3. Ауыр қылмыстар туралы істер бойынша осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін сот өзінің қаулысымен қамауға алу мерзімін он екі айға дейін ұзартуға құқылы.

4. Осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген қамау мерзімдері

аяқталғаннан кейін сот сотталушыға бұлтартпау шарасын үйде қамауда ұстау немесе ешқайда кетпеу туралы қолхат беруге ауыстыруға тиіс.

5. Осы баптың екінші және төртінші бөліктерінде белгіленген шектеулер аса ауыр қылмыстар туралы істерге қолданылмайды.

323-бап. Істі қосымша тергеуге жіберу

1. Сот осы Кодекстің 303-бабында көзделген талаптарды ескере отырып, істі қосымша тергеуге жібереді.

2. Іс қосымша тергеу аяқталғаннан кейін сотқа келіп түскен кезде сот отырысын тағайындау туралы мәселе жалпы тәртіппен шешіледі.

324-бап. Басты сот талқылауында істі тоқтату

Егер басты сот талқылауы барысында осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінің 3-12-тармақтарында көрсетілген жағдайлар анықталса, сондай-ақ айыптаушы осы Кодекстің 317-бабының алтыншы бөлігінің ережелеріне сәйкес айыптаудан бас тартқанда, іс басты сот талқылауында қысқартылуға тиіс. Іс осы Кодекстің 38-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша да басты сот талқылауында қысқартылуы мүмкін.

Ескерту. 324-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

325-бап. Басты сот талқылауында қаулы шығару тәртібі

1. Басты сот талқылауы кезінде сот шешетін барлық мәселелер бойынша сот қаулы шығарады, ол сот отырысында жариялануға тиіс.

2. Істі қосымша тергеуге жіберу туралы, істі қысқарту туралы, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы, бұлтартпау шарасын таңдау, өзгерту немесе оның күшін жою туралы, бас тарту туралы, сараптама тағайындау туралы қаулылар және жеке қаулылар кеңесу бөлмесінде шығарылады және жеке құжат түрінде ж а з ы л а д ы .

3. Өзге қаулылар соттың қалауынша не осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген тәртіппен, не сол орнында - сот отырысы залында қаулыны сот отырысының хаттамасына енгізе отырып шығарылады.

326-бап. Басты сот талқылауының тәртібі

1. Басты сот талқылауы соттың қалыпты жұмысын және процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайда өтеді.

2. Соттың сот отырысы залына кіруінің алдында сот приставы: "Сот келе жатыр" деп хабарлайды, сот отырысына қатысып отырғандардың бәрі орындарынан тұрады, мұнан соң төрағалық етушінің ұсынуы бойынша өз о р ы н д а р ы н а о т ы р а д ы .

3. Сот талқылауына қатысушылардың бәрі сотқа қарап сөйлегенде, айғақтар бергенде және мәлімдеме жасағанда орындарынан тұрады. Бұл ережелерден ауытқуға төрағалық етушінің рұқсатымен жол беріледі.

4. Басты сот талқылауының барлық қатысушылары, сондай-ақ сот отырысы

залында қатысып отырған азаматтардың барлығы төрағалық етушінің сот отырысының тәртібін сақтау туралы өкіміне бағынуға тиіс.

5. Он алты жасқа дейінгі адамдар, егер олар тарап немесе куә болмаса, сот отырысы залына жіберілмейді. Қажет болғанда сот приставы азаматтан оның жасын куәландыратын құжатты талап етуге құқылы. Залға сондай-ақ мас адамдар жіберілмейді.

6. Сот отырысы залында суретке түсіруге, дыбыс, бейнежазбаларды қолдануға және киноға түсіруге төрағалық етушінің рұқсатымен ғана жол беріледі.

7. Сот талқылауына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сот осы Кодекстің 101-бабында көзделген ережелерге сәйкес шаралар қабылдайды және сот талқылауын жүргізеді.

8. Басты сот талқылауы басталар алдында төрағалық етуші сот талқылауының барлық қатысушыларына қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету бойынша сотқа өтініш жасау құқығы туралы түсіндіреді.

9. Тараптардың бірінің немесе сот талқылауына қатысушының қауіпсіздік шараларын қабылдау туралы өтініші бойынша сот осы мәселе бойынша қаулы шығаруға құқылы.

Ескерту. 326-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.17 N 187-IV Заңымен.

327-бап. Басты сот талқылауында тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын шаралар

1. Сот отырысында тәртіп бұзған, төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаған, сол сияқты сотты құрметтемеуді анық куәландыратын өзге де іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасаған кезде төрағалық етуші сот отырысы залынан адамды шығарып жіберуге немесе сотты құрметтемеу фактісінің анықталғаны туралы жариялауға және кінәлі адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада белгіленген тәртіппен әкімшілік жаза қолдануға құқылы. Шығарып жіберу, айыптаушы мен қорғаушыдан басқа, процестің кез келген қатысушысына немесе өзге адамға қатысты жүргізілуі мүмкін. Әкімшілік жаза сотталушыға қолданылмайды.

2. Егер сот отырысы залынан сотталушы шығарып жіберілсе, онда үкім оның көзінше жариялануға немесе ол жарияланғаннан кейін дереу қолхат алып хабарлануға тиіс.

3. Сот отырысы залынан процеске қатысушыны шығарып жіберу және әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулы шығарады.

4. Сот отырысы залында қатысып отырған, бірақ процеске қатысушы болып табылмайтын адамдар тәртіп бұзған жағдайда олар төрағалық етушінің өкімі бойынша сот отырысы залынан шығарылады. Бұған қоса сот оларға әкімшілік жаза қолдануы мүмкін.

5. Егер тәртіп бұзушының сот отырысындағы іс-әрекетінде басқа әкімшілік құқық бұзушылықтың не қылмыстық белгілері болса, сот тиісті тәртіппен қылмыстық немесе әкімшілік іс қозғау үшін материалдар жібереді.

6. **А л ы ы ы п т а с т а л ы д ы .**

Ескерту. 327-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.06.29 N 270 Заңымен.

328-бап. Басты сот талқылауының хаттамасы

1. Басты сот талқылауы кезінде сот отырысының хатшысы хаттама жүргізеді.
2. Хаттама компьютерлік, электрондық (цифрлық дыбыс-, бейнежазбаны қоса алғанда) машинада жазу не қолмен жазу тәсілімен жасалады.

Сот отырысын тіркеп жазудың қосымша материалдары да сот отырысының хаттамасына қоса тіркеледі және істің материалдарымен бірге сақталады.

3. Хаттамада: басты сот талқылауының күні, оның басталу және аяқталу уақыты; қандай іс қаралып жатқаны; соттың атауы мен құрамы, хатшы, аудармашы, айыптаушы, қорғаушы, сотталушы, сондай-ақ жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сот шақырған басқа да адамдар; сотталушының жеке басы туралы деректер және бұлтартпау шарасы; соттың жүргізілген реттегі іс-әрекеті, іске қатысушы адамдардың арыздары, қарсылық білдірулері және өтініштері; соттың кеңесу бөлмесіне бармай шығарылған қаулылары, қаулылардың кеңесу бөлмесінде шығарылуына нұсқау; іске қатысушы адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерінің түсіндірілуі; айғақтардың егжей-тегжейлі мазмұны; сот бөлген немесе жауап алынатын адам жауап беруден бас тартқан жауап алуға қатысқан адамдардың сұрақтары; сарапшыға қойылған сұрақтар және оның жауаптары; сот мәжілісінде жүргізілген тексерулер мен дәлелдерді зерттеу жөніндегі басқа іс-әрекеттердің нәтижелері; іске қатысушы адамдар хаттамада куәландыруды өтінген фактілерге нұсқамалар; тараптардың сот жарыссөзінде сөйлеген сөздерінің және сотталушының соңғы сөзінің негізгі мазмұны; үкімінің жарияланғаны және оған шағымдану тәртібі мен мерзімі түсіндірілгені туралы нұсқама көрсетіледі. Айғақтар бірінші жақтан және мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады, сұрақтар мен оларға жауаптар жауап алу кезінде орын алған жүйелілік бойынша жазылады. Бұған қоса, хаттамада егер орын алған болса, сотты сыйламаушылықты куәландыратын фактілер және тәртіп бұзушының жеке басы мен соттың тәртіп бұзушыға қолданған ықпал ету шаралары да атап көрсетіледі.

4. Хаттама сот отырысы аяқталғаннан кейінгі бес тәуліктен кешіктірілмей жасалып, оған төрағалық етуші мен хатшы қол қоюға тиіс. Сот талқылауы барысында хаттама бөліп-бөліп жасалуы мүмкін, оларға және бүтіндей хаттамаға сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы қол қояды.

5. Сот талқылауы хаттамасының дұрыс жазылуы туралы сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысының арасында түсініспеушілік болған кезде

соңғысы өзінің келіспеушіліктерін жазбаша түрде сот отырысы барысында жасалған жазбалармен бірге хаттамаға қоса тіркеуге құқылы.

6. Басты сот талқылауы кезінде киноға түсіру, бейне, аудио жазбасы қолданылуы мүмкін, олардың материалдары сот отырысы хаттамасына қоса беріледі, оларға сүргіш салынып, іспен бірге сақталады. Хаттамада аталған техникалық құралдардың қолданылғаны туралы белгі қойылады.

7. Төрағалық етуші тараптарға басты сот талқылауының хаттамасы дайындалғаны туралы хабарлауға және онымен және аудио-, бейнежазба материалдарымен танысуға мүмкіндік беруге міндетті.

8. Басты сот талқылауында жауап алынған адам хаттамадағы және аудио-, бейнежазба материалдарындағы өз айғақтарының жазылуымен таныстыру жөнінде өтініш жасауға құқылы. Мұндай мүмкіндік өтініш мәлімделгеннен кейінгі күннен кешіктірілмей берілуге тиіс.

9. Сот тараптардың немесе осы баптың сегізінші бөлігінде аталған адамдардың өтініші бойынша сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хаттаманы ұсынуға міндетті.

Ескерту. 328-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

329-бап. Басты сот талқылауының хаттамасына ескертпелер

Басты сот талқылауының хаттамасына қол қойылғаннан кейінгі бес тәуліктің ішінде тараптар, сондай-ақ осы Кодекстің 328-бабының сегізінші бөлігінде көрсетілген өзге де адамдар хаттамаға жазбаша нысанда немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында ескертпелер беруге құқылы. Аталған мерзімді іс бойынша төрағалық етуші тараптардың өтініші бойынша он тәулікке дейін ұзарта алады.

Ескерту. 329-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

330-бап. Басты сот талқылауының хаттамасына ескертпелерді қарау

1. Басты сот талқылауының хаттамасына ескертпелерді төрағалық етуші, ал ол ұзақ уақыт бойы болмаған кезде осы соттың басқа судьясы қарайды, ол нақтылау үшін ескертпе берген адамдарды шақыртуға құқылы.

2. Ескертпелерді қарау нәтижелері бойынша судья олардың дұрыстығын куәландыру туралы не оларды қабылдамау туралы дәлелді қаулы шығарады. Хаттамаға және судьяның қаулысына жасалған ескертпелер басты сот

талқылауының хаттамасына қоса тігіледі.

Ескерту. 330-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

41-тарау. Басты сот талқылауының дайындық бөлімі

331-бап. Басты сот талқылауының ашылуы

Басты сот талқылауы үшін белгіленген уақытта төрағалық етуші сот отырысын ашады және қандай қылмыстық істің қаралатынын, сондай-ақ істің ашық немесе жабық сот отырысында талқыланатыны туралы хабарлайды.

Сот отырысында аудио-, бейнежазбалар, киноға түсіру пайдаланылатын кезде төрағалық етуші ол жөнінде хабарлайды.

Ескерту. 331-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

332-бап. Басты сот талқылауына шақырылған адамдардың келуін тексеру

Сот отырысының хатшысы сот отырысына қатысуға тиісті адамдардың келгені туралы баяндайды және келмегендердің келмеу себептерін хабарлайды.

333-бап. Аудармашыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру

1. Төрағалық етуші аудармашы ретінде кімнің қатысып отырғанын хабарлайды және оған осы Кодекстің 85-бабында көзделген құқықтарын, міндеттерін түсіндіреді.

2. Төрағалық етуші аудармашыға әдейі дұрыс аударма жасамағаны үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертеді, бұл туралы одан қолхат алынып, ол сот отырысының хаттамасына қоса тігіледі. Аудармашыға, сондай-ақ, өз міндеттерін орындаудан жалтарған жағдайда оған заңдарда белгіленген тәртіппен әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін екені туралы ескертіледі.

334-бап. Аудармашыдан бас тарту туралы мәселені шешу

Төрағалық етуші келген тараптарға, куәларға, сарапшыға, маманға олардың аудармашыдан бас тартуын мәлімдеу құқықтарын түсіндіреді және аудармашыдан бас тартуға әкеп соғатын заңдарда көзделген негіздерді түсіндіреді. Мәлімделген бас тартуды сот осы Кодекстің 89-бабында белгіленген ережелер бойынша шешеді. Егер аудармашыдан бас тарту қанағаттандырылса, сот басқа аудармашыны шақырады.

335-бап. Куәларды сот отырысы залынан шығару

Келген куәлар олардан жауап алу басталғанға дейін, сот отырысы залынан шығарылады. Төрағалық етуші сот жауап алмаған куәлардың жауап алған куәлармен, сондай-ақ сот отырысы залындағы өзге адамдармен сөйлеспеуі үшін шара қолданады.

336-бап. Сотталушының жеке басын және оған айыптау қорытындысы көшірмесінің уақтылы тапсырылғанын анықтау

Төрағалық етуші сотталушының тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, айын, күнін және орнын, сот ісі жүргізілетін тілді білетінін, тұратын жерін, немен айналысатынын, білімін, отбасы жағдайын және оның жеке басына қатысты басқа да деректерді анықтай отырып, оның жеке басын айқындайды. Мұнан кейін төрағалық етуші сотталушыға сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасының, айыптау қорытындысының, айыптауды өзгерту туралы қаулының немесе айыптау хаттамасының көшірмелерінің тапсырылғанын және қашан тапсырылғанын анықтайды. Бұл ретте істі соттың талқылауы, бұл туралы сотталушы өтініш жасаған болса, сондай-ақ осы Кодекстің 393-бабының екінші бөлігінде көзделгеннен басқа жағдайларда сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасының, айыптау қорытындысының, айыптауды өзгерту туралы қаулының немесе айыптау хаттамасының көшірмелері тапсырылған күннен бастап үш тәуліктен бұрын басталмауға тиіс.

Ескерту. 336-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

337-бап. Сот құрамын, процеске басқа қатысушыларды жариялау

Төрағалық етуші сот құрамын жариялайды, кімнің айыптаушы, қорғаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ сот мәжілісінің хатшысы, сот приставы, сарапшысы, маманы болып табылатынын хабарлайды.

338-бап. Бас тартуды шешу тәртібі

1. Төрағалық етуші тараптардың сот құрамынан, сондай-ақ осы Кодекстің 337-бабында аталған адамдардан осы Кодекстің 90, 91, 94, 95, 96, 97-баптарында көзделген негіздер бойынша бас тартуды мәлімдеу құқығын түсіндіреді. Бұл ережелер запастағы судьяға қатысты да қолданылады.

2. Мәлімделген бас тартуды сот осы Кодекстің 89, 90-баптарында белгіленген ережелер бойынша шешеді.

Ескерту. 338-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

339-бап. Сотталушыға оның құқықтарын түсіндіру

Төрағалық етуші сотталушыға оның осы Кодекстің 69-бабында көзделген басты сот талқылауындағы құқықтарын түсіндіреді.

340-бап. Жәбірленушіге, жеке айыптаушыға, азаматтық талапкерге және азаматтық жауапкерге олардың құқықтарын түсіндіру

Төрағалық етуші жәбірленушіге, жеке айыптаушыға, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге және олардың өкілдеріне олардың осы Кодекстің 75, 76, 77, 78, 80, 81-баптарында көзделген басты сот талқылауындағы құқықтарын түсіндіреді. Жеке айыптау істері бойынша, сондай-ақ бірінші рет жасалған шағын және орташа ауырлықтағы қылмыстар жөніндегі істер бойынша жәбірленушіге бұған қоса оның сотталушымен бітімге келу құқығы түсіндіріледі.

341-бап. Сарапшыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру

Төрағалық етуші сарапшыға оның осы Кодекстің 83-бабында көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді және оған әдейі жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертеді, бұл туралы сарапшыдан қолхат алынады, ол басты сот талқылауының хаттамасына қоса тігіледі.

342-бап. Маманға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру

Төрағалық етуші маманға оның осы Кодекстің 84-бабында көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді және оған өз міндеттерін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін осы бапта белгіленген жауаптылық туралы ескертеді.

343-бап. Өтініштерді мәлімдеу және шешу

1. Төрағалық етуші тараптардан оларда жаңа куәларды, сарапшыларды және мамандарды шақыру туралы және заттай дәлелдемелер мен құжаттарды алдыру туралы, оның ішінде медиация рәсімін өткізу туралы өтініштерінің бар-жоғы туралы сұрайды. Өтінішін мәлімдеген адам қандай мән-жайларды анықтау үшін қосымша дәлелдемелердің қажет екенін көрсетуге міндетті.

2. Төрағалық етуші, сондай-ақ тараптардан олардан талқылаудан дәлел ретінде жіберілмеуге тиіс материалдарды алып тастау туралы өтініштерінің бар-жоғын анықтауға міндетті.

3. Сот талқылауының қалған қатысушыларының пікірін тыңдағаннан кейін сот мәлімделген әрбір өтінішті, оның ішінде медиация рәсімін өткізу туралы өтінішті қарауға, оны қанағаттандыруға немесе өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы дәлелді қаулы шығаруға тиіс.

4. Соттың тараптардың бастамашылығы бойынша сотқа мамандар немесе куәлар ретінде келген адамдардан сот отырысында жауап алу туралы өтініштерді қанағаттандырудан бас тартуға құқығы жоқ.

5. Сот өтінішін қанағаттандырудан бас тартқан адам оны одан әрі мәлімдеуге құқылы.

Ескерту. 343-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

344-бап. Іске қатысушы адамдардың бірі болмаған кезде істі тыңдау мүмкіндігі туралы мәселені шешу

Сот талқылауына қатысушылардың бірі, сондай-ақ куә, сарапшы немесе маман келмеген кезде сот тараптардың істі талқылау мүмкіндігі туралы пікірін тыңдайды және талқылауды кейінге қалдыру немесе оны жалғастыру және келмеген адамдарды келесі сот отырысына шақырту немесе оларды алып келу туралы қаулы шығарады.

42-тарау. Сот тергеуі

345-бап. Сот тергеуінің басталуы

1. Сот тергеуі айыптаушының сотталушыға таққан айыбының мәнісін баяндаудан, ал жеке айыптау істері бойынша - арыз берген адамның немесе оның өкілінің, ал олар болмағанда - сот отырысы хатшысының шағымды баяндауынан б а с т а л а д ы .

2. Айыптау ауырлығы төмендеу түріне өзгертілген жағдайда немесе айыптаудың бір бөлігінен бас тартылған кезде айыптаушы сотқа айыптаудың жаңа негізделген тұжырымын жазбаша түрде баяндауға міндетті.

Ескерту. 345-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен.

346-бап. Сотталушының көзқарасын анықтау

1. Төрағалық етуші сотталушыдан оған айыптаудың түсінікті-түсінікті емес екенін сұрайды, оған айыптаудың мәнісін түсіндіреді және оның тағылған айыпқа өз көзқарасын сотқа хабарлау ниетінің бар-жоғын анықтайды.

2. Сотталушыға сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу кезінде, алдын ала тергеуде немесе анықтауда кезінде білдірілген кінәсін мойындау немесе мойындамаумен байланысты емес екенін, өз кінәсін мойындайтыны немесе мойындамайтыны туралы сұраққа жауап беруге міндетті емес екені және сотталушының жауап беруден бас тартуы оған зиян келтірілгендей түсінілмейтіні түсіндірілуге тиіс. Сотталушы өз жауабын дәлелдеуге құқылы. Сотталушының жауап бермеуі оның өз кінәсін мойындамағаны деп түсініледі.

3. Төрағалық етуші сотталушыдан оған қойылған азаматтық талап қоюды мойындайтынын-мойындамайтынын (толық, ішінара) сұрайды. Егер сотталушы бұл сұраққа жауап берсе, онда ол жауабының дәлелін айтуға құқылы. Сотталушының жауап бермеуі оның азаматтық талап қоюды мойындамағаны деп т ү с і н і л е д і .

4. Тараптар сотталушыға оның көзқарасын нақтылауға бағытталған сұрақтар қ о ю ғ а қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 346-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.03 N 213-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

347-бап. Дәлелдемелерді ұсыну мен зерттеу тәртібі

1. Сот тергеуінде айыптаушы және қорғаушы тараптар ұсынған дәлелдемелер з е р т т е л е д і .

2. Дәлелдемелерді алдымен айыптаушы тарап ұсынады. Дәлелдемелерді зерттеу тәртібін тараптармен келісе отырып, сот белгілейді. Дәлелдемелерді зерттеу тәртібін белгілеу немесе өзгерту мәселелері бойынша сот қаулы ш ы ғ а р а д ы .

3. Сотталушы төрағалық етушінің рұқсатымен сот тергеуінің кез келген сәтінде айғақ беруге құқылы.

Ескерту. 347-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 Заңымен.

348-бап. Сотталушыдан жауап алу

1. Сотталушыдан жауап алудың алдында төрағалық етуші тағылған айып және істің басқа да жағдайлары бойынша айғақ беру немесе бермеу құқығын, сондай-ақ сотталушының барлық айтқаны өзіне қарсы пайдаланылуы мүмкін екенін оған түсіндіреді.

2. Сотталушы айғақ беруге келісім берген кезде бірінші болып одан қорғаушы және процеске қорғаушы тарапынан қатысушылар, сонан кейін мемлекеттік айыптаушы және процеске айыптаушы тарапынан қатысушылар жауап алады. Төрағалық етуші жетекші сұрақтарды және іске қатысы жоқ сұрақтарды алып тастайды.

3. Сот сотталушыға одан тараптар жауап алғаннан кейін сұрақ қояды, алайда нақтылау сұрақтары жауап алудың кез келген сәтінде қойылуы мүмкін.

4. Басқа сотталушы болмаған кезде сотталушыдан жауап алуға тараптардың өтініші немесе соттың бастамашылығы бойынша жол беріледі, бұл туралы қаулы шығарылады. Бұл жағдайда сотталушы сот мәжілісі залына қайтып келгеннен кейін оған өзі болмаған кезде сот мәжілісінің хаттамасына енгізілген деректер оқылады және өзі болмағанда жауап алынған сотталушыға сұрақ қою мүмкіндігі беріледі.

349-бап. Сотталушының айғақтарын жария ету

1. Сотталушының іс бойынша сотқа дейінгі әзірлік барысында берген айғақтарын жария етуге, сондай-ақ жауап алу хаттамасына қоса берілген оның айғақтарының дыбыс жазбасын, бейне жазбаны немесе киноға түсірілімін жаңғыртуға мынадай жағдайларда:

- 1) сотталушы сотта айғақ беруден бас тартқан кезде;
- 2) іс сотталушы болмаған кезде қаралғанда;

3) сот талқылауымен алдын ала тергеу барысында берілген айғақтардың арасында елеулі қайшылықтар болғанда жол беріледі.

2. Тиісті жауап алу хаттамасындағы немесе сот отырысы хаттамасындағы айғақтарды алдын ала жария етпей тұрып, дыбыс, бейнежазбаны және кино түсірілімін жаңғыртуға жол берілмейді.

350-бап. Жәбірленушіден жауап алу

1. Жәбірленушіден осы Кодекстің 351-бабының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде көзделген куәлардан жауап алу ережелері бойынша жауап алынады.

2. Жәбірленуші төрағалық етушінің рұқсатымен сот тергеуінің кез келген сәтінде айғақтар беруге құқылы.

351-бап. Куәлардан жауап алу

1. Куәлардан жеке-жеке және жауап алынбаған куәлардың қатысуынсыз жауап алынады.

2. Жауап алудың алдында төрағалық етуші куәнің жеке басын айқындайды, оның сотталушыға және іске қатысушы басқа адамдарға деген қарым-қатынасын анықтайды, іс бойынша шын айғақтар беру жөніндегі азаматтық борышы мен міндетін, сондай-ақ айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін жауаптылығын түсіндіреді. Куәға, сондай-ақ өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына қарсы айғақтар беруден, ал діни қызметшілерге - тәубе үстінде өздеріне ішкі сырын сеніп ашқан адамдарға да қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқылы екені түсіндіріледі. Заң бойынша айғақ беру міндетінен босатылған, бірақ айғақ беруге тілек білдірген адамдарға көрінеу жалған айғақ бергені үшін жауаптылығы түсіндіріледі. Куәға осы Кодекстің 82-бабында көзделген оның басқа құқықтары мен міндеттері де түсіндіріледі. Куә мынадай мазмұнда ант береді: "Сотқа іс бойынша өзіме белгілі болған барлық мән-жайды, тек қана шындықты, барлық шындықты айтуға және шындықтан басқа ешнәрсе айтпауға ант етемін.". Куәдан оған өз міндеттері мен жауаптылығының түсіндірілгені туралы қолхат алынады. Қолхат сот отырысының хаттамасына тіркеледі.

3. Куәдан айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сотталушы және оның қорғаушысы жауап алады. Бірінші болып өтініші бойынша сот отырысына осы куә шақырылған тарап сұрақтар қояды. Төрағалық етуші куәға одан тараптар жауап алып болғаннан кейін сұрақтар қояды.

4. Куә соттың талап етуі бойынша оған ұсынылатын жазбаларды пайдалануға құқылы.

5. Куәға өз айғақтарына қатысты қолындағы құжаттарды оқып шығуға рұқсат беріледі. Бұл құжаттар сотқа ұсынылады және оның қаулысы бойынша іске тігілуі мүмкін.

6. Жауап алынған куәлар сот отырысы залында қалады және олар сот тергеуі

аяқталғанға дейін соттың рұқсатынсыз және тараптардың келісімінсіз одан
ш ы қ п а у ғ а т и і с .

7. Осы Кодекстің 101-бабында көзделген жағдайларда, куәнің және оның жақындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сот куәнің жеке басы туралы нақты деректерді жарияламай, оны процеске басқа қатысушылар көрмейтіндей жағдайда одан жауап алуға құқылы, бұл туралы қаулы шығарылады.

Ескерту. 351-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2007.06.29 N 270, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

352-бап. Кәмелетке толмаған жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері

1. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жәбірленушіден, куәдан жауап алу, ал соттың қалауынша - он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі мұндай адамдардан жауап алу педагогтың қатысуымен жүргізіледі. Қажет болған жағдайда сонымен қатар ата-аналары немесе кәмелетке толмаған адамның өзге де заңды өкілдері шақырылады. Аталған адамдар төрағалық етушінің рұқсатымен жәбірленушіге және куәға сұрақ қоя алады.

2. Он алты жасқа толмаған жәбірленушіден, куәдан жауап алудың алдында төрағалық етуші оған шын және толық айғақтардың іс үшін маңызын түсіндіреді. Айғақ беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақ бергені үшін жауаптылық туралы аталған адамдарға ескерту жасалмайды және олардан қолхат алынбайды.

3. Тараптардың өтініші бойынша немесе соттың бастамашылығы бойынша кәмелетке толмаған жәбірленуші мен куәдан жауап алу сотталушы жоқ кезде жүргізілуі мүмкін, бұл туралы сот қаулы шығарады. Сотталушы сот отырысы залына қайтып келгеннен кейін оған кәмелетке толмаған жәбірленушінің, куәнің айғақтары жария етіледі, жәбірленушіге, куәға сұрақ қою және олардың айғақтарына орай өз айғақтарын беру мүмкіндігі беріледі.

4. Он сегіз жасқа толмаған жәбірленуші, куә сот олардың әрі қарай қатысуын қажет деп таныған жағдайлардан басқасында, олардан жауап алынғаннан кейін сот отырысы залынан шығарылады.

353-бап. Жәбірленуші мен куәнің айғақтарын жария ету

1. Сот талқылауында жәбірленуші мен куәнің іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу немесе кейінгі сот талқылауы кезінде берген айғақтарын, сондай-ақ олардан жауап алудың бейнежазбасы мен киноға түсіруін жария етуге:

1) бұл айғақтар мен олардың сотта берген айғақтары арасында елеулі қайшылықтар бар болған кезде;

2) олардың сот талқылауына келу мүмкіндігін жоққа шығаратын себептер бойынша жәбірленушінің немесе куәнің сот отырысына қатыспауы кезінде жол

б е р і л е д і .

2. Жәбірленуші мен куә берген айғақтардың дыбыс жазбасын, олардан жауап алудың бейнежазбасы мен киноға түсіруін естіртіп-көрсету осы Кодекстің 349-бабының екінші бөлігінде белгіленген ережелер бойынша орын алуы мүмкін.

Ескерту. 353-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен.

354-бап. Сот талқылауындағы сараптама

1. Сот тараптардың өтініші бойынша немесе өз бастамасымен сараптама тағайындауға құқылы.

2. Сараптаманы алдын ала тергеу барысында қорытынды берген сарапшы (сарапшылар) не сот тағайындаған басқа сарапшы (сарапшылар) жүргізеді.

Соңғы жағдайда төрағалық етуші сараптама жүргізуді кімге тапсыруды ұйғарып отырғаны туралы хабарлауға тиіс, содан кейін аталған адамнан бас тарту және оның өздігінен бас тартуы туралы өтініштер болмаған кезде, сот кеңесу бөлмесіне кетпестен оны іс бойынша сарапшы ретінде тарту туралы қаулы шығарады. Бұдан әрі сарапшыға оның іс жүргізу өкілеттіктері түсіндіріледі, ол көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертіліп, бұл туралы қолхат береді.

3. Сотта сараптама жүргізу осы баптың талаптары ескеріле отырып, осы Кодекстің 32-тарауында жазылған ережелер бойынша жүзеге асырылады.

4. Сарапшының сот отырысында төрағалық етушінің рұқсатымен сараптама мәніне қатысты мән-жайларды зерттеуге қатысуға: жауап алынатын адамдарға сұрақ беруге, қылмыстық істің материалдарымен танысуға, сараптама мәніне қатысты барлық сот іс-әрекетіне қатысуға құқығы бар.

5. Төрағалық етуші тараптарға іс үшін мәні бар барлық мән-жайлар анықталғаннан кейін сарапшыға жазбаша түрде сұрақ беруді ұсынады. Қойылған сұрақтар жария етілуге және олар бойынша сот талқылауына қатысушылардың пікірлері тыңдалуға тиіс.

6. Тараптар сараптамалық зерттеу объектісі ретінде заттарды, құжаттарды ұсынуға құқылы. Оларды мұндайлардың қатарынан шығарғанда, сот дәлелді қаулы шығаруға міндетті.

7. Мәселені қарап және ол бойынша тараптардың пікірін тыңдап, сот өз қаулысымен олардың ішінен іске қатысы жоқ немесе сарапшының құзыретіне жатпайтындарын алып тастайды, жаңа мәселелерді тұжырымдайды.

8. Сарапшы болып тағайындалған адамға сараптама тағайындалғаны туралы сот қаулысының көшірмесі тапсырылады және осы Кодекстің 83-бабымен көзделген оның құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Сот тараптардың пікірлерін тыңдап болып, тексеру жүргізу үшін қажетті уақытқа сот отырысын кейінге қалдыруға құқылы.

9. Сарапшы қорытындыны жазбаша түрде береді және оны сот мәжілісінде

жария етеді, содан кейін одан жауап алу осы Кодекстің 355-бабында көзделген ережелер бойынша жүргізілуі мүмкін. Сарапшының қорытындысы іске тігіледі.

10. Сот талқылауында сараптама жүргізілген соң, осы Кодекстің 255-бабында көзделген жағдайларда сот қосымша немесе қайта сараптама тағайындауға құқылы.

11. Іс бойынша сотқа дейін іс жүргізу барысында қорытынды берген сарапшы сотқа шақырылған жағдайда, сот қорытындыны жария еткен соң, егер ол тараптардың қарсылығын туғызбаса, сараптама тағайындамауға және сарапшыдан жауап алумен шектелуге құқылы.

Ескерту. 354-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

355-бап. Сарапшыдан жауап алу

1. Осы Кодекстің 253-бабы үшінші бөлігінің талаптары ескеріле отырып, сарапшыдан жауап алу қорытынды жария етілгеннен кейін ғана оны түсіндіру, нақтылау немесе толықтыру үшін жүргізілуі мүмкін.

2. Сарапшыға бірінші болып өтініші бойынша сараптама тағайындалған тарап сұрақ қояды.

3. Егер сараптама тараптар арасындағы келісім бойынша немесе қылмыстық істі жүргізуші органның бастамасы бойынша жүргізілсе, сарапшыға бірінші болып айыптаушы тарап, содан соң қорғаушы тарап сұрақ қояды.

4. Сот жауап алудың кез келген сәтінде сарапшыға сұрақ қоюға құқылы.

Ескерту. 355-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

356-бап. Заттай дәлелдемелерді қарау

1. Тергеу барысында іске тігілген және жаңадан алынған заттай дәлелдемелер сот тергеуі барысында сотта қаралуға және тараптарға ұсынылуға тиіс. Заттай дәлелдемелерді қарау сот тергеуінің кез келген сәтінде тараптардың өтініші бойынша да, сондай-ақ соттың бастамасымен де жүргізіледі. Заттай дәлелдемелер куәлердің, сарапшының, маманның қарауы үшін ұсынылуы мүмкін. Заттай дәлелдемелер ұсынылған адамдардың заттай дәлелдемелерді қараған кезде анықталған, іс үшін маңызы бар мән-жайларға соттың назарын аударуға құқығы бар.

2. Заттай дәлелдемелерді қарауды сот олар тұрған жерде осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген ережелерді сақтай отырып жүргізуге тиіс.

357-бап. Тергеу іс-әрекетінің хаттамалары мен құжаттарын жария ету

Мән-жайларды куәландыратын тергеу іс-әрекетінің хаттамалары және қарау, куәландыру, алу, тінту, мүлікке тыйым салу, ұстау, тану үшін көрсету, тергеу эксперименті телефонмен сөйлесуді тыңдау кезінде белгілі болған фактілер,

сондай-ақ егер оларда іс үшін маңызы бар мән-жағдайлар баяндалған немесе куәландырылған болса, іске тігілген немесе сот отырысында ұсынылған құжаттар толық немесе ішінара жария етілуге тиіс. Сот отырысына ұсынылған құжаттар соттың қаулысы бойынша іске тігілуі мүмкін.

358-бап. Сотталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтарын, сондай-ақ хаттамалар мен құжаттарды жария етудің тәртібі

Осы Кодекстің 349, 353, 357-баптарында көзделген жағдайларда, сотталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтарын, сондай-ақ тергеу іс-әрекетінің хаттамалары мен құжаттарды оларды жария ету туралы өтініш білдірген тарап не сот жария етеді.

359-бап. Іс болған орынды және үй-жайды қарау

1. Іс болған орынды және үй-жайды қарауды сот тараптардың қатысуымен, ал қажет болғанда куәлердің, сарапшының, маманның қатысуымен де жүргізеді.

2. Қарау орнына келген соң төрағалық етуші сот отырысының жалғасатындығы туралы жариялайды да сот қарауға кіріседі. Бұл ретте сотталушыға, жәбірленушіге, сарапшы мен маманға қараумен байланысты сұрақтар берілуі мүмкін.

360-бап. Тану, куәландыру, айғақтарды тұрған жерінде тексеру мен нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу үшін көрсету

1. Тану, куәландыру, айғақтарды тұрған жерінде тексеру мен нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу үшін көрсету сот талқылауында тараптардың қатысуымен, осы Кодекстің 226, 229, 238, 239-баптарында және 33-тарауында көзделген ережелер сақтала отырып, соттың қаулысы бойынша жүргізіледі.

2. Егер істің мән-жайлары бойынша бұл қажет болса, тану, куәландыру, эксперимент, үлгілер алу үшін көрсету жабық сот отырысында жүргізілуі мүмкін.

3. Куәландырылушыны жалаңаштау арқылы куәландыруды жеке үй-жайда дәрігер немесе өзге маман жүргізеді, онда куәландыру актісі жасалып, қол қойылады. Одан соң аталған адамдар сот отырысы залына оралады, онда олар тараптардың және куәландырылған адамның қатысуымен, егер куәландырылушының денесінде таңбалар мен белгілер табылса, олар туралы сотқа хабарлайды, тараптардың және соттың сұрақтарына жауап береді. Куәландыру актісі іске тігіледі.

361-бап. Дәлелдемелерді зерттеуді шектеу

1. Мемлекеттік айыптаушы айыптау дәлелдемелерін зерттеу аталған өтініш туындаған сәтке қаралған дәлелдемелермен шектеу туралы өтініш білдіруге құқылы. Соттың тараптардың пікірін тыңдап, бұл өтінішті қанағаттандыруға

2. Қорғаушы тарабының сотталушының, қорғаушының, сотталушының заңды өкілінің, азаматтық жауапкердің немесе оның өкілінің өтініші бойынша ұсынылған және іске тігілген дәлелдемелерді зерттеуден бас тартуға құқығы бар. Мұндай бас тарту сот үшін міндетті.

362-бап. Сот тергеуінің аяқталуы

1. Төрағалық етуші дәлелдемелерді зерттеу аяқталғаннан кейін:

1) тараптарға, олардың сот жарыссөзінде, ал соттың үкім шығару кезінде тек сот тергеуінде қаралған дәлелдемелерге ғана сілтеме жасауға құқылы екендігін түсіндіреді ;

2) тараптардан, олар сот тергеуін толықтыруды қалай ма және немен толықтырғысы келетінін сұрайды.

2. Сот тергеуін толықтыру туралы өтініш мәлімделген жағдайда, сот бұл өтінішті талқылайды және оны шешеді.

3. Өтінішті шешкен және қажетті сот іс-әрекетін орындаған соң, сондай-ақ сот тергеуін толықтыру туралы өтініш туындамаған немесе сот оларды дәлелді түрде қабылдамаған жағдайларда төрағалық етуші сот тергеуін аяқталды деп жариялайды.

363-бап. Істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылануы

1. Ауыр емес, орташа ауыр қылмыстар, сондай-ақ ауыр қылмыстар туралы істер бойынша, егер :

1) сотталушы өзінің кінәсін толық көлемінде, оның ішінде өзіне қойылған талап-арызды мойындаса ;

2) сотқа дейінгі іс жүргізу барысында процеске қатысушылардың құқығына нұқсан келтіретін, осы Кодексте белгіленген ережелердің бұзылуына жол берілмесе ;

3) процеске қатысушылар іс бойынша жиналған дәлелдемелердің қатыстылығы мен жол берушілігіне дау туғызбаса және оларды сот отырысында зерттеуді талап етпесе, сот талқылауы қысқартылған тәртіппен жүргізіледі.

2. Алынып тасталды.

3. Істі сотта талқылаудың қысқартылған тәртібі сотталушы мен жәбірленушіден жауап алудан тұрады. Сот жарыссөзі және қаралған істі аяқтау осы Кодексте белгіленген ережелер бойынша жүзеге асырылады. Қысқартылған сот талқылауы он күн мерзімде аяқталуға тиіс, ерекше жағдайларда бұл мерзім судьяның дәлелді қаулысымен ұзартылуы мүмкін.

4. Сот, егер айыпталушыдан немесе жәбірленушіден жауап алу барысында сот отырысында зерттеуді талап ететін мән-жайлар белгіленген болса, сот тергеуін толық көлемде жүргізу туралы қаулы қабылдауы мүмкін.

Ескерту. 363-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2001.07.11 N 238,

2002.12.21 N 363, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

43-тарау. Сот жарыссөзі және сотталушының соңғы сөзі

364-бап. Сот жарыссөзінің мазмұны мен тәртібі

1. Сот тергеуі аяқталған соң төрағалық етуші соттың сот жарыссөзіне көшетінін хабарлайды.

2. Сот жарыссөзіне қатысушының өтініші бойынша оған сот жарыссөзіне дайындалу үшін уақыт беріледі, ол үшін төрағалық етуші оның ұзақтығын көрсете отырып, сот отырысында үзіліс жариялайды.

3. Сот жарыссөзі айыптаушының, жәбірленушінің немесе оның өкілінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің, сотталушы мен қорғаушының сөздерінен тұрады. Іске қатысушылардың сөздерінің реттілігін олардың ұсыныстары бойынша сот белгілейді, бірақ барлық жағдайларда бірінші болып айыптаушы сөз алады.

4. Егер мемлекеттік айыптауды бірнеше мемлекеттік айыптаушы қолдаса, іске бірнеше жәбірленуші, қорғаушы, азаматтық жауапкер мен олардың өкілдері, азаматтық талапкерлер мен олардың өкілдері, сотталушылар қатысса, төрағалық етуші өз сөздерінің кезектілігін өзара келісуі үшін оларға уақыт береді. Қажет болғанда бұл үшін сот отырысында үзіліс жариялануы мүмкін. Егер аталған адамдар жарыссөздегі өз сөздерінің кезектілігі туралы келісімге келе алмаса, сот олардың пікірлерін тыңдап болып, сөз кезегі туралы қаулы алады.

5. Сот жарыссөзіне қатысушылар өз сөздерінде сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқылы емес. Сотқа жаңа айғақтар ұсыну қажет болса, олар сот тергеуін қайта бастау туралы өтініш жасай алады.

6. Сот сот жарыссөзінің ұзақтығын белгілі бір уақытпен шектей алмайды, алайда төрағалық етуші, егер жарыссөзге қатысушы азаматтардың сөзі қаралатын іске қатысы жоқ мән-жайларға қатысты не сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге негізделген болса, оларды тоқтатуға құқылы.

7. Сот отырысына қатысушылардың барлығы сөз сөйлеп болған соң олардың әрқайсысы тараптар өкілдерінің сөзінде айтылғандар бойынша тағы бір реттен қысқаша қарсылықтарын немесе ескертпелерін (репликаларын) білдіруге құқылы. Соңғы ескертпені айту құқығы барлық жағдайларда сотталушы мен оның қорғаушысына тиесілі.

8. Әрбір сот жарыссөзіне қатысушы сотқа осы Кодекстің 371-бабының бірінші бөлігінің 1-6-тармақтарында аталған мәселелер бойынша шешімнің өзі ұсынатын тұжырымын жазбаша түрде табыс ете алады. Ұсынылатын тұжырымның сот үшін міндетті күші жоқ.

365-бап. Сотталушының соңғы сөзі

1. Сот жарыссөзі аяқталған соң, төрағалық етуші сотталушыға соңғы сөз береді. Сотталушыға оның соңғы сөзі кезінде ешқандай сұрақ қоюға жол берілмейді.

2. Сот сотталушының соңғы сөзінің ұзақтығын белгілеуге құқылы емес. Төрағалық етуші, егер сотталушының сөзі қаралған іске қатысы жоқ мән-жайларға қатысты болса, оны тоқтатуға құқылы.

366-бап. Сот тергеуін қайта бастау

Егер сот жарыссөзінде сөз сөйлеуші немесе сотталушы соңғы сөзінде іс үшін маңызы бар жаңа мән-жайлар туралы хабарласа, сот тараптардың өтініші бойынша немесе өз бастамасымен сот тергеуін қайта бастайды. Қайта басталған сот тергеуі сот аяқталған соң сот жарыссөзін жаңадан ашады және сотталушыға соңғы сөз береді.

367-бап. Соттың кеңесу бөлмесіне кетуі

1. Сотталушының соңғы сөзін тыңдап, сот үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді, ол туралы төрағалық етуші сот отырысы залындағы қатысушыларға хабарлайды.

2. Үкімнің жарияланатын уақыты процеске қатысушыларға судьялар кеңесу бөлмесіне кетер алдында хабарлануы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі басқа соттың бастамасы бойынша қылмыстық іс бойынша қолдануға жататын заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің конституциялық екендігіне тексеру жүргізген жағдайда, судья Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі шешім шығарғанға дейін үкімнің қаулысын кейінге қалдырады.

Ескерту. 367-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

44-тарау. Үкім шығару

368-бап. Қазақстан Республикасының атынан үкім шығару

Қазақстан Республикасындағы соттар Қазақстан Республикасының атынан үкім шығарады.

369-бап. Үкімнің заңдылығы мен негізділігі

1. Сот үкімі заңды және негізді болуға тиіс.

2. Егер үкім заңның барлық талаптары сақтала отырып және заң негізінде шығарылса, ол заңды болып танылады.

3. Егер үкім сот отырысында сотқа ұсынылған дәлелдемелерді жан-жақты және объективті зерттеу негізінде шығарылса, ол негізді деп танылады.

370-бап. Үкім шығару құпиясы

1. Істі қараған судья үкімді оған қандай да болсын ықпал ету мүмкіндігін болғызбайтын жағдайда шығарады. Үкім шығару кезінде өзге тұлғалардың, оның ішінде запастағы судьяның болуына жол берілмейді.

2. Жұмыс уақыты аяқталған соң, сондай-ақ жұмыс күні ішінде судья кеңесу бөлмесінен шығып демалу үшін үзіліс жасауға құқылы.

3. Үкім жарияланғанға дейін судья іс бойынша шешімді айқындайтын өз пікірі мен пайымдауын жария етуге құқылы емес.

Ескерту. 370-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

371-бап. Соттың үкім шығару кезінде шешетін мәселелері

1. Сот үкім шығару кезінде кеңесу бөлмесінде мынадай мәселелерді шешеді:

1) жасалуына сотталушы айыпталып отырған әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме;

2) бұл әрекет қылмыс болып табыла ма және ол нақ қандай қылмыстық заңда көзделген (бабы, бөлігі, тармағы);

3) сотталушының бұл әрекетті жасағаны дәлелденді ме;

4) сотталушы бұл қылмыстың жасалуына кінәлі ме;

5) оның жауаптылығы мен айыбын жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар бар ма;

6) сотталушы жасаған қылмысы үшін жазаға тартылуға тиіс пе;

7) сотталушыға қандай жаза тағайындалуға тиіс;

8) жаза тағайындамай үкім шығару үшін немесе жазада босатуға не қылмыстық жазаны өтеуді Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабында және 74-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда кейінге қалдыру туралы негіздер бар ма;

9) бас бостандығынан айыруға сотталушы түзеу немесе тәрбие беру мекемесінің қандай түрі мен режимдегісінде жазасын өтеуге тиіс;

10) азаматтық талап-арызды қанағаттандыруға жата ма, кімнің пайдасына және қандай мөлшерде, сондай-ақ егер азаматтық талап берілмесе, мүліктік зиян өтелуге жата ма;

11) азаматтық талап-арызды немесе ықтимал тәркілеуді қамтамасыз ету үшін тыйым салынған мүлікті не істеу керек;

12) заттай дәлелдемелерді не істеу керек;

13) іс жүргізу шығыстары кімге, қандай мөлшерде жүктелуге тиіс;

14) сот сотталушының құрметті, әскери, арнайы немесе өзге атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айыруға (айыру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізуге) тиіс пе;

15) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 88-бабында көзделген жағдайларда медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы;

16) қылмысты жасауға әсер ететін мән-жайлардың болуы туралы;

17) сотталушыға қатысты бұлтартпау шарасы туралы;

18) бұрынғы үкім бойынша шартты сотталудың күшін жою немесе оны сақтау туралы.

2. Ақтау үкімін шығару кезінде сот тергеу, прокуратура, сот органдарының заңсыз іс-әрекетімен ақталушыға келтірілген зиянды өтеу туралы мәселе жөнінде шешім қабылдайды.

3. Сотталушы бірнеше қылмыс жасағаны үшін айыпталған кезде сот әрбір қылмыс бойынша жеке-жеке осы баптың бірінші бөлігінің 1-7-тармақтарында көрсетілген мәселелерді шешеді.

4. Егер қылмыстың жасалуына бірнеше сотталушы айыпталса, сот оның жасалған әрекеттегі ролі мен дәрежесін айқындай отырып, әрбір сотталушыға қатысты осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген барлық мәселелерді шешеді.

5. Сот осы баптың бірінші бөлігінде аталған негізгі мәселелерді шешіп, мынадай қосымша мәселелерді шешуге көшеді:

1) сотталушының, ал қажет болған жағдайда жәбірленушінің ата-анасыз қалған, кәмелетке толмаған балаларын жайғастыру туралы;

2) сотталушының мүлкін, қажет болған жағдайда жәбірленушінің мүлкін қорғау туралы;

3) жеке қаулы шығару қажеттігі туралы.

Ескерту. 371-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2001.07.11 N 238 Заңдарымен.

372-бап. Сотталушының есі дұрыстығы туралы мәселені шешу

1. Алдын ала тергеу немесе сот талқылауы кезінде сотталушының есі дұрыстығы туралы мәселе туындаған жағдайларда сот үкім шығару кезінде бұл мәселені тағы да бір рет талқылауға міндетті.

2. Сотталушыны әрекет жасаған уақытта есі кіресілі-шығасылы күйде болған немесе қылмыс жасағаннан кейін оның өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оларды игеру мүмкіндігінен айыратын психикалық науқаспен ауырған деп таныған сот, қылмыстық істі тоқтатуға және егер қорғаушы іске айып тағылған сәттен бастап қатысса, сотталушыға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қаулы шығаруға құқылы.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда, қорғаушы айып тағылған кезден бастап іске қатыспаса, сот қылмыстық істі осы Кодекстің 515-

бабында белгіленген тәртіппен қарауға беру туралы қаулы шығарады.

Ескерту. 372-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

373-бап. Істі алқада қарау кезінде судьялардың кеңесу және шешім қабылдау тәртібі

Ескерту. 373-бап алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

374-бап. Үкімдердің түрлері

Сот үкімі айыптаушы немесе ақтаушы болуы мүмкін.

375-бап. Айыптау үкімі

1. Айыптау үкімі сотталушыны қылмыс жасауға кінәлі деп тану туралы сот шешімінен тұрады.

2. Айыптау үкімі:

- 1) сотталушы өтеуге тиіс қылмыстық жаза тағайындала отырып;
- 2) адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып;
- 3) қылмыстық жаза тағайындала және оны өтеуден босата отырып;
- 4) қылмыстық жаза тағайындалмай;
- 5) қылмыстық жазаны өтеу кейінге қалдырыла отырып шығарылады.

3. Айыптау үкімі болжауларға негізделуге тиіс емес және сот талқылауы барысында сотталушының қылмыс жасаудағы кінәсі соттың зерттеген дәлелдемелерінің жиынтығымен дәлелденген жағдайда ғана шығарылады.

4. Сотталушы өтеуге тиіс жазаны тағайындаумен айыптау үкімін шығара отырып, сот оның түрін, мөлшерін, режимін және мерзімді өтеуді есептеудің басталуын дәл айқындауы қажет.

5. Сот, егер осы қылмыс үшін адамды қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі өтіп кетсе, сондай-ақ осы Кодекстің 38-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда айыптау үкімін адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, шығарады.

6. Сот, егер үкім шығару кезінде:

1) сотталушыға осы үкіммен тағайындалған жазаны қолданудан босататын кешірім актісі шығарылған;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 62-бабында белгіленген алдын ала қамауды есептеу ережелерін ескере отырып, осы іс бойынша сотталушының қамауда болу уақыты сот тағайындаған жазаны қамтыған жағдайларда, айыптау үкімін жазаны тағайындап және одан босата отырып шығарады.

7. Егер оны шығару кезінде сотталушы қайтыс болса, сот істі тоқтатады немесе тараптардың өтініші бойынша айыптау үкімін жазаны тағайындамай шығарады.

8. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабында және 74-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда сот айыптау үкімін қылмыстық жазаны өтеуді кейінге қалдыра отырып шығарады.

Ескерту. 375-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

376-бап. Ақтау үкімі

1. Сот ақтау үкімімен сотталушы қылмыстық жауаптылыққа тартылып, сотқа берілген айыптау жөнінде оның қылмыстың жасалуына кінәсіздігін таниды және ж а р и я л а й д ы .

2 . Е г е р :

- 1) қылмыс оқиғасы болмаса;
- 2) сотталушының әрекетінде қылмыс құрамы болмаса;
- 3) қылмыс жасауға сотталушының қатысуы дәлелденбесе, ақтау үкімі ш ы ғ а р ы л а д ы .

3. Аталған негіздердің кез келгені бойынша ақтау соттың сотталушының кінәсіздігін тануды білдіреді және оның толық ақталуына әкеп с о ғ а д ы .

4. Егер ақтау үкімі шығарылған жағдайда қылмыс жасаған адам анықталмай қалса, үкім заңды күшіне енгеннен кейін сот қылмыстық істі прокурордың өзге адамды қылмыстық қудалау қажеттігі туралы мәселені шешуі үшін соған жібереді.

377-бап. Үкімді жасау

1. Осы Кодекстің 371-бабында көрсетілген мәселелерді шешкеннен кейін сот үкімді ж а с а у ғ а к ө ш е д і .

2. Үкім сот талқылауы жүргізілген тілде баяндалады.

3. Үкім кіріспе, сипаттамалы-дәлелді және қорытынды бөлімдерден тұрады.

4. Үкімді судья қолдан жазуы, машинкаға басу тәсілімен не компьютерлік тәсілмен дайындауы мүмкін және ол оған қол қояды.

5. Үкімдегі түзетулер ескертілуге және ол жарияланғанға дейін үкімнің тиісті бетінде судьяның қол қоюымен куәландырылуға тиіс.

6. Үкімге ол жарияланғаннан кейін өзгеріс енгізуге жол б е р і л м е й д і .

Ескерту. 377-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

378-бап. Үкімнің кіріспе бөлімі

Үкімнің кіріспе бөлімінде:

- 1) үкімнің Қазақстан Республикасының атынан шығарылғаны;
- 2) үкімнің шығарылған уақыты мен орны; Судьялар бірнеше тәулік бойы кеңескен жағдайда, үкімнің шығарылған күні оның жария етілген күнімен а й қ ы н д а л а д ы ;

3) үкім шығарған соттың атауы, соттың құрамы, сот отырысының хатшысы, процеске қатысушылар, олардың өкілдері, аудармашы;

4) сотталушының тегі, аты және әкесінің аты, оның туған жылы, айы, күні және жері, тұрғылықты орны, жұмыс орны, кәсібі, білімі, отбасы жағдайы және сотталушының жеке басы туралы іс үшін маңызы бар өзге де мәліметтер;

5) жасағанына сотталушы айыпталып отырған қылмысты көздейтін қылмыстық заң (бабы, бөлігі, тармағы) көрсетіледі.

Ескерту. 378-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

379-бап. Айыптау үкімінің сипаттамалы-дәлелді бөлігі

1. Айыптау үкімінің сипаттамалы-дәлелді бөлігі жасалған орны, уақыты, оның жасалу тәсілі, кінә нысаны, қылмыстың себептері мен салдарлары көрсетіле отырып, сот дәлелденген деп таныған қылмыстық әрекеттің сипаттамасын қамтуы қажет. Үкімде соттың сотталушыға қатысты шешімі негізделген дәлелдер және сот басқа дәлелдерді жоққа шығарған себептері келтіріледі. Жауаптылықты жеңілдететін не ауырлататын жағдайлар, ал айыптаудың бір бөлігі негізсіз деп танылған немесе қылмыстың теріс саралануы белгіленген жағдайда - айыптауды өзгертудің негіздері мен себептері көрсетіледі.

2. Сот сондай-ақ қылмыстық жазаны тағайындауға, одан немесе оны нақты өтеуден босатуға, өзге де ықпал ету шараларын қолдануға қатысты барлық мәселелер шешімінің себептерін көрсетуге міндетті.

3. Сипаттамалы-дәлелді бөлікте осы Кодекстің 371-бабында көрсетілген басқа да мәселелер бойынша қабылданған шешімдердің негіздемесі қамтылуға тиіс.

380-бап. Айыптау үкімінің қорытынды бөлігі

1. Айыптау үкімінің қорытынды бөлігінде:

1) сотталушының тегі, аты және әкесінің аты;

2) сотталушыны қылмыс жасауға кінәлі деп тану туралы шешім;

3) сотталушы кінәлі деп танылған қылмыстық заң (бабы, бөлігі, тармағы);

4) жасағанына кінәлі деп танылған әрбір қылмысы үшін сотталушыға тағайындалған жазаның түрі мен мөлшері, сондай-ақ алдыңғы үкім бойынша шартты сотталудың күшін жою немесе оны сақтау туралы шешім және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 58, 60-баптарының негізінде өтеуге жататын түпкілікті жаза түрі көрсетілуге тиіс.

Сот жаза шарасы ретінде бас бостандығынан айыруды тағайындаған кезде үкімде сотталған адамның жазасын өтеуге тиіс мекеменің түрі мен режимін көрсетеді, ал сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар тағайындаған кезде, үкім заңды күшіне енгеннен кейін он күн мерзімде оның

қылмыстық-атқару инспекциясына есепке қою үшін келу міндеттілігін белгілейді ;

5) шартты түрде соттаған кезде сынақ мерзімінің ұзақтығы мен сотталған адамға жүктелетін міндеттер көрсетілуге тиіс, бұл ретте сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 64-бабында көзделген жауапкершілікті т ү с і н д і р е д і ;

6) сотталушыны құрметті, әскери, арнайы немесе өзге атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айыру (айыру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізу) туралы шешім ;

7) егер үкім қабылдағанға дейін сотталушы ұсталса және оған қамау, үйде қамап ұстау түрінде бұлтартпау шаралары қолданылса немесе ол арнаулы медициналық ұйымға орналастырылса, алдын ала қамауда ұстауды есепке алу туралы шешім ;

8) мәжбүрлеп емдеуді қолдану және сотталушыға қорғаншылық белгілеу туралы шешім ;

9) үкім заңды күшіне енгенге дейін сотталушыға қатысты бұлтартпау шаралары туралы шешім көрсетілуге тиіс.

2. Егер сотталушыға қылмыстық заңның бірнеше бабы (баптың бөліктері, тармақтары) бойынша айып тағылса, онда үкімнің қорытынды бөлігінде сотталушы олардың қайсысы бойынша ақталғаны және қайсысы бойынша сотталғаны көрсетілуі тиіс. Сотталушының іс-әрекеттерін қайта дәрежелеу қажеттігі туралы тұжырымға келіп немесе кейбір баптардың (бап бөлігінің, бап бөлігі тармағының) артық тағылғанын анықтап, сот үкімнің сипаттамалы-дәлелді бөлігінде әрекетті сол бойынша дәрежелеу керек болатын қылмыстық заңның бабын (баптың бөлігін, баптың бөлігінің тармағын) көрсетеді және артық тағылған бапты (баптың бөлігін, баптың бөлігінің тармағын) алып тастау керектігін көрсетеді .

3. Сотталушы қылмысты өтеуден босатылған немесе үкім жаза тағайындалмай шығарылған немесе жазасын өтеуді кейінге қалдыру қолданылған жағдайда, бұл туралы үкімнің қорытынды бөлігінде көрсетіледі.

Ескерту. 380-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2001.07.11 N 238, 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

381-бап. Ақтау үкімінің сипаттамалы-дәлелді бөлігі

1. Ақтау үкімінің сипаттамалы-дәлелді бөлігінде: тағылған айыптың мәнісі; сот белгілеген істің мән-жайы; сотталушының қылмыс жасаудағы кінәлілігі туралы пайымдау негізделген дәлелдерді сот дұрыс емес немесе жеткіліксіз деп таныған себептер; сотталушыны ақтау үшін негіз болатын дәлелдер; азаматтық

талап-арызға қатысты шешімнің себептері баяндалады.

2. Ақтау үкімінде ақталушының кінәсіздігіне күмән тудыратын тұжырымдарды қолдануға жол берілмейді.

382-бап. Ақтау үкімінің қорытынды бөлігі

Ақтау үкімінің қорытынды бөлігінде:

- 1) сотталушының тегі, аты және әкесінің аты;
- 2) сотталушыны кінәсіз деп тану және оны ақтау туралы шешім;
а қ т а у н е г і з д е р і ;
- 3) егер бұлтартпау таңдалған болса, оның күшін жою туралы шешім;
- 4) мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету шараларын, сондай-ақ егер мұндай шаралар қабылданған болса, залалды өтеуді қамтамасыз ету шараларын жою туралы шешім қамтылуға тиіс.

383-бап. Үкімнің қорытынды бөлігінде шешуге жататын өзге де мәселелер

Айыптау, сондай-ақ ақтау үкімінің де қорытынды бөлігінде осы Кодекстің 380, 382-баптарында санамаланған мәселелерден басқа:

- 1) ұсынылған азаматтық талап-арыз бойынша шешім;
- 2) заттай айғақтар туралы мәселені шешу;
- 3) іс жүргізу шығыстарын бөлу туралы шешім;
- 4) апелляциялық шағымдардың не үкімге наразылық келтірудің тәртібі мен мерзімін түсіндіру қамтылуға тиіс.

Ескерту. 383-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен.

384-бап. Үкімді жариялау

1. Төрағалық етуші үкімнің толық мәтініне қол қойғаннан кейін сот отырысы залына оралып, үкімнің кіріспе және қарар бөлігін түрегеліп тұрып жариялайды. Сот отырысы залындағы қатысушылардың бәрі үкімнің кіріспе және қарар бөлігін түрегеліп тұрып тыңдайды.

2. Егер үкімнің кіріспе және қарар бөліктері сотталушы (ақталушы) білмейтін тілде оқылса, онда аудармашы үкімнің кіріспе және қарар бөліктері жарияланысымен немесе ілеспе түрде оны сотталушының ана тіліне немесе ол білетін басқа тілге дауыстап аударуға тиіс.

3. Төрағалық етуші сотталушыға (ақталушыға), процестің басқа да қатысушыларына үкімге шағым жасаудың тәртібі мен мерзімін, сот отырысының хаттамасымен танысу және оған ескертулер жасау құқығын, сондай-ақ істі апелляциялық қарауға қатысу туралы өтініш беру құқығын түсіндіреді. Ақталушыға оның заңсыз ұстаумен, айыпкер ретінде тартумен, бұлтартпау шараларын қолданумен, сотқа заңсыз тартумен келтірілген зиянның орнын толтыруға деген құқығы, сондай-ақ осы құқықты жүзеге асыру тәртібі түсіндірілуге тиіс.

4. Егер сотталушы ерекше жаза түрі - өлім жазасына кесілген болса, төрағалық етуші оған кешірім жасау туралы өтініш беру құқығын түсіндіреді.

Ескерту. 384-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

385-бап. Сотталушыны қамауда ұстаудан босату

Сотталушы ақталған кезде не жаза тағайындамай немесе жазаны өтеуден босатумен, сондай-ақ бас бостандығынан айырумен байланысты емес немесе бас бостандығынан шартты түрде айыруға жаза кесу арқылы айыптау үкімін тағайындаған кезде қамауда ұсталған сотталушы сот отырысы залында қамаудан дереу босатылуға жатады.

386-бап. Үкім көшірмесін табыс ету

Үкім жарияланғаннан кейін бес тәуліктен кешіктірмей оның көшірмесі сотталушыға немесе ақталушыға, қорғаушы мен айыптаушыға табыс етілуге тиіс. Егер сотқа аталған адамдардың өтініші түскен болса, үкімнің көшірмесі жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге және олардың өкілдеріне нақ сол мерзімде табыс етіледі.

387-бап. Жеке қаулы алу

1. Сот оған негіз болған кезде кеңесу бөлмесінде жеке қаулы шығарады, онда мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың, ұйымдардың немесе олардың басшыларының назарын іс бойынша анықталған заңның бұзылу фактісіне, қылмыс жасауға себепші болған және тиісті шаралар қабылдауды талап ететін себептер мен жағдайларға аударады. Адамның іс-әрекетінен қылмыс жасауға себепші болатын әкімшілік теріс қылық анықталған жағдайда сот оған заңда көзделген жаза қолдануға құқылы.

2. Жеке қаулы сот анықтау, алдын ала тергеу жүргізу кезінде жіберілген, азаматтардың құқықтарын бұзушылықтарды және заңды басқа да бұзушылықтарды байқаған кезде де шығарылуы мүмкін.

3. Сот жеке қаулысымен ұйымдар мен еңбек ұжымдарының назарын жекелеген азаматтардың өндірістегі немесе тұрмыстағы теріс мінез-құлқына немесе олардың қызметтік не азаматтық борышын бұзуына аударуға құқылы.

4. Сот, егер мұны қажет деп таныса, сот талқылауының материалдары бойынша, басқа да жағдайларда жеке қаулы шығаруға құқылы.

5. Сот жеке қаулысымен ұйымдар мен еңбек ұжымдарының назарына қылмыстың жолын кесуге немесе ашуға жәрдемдескен азаматтың азаматтық немесе қызметтік борышын өтеу кезінде көрсеткен жоғары саналылығы, ерлігі туралы жеткізе алады.

6. Жеке қаулы бойынша бір ай мерзімнен кешіктірілмей қажетті шаралар

қабылдануы және оның нәтижелері туралы жеке қаулы шығарған сотқа
х а б а р л а н у ы т и і с .

Ескерту. 387-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

388-бап. Сот үкім шығарумен бір мезгілде шешетін мәселелер

1. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамның кәмелетке толмаған балалары, қарт ата-анасы, қараусыз қалған басқа да асырауындағылар бар болған кезде, сот айыптау үкімін қабылдаумен бір мезгілде аталған адамдарды қамқоршылыққа немесе туысқандарының не басқа адамдардың немесе мекемелердің қорғаншылығына өткізу туралы, ал сотталушының қараусыз қалатын мүлкі немесе үй-жайы бар болған кезде оларды күзету жөнінде шара қолдану туралы қаулы шығарады. Қажет болған жағдайда сот қылмыстың салдарынан жәбірленушінің ауыр жарақат алуына немесе қайтыс болуына байланысты оның қараусыз қалған кәмелетке толмаған балаларын, еңбекке жарамсыз ата-аналарын, қамқорлығындағы басқа да адамдарды орналастыру туралы, сондай-ақ жәбірленушінің мүлкі мен тұрғын үйін қорғау туралы қаулы шығарады .

2. Іске қылмыстық процесті жүргізуші органның тағайындауы бойынша қорғаушы не жәбірленушінің өкілі қатысқан жағдайда, сот үкім қабылдаумен бір мезгілде сотталушыға немесе жәбірленушіге көрсетілген заң көмегіне ақы төлеу туралы, қорғауға және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу туралы қаулы шығарады .

3. Осы баптың бірінші және екінші бөлігінде аталған іс жүргізу шешімдері мүдделі адамдардың өтініштері бойынша үкім жария етілгеннен кейін де қабылдануы мүмкін .

Ескерту. 388-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

45-тарау. Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері

389-бап. Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу тәртібі

Осы Кодекстің 33-бабында көзделген қылмыстар туралы іске қатысты жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу, осы тараумен белгіленген, алынып тасталатындарды қоспағанда осы Кодекстің жалпы ережелерімен айқындалады.

390-бап. Жеке айыптау ісін қозғау

1. Жеке айыптау қылмыстық ісі адам (бірнеше адам) сотқа адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы шағым беру арқылы қозғалады.

Анықтау органына, тергеушіге немесе прокурорға шағым берген кезде ол сотқа жіберілуге жатады.

2. Шағымда ол берілген соттың атауы, қылмыстық оқиғаның сипаттамасы, дәлелдері көрсетіле отырып, оның жасалған орны мен уақыты, істі іс жүргізуге қабылдау туралы сотқа өтініш, қылмыстық жауаптылыққа тартылған адам туралы мәліметтер, сотқа шақырылуы қажетті куәлердің тізімі қамтылуы қажет. Шағымға оны берген адам қол қояды. "Домалақ" шағымдар іс жүргізуге қабылданбайды.

3. Шағымда сондай-ақ азаматтық талапты қарау туралы өтініш болуы мүмкін.

4. Шағым сотқа жеке айыптау ісі қозғалуға қатысты адамдардың санына қарай көшірмелерімен беріледі.

5. Сот шағымды өзінің іс жүргізуіне қабылдаған кезден бастап оны берген адам жеке айыптаушы болып табылады және оған осы Кодекстің 76-бабында және 392-бабының төртінші және алтыншы бөлігінде көзделген құқықтар түсіндірілуге тиіс, ол туралы судья және шағым беруші адам қолдарын қойған хаттама жасалады.

6. Егер айыптауды бірнеше адам бір адамға қатысты қозғаса, олар шағымды бір-бірінен тәуелсіз береді.

7. Егер бір ғана қылмыстық жазаланатын әрекетке қатысты жеке айыптау қозғауға бірнеше адам құқылы болса және олардың бірінің өтініші бойынша іс қозғалса, қалған адамдар басталып та кеткен іс жүргізуге кіруге құқылы. Бұл жағдайда аталған адамдардың әрқайсысының өтініші бойынша өз алдына іс қозғау талап етілмейді.

8. Егер ол іс қозғалған қылмыстық-жазаланатын әрекеттің мәнімен байланысты болса, айыпталушы айыптаушыға қарсы айыптау білдіруге құқылы. Айыптау және қарсы айыптау бір мезгілде шешілуге тиіс. Айыптауды қайтарып алу қарсы айыптау бойынша іс жүргізуге ықпал етпейді.

9. Қайтарып алынған жеке айыптау бойынша қылмыстық іс қайта қозғалмайды.

391-бап. Судьяның жеке айыптау ісі бойынша сот талқылауы басталғанға дейінгі іс-әрекеттері

1. Егер берілген шағым осы Кодекстің 390-бабының екінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе, судья оны берген адамға шағымды сол талаптарға сәйкес келтіруді ұсынады және бұл үшін мерзім белгілейді. Нұсқау орындалмаған жағдайда судья өзінің қаулысымен шағымды іс жүргізуге қабылдаудан бас тартады және оны берген адамды бұл туралы хабардар етеді.

2. Жеке айыптау ісі бойынша шағымды қарап, судья үш тәулік ішінде:

1) шағымды өзінің іс жүргізуіне қабылдау туралы;

2) шағымды тергелуі немесе сотталуы бойынша беру туралы;

3) шағымды іс жүргізуге қабылдаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

3. Шағым бойынша қабылданған шешім туралы қаулының көшірмесі өтініш иесіне, ал осы баптың екінші бөлігінің 1-тармағында көзделген жағдайда, сол сияқты айыпталушыға жіберіледі.

4. Сот мәжілісін тағайындау үшін негіздер болған ретте судья шағымның сотқа келіп түскен күнінен бастап жеті тәулікке дейін мерзімде үстінен шағым берілген адамды шақыруға, оны іс материалдарымен таныстыруға, берілген шағымның көшірмесін тапсыруға, осы Кодекстің 69-бабымен көзделген сот отырысындағы сотталушының құқықтарын түсіндіруге және осы адамның пікірі бойынша сотқа қорғаудың куәгерлері ретінде кімді шақыру қажет екендігін анықтауға міндетті, ол туралы қолхат алынады. Үстінен шағым берілген адам сотқа келмеген жағдайда, шағымның көшірмесі сотталушының құқықтары, сондай-ақ бітімге келу мүмкіндіктері түсіндіріле отырып почтамен жіберіледі.

4-1. Судья кәметке толмағандардың заңды өкілдеріне және өкілдеріне олардың істі соттылығы бойынша аудандық және оған теңестірілген сотқа беру туралы өтінішхатпен жүгіну құқығын түсіндіруге міндетті.

5. Судья тараптарға бітімге келу, оның ішінде медиация тәртібімен бітімге келу мүмкіндіктерін түсіндіруге міндетті. Олардан бітімге келу туралы өтініш немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім түскен жағдайда осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінің 6-тармағы негізінде судьяның қаулысымен іс бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

6. Егер тараптардың арасында бітімге келуге қол жеткізілмесе, судья осы баптың төртінші және бесінші бөліктеріндегі талаптар орындалғаннан кейін, осы Кодекстің 302-бабының ережелері бойынша істі сот мәжілісінде қарауды тағайындайды.

Ескерту. 391-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.28 N 402-IV (2011.08.05 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

392-бап. Тараптардың бастамашылығы бойынша дәлелдемелерді табыс ету және жинау

1. Жәбірленуші, қылмыстың жасалғаны туралы шағым берген өзге адам, қылмыстық мән-жайлар және оны жасауға күдік келтірілген адамның кінәлілігі сотта қандай дәлелдемелермен расталуы мүмкін екендігін шағымда көрсетуі қажет.

2. Азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер өзі немесе өкілі арқылы қандай адамдардың (тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері) куәлік етумен,

құжаттармен, өзге де дәлелдермен өздерінің мүддесін қорғауы үшін мәні бар мән-жайларды белгілеуге болатынын іс қаралғанға дейін судьяға хабарлайды. Егер шағым анықтау органына, анықтаушыға, прокурорға, тергеушіге берілсе, бұл мәліметтер шағым берілген лауазымды адамға немесе органға іс сотқа жіберілгенге дейін хабарланады.

3. Сезікті, оның заңды өкілі, қорғаушы сезіктінің пайдасына кім (тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері) куәлік бере алатынын, қандай құжаттар мен өзге де дәлелдемелер бұл мақсатқа қызмет ете алатынын іс қаралғанға дейін судьяға х а б а р л а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

4. Заттар мен құжаттар, мүмкін болғанынша, судьяға немесе шағым берілген өзге адамға (органға) беріледі.

5. Сезікті, оның қорғаушысы, заңды өкілі, сондай-ақ жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері барлық жағдайларда дәлелдемелерді тікелей сотқа беруге және дәлелдемелер жинауға қызмет етуі мүмкін мәліметтерді судьяға хабарлауға құқылы.

6. Судья тараптарға олардың өтініші бойынша дәлелдемелерді жинауға жәрдемдесуге тиіс.

393-бап. Жеке айыптау ісін сот мәжілісінде қарау

1. Жеке айыптау ісін сот мәжілісінде қарау, осы баппен белгіленген алынып тасталатындарды қоспағанда сот талқылауының жалпы ережелері бойынша жү р г і з і л е д і .

2. Сот талқылауы шағымның сотқа түскен сәтінен бастап он бес тәуліктен кешіктірілмей басталуға, алайда айыпталушының оның құқықтары түсіндіріле отырып шағымның көшірмесін алған кезінен бастап үш тәуліктен ерте б а с т а л м а у ғ а т и і с .

3. Сот талқылауына жеке айыптаушы мен айыпталушының жеке өздері қатысуға немесе өз өкілдерінің өкілдік етуіне құқылы.

4. Жеке айыптау ісі бойынша шағымды қарау қарсы шағымды қараумен бір іс жүргізуге біріктірілуі мүмкін. Біріктіруге судьяның қаулысы бойынша сот тергеуі басталғанға дейін жол беріледі. Шағымдарды бір іс жүргізуге біріктірген кезде оларды берген адамдар іске бір мезгілде жеке айыптаушы және сотталушы ретінде қатысады. Қарсы шағымның түсуімен және іс жүргізулердің біріктірілуімен байланысты қорғауға дайындалу үшін үстінен қарсы шағым берілген адамның өтініші бойынша іс үш тәуліктен аспайтын мерзімге кейінге қалдырылуы мүмкін. Өздерінің шағымдарында баяндалған мән-жайлар туралы бұл адамдардан жауап алу жәбірленушіден жауап алу ережелері бойынша, ал қарсы шағымдарда баяндалған мән-жайлар туралы - сотталушыдан жауап алу ережелері бойынша жүргізіледі. Сот отырысында айыптауды жеке айыптаушы немесе оның өкілі қолдайды.

5. Сот тергеуі басталудан бұрын төрағалық етуші тараптарды бітімге келтіруге шара қолдануға міндетті. Тараптардың бітімге келуі соттың кеңесу бөлмесіне кетуіне дейін бола алады.

6. Сот тергеуі жеке айыптаушының немесе оның өкілінің шағымын баяндаумен басталады. Жеке айыптау ісі бойынша қарсы шағымды бір мезгілде қарау кезінде, оның дәлелдері негізгі шағымның дәлелдері баяндалғаннан кейін, нақ сол ретпен баяндалады. Айыптаушы дәлелдерін ұсынады, ол оларды зерттеуге қатысуға, сотқа айыптаудың мәні бойынша сотталушыға қылмыстық заңды қолдану және оған жаза тағайындау туралы, сондай-ақ сот талқылауы кезінде туындаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін білдіруге құқылы. Айыптаушы сот мәжілісінде, егер мұнымен сотталушының жағдайы нашарламайтын және оның қорғауға деген құқығы бұзылмайтын болса, айыптауды өзгерте алады, сондай-ақ айыптаудан бас тартуға құқылы.

7. Жеке айыптаушының немесе оның өкілінің осы Кодекстің 208-бабының бесінші бөлігінде көрсетілген дәлелді себептерсіз сот отырысына келмей қалуы істің тоқтатылуына әкеп соғады, алайда сотталушының өтініші бойынша іс мәні бойынша олардың қатысуынсыз қаралуы мүмкін.

Ескерту. 393-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

394-бап. Жеке айыптау ісі бойынша соттың шешімі

1. Жеке айыптау жөніндегі істі қарап, судья осы Кодекстің ережелерін басшылыққа ала отырып, мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) айыптау немесе ақтау үкімін шығарады;
- 2) жеке айыптаушы айыптаудан бас тартқан және тараптар бітімге келген жағдайда істі тоқтатады;
- 3) іс бойынша анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізу туралы мәселені шешу үшін істі прокурорға жібереді. Бұл ретте сот айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы.

2. Жеке айыптау ісі бойынша сот шешіміне тараптар осы Кодексте көзделген тәртіп пен мерзімде жалпы негіздерде шағым жасай алады.

395-бап. Жеке айыптау ісін қысқарту

1. Жеке айыптау қылмыстық ісі осы Кодекстің 37-бабында көзделген мән-жайлар бар болған кезде, сондай-ақ, жәбірлеушінің не айыпталушының жақын туыстары істі қарауды талап еткеннен басқа жағдайларда, жеке айыптаушының қайтыс болуымен байланысты қысқартылуға жатады. Іс, сондай-ақ осы Кодекстің 38-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша да қысқартылуы мүмкін.

2. Жеке айыптау ісі бойынша іс жүргізуді қысқарту тәртібі, осы тараумен

белгіленген алынып тасталатындарды қоспағанда, осы Кодекстің жалпы ережелерімен айқындалады.

Ескерту. 395-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

8-бөлім. Соттың үкімдері мен қаулыларын апелляциялық және кассациялық тәртіппен қайта қарау

Ескерту. 8-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-тарау. Апелляциялық шағымдар мен заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне наразылық білдіру

Ескерту. 46-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен.

396-бап. Үкімге (қаулыға) апелляциялық шағымдану, наразылық беру құқығы

1. Үкімге, қаулыға апелляциялық шағымдану құқығы сотталған адамға, ақталған адамға, олардың қорғаушыларына, өкілдеріне және заңды өкілдеріне, жәбірленушіге (жеке айыптаушыға), олардың өкілдері мен заңды өкілдеріне тиесілі. Азаматтық талап қоюшы, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері мен заңды өкілдері үкімнің азаматтық талап қоюға қатысты бөлігіне шағымдануға құқылы.

2. Сот актісін апелляциялық тәртіппен қайта қарау туралы наразылықты мемлекеттік айыптаушы ретінде істі қарауға қатысқан прокурор бере алады. Бас Прокурор және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар және олардың орынбасарлары, аудандардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар істі қарауға қатысқан-қатыспағанына қарамастан өз құзыреті шегінде үкімді қайта қарау туралы наразылық енгізуі мүмкін.

3. Егер қаулы осы істің тараптары болып табылмайтын тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты болса, олар да сот қаулысына шағымдануға құқылы.

4. Үкімді (қаулыны) қайта қарау туралы апелляциялық шағымдар, наразылықтар жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында берілуі мүмкін.

Ескерту. 396-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

396-1-бап. Апелляциялық тәртіппен қаралуға жататын сот актілері

1. Аудандық және оған теңестірілген соттардың, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың, гарнизондардың әскери соттарының заңды күшіне енбеген үкімдері апелляциялық тәртіппен қ а р а л у ғ а ж а т а д ы .

2. Осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілгендерді қоспағанда, бірінші сатыдағы соттардың заңды күшіне енбеген қаулыларына осы Кодекстің 46-тарауында көзделген тәртіппен жеке шағым, наразылық берілуі мүмкін.

3. Әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулылардан басқа, осы Кодекстің 10-бабының екінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша сот талқылауы барысында шығарылған қаулылар, сондай-ақ процеске қатысушылардың дәлелдемелерін, өтініштерін зерттеу тәртібі мен тәсіліне, сот отырысы залында тәртіп сақтауға қатысты қаулылар осы Кодекстің 46-тарауының қағидалары бойынша қайта қаралуға жатпайды. Жоғарыда көрсетілген қаулыларға қарсылықтар үкімге берілген апелляциялық шағымдарда, наразылықтарда б а я н д а л у ы м ү м к і н .

Ескерту. Кодекс 396-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

397-бап. Заңды күшіне енбеген үкімдерге, қаулыларға берілген апелляциялық (жеке) шағымдарды, наразылықтарды қарайтын соттар

1. Аудандық және оларға теңестірілген соттардың, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне, қаулыларына апелляциялық (жеке) шағымдарды, наразылықтарды тиісті облыстық және оған теңестірілген соттың апелляциялық с а т ы с ы қ а р а й д ы .

2. Гарнизондардың әскери соттарының, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне, қаулыларына апелляциялық (жеке) шағымдарды, наразылықтарды Ә с к е р и с о т қ а р а й д ы .

3. Егер іс бойынша үкім және қаулы шығарылса, онда үкімге апелляциялық шағымдар, наразылықтар және қаулыға жеке шағымдар, наразылықтар облыстық немесе оған теңестірілген соттың апелляциялық сатысының бір отырысында қ а р а л а д ы .

Ескерту. 397-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

398-бап. Апелляциялық (жеке) шағымдар, наразылықтар беру тәртібі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Апелляциялық (жеке) шағымдар, наразылықтар үкім, қаулы шығарған сот арқылы беріледі. Апелляциялық сатыларға тікелей келіп түскен апелляциялық (жеке) шағымдар, наразылықтар осы Кодекстің 401-бабының және 402-бабының екінші бөлігінің талаптарын орындау үшін үкім, қаулы шығарған сотқа жіберуге ж а т а д ы .

2. Істі қайтадан қарау кезінде шығарылған үкімге, қаулыға осындай тәртіппен шағым жасалуы, наразылық келтірілуі мүмкін.

Ескерту. 398-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

399-бап. Үкімдерге (қаулыларға) апелляциялық шағымдану, наразылық білдіру мерзімдері

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Апелляциялық (жеке) шағымдар, наразылықтар үкім (қаулы) жарияланған күннен бастап он бес тәулік ішінде берілуі мүмкін, ал қамауда отырған сотталған адам оны өзіне үкімнің (қаулының) көшірмесі табыс етілген күннен бастап нақ сондай мерзімде бере алады.

2. Сот актісіне шағым жасау үшін белгіленген мерзім ішінде іс бірінші сатыдағы соттан талап етіле алмайды.

3. Мерзімі өткеннен кейін берілген апелляциялық (жеке) шағым, наразылық қ а р а у с ы з қ а л д ы р ы л а д ы .

Ескерту. 399-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

400-бап. Апелляциялық (жеке) шағым беруге, наразылық білдіруге арналған мерзімді қалпына келтіру тәртібі

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Апелляциялық (жеке) шағым беруге, наразылық білдіруге арналған мерзім дәлелді себептермен өтіп кеткен жағдайда шағым беруге, наразылық білдіруге

құқығы бар адамдар үкімді (қаулыны) қабылдаған сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасай алады. Мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті істі басты сот талқылауы кезінде төрағалық етуші судья, ал ол ұзақ уақыт бойы болмаған кезде осы соттың басқа судьясы сот мәжілісінде қарайды, ол өтінішті қозғаған адамды түсінік беру үшін шақыртуға құқылы.

2. Өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіруден бас тарту туралы судьяның қаулысына тиісті облыстық және оған теңестірілген сотқа шағым берілуі, наразылық білдірілуі мүмкін, ол өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіруге және осы Кодекстің 401-бабында және 402-бабының екінші бөлігінде баяндалған талаптарды сақтай отырып шағым, наразылық бойынша істі қарауға құқылы.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген сот өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша процеске қатысушының мүмкіндігін шектеген заңды бұзушылық кезінде (сот отырысының хаттамасын уақытында жасамау, сот ісін жүргізу тілін білмейтін іске қатысушы адамға аудармасы жоқ сот актісінің көшірмесін табыс ету, сот актісінің қарар бөлігінде шағымдану мерзімін дәл көрсетпеу), сондай-ақ оған уақытында шағым беруге немесе наразылық келтіруге объективті түрде кедергі жасаған өзге де мән-жайлар болған кезде апелляциялық (жеке) шағым берудің, наразылық келтірудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтіруге міндетті.

4. Апелляциялық (жекеше) шағым, наразылық беруге арналған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхат жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында берілуі мүмкін.

Ескерту. 400-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

401-бап. Апелляциялық (жеке) шағым және наразылық беру туралы хабардар ету

1. Үкім, қаулы шығарған сот апелляциялық (жеке) шағым немесе наразылық беру туралы сотталған адамды немесе ақталған адамды, қорғаушыны, айыптаушыны, жәбірленушіні және оның өкілін, сондай-ақ, егер шағым, наразылық олардың мүдделерін қозғайтын болса, азаматтық талап қоюшыны, азаматтық жауапкерді немесе олардың өкілдерін хабардар етеді.

2. Шағымның, наразылықтың көшірмесі осы баптың бірінші бөлігінде аталған тұлғаларға оларға жазбаша түрде қарсылық беру құқығы түсіндіріліп, ұсыну мерзімі көрсетіле отырып жіберіледі. Шағымға, наразылыққа келіп түскен қарсылық іске тігіледі.

3. Тараптар жаңа материалдарды апелляциялық (жеке) шағымға, наразылыққа

қарсылықпен бірге немесе жеке түрде апелляциялық сатыға табыс етуге немесе оларды талап ету және зерттеу туралы өтініш жасауға, сондай-ақ өздері атаған жәбірленушілерді, куәларды, сарапшыларды сотқа шақырту және олардан жауап алу туралы өтініш жасауға құқылы.

Ескерту. 401-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

402-бап. Апелляциялық (жеке) шағым берудің және наразылық берудің салдарлары

1. Апелляциялық (жеке) шағым беру және наразылық беру үкімнің (қаулының) заңды күшіне енуін және оның орындалуын тоқтата тұрады.

2. Бірінші сатыдағы сот үкімге (қаулыға) шағымдану, наразылық беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін бір тәуліктен кешіктірмей, осы Кодекстің 401-бабының талаптарын орындайды, содан кейін істі келіп түскен шағымдармен, наразылықпен және оларға қарсылықтармен қоса апелляциялық сатыға жібереді. Істі апелляциялық тәртіппен қараудың уақыты мен орны туралы процеске қатысушыларға апелляциялық сатыдағы сот хабарлайды. Сот талқылауы барысында шығарылған, үкім шығарумен аяқталған қаулыға шағым, наразылық берілген жағдайда іс үкімге шағымдану үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін ғана жоғары тұрған сот сатысына жіберіледі.

Істерді апелляциялық тәртіппен қарау мерзімі іс апелляциялық сатыдағы сотқа келіп түскен кезден есептеледі.

3. Үкімге (қаулыға) шағымданған, наразылық берген тұлға өзінің шағымын, наразылығын апелляциялық сатыда сот отырысы басталғанға дейін кері қайтарып алуға құқылы. Прокурордың наразылығын да жоғары тұрған прокурор кері қайтарып алуы мүмкін.

Ескерту. 402-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

403-бап. Бірінші сатыдағы соттың қаулысына шағымдану, наразылық білдіру

1. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Бірінші сатыдағы соттың қаулысына жеке шағым, наразылық жоғары тұрған сотқа шағымданатын шешім шығарылған күннен бастап он бес тәулік ішінде беріледі және апелляциялық іс жүргізу ережелері бойынша қаралады.

Қарау нәтижелері бойынша шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы не шағымданған шешімді жою немесе өзгерту туралы қаулы шығарылды.

4. Үкім шығарумен аяқталған сот талқылауы кезінде шығарылған қаулыға шағым берілген, наразылық білдірілген жағдайда, іс жоғары тұрған сот сатысына үкімге шағымдану үшін белгіленген мерзім өткен соң ғана жіберіледі. Бұл ретте, егер үкімге апелляциялық шағым берілген, наразылық білдірілген болса, жеке шағымды, наразылықты тексеру істі апелляциялық тәртіпте қарайтын сол сот с а т ы с ы жү р г і з е д і .

5. Сот қаулысына шағымдануға сондай-ақ, егер қаулы олардың мүдделеріне қатысты болса, бұл істе тараптар болып табылмайтын адамдар да құқылы.

Ескерту. 403-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2001.07.11 N 238, 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.06.29 N 270, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

404-бап. Істі апелляциялық сатыда қараудың шектері

1. Істі апелляциялық тәртіппен қарайтын сот үкімнің (қаулының) заңдылығын, негізділігін, әділдігін тек олардың шағымға немесе наразылыққа қатысты бөлігінде және шағымға немесе наразылыққа қатысы бар сотталушыларға қ а т ы с т ы ғ а н а т е к с е р е д і .

2. Егер істі қараған кезде заңсыз үкімнің (қаулының) шығарылуына алып келген басқа сотталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы анықталған болса, сот осы Кодексте көзделген қағидаларды сақтай отырып, оның шағымдалмаған, наразылық берілмеген бөлігінде де және өздері туралы шағым, наразылық берілмеген тұлғаларға қатысты да күшін жоюға немесе өзгертуге қ ұ қ ы л ы .

3. Сот бірінші сатыдағы соттың үкіміне апелляциялық шағым, наразылық бойынша істі қарай отырып, жеке шағымдар, наразылықтар болмаған кезде де іс бойынша шығарылған жеке және өзге де сот қаулыларының заңдылығын т е к с е р у г е қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 404-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

47-тарау. Апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарау

Ескерту. 47-тарау жаңа редакцияда - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен.

405-бап. Апелляциялық қараудың мәні

Апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істе бар және қосымша табыс етілген, апелляциялық сатының

отырысында зерттелген материалдар бойынша істің нақты мән-жайын анықтаудың және қылмыстық заңды қолданудың дұрыстығын, іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде қылмыстық іс жүргізу заңы нормаларының сақталуын, бірінші сатыдағы сот үкімінің немесе қаулысының заңдылығы мен негізділігін толық көлемінде тексереді.

Ескерту. 405-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

406-бап. Істі апелляциялық сатыда қарау мерзімдері

Іс ол келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей апелляциялық тәртіппен қаралуы тиіс. Егер сот жаңа материалдар мен дәлелдемелерді зерттеу және жаңа үкім шығару қажеттігіне негіз бар деп тапса, іс ол келіп түскен күннен бастап екі айдан кешіктірілмей апелляциялық тәртіппен қаралуы тиіс. Дәлелді себептер болған кезде, бұл мерзімдер іс жүргізіп жатқан апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы бойынша бір айға ұзартылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда істі апелляциялық сатыда қарау мерзімін одан әрі ұзарту тиісті облыстық және оған теңестірілген соттың алқа төрағасының қаулысы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте істі қарау мерзімін әрбір ұзарту бір айдан аспауға тиіс.

Ескерту. 406-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

407-бап. Апелляциялық (жеке) шағым, наразылық

1. Апелляциялық (жеке) шағымда, наразылықта:
 - 1) шағым, наразылық жіберіліп отырған соттың атауы;
 - 2) шағым берген немесе наразылық келтірген тұлға туралы оның іс жүргізудегі жағдайы, тұрғылықты жері немесе жүрген жері көрсетілген деректер;
 - 3) шағым, наразылық беріліп отырған үкім немесе қаулы және осы шешімді шығарған соттың атауы;
 - 4) оларға үкімнің, қаулының қай бөлігіне немесе толық көлемінде шағым, наразылық беріліп отырғанын көрсету;
 - 5) шағым, наразылық берген тұлғаның өз пікірі бойынша сот үкімінің, қаулысының дұрыс еместігі неде екендігі туралы дәлелдері және оның өтінішінің мәні;
 - 6) шағымның, наразылықтың авторы өз талаптарына негіз ететін, оның ішінде бірінші сатыдағы сот зерттемеген дәлелдемелер;
 - 7) шағымға, наразылыққа қоса тіркеліп отырған материалдардың тізбесі;
 - 8) шағым, наразылық берілген күн және шағым, наразылық авторының қолы болуға тиіс.

2. Егер келтірілген шағым, наразылық осы талаптарға сәйкес келмесе, олар берілген деп есептеледі, бірақ аяғына дейін ресімдеу үшін мерзімі көрсетіліп қайтарылады. Егер апелляциялық (жеке) шағым, наразылық қайта жасалғаннан

кейін көрсетілген мерзімнің ішінде сотқа ұсынылмаса, олар берілмеген болып е с е п т е л е д і .

3. Тараптар апелляциялық (жеке) шағымның, наразылықтың негіздерін растау үшін шағыммен бірге немесе оны бергеннен кейін апелляциялық сатыдағы сотқа жаңа материалдарды табыс етуге немесе оларды талап ету және зерттеу туралы өтініш жасауға, сондай-ақ өздері көрсеткен куәларды, жәбірленушілерді, сарапшыларды, мамандарды сот отырысына шақырту және олардан жауап алу туралы, бірінші сатыдағы сот тергеуі олқылықтарының орнын толтыруға бағытталған өзге де іс-әрекеттер жасау туралы өтініш жасауға құқылы.

4. Апелляциялық (жеке) шағым, наразылық берген тұлға сот отырысы басталғанға дейін өзінің шағымын, наразылығын өзгертуге не жаңа дәлелдермен толықтыруға құқылы. Бұл ретте, прокурордың қосымша наразылығында немесе оның наразылықты өзгерту туралы өтінішінде, сол сияқты жәбірленушінің, жеке айыптаушының немесе олардың өкілдерінің үкімге шағымдану мерзімі аяқталғаннан кейін берген қосымша шағымында, егер бастапқы наразылықта немесе шағымда осындай талап болмаса, сотталған адамның жағдайын нашарлату туралы мәселенің қойылуы мүмкін емес.

Ескерту. 407-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

408-бап. Апелляциялық сатыдағы сот отырысын тағайындау

1. Бірінші сатыдағы сот апелляциялық (жеке) шағымдар мен наразылық беруге арналған мерзім өткен соң және осы Кодекстің 401-бабының талаптарын орындағаннан кейін істі тиісті апелляциялық сатыға жібереді.

2. Істің қаралатын уақыты мен орны туралы тараптарға апелляциялық сатыдағы сот хабарлайды. Қамауда отырған сотталған адамнан оның жағдайын нашарлатуға бағытталған шағымды немесе прокурордың наразылығын қарау кезінде апелляциялық сатыдағы сот отырысына қатысу туралы өтініш түскен кезде, апелляциялық сатыдағы судья істі сотталған адамның тікелей қатысуымен не аталған адамның қашықтықтан қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып қарау туралы қаулы шығарып, оны орындау үшін тиісті органдарға жібереді.

3. Өзге жағдайларда күзетпен ұсталып отырған сотталған адамды сот отырысына шақыру туралы мәселені апелляциялық сатыдағы сот шешеді. Бірінші сатыдағы сотта қаралмаған жаңа дәлелдемелерді зерттеген кезде сотталған (ақталған) адамның апелляциялық сатының отырысына қатысуы міндетті болып табылады. Мұндай жағдайларда осы Кодекстің 315-бабында көрсетілген мән-жайлар бар болған кезде істі сотталған (ақталған) адамның қатысуынсыз қарауға жол беріледі.

4. Қорғаушының апелляциялық сатыда қатысуы осы Кодекстің 71-бабында

көзделген жағдайларда жүзеге асырылады. Кәмелетке толмаған сотталған адамға қатысты іс қаралған кезде, не сотталған адамның жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылған, жәбірленушінің (азаматтық талап қоюшының), олардың өкілдерінің апелляциялық шағымы, прокурордың наразылығы бойынша іс қаралып жатқан не іс бойынша сотқа дейін іс жүргізу және бірінші сатыда істі қарау айыпталушының қатысуынсыз жүзеге асырылған жағдайларда не апелляциялық сатының жаңа дәлелдемелерді зерттеген кезінде қорғаушының апелляциялық сатыда қатысуы міндетті.

5. Жеке айыптау істерін қоспағанда, прокурордың апелляциялық сатыда қ а т ы с у ы м і н д е т т і .

Апелляциялық сатыда прокурор осы Кодекстің 317-бабында көзделген өкілеттіктерге и е б о л а д ы .

Қорғаушыны қоспағанда, апелляциялық отырыстың орны мен уақыты туралы уақтылы хабардар етілген процестің басқа қатысушыларының келмеуі істі қ а р а у ғ а к е д е р г і б о л м а й д ы .

6. Осы Кодекстің 396-бабына сәйкес үкімге шағымдану құқығы берілген тұлғалар, сондай-ақ үкім шығарылғаннан кейін тапсырма алған сотталған (ақталған) адамның қорғаушысы немесе жәбірленушінің өкілі соттың апелляциялық отырысына барлық жағдайда жіберіледі. Оларға өздерінің өтініштері бойынша берілген шағымдарды немесе наразылықты не оларға қарсылықтарды негіздеп сөйлеу үшін сөз беріледі.

Ескерту. 408-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

408-1-бап. Апелляциялық сатыдағы соттың отырысын дайындау

1. Егер шағымдардағы, наразылықтағы дәлелдерді тексеру үшін тиісті іс жүргізу іс-әрекеттерін орындау қажет болса, судья іс келіп түскен күннен бастап он тәуліктің ішінде сараптамаларды тағайындау, сотталған (ақталған) адамды, жәбірленушіні, куәларды, сарапшыларды, мамандарды шақырту және олардан жауап алу туралы, материалдарды талап етіп алу және істі дұрыс шешу үшін өзге де қажетті іс-әрекеттер жасау туралы шешім қабылдайды. Көрсетілген іс-әрекеттерді орындау қажеттілігіне байланысты судья осы Кодекстің 406-бабына сәйкес істің апелляциялық сатыда қаралу күнін басқа мерзімге ауыстыруы мүмкін, ол жөнінде тараптарға хабарланады.

2. Судья сотталушыға немесе сотталған адамға қатысты бұлтартпау шарасын сақтау, таңдау, оның күшін жою немесе өзгерту туралы мәселені шешеді, ол т у р а л ы қ а у л ы д а к ө р с е т е д і .

3. Судья істі апелляциялық сатыда қарауға дайындау туралы қаулы шығарады

, онда қаралған мәселелер бойынша және істі апелляциялық тәртіппен қарау уақыты мен орны туралы өзі қабылдаған шешімдерді көрсетеді. Қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш тәуліктің ішінде процеске қатысушыларға жіберіледі.

Ескерту. Кодекс 408-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

409-бап. Апелляциялық сатыда істі қарау тәртібі

1. Осы Кодекстің 29-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық саты істерді ашық сот отырысында қарайды. Төрағалық етуші сот отырысын ашады, қандай іс және кімнің апелляциялық (жеке) шағымы немесе наразылығы бойынша қаралып жатқанын жариялайды. Содан кейін төрағалық етуші сот құрамын, іс бойынша тараптар болып табылатын, қатысып отырған тұлғалардың тегін, сондай-ақ аудармашылардың тегін жариялайды.

2. Төрағалық етуші отырысқа қатысушы тұлғаларға олардың апелляциялық сатыда істі қараған кездегі іс жүргізу құқықтарын түсіндіреді және тараптардан бас тартуы мен өтініштерінің бар-жоғын сұрайды, ал егер олар мәлімделсе, олар бойынша процеске қатысушылардың пікірін анықтайды, содан кейін сот осы Кодекстің 325-бабында көзделген тәртіпті сақтай отырып, оларды қарау нәтижелері бойынша қаулы шығарады.

3. Сотқа қосымша материалдарды табыс еткен тұлға олардың қандай жолмен алынғанын және оларды табыс ету қажеттігі неге байланысты туындағанын көрсетуге, сондай-ақ бірінші сатыдағы сот жүргізген сот тергеуін толықтыру қажеттілігін негіздеуге міндетті. Қосымша материалдарды тергеу әрекеттерін жүргізу жолымен алуға болмайды.

4. Тараптар іске жаңа материалдарды қосу немесе оларды талап ету және зерттеу туралы өтініштерді, сондай-ақ олар көрсеткен куәларды, жәбірленушілерді, сарапшыларды, мамандарды сот отырысына шақыру және олардан жауап алу туралы, бірінші сатыдағы сот тергеуі олқылықтарының орнын толықтыруға бағытталған өзге де іс-әрекеттер жасау туралы өтініштерді мәлімдеген жағдайда сот процеске қатысушылардың пікірін тындайды, содан кейін оларды қанағаттандыру немесе қабылдамау туралы қаулы шығарады. Өтініштер осы Кодекстің 102-бабы бесінші бөлігінің талаптары сақтала отырып шешіледі. Тараптардың өз бастамасы бойынша келген куәлардан жауап алу туралы өтініштері қанағаттандырылуға жатады. Егер өтініштерді қанағаттандыруға байланысты тағайындалған сараптамаларды жүргізу үшін немесе басқа да іс-әрекеттер жасау үшін уақыт талап етілетін болса, сот үзіліс жариялайды және қажет болған жағдайда апелляциялық сатыда істі қарау

5. Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы сот үшін көзделген қағидалар бойынша істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар, тараптар табыс еткен немесе олардың өтініштері бойынша талап етіп алынған қосымша материалдарды, алынған сараптама қорытындыларын зерттейді, отырысқа шақырылған тұлғалардан жауап алады.

6. Сот тергеуін жүргізгеннен кейін сот жарыссөзін жүргізу қағидалары бойынша сот процеске қатысушылардың сөздерін тыңдайды, олар өз шағымдарындағы, наразылықтарындағы дәлелдері мен дәйектерін не оларға қарсылықтарын баяндайды. Тараптар өздерінің сөздерінде бірінші сатыдағы сот зерттеген материалдарға да, апелляциялық саты зерттеген қосымша материалдарға да сілтеме жасауға құқылы. Шағым, наразылық берген процеске қатысушы бірінші болып сөз сөйлейді, егер олар бірнешеу болса, сот олардың пікірлерін ескере отырып, олардың сөз сөйлеу кезектілігін белгілейді. Егер айыптаушы тараптың шағымында, наразылығында сотталған (ақталған) адамның жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылса, қорғаушы тарап айыптаушы тараптың сөзі тыңдалғаннан кейін сөз сөйлейді.

7. Апелляциялық сатыдағы сот жаңа дәлелдемелерді зерттеген кезде, сотталған (ақталған) адамнан, куәдан, жәбірленушіден, сарапшыдан, маманнан және басқа да тұлғалардан жауап алған кезде осы Кодекстің 328-бабының талаптарына сәйкес ресімделетін сот отырысының хаттамасы жүргізіледі. Апелляциялық сатының отырысында жауап алынған тараптар мен тұлғалар сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған осы Кодекстің 329-бабында көзделген тәртіппен өздерінің ескертулерін беруге құқылы. Хаттамаға берілген ескертулер осы Кодекстің 330-бабында көзделген тәртіппен қаралады.

8. Сот отырысының тәртіптемесі және оны бұзушыларға қатысты қабылданатын шаралар осы Кодекстің 326, 327-баптарының қағидаларымен айқындалады. Кеңесу бөлмесінде шешімдер қабылдау тәртібі осы Кодекстің 370-бабының қағидаларымен айқындалады.

Ескерту. 409-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

410-бап. Апелляциялық сатының өкілеттігі

Апелляциялық шағыммен немесе наразылықпен бірге келіп түскен істі қарау кезінде сот үкімнің заңдылығын тексеру және істі дұрыс шешу мақсатында тараптардың өтініш жасауы бойынша немесе өз бастамасы бойынша:

1) сотталған адамның, жәбірленушінің және іске қатысушы басқа да тұлғалардың денсаулық жағдайына, отбасы жағдайына және бұрынғы сотталғандығы туралы деректерге байланысты құжаттарды талап етіп алуға, тараптардың өтініштері бойынша басқа да құжаттарды талап етіп алуға;

- 2) сот-психиатриялық немесе өзге де сараптама тағайындауға;
- 3) сот отырысына қосымша куәларды, сарапшыларды, мамандарды шақыртып, олардан жауап алуға, тараптар табыс еткен немесе олардың өтініштері бойынша талап етіп алынған жазбаша, заттай немесе өзге де дәлелдемелерді зерттеуге;
- 4) бірінші сатыдағы сот зерттеген материалдарды дәлелдеме ретінде пайдалануға жол берілмейді деп тануға және оларды дәлелдемелер қатарынан алып тастауға;
- 5) бірінші сатыдағы сот дәлелдемелер қатарынан алып тастаған материалдарды дәлелдеме ретінде пайдалануға жол беріледі деп тануға және оларды зерттеуге;
- б) азаматтық талап қоюға қатысты мән-жайларды зерттеуге және азаматтық талап қою бойынша шешім қабылдауға;
- 7) істің барлық материалдарын толық, жан-жақты және объективті түрде зерттеуді қамтамасыз ету және іс бойынша ақиқатты анықтау үшін қажетті басқа да іс-әрекеттерді орындауға құқылы.

2. Бірінші сатыдағы сот жауап алған, сот отырысының хаттамасында баяндалған сотталған (ақталған) адамның, жәбірленушілердің, куәлардың, басқа да тұлғалардың жауаптарында әртүрлі түсінуге мүмкіндік беретін түсініксіз жайлар болған кезде сот өз бастамасы бойынша немесе тараптардың өтініш жасауы бойынша осы мән-жайлар бойынша жауап алу арқылы олардың жауаптарын нақтылауға құқылы.

Ескерту. 410-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

411-бап. Апелляциялық саты қабылдайтын шешімдер

1. Сот істі апелляциялық тәртіппен қараудың нәтижесінде мынадай:
 - 1) бірінші сатыдағы соттың үкімін (қаулысын) – өзгеріссіз, ал апелляциялық (жеке) шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы;
 - 2) үкімді өзгерту туралы;
 - 3) үкімнің күшін жою және істі қысқарту туралы;
 - 4) айыптау үкімінің күшін жою және ақтау үкімін шығару туралы;
 - 5) алып тасталды - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
 - б) ақтау үкімінің күшін жою және айыптау үкімін шығару туралы;
 - 7) алқабилердің қатысуымен шығарылған үкімнің күшін жою және істі жаңадан сот қарауына жіберу туралы;
 - 8) үкімнің күшін жою және істі осы Кодекстің 303-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қосымша тергеуге жіберу туралы;
 - 9) қаулыны өзгерту, жаңа қаулы қабылдау арқылы қаулының күшін жою

туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

2. Апелляциялық сатыдағы сот айыптау тарапының шағымдарында, наразылығында көрсетілген шектерде және негіздер бойынша ғана сотталған (ақталған) адамның жағдайын нашарлататын шешім қабылдауға құқылы.

3. Осы Кодекстің 387-бабында көрсетілген мән-жайлар анықталған кезде апелляциялық сатыдағы сот жеке қаулы шығарады.

Ескерту. 411-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

411-1-бап. Апелляциялық сатының қылмыстық процесте азаматтық талап арызды қарауы

1. Апелляциялық сатыдағы сот істі қараған кезде үкімнің азаматтық талап арыз бөлігінде заңдылығын, негізділігін және әділдігін де тексереді және осы Кодекстің 169-бабының талаптарын сақтай отырып, шешім қабылдайды.

2. Апелляциялық сатыдағы сот үкімді азаматтық талап арыз бөлігінде өзгертуге құқылы.

3. Азаматтық талап арыз бойынша сотталған адамның жағдайын нашарлататын шешім қабылдауға айыптау тарапының шағымдарында немесе прокурордың наразылығында тиісті уәждер болған кезде ғана жол беріледі.

Ескерту. Кодекс 411-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

412-бап. Үкімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіздер

М ы н а л а р :

- 1) сот тергеуінің біржақтылығы және толық еместігі;
- 2) соттың үкімде (қаулыда) айтылған тұжырымдарының істің нақты мән-жайына сәйкес келмеуі;
- 3) қылмыстық іс жүргізу заңының едәуір бұзылуы;
- 4) қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауы;
- 5) жазаның қылмыстың ауырлығына және сотталғанның жеке басына сәйкес келмеуі бірінші сатыдағы сот үкімінің күшін жоюға не оны өзгертуге негіз болып табылады.

413-бап. Сот тергеуінің біржақтылығы немесе толық еместігі

1. Анықталған жағдайда істің дұрыс шешілуі үшін елеулі мәні болуы мүмкін мән-жайларды ашылмаған күйі қалдырған сот тергеуі біржақты немесе толық

е м е с

д е п

т а н ы л а д ы .

2 . І с б о й ы н ш а :

1) айғақтарының іс үшін елеулі мәні бар адамдардан жауап алынбаған немесе заң бойынша жүргізілуі міндетті болып табылатын сараптама жүргізілмеген, сол сияқты елеулі мәні бар құжаттар немесе заттай дәлелдемелер сұратып алынбаған;

2) істі соттың жаңадан қарауына берген сот қаулысында аталған дәлелдемелер зерттелмеген ;

3) сотталғанның жеке басы туралы деректер жеткілікті дәрежеде толық анықталмаған барлық жағдайда сот тергеуі толық емес деп танылады.

3. Сот тергеуі олқылықтарының орнын толықтырғаннан кейін апелляциялық сатыдағы сот осы Кодекстің 411-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірін қабылдайды .

4. Осы Кодекстің талаптары сақтала отырып, қысқартылған тәртіппен жүргізілген сот тергеуі толық емес немесе біржақты деп қарастырылмайды және ол осы негіздер бойынша сот үкімінің (қаулысының) күшін жоюға әкеп соқпайды .

Ескерту. 413-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

414-бап. Соттың үкімде (қаулыда) айтылған тұжырымдарының істің нақты мән-жайына сәйкес келмеуі

1 . Е г е р :

1) сот тұжырымдары сот отырысында қаралған дәлелдемелермен расталмаса;

2) сот өз тұжырымдарына едәуір ықпал ете алатын мән-жайларды ескермесе;

3) сот тұжырымдары үшін елеулі мәні бар қарама-қайшы дәлелдемелер болған жағдайда, үкімде (қаулыда) соттың бұл дәлелдемелердің біреулерін қабылдап, екіншілерін қабылдамай тастауына қандай негіздер болғаны көрсетілмесе ;

4) соттың үкімде (қаулыда) айтылған тұжырымдарында елеулі қайшылықтар болып, олар істің шешілуіне, соның ішінде сотталғанның, ақталғанның кінәлілігі немесе кінәсіздігі туралы мәселені соттың шешуіне, қылмыстық заңды қолданудың дұрыстығына немесе жазалау шараларын анықтауға ықпал еткен немесе ықпал етуі мүмкін болса үкім (қаулы) істің нақты мән-жайына сәйкес келмейді деп танылады .

2. Іс материалдарын, тараптар табыс еткен және істі апелляциялық қарау барысында алынған дәлелдемелерді қарап шығып, сот оларды жаңадан бағалауға және осы Кодекстің 411-бабының бірінші бөлігінде көзделген жаңа шешім қабылдауға құқылы .

Ескерту. 414-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01

бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

415-бап. Қылмыстық іс жүргізу заңының елеулі түрде бұзылуы

1. Алдын ала тергеу барысында немесе істі сотта қарау кезінде жол берілген осы Кодекстің принциптері мен өзге де жалпы ережелерін бұзушылықтар, сондай-ақ іске қатысушы адамдарды заңда кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларға қысым көрсету, сот ісін жүргізу рәсімін сақтамау жолымен немесе өзгедей жолмен істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге кедергі жасаған, сот төрелігінің үкімін немесе соттың өзге де шешімдерін шығаруға ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін заңды өзге де бұзушылықтар қылмыстық іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзушылық болып т а н ы л а д ы .

2. Бірінші сатыдағы сот міндетті түрде зерттелуге тиіс дәлелдемелердің зерттелмеуі салдарынан жол берген сот тергеуінің біржақтылығы немесе толық еместігі жол берілетін дәлелдемелерді талқылаудан қателесіп алып тастаудың немесе тарапқа іс үшін маңызы болуы мүмкін дәлелдемелерді зерттеуден негізсіз бас тартудың не жол берілмейтін дәлелдемелерді зерттеудің нәтижесі болып табылса, үкімнің күші жойылуға немесе ол өзгертілуге жатады.

3 . Е г е р :

1) сот осы Кодекстің 37-бабында көзделген негіздер болғанда қылмыстық істі қ ы с қ а р т п а с а ;

2) үкімді соттың заңсыз құрамы шығарған болса;

3) осы Кодекстің 315-бабының екінші бөлігінде көзделген реттерді қоспағанда, іс сотталушы жоқта қаралса;

4) заң бойынша қорғаушының немесе жәбірленушінің өкілі қатысуы міндетті болғанда, сотта іс олардың қатысуынсыз қаралса немесе сотталушының қорғалу құқығы өзгедей жолмен бұзылса;

5) сотта сотталушының немесе жәбірленушінің ана тілін немесе өздері білетін тілді не аудармашының қызметін пайдалану құқығы бұзылса;

6) сотталушыға сот жарыссөзіне қатысу құқығы берілмесе;

7) сотталушыға соңғы сөз берілмесе;

8) үкім шығару құпиясы бұзылса;

9) үкімге судья қол қоймаса;

10) істе сот отырысының хаттамасы болмаса, кез келген жағдайда үкімнің (қаулының) күші жойылуға тиіс.

Ескерту. 415-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

416-бап. Қылмыстық заңды дұрыс қолданбау

М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жалпы бөлімі
т а л а п т а р ы н ы ң б ұ з ы л у ы ;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі ерекше бөлімінің
қолданылуға тиістісінен басқа баптың, бап бөлігінің, бап бөлігі тармағының
қ о л д а н ы л у ы ;

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі ерекше бөлімінің тиісті
бабының санкциясында көзделгендегіден неғұрлым қатаң жазаның белгіленуі
қылмыстық заңды дұрыс қолданбау болып табылады.

417-бап. Сот тағайындаған жазаның қылмыстың ауырлығына және сотталған адамның жеке басына сәйкес келмеуі

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті бабының
санкциясында көзделген шектен шықпағанымен, өзінің түрі мен мөлшері
бойынша шектен тыс жеңілдігі немесе шектен тыс қатандығы салдарынан
әділетсіз болып табылатын жаза қылмыстың ауырлығына және сотталған
адамның жеке басына сәйкес келмейді деп танылады.

2. Апелляциялық сатыдағы сот жазаны жеңілдетуге немесе неғұрлым ауыр
қылмыс туралы заңды қолдануға байланысты, сондай-ақ сотталған адамның
іс-әрекетін қайта сараламастан неғұрлым қатаң жаза тағайындау туралы шешім
қабылдауға құқылы. Айыптау тарапының шағымдарында немесе прокурордың
наразылығында тиісті дәйектер бар болған кезде және солардың шегінде ғана
сотталған адамның жағдайын нашарлататын шешім қабылдауға жол беріледі.
Неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану сотталушыға тағылған және
бірінші сатыдағы сотта айыптау тарапынан қолдау тапқан айыптау шегінен
ш ы қ п а у ғ а т и і с .

3. Бірінші сатыдағы сот қылмысты мемлекеттік және жеке айыптаушылардың
айыпты неғұрлым ауыр емес айыпқа өзгертуіне байланысты осы Кодекстің 317-
бабы жетінші бөлігінің негізінде саралау туралы шешім қабылдаған жағдайларда,
апелляциялық сатының неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға құқығы
жоқ, алайда ол жазаның мерзімін немесе мөлшерін шағымдардағы,
наразылықтағы дәйектер шегінде арттыруға не сотталған адамға үкімде
көрсетілгеннен гөрі жазаның неғұрлым қатаң түрін тағайындауға құқылы.

**Ескерту. 417-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01
бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

418-бап. Істі қысқарта отырып айыптау үкімінің күшін жою

1. Апелляциялық шағымдарды, наразылықты қараған кезде апелляциялық
сатыдағы сот осы Кодекстің 37-бабы бірінші бөлігінің 3) – 10) тармақтарында

және 38-бабының бірінші бөлігінде көзделген негіздер болған жағдайда үкімнің күшін жойып, істі қысқартады.

2. Іс осы Кодекстің 37-бабы бірінші бөлігінің 9) тармағында көзделген негіздер бойынша қысқартылған кезде апелляциялық сатыдағы сот осы Кодекстің 516-бабында көрсетілген мәселелерді шешеді және осы Кодекстің 517-бабына сәйкес қаулы шығарады.

Ескерту. 418-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

419-бап. Ақтау үкімінің күшін жою

1. Апелляциялық саты тек прокурордың наразылығы бойынша не жәбірленушінің немесе оның өкілінің, сондай-ақ сот арқылы ақталған, ақталу негіздемелерімен келіспеген адамның шағымы бойынша ғана ақтау үкімінің, істі қысқарту туралы қаулының немесе сотталушының пайдасына шығарылған өзге де шешімнің күшін жою алады.

2. Егер ақталған адамның кінәсіздігіне немесе сотталушының пайдасына шығарылған өзге де шешімнің мәніне дау айтылмаса, осы Кодекстің 415-бабында көрсетілген қылмыстық іс жүргізу заңы елеулі бұзылды деген себеппен ақтау үкімінің, істі қысқарту туралы қаулының немесе сотталушының пайдасына шығарылған өзге де шешімнің күшін жоюға болмайды.

3. Істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде мемлекеттік айыптаушының және жәбірленушілердің айыптаудан бас тартуына байланысты істі қысқарту туралы сот қаулысының күші жойылмайды.

Ескерту. 419-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

420-бап. Жаңадан сот талқылауына жібере отырып, алқабилердің қатысуымен шығарылған үкімнің күшін жою

Ескерту. 420-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Алқабилердің қатысуымен шығарылған үкім істі үкім шығарған сотқа, бірақ соттың өзге құрамында жаңадан сот талқылауына жібере отырып, осы Кодекстің 575-бабында көрсетілген негіздер бойынша толық немесе бір бөлігінде күші жойылуға жатады.

2. Бұл ретте апелляциялық сатыдағы сот айыптаудың дәлелденгендігі немесе дәлелденбегендігі туралы, қандай да бір дәлелдемелердің дәйектілігі немесе дәйексіздігі туралы, бір дәлелдемелердің басқаларынан артықшылығы туралы, бірінші сатыдағы соттың қандай да бір қылмыстық заңды қолдануы туралы және жазалау шарасы туралы мәселелерді алдын ала шешуге, сондай-ақ сот жасауы мүмкін тұжырымдарды алдын ала шешуге құқылы емес.

Ескерту. 420-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

420-1-бап. Жаңа үкім шығара отырып, үкімнің күшін жою

1. Апелляциялық сатыдағы сот осы Кодекстің 44-тарауының талаптарын с а қ т а й о т ы р ы п :

1) осы Кодекстің 37-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген негіздер болған кезде айыптау үкімінің күшін жоюға және ақтау үкімін шығаруға ;

2) айыптау тарабының шағымы немесе наразылығы бойынша ақтау үкімінің күшін жоюға және айыптау үкімін шығаруға құқылы.

2. Жаңа айыптау үкімін шығарған кезде апелляциялық сатыдағы сот тағылған айыптың шегінен, сондай-ақ басты сот талқылауы кезінде мемлекеттік немесе жеке айыптаушы қолдаған айыптаудың және жаза мөлшерінің шегінен шығуға қ ұ қ ы л ы е м е с .

3. Осы баптың бірінші бөлігінің қағидалары бойынша шығарылған апелляциялық сатының үкімдеріне ол жарияланған күннен бастап алты ай ішінде прокурор кассациялық наразылық немесе осы Кодекстің 396-бабында аталған тұлғалар, ал күзетпен қамауда отырған сотталған адам өзіне үкімнің көшірмесі табыс етілген кезден бастап нақ сондай мерзімде кассациялық шағым беруі м ү м к і н .

4. Заңды күшіне енген айыптау үкімін сотталған адамның кінәсіздігі себептері бойынша, сондай-ақ жазаның қатандығына қарай онша ауыр емес қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне байланысты немесе сотталған адамның жағдайын жақсартуға әкелетін өзге негіздер бойынша кассациялық сатыда қайта қарау туралы шағым, наразылық беру мерзімдермен шектелмейді.

Ескерту. Кодекс 420-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

420-2-бап. Істі қосымша тергеуге жібере отырып үкімнің күшін жою

Апелляциялық сатыдағы сот тараптардың өтініш жасауы бойынша үкімнің күшін жоюға және істі осы Кодекстің 303-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қосымша тергеуге жіберуге құқылы.

Ескерту. Кодекс 420-2-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

421-бап. Үкімді өзгерту

1. Апелляциялық сатыдағы сот үкімді өзгертуге:

1) сот белгілеген жазаны немесе түзеу мекемесінің түрін жеңілдетуге;

2) онша ауыр емес қылмыс туралы заңды қолдануға және қылмыс дәрежесінің өзгеруіне сәйкес жаза белгілеуге, сондай-ақ түзеу мекемесінің неғұрлым жеңіл түріне ауыстыруға;

3) алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) **З а ң ы м е н ;**

4) егер жаза мөлшерін ұлғайту арифметикалық қателерді немесе алдын ала қамауда ұстауды есептеу кезіндегі қателерді жоюға байланысты болса, қылмыстар жиынтығы бойынша немесе үкімдер жиынтығы бойынша, сондай-ақ қылмыстардың кәнігілігі кезінде жаза белгілеуді реттейтін қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауын жоя отырып, жаза мөлшерін ұлғайтуға;

4-1) дұрыс белгіленген жағдайлар, дәлелдерді толық зерттеген және талдаған, сотталғанның іс-әрекетін дұрыс құқықтық дәрежелеген және негізгі жаза дұрыс тағайындалған жағдайда қосымша жаза қолдануға;

5) алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) **З а ң ы м е н ;**

6) сотталған адамға түзеу мекемесінің заңда көзделгенінен неғұрлым жұмсақ түрін тағайындаудың күшін жоюға және түзеу мекемесінің түрін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес тағайындауға;

7) егер бірінші сатыдағы сот жасамаса немесе дұрыс жасамаса, тиісті қылмыстардың кәнігілігі бар екендігін тануға және түзеу колониясы режимінің неғұрлым қатаң түрін тағайындауға;

8) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 64-бабының бесінші бөлігіне сәйкес бұрынғы үкім бойынша шартты соттаудың күшін жоюға және осыған байланысты, егер бірінші сатыдағы сот жасамаған болса, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 60-бабының ережелері бойынша жаза белгілеуге ;

9) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабы жетінші бөлігінің б) және в) тармақтарында көзделген жағдайларда шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жоюға және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 60-бабының қағидалары бойынша жаза тағайындауға;

10) үкімге азаматтық талап арыз, оның ішінде іс жүргізу шығындарын өндіріп алу мәселелері бойынша, заттай дәлелдемелер туралы шешім бөлігінде өзгерістер енгізуге ;

11) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 95-бабына сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға;

12) айыптау тарапының неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану немесе неғұрлым қатаң жаза тағайындау қажеттігі туралы шағымын, наразылығын қанағаттандыру үшін негіздер болған кезде неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға, неғұрлым қатаң жаза тағайындауға немесе қосымша

2. Апелляциялық сатыдағы сот сотталған адамның жағдайын нашарлататын шешімдерді осы негіздер бойынша прокурор наразылық келтірген немесе жеке айыптаушы, жәбірленуші, олардың өкілдері шағым жасаған жағдайда ғана қабылдауға құқылы.

Ескерту. 421-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

422-бап. Апелляциялық үкімнің, қаулының мазмұны

1. Осы Кодекстің 411-бабы бірінші бөлігінің 1)-3) және 8) тармақтарында көзделген жағдайларда (бірінші сатыдағы соттың үкімін өзгеріссіз қалдыру туралы, үкімді өзгерту туралы, істі тоқтатып, істі қосымша тергеуге жібере отырып үкімнің күшін жою туралы) апелляциялық қаулы шығарылады.

Апелляциялық қаулы кіріспе, сипаттау-дәлелдеу және қарар бөліктерінен тұрады.

2. Қаулының кіріспе бөлімінде:

- 1) қаулы шығарылған уақыт пен орын;
- 2) қаулыны шығарған соттың атауы және соттың құрамы;
- 3) апелляциялық наразылық немесе апелляциялық шағым жасаған адамдар;
- 4) істі апелляциялық сатыда қарауға қатысқан адамдар көрсетілуге тиіс.

3. Қаулының сипаттау-дәлелдеу бөлігінде сот актісінің мәнін, берілген шағымдардың, наразылықтың, оларға қарсылықтардың уәждерін, апелляциялық сатыдағы сотқа қатысқан адамдардың пікірлерін, сондай-ақ қабылданған шешімнің себептерін қысқаша баяндау қамтылуға тиіс.

4. Жаңа уәждердің болмауына байланысты шағым, наразылық қанағаттандырусыз қалдырылған кезде, апелляциялық қаулының сипаттау-дәлелдеу бөлігінде сот актісіне өзгерістер енгізу не оның күшін жою үшін осы Кодексте көзделген негіздердің жоқ екендігі ғана көрсетіледі.

Апелляциялық шағымда бірінші сатыдағы сотта қарау нысанасы болып табылмайтын жаңа уәждер келтірілген жағдайда, сипаттау-дәлелдеу бөлігінде жаңа уәждер негізсіз деп танылған негіздер көрсетілуге тиіс.

5. Үкімнің күші жойылған немесе ол өзгертілген жағдайда, қаулыда қылмыстық немесе қылмыстық іс жүргізу заңының қандай нормаларының талаптары бұзылғаны, бұл бұзушылық неден көрінетіні, бірінші сатыдағы соттың үкіміне олар бойынша өзгерістер енгізілген негіздер көрсетілуге тиіс.

6. Апелляциялық қаулының қарар бөлігінде апелляциялық сатыдағы соттың шағым немесе наразылық бойынша шешімі көрсетіледі.

7. Осы Кодекстің 411-бабы бірінші бөлігінің 4) және 6) тармақтарында көзделген жағдайларда (айыптау үкімінің күшін жою туралы және ақтау үкімін шығару туралы, ақтау үкімінің күшін жою туралы және айыптау үкімін шығару туралы), осы Кодекстің 44-тарауының қағидалары бойынша апелляциялық үкім шығарылады.

8. Апелляциялық үкімде қылмыстық немесе қылмыстық іс жүргізу заңының қандай нормаларының талаптары бұзылғаны, бұл бұзушылықтар неден көрінетіні, бірінші сатыдағы соттың үкімі олар бойынша заңсыз болып танылатын негіздер көрсетілуге тиіс.

9. Егер апелляциялық сатыдағы сот осы Кодекстің 421-бабының бірінші бөлігінде көзделген шешімдерді қабылдаса, қаулының сипаттау-дәлелдеу бөлігінде бірінші сатыдағы соттың шешімі олар бойынша дұрыс емес деп танылған себептер, сондай-ақ сотталған адам жағдайының нашарлау негіздері келтірілуге тиіс.

10. Апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық үкімнің немесе қаулының мәнін өзгертпей, жіберілген айқын қате жазуларды түзету туралы және олардағы түсініксіздіктерді түсіндіру туралы қосымша қаулы шығаруға құқылы.

Ескерту. 422-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

423-бап. Апелляциялық үкім, қаулы шығару және олардың заңды күшіне енуі

1. Апелляциялық үкім, қаулы кеңесу бөлмесінде шығарылады, оларға судья (судьялар) қол қояды және олар судья (судьялар) кеңесу бөлмесінен қайта оралғаннан кейін отырыс залында оқылады.

2. Сот осы баптың бірінші бөлігінің талаптарын сақтай отырып, апелляциялық үкімнің, қаулының қарар бөлімін шығара алады. Бұл жағдайда апелляциялық үкімнің, қаулының толық мәтіні іс қаралған күннен бастап он тәулік ішінде жасалып, оларға судья (судьялар) қол қояды.

3. Апелляциялық үкім, қаулы оларды жариялаған кезден бастап заңды күшіне енеді.

Ескерту. 423-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

423-1-бап. Апелляциялық сатыдағы соттың үкімін, қаулысын орындауға кірісу

1. Апелляциялық сатының үкімі немесе қаулысы олар шығарылған күннен бастап үш тәуліктен кешіктірілмей, ал осы Кодекстің 423-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайда, оның толық мәтіні дайындалған күннен бастап іспен бірге бірінші сатыдағы сотқа жіберіледі.

2. Осы Кодекстің 303-бабына сәйкес іс қосымша тергеуге қайтарылған кезде

апелляциялық сатының қаулысы іспен бірге тиісті прокурорға жіберіледі. Бұл жағдайда бірінші сатыдағы сотқа апелляциялық саты қаулысының көшірмесі жіберіледі.

3. Сотталған адам соған сәйкес қамаудан босатылуға тиіс болатын үкім, қаулы, егер сотталған адам апелляциялық сатыдағы сот отырысына қатысып отырса, бұл бөлігінде дереу орындалады. Өзге жағдайларда апелляциялық үкімнің, қаулының көшірмесі немесе оның қарар бөлігінен үзінді сотталған адамды күзетпен қамауда ұстаудан босату туралы шешімді орындау үшін қамау орнының әкімшілігіне дереу жіберіледі.

4. Апелляциялық сатыдағы сот жаңа үкім шығарған кезде, іс үкімді орындауға кірісу үшін бірінші сатыдағы сотқа жіберіледі.

Ескерту. 423-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

423-2-бап. Істі апелляциялық сатыда қайтадан қарау

Е г е р :

1) белгіленген мерзімде берілген, кейбір сотталған адамдарға қатысты апелляциялық шағымдар, наразылық, үкімге (қаулыға) апелляциялық шағымдану құқығы берілген процестің басқа қатысушыларының шағымдары апелляциялық сатыдағы сотқа істерді процестің басқа қатысушыларының шағымдары бойынша қарағаннан кейін келіп түссе;

2) шағымданудың, наразылық келтірудің өтіп кеткен мерзімін сот істі апелляциялық сатыда процестің басқа қатысушыларының шағымдары бойынша қарағаннан кейін осы Кодексте көзделген тәртіппен қалпына келтірсе, бірінші сатыдағы сот үкімінің заңдылығын тексеру кезінде шығарылған бірінші апелляциялық үкімнің, қаулының күші жойылмастан істі апелляциялық сатыда қайтадан қарауға жол беріледі.

2. Апелляциялық сатыдағы сот сотталған адамның, оның қорғаушысының немесе өкілінің шағымдарын осы адамға қатысты іс процеске қатысушы басқа да адамдардың апелляциялық шағымдары, наразылығы бойынша қаралған жағдайда да қарауға міндетті.

3. Егер жаңадан шығарылған үкім, қаулы апелляциялық сатының бұрын шығарылған үкіміне, қаулысына қайшы келсе, алқа төрағасы облыстық және оған теңестірілген соттың кассациялық алқасына туындаған қайшылықтарды жою туралы ұсыным енгізеді.

Ескерту. 423-2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

423-3-бап. Алқабилердің қатысуымен шығарылған бастапқы үкімнің күші жойылғаннан кейін істі бірінші саты бойынша қарау

1. Бастапқы үкімнің күші жойылғаннан кейін іс осы Кодекстің 57-тарауында көзделген тәртіппен қаралуға жатады.

2. Апелляциялық саты сотталған адамға онша ауыр емес қылмыс туралы қылмыстық заңды қолдануға және жасалған әрекеттің өзгертілген саралануына сәйкес жазаны төмендетуге құқылы. Бұл ретте апелляциялық сатының неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға немесе тағайындалған жазаны күшейтуге қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

3. Алқабилердің қатысуымен болған соттың ақтау үкімін апелляциялық саты, прокурордың, жәбірленушінің немесе оның өкілінің дәлелдемелерді ұсыну құқығын шектеген қылмыстық іс жүргізу заңын бұзған, сондай-ақ осы Кодекстің 575-бабы бірінші бөлігінің 5) тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, к ү ш і н ж о я а л м а й д ы .

4. Істі жаңадан қараған кезде бірінші сатыдағы сот шығарған үкімге жалпы тәртіппен шағымдануға болады.

Ескерту. 423-3-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

48-тарау. Алынып тасталды - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен.

48-1-тарау. Кассациялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарау

Ескерту. Кодекс 48-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-1-бап. Соттың үкімдеріне, қаулыларына кассациялық тәртіппен шағымданудың жалпы шарттары

1. Осы тараудың қағидалары бойынша аудандық және оған теңестірілген соттардың (оның ішінде мамандандырылған ауданаралық соттардың) заңды күшіне енген үкімдері, қаулылары, сондай-ақ апелляциялық сатының үкімдері мен қаулылары қайта қаралуға жатады.

2. Соттардың мемлекеттік және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартуына байланысты, қамауға алу түріндегі бұлтартқызбау шарасына санкция беру және оның мерзімін ұзарту мәселелері, анықтауды немесе алдын ала тергеуді жүзеге асыратын тұлғалардың әрекеттері мен шешімдеріне немесе істі алдын ала тергеу сатысында прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды шешу бойынша шығарылған үкімдері, қаулылары кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайды.

3. Кассациялық шағымдар жасау құқығына ие тұлғалар тобы және шағым

жасау тәртібі осы Кодекстің 396 және 398-баптарында көрсетілген қағидалар бойынша айқындалады.

4. Сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы наразылықты облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурор келтіруі мүмкін, сондай-ақ Бас прокурор мен оның орынбасарлары осы Кодекстің 398-бабында көрсетілген қағидалар бойынша келтіре алады.

Қылмыстық істі кассациялық тәртіппен тексеру үшін тиісті соттан Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар осы Кодекстің 460-бабының 2-1-бөлігінде көрсетілген мерзімдерде талап етіп алуы мүмкін.

5. Аудандық және оларға теңестірілген соттардың (оның ішінде мамандандырылған ауданаралық соттардың) заңды күшіне енген үкімдеріне, қаулыларына олар заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде, ал күзетпен қамауда отырған сотталған адам оған үкімнің, қаулының көшірмелері тапсырылған кезден бастап нақ сондай мерзімде кассациялық наразылық немесе кассациялық шағым беруі мүмкін.

Апелляциялық сатының үкімдеріне, қаулыларына олар жария етілген күннен бастап алты ай ішінде, ал күзетпен қамауда отырған сотталған адам оған үкімнің көшірмесі тапсырылған кезден бастап нақ сондай мерзімде кассациялық наразылық немесе кассациялық шағым беруі мүмкін.

6. Заңды күшіне енген айыптау үкімін сотталған адамның кінәсіздігі себептері бойынша, сондай-ақ жазаның қатандығына қарай онша ауыр емес қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне байланысты, немесе сотталған адамның жағдайын жақсартуға әкелетін өзге негіздер бойынша кассациялық сатыда қайта қарау туралы шағым, наразылық беру мерзімдермен шектелмейді.

7. Заңды күшіне енген айыптау үкімін кассациялық сатыда қайта қарау туралы шағым, наразылық жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында берілуі мүмкін.

Ескерту. 446-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-2-бап. Кассациялық қараудың нысанасы

Кассациялық сатыдағы сот үкімді (қаулыны) шығарған соттың қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын сақтауын тексереді және соның негізінде үкімнің (қаулының) заңдылығын, негізділігін және әділдігін тексереді.

446-3-бап. Кассациялық шағым немесе наразылық

1. Кассациялық шағымда немесе наразылықта:

- 1) шағым немесе наразылық жолданған соттың атауы;
- 2) шағым берген немесе наразылық келтірген тұлға туралы, оның іс жүргізудегі жағдайы, тұрғылықты жері немесе тұрған жері көрсетілген деректер;
- 3) шағымдалып немесе наразылық беріліп отырған үкім немесе өзге де шешім және осы шешімді шығарған соттың атауы;
- 4) қылмыстық немесе қылмыстық іс жүргізу заңын дұрыс қолданбаудың неге байланысты екені және ол сот шешімінің мәніне қалай әсер еткені, өтініштің неден тұратыны көрсетіліп, шағым немесе наразылық берген тұлғаның дәйектері;
- 5) шағымға немесе наразылыққа қоса тіркелетін материалдардың тізбесі;
- 6) шағым немесе наразылық авторының қолы болуға тиіс.

2. Егер келтірілген шағым, наразылық осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, олар берілген деп есептеледі, бірақ аяғына дейін ресімдеу үшін мерзімі көрсетіліп кері қайтарылады. Егер қайта жасалғаннан кейін кассациялық шағым, наразылық аталған мерзім ішінде сотқа табыс етілмесе, олар берілмеген болып есептеледі.

3. Соттың істі апелляциялық тәртіппен қараған кезде шығарған үкіміне, қаулысына шағым жасалған жағдайда, кассациялық шағымда, наразылықта апелляциялық сатының үкімімен, қаулысымен келісетіні немесе келіспейтіні туралы негіздер көрсетілуге тиіс.

Ескерту. 446-3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-4-бап. Істі кассациялық сатыда қарау мерзімдері

Іс кассациялық сатыға келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс. Бұл мерзім істің қиындығына немесе көлемінің үлкендігіне байланысты, сондай-ақ өзге де дәлелді себептер болған кезде істі қарайтын соттың қаулысымен, бірақ әр ретте бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

446-5-бап. Кассациялық сатыдағы сот отырысын белгілеу

1. Шағым, наразылық келіп түскен кезде кассациялық сатының судьясы істі талап етіп, ол келіп түскеннен кейін оны қарау күнін белгілейді.

2. Тараптарға істің кассациялық сатыда қаралатын уақыты мен орны туралы хабарланады. Күзетпен ұсталып отырған сотталған адамды шақырту туралы мәселені кассациялық сатыдағы сот шешеді. Күзетпен ұсталып отырған сотталған адамнан оның жағдайын нашарлатуға бағытталған шағымды немесе прокурордың наразылығын қарау кезінде кассациялық сатының сот отырысына қатысу туралы өтініш түскен кезде, кассациялық сатыдағы сот істі сотталған адамның тікелей қатысуымен не аталған адамның қашықтан қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана

отырып қарау туралы қаулы шығарады, оны орындау үшін тиісті органдарға жібереді.

3. Кассациялық отырыстың орны мен уақыты туралы уақтылы хабардар етілген тұлғалардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды. Кассациялық сатыдағы соттың отырысына прокурордың қатысуы міндетті.

4. Кассациялық шағымдар, наразылықтар келтіру құқығы бар тұлғалар, сондай-ақ үкім, қаулы шығарылғаннан кейін тапсырма алған сотталған (ақталған) адамның қорғаушысы немесе жәбірленушінің өкілі кассациялық сатыдағы соттың отырысына барлық жағдайда жіберіледі. Оларға өздерінің өтініштері бойынша берілген шағымдарды немесе наразылықтарды не оларға қарсылықтарды негіздеп сөйлеу үшін сөз беріледі.

Ескерту. 446-5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-6-бап. Кассациялық сатыдағы соттың өкілеттігі

Судья істі тыңдауға дайындау кезінде немесе сот кассациялық шағыммен немесе наразылықпен бірге келіп түскен істі қарау кезінде өз бастамасы немесе тараптардың өтініш жасауы бойынша:

1) сотталған адамның денсаулық жағдайына, отбасы жағдайына және бұрынғы сотталғандығы туралы деректерге байланысты құжаттарды талап етіп алуға;

2) уақыт, кеңістіктік тұрғысынан заңның қолданысын айқындау үшін және бірінші және апелляциялық сатылардағы сот істі шешкен кезде қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын дұрыс қолданғанын айқындау үшін қажетті мәліметтерді талап етіп алуға құқылы.

Ескерту. 446-6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-7-бап. Кассациялық сатының істерді қарау тәртібі

1. Осы Кодекстің 29-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, кассациялық саты істерді ашық сот отырысында қарайды.

2. Төрағалық етуші сот отырысын ашады, қандай іс және кімнің кассациялық шағымы немесе наразылығы бойынша қаралып жатқанын хабарлайды. Содан кейін төрағалық етуші сот құрамын, іс бойынша тараптар болып табылатын тұлғалардың және сот отырысына қатысып отырған тұлғалардың тегін, сондай-ақ аудармашылардың тегін хабарлайды және отырысқа қатысып отырған тұлғаларға істі кассациялық сатыда қарау кезіндегі құқықтарын түсіндіреді.

3. Төрағалық етуші іс бойынша процеске қатысушылардан бас тартуы мен жасайтын өтініштерінің бар-жоғы туралы сұрайды және сот оларды қарау нәтижелері бойынша осы Кодекстің 325-бабында көзделген тәртіппен қаулы шығарады.

4. Істі қарау кассациялық шағым немесе наразылық берген процеске қатысушының сөйлейтін сөзінен басталады. Егер мұндай қатысушылар бірнешеу болса, төрағалық етуші тараптардың пікірін ескере отырып, олардың сөз сөйлеу кезектілігін белгілейді. Процеске қатысушылар сөйлеген сөздерінде бірінші сатыдағы немесе апелляциялық сатыдағы соттың заңды қолданудағы бұзушылықтарға байланысты кассациялық қарау нысанасына жататын қандай мән-жайларға жол бергенін, оның неден көрінгенін және іс бойынша қабылданған шешімнің мәніне қалай әсер еткенін көрсетеді.

5. Кассациялық шағымда немесе наразылықта келтірілген уәждерді растау немесе теріске шығару үшін сөз сөйлеушілер кассациялық сатыға қосымша материалдар беруге, бұл ретте олардың қандай жолмен алынғанын және оларды табыс ету қажеттігі неге байланысты туындағанын хабарлауға құқылы. Қосымша материалдарды тергеу іс-әрекеттерін жүргізу жолымен алуға болмайды. Сот тараптардың пікірін тыңдап, қосымша материалдарды қабылдау немесе қабылдамау туралы қаулы шығарады. Істің шешілуі үшін маңызы бар болса, қосымша материалдар, егер мұндай материалдардағы деректер немесе мәліметтер қосымша тексеруді талап етпесе, үкімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіз болуы мүмкін. Өзге жағдайларда қосымша материалдар сот үкімінің, қаулысының күшін жою және егер іс апелляциялық тәртіппен қаралмаған болса, істі апелляциялық сатыдағы сотқа немесе бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберу үшін негіз болуы мүмкін.

6. Сот отырысының тәртіптемесі және оны бұзушыларға қатысты қабылданатын шаралар осы Кодекстің 326 және 327-баптарының қағидаларында айқындалады. Судьялардың кеңесу және шешімдер қабылдау тәртібі осы Кодекстің 370-бабының қағидаларында айқындалады. Қаулыны қабылдаудан бұрын судьялардың кеңесуі болады.

Ескерту. 446-7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-8-бап. Кассациялық саты қабылдайтын шешімдер

Істі кассациялық тәртіппен қараудың нәтижесінде сот өз қаулысымен мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) бірінші саты үкімін және апелляциялық саты қаулысын өзгеріссіз, ал шағымды немесе наразылықты қанағаттандырусыз қалдырады;

2) сот актілерінің күшін жояды және істі тоқтатады;

3) апелляциялық сатыдағы сот актілерінің күшін жояды және бірінші саты үкімін өзгеріссіз қалдырады;

4) апелляциялық сатыдағы сот актілерінің күшін жояды және істі апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жібереді;

5) бірінші сатыдағы сот актілерінің күшін жояды және егер іс апелляциялық

тәртіппен қаралмаған болса, сондай-ақ бірінші сатыдағы сотта іс алқабилердің қатысуымен қаралған болса, істі бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жібереді;

б) бірінші саты үкімін және апелляциялық саты қаулысын өзгертеді;

7) үкімнің күшін жояды және істі осы Кодекстің 303-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қосымша тергеуге жібереді;

8) осы Кодекстің 387-бабында көрсетілген мән-жайлар анықталған кезде жеке қаулы шығарады.

Ескерту. 446-8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-9-бап. Кассациялық сатының үкімнің, қаулының күшін жоюының немесе оларды өзгертуінің негіздері

Кассациялық тәртіппен үкімнің, қаулының күшін жоюға немесе оларды өзгертуге:

- 1) қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауы;
- 2) қылмыстық іс жүргізу заңының елеулі түрде бұзылуы;
- 3) үкімнің әділетсіздігі негіз болып табылады.

Ескерту. 446-8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-10-бап. Қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауы

Қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауы:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімінің талпапын бұзу;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің қолданылуға жататын бабынан немесе бабының бөлігінен (тармағынан) басқасын қолдану;

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің осы бабының санкциясында көзделгеннен гөрі неғұрлым қатаң жаза тағайындау болып табылады.

446-11-бап. Қылмыстық іс жүргізу заңының елеулі түрде бұзылуы

1. Істі сотта қарау кезінде осы Кодекстің принциптері мен өзге де жалпы ережелерін іске қатысушы тұлғаларды заңда кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларға қысым жасау, сот ісін жүргізу рәсімдерін сақтамау жолымен немесе өзгедей жолмен істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге кедергі келтіретін, сот төрелігі үкімін шығаруға ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін бұзушылықтар қылмыстық іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзу деп танылады.

2. Егер сот осы Кодекстің 415-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген

қылмыстық іс жүргізу заңын бұзуға жол берсе, онда үкімнің күші барлық жағдайда да жойылуға жатады.

446-12-бап. Үкімнің әділетсіздігі

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 52-бабының талаптарына сәйкес келмейтін жаза тағайындалған үкім әділетсіз деп танылады.

2. Кассациялық сатыдағы сот осы Кодекстің 446-17-бабының қағидалары бойынша үкімнің әділетсіздігіне байланысты оны өзгертуге құқылы.

3. Егер үкім негізсіз ақтау, онша ауыр емес қылмыс туралы қылмыстық заңды қолдану салдарынан немесе жазаның шамадан тыс жеңілдігіне байланысты әділетсіз деп танылса, кассациялық сатыдағы сот осы негіздер бойынша келтірілген прокурордың наразылығы немесе жәбірленушінің, оның өкілінің шағымы болған кезде жазаны күшейтуге не неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға құқылы.

Ескерту. 446-12-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-13-бап. Істі қысқарта отырып айыптау үкімінің күшін жою

Сот істі кассациялық тәртіппен қарай отырып, осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінде және 38-бабының бірінші бөлігінде көзделген негіздер болған кезде айыптау үкімінің күшін жояды және істі қысқартады.

446-14-бап. Ақтау үкімінің күшін жою

1. Кассациялық сатыда ақтау үкімінің күші тек прокурордың наразылығы бойынша не жәбірленушінің немесе оның өкілінің шағымы бойынша, сондай-ақ сот арқылы ақталған адамның ақталу негіздерімен келіспеген шағымы бойынша ғана жойылуы мүмкін.

2. Егер ақталған адамның кінәсіздігі немесе сотталушының пайдасына шығарылған өзге де шешімнің мәні күмән туғызбаса, ақтау үкімінің, істі қысқарту туралы қаулының немесе сотталушының пайдасына шығарылған өзге де шешімнің күшін қылмыстық іс жүргізу заңы елеулі бұзылды деген себеппен жоюға болмайды.

446-15-бап. Істі жаңадан қарауға жібере отырып, үкімнің күшін жою

Ескерту. 446-15-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Егер іс апелляциялық тәртіппен қаралмаса, кассациялық саты үкімнің заңдылығына ықпал еткен немесе ықпал етуі мүмкін қылмыстық іс жүргізу заңының елеулі түрде бұзылғанын анықтаған жағдайда ғана, іс жаңадан апелляциялық қарауға немесе бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберіліп, үкімнің күші жойылуға жатады.

2. Осы Кодекстің 446-12-бабының үшінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша да істі жаңадан сот қарауына жібере отырып, үкімнің күші жойылуы мүмкін.

3. Бұл ретте кассациялық сатыдағы сот айыптаудың дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы, қандай да бір дәлелдемелердің дәйектілігі немесе дәйексіздігі туралы, бір дәлелдемелердің басқаларынан артықшылығы туралы, бірінші сатыдағы соттың қандай да бір қылмыстық заңды қолдануы және жазалау шарасы туралы мәселелерді алдын ала шешуге, сондай-ақ сот жасауы мүмкін тұжырымдарды алдын ала шешуге құқылы емес.

Ескерту. 446-15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-16-бап. Істі қосымша тергеуге жібере отырып күшін жою

Кассациялық сатыдағы сот негіздер болған кезде тараптардың өтініштер жасауы бойынша үкімнің күшін жоюға және осы Кодекстің 303-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша істі қосымша тергеуге жіберуге құқылы.

446-17-бап. Үкімді өзгерту

1. Бірінші немесе апелляциялық сатыдағы сот қылмыстық заңды дұрыс қолданбаған жағдайда, кассациялық сатыдағы сот сотталған адамға онша ауыр емес қылмыс туралы заңды қолдануға және жасалған әрекеттің өзгертілген саралануына сәйкес жазаны төмендетуге құқылы, сондай-ақ ол неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға және тағайындалған жазаны күшейтуге құқылы.

2. Кассациялық сатыдағы сот, егер шамадан тыс қатаңдығы салдарынан жаза әділетсіз деп танылса, сотталған адамға тағайындалған жазаны саралануын өзгертпестен төмендетуге құқылы.

3. Кассациялық сатыдағы сот, егер жаза мөлшерін ұлғайту арифметикалық қателерді немесе алдын ала күзетпен ұстау мерзімін есептеу кезіндегі қателерді жоюға байланысты болса, үкімдер мен қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындауды реттейтін қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауын жоя отырып, жаза мөлшерін ұлғайтуға құқылы. Кассациялық сатыдағы сот, сотталған адамға түзеу мекемесінің заңда көзделгеннен гөрі неғұрлым жеңіл түрінің үкімде дәлелденбей тағайындалуының күшін жоюға және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес түзеу мекемесінің түрін тағайындауға құқылы.

4. Кассациялық сатыдағы сот осы бапта көзделген сотталған адамның жағдайын нашарлататын өзгерістерді, егер осы негіздер бойынша прокурордың наразылығы енгізілсе немесе жәбірленушінің, жеке айыптаушының немесе олардың өкілдерінің шағымдары берілген жағдайда ғана енгізуге құқылы.

5. Сот үкімінің заңдылығын, негізділігін және әділдігін істі қарайтын сот толық көлемде тексереді. Сот актісіне кассациялық шағымда (наразылықта) көрсетілмеген негіздер бойынша, сондай-ақ кассациялық шағым (наразылық)

берілмеген басқа сотталған адамдарға қатысты өзгерістер енгізуге өзіне қатысты кассациялық шағым берілген сотталған адаммен бірге қатысып жасалған қылмысты саралауды өзгерту кезінде ғана жол беріледі, бұл ретте олардың жағдайы нашарламайды. Сот прокурордың наразылығында немесе кассациялық шағымда көрсетілген сотталған адамдарға ғана қатысты жағдайларын нашарлату туралы шешім қабылдауға құқылы. Соттың сотталған адамның немесе оның қорғаушысының не өкілінің кассациялық шағымы бойынша оның жағдайын нашарлатуға құқығы жоқ.

Ескерту. 446-17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-18-бап. Кассациялық қаулының мазмұны

1. Кассациялық қаулы кіріспе, сипаттамалық-дәлелдеу және қарар бөліктерінен тұрады.

2. Қаулының кіріспе бөлігінде:

- 1) қаулы шығарылған уақыт пен орын;
- 2) қаулыны шығарған соттың атауы және кассациялық алқаның құрамы;
- 3) кассациялық шағым берген немесе кассациялық наразылық келтірген тұлғалар;
- 4) істі кассациялық сатыда қарауға қатысқан тұлғалар көрсетілуге тиіс.

3. Қаулының сипаттамалық-дәлелдеу бөлігінде шағым берген немесе наразылық келтірген тұлғалардың дәйектері, кассациялық сатыдағы сотқа қатысқан басқа тұлғалардың қарсылықтары, сондай-ақ қабылданған шешімнің себептері қысқаша баяндалуға тиіс. Егер шағым немесе наразылық қанағаттандырылмай қалдырылса, шағымдардың немесе наразылықтың дәйектерін негізсіз немесе елеулі емес деп танудың негіздері көрсетіледі.

Үкімнің күші жойылған немесе ол өзгертілген жағдайда, қылмыстық немесе қылмыстық іс жүргізу заңының қандай баптарының талаптары бұзылғаны және бұл бұзушылықтың неден тұратыны; бірінші немесе апелляциялық сатыдағы сот тағайындаған жазаны әділетсіз деп танудың негіздері көрсетіледі. Іс жаңадан сот талқылауына жіберілген жағдайда қандай заң бұзушылықтар жойылуға тиіс екені көрсетіледі. Бұл ретте кассациялық сатыдағы сот айыптаудың дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы, қандай да бір дәлелдемелердің дәйектілігі немесе дәйексіздігі туралы және бір дәлелдемелердің басқаларынан артықшылығы туралы, бірінші, апелляциялық сатыдағы соттың қандай да бір қылмыстық заңды қолдануы және жазалау шарасы туралы мәселелерді алдын шешуге құқылы емес.

4. Жаңа уәждердің болмауына байланысты шағым, наразылық қанағаттандырусыз қалдырылған кезде кассациялық қаулының сипаттау-дәлелдеу бөлігінде сот актісіне өзгерістер енгізу не оның күшін жою үшін осы Кодексте көзделген негіздердің жоқ екендігі ғана көрсетіледі.

Кассациялық шағымда бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда қараудың нысанасы болып табылмайтын уәждер келтірілген жағдайда, сипаттау-дәлелдеу бөлікте жаңа уәждер негізсіз деп танылатын негіздер көрсетілуі тиіс.

5. Қаулының қарар бөлігінде кассациялық сатыдағы соттың шағым немесе наразылық бойынша шешімі көрсетіледі.

Ескерту. 446-18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-19-бап. Кассациялық қаулы шығару

1. Кассациялық қаулы осы Кодекстің 423-бабында көзделген талаптар сақтала отырып, кеңесу бөлмесінде шығарылады.

2. Кассациялық қаулы жария етілген кезінен бастап заңды күшіне енеді.

Ескерту. 446-19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-20-бап. Кассациялық сатыдағы соттың қаулысын орындауға кірісу

1. Кассациялық сатының қаулысы ол шығарылғаннан кейін үш тәуліктен кешіктірілмей, іспен бірге үкім шығарған бірінші сатыдағы сотқа орындау үшін жіберіледі. Іс қосымша тергеуге жіберілген кезде кассациялық сатының қаулысы іспен бірге тиісті прокурорға жіберіледі. Бұл жағдайда үкім шығарған бірінші сатыдағы сотқа кассациялық саты қаулысының көшірмесі жіберіледі.

2. Сотталған адам күзетпен ұстаудан босатылуға жататын қаулы, егер сотталған адам кассациялық сатыдағы сот отырысына қатысып отырса, осы бөлігінде дереу орындалады. Өзге жағдайларда кассациялық қаулының көшірмесі немесе кассациялық қаулының қарар бөлігінің үзінді-көшірмесі сотталған адамды күзетпен ұстаудан босату туралы шешімді орындау үшін қамау орнының әкімшілігіне дереу жіберіледі.

Ескерту. 446-20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-21-бап. Істі кассациялық сатыда қайтадан қарау

1. Егер қандай да бір себептер бойынша кейбір сотталған адамдарға қатысты белгіленген мерзімде берілген шағым немесе наразылық кассациялық сатыдағы сотқа басқа сотталған адамдарға қатысты іс қаралғаннан кейін келіп түссе, сондай-ақ егер сотталған адамның, оның қорғаушысының немесе заңды өкілінің кассациялық шағымы, осы сотталған адамға қатысты іс процеске басқа қатысушының кассациялық шағымы немесе прокурордың наразылығы бойынша қаралып кеткеннен кейін келіп түскен болса, кассациялық сатыдағы сот мұндай ағымды немесе наразылықты қарауға және ол бойынша қаулы шығаруға міндетті.

2. Егер қайта шығарылған қаулы бұрын шығарылған қаулыға қайшы келсе, кассациялық сатыдағы сот істі қадағалау тәртібімен тексеру үшін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жібереді.

Ескерту. 446-21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-22-бап. Үкімнің күші жойылғаннан кейін істі бірінші, апелляциялық сатыда қарау

1. Үкімнің күші жойылғаннан кейін іс жалпы тәртіппен қаралуға жатады.

2. Егер айыптау тарапының кассациялық шағымында, наразылығында мұндай өтініш болса және оны кассациялық сатыдағы сот үкімнің күшін жою негіздерінің бірі ретінде көрсетсе, бірінші, апелляциялық сатыдағы сот істі жаңадан қараған кезінде жазаны күшейтуге немесе неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға жол беріледі.

3. Істі жаңадан қараған кезде бірінші, апелляциялық сатыдағы сот:

1) егер айыптау тарапының шағымы, наразылығы бойынша үкімнің осы бөлігінде күші жойылмаса, сотталған адамды айыптаудың бастапқы үкіммен алып тасталған бөлігінде кінәлі деп тануға;

2) егер бастапқы үкімнің күші айыптау тарапының шағымы, наразылығы бойынша жойылғанымен, ол осы негіздерге байланысты болмаса, жазаны күшейтуге, бас бостандығынан айыру мерзімінің бір бөлігін түрмеде өтеуді немесе жазаны неғұрлым қатаң режимдегі колонияда өтеуді тағайындауға, қосымша жаза тағайындауға немесе неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға құқылы емес.

Ескерту. 446-22-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

446-23-бап. Істі жаңадан қарау кезіндегі жаза тағайындаудың шектері

Істі жаңадан қараған кезде бірінші, апелляциялық сатыдағы сот шығарған үкімге жалпы тәртіппен шағымдануға болады. Бұл ретте, егер бірінші үкімнің күші сотталған адамды қорғаған шағым, наразылық бойынша жойылса, ал екінші үкімнің күші айыптау тарабының жазаның жеңілдігіне немесе неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттілігіне байланысты берілген шағымы, наразылығы бойынша жойылса, істі үшінші рет қарап жатқан сот екінші үкімге қарағанда неғұрлым қатаң жаза тағайындауы немесе неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануы мүмкін, бірақ ол бірінші үкімге қарағанда жазаны күшейтуге немесе неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға құқылы емес.

Ескерту. 446-23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бөлім. Сот шешімдерін орындау

49-тарау. Сот үкімдері мен қаулыларын орындау

447-бап. Үкімнің заңды күшіне енуі және оны орындауға кірісу

1. Аудандық және оларға теңестірілген соттар, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сот, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, гарнизонның әскери соты шығарған бірінші сатыдағы сот үкімдері, егер оларға шағым жасалмаса немесе наразылық келтірілмесе, апелляциялық шағым жасау немесе наразылық келтіру мерзімі өткен соң заңды күшіне енеді және орындалуға жатады.

2. Іс апелляциялық сатыда қайта қаралған жағдайда, егер үкімнің күші жойылмаса, ол апелляциялық қаулы шығарылған күні күшіне енеді. Егер апелляциялық (жеке) шағымдар, наразылық апелляциялық сатыдағы сот отырысы басталғанға дейін кері қайтарып алынса, үкім апелляциялық сатының шағымның, наразылықтың кері қайтарып алынуына байланысты іс жүргізудің тоқтатылғаны туралы қаулысы шығарылған күні заңды күшіне енеді.

3. Бірінші сатыдағы сот үкім заңды күшіне енген немесе іс жоғары тұрған соттан қайтарылған күннен бастап үш тәуліктен кешіктірмей үкімді орындауға к і р і с е д і .

4. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адам, егер айыптау үкімі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 75-бабында белгіленген мерзімде орындалмаса, жазаны өтеуден босатылады.

5. Егер сот ақтау үкімін шығарса не сотталушы адам жаза тағайындалмай сотталса немесе жазадан босатылса не бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға кесілсе, ал үкім шығарылғанға дейін ол күзетпен ұсталған болса, мұндай шешім шығарған сот оны дереу күзетпен ұстаудан босатады.

Ескерту. 447-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

448-бап. Сот қаулысының заңды күшіне енуі және оны орындауға кірісу

1. Бірінші сатыдағы соттың қаулысы шағымдану немесе наразылық білдіру мерзімі өткен соң не жеке шағым жасалған немесе наразылық білдірілген жағдайда, істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін заңды күшіне енеді және о р ы н д а л а д ы .

2. Соттың шағымдануға немесе наразылық білдіруге жатпайтын қаулысы ол шыққаннан кейін дереу күшіне енеді және орындалады.

3. Істі қысқарту туралы сот қаулысы сот отырысын тағайындау туралы мәселені шешу кезінде немесе сот отырысында оның айыпталушыны немесе сотталушыны қамаудан босатуға қатысты бөлігінде дереу орындалуға жатады.

4. Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы, үкімі жария етілген кезінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

5. Апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттардың үкімдері мен қаулылары осы Кодекстің 423-1-бабында көзделген тәртіппен орындалады.

6. Соттың жеке қаулысы заңды күшіне енген кезден бастап үш тәуліктен аспайтын мерзім өткен соң басқару функцияларын орындайтын тиісті лауазымды адамға жіберіледі. Жеке қаулы бойынша бір айлық мерзімнен кешіктірмей қажетті шаралар қолданылуы және нәтижелері туралы қаулы шығарған сотқа х а б а р л а н у ы т и і с .

Ескерту. 448-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2004.12.09 N 10, 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

449-бап. Соттың үкімін, қаулысын орындауға кірісу тәртібі

1. Заңды күшіне енген соттың үкімі мен қаулысы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың бәріне бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сөзсіз орындалуға жатады. Соттың үкімін, қаулысын орындамау қылмыстық жауапкершілік жүктейді.

2. Үкім мен қаулыны орындауға кірісу бірінші саты бойынша істі қараған сотқа жүктеледі. Үкімді орындау туралы өкімді судья үкімнің көшірмесімен бірге қылмыстық-атқару заңдарына сәйкес үкімді орындау міндеті жүктелген органға жібереді. Апелляциялық сатыдағы сотқа қамауда ұсталған адамдарға қатысты істі апелляциялық тұрғыда қараудың нәтижелерін хабарлау міндеті жүктеледі. Істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде үкім өзгерген жағдайда үкімнің көшірмесіне апелляциялық саты қаулысының көшірмесі қоса тіркелуге т и і с .

3. Егер үкімде сотталушыны Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасынан, Қазақстан Республикасының Президенті берген құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы мәселені қою қажеттігі көрсетілсе, үкімді шығарған сот Қазақстан Республикасының Президентіне сотталушыны мемлекеттік наградасынан, көрсетілген атағынан, сыныптық шенінен,

дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы ұсынысты, сондай-ақ үкімнің көшірмесі мен оның заңды күшіне енуі туралы анықтаманы жолдайды.

4. Үкімді орындаушы органдар оның орындалғаны жайында үкімді шығарған сотқа дереу хабарлайды. Түзеу мекемесінің әкімшілігі үкім шығарған сотқа сотталушының жазасын өтеу орны туралы хабарлауы тиіс. Апелляциялық сатының үкімін орындау туралы хабарлама бірінші сатыдағы тиісті сотқа жіберіледі.

Ескерту. 449-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

450-бап. Үкімді орындауға кірісу жайында сотталушының туған-туысқандары мен азаматтық талапкерге хабарлау

1. Қамауда ұсталған сотталушы абақтыда ұстауға немесе бас бостандығынан айыруға кесілген үкім заңды күшіне енгеннен кейін қамау орнының әкімшілігі сотталушының отбасын жазаны өтеу үшін оның қайда жіберілетіні туралы хабардар етуге міндетті.

2. Азаматтық талап қанағаттандырылған жағдайда сот атқарушысы азаматтық талапкерді үкімнің орындалғаны туралы хабардар етеді.

Ескерту. 450-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

451-бап. Туыстарына сотталушымен жүздесуге рұқсат ету

Үкім орындалғанға дейін іс бойынша төрағалық етуші немесе сот төрағасы қамауда ұсталып отырған сотталушының еріне (зайыбына), жақын туыстарына олардың өтініші бойынша сотталушымен жүздесу және телефон арқылы сөйлесу мүмкіндігін беруге міндетті.

452-бап. Үкімнің атқарылуын кейінге қалдыру

1. Адамды қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тартуға, бас бостандығын шектеуге немесе бас бостандығынан айыруға соттау туралы үкімді орындау мынадай негіздердің бірі болған кезде:

1) жазаны өтеуге кедергі келтіретін, сотталушының ауыр сырқаты болса, - оласауығып кеткенге дейін;

2) сотталған әйелдің жүкті болуы немесе сотталған әйелдің жас балалары болса және жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектерге қатысты - Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабында көзделген тәртіпте;

3) өрт немесе кездейсоқ апат, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше жағдаяттардың салдарынан, сотталған адам немесе оның отбасы үшін жазаны дереу өтеуі аса

ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болса, сот белгілеген алты айдан артық емес мерзімге, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 74-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдарға қатысты - үш айдан артық емес мерзімге кейінге қалдырылуы мүмкін.

2. Айыппұл төлеу, егер оны дереу төлеу сотталушы үшін мүмкін болмаса, алты айға дейін мерзімге кейінге қалдырылуы немесе бөліп өтелуі мүмкін.

3. Үкімді орындауды кейінге қалдыру туралы мәселені сотталушының, оның заңды өкілінің, жақын туыстарының, қорғаушысының өтініші бойынша не прокурордың ұсынуы бойынша немесе өз бастамашылығымен сот шешеді.

Ескерту. 452-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

453-бап. Үкімді орындау кезінде сот қарауға жататын мәселелер

Соттың жүргізуіне үкімді орындауға байланысты мынадай мәселелерді қарау ж а т а д ы :

1) жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда айыппұл төлеу түріндегі жазаны қоғамдық жұмысқа тартумен, түзеу жұмыстарына жіберумен (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабы), қоғамдық жұмыстарға тартуды бас бостандығын шектеумен (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабы), түзеу жұмыстарын бас бостандығын шектеумен немесе бас бостандығынан айырумен (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабы), бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабы) ауыстыру туралы;

1-1) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталып, бақылаудан жасырынған және жазасын өтеуден жалтарған адамдарға қатысты іздестіру жариялау мен бұлтартпау шарасын таңдау туралы;

2) қылмыстық-атқару заңдарына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталған адамға шығарылған үкім бойынша тағайындалған түзеу мекемесінің түрін өзгерту туралы;

3) жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабы) туралы, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 71-бабы) туралы;

3-1) жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды жою (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабының жетінші бөлігі) туралы;

4) науқастануына байланысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданып немесе қолданбай жазадан босату (Қазақстан

- Республикасы Қылмыстық кодексінің 73-бабы) туралы;
- 5) шартты түрде соттауды жою немесе сынақ мерзімін ұзарту (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 64-бабы) туралы;
- 5-1) бас бостандығын шектеуге сотталған адам үшін бұрын белгіленген міндеттердің толық немесе ішінара күшін жою туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабы);
- 5-2) жазаны орындауды кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала шетінеген жағдайда, не жүктілігі үзілген жағдайда жазаны орындауды кейінге қалдырудың күшін жою туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабының үшінші бөлігі);
- 6) соттың айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтіп кетуіне байланысты жазаны өтеуден босату (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 75-бабы)
т у р а л ы ;
- 7) басқа да орындалмаған үкімдер болған кезде, егер бұл уақыт бойынша соңғы үкімде шешілмесе, үкімді орындау (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 60-бабы) туралы;
- 8) қамауда ұсталған мерзімін, сондай-ақ емдеу мекемесінде болған уақытын есепке алу (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 62, 94, 95-баптары)
т у р а л ы ;
- 9) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды ұзарту, өзгерту немесе тоқтату (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 93, 95-баптары)
т у р а л ы ;
- 10) кері күші бар қылмыстық заңның, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің шығуы себепті жазадан босату немесе жазаны жеңілдету туралы, сотталған жасаған әрекеттің дәрежеленуін өзгерту, жазалау мерзімін, қылмыстың қайталануын қысқарту туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 5 - б а б ы) ;
- 11) қылмыстық-атқару заңдарына сәйкес түзеу жұмыстарына сотталушының жалақысынан ұстау мөлшерін төмендету туралы;
- 12) үкімді орындау кезінде туындаған қандай да болсын күмән мен түсініксіздікті ұғындыру туралы;
- 13) сотталған адамның қайтыс болуына байланысты іс жүргізуді қысқарту
т у р а л ы .

Ескерту. 453-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2002.12.21 N 363, 2004.12.09 N 10, 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

454-бап. Үкімді орындаумен байланысты мәселелерді шешетін соттар

1. Осы Кодекстің 452-бабына сәйкес үкімді орындауды кейінге қалдыру туралы, жазаның бір түрін екіншісіне ауыстыру (осы Кодекстің 453-бабының 1-тармағы) туралы, айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтіп кетуіне байланысты жазадан босату (осы Кодекстің 453-бабының 6-тармағы) туралы, басқа да атқарылмаған үкімдер болған кезде үкімді атқару (осы Кодекстің 453-бабының 7-тармағы) туралы, оның материалдық жағдайы нашарлаған жағдайда түзеу жұмыстарына сотталушының жалақысынан ұстау мөлшерін төмендету (осы Кодекстің 453-бабының 11-тармағы) туралы мәселелерді, сондай-ақ үкімнің орындалу кезінде туындаған күмән мен түсінбеушілікті (осы Кодекстің 453-бабының 12-тармағы) үкімді шығарған сот шешеді.

2. Егер үкім үкімді шығарған соттың қызмет ету ауданынан тыс жерде орындалған болса, бұл мәселелерді сол деңгейдегі сот, үкімнің орындалу ауданында сол деңгейдегі сот болмаған жағдайда жоғары тұрған сот шешеді. Бұл жағдайда сот қаулысының көшірмесі үкім шығарған сотқа жіберіледі.

3. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамға тағайындалған түзеу мекемесінің түрін өзгерту (осы Кодекстің 453-бабының 2-тармағы) туралы, жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру (осы Кодекстің 453-бабының 3-тармағы) туралы, науқасына байланысты жазадан босату туралы (осы Кодекстің 453-бабының 4-тармағы), алдын ала қамауда немесе емдеу мекемесінде болған уақытын есепке алу (осы Кодекстің 453-бабының 8-тармағы) туралы, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды ұзарту, өзгерту немесе қысқарту туралы (осы Кодекстің 453-бабының 9-тармағы), сондай-ақ кері күші бар заңның шығуы себепті жазадан босату немесе жазаны жеңілдету, сотталған жасаған әрекеттің дәрежеленуін өзгерту, жазалау мерзімін, қылмыстың қайталануын қысқарту (осы Кодекстің 453-бабының 10-тармағы) туралы мәселелерді сотталушының жазаны өтеу орны бойынша аудандық және оған теңестірілген сот шешеді.

4. Мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы (осы Кодекстің 453-бабының 3-1-тармағы), шартты түрде соттаудың күшін жою туралы мәселелерді және осы Кодекстің 453-бабының 1-1, 5 және 5-2-тармақтарында көзделген басқа да мәселелерді сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша аудандық және оған теңестірілген сот шешеді.

Ескерту. 454-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.09 N 10, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

455-бап. Үкімді орындаумен байланысты мәселелерді шешудің тәртібі

1. Осы Кодекстің 453-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда жазаны өтеуден босату кезінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды үш судья құрамындағы сот шешеді. Жазаны орындаумен байланысты барлық басқа мәселелерді сот отырысында судья жеке дара шешеді.

2. Үкімді орындаумен байланысты мәселелерді жазаны орындайтын органның ұсынуы (өтініші) бойынша бір айлық мерзімде сот қарайды, не кәмелетке толмаған адамның түзелуін қамтамасыз етуші мамандандырылған мемлекеттік органның ұсынуы бойынша сот шешеді. Сот отырысына өздерінің ұсынуы (өтініші) бойынша іс қаралатын органдар мен ұйымдардың өкілдері шақырылады.

3. Осы Кодекстің 452-бабында, 453-бабының 3, 4, 6, 7, 10, 11 және 12-тармақтарында көрсетілген жағдайларда, соттың мәселені қарауына сотталушының өтініші негіз болуы мүмкін.

4. Осы Кодекстің 453-бабының 1), 2), 3), 3-1), 5), 6), 7), 10) және 11) тармақтарында көзделген жағдайларда сот отырысына өзіне қатысты іс қаралатын сотталғанның қатысуы міндетті. Осы Кодекстің 453-бабының 1) тармағында көзделген жағдайда сотталғанның Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жасырынып жатқандығына жеткілікті негіздеме болған кезде сотталғанның сот отырысына қатысуы міндетті емес. Сотталған сотқа ұсынылған материалдармен танысуға, оларды қарауға қатысуға, өтінішін және қарсылық білдіруін мәлімдеуге, түсініктер беруге, дәлелдемелер ұсынуға құқылы.

5. Сотталушы өзінің құқықтарын қорғаушының көмегімен жүзеге асыра алады. Сот кәмелетке толмағандарға қатысты, сондай-ақ өздерінің құқығын қорғауды өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігінен айыратын дене және психикалық кемістіктерден зардап шегушілерге, сонымен бірге іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін адамдарға да үкімді орындауға байланысты мәселелерді сот қараған кезде қорғаушының қатысуы міндетті. Сотталған адамдарға адвокаттар заң көмегін соттың қаулысы негізінде көрсеткен жағдайларда, олардың еңбегіне ақы төлеу осы Кодекстің 72-бабына сәйкес жүргізіледі.

6. Науқастануына байланысты сотталушыны босату туралы не оны емдеу мекемесіне орналастыру туралы мәселені қараған кезде қорытынды берген дәрігерлер комиссиясы өкілінің қатысуы міндетті.

6-1. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселені

қарау кезінде жәбірленушінің не оның өкілінің пікірі ескеріледі.

Сот алда тұрған сот отырысы туралы жәбірленушіні не оның өкілін почта арқылы тапсырыс хатпен хабардар етеді. Жәбірленушінің не оның өкілінің сотқа жеке өздерінің қатысуы мүмкін болмаған жағдайда сотта жазбаша арыздар мен өтінішхаттар қаралуы мүмкін. Жәбірленуші не оның өкілі тиісінше хабардар етілген және оның тарапынан қандай да бір жазбаша арыздар мен өтінішхаттар болмаған жағдайда, сондай-ақ мемлекет мүдделеріне залал келтірілген жағдайда жәбірленушінің немесе мемлекеттің құқықтарын сақтау туралы мәселе бойынша міндетті түрде прокурордың қорытындысы талап етіледі.

7. Егер мәселе үкімді орындаудың азаматтық талап бөлігіне қатысты болса, сот отырысына сондай-ақ азаматтық талапкер немесе оның өкілі шақырылады. Аталған адамдардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды.

8. Сот мәжілісіне прокурор қатысып отырады.

9. Істі қарау ұсынуы (өтініші) бойынша іс қаралып отырған органның өкілінің баяндамасымен не өтініш иесінің түсінік беруімен басталады. Бұдан соң ұсынылған материалдар зерттеледі, сот отырысына келген адамдардың түсініктері, прокурордың пікірі тыңдалады, бұдан соң судья қаулы шығарады.

Ескерту. 455-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.03.26 N 240, 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

456-бап. Соттылықты алып тастау туралы өтініпті қарау

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 77-бабына сәйкес соттылығын алып тастау туралы мәселені жазасын өтеген адамның өтініші бойынша тұрғылықты жеріндегі сот шешеді.

2. Сот отырысына өзіне қатысты соттылықты алып тастау туралы өтініші қаралатын адамның қатысуы міндетті.

3. Қарау өтініш білдірген адамның түсінігін тыңдаумен басталады, бұдан соң ұсынылған материалдар зерттеледі және шақырылған адамдардың сөзі тыңдалады.

4. Соттылықты алып тастаудан бас тартылған жағдайда бұл туралы сот алдында қайталап өтініш беру бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап бір жылдан ерте қозғалмайды.

457-бап. Судьяның қаулысына шағым жасау және наразылық келтіру

Үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешу кезінде шығарылған сот қаулыларына осы Кодекстің 46, 47 және 48-1-тарауларында белгіленген қағидалар бойынша апелляциялық және кассациялық тәртіппен шағым жасалуы

және наразылық келтірілуі мүмкін.

Ескерту. 457-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бөлім. Соттың заңды күшіне енген шешімдерін қайта қарау жөнінде іс жүргізу

50-тарау. Сот актілерін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауы

Ескерту. 50-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

458-бап. Заңды күшіне енгеннен кейін сот қадағалауы тәртібімен қайта қаралуы мүмкін сот актілері

Ескерту. 458-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Заңды күшіне енгеннен кейін:

1) бірінші, апелляциялық сатыдағы соттардың үкімдері, қаулылары олар кассациялық сатыда қаралғаннан кейін ғана;

2) кассациялық сатыдағы соттың қаулылары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасында қайта қ а р а л у ы м ү м к і н .

2. Мемлекеттік айыптаушының және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартуына байланысты, қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына және оның мерзімін ұзартуға санкция беру мәселелері бойынша, анықтауды немесе алдын ала тергеуді жүзеге асыратын тұлғалардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне немесе прокурордың істі алдын ала тергеу сатысындағы іс-әрекеттері мен шешімдеріне берілген шағымдарды шешу жөнінде шығарылған, заңды күшіне енген сот қаулылары қадағалау тәртібімен қайта қаралуға жатпайды.

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты алқасының қаулылары түпкілікті болып табылады. Олар қабылданған қаулының адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін екені туралы деректердің анықталуына байланысты ерекше жағдайларда қайта қаралуы мүмкін.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген айрықша жағдайларда, Бас прокурор бірінші сатыдағы соттың апелляциялық және кассациялық тәртіппен қайта қаралмаған үкімдері мен қаулыларына, сондай-ақ апелляциялық сатыдағы соттың кассациялық тәртіппен қайта қаралмаған үкімдері мен қаулыларына н а р а з ы л ы қ к е л т і р у і м ү м к і н .

Ескерту. 458-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010 жылғы 1

қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

459-бап. Заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларын сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау негіздері

1. Істі тергеу немесе сотта қарау кезінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзуға жол берілуі не қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының:

- 1) кінәсізді соттауға;
- 2) ақтау үкімін негізсіз шығаруға немесе істі негізсіз тоқтатуға;
- 3) жәбірленушіні сот арқылы қорғалу құқығынан айыруға;
- 4) сот тағайындаған жазаның қылмыстың ауырлығы мен сотталған адамның жеке басына сәйкес келмеуіне;
- 5) талап арызды қараусыз қалдыру жағдайларынан басқа, азаматтық талап арызды дұрыс шешпеуге;

б) жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде қаулыны заңсыз немесе негізсіз түрде шығаруға әкеп соққан дұрыс қолданылмауы заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларды сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға негіз болып табылады.

2. Заңды күшіне енген сот актілері де, егер:

1) сот актісі мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді, мемлекет қауіпсіздігін қозғаса не адамдардың өмірі, денсаулығы үшін орны толмас ауыр зардаптарға әкеп соқтыруы мүмкін болса;

2) үкіммен адам өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталса;

3) осы Кодекстің 446-21-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайда туындаған қайшылықтарды жою туралы ұсыным бар болса, сот қадағалауы тәртібімен қайта қаралады.

3. Өлім жазасы туралы заңды күшіне енген үкімдер де өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылғаннан кейін сот қадағалауы тәртібімен қайта қаралуы мүмкін.

Ескерту. 459-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

460-бап. Соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау туралы өтініш жасауға, соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларына наразылық келтіруге құқығы бар тұлғалар

Ескерту. 460-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларды сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау туралы жүгінулер өтінішхаттар деп аталады және оларды апелляциялық және кассациялық шағым беруге құқығы бар процеске қатысушылар жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында бере алады.

2. Бас прокурор заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларды сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау туралы наразылық келтіруге құқылы.

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры не оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар қылмыстық істі қадағалау тәртібімен тексеру үшін тиісті соттан талап етіп алуы мүмкін.

2-1. Прокурордың істі талап етіп алдыру туралы сауалын сот ол сотқа келіп түскен күннен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей орындайды. Сауалдар жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында жіберілуі мүмкін.

Іс талап етіп алдырылған жағдайда, қадағалау наразылығын келтіру туралы өтінішхатты прокурор іс прокуратураға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарауға тиіс.

3. **Алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

3-1. **Алынып тасталды - ҚР 2005.12.30 N 111 Заңымен.**

4. Өтінішті, наразылықты іс қадағалау сатысында қаралғанға дейін оны берген адам кері қайтарып алуы мүмкін.

5. Осы Кодекстің 463-465-баптарында көзделген ережелер прокурордың наразылықтарына қолданылмайды және тікелей қадағалау сатысында қаралады.

Бұл ретте қадағалау алқасы осы Кодекстің 459-бабында көзделген қадағалау тәртібімен істі қайта қарау негіздерінің бар-жоғы туралы мәселені шешеді, содан кейін прокурор наразылығын мәні бойынша қарайды. Аталған негіздер болмаған кезде қадағалау алқасы істі сот қадағалауы тәртібімен қайта қараудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Ескерту. 460-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2014 № 254-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

461-бап. Заңды күшіне енген сот шешімдеріне сот қадағалауы тәртібімен шағымдану мерзімдері

1. Заңды күшіне енген айыптау үкімін сотталған адамның кінәсіздігі себептері бойынша, сондай-ақ жазаның қатандығына қарай онша ауыр емес қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне байланысты немесе сотталған адамның жағдайын жақсартуға әкелетін өзге де негіздер бойынша сот қадағалауы

тәртібімен қайта қарау туралы өтініш жасау, наразылық беру мерзіммен шектелмейді.

2. Заңды күшіне енген ақтау үкімін, айыптау үкімін жазаның жеңілдігіне қарай неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне байланысты немесе сотталған адамның жағдайын нашарлатуға әкелетін өзге де негіздер бойынша не соттың істі тоқтату туралы қаулысын сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау туралы өтініш, наразылық беруге олар заңды күшіне енгеннен кейін бір жыл ішінде жол беріледі.

3. Соттың істі қосымша тергеуге немесе жаңадан сот қарауына жіберу туралы заңды күшіне енген қаулысына өтінішті, наразылықты, егер іс бойынша қосымша тергеу жүргізілмесе немесе оны сот қабылдамаса, соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын қайта қарау туралы өтініш жасауға, соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларына наразылық келтіруге құқығы бар тұлғалар сот қаулысын алған күннен бастап он бес тәулік ішінде беругі мүмкін.

Ескерту. 461-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

462-бап. Заңды күшіне енген соттың үкімін, қаулысын қайта қарау туралы өтінішті, наразылықты беру тәртібі

1. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтініш, наразылық Жоғарғы Сотқа жазбаша түрде беріледі. Өтініште, наразылықта осы Кодекстің 407-бабында тізбеленген мән-жайлардан басқа, іс бойынша іс жүргізу кезінде заңды қандай бұзушылықтарға жол берілгені және ол бұзушылықтардың шығарылған сот шешімдерінде қалай көрініс тапқаны және шағым жасалып отырған сот актісін қайта қарау үшін осы Кодекстің 459-бабында атап тізбеленген қандай негіздердің бар екені көрсетілуге тиіс.

2. Өтінішке, наразылыққа шағым жасалып отырған сот шешімдерінің көшірмелері және өтініш, наразылық дәйектерінің негізділігін растайтын өзге де материалдар қоса тіркелуге тиіс.

3. Соттардың заңды күшіне енген үкімдеріне, қаулыларына берілген, өзге де мемлекеттік органдарға немесе қоғамдық ұйымдарға жолданған өтініштер Жоғарғы Соттың іс жүргізуіне қабылданбайды.

4. Осы Кодекстің 466-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтініштің, наразылықтың берілуі олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

Ескерту. 462-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

462-1-бап. Өтініштерді, наразылықты қарамай қайтару

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтініш, наразылық мынадай негіздер бойынша:

1) өтініш, наразылық осы Кодекстің 462-бабының талаптарына сай келмесе;
2) заңды күшіне енген осы сот актісіне өтінішті, наразылықты осы Кодекстің 460-бабына сәйкес шағым жасауға құқығы жоқ адамдар берсе;

3) өтініш, наразылық осы Кодекстің 461-бабының екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін берілсе;

4) өтініш, наразылық оларды мәні бойынша қарағанға дейін кері қайтарып алынса;

5) **алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

6) өтініш, наразылық осы Кодекстің 458-бабының екінші бөлігіне сәйкес сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жатпайтын сот актілеріне берілсе, олар берген адамдарға қайтарылуға тиіс.

2. Өтінішті, наразылықты қайтару үшін негіз болған осы баптың бірінші бөлігінің 1) – 2) тармақтарында көрсетілген кемшіліктер жойылған кезде, олар жалпы негіздерде жаңадан берілуі мүмкін.

Ескерту. Кодекс 462-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

463-бап. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішті алдын ала қарау

1. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішті Жоғарғы Сот Төрағасының немесе алқа төрағасының тапсырмасы бойынша құрамы үш судьядан тұратын сот алдын ала зерделейді және қарайды. Қажет болған жағдайда қылмыстық іс талап етіліп алынуы мүмкін.

Егер істі талап етіп алу кезінде сот істі қабылдап алған болса және ол бойынша сот талқылауы басталса немесе қосымша тергеу жүргізіліп жатқан болса, соттың істі қосымша тергеуге немесе жаңадан сот қарауына жіберу туралы қаулысына өтініштің, наразылықтың дәйектерін тексеру үшін істі талап етіп алуға болмайды.

2. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтініш келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде, ал іс талап етіліп алынған жағдайда – іс келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде қаралады.

3. Өтініштің алдын ала қаралатын күні туралы прокурорға, сондай-ақ өтінішті берген тұлғаға хабарланады, алайда олардың келмеуі іс бойынша сот қадағалауы тәртібімен іс жүргізуді қозғаудың негізі бар немесе жоқ екендігі туралы мәселені

шешуге

кедергі

болмайды.

Ескерту. 463-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

464-бап. Өтінішті алдын ала қараудың нәтижелері бойынша қабылданатын қаулылар

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Сот өтінішті алдын ала қараудың нәтижелері бойынша:

1) шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғау және өтінішті қылмыстық істі сұрата отырып қадағалау сатысында қарау туралы ;

2) шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тарту туралы;

3) өтінішті қайтару туралы қаулы шығарады.

2. Соттың өтінішті алдын ала қарау нәтижелері бойынша шығарған қаулысында :

1) қаулының шығарылған күні мен орны;

2) өтінішті қараған және қаулы шығарған тиісті сот судьяларының тегі мен аты - жөні ;

3) дау туғызған сот актісін көрсете отырып қаулы шығарылған іс;

4) өтінішті берген адам;

5) өтініште келтірілген дәлелдер;

6) шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудың немесе одан бас тартудың не өтінішті оларды берген адамдарға қайтарудың негіздері ;

7) осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірі көрсетілуге тиіс .

3. Өтініштің алдын ала қаралу нәтижелері жөнінде оны берген тұлғаға хабарланады .

Ескерту. 464-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

465-бап. Қадағалау сатысының сот отырысын тағайындау

1. Қадағалау сатысы шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғау туралы соттың қаулысын алғаннан кейін тараптарға заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтініштің көшірмесін, сот отырысын өткізу күнін, уақытын, орнын көрсете отырып, істің қадағалау сатысында қаралуы туралы хабарлама жібереді.

2. Қадағалау сатысындағы іс қадағалау іс жүргізуін қозғау туралы қаулымен

бірге іс қадағалау сатысына берілген не прокурор наразылығы келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 465-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

466-бап. Сот үкімінің, қаулысының орындалуын тоқтата тұру

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Бас Прокуроры істі сұратып алумен бір мезгілде сот үкімінің, қаулысының орындалуын қадағалау тәртібімен тексеру үшін үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Ескерту. 466-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.08.09 N 346 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

467-бап. Істі қадағалау сатысында қараудың тәртібі, қадағалау сатысы сотының шешімдері

1. Қадағалау сатысының сот отырысы төрағалық етушінің қандай сот шешімі және кімнің өтініші (наразылығы) бойынша қайта қаралатынын, сот құрамына кімдердің енетінін және сот отырысы залында процеске қатысушылардың қайсысы келіп отырғанын хабарлауымен ашылады. Істі қараудың уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген өтініш (наразылық) берген тұлғаның болмауы сот отырысын жалғастыру мүмкіндігін жоққа шығармайды. Прокурордың қадағалау сатысының сот отырысына қатысуы міндетті.

2. Мәлімделген бас тартулар мен өтініштер шешілгеннен кейін сот тыңдауды жалғастыру туралы не оны кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды. Сот істі тыңдауды жалғастыру туралы шешім қабылдаған жағдайда төрағалық етуші өтініш (наразылық) берген процеске қатысушыға сөз береді. Егер мұндай қатысушылар бірнешеу болса, онда олар өздері ұсынған сөз сөйлеу кезектілігін соттың назарына жеткізеді. Егер олар өзара келісімге келе алмаса, онда сөз сөйлеу кезегін сот белгілейді.

3. Өтінішті (наразылықты) берген тұлға, өз пікірі бойынша, шағым жасалып отырған шешімнің неге байланысты заңсыз, негізсіз, әділетсіз болып табылатыны туралы дәлелдері мен дәйектерін айтып береді. Содан соң төрағалық етуші процестің басқа қатысушыларына сөз береді.

4. Егер өтінішті қорғау тарабы берген болса, онда алғашқы сөзді оның өкілдері болып табылатын процеске қатысушылар алады. Олардың сөз сөйлеу тәртібі өздері қол жеткізген уағдаластыққа сәйкес не ондай уағдаластық болмаған жағдайда, соттың шешімімен белгіленеді.

5. Егер өтінішті (наразылықты) айыптау тарабы берген болса, онда оның өкілдері бірінші болып сөз алады, содан соң төрағалық етуші процестің басқа

қ а т ы с у ш ы л а р ы н а

с Ө з

б е р е д і .

6. Істі қадағалау тәртібімен қараудың нәтижесінде сот осы Кодекстің 370-бабының талаптарын сақтай отырып, кеңесу бөлмесінде мынадай шешімдердің б і р і н қ а б ы л д а й д ы :

1) соттың үкімін, қаулысын – өзгеріссіз, ал оларды қайта қарау туралы өтінішті, наразылықты қанағаттандырусыз қалдырады;

2) бірінші, апелляциялық сатылардағы соттың үкімін, бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардың қаулысын өзгертеді;

3) үкімнің және одан кейінгі барлық қаулылардың күшін жояды және істі қ ы с қ а р т а д ы ;

4) үкімнің және кейінгі барлық қаулылардың күшін жояды және егер іс апелляциялық тәртіппен қаралмаса, сондай-ақ егер іс бірінші сатыда алқабилердің қатысуымен қаралса, істі апелляциялық сатыдағы сотқа немесе бірінші сатыдағы сотқа жаңадан сот қарауына жібереді;

5) соттың үкімін өзгертіп немесе оны өзгеріссіз қалдыра отырып, апелляциялық және кассациялық тәртіппен шығарылған қаулылардың күшін ж о я д ы .

Егер сот істі қабылдап алған болса және ол бойынша сот талқылауы басталса немесе қосымша тергеу жүргізіліп жатқан болса, соттың істі қосымша тергеуге немесе жаңадан сот қарауына жіберу туралы қаулысының күшін жою туралы ш е ш і м қ а б ы л д а н а а л м а й д ы .

7. Үкімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге осы Кодекстің 412-бабында көрсетілген мән-жайлар негіз болып табылады.

8. Бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттардың қаулылары, егер осы қаулы арқылы бірінші сатыдағы сот заңсыз және негізсіз шешім қабылдаған не жоғары тұрған сот іс бойынша осының алдындағы қаулылардың немесе үкімнің күшін заңсыз және негізсіз жойған немесе оларды өзгерткен деп танылған болса, не егер істі жоғары тұрған сотта қарау кезінде қабылданатын шешімнің дұрыстығына ықпал еткен немесе ықпал етуі мүмкін заңды елеулі түрде бұзуға жол берілсе, күші жойылуға немесе өзгертілуге ж а т а д ы .

9. Егер істі заңсыз тоқтатуға немесе сотталған адамның жазасын жеңілдетуге істі кассациялық тәртіппен қарау кезінде жол берілген болса, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты кассациялық қаулының күшін жоюға және бірінші және апелляциялық сатылардағы соттың үкімін, апелляциялық қаулыны өзгертіп немесе өзгертпей, күшінде қалдыруға құқылы.

10. Сот сотталған адамға тағайындалған жазаны жеңілдетуі немесе неғұрлым жеңіл қылмыс туралы заңды қолдануы мүмкін, бірақ ол жазаны күшейтуге не неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға құқылы емес, сондай-ақ сот

талқылауының нысанасы болмаған фактілерді анықтауға немесе оларды дәлелденген деп есептеуге құқылы емес.

11. Іс жаңадан қарауға жіберілген жағдайда сот: айыптаудың дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы, қандай да бір дәлелдемелердің дәйектілігі немесе дәйексіздігі туралы, бір дәлелдемелердің басқаларынан артықшылығы туралы, бірінші сатыдағы соттың қандай да бір қылмыстық заңды қолдануы туралы және жазалау шарасы туралы мәселелерді алдын ала шешуге, сондай-ақ сот жасауы мүмкін тұжырымдарды алдын ала шешуге құқылы емес.

12. Сот үкімінің заңдылығын, негізділігін және әділдігін істі қарайтын сот толық көлемінде тексереді. Сот актісіне өтініште (наразылықта) көрсетілмеген негіздер бойынша, сондай-ақ өздері жөнінде өтініш (наразылық) берілмеген басқа сотталған адамдарға қатысты өзгерістер енгізуге, егер бұл ретте сотталған адамдардың жағдайы нашарламайтын болса, өзі жөнінде өтініш берілген сотталған адаммен бірге қатысып жасалған қылмыстың саралануын өзгерткен кезде жол беріледі. Сот жағдайды нашарлататын шешімді тек прокурордың наразылығында немесе өтініште көрсетілген сотталған адамдарға қатысты ғана қабылдауға құқылы. Сот сотталған адамның жағдайын оның өтініші немесе оның қорғаушысының немесе өкілінің өтініші бойынша нашарлатуға құқылы емес.

Ескерту. 467-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

467-1-бап. Адвокаттың қадағалау сатысындағы сотқа міндетті түрде қатысуының негіздері

Егер сотталушының жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылатын, жәбірленушінің (азаматтық талап қоюшының) өтініші, прокурордың наразылығы бойынша іс қаралып жатқан не іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу және істі бірінші сатыда қарау айыпталушының қатысуынсыз жүзеге асырылған жағдайларда, адвокаттың қадағалау сатысындағы сот отырысына қатысуы міндетті. Мұндай жағдайларда қорғаушыны шақыруға, тағайындауға, ауыстыруға, оның еңбегіне ақы төлеуге байланысты мәселелер осы Кодекстің 72-бабында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ескерту. Кодекс 467-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

468-бап. Қадағалау сатысындағы сот қаулысының мазмұны

Қадағалау сатысындағы соттың қаулысы осы Кодексте апелляциялық қаулы үшін белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Қадағалау сатысындағы соттың қаулысына іс бойынша шешім қабылдаған барлық судьялар қол қояды.

Ескерту. 468-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен.

469-бап. Істі соттың үкімі мен қаулысының күшін жойған соң қарау

1. Заңды күшіне енген сот үкімінің немесе қаулысының күші жойылғаннан кейін іс жалпы тәртіппен қаралуға жатады. Төмен тұрған сатыдағы сот істі қайтадан қараған кезде қадағалау сатысындағы соттың нұсқаулары міндетті.

2. Істі бірінші, апелляциялық сатылардағы сот қараған кезде жазаны күшейтуге немесе неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға, егер бастапқы үкімнің немесе қаулының қадағалау тәртібімен жазаның жеңілдігіне қарай немесе неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне байланысты күші жойылған жағдайда ғана жол беріледі. Апелляциялық сатыдағы сот шығарған үкімге істі жаңадан талқылау кезінде жалпы тәртіппен шағым жасалуы және наразылық келтірілуі мүмкін.

Ескерту. 469-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238, 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

470-бап. Соттың істі жаңадан қараған кезде шығарған үкімін және қаулысын қайта қарау туралы өтініш (наразылық) келтіру

Бұрынғы үкімнің немесе қаулының күшінің жойылуына байланысты шығарылған жаңа үкімді немесе қаулыны қайта қарау туралы өтініш (наразылық) соттың бірінші үкімінің немесе қаулысының күшін жою себептеріне қарамастан жалпы негіздерде берілуі мүмкін.

Ескерту. 470-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

470-1-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысын тағайындау

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы немесе Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы келіп түскеннен кейін Жоғарғы Соттың Төрағасы жалпы отырысты шақырады. Жалпы отырыстың хатшысы жалпы отырыстың мүшелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына жалпы отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны туралы х а б а р л а й д ы .

Ескерту. Кодекс 470-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

470-2-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының ұсынуды немесе наразылықты қарау тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы ұсынуды немесе наразылықты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьяларының

жалпы санының кемінде үштен екісі болған кезде қарайды.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы немесе Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ұсынуды не наразылықты енгізудің осы Кодекстің 458-бабының үшінші бөлігінде көзделген негіздері туралы баяндайды.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы көрсетілген негіздер болмаған кезде істі қайта қараудан бас тарту туралы қаулы шығарады, ал негіздер болған кезде істі мәні бойынша қарау үшін сот отырысын т а ғ а й ы н д а й д ы .

4. Істі мәні бойынша қарау судьяның ұсынудың мән-жайлары және негіздері туралы баяндамасымен не прокурордың наразылықтың мән-жайлары мен негіздері туралы баяндамасымен басталады. Істі одан әрі қарау осы Кодекстің 467-бабында көзделген қағидалар бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. Кодекс 470-2-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-тарау. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау

471-бап. Іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері

1. Соттың заңды күшіне енген үкімнің, қаулысының күші жойылуы және іс бойынша жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізу қайта басталуы м ү м к і н .

2. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері:

1) соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған жәбірленушінің немесе куәгердің айғақтарының, сарапшы қорытындысының көрінеу жалғандығы, сондай-ақ заңсыз немесе негізсіз үкім не қаулы шығаруға әкеп соққан заңсыз немесе негізсіз үкім не қаулы шығаруға әкеп соққан заттай айғақтардың, тергеу және сот іс-әрекеттері хаттамаларының және өзге де құжаттардың жалғандығы немесе аударманың көрінеу бұрыс жасалуы;

2) соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған анықтаушының, тергеушінің немесе прокурордың заңсыз және негізсіз үкім, қаулы шығаруға әкеп соққан қылмыстық іс-әрекеттері;

3) соттың заңды күшіне енген үкімінде анықталған судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған, қылмыстық іс-әрекеттері;

4) осы Кодекстің 474-бабында көзделген тәртіппен тексеру немесе тергеу арқылы анықталған және прокурордың қорытындысында баяндалған, үкім шығару кезінде сотқа беймәлім болған өзге де мән-жайлар сотталушының

айыпсыздығы туралы немесе оның ауырлық дәрежесі жөнінен өзі сотталғаннан гөрі өзге қылмыс жасағаны туралы не ақталған адамның немесе өзіне қатысты іс тоқтатылған адамның айыптылығын өз алдына немесе бұрын анықталған мән-жайлармен бірге айғақтайтын ұйғарымдар;

5) өзіне қатысты осы Кодекстің 315-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында белгіленген тәртіппен іс қаралған сотталушының, ол қылмыстық процесті жүргізуші органға келген жағдайда ерік білдіруі;

б) сот актісін шығару кезінде сот қолданған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің конституциялық емес деп тануы болып табылады.

3. Осы баптың екінші бөлігінің 1-3-тармақтарында аталған мән-жайлар үкіммен қатар соттың, прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының мерзімнің ескіруіне орай, рақымшылық немесе кешірім жасау актісінің нәтижесінде, айыпталушының қайтыс болуына немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту жасына жетпегендігіне байланысты қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысы арқылы анықталуы мүмкін.

Ескерту. 471-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.03.16 N 163, 2005.12.30 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 N 32-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

472-бап. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарауға жататын қылмыстық істер бойынша сот шешімдері

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша:

1) айыптау үкімі;

2) ақтау үкімі;

3) істі тоқтату туралы қаулы қайта қаралуы мүмкін.

Ескерту. 472-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен.

473-бап. Іс жүргізуді қайта бастаудың мерзімдері

1. Айыптау үкімін жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты сотталушының пайдасына қайта қарау ешқандай мерзіммен шектелмейді.

2. Сотталушының қайтыс болуы ақтау мақсатында жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді қайта бастауға кедергі болып табылмайды.

3. Ақтау үкімін, істі тоқтату туралы қаулыны қайта қарау, сондай-ақ жазаның жұмсақтығы себебі бойынша немесе сотталушыға анағұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігі бойынша айыптау үкімін қайта қарауға қылмыстық жауаптылыққа тартудың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 69-бабында белгіленген мерзімнің ескіруі ішінде ғана және жаңа

мән-жайлардың ашылған күнінен бастап бір жылдан кешіктірілмей жол беріледі.

4. Жаңа мән-жайлардың ашылған күні болып:

1) осы Кодекстің 471-бабының екінші бөлігінің 1-3-тармақтарында көзделген жағдайларда - жалған айғақтар беруге, жалған дәлелдер ұсынуға, теріс аударма жасауға немесе істі тексеру немесе қарау барысында жасаған қылмыстық істері үшін кінәлі адамдарға қатысты үкімнің (қаулының) заңды күшіне енген күні;

2) осы Кодекстің 471-бабының екінші бөлігінің 4-тармағында көзделген жағдайда - жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді қайта бастау қажеттігі туралы қорытындыға прокурордың қол қойған күні есептеледі.

474-бап. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғау

1. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғау құқығы сотталғанға, ақталғанға, жәбірленушіге немесе олардың заңды өкілдеріне, қорғаушыларына, сондай-ақ прокурорға тиесілі. Өтініш үкім, қаулы шығарған
с о т қ а б е р і л е д і .

2. Азаматтардың, оның ішінде осы іс бойынша процеске қатысушылардың өтініштері, ұйымдардың лауазымды адамдарының хабарламалары, сондай-ақ басқа қылмыстық істерді тергеу және қарау барысында алынған деректер жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғауға себеп болады.

3. Егер келіп түскен өтініште немесе хабарламада осы Кодекстің 471-бабының екінші бөлігінің 1-3-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты шығарылған сот үкімінің бар екендігіне сілтеме болса, сот өзінің қаулысымен жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғайды, қылмыстық қудалау органдарынан және соттан тиісті іс жүргізу құжаттарын талап ете отырып, осы Кодексте белгіленген қағидалар бойынша сот талқылауын
ж ү р г і з е д і .

4. Егер өтініште немесе хабарламада осы Кодекстің 471-бабының екінші бөлігінің 4-тармағында аталған өзге де мән-жайлар көрсетілсе, сот тергеу жүргізу үшін прокурорға материалдарды жібереді. Жаңадан ашылған мән-жайларды мұндай тергеу кезінде осы Кодекстің қағидалары сақтала отырып жауап алу, қарап-тексеру, сараптама жасау, алу және өзге де тергеу іс-әрекеттері жүргізілуі мүмкін. Тергеу нәтижелері бойынша прокурор сотқа қорытынды беріп, онда тергеу нәтижелерін баяндайды және сотқа өтінішті қанағаттандыруды не оны қанағаттандырудан бас тартуды ұсынады.

5. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізуді қозғауға негіздер анықталмаса, прокурор дәлелді қаулысымен оны қозғаудан бас тартады. Прокурор қаулысының көшірмесі іс қозғау туралы өтініш жасаған адамға осы Кодекстің 109-бабындағы тәртіппен жоғары тұрған прокурорға және сотқа қаулыға шағымдану құқығын түсіндіре отырып, оған үш тәулік ішінде жіберіледі

Ескерту. 474-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

475-бап. Сот отырысы аяқталғаннан кейінгі соттың іс-әрекеті

1. Жаңадан ашылған мән-жайлардың материалдарын тексеру туралы өтінішті қарау жөніндегі сот отырысы аяқталғаннан кейін сот өтінішті қанағаттандырып, үкімнің, қаулының күшін жояды және істі жаңадан тергеуге немесе жаңадан сот талқылауын жүргізуге жібереді не жаңадан тергеу немесе сот талқылауы талап етілмесе, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады не іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығару арқылы қайта қараудан бас тартады.

2. Қылмыстық іс бойынша іс тоқтатылатын, үкімнің күшін жою туралы қаулыны қоспағанда, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша үкімді, қаулыны қайта қарау туралы өтінішті қанағаттандыру туралы қаулы наразылық білдіруге ж а т п а й д ы .

Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы оған жоғары тұрған сотқа шағымдану құқығын мүдделі адамдарға түсіндіре отырып, олардың назарына жеткізіледі.

3. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізу бойынша сот қабылдаған қаулылар, оларға жоғары тұрған сотқа шағымдану құқығы бар екенін не ондай құқығы жоқ екенін мүдделі адамдарға түсіндіре отырып, олардың назарына ж е т к і з і л е д і .

Ескерту. 475-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

476-бап. Соттың іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау туралы мәселені шешуі

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жөніндегі іс жүргізуді қайта бастау туралы мәселені үкім, қаулы шығарған бірінші сатыдағы сот, ал алқабилер қатысқан істер бойынша - судья жеке-дара шешеді. Егер іс бойынша апелляциялық немесе кассациялық саты қаулысы шығарылса – сот шешімдерін қайта қарауды тиісінше көрсетілген сатылар жүзеге асырады. Егер іс қадағалау тәртібімен қаралған болса, сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау Жоғарғы Сотта қаралады. Іс кассациялық және қадағалау сатыларында істерді көрсетілген сатыларда қарау үшін белгіленген қағидалар бойынша алқалы түрде қаралады. Тиісінше көрсетілген сот сатылары жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жөнінде іс жүргізуді қайта бастауға негіздердің болмауына байланысты қозғалған іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыларына

Ескерту. 476-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

477-бап. Прокурордың қорытындысын қараушы соттың қаулысы

Ескерту. 477-бап алып тасталды - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

478-бап. Сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін іс жүргізу

Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс бойынша ол жөніндегі сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін тергеу және сот талқылауы, сондай-ақ шығарылған жаңа сот шешімдеріне шағым жасау және наразылық келтіру осы Кодексте белгіленген жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Алқабилердің қатысуымен қаралған істер бойынша жаңадан ашылған мән-жайларға орай сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін іс бойынша сот талқылауын бірінші сатыдағы сот алқабилердің қатысуымен жаңа құрамда жүзеге асырады.

Ескерту. 478-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

479-бап. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қозғау кезіндегі азаматтық талап

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша үкімнің күші жойылған жағдайда істі бастапқы қараған кезде қозғалған азаматтық талап жалпы негіздерде қайтадан қаралады. Азаматтық талап бөлігінде ғана істі қайта бастауға тек азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен жол беріледі.

11-бөлім. Қылмыстық істердің жекелеген санаттары бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері

52-тарау. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізу

480-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізудің тәртібі

1. Осы тараудың ережелері қылмыс жасалған сәтте кәмелеттік жасқа, яғни он сегіз жасқа толмаған адамдардың істері бойынша қолданылады.

2. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі осы Кодексте белгіленген жалпы ережелермен, сондай-ақ осы тараудың

баптарымен

айқындалады.

3. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізуге тәртібі:

1) аталған адам жасаған бірнеше қылмыс, олардың бір бөлігін ол он сегіз жасқа толғаннан кейін жасаған қылмыстар туралы істер бір іс жүргізуге біріктірілген;

2) айыпталушы сот ісін жүргізу сәтінде кәмелетке толған жағдайларда қолданылмайды.

481-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша анықтауға жататын мән-жайлар

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша, осы Кодекстің 117-бабында көзделгендерден басқа, дәлелдеуге жататын мән-жайларды алдын ала тергеу және сот талқылауын жүргізу кезінде:

- 1) кәмелетке толмағанның жасы (туған күні, айы, жылы);
- 2) кәмелетке толмағанның тұрмысы мен тәрбие жағдайы;
- 3) интеллектуалдық, ерік-жігерінің және психикалық даму дәрежесі, мінезі мен тегеурінділік ерекшеліктері, мұқтаждары мен мүдделері;
- 4) кәмелетке толмағандарға ересек адамдар мен басқа да кәмелетке толмағандардың ықпалы анықталуға тиіс.

482-бап. Кәмелетке толмағандардың істері бойынша жариялылықты шектеу

Сезікті, айыпталушы кәмелетке толмағанның құпиялылыққа құқығы қылмыстық сот ісін жүргізудің барлық кезеңдерінде сақталуы тиіс.

483-бап. Кәмелетке толмаған туралы істі жеке іс жүргізуге бөлу

1. Ересектермен бірге қылмыс жасауға қатысқан кәмелетке толмағанға қатысты іс осы Кодекстің 49-бабының бірінші бөлігінің 3-тармағына сәйкес алдын ала тергеу сатысында жеке іс жүргізуге бөлінеді.

2. Кәмелетке толмағанға қатысты жеке іс жүргізуге бөлу істің жағдайын жан-жақты және объективті зерттеу үшін айтарлықтай кедергі жасауы мүмкін болатын жағдайларда ересектермен қоса бір іс бойынша жауапқа тартылған кәмелетке толмаған айыпталушыға осы тараудың ережелері қолданылады.

484-бап. Кәмелетке толмаған сезіктіні, айыпталушыны шақырудың тәртібі

1. Кәмелетке толмаған сезікті, айыпталушы тергеушіге немесе сотқа оның ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері арқылы, олар болмаған жағдайда қорғаншы және қамқоршы органдар арқылы шақырылады.

2. Арнаулы мекемеде немесе қамауда ұсталатын кәмелетке толмаған - ол ұсталатын орынның әкімшілігі арқылы шақырылады.

Ескерту. 484-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

485-бап. Кәмелетке толмаған сезіктіден, айыпталушыдан жауап алу

1. Кәмелетке толмаған айыпталушыдан, сезіктіден жауап алу осы Кодекстің 216, 217-баптарында көзделген тәртіппен қорғаушысының, заңды өкілінің, ал қажет болған жағдайда психологтың, педагогтің қатысуымен жүргізіледі. Қорғаушы жауап алушыға сұрақтар қоюға, ал жауап алу аяқталғаннан кейін - хаттамамен танысуға және айғақтар жазбасының дұрыстығы мен толықтығы туралы ескертулер жасауға құқылы.

2. Кәмелетке толмаған сезіктіден, айыпталушыдан жауап алу тәуліктің күндізгі уақытында жүргізіледі және үзіліссіз екі сағаттан артық, ал жалпы алғанда - күніне төрт сағаттан артық жалғастырылуға тиіс емес. Кәмелетке толмаған анық шаршаған жағдайда жауап алу осы уақыт аяқталмай-ақ тоқтатылуы тиіс.

486-бап. Қорғаушының қатысуы

1. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша қорғаушының қатысуы осы Кодекстің 71-бабының бірінші бөлігінің 2-тармағына с ә й к е с м і н д е т т і .

2. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша қорғаушының қатысуына кәмелетке толмағаннан сезікті немесе айыпталушы ретінде алғашқы жауап алынған кезден бастап, ал айып тағылғанға дейін ұсталған не қамауға алынған жағдайда - ұсталған не қамауға алынған кезден б а с т а п р ұ қ с а т е т і л е д і .

3. Егер кәмелетке толмаған сезікті, айыпталушы не олардың заңды өкілдері адвокатпен келісім жасаспаса, тергеуші, прокурор, сот іс бойынша қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

487-бап. Кәмелетке толмаған сезіктінің, айыпталушының заңды өкілінің алдын ала тергеуге қатысуы

1. Кәмелетке толмаған сезіктінің, айыпталушының ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері болған кезде олардың іске қатысуы міндетті. Олар болмаған жағдайда қорғаншы және қамқоршы орган өкілінің қатысуы міндетті.

2. Заңды өкілге, ал ол болмаған жағдайда - қорғаншы және қамқоршы органның өкіліне іске қатысуға тергеушінің қаулысымен кәмелетке толмағаннан сезікті немесе айыпталушы ретінде алғашқы жауап алынған кезден бастап рұқсат етіледі. Заңды өкілге, ал ол болмаған жағдайда - қорғаншы және қамқоршы органның өкіліне іске қатысуға рұқсат етілген ретте, осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген құқықтар түсіндіріледі.

3. Заңды өкілдің: кәмелетке толмағанға не жөнінде күдік келтіріліп немесе айып тағылып отырғанын білуге; айып тағу кезінде қатысуға, кәмелетке толмағаннан жауап алуға, сондай-ақ тергеушінің рұқсатымен, - кәмелетке толмаған айыпталушының, сезіктінің және оның қорғаушысының қатысуымен жүргізілетін өзге де тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға; өзі қатысқан тергеу іс-әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және ондағы жазбалардың дұрыстығы мен толықтығы туралы жазбаша ескерту жасауға; өтініштер мен қарсылықтар мәлімдеуге, тергеуші мен прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасауға; дәлелдемелер ұсынуға; тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген көлемде кез келген мәліметті көшіріп алуға құқығы бар.

4. Тергеуші алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін кәмелетке толмағанға танысу үшін оған кері әсер етуі мүмкін материалдарды көрсетпеу, бұл материалдармен заңды өкілді таныстыру туралы қаулы шығаруға құқылы.

5. Егер оның іс-әрекеті кәмелетке толмағанның мүдделеріне залал келтіреді немесе істі объективті тергеуге кедергі келтіруге бағытталған деп санауға негіз болса, заңды өкіл іске қатысудан шеттетілуі мүмкін. Ол туралы тергеуші дәлелді қаулы шығарады. Іске қатысуға кәмелетке толмағанның басқа заңды өкілі жіберілуі мүмкін.

488-бап. Педагог пен психологтың қатысуы

1. Он алты жасқа толмаған, сондай-ақ осы жасқа толған, бірақ психикалық дамуында мешеулік белгілері бар кәмелетке толмаған сезіктінің, айыпталушының қатысуымен іс жүргізу әрекетін жүргізу кезінде педагогтің немесе психологтың қатысуы міндетті.

2. Он алты жасқа толған кәмелетке толмағандар туралы іс бойынша педагог немесе психолог іске қатысуға тергеушінің, соттың ұйғаруы бойынша не қорғаушының, заңды өкілдің өтініші бойынша жіберіледі.

3. Педагог, психолог тергеушінің, соттың рұқсатымен кәмелетке толмаған сезіктіге, айыпталушыға сұрақтар қоюға, ал іс жүргізу әрекеті аяқталғаннан кейін - тергеу қимылының хаттамасымен (соттың талқылануына олардың қатысуын көрсететін бөлігінде сот отырысының хаттамасымен) танысуға және ондағы жазбалардың дұрыстығы мен толықтығы туралы жазбаша ескерту жасауға құқықты, тергеушінің, соттың ұйғаруы бойынша кәмелетке толмағанның жеке басын сипаттайтын іс материалдарымен танысуға құқығы бар. Бұл құқықтарды тергеуші педагогқа, психологқа іс жүргізу әрекеті басталар алдында түсіндіреді, ол туралы тергеу қимылының хаттамасында, сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

489-бап. Кәмелетке толмағанға кешенді психологиялық-психиатриялық және психологиялық сараптама жасау

1. Кәмелетке толмаған сезіктіде, айыпталушыда жүйке ауруының немесе дамуында ауытқушылықтардың бар екендігі және оның өз әрекеттеріне толық немесе ішінара есеп беру және нақты жағдайда іс-әрекетін игеру қабілеті туралы мәселені шешу үшін кешенді психологиялық-психиатриялық сараптама тағайындау міндетті.

2. Кәмелетке толмаған сезіктінің, айыпталушының интеллектуалдық, ерік-жігер, психикалық дамуының деңгейін, жеке басының өзге де элеуметтік-психологиялық қырларын анықтау үшін психологиялық сараптама тағайындалуы мүмкін.

490-бап. Кәмелетке толмағанды арнаулы мекемеге орналастыру

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Кәмелетке толмаған айыпталушы өмір сүру және тәрбие жағдайы бойынша бұрынғы тұратын жерінде қалдырыла алмайтын жағдайларда ол соттың қаулысы бойынша арнаулы балалар мекемесіне орналастырылуы мүмкін.

Ескерту. 490-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

491-бап. Кәмелетке толмағандарды ұстау және оларға бұлтартпау шараларын қолдану

1. Сезікті, айыпталушы кәмелетке толмағандарға осы Кодекстің 140-бабында көзделген бұлтартпау шаралары қолданылуы мүмкін.

2. Кәмелетке толған сезіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шараларын қолдану туралы мәселені шешу кезінде әрбір жағдайда кәмелетке толмаған сезіктіні, айыпталушыны осы Кодекстің 147-бабында көзделген тәртіппен кісі қарауына беру тәрізді таңдау мүмкіндігі талқылануы тиіс.

3. Бұлтартпау шарасы ретінде қамау, сондай-ақ ұстау кәмелетке толмағанға осы Кодекстің 132, 150-баптарында көрсетілген негіздер болса, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған кезде ғана ерекше жағдайларда қолданылуы мүмкін.

4. Кәмелетке толмағанды осы Кодекстің 153-бабында белгіленген алдын ала тексеру сатысында қамауда ұстаудың мерзімі алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Кәмелетке толмағандар бөлек ұсталады.

5. Тұтқындау, қамау немесе қамауда ұстау мерзімін ұзарту туралы кәмелетке

толмағанның ата-аналары немесе оның басқа да заңды өкілдері, ал олар болмаған жағдайда - жақын туыстары дереу хабардар етіледі.

492-бап. Кәмелетке толмаған сотталушының заңды өкілінің сот талқылауына қатысуы

1. Сот отырысына кәмелетке толмаған сотталушының ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері шақырылуы тиіс. Олардың сот тергеуінде дәлелдерді зерттеуге қатысуға, айғақтар беруге, дәлелдер келтіруге, өтініштер мен қарсылық білдіруге, соттың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдар жасауға, істі апелляциялық тәртіппен қараушы соттың отырысына қатысуға және шағымдарға түсіндірмелер беруге құқығы бар. Көрсетілген құқықтар оларға сот талқылауының даярлық бөлігінде түсіндірілуі тиіс. Заңды өкілдер сот отырысының залында бүкіл сот талқылауы бойында болады. Олардың келісімімен олардан сот куәгерлер ретінде жауап алынуы мүмкін.

2. Заңды өкіл соттың дәлелді қаулысымен, егер оның іс-әрекеті кәмелетке толмаған сотталушының мүдделеріне залал келтіреді немесе істі объективті қарауға кедергі келтіруге бағытталған деп санайтын негіздер болса, сот талқылауына қатысудан шеттетілуі мүмкін. Бұл жағдайда кәмелетке толмаған сотталушының басқа заңды өкілі жіберіледі.

3. Кәмелетке толмаған сотталушының заңды өкілінің келмеуі, егер сот оның қатысуы қажет деп таппаса, істі қарауды тоқтатпайды.

4. Егер кәмелетке толмаған сотталушының заңды өкілі қорғаушы немесе азаматтық жауапкер ретінде іске қатысуға тартылған болса, ол процеске аталған қатысушылардың құқығына ие және міндеттерін орындайды.

Ескерту. 492-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.11 N 238 Заңымен.

493-бап. Кәмелетке толмаған сотталушыны сот отырысының залынан шығару

1. Қорғаушының немесе заңды өкілдің өтініші бойынша, сондай-ақ өзінің бастамашылығы бойынша сот тараптардың пікірін ескере отырып өзінің қаулысымен кәмелетке толмаған сотталушыны оған теріс әсер етуі мүмкін мән-жайларды зерттеу уақытында сот отырысының залынан шығаруға құқылы.

2. Кәмелетке толмаған сотталушы сот отырысының залына қайтып оралған соң төрағалық етуші оған оның болмаған кезінде өткен талқылаудың мазмұнын қажетті көлем мен нысанда хабарлайды және кәмелетке толмағанға өзінің жоқ кезінде жауап алынған адамдарға сұрақ қою мүмкіндігін береді.

494-бап. Кәмелетке толмағанның ісі бойынша үкім шығару кезінде сот шешетін мәселелер

1. Кәмелетке толмағанға үкім шығару кезінде сот осы Кодекстің 371-бабында аталған мәселелермен бірге бас бостандығынан айыруға байланысы жоқ шартты соттау, жаза тағайындау туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

Қылмыстық кодекcінде көзделген жағдайларда жазадан босату туралы мәселені т а л қ ы л а у ғ а м і н д е т т і .

2. Бас бостандығынан айыруға байланысы жоқ шартты соттау, жаза шараларын қолдану, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру не тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану жағдайларында сот бұл туралы мамандандырылған мемлекеттік органға хабарлайды және оған сотталушының мінез-құлқына бақылау жасауды жүзеге асыруды жүктейді.

Ескерту. 494-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

495-бап. Кәмелетке толмағанды тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып жазадан босату

Егер кішігірім, орташа ауырлықтағы немесе ауыр қылмыс туралы іс бойынша осы қылмысты жасаған кәмелетке толмаған қылмыстық жаза шарасын қолданусыз түзелуі мүмкін деп танылса, сот айыптау үкімін шығара отырып, кәмелетке толмаған сотталушыны жазадан босатуға және оған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекcінің 82-бабында көзделген тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы. Үкімнің көшірмесі мамандандырылған мемлекеттік органға жіберіледі.

Ескерту. 495-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

53-тарау. Артықшылықтары мен қылмыстық ізге түсуден иммунитеттері бар адамдардың істері бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері

496-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты алдын ала тергеу ісін жүргізу

1. Республика Парламентінің депутатына қатысты қылмыстық істі Қазақстан Республикасының анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асырушы мемлекеттік органының басшысы ғана қозғауы мүмкін. Қылмыстық істің қозғалуы туралы дереу Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры хабардар етіледі. Шұғыл тергеу қимылдарын жүргізген соң іс қырық сегіз сағаттан кешіктірілмей Қазақстан Республикасының Бас прокуроры арқылы тергеушіге беріледі. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына қатысты істер бойынша алдын ала тергеу ісін жүргізу міндетті.

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын өз өкілеттік мерзімі ішінде, қылмыс жасаған орнында қолға түсу немесе ауыр не аса ауыр қылмыстар жасау жағдайларын қоспағанда, Парламенттің тиісті Палатасының келісімінсіз қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге, қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

3. Депутатты қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Парламенттің Сенатына немесе Мәжілісіне ұсыныс енгізеді. Ұсыныс депутатқа айып тағу, қамауға алуға санкция беру, депутатты қылмыстық ізге түсу органынан мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені шешу алдында е н г і з і л е д і .

3-1. Қылмыс жасаған деп айыпталушы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы мәселені алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған қаулысының негізінде Астана қаласының аудандық соты шешеді.

4. Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы депутатты қылмыстық жауапқа тартуға келісім берсе, бұдан кейінгі тергеу осы Кодексте белгіленген тәртіппен осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып ж ү р г і з і л е д і .

5. Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы қамауға алуға , мәжбүрлеп келтіруге келісім берсе, депутатқа осы бұлтартпау шараларын, іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселе осы Кодексте белгіленген тәртіппен шешіледі.

6. Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы депутатты қылмыстық жауапқа тартуға келісім бермеген жағдайда қылмыстық іс қ ы с қ а р т ы л у ғ а ж а т а д ы .

7. Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы қамауға алуға , мәжбүрлеп келтіруге келісім бермеген жағдайда, депутатқа осы Кодексте белгіленген тәртіппен өзге бұлтартпау, іс жүргізушілік мәжбүрлеу шаралары қ о л д а н ы л у ы м ү м к і н .

8. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты қылмыстық істі тергеудің заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты осы Кодекске сәйкес прокурор санкция беруге тиіс тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге санкцияларды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры береді. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау мерзімін осы Кодекстің 153-бабында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған ұзартуды Астана қаласының аудандық соты жүргізеді. Қамауда ұстауды тоғыз айдан астам

мерзімге ұзарту туралы өтінішті Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының қолдауы туралы мәселе Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының алқасында алдын ала қаралады.

9. Іс жүргізілу аяқталған істі айыптау қорытындысымен бірге тергеуші осы Кодексте белгіленген тәртіппен сотқа жіберу үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына береді.

Ескерту. 496-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

497-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты алдын ала тергеу ісін жүргізу

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты қылмыстық істі Қазақстан Республикасының анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асырушы мемлекеттік органының басшысы ғана қозғай алады. Қылмыстық істің қозғалуы туралы дереу Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры хабарландырылады. Шұғыл тергеу қимылдарын жүргізген соң іс қырық сегіз сағаттан кешіктірілмей, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры арқылы тергеушіге беріледі. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты істер бойынша алдын ала тергеу ісінің жүргізілуі міндетті.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшесі өз өкілеттіктерінің мерзімі ішінде қылмыс үстінде қолға түсу немесе ауыр не аса ауыр қылмыстар жасау жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламентінің келісімінсіз қамауға алынбайды, мәжбүрлеп келтірілмейді, қылмыстық жауапқа тартылмайды.

3. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшесін қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсыныс енгізеді. Ұсыныс Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне айыптау, қамауға алуға санкция беру, оны қылмыстық ізге түсу органына мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені шешу алдында енгізіледі.

3-1. Қылмыс жасаған деп айыпталушы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшесін қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы мәселені алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған қаулысының негізінде Астана қаласының аудандық соты шешеді.

4. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасы

Парламентінің шешімін алған соң іс бойынша әрі қарай іс жүргізу осы Кодекстің 496-бабының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 497-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

498-бап. Судьяға қатысты алдын ала тергеу ісін жүргізу

1. Судьяға қатысты тергеу ісін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ғана қозғауы мүмкін, ол анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асырушы органға тергеу жүргізуді тапсырады. Судьяға қатысты істер бойынша алдын ала тергеу ісін жүргізу міндетті.

2. Судья Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3-тармақшасында көзделген жағдайда - қылмыс үстінде қолға түсу немесе ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз қамауға алынбайды, мәжбүрлеп келтірілмейді, қылмыстық жауапқа тартылмайды.

3. Судьяны қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасының Президентіне, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында көзделген жағдайда - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына ұсыныс енгізеді. Ұсыныс судьяға айып тағу, қамауға алуға санкция беру, судьяны қылмыстық ізге түсу органына мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені шешу алдында енгізіледі.

3-1. Қылмыс жасаған деп айыпталушы судьяны қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы мәселені алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған қаулысының негізінде Астана қаласының аудандық соты шешеді.

4. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шешімін алған соң іс бойынша әрі қарай іс жүргізу осы Кодекстің 496-бабының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 498-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

499-бап. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты алдын ала тергеу ісін жүргізу

1. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты қылмыстық істі оның бірінші орынбасары ғана қозғауы мүмкін. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған кезден бастап Бас Прокурордың бірінші орынбасарының ұсынуы бойынша тергеу аяқталғанға дейін өзінің қызметтерін атқарудан Қазақстан Республикасының Президенті шеттетеді. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры өзінің өкілеттіктерінің мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз, қылмыс үстінде қолға түскен немесе ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасау жағдайларын қоспағанда, қамауға алынбайды, мәжбүрлеп келтірілмейді, қылмыстық жауапқа тартылмайды.

2. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорын қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім алу үшін Бас Прокурордың бірінші орынбасары Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсыныс енгізеді. Ұсыныс Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына айып тағудың, қамауға алуға санкция берудің, оны қылмыстық ізге түсу органына мәжбүрлеп жеткізудің қажет екені туралы мәселені шешудің алдында енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатынан шешім алған соң іс бойынша одан әрі іс жүргізу осы Кодекстің 496-бабының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші бөліктерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3-1. Қылмыс жасаған деп айыпталушы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы мәселені алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары қолдаған қаулысының негізінде Астана қаласының аудандық соты шешеді.

4. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты қылмыстық істі тексерудің заңдылығын қадағалауды оның бірінші орынбасары жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты тергеу қимылын жүргізуге санкцияны оның бірінші орынбасары береді. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты тергеу мерзімін ұзартуды осы Кодексте көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары жүргізеді. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты қамауға алу немесе үйде қамауда ұстау мерзімін ұзарту Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары өтінішті қолдағаннан кейін осы Кодекстің 153-бабында және 496-бабының сегізінші бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

5. Айыптау қорытындысымен бірге аяқталған істі тергеуші осы Кодексте белгіленген тәртіппен сотқа жіберу үшін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасарына тапсырады.

Ескерту. 499-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

500-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына, Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне, судьяға, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты қылмыстық істі соттың талқылауы

1. Істі қарау осы бапта жазылған ережелер ескеріле отырып сотта талқылаудың жалпы қағидалары бойынша жүргізіледі.

2. Сот сотталатын Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне, судьяға, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына тыйым салу шарасы ретінде қамауға алуды, ал іс жүргізушілік мәжбүрлеу шарасы ретінде - егер Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабының 4-тармағында, 71-бабының 5-тармағында, 79-бабының 2-тармағында, 83-бабының 3-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар қамауға алуға, мәжбүрлеп келтіруге келісім беруге алдын ала тергеуде бас тартса немесе мұндай келісім сұралмаса, осы Кодекстің 496-бабының үшінші бөлігіне, 497-бабының үшінші бөлігіне, 498-бабының үшінші бөлігіне, 499-бабының екінші бөлігіне сәйкес көзделген тәртіппен бұған келісім беру туралы ұсыныспен өтініш жасап, мәжбүрлеп келтіруді қолдануға құқылы.

501-бап. Қылмыстық ізіне түсуден дипломатиялық иммунитеті бар адамдар

1. Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес қылмыстық ізіне түсуден иммунитетті мынадай адамдар пайдаланады:

1) шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары, осы өкілдіктердің дипломатиялық қызметкерлері және, егер олармен бірге тұрса және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, олардың отбасыларының мүшелері;

2) өзара негізде дипломатиялық өкілдіктердің қызмет көрсету қызметкерлерімен, егер осы қызметкерлер мен олардың отбасыларының мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса немесе Қазақстанда тұрақты тұрмаса, олармен бірге тұратын олардың отбасыларының мүшелері, консулдықтардың басшылары және олардың қызмет міндеттерін атқаруы кезінде жасаған әрекеттеріне қатысты, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, басқа да консулдық лауазымды адамдар;

3) өзара негізде дипломатиялық өкілдіктердің әкімшілік-техникалық

қызметтерінің қызметкерлері және, егер бұл қызметкерлер мен олардың отбасыларының мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса немесе Қазақстанда тұрақты тұрмаса, олармен бірге тұратын олардың отбасыларының мүшелері;

4) дипломатиялық курьерлер;

5) шет мемлекеттердің басшылары мен өкілдері, Парламент және Үкімет делегацияларының мүшелері және өзара негізде - Қазақстанға халықаралық келіссөздерге, халықаралық конференциялар мен кеңестерге қатысу үшін немесе басқа ресми тапсырмалармен келетін, не сондай мақсаттармен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен жол шеккен шет мемлекеттер делегацияларының қызметкерлері және егер бұл отбасылар мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса, аталған адамдардың олардың қасына еріп жүрген отбасыларының мүшелері;

6) халықаралық ұйымдардағы шет мемлекеттер өкілдіктерінің басшылары, мүшелері мен қызметкерлері, халықаралық шарттардың немесе жалпы жұрт таныған халықаралық салт-дәстүрлер негізінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін осы ұйымдардың лауазымды адамдары;

7) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтуші шет мемлекеттердің үшінші бір елдегі дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары, өкілдіктерінің дипломатиялық қызметкерлері және аталған адамдардың қасына еріп жүретін немесе оларға қосылу немесе өзінің еліне оралу үшін жеке келе жатқан олардың отбасыларының мүшелері;

8) Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес өзге де адамдар

2. Осы баптың бірінші бөлігінің 1, 4-7-тармақтарында аталған адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес өзге де адамдар қылмыстық ізіне түсушілікке шет мемлекет қылмыстық ізіне түсушілік иммунитетінен үзілді-кесілді бас тарту жасаған жағдайда қылмыстық ізіне түсушілікке ұшырауы мүмкін. Мұндай бас тарту туралы мәселе Бас Прокурордың ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы дипломатиялық жолмен шешіледі. Тиісті шет мемлекеттің аталған адамдар жөнінде қылмыстық ізіне түсушілік иммунитетінен бас тартуы болмаған жағдайда оларға қатысты қылмыстық іс қозғалмайды, ал қозғалған іс - т о қ т а т ы л у ғ а т и і с .

3. Осы баптың екінші бөлігінің қағидалары бұл адамдардың жасаған қылмысы өздерінің қызмет міндеттерін атқаруға байланысты болған және Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталмаған жағдайларды қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше

көзделмесе, осы баптың бірінші бөлігінің 2 және 3-тармақтарында аталған адамдарға қолданылмайды.

502-бап. Дипломатиялық иммунитетті пайдаланушы адамдарды ұстау және қамауға алу

1. Осы Кодекстің 501-бабының бірінші бөлігінің 1, 4-7-тармақтарында аталған адамдар, сондай-ақ өзге де адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес жеке басына тиіспеушілік құқығын пайдаланады. Оларға қатысты заңды күшіне енген үкімді орындау үшін қажет жағдайларды қоспағанда, оларды ұстауға немесе қамауға алуға болмайды.

2. Осы Кодекстің 501-бабының бірінші бөлігінің 2 және 3-тармақтарында аталған адамдар, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, олар ауыр, аса ауыр қылмыс жасағаны үшін ізіне түскен жағдайда не соттың заңды күшіне енген үкімін орындау кезінде ғана ұсталуы немесе қамауға алынуы мүмкін.

503-бап. Айғақтар беруден дипломатиялық иммунитет

1. Осы Кодекстің 501-бабының бірінші бөлігінің 1, 3-6-тармақтарында аталған адамдар, сондай-ақ өзге де адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес куәгер, жәбірленуші ретінде айғақтар бермеуіне болады, ал мұндай айғақтарды беруге келіскен жағдайда бұл үшін қылмыстық процесті жүргізуші органға келуі міндетті емес. Аталған адамдарға тапсырылған жауап алуға шақыру қағазында олардың қылмыстық процесті жүргізуші органға келмегені үшін мәжбүрлеу шараларымен қоқан-лоққы жасалмауы тиіс.

2. Егер осы адамдар алдын ала тергеуде жәбірленуші, куәгер ретінде айғақтар берген, ал сот отырысына келмеген жағдайда, сот олардың айғақтарын оқып бере а л а д ы .

3. Осы Кодекстің 501-бабының бірінші бөлігінің 2-тармағында аталған адамдар, өздерінің қызмет міндеттерін атқаруына байланысты мәселелер бойынша берген айғақтарды қоспағанда, куәгерлер мен жәбірленушілер ретінде айғақтар беруден бас тарта алмайды. Консулдық лауазымды адамдар куәгерлік айғақтар беруден бас тартқан жағдайда оларға іс жүргізушілік мәжбүрлеу шаралары қолданыла алмайды .

4. Дипломатиялық иммунитетті пайдаланушы адамдар қылмыстық процесті жүргізуші органға хат-хабар мен өздерінің қызметтік міндетін атқаруға қатысты басқа да құжаттарды табыс етуге міндетті емес.

504-бап. Үй-жайлар мен құжаттардың дипломатиялық иммунитеті

1. Дипломатиялық өкілдік басшысының резиденциясы, дипломатиялық өкілдік орналасқан үй-жайлар, дипломатиялық қызметкерлер мен олардың отбасылары мүшелерінің тұрғын үй-жайлары, олардағы мүлік пен жүріп-тұру

құралдары қол сұғылмайтын болып табылады. Осы үй-жайларға кіру, сондай-ақ тінту, сұрыптап алу, мүлікке тыйым салу дипломатиялық өкілдік басшысының немесе оны алмастыратын адамның келісімімен ғана жүргізіледі.

2. Өзара негізде осы баптың бірінші бөлігінде көзделген иммунитет дипломатиялық өкілдіктің қызмет көрсетуші қызметкерлер және олармен, егер бұл қызметкерлер мен олардың отбасыларының мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болмаса, олармен бірге тұратын олардың отбасыларының мүшелері орналасқан тұрғын үй-жайларға қолданылады.

3. Консулдық орналасқан үй-жай мен консулдық басшысының резиденциясына өзара негізде қол сұғылмаушылық құқығы қолданылады. Осы үйлерге кіру, тінту, сұрыптап алу, тыйым салу тиісті шет мемлекет консулдығының немесе дипломатиялық өкілдігі басшысының өтініші бойынша немесе келісімімен ғана орын алуы мүмкін.

4. Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдықтардың архивтері, ресми жазысқан хаттары және басқа да құжаттар қол сұғылмайтын болып табылады. Олар дипломатиялық өкілдік консулдық басшысының келісімінсіз қаралмайды және алынбайды. Дипломатиялық почта ашылуға және ұсталуға тиіс емес.

5. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген үй-жайларға кіруге, оларға тінту жүргізуге, сұрыптап алуға, сондай-ақ қарау мен осы баптың төртінші бөлігінде аталған құжаттарды қарауға және сұрыптап алуға дипломатиялық өкілдіктер мен консулдықтар басшыларының келісімін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы прокурор с ұ р а т а д ы .

6. Аталған жағдайларда тінту, сұрыптап алу, қарау прокурордың және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

12-бөлім. Айрықша іс жүргізу

54-тарау. Ессіз күйдегі адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу

505-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізу негіздері

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 90-бабында аталған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізу есі кіресілі-шығасылы күйде қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет жасаған немесе қылмыс жасаған соң жаза тағайындау немесе оны орындау мүмкін

болмайтын дәрежеде психикасы бұзылып ауырған адамдарға қатысты істер бойынша жүзеге асырылады.

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары дертті психикалық ауытқушылық өзі немесе басқа адамдар үшін қауіп-қатермен байланысты болған не оның өзге де елеулі зиян келтіру мүмкін болған жағдайда ғана тағайындалады.

3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша іс жүргізу осы Кодекстің жалпы қағидаларымен және сонымен бірге осы тараудың ережелерімен айқындалады.

506-бап. Дәлелдеуге жататын мән-жайлар

1. Осы Кодекстің 505-бабының бірінші бөлігінде аталған адамдарға қатысты істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті.

2. Алдын ала тергеу жүргізу кезінде мынадай мән-жайлар анықталуы тиіс:

1) жасалған әрекеттің уақыты, орны, тәсілдері мен басқа да мән-жайлары;

2) осы адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасауы;

3) әрекетпен келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері;

4) қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адамның оны жасағанға дейінгі, сондай-ақ одан кейінгі мінез-құлқы;

5) осы адамда бұдан бұрын психикалық ауытқушылықтың бар-жоғы, қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасау кезінде немесе істі қарау кезінде психикалық сырқаттану дәрежесі мен сипаты.

507-бап. Қауіпсіздік шаралары

1. Заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған және психикалық сырқатқа шалдыққан адамдарға бұлтартпау шаралары қолдануға болмайды.

2. Осы адамдарға қажет болған жағдайда мынадай қауіпсіздік шаралары қолданылады:

1) денсаулық сақтау органдарын хабарландыра отырып, ауруды туыстарының, қамқоршыларының, қорғаншыларының қарауына беру;

2) психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға орналастыру.

Ескерту. 507-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

508-бап. Туған-туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының қарауына беру

1. Психикалық сырқатқа шалдығу фактісі анықталған кезден бастап заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған, бірақ айналадағы адамдарға қауіп төндірмейтін адам, денсаулық сақтау органдарын хабарландыра отырып, туған-туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының қарауына берілуі мүмкін.

2. Осы шараны таңдап алу туралы тергеуші, сот дәлелді қаулы шығарады.

509-бап. Мамандандырылған медициналық ұйымға орналастыру

1. Бұлтартпау шарасы ретінде бұдан бұрын қамауға алынған адамның психикалық сырқатқа шалдығу фактісі анықталған кезде прокурордың қаулысы бойынша ол қатаң оқшаулау жағдайында ауруларды ұстауға лайықталған психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстырылады.

2. Қамауда ұсталған адамды психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға орналастыру осы Кодекстің 247-бабының ережелері бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 509-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

510-бап. Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі кіресілі-шығасылы күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасы бұзылумен ауырған адамға қатысты істі бөліп алу

Егер қылмыстық істі тексеру кезінде қатысушылардың бірі әрекетті есі кіресілі-шығасылы күйде жасағаны немесе қылмыс жасаған соң психикасы бұзылумен ауырғаны анықталатын болса, оған қатысты іс жеке іс жүргізуге бөлінуі мүмкін.

511-бап. Өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізілетін адамның құқықтары

1. Өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізілетін адам, сот-психиатриялық сараптама қорытындысы бойынша бұған оның сырқатының сипаты мен ауырлық дәрежесі кедергі келтірмейтін болса; өзін қандай әрекетті жасағаны үшін айыптайтындығын білуге; түсініктемелер беруге; дәлелдер келтіруге; өтініштер мен бас тартуларды мәлімдеуге; өзінің ана тілінде немесе білетін тілінде түсінісуге аудармашының көмегін тегін пайдалануға; қорғаушысы болуына және онымен оңаша және құпия кездесуге; тергеушінің рұқсатымен оның өтініші немесе қорғаушысының өтініші бойынша жүргізілетін тергеу қимылдарына қатысуға; осы қимылдардың хаттамаларымен танысуға және оларға ескертпелер жасауға; сараптама тағайындау туралы қаулымен және сарапшының қорытындысымен танысуға; алдын ала тергеу аяқталған соң істің барлық материалымен танысуға және одан кез келген көлемде кез келген мәліметті көшіріп алуға; тергеушінің, прокурор мен соттың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдар жасауға, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін істі сотқа жіберу туралы қаулының көшірмесін алуға құқылы. Істің сотта талқылауында, бұдан басқа, аталған адамның дәлелдерді зерттеуге және сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер жасауға; соттың

қаулысына шағымдануға және шағымдалатын шешімдердің көшірмелерін алуға; ісі бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылықтар білдіруге; мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысуға құқығы бар.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамға тергеуші оның құқықтарын түсіндіруге және олардың тізбесін жазбаша түрде табыс етуге міндетті. Соттың талқылауындағы құқықтары түсіндірілгені туралы сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

512-бап. Заңды өкілдің қатысуы

1. Өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізілетін адамның жақын туысқаны немесе өзге тұлға осы адамның заңды өкілі болып танылады және тергеушінің немесе прокурордың қаулысы бойынша не соттың қаулысы бойынша іске қатысуға тартылады.

1-1. Өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізілетін адамның заңды өкілінің сотқа қатысуы міндетті болып табылады.

2. Заңды өкіл өзі өкілі болып отырған адамның заңмен тыйым салынған қандай әрекетті жасағаны мойнына қойылуын білуге; өтініштер мен бас тартуларды мәлімдеуге; дәлелдер келтіруге; тергеушінің рұқсатымен оның немесе қорғаушысының өтініші бойынша жүргізілетін тергеу қимылдарына қатысуға; өзі қатысқан тергеу қимылдарының хаттамаларымен танысуға және ондағы жасалған жазбалардың дұрыстығы мен толықтығы туралы жазбаша ескертпелер жасауға; алдын ала тергеу аяқталған соң істің барлық материалымен танысуға, одан кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға; істі тоқтату туралы немесе істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберу туралы қаулының көшірмесін алуға; сот талқылауына қатысуға; тергеушінің, прокурор мен соттың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдар беруге; соттың қаулысына шағым жасауға және шағымдалатын шешімдердің көшірмелерін алуға; іс бойынша келтірілетін шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылықтар білдіруге; мәлімделген шағымдар мен наразылықтарды соттың қарауына қатысуға құқығы бар.

3. Заңды өкілге құқықтарының түсіндірілгені туралы хаттама жасалады.

Ескерту. 512-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

513-бап. Қорғаушының қатысуы

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуге қорғаушының қатысуы, егер қорғаушы бұдан бұрын іске өзге негіздер бойынша араласпаған болса, өзіне қатысты іс жүргізіліп отырған

адамның есінің кіресілі-шығасылылығы немесе психикасының бұзылу фактісі анықталған кезден бастап міндетті болып табылады.

2. Іске араласу кезінен бастап қорғаушы, егер бұған қорғалушының денсаулық жайы кедергі келтірмейтін болса, қорғауындағы адаммен оңаша жүздесуге құқығы бар, сондай-ақ осы Кодекстің 74-бабында көзделген басқа да барлық құқықтарды пайдаланады.

514-бап. Алдын ала тергеудің аяқталуы

1. Алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін тергеуші:

1) іс жүргізу ісін - 37-бапта және 269-баптың үшінші бөлігінде көзделген, сондай-ақ сырқатты психикасының бұзылуы өзі немесе басқа адамдар үшін қауіп-қатермен не өзге елеулі зиян келтірілуі мүмкін жағдайларда қысқарту т у р а л ы ;

2) істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберу туралы қаулы шығарады.

2. Істі қысқарту туралы немесе істі сотқа жіберу туралы тергеуші өзіне қатысты алдын ала тергеу жүргізілген адамға, егер өзінің психикалық жай-күйі бойынша бұл адам тергеу қимылдарына қатысуға қабілетті болса, оның заңды өкіліне және қорғаушысына, сондай-ақ жәбірленушіге хабарлайды. Тергеуші процестің аталған қатысушыларына олардың істің материалдарымен танысу құқығын түсіндіреді және бұл құқығын олардың қайда және қашан пайдалана алатындығын хабарлайды. Іспен танысудың тәртібі тексеруді толықтыру туралы өтініштер мен рұқсаттардың тәртібі осы Кодекстің 275, 276-баптарымен белгіленеді.

3. Істі қысқарту туралы қаулы осы Кодекстің 269-бабының ережелері бойынша шығарылады. Істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберу туралы қаулыда осы Кодекстің 506-бабында көрсетілген және іс бойынша анықталған мән-жайлар; медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін негіздер, егер олар айтылған болса, қорғаушы мен басқа да адамдардың медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының негіздеріне дау айтатын уәждері жазылуы тиіс.

4. Істі сотқа жіберу туралы қаулыға қосымша осы Кодекстің 279-бабының ережелері бойынша жасалады.

5. Істі сотқа жіберу туралы қаулымен тергеуші оны прокурорға береді, ол істі зерделеп, мына шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) істі сотқа жібереді;

2) істі қосымша тексеру жүргізу үшін тергеушіге қайтарады;

3) істі осы баптың бірінші бөлігінің 1-ші тармағында көрсетілген негіздер бойынша қысқартады.

6. Істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа

жіберу туралы қаулының көшірмесі заңды өкілге табыс етіледі.

Ескерту. 514-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47 Заңымен.

515-бап. Сотта іс жүргізу

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді бірінші сатыдағы соттар қарайды. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың үкіміне, қаулысына берілген апелляциялық шағымдар немесе наразылық бойынша қылмыстық істі қараған кезде қарауы мүмкін.

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс сотқа келіп түскеннен кейін судья оны осы Кодексте көзделген қағидалар бойынша сот отырысында қарауға тағайындайды.

3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қарау кезінде соттың құрамы осы Кодекстің 58-бабына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 515-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

516-бап. Іс бойынша шешім қабылдау кезінде сот шешетін мәселелер

1. Істі сотта талқылау процесінде мынадай мәселелер зерттелуі және шешілуі тиіс:

- 1) қылмыстық заңмен көзделген әрекет орын алды ма;
- 2) ісі қаралып отырған адам әрекет жасады ма;
- 3) ісі қаралып отырған адам әрекетті есі кіресілі-шығасылы күйде жасады ма;
- 4) осы адам қылмысты жасағаннан кейін жаза тағайындау және оны орындау мүмкін болмайтын психикасы бұзылумен ауырды ма;
- 5) адамның дертті психикасы бұзылуы оның өзі немесе басқа адамдар үшін қауіпті ме не оның өзге де елеулі зиян келтіру мүмкіндігін тудыра ма;
- 6) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылуға тиіс пе және нақ қандайы.

2. Сот, сондай-ақ осы Кодекстің 371-бабының бірінші бөлігінің 10, 11, 12-тармақтарында көрсетілген мәселелерді шешеді.

517-бап. Сот қаулысы

1. Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті осы адамның есі кіресілі-шығасылы күйде жасағаны немесе осы адамның қылмысты жасағаннан кейін жазаны тағайындау немесе оны орындау мүмкін болмайтын психикасы бұзылумен ауырғаны дәлелденді деп танып, сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 16, 73-баптарына сәйкес осы адамды тиісінше қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босату туралы және оған медициналық сипаттағы және нақ қандай мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы

қаулы

шығарады.

2. Егер осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адам өзінің психикалық жай-күйі бойынша қауіп-қатер тудырмайтын болса не ол аса ауыр емес әрекет жасаған болса, сот істі тоқтату туралы және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданбау туралы қаулы шығарады.

3. Сот осы адамның әрекетті жасауға қатысқаны дәлелденген жоқ деп таныған, сондай-ақ осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігіндегі 1-12-тармақтарында, 38-бабының бірінші бөлігінде көзделген мән-жайлар анықталған кезде сот өзі анықтаған негіз бойынша адамда аурудың болуына және оның сипатына қарамастан істі қысқарту туралы қаулы шығарады.

4. Осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген негіздер бойынша іс қысқартылған кезде сот қаулысының көшірмесі бес күн мерзімде психиатриялық көмекке мұқтаж адамдарды емдеу немесе психоневрологиялық мекемеге жіберу туралы мәселені шешу үшін денсаулық сақтау органына жібереді.

5. Ісі қаралып отырған адамның психикасының бұзылуы анықталмады немесе қылмыс жасаған адамның ауруы оған жазалау шараларын қолдануды жоққа шығармайды деп танып, сот өзінің қаулысымен істі қосымша тексеру жүргізу және істі бұдан әрі жалпы тәртіппен жолдау үшін қайтарады.

6. Соттың қаулысында осы Кодекстің 383-бабында көрсетілген мәселелер шешіледі.

518-бап. Соттың қаулысына шағымдану және наразылық беру

1. Аудандық және оған теңестірілген соттың қаулысына – осы Кодекстің 47-тарауында көзделген қағидалар бойынша апелляциялық тәртіппен, ал апелляциялық сатыдағы соттың қаулысына қорғаушы, жәбірленуші мен оның өкілі, ісі қаралған адамның заңды өкілі немесе жақын туысы осы Кодекстің 48-1-тарауында көзделген кассациялық тәртіппен шағымдануы, сондай-ақ прокурор наразылық келтіруі мүмкін. Осы Кодекстің 511-бабына сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адам істі сотта талқылауға қатысқан жағдайда ол, егер сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысы бойынша оның ауруының сипаты мен ауырлық дәрежесі бұған кедергі жасамаса, сот қаулысына шағымдануға құқылы.

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы қаулы осы Кодекстің 49-тарауында көзделген тәртіппен орындауға беріледі.

Ескерту. 518-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

519-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тоқтату, өзгерту және мерзімін ұзарту

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды тоқтату, өзгерту немесе мерзімін ұзарту туралы мәселелерді Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 93-бабында көзделген тәртіппен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы қаулы шығарған сот қарайды, ал егер медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану осы соттың қызмет ету аумағынан тыс жерде жүзеге асырылса – осы шараны қолдану орны бойынша т и і с т і с о т қ а р а й д ы .

2. Істі тыңдауды тағайындау туралы сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адамның заңды өкіліне, мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асырушы мекеменің әкімшілігіне, қорғаушы мен прокурорға хабарлайды. Сот отырысына қорғаушы мен прокурордың қатысуы міндетті, басқа адамдардың келмеуі істі қарауға кедергі келтірмейді.

3. Сот отырысында мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асырушы мекеменің ұсынысы (қорытындысы), психиатр дәрігерлер комиссиясының қорытындысы зерттеледі, отырысқа қатысушы адамдардың пікірі тыңдалады. Егер психиатр дәрігерлер комиссиясының қорытындысы күмән тудыратын болса, сот отырысқа қатысушы адамдардың өтініші бойынша немесе өз бастамасы бойынша сот психиатриялық сараптамасын тағайындай алады, қосымша құжаттарды талап етеді, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануды тоқтату, өзгерту немесе мерзімін ұзарту туралы мәселесі шешіліп отырған адамнан, егер бұл оның психикасының жай-күйі бойынша мүмкін болса, жауап алады.

4. Сот бұдан бұрын тағайындалған шараны қолдану қажеттігі жойылатын не медициналық сипаттағы өзге шараны тағайындау қажеттігі туындайтын адамның осындай психикалық жай-күйі жағдайында медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын тоқтатады немесе өзгертеді. Сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын тоқтату немесе өзгерту үшін негіздер болмаған ретте мәжбүрлеп е м д е у д і ұ з а р т а д ы .

5. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануды тоқтату, өзгерту немесе мерзімін ұзарту туралы, сондай-ақ тоқтатудан, өзгертуден немесе ұзартудан бас тарту туралы сот кеңесу бөлмесінде қаулы шығарады және оны сот о т ы р ы с ы н д а ж а р и я л а й д ы .

Ескерту. 519-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

520-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адамға қатысты қылмыстық істі қайта жалғастыру

1. Егер қылмыс жасағаннан кейін оның психикасы бұзылып ауруының салдарынан медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адамды психиатр дәрігерлер комиссиясы сауыққан деп таныса, онда сот мәжбүрлеп

емдеуді жүзеге асырушы медициналық ұйым қорытындысының негізінде осы Кодекстің 453-бабының 9-тармағына және 454-бабының үшінші бөлігіне сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеп емдеу шарасын қолдануды тоқтату туралы қаулы шығарады және істі анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізу, осы адамды айыпталушы ретінде тарту және істі жалпы тәртіппен сотқа беру туралы мәселені шешеді.

2. Медициналық ұйымда өткізілген уақыт жазаны өтеу мерзіміне есептеледі.

55-тарау. Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың шет мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша құзыретті мекемелерімен және лауазымды адамдарымен өзара іс-қимылының тәртібі туралы негізгі ережелер

521-бап. Құқықтық көмек көрсету тәртібімен жүргізілетін іс жүргізушілік және өзге де іс-әрекеттер

1. Құқықтық көмек көрсету ретімен Қазақстан Республикасы құқықтық көмек туралы халықаралық шарт жасасқан шетел мемлекеттерінің тергеу органдарына және соттарына не өзара негізде осы Кодексте көзделген іс жүргізушілік іс-әрекеттер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңдары мен халықаралық шарттарында көзделген өзге де іс әрекеттер жүргізілуі мүмкін.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттың ережелері осы Кодекске қайшы келетін жағдайда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Құқықтық көмек көрсетуге байланысты шығындарды, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, оны сұраған мекеме өз мемлекетінің аумағында өтейді.

522-бап. Іс жүргізу құжаттарының күші

Осы Кодекстің 521-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген аумақтағы мемлекетте оның аумағында қолданылатын заңдарға сәйкес жасалған және елтаңбалы мөрмен бекітілген іс жүргізушілік құжаттар, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, ешқандай шектеусіз іс жүргізу құжаттары ретінде қолданылады.

523-бап. Құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша қарым-қатынас жасау тәртібі

1. Тергеу қимылдарын жүргізу туралы тапсырма Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, ал сот іс-әрекеті - Қазақстан Республикасының Әділет министрі не тиісінше олардың орынбасарлары, не уәкілетті лауазымды адамдар арқылы жіберіледі, олар қажетті жағдайларда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің делдал болуын сұрайды.

2. Тапсырманы ресімдеу кезінде, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, ол жіберілетін шет мемлекеттің тілі п а й д а л а н ы л а д ы .

3. Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы басқа мемлекеттің аумағында іс жүргізу және өзге де іс-әрекеттерді орындау жөнінде құқықтық көмек көрсету туралы тиісті бланкіде тапсырма жасайды, қол қойып, қылмыстық іс жүргізуші органның елтаңбалы мөрімен куәландырады.

4. Тиісті прокурордың, соттың дәлелді өтініші бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырма тиісінше Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына, Әділет министріне немесе уәкілетті прокурорға жіберіледі.

5. Басқа мемлекеттің құзыретті мекемесіне құқықтық көмек көрсету туралы тапсырма жіберу жөніндегі мәселені Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Әділет министрі шешеді.

6. Ұстап беру және қылмыстық қудалау мәселелері жөнінде құқықтық көмек көрсету тәртібі осы Кодекстің 527, 529-баптарымен белгіленеді.

524-бап. Іс жүргізу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырманың мазмұны

1. Тергеу және сот іс-әрекеттерін жүргізу туралы тапсырма жазбаша нысанда жасалуы, тапсырманы жіберуші лауазымды адам қол қояы, мекеменің елтаңбалы мөрімен куәландыруы және:

- 1) тапсырманы беріп отырған органның атауын;
- 2) тапсырма жіберіліп отырған органның атауы мен мекен-жайын;
- 3) істің атауын және тапсырманың сипатын;
- 4) өздеріне қатысты тапсырма жасалып отырған адамдар, олардың азаматтығы, кәсібінің түрі, тұратын жері немесе жүрген жері, заңды тұлғалар үшін - олардың орналасқан жері туралы деректерді;
- 5) анықталуға жататын мән-жайларды баяндауды, сондай-ақ сұралынатын құжаттардың, заттық және басқа да айғақтардың тізбесін;
- 6) жасалған қылмыстың іс жүзіндегі мән-жайларын және оның саралануы туралы мәліметтерді, қажет болғанда - іс-әрекетпен келтірілген залалдың мөлшері туралы деректерді;

7) тапсырманы атқару үшін қажет басқа да мәліметтерді қамтуға тиіс.

2. Ұстап беру және қылмыстық қудалауды қозғау туралы талаптардың мазмұны осы Кодекстің 529, 530-баптарымен белгіленеді.

525-бап. Іс жүргізушілік іс-әрекеттер жүргізу туралы тапсырманы атқарудың тәртібі

1. Сот, прокурор, тергеуші, анықтау органы тергеу немесе сот іс-әрекеттерін жүргізу туралы шетел мемлекеттерінің тиісті мекемелері мен лауазымды адамдарының белгіленген тәртіппен өздеріне берген тапсырмаларын осы

Кодекстің жалпы ережелері бойынша атқарады.

2. Тапсырманы атқару кезінде, егер бұл Қазақстан Республикасының осы мемлекетпен халықаралық шартында көзделген болса, шетел мемлекетінің іс жүргізу нормалары қолданылуы мүмкін.

3. Тапсырманы орындау кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі не орыс тілі қолданылады.

4. Тапсырманы атқару кезінде халықаралық шартта көзделген жағдайларда осы Кодекстің 523-бабының бірінші бөлігінде аталған лауазымды адамдардың рұқсатымен басқа мемлекеттің құзыретті мекемесінің өкілі қатыса алады.

5. Егер тапсырманы атқару мүмкін болмаса, алынған құжаттар белгіленген тәртіппен тапсырма берілген шетел мекемесіне оны атқаруға кедергі келтірген себептер көрсетіле отырып қайтарылады. Тапсырма, егер оны атқару Қазақстан Республикасының егемендігіне немесе қауіпсіздігіне залал келтіретін не оның заңдарына қайшы келетін болса, барлық жағдайда да қайтарылады.

Ескерту. 525-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

526-бап. Куәні, жәбірленушіні, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді, олардың өкілдерін, сарапшыны шақыру және олардан жауап алу

1. Куә, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері, сарапшы, егер олар шетел мемлекетінің азаматтары болса, қылмыстық іс жүргізуші тиісті лауазымды адам олардың келісімімен Қазақстан Республикасының аумағында тергеу немесе сот іс-әрекеттерін жүргізу үшін шақыруы мүмкін.

2. Шақырылатын адамның келуі туралы өтініш осы Кодекстің 523-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен жіберіледі.

3. Тергеу және сот іс-әрекеттерін куәнің, жәбірленушінің, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген іс жүргізуге басқа да қатысушылардың қатысуымен жүргізу осы Кодекстің ережелері бойынша мыналардан басқа реттерде жүзеге асырылады: мәжбүрлеп келтіруге, ақшалай өндіріп алуға, сондай-ақ айғақтар беруден бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін және көрінеу жалған айғақтар бергені немесе көрінеу жалған қорытынды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға жол берілмейді. Оларды мемлекеттік шекарадан өткенге дейін жасаған әрекеті үшін Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық және әкімшілік жауапқа тартуға, қамауға алуға және жазаға ұшыратуға болмайды. Мұндай адамдарды қаралып жатқан қылмыстық іске байланысты олардың куәлік айғақтар немесе сарапшылар ретіндегі қорытындыларына орай жауапқа тартуға, қамауға алуға немесе жазаға ұшыратуға болмайды.

4. Егер осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген шақырылатын адам қылмыстық жауапқа тартылса немесе сұратушы мемлекеттің аумағында басқа қылмысы үшін сотталса ол өзінің азаматтығына қарамастан, белгілі бір уақытқа берілуі мүмкін.

5. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдар, егер олардың мүмкіндігі бола тұрып, Қазақстан Республикасының аумағынан өздеріне қылмыстық процесті жүргізуші орган олардың бұдан әрі болуы қажет еместігін хабарлаған күннен бастап он бес тәулік өткенге дейін кетпесе, осы баптың төртінші бөлігінде көзделген кепілдіктерден айырылады. Бұл мерзімге сол адамдардың Қазақстан Республикасының аумағынан кете алмауына өздері кінәлі болмаған уақыт есептелмейді.

527-бап. Істің материалдарын қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін жіберу

Қазақстан Республикасынан тыс жерге кетіп қалған шетелдік Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған жағдайда қылмыстық іс жүргізуші орган осы Кодекстің 50, 265 және 304-баптарында көзделген тәртіппен іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы дәлелді қаулы, сондай-ақ осы Кодекстің 192, 306-баптарында көзделген тәртіппен қылмыстық істердің тергелуі немесе сотта қаралуы бойынша берілуі туралы қаулы шығарады. Істі басқа мемлекетке халықаралық шартқа сәйкес жіберу туралы мәселені шешу үшін істің материалдары қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру жөнінде өтінішпен бірге Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына немесе уәкілетті прокурорға жіберіледі.

528-бап. Қылмыстық ізге түсуді жалғастыру туралы немесе қылмыстық іс қозғау туралы өтініштерді орындау

1. Шетел мемлекеті тиісті мекемесінің шетел мемлекетінің аумағында қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасына қайтып оралған Қазақстан Республикасының азаматына қатысты қылмыстық істі әрі қарай тексеру үшін беру туралы өтінішін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе уәкілетті прокурор қарайды. Алдын ала тергеу мен сот талқылауы мұндай жағдайларда осы Кодексте көзделген тәртіппен жүргізіледі.

2. Шетел мемлекетінің аумағында істі тексеру кезінде осыған уәкілетті органның немесе лауазымды адамның өз құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша алған дәлелдері тергеуді Қазақстан Республикасында жалғастыру кезінде іс бойынша жиналған басқа дәлелдермен тең заң күшіне ие болады.

3. Қазақстан Республикасының азаматы шетел мемлекетінің аумағында қылмыс жасаған, содан соң Қазақстан Республикасына қайтып оралған жағдайда оған қатысты қылмыстық ізге түсу қозғалғанға дейін қылмыстық істі Қазақстан

Республикасының алдын ала тергеу органдары шетел мемлекеті мекемесінің Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына табыс етілген осы қылмыс туралы материалдары бойынша қылмыстық іс қозғауы және тексеруі мүмкін.

4. Қылмыстық іс жүргізуші орган іс бойынша қабылданған түпкілікті шешім туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына немесе уәкілетті прокурорға хабарлауға және бұл шешімнің көшірмесін жіберуге міндетті.

529-бап. Адамды қылмыстық жауапқа тарту немесе үкімді орындау үшін ұстап беру туралы талапты жіберу

1. Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарында көзделген жағдайда және тәртіпте Қазақстан Республикасының Бас прокуроры немесе уәкілетті прокурор шетел мемлекетінің құзыретті мекемесіне Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын қылмыс жасаған адамды, егер осы адамға қатысты айыптау үкімі немесе оны айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы шығарылса, оны ұстап беру туралы талаппен шетел мемлекетінің тиісті мекемесіне өтініш жасайды.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және заңдарында көзделген жағдайда және тәртіпте қылмыстық іс жүргізуші орган Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасап, оның аумағынан кетіп қалған адамды ұстап беру туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына немесе уәкілетті прокурорға өтініш жасап, оған қажетті құжаттарды қоса тіркейді.

3. Беру туралы талапта:

- 1) қылмыстық істі жүргізіп жатқан органның атауы;
- 2) сотталушының (айыпталушының) тегі, аты, туған жылы, азаматтығы туралы деректер, сыртқы бет-пішін сипаттамасы, фотосуреті;
- 3) осы қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін заңның мәтінін келтіріп, жазаны міндетті түрде көрсете отырып, жасалған қылмыстың іс жүзіндегі мән-жайларының баяндалуы;
- 4) заңды күшіне енген үкімнің, не тиісті құжаттардың куәландырылған көшірмелерін қоса тіркей отырып, айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының шығарылған жері мен уақыты туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

4. Ұстап беру туралы өтінішке: айып тағу туралы қаулының көшірмесі, қамауға алу туралы қаулының көшірмесі, ұстап берілуге тиісті адамның азаматтығын растайтын құжаттар, тиісті прокурордың ұстап беру туралы өтінішінің заңдылығы мен негізділігі туралы қорытындысы қоса тіркелуге тиіс.

530-бап. Берілген адамның қылмыстық жауаптылық шектері

1. Шетел мемлекеті ұстап берген адам беруге қатысы жоқ өзге қылмысы үшін қылмыстық жауапқа тартылмайды, жазаланбайды, сондай-ақ оны ұстап берген

мемлекеттің келісімінсіз үшінші бір мемлекетке берілмейді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің ережесі адамның ол ұстап берілген соң қылмыс жасаған жағдайларға қолданылмайды.

531-бап. Шетел мемлекетінің азаматын ұстап беру туралы талапты атқару

1. Қылмыс жасады деп айыпталушы немесе шетел мемлекетінің аумағында сотталған шетел мемлекетінің азаматын ұстап беру туралы талапты Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе уәкілетті прокурор қарайды, оның нұсқаулары ұстап беруді орындау үшін негіз болып табылады. Адамды ұстап беру туралы бірнеше мемлекеттің талаптары болған ретте адамның қандай мемлекетке ұстап берілуге жататындығы туралы шешімді Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қабылдайды.

2. Ұстап берудің шарты мен тәртібі осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының шетел мемлекетімен жасасқан халықаралық шартымен айқындалады. P 0 9 0 0 7 S

3. Қазақстан Республикасының аумағында басқа қылмысы үшін жазасын өтеп жүрген шетел мемлекетінің азаматына қатысты ұстап беру туралы өтініш келіп түскен жағдайда ұстап беру мерзім жазасын өтегенге дейін немесе кез келген заңды негіз бойынша жазасынан босатылғанға дейін ұзартылуы мүмкін. Шетел мемлекетінің азаматы қылмыстық жауапқа тартылған жағдайда, оны ұстап беру мерзімі үкім шығарылғанға дейін, жазасын өткерген немесе кез келген негіз бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылғанға немесе жазадан босатылғанға дейін ұзартылуы мүмкін. Егер ұстап берудің мерзімін ұзарту қылмыстық ізге түсу мерзімі өтуіне алып баратын немесе қылмысты тексеруге залал келтіруі мүмкін болса, ұстап беру өтініші бойынша талап етілетін адам тараптардың келісімімен айқындалатын белгілі бір уақытқа берілуі мүмкін.

4. Белгілі бір уақытқа берілген адам өзі берілген қылмыстық іс бойынша іс жүргізу әрекеттері жүргізілген соң, бірақ адамды берген уақытынан бастап үш айдан кешіктірілмей қайтарылуы тиіс. Өзара уағдаластық бойынша бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ сот кескен жазасының мерзімінен немесе Қазақстан Республикасының аумағында жасаған қылмысы үшін заңға сәйкес кесілуі мүмкін мерзімнен аспайды.

5. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе уәкілетті прокурордың ұстап беру туралы қаулысын алғаннан кейін қамауда ұстау орнының әкімшілігі ұстап берілетін адамның ол ұстап берілген мемлекеттің органына айдап жөнелтілуі мен берілуін отыз тәулік ішінде ұйымдастыруға және орындалғаны туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына немесе уәкілетті прокурорға хабарлауға міндетті.

6. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе уәкілетті прокурордың

шет мемлекеттің азаматын ұстап беру туралы талапты қарау нәтижелері туралы оны ұстап беру туралы өтініш келіп түскен адамға хабарланады, сондай-ақ оған қабылданған шешімге сотқа шағымдану құқығы түсіндіріледі.

Ұстап беру туралы қаулы өзіне қатысты қаулы қабылданған адамға хабарланған кезден бастап он тәулік өткен соң заңды күшіне енеді. Қаулыға шағым берілген жағдайда ұстап беру сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін жүргізілмейді.

Ескерту. 531-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

531-1-бап. Адамды ұстап беру туралы шешімге шағымдану

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе уәкілетті прокурордың ұстап беру туралы қаулысына өзіне қатысты осы шешім қабылданған адам немесе оның қорғаушысы хабарлама алған кезден бастап он тәуліктің ішінде адамның орналасқан жеріндегі аудандық және оған теңестірілген сотқа шағым б е р е а л а д ы .

2. Оған қатысты ұстап беру туралы шешім қабылданған адамды қамауда ұстау орнының әкімшілігі сотқа жолданған шағымды алған соң жиырма төрт сағаттың ішінде оны тиісті сотқа жібереді және бұл туралы прокурорға х а б а р л а й д ы .

3. Прокурор ұстап беру туралы қаулыға шағымдану туралы хабарлама келіп түскен кезден бастап он тәуліктің ішінде сотқа өзі қабылдаған шешімнің заңдылығы мен негізділігін растайтын материалдарды жібереді.

4. Адамды ұстап беру туралы шешімнің заңдылығы мен негізділігін тексеруді сот шағымды алған күннен бастап бір ай ішінде прокурордың, оған қатысты ұстап беру туралы шешім қабылданған адамның және, егер ол қылмыстық іске қатысса, оның қорғаушысының қатысуымен ашық сот отырысында жүргізеді.

5. Отырысты бастар алдында төрағалық етуші қандай шағым қарауға жататынын жариялайды, қатысушыларға олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін түсіндіреді. Содан кейін өтініш беруші және (немесе) егер қылмыстық іске қатысса, оның қорғаушысы шағымды негіздейді, содан кейін сөз п р о к у р о р ғ а б е р і л е д і .

6. Сотта қарау барысында сот осы адамды ұстап беру туралы шешімнің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарына сәйкестігін тексерумен шектеліп, шағым жасаған адамның кінәлілік мәселелерін т а л қ ы л а м а й д ы .

7. Тексеру нәтижесінде сот мынадай:

1) адамды ұстап беру туралы шешімді заңсыз немесе негізсіз деп тану және о н ы ң к ү ш і н ж о ю т у р а л ы ;

2) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;

3) адамды қамауда ұстау мерзімін кемінде бір ай мерзімге ұзарта отырып, осы шешімді қабылдау үшін елеулі маңызы бар мәселелерді қарағанға дейін ұстап беру туралы шешімді тоқтата тұру туралы қаулылардың бірін шығарады.

8. Ұстап беру үшін қамауға алынған адамды босату осы Кодекстің 534-бабында көзделген тәртіппен ұстап беруді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы сот қаулысы күшіне енгеннен кейін жүргізіледі.

9. Ұстап беруді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы не шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы сот қаулысына ол шығарылған күннен бастап он тәуліктің ішінде облыстық және оған теңестірілген сотқа шағым берілуі немесе наразылық білдірілуі мүмкін.

Ескерту. Кодекс 531-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

532-бап. Ұстап беруден бас тарту

1 . Е г е р :

1) Қазақстан Республикасы осы адамға саяси баспана берсе;

2) Ұстап беру туралы талапқа негіз болған әрекет Қазақстан Республикасында қылмыс деп танылмайтын болса;

3) ол адамға қатысты дәл сол қылмысы үшін заңды күшіне енген үкім шығарылып үлгерсе немесе іс бойынша іс жүргізу тоқтатылса;

4) Қазақстан Республикасының заңдары бойынша қылмыстық іс қозғалмайтын болса немесе ескіру мерзімінің өтуі нәтижесінде немесе өзге заңды негіз бойынша үкімнің орындалуы мүмкін болмаса;

5) сұраушы мемлекетте адам қинауды қолдану қаупіне ұшырауы мүмкін деп ұйғаруға негіз болса, ұстап беруге жол берілмейді.

2. Егер ұстап беру туралы талап мәлімденген қылмыс Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тыс жерде жасалған болса, бірақ Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталған болса, ұстап беруден бас тартылуы мүмкін.

Ескерту. 532-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

533-бап. Азаматтығы жоқ адамдарға, үшінші бір елдің азаматтарына қатысты қылмыстық ізге түсуді жалғастыру және оларды ұстап беру

1. Азаматтығы жоқ адамдарға, үшінші бір елдің азаматтарына қатысты қылмыстық ізге түсу материалдарын жіберудің және қылмыстық ізге түсуді жалғастыру туралы немесе қылмыстық іс қозғау туралы өтініштерді орындау

тәртібі осы Кодекстің 527, 528-баптарының ережелерімен айқындалады.

2. Азаматтығы жоқ адамдарды, үшінші бір елдің азаматтарын ұстап беру тәртібі осы Кодекстің 529, 530, 531, 532-баптарының ережелерімен айқындалады.

534-бап. Әдеттен тыс қамау (ұстап беру үшін тұтқындау және қамап қою)

1. Шетел мемлекетінің құзыретті органынан тиісті түрде ресімделген талапты алу кезінде және адамды ұстап беру үшін заңды негіздер болған ретте ол ұсталуы мүмкін және оған әдеттен тыс қамау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылады. Сұраушы мемлекеттің өтініші бойынша адам ұстап беру туралы талап алынғанға дейін де қамалуы мүмкін. Өтініште қамауға алу туралы қаулыға немесе заңды күшіне енген үкімге сілтеме болуы және ұстап беру туралы талаптың қосымша табыс етілетіндігі айтылуға тиіс. Ұстап беру туралы талап мәлімделгенге дейін қамауға алу туралы өтініш почта, телеграф, телекс немесе факс бойынша берілуі мүмкін. Табыс етілген материалдар зерделеніп, ұсталған адамды іздеу жарияланған адам деп санауға жеткілікті негіздер болғанда және осы Кодекстің 532-бабында жазылған негіздер жоқ болған кезде прокурор аудандық және оған теңестірілген сотқа экстрадициялық қамауға алу туралы өтініш енгізеді. Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы осы Кодекстің 150-бабында көзделген ережелер мен мерзімдерді сақтай отырып, өтінішті қарайды және мынадай: экстрадициялық қамау туралы; экстрадициялық қамаудан бас тарту туралы қаулылардың бірін шығарады. Судьяның осы қаулысына шағымдану, наразылық білдіру және оны апелляциялық қарау осы Кодекстің 110-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Адам, егер оның басқа мемлекеттің аумағында ұстап беруге әкеп соғатын қылмыс жасағандығына сезік келтіретін заңмен көзделген негіздер болса, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген өтінішсіз-ақ үш тәулікке дейінгі мерзімге ұсталуы мүмкін.

3. Прокурор адамның қамауға алынғаны туралы ұстап беру туралы өтінішті, қамау туралы өтінішті жіберген немесе жіберуі мүмкін шетел мемлекетінің мекемесіне ұстап беру уақыты мен орнын ұсына отырып, дереу хабарлайды.

4. Егер қырық тәулік ішінде ұстап берілмесе, қамауда отырған адам прокурордың қаулысы бойынша босатылуға тиіс. Осы баптың екінші бөлігіне сәйкес тұтқындалған адам оны ұстап беру туралы талап Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тұтқындалу мерзімінің ішінде келіп түспесе, босатылуы тиіс. Қайта қамауға алуға осы баптың бірінші бөлігіне сәйкес ұстап беру туралы жаңа талапты қараған соң ғана жол беріледі.

5. Осы Кодекстің 531-бабына сәйкес ұсталған адамды әдеттен тыс қамауды сот қырық тәулікке дейінгі мерзімге жүзеге асырады.

6. Бұл мерзімде іздеу жариялаған мемлекеттің құзыретті органынан ұстап

беру туралы өтініш түспеген жағдайда, бірақ қамауға алу туралы өтініш және ұстап беру туралы кейіннен өтініш жіберуге кепілдік болған ретте, прокурордың өтініші бойынша экстрадициялық қамау мерзімін сот екі айға дейін ұзартуы мүмкін, бұл туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына немесе уәкілетті прокурорға хабарланады.

7. Осы баптың екінші бөлігінде аталған жағдайлар болған ерекше реттерде облыс прокурорының немесе оған теңестірілген прокурордың өтініші бойынша әдеттен тыс қамау мерзімін сот үш айға дейін ұзартуы мүмкін.

Ұстап беруі сұралған адамның немесе оның қорғаушысының ұстап беру туралы шешімге шағымдану, оған босқын немесе баспана іздеген адам мәртебесін беру мәселелері бойынша не ұстап беру туралы шешім қабылдау үшін елеулі маңызы бар өзге де мәселелер бойынша шағымы болған жағдайда, прокурордың өтініші бойынша экстрадициялық қамау мерзімін сот он екі айға дейін, бірақ үкімді орындау үшін ұстап беруді сұрап отырған шет мемлекетте адам сотталған мерзімнен артық емес мерзімге ұзартуы мүмкін.

8. Қамауда ұстау орнының әкімшілігі қамалушының қамауда ұстау мерзімі өткенге дейін жеті тәуліктен кешіктірмей бұл жөнінде прокурорға хабарлауға м і н д е т т і .

9. Қамалған адамды оны ұстап беру үшін босату прокурордың қаулысы негізінде, соның ішінде осы бапта аталған мерзім өткеннен кейін де, егер бұл мерзімде адам ұстап берілмеген болса, жүзеге асырылып, бұл жөнінде дереу Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына немесе уәкілетті прокурорға х а б а р л а н а д ы .

Ескерту. 534-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

535-бап. Транзиттік тасымалдау

1. Шетел мемлекеті мекемесінің осы мекемеге үшінші бір мемлекеттің ұстап берген адамын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік тасымалдау жөніндегі өтініші оны ұстап беру туралы талап қаралған тәртіппен қ а р а л а д ы .

2. Транзиттік тасымалдаудың тәсілін тиісті ведомстволардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды.

536-бап. Заттарды беру

1. Адамды шет мемлекеттің мекемесіне ұстап беру кезінде қылмыс жасау құралдары болып табылатын заттар, сондай-ақ қылмыс ізі бар немесе қылмыстық жолмен алынған заттар беріледі. Бұл заттар өтініш бойынша және адамды ұстап беру оның қайтыс болуы салдарынан немесе басқа себептер бойынша іске

аспаған жағдайда беріледі.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген заттар басқа қылмыстық іс бойынша іс жүргізу үшін қажет болса, белгілі бір уақытқа кідірілуі мүмкін.

3. Үшінші адамдардың заңды құқықтарын қамтамасыз ету үшін осы баптың бірінші бөлігінде аталған заттарды беру шетел мемлекеті мекемесінің іс бойынша іс жүргізуді аяқтаған соң заттарды қайтару туралы кепілдіктері болған ретте ғана жүргізіледі.

56-тарау. Жазасын өзі азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамды беру

537-бап. Жазасын өзі азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамды беру негіздері

Қазақстан Республикасының соты бас бостандығынан айыруға соттаған адамды жазасын өзі азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу үшін беруге, нақ сол сияқты шетел мемлекетінің соты бас бостандығынан айыруға соттаған Қазақстан Республикасының азаматын жазасын Қазақстан Республикасында өтеу үшін беру Қазақстан Республикасының тиісті шетел мемлекетімен халықаралық шарты не Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының шетел мемлекетінің құзыретті органдарымен және лауазымды адамдарымен өзара шарттағы жазбаша келісімі негіз болып табылады.

538-бап. Өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін сотталушыны берудің шарттары мен тәртібі

1. Өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін Қазақстан Республикасында сотталған адамды беруге сотталушының, оның заңды өкілінің немесе жақын туған-туыстарының өтініші бойынша, сондай-ақ сотталушының келісімімен тиісті мемлекеттің құзыретті органының өтінуі бойынша оның бас бостандығын айыру туралы жазасын өтеуіне дейін жол беріледі.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамды беру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының шешімі бойынша үкім заңды күшіне енген соң ғана жүзеге асырылуы мүмкін, олар үкім шығарған сотқа осы адамның берілгенін хабарлайды.

539-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталушыны жазасын өтеу үшін беруден шет мемлекетке бас тарту

Қазақстан Республикасының соты бас бостандығынан айыруға соттаған адамды ол азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін беруден,

е г е р :

1) адам сол үшін сотталған әрекеттерінің бірде бірі сотталушы азаматы болып табылатын мемлекеттің заңдары бойынша қылмыс болып танылмаса;

2) жаза шет мемлекетте ескіру мерзімінің өтуі салдарынан немесе осы мемлекеттің заңдарында көзделген өзге негіз бойынша орындалмайтындай болса ;

3) сотталушыдан немесе шет мемлекеттен азаматтық талап бөлігінде үкімнің орындалуына кепілдік алынбаса ;

4) сотталушыны халықаралық шартта көзделген жағдайларда беру туралы келісімге қол жеткізілмесе ;

5) сотталушының Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері болса, бас тартылуы мүмкін.

540-бап. Қазақстан Республикасының азаматын жазасын өтеу үшін қабылдау туралы өтінішті қарау

1. Шет мемлекеттің соты бас бостандығынан айыруға соттаған Қазақстан Республикасының азаматы, оның заңды өкілі немесе жақын туған-туыстары, сондай-ақ шет мемлекеттің құзыретті органдары сотталушының келісімімен Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына сотталушының жазасын Қазақстан Республикасында өтеуі туралы өтініш жасай алады.

2. Өтініш қанағаттандырылған жағдайда Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры шет мемлекет сотының үкімін атқару туралы облыстық немесе оған теңестірілген сотқа сотталушының Қазақстан Республикасынан кеткенге дейінгі тұрақты тұрғылықты жері бойынша ұсыныс енгізеді. Сотталушының тұрақты тұрғылықты жері болмаған кезде ұсыныс Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына енгізіледі.

541-бап. Соттың шет мемлекет сотының үкімін атқаруға байланысты мәселелерді шешу тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынысын судья сот отырысында сотталушыны қатыстырмай үкімді атқаруға байланысты мәселелерді шешуге байланысты осы Кодекспен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде қарайды .

2. Шет мемлекет сотының үкімін атқару туралы судьяның қаулысында:

1) шет мемлекет сотының атауы, үкімнің шығарылған уақыты мен жері;

2) сотталушының Қазақстан Республикасындағы соңғы тұрғылықты жері, оның жұмыс орны және сотталғанға дейінгі айналысқан кәсібі туралы мәліметтер ;

3) азамат жасағанына кінәлі деп таныған қылмыстың саралануы және оның қандай қылмыстық заңның негізінде сотталғандығы;

4) сотталушының жасаған қылмысы үшін жауаптылық көздейтін Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы;

5) жазаның (негізгі және қосымша) түрі мен мерзімі, сотталушы Қазақстан Республикасында өтеуі тиіс жазаның басталу және аяқталу мерзімі; қылмыстық түзеу мекемесінің түрі, қуыным бойынша залалды өтеудің тәртібі көрсетілуі тиіс.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңы бойынша осы қылмыс үшін бас бостандығынан айырудың шекті мерзімі шет мемлекет судьясы тағайындаған үкім бойынша тағайындалғаннан аз болса, судья осы қылмысты жасағаны үшін бас бостандығынан айырудың Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген ең жоғары мерзімін белгілейді. Егер бас бостандығынан айыру жаза ретінде көзделмеген болса, судья Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген шекте осы қылмыс үшін және шет мемлекет сотының үкімі бойынша тағайындалғанға мейлінше сәйкес келетін жазаны а й қ ы н д а й д ы .

4. Егер үкім екі немесе бірнеше әрекетке қатысты болса, Қазақстан Республикасында бәрі бірдей қылмыс деп танылмаса, судья шетел мемлекеті сотының үкімі бойынша қылмыс болып табылатын әрекетке жазаның қай бөлігі қ о л д а н ы л а т ы н д ы ғ ы н а й қ ы н д а й д ы .

5. Судьяның қаулысы ол шығарылған күннен бастап күшіне енеді және орындалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Бас п р о к у р а т у р а с ы н а ж і б е р і л е д і .

6. Шет мемлекеттің соты үкімнің күшін жойған немесе өзгерткен жағдайда шет мемлекетте не Қазақстан Республикасында шығарылған рақымшылық ету немесе кешірім жасау актісін жазасын Қазақстан Республикасында өтеп жүрген адамға қолданылған ретте қайта қаралған үкімді орындау, сондай-ақ рақымшылық етуді немесе кешірім жасауды қолдану мәселелері осы баптың е р е ж е л е р і б о й ы н ш а ш е ш і л е д і .

Ескерту. 541-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бөлім. Алқабилердің қатысуымен істер бойынша іс жүргізу

Ескерту. 13-бөліммен толықтырылды - ҚР 2006.01.16 N 122 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

57-тарау. Жалпы ережелер

542-бап. Алқабилердің қатысуымен істер бойынша іс жүргізу тәртібі

Сот алқабилердің қатысуымен қарайтын қылмыстық істер бойынша іс жүргізу осы бөлімде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

543-бап. Алқабилердің қатысуымен соттың қарауына жататын істер

1. Сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96 (екінші бөлігінің п) тармағында), 162 (төртінші бөлігінде), 165, 166-1, 167, 171, 233 (төртінші бөлігінде), 235-1 (бесінші бөлігінде), 250 (төртінші бөлігінде), 259 (төртінші бөлігінде), 260 (төртінші бөлігінде), 261 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істерді, сондай-ақ көрсетілген әрекеттерді есі дұрыс емес күйінде жасаған не оларды жасағаннан кейін жүйке ауруына ұшыраған адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қоспағанда, жасалғаны үшін қылмыстық заңда өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру көзделген қылмыстар туралы істерді алқабилердің қатысуымен қарайды.

2. Егер адам Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бірнеше бабында көзделген қылмыстарды жасады деп айыпталған болса, егер қылмыстардың осындай жиынтығына, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96 (екінші бөлігінің п) тармағында), 162 (төртінші бөлігінде), 165, 166 -1, 167, 171, 233 (төртінші бөлігінде), 235-1 (бесінші бөлігінде), 250 (төртінші бөлігінде), 259(төртінші бөлігінде), 260 (төртінші бөлігінде), 261 (төртінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы істерді қоспағанда, жасалғаны үшін қылмыстық заңда өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру көзделген қылмыстың ең болмағанда біреуі кірсе, айыпталушының өз ісінің сотта алқабилердің қатысуымен қаралуына құқығы бар

3. Егер іс бойынша бірнеше адам айыпталса, оны соттың алқабилердің қатысуымен қарауы, егер сотталушылардың ең болмағанда біреуі қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхатпен жүгінсе, олардың барлығына қатысты қарау осы бөлімде көзделген қағидалар бойынша жүргізіледі

Ескерту. 543-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

544-бап. Алқабилер қатысатын сот құрамы

Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сотта алқабилердің қатысуымен сот бір судьяның және он алқабидің құрамында әрекет

е т е д і .

Ескерту. 544-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

545-бап. Алқабиге ықпал етуге жол бермеу

Алқабилердің қатысуымен бүкіл сот талқылауы барысында мемлекеттік айыптаушыға, жәбірленушіге, сотталушыға және оның қорғаушысына, сондай-ақ процестің басқа да қатысушыларына осы істі қарауға қатысушы алқабилермен белгілеген тәртіптен тыс араласуға тыйым салынады.

546-бап. Соттың істі алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініш

1. Осы бөлімде көзделген ережелерге сәйкес, қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыру айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініші бойынша жүргізіледі.

2. Тергеуші алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін айыпталушыға істің барлық материалдарын таныстыру кезінде оған соттың оның ісін алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініш беру құқығын, сондай-ақ соттың алқабилердің қатысуымен шығарған үкіміне шағым жасау және шағымды қарау ерекшеліктерін қоса, осындай өтінішті қанағаттандырудың құқықтық салдарын түсіндіруге міндетті.

3. Айыпталушыға алдын ала тергеудің аяқталғаны туралы хабарлаған және істің барлық материалдарын танысу үшін ұсынған кезде, сондай-ақ келесі кезеңде, оның ішінде сотта істі алдын ала тыңдауда, бірақ соттың басты сот талқылауын тағайындауына дейін оның істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініш мәлімдеуге құқығы бар.

4. Тергеуші айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы не өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауына құқығын пайдаланудан бас тартуы туралы өтінішін айыпталушыға тергеу әрекеттері мен оның құқығын түсіндірудің аяқталғандығын хабарлау жөніндегі хаттамада көрсетуге міндетті. Кейіннен мәлімделген өтінішті айыпталушы жазбаша түрде береді және ол соттауына осы іс жататын сотқа дереу жіберіледі.

5. Сот басты сот талқылауын тағайындағаннан кейін айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініші қабылданбайды.

6. Айыпталушы алдын ала тыңдау жүргізілгенге дейін және алдын ала тыңдау барысында өз ісін алқабилердің қатысуымен қарау туралы мәлімдеген өтінішінен бас тартуға құқылы. Айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішінен бас тартуы алдын ала тыңдау барысында өтініш расталғаннан кейін қабылданбайды.

Ескерту. 546-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

58-тарау. Сот отырысын тағайындаудың ерекшеліктері

547-бап. Сот отырысын соттың істі алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініш болған кезде тағайындау

Айыпталушының істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініші болған кезде судья алдын ала тыңдау жүргізеді.

548-бап. Алдын ала тыңдау жүргізудің ерекшеліктері

1. Судья алдын ала тыңдауды міндетті түрде прокурордың, соттың істі алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініш білдірген сотталушының және оның қорғаушысының қатысуымен жабық сот отырысында жеке дара жүргізеді.

2. Егер іс бойынша сотталушылардың ең болмағанда біреуінің істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініші болса, алдын ала тыңдау іс бойынша барлық сотталушылардың және олардың қорғаушыларының қ а т ы с у ы м е н жү р г і з і л е д і .

3. Судья сот отырысы басталарда қай істің қарауға жататынын жариялайды, отырысқа қатысушы адамдарға өзін таныстырады, кімнің мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, хатшы екенін хабарлайды, сотталушының жеке басын анықтайды, мәлімделген қарсылықтарды шешеді. Мемлекеттік айыптаушы айыптау қорытындысының қарар бөлігін жария етеді. Судья сотталушыға айыптаудың түсінікті болғанын-болмағанын анықтайды, қажет жағдайларда оған айыптаудың мәнін түсіндіреді және ол ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы берген өз өтінішін растайтынын-растамайтынын сұрайды.

4. Егер сотталушы ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өз өтінішін растаса, онда судья осы өтініштің қанағаттандырылғаны туралы шешім қабылдайды және мемлекеттік айыптаушы, жәбірленуші, сотталушы және оның қорғаушысы мәлімдеген басқа өтініштерді қарауға көшеді.

5. Қажет жағдайда дәлелдемелер ретінде пайдалануға болатындығын тексеру үшін іс материалдары алдын ала тыңдауда жария етілуі мүмкін.

6. Егер сотталушы ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өз өтінішін растамаса, осы Кодекстің 301-бабының бірінші бөлігінде көзделген басқа да негіздер болмаған кезде, судья алдын ала тыңдау аяқталды деп жариялайды. Істі бұдан әрі жүргізу осы Кодекстің 40-тарауында көзделген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

7. Судьяның істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы қаулысы түпкілікті болып табылады. Қаулы бұдан әрі істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауынан сотталушының бас тарту себептері бойынша қайта қаралмауға тиіс.

549-бап. Алқабилердің қатысуымен сот отырысын тағайындау кезінде алдын ала тыңдау тәртібімен шығарылатын шешімдердің ерекшеліктері

1. Алдын ала тыңдау қорытындылары бойынша судья осы Кодекстің 302-307-баптарында көзделген шешімдердің бірін қабылдайды.

2. Судья сот отырысын тағайындау туралы қаулыда сот істі алқабилердің қатысуымен қарайтындығын көрсетеді және осы сот отырысына шақырылуға тиіс алқабиге кандидаттардың санын анықтайды, олардың саны жиырма бестен кем болмауға тиіс.

3. Судья алдын ала тыңдау нәтижелері бойынша, осы Кодекстің 116-бабына сәйкес, іс материалдарынан дәлелдемелер ретінде жол беруге болмайды деп танылған нақты деректерді алып тастайды.

550-бап. Сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдаудың тәртібі

1. Істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауын тағайындау туралы қаулы шығарылғаннан кейін судья сот отырысының хатшысына, алқабилерге іріктеу үшін, осы сот отырысына саны қаулыда көрсетілген алқабиге кандидаттардың келуін қамтамасыз ету туралы өкім береді.

2. Басты сот талқылауы тағайындалғаннан кейін төрағалық етушінің өкімі бойынша сот отырысының хатшысы соттағы бірыңғай және қосалқы (жылдық) тізімдерден алқабиге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдауды жүргізеді.

3. Бір адам алқаби ретінде сот отырыстарына жылына бір реттен артық қатыса алмайды.

4. Қылмыстық істі қарауға қатысу үшін алқабиге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдау аяқталғаннан кейін, олардың тегі, аты, әкесінің аты және мекенжайы көрсетіле отырып, алдын ала тізім жасалады, оған сот отырысының хатшысы қол қояды.

5. Алдын ала тізімге енгізілген алқабиге кандидаттарға, сот талқылауы басталғанға дейін жеті тәуліктен кешіктірілмей сотқа келетін күні мен уақыты көрсетілген хабарлама тапсырылады.

6. Хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті.

59-тарау. Сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды іріктеу

551-бап. Жалпы ережелер

1. Кандидаттар арасынан алқабилерді іріктеу осы Кодекстің 331-344-баптарының талаптары орындалғаннан кейін:

1) төрағалық етушінің алқабиге кандидаттарды істі қарауға қатысудан б о с а т у ы ;

2) өздігінен бас тарту туралы мәселелерді шешу;

3) қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу;

4) алқабиге кандидаттарға дәлелсіз қарсылық білдіру арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Сот отырысының хатшысы төрағалық етушіге алқабиге кандидаттардың сот отырысына келуі туралы баяндайды және алқабиге кандидаттың әрқайсысына оның тегін көрсете отырып билет жазып береді.

3. Төрағалық етуші алқабиге кандидаттардың алдында:

1) ө з і н т а н ы с т ы р ы п ;

2) т а р а п т а р д ы т а н ы с т ы р ы п ;

3) қандай іс қаралуға жататынын хабарлап;

4) алқабилердің міндеттері мен олардың осы қылмыстық істі қарауға заңға сәйкес қатысу тәртібі туралы хабарлап, қысқаша сөз сөйлейді.

4. Алқабилерге кандидатты істі қарауға қатысудан босату туралы мәселені объективті шешу мақсатында төрағалық етуші алқабилерді іріктеу кезінде кандидаттарға жәбірленуші, айыпталушы және оның қорғаушысы жазбаша нысанда ұсынған сұрақтарды, сондай-ақ өзінің қалауы бойынша, алқабилер алқасын құру үшін маңызы бар басқа да сұрақтарды қоюы мүмкін. Прокурор кандидаттарға сұрақтарды өз бетінше және ауызша нысанда қояды.

5. Алқабиге кандидат істі қарауға қатысу үшін іріктеу кезінде төрағалық етуші қойған сұрақтарға шын жауап беруі, сондай-ақ оның талабы бойынша өзі туралы және іске қатысушы басқа адамдармен қатынастары туралы қажетті өзге де а қ п а р а т т а р б е р у г е т и і с .

6. Төрағалық етуші алқабиге кандидаттардың ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітетін с ұ р а қ т а р қ о й м а ы д ы .

7. Алқабиге кандидатты істі қарауға қатысудан босатуға байланысты барлық мәселелерді, сондай-ақ өздігінен бас тартуларды және алқабиге кандидаттарға мәлімделген қарсылық білдірулерді төрағалық етуші кеңесу бөлмесіне кетпей ж е к е - д а р а ш е ш е д і .

8. Егер сотқа шақырылған алқабиге кандидаттардың жиырма бесінен азы келсе не сот талқылауына қатысудан олардың кейбіреулерін босатқаннан кейін немесе төрағалық етуші судья өздігінен бас тартулар мен қарсылық білдірулерді қанағаттандырғаннан кейін олар он жетіден азайып қалса, төрағалық етуші сот отырысының хатшысына алқабиге кандидаттар құрамының жетіспейтін санын қосалқы тізімнен толықтыру туралы өкім етеді. Бұл жағдайда алқабиге қосалқы

кандидаттарды шақыру үшін сот отырысында үзіліс жарияланады.

Ескерту. 551-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

552-бап. Төрағалық етушінің алқабиге кандидаттарды істі қарауға қатысудан босатуы

1. Төрағалық етуші алқабиге кандидаттарға олардың осы Кодексте белгіленген міндеттерін түсіндіреді, содан кейін алқабиге кандидаттардан алқаби ретінде істі қарауға қатысуда оларға кедергі келтіретін мән-жайлардың бар-жоғы туралы сұрайды.

2. Төрағалық етуші:

1) қылмыс жасады деген күдіктілерді немесе айыпталушыларды;
2) сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамды, мылқау, саңырау, зағип адамдарды;

3) сот отырысына толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге ұйымдастырушылық не техникалық мүмкіндіктер болмаған кезде мүгедек болып табылатын басқа да адамдарды алқаби міндеттерін атқарудан босатады.

3. Төрағалық етуші судья алқабилердің ауызша немесе жазбаша өтініші бойынша:

1) алпыс бес жастан асқан адамдарды;
2) үш жасқа толмаған балалары бар әйелдерді;
3) өзінің діни нанымына байланысты сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу өзі үшін мүмкін емес деп есептеген адамдарды;

4) қызметтік міндеттерін атқарудан алаңдатылуы қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге едәуір зиян келтіруі мүмкін адамдарды (дәрігерлер, мұғалімдер, әуежолдарының пилоттары және басқалар);

5) сот отырысына қатыспау үшін дәлелді себептері бар өзге де адамдарды алқаби міндеттерін атқарудан босата алады.

4. Төрағалық етуші алқабиге кандидаттардан сотта қаралатын істің мән-жайлары туралы олардың хабардарлығын анықтайды.

5. Төрағалық етуші кез келген алқабиге кандидатты осы адамға заңсыз көрсетілген ықпал ету, онда ағат пікір болуы, ол істің мән-жайын іс жүргізу көздерінен емес, басқа көздерден білуі салдарынан оның объективтілігіне негізді күмән келтірілсе, сондай-ақ алқабиге кандидаттың алқаби ретінде істі қарауға қатысуы кезінде объективті болмау мүмкіндігін көрсететін басқа да себептермен іс бойынша алқабидің міндеттерін атқарудан босатады.

Ескерту. 552-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

553-бап. Алқабиге кандидаттардың өздігінен бас тартуы туралы мәселелерді шешу

Төрағалық етуші алқабиге кандидаттардың қайсы бірін істі қарауға қатысудан босату үшін заңда көзделген себептердің бар-жоғы туралы сұрайды. Келген алқабиге кандидаттардың әрқайсысы оның алқаби міндеттерін орындауына кедергі келтіретін дәлелді себептерді көрсетуге, сондай-ақ өздігінен бас тартуын мәлімдеуге құқылы.

554-бап. Алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу

Алқабиге кандидаттардың әрқайсысына, егер:

1) алқабиге кандидат осы іс бойынша жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер болып табылса, куә ретінде шақырылса не шақырылуы мүмкін болса ;

2) алқабиге кандидат осы қылмыстық іс бойынша сарапшы, маман, аудармашы, куәгер, сот отырысының хатшысы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, қорғаушы, айыпталушының заңды өкілі, жәбірленушінің өкілі, азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкер ретінде іс жүргізуге қатысса;

3) алқабиге кандидат жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің, айыпталушының немесе оның заңды өкілінің, прокурордың, қорғаушының, тергеушінің немесе анықтаушының туысы немесе жекжаты (аға-інісі, апа-қарындасы, ата-анасы және ерлі-зайыптылардың баласы) болып табылса ;

4) алқабиге кандидат осы іске жеке, тікелей немесе жанама мүдделі деп санауға негіз беретін өзге де мән-жайлар болса, прокурордың, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің, сотталушының және оның қорғаушысының қарсылығы мәлімделуге тиіс.

555-бап. Алқабиге кандидаттарға дәлелсіз қарсылық білдіру

1. Егер осы Кодекстің 554-бабының талаптарын орындау нәтижесінде сот отырысына қатысу үшін алқабиге кандидаттардың он жетіден астамы қалса, төрағалық етуші қалған алқабиге кандидаттардың санын жариялайды, бұдан кейін олардың тегі көрсетілген билеттерді жәшікке салады, билеттерді араластырады және жәшікте он жеті билет қалу үшін одан қанша қажет болса онша билетті алады .

2. Осы баптың бірінші бөлігіндегі талаптарды орындағаннан кейін төрағалық етуші мемлекеттік айыптаушы, сондай-ақ сотталушы және (немесе) оның қорғаушысы дәлелсіз қарсылықты жүргізу үшін қалған, алқабиге кандидаттардың тегі көрсетілген он жеті билетті береді, нәтижесінде алқабиге он екі кандидат қалуға тиіс .

3. Мемлекеттік айыптаушы, сотталушы және оның қорғаушысы төрағалық етуші арқылы алқабиге кандидаттардың кейбіреуінің өзін таныстыруын сұрауға құқылы.

4. Егер іске бір сотталушы қатысса, дәлелсіз қарсылық білдіруді алқабиге екі кандидатқа - мемлекеттік айыптаушы, содан кейін алқабиге үш кандидатқа сотталушы және (немесе) оның қорғаушысы көрсетілген кезектілікпен жүргізеді.

5. Егер іске бірнеше сотталушы қатысса, мемлекеттік айыптаушы әрі кеткенде алқабиге екі кандидатқа қарсылық білдіруге құқылы. Бұл ретте, алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру - сотталушылардың өзара келісімі бойынша, ал, осындай келісім болмаған жағдайда, егер мүмкін болса, қарсылық білдірілетін алқабиге кандидаттардың санын олардың арасында тең бөлу арқылы жүргізіледі.

6. Осы баптың бесінші бөлігіндегі талаптарды орындау мүмкін болмаған жағдайда бірнеше сотталушының алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіруі барлық сотталушының тегі көрсетілген билеттерді жәшікке салып, жеребе тастау арқылы жүргізілуге тиіс. Жеребе тастау қарсылық білдірілмеген алқабиге кандидаттардың санына тең санда жүргізіледі. Төрағалық етуші сотталушының тегі көрсетілген билетті жәшіктен неше рет алса, сотталушы алқабиге кандидаттарға сонша рет қарсылық білдіруге құқылы.

7. Сотталушылардың кейбірінің алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру құқығынан бас тартуы басқа сотталушылардың алқабиге кандидаттардың кемінде он екісі қалғанға дейін оларға қарсылық білдіру құқықтарына қандай да бір шек қоюға әкеп соқпайды.

8. Мемлекеттік айыптаушы, сотталушы немесе оның қорғаушысы алқабиге кандидаттардың тегі көрсетілген билеттерге дәлелдерін көрсетпей-ақ, қолдары қойылған "қарсылық білдіру" деген жазу арқылы алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру мүмкін.

9. Сотталушы өзінің қорғаушысына алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру құқығын жүзеге асыруды тапсыруға құқылы. Егер сотталушы өзінің алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру құқығынан бас тартса, онда қорғаушы оның келісімінсіз алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіруге өз бетінше қатысуға құқылы емес.

10. Сотталушы немесе, егер іске бірнеше сотталушы қатысса, барлық сотталушы өзінің қарсылық білдіру құқығынан бас тартқан жағдайда алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру жеребе тастау арқылы жүргізіледі, оның барысында төрағалық етуші не сот отырысының хатшысы қанша алқабиге кандидатқа қарсылық білдірілуі мүмкін болса, сонша қарсылық білдірілмеген алқабиге кандидаттардың тегі көрсетілген билеттерді жәшіктен алып тастайды.

11. Тараптар дәлелсіз қарсылық білдірген алқабиге кандидаттардың тегі

көрсетіле отырып, билеттер істің материалдарына тігіледі.

Ескерту. 555-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

556-бап. Жеребе тастау арқылы алқабилер алқасын құру

1. Сотта істі қарайтын алқабилер алқасы негізгі құрамның (алқабилер алқасының құрамын құрайтын) он және екі қосалқы алқаби құрамында жеребе т а с т а у а р қ ы л ы құ р ы л а д ы .

2. Алқабилер алқасын құру үшін төрағалық етуші қарсылық білдірілмеген алқабиге кандидаттардың тегін көрсете отырып, билеттерді жәшікке салады, оларды араластырады және бір-бірлеп он екі билетті алады, әр алған сайын билетте көрсетілген алқабиге кандидаттың тегін жариялайды. Егер жәшіктен алынған және қалған билеттер қарсылық білдірілмеген алқабиге кандидаттардың жалпы санын құраса, сондай-ақ, егер алқабилер алқасын құрудың дұрыстығына әсер ететін қандай да бір бұзушылыққа жол берілмесе, онда алқабилер алқасы құрылды деп танылады. Бұл ретте, жеребе тастау арқылы іріктелген алғашқы он алқаби - негізгі құрамның алқабиі, ал соңғы екеуі қосалқы алқаби деп есептеледі.

3. Қарсылық білдіру туралы мәселені шешу кезінде немесе алқабилер алқасын құру кезінде оның құрылуының дұрыстығына әсер еткен қандай да бір бұзушылыққа жол берілсе, сондай-ақ бір немесе одан да көп алқабиге мемлекеттік құпияға рұқсат етуден бас тартылған жағдайда, төрағалық етуші алқабилер алқасының құрылуын жарамсыз немесе ол құрылған жоқ деп жариялайды және алқабиге кандидаттарға толық көлемінде қайта іріктеу ж ү р г і з е д і .

4. Сот отырысының хатшысы жеребе тастау арқылы іріктелген он екі алқабидің тегін жәшіктен билеттер қалай алынса, сол тәртіппен сот отырысының хаттамасына енгізеді. Жеребе тастау арқылы іріктелген алқабилердің тегі көрсетіле отырып, билеттер іс материалдарына тігіледі.

Ескерту. 556-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

557-бап. Алқабилердің сот талқылауына қатысуының жалпы шарттары

1. Алқабилер алқасын құру аяқталғаннан кейін төрағалық етуші алқабилердің негізгі құрамына, жеребе тастау арқылы анықталған тәртіпке сәйкес, оларға бөлінген алқабилер орындығынан орын алуды ұсынады. Алқабилердің орындығы сот отырысы залында қатысып отырғандардан бөлек болуы және әдетте сотталушылар орындығына қарама-қарсы орналасуға тиіс. Қосалқы екі алқаби олар үшін арнайы бөлінген алқаби орындығына орналасады.

2. Алқабилер және қосалқы алқабилер, осы Кодексте көзделген жағдайларды

қоспағанда, сот отырысының залында сот талқылауы кезінде тұрақты қатысады.

3. Егер сот талқылауы барысында, бірақ алқабилер мен судья шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін, алқабилердің біреуінің сот отырысына одан әрі қатыса алмайтындығы немесе төрағалық етуші оны сот отырысына қатысудан шеттеткені анықталса, онда ол қосалқы алқабилердің тегі көрсетілген билет жәшіктен қандай тәртіппен алынса, сол тәртіппен қосалқы алқабилермен ауыстырылады. Егер шығып қалған алқабилерді қосалқы алқабилермен ауыстыру мүмкіндігі таусылған болса, төрағалық етуші өткен сот талқылауын жарамсыз деп жариялайды және сот талқылауын, осы Кодекстің 550-бабына сәйкес, алқабиге кандидаттарды алдын ала таңдау кезеңіне қайтарады.

4. Егер алқабилердің біреуінің сот отырысына қатысу мүмкіндігінің жоқтығы кеңесу бөлмесіне кеткеннен кейін анықталса, онда судья мен алқабилер сот отырысы залына кіріп, алқабиді ауыстыруға және қайтадан кеңесу бөлмесіне к е т у г е т и і с .

5. Кез келген алқаби, осы Кодекстің 559-бабының төртінші бөлігімен белгіленген шектеулерді сақтамаған жағдайда, істі қараудың кез келген кезеңінде іске одан әрі қатысудан шеттетілуі мүмкін.

6. Алқабиді шеттетуді тараптардың қатысуымен төрағалық етуші жүзеге асырады, бұл туралы сот отырысының хаттамасында жазба жасалады.

Ескерту. 557-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

558-бап. Алқабилердің ант қабылдауы

1. Алқабилер алқасы құрылып болғаннан кейін төрағалық етуші немесе сот отырысының хатшысы сот отырысының залында қатысып отырғандардың барлығына орындарынан тұруды ұсынады. Төрағалық етуші алқабилерге ант қабылдау ұсынысымен өтініш жасайды.

2. Алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іріктеліп алынған адам мынадай мазмұнда ант қабылдайды : "Алқабидің міндеттерін атқаруға кірісе отырып, өз міндеттерімді адал және бейтарап атқаруға, сотта қаралған барлық дәлелдемелерді, дәлелдерді, істің мән-жайын назарыма алуға, ерікті азамат және әділ адам ретінде істі өзімнің ішкі нанымым мен ар-ожданым бойынша шешуге салтанатты түрде ант етемін".

3. Алқаби "Ант етемін" деген сөздерді айтумен антты қабылдауын растайды.

4. Алқабилердің ант қабылдағаны туралы сот отырысының хаттамасына жазба жасалады.

60-тарау. Алқабилердің қатысуымен соттың істі талқылау ерекшеліктері

559-бап. Алқабилердің құқықтары, міндеттері және істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріндегі шектеулер

1. Төрағалық етуші алқабилерге олардың құқықтарын, міндеттерін және істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріне шектеулерді түсіндіреді, сондай-ақ міндеттерді бұзу және шектеулерді сақтамаудың салдарлары туралы ескертеді.

2 . А л қ а б и :

1) өзінің ішкі нанымы бойынша істің мән-жайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

2) процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға;

3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жерді және үй-жайларды тексеріп қарау ісіне, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс-әрекеттерге қатысуға;

4) төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға;

5) сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы.

3 . А л қ а б и :

1) сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға ;

2) алқабидің міндеттерін атқару үшін, сондай-ақ, егер сот отырысында үзіліс жарияланған немесе істі тыңдау кейінге қалдырылған жағдайда, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге;

3) сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеудің себептері туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

4 . А л қ а б и :

1) істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кетуге;

2) істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге;

3) істі қарау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға;

4) жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес.

5. Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген

жауаптылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеп соғады.

560-бап. Алқабилер қатысатын соттың құзыреті

1. Алқабилердің қатысуымен соттың істі талқылауы кезінде осы Кодекстің 371-бабы бірінші бөлігінің 1)-8), 14) тармақтарында көзделген мәселелер ш е ш і л е д і .

2. Егер сот талқылауы барысында осы Кодекстің 116-бабына сәйкес дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейтін іс жүзіндегі деректер анықталатын болса, төрағалық етуші оларды дәлелдемелер қатарынан алып тастау туралы мәселені шешуге, ал мұндай дәлелдемелер зерттелген жағдайда олардың заңды күші жоқ деп тануға, ал оларға жасалған зерттеулерді жарамсыз д е п т а н у ғ а м і н д е т т і .

3. Тараптар төрағалық етушінің рұқсатынсыз алқабилер қатысатын сотта істің талқылануынан алып тасталған дәлелдемелердің бар екені туралы еске салуға, өздерінің ұстанымдарына негіздеме үшін оларға сілтеме жасауға құқылы емес. Судья алқабилерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейтін іс жүзіндегі деректермен таныстыруға тиіс емес.

Ескерту. 560-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

561-бап. Алқабилер қатысатын сотта істің қысқартылуы

Төрағалық етуші істі соттың алқабилердің қатысуымен талқылауының кез келген кезеңінде, егер сот талқылауы кезінде осы Кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінде көзделген мән-жайлар анықталса, сондай-ақ мемлекеттік айыптаушы осы Кодекстің 317-бабының жетінші бөлігіне сәйкес айыптаудан бас тартқан кезде қысқартады.

562-бап. Алқабилер қатысатын сотта сот тергеуінің ерекшеліктері

1. Алқабилер қатысатын соттың сот тергеуі осы Кодекстің 345-359, 362-баптарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Мемлекеттік айыптаушы айыптау қорытындысының қарар бөлігін жариялаған кезде сотталушының сотталғандығы туралы фактілерді еске салуға қ ұ қ ы л ы е м е с .

3. Тараптар сотталушыдан, жәбірленушіден, куәлардан және сарапшылардан жауап алғаннан кейін алқабилер төрағалық етуші арқылы осы адамдарға сұрақтар қоя алады. Алқабилер сұрақтарды жазбаша түрде жасап, төрағалық е т у ш і г е б е р е д і .

4. Төрағалық етуші сұрақ қойған алқабиге өзінің бас тарту себебін жариялай отырып, іске қатысы жоқ, сондай-ақ мегзеу немесе тіл тигізу сипатында деп

есептеген сұрақтарды қабылдамай тастауға құқылы.

5. Тараптар алқабилер алқасының қатысуынсыз, судья бұрын іс талқылауынан алып тастаған дәлелдемелерді, бұл ретте олардың мәнін баяндамай-ақ, зерттеу туралы өтініш беруі мүмкін. Осындай өтінішке байланысты іс бойынша сот талқылауына қатысушылардың пікірін тыңдауды судья жүргізеді.

6. Сотталушының бұрынғы сотталғандығына байланысты, оны құнықпа маскүнем немесе нашақор деп тану туралы мән-жайлар, сондай-ақ алқабилердің сотталушыға қатысты теріс түсінігін туғызатын мән-жайлар зерттелуге жатпайды.

Ескерту. 562-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

563-бап. Алқабилер қатысатын соттағы тараптардың жарыссөздері

1. Сот тергеуі аяқталғаннан кейін алқабилердің қатысуымен сот тараптардың жарыссөздерін тыңдауға көшеді. Алқабилер қатысатын сотта тараптардың жарыссөздері екі бөліктен тұрады.

2. Жарыссөздердің бірінші бөлігі мемлекеттік айыптаушының, жәбірленушінің, қорғаушының және сотталушының сөздерінен тұрады, олар сотталушының бұрынғы сотталғандығын еске салмай оның кінәсінің дәлелденуі немесе дәлелденбеуі жөніндегі өз ұстанымдарын баяндайды.

3. Тараптар алқабилер қатысқан соттың қарауына жатпайтын мән-жайларды еске салмауға және сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасамауға тиіс. Төрағалық етуші мұндай сөздерді үзіп тастайды және алқабилердің үкім шығару кезінде осы мән-жайларды есепке алмауға тиіс екендігін оларға түсіндіреді.

4. Жарыссөздердің екінші бөлігі мемлекеттік айыптаушының, сондай-ақ жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жауапкердің немесе олардың өкілдерінің, қорғаушының және сотталушының сөздерінен тұрады, оларда сотталушының іс-әрекетін дәрежелену, жаза тағайындау, азаматтық талап мәселелері бойынша ұстанымдары баяндалады. Жарыссөздердің екінші бөлігі алқабилердің қатысуынсыз өткізіледі.

564-бап. Алқабилер қатысатын соттағы репликалар және сотталушының соңғы сөзі

1. Алқабилер қатысатын сотта жарыссөздің әрбір бөлігінде сөздер сөйленіп болған соң тараптар жарыссөзіне қатысушылардың бәрінің реплика айтуға құқығы бар. Соңғы реплика айту құқығы қорғаушыға тиесілі.

2. Сотталушыға осы Кодекстің 365-бабына сәйкес соңғы сөз беріледі.
Ескерту. 564-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

565-бап. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын сұрақтардың қойылуы

1. Төрағалық етуші сот тергеуінің нәтижелерін, тараптардың жарыссөздерін ескере отырып, алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын сұрақтарды жазбаша түрде тұжырымдайды, оларды оқиды және тараптарға береді.

2. Тараптар сұрақтардың мазмұны мен тұжырымдалуы бойынша өздерінің ескертпелерін айтуға және жаңа сұрақтар қою туралы ұсыныстар енгізуге қ ұ қ ы л ы .

3. Сұрақтарды талқылау және тұжырымдау уақытында алқабилер сот отырысы залынан шығып кетеді.

4. Тараптардың ескертпелері мен ұсыныстарын ескере отырып, төрағалық етуші кеңесу бөлмесінде алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын сұрақтарды түпкілікті тұжырымдайды, оларды сұрақ парағына енгізеді және оған қ о л қ о я д ы .

5. Сұрақ парағы алқабилер мен тараптар қатысып отырған кезде дауыстап о қ ы л а д ы .

Ескерту. 565-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

566-бап. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын сұрақтардың мазмұны

1. Сотталушы жасаған деп айыпталатын әрекеттердің әрқайсысы бойынша:
1) әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме;
2) бұл әрекетті сотталушының жасағаны дәлелденді ме;
3) бұл әрекеттің жасалуына сотталушы кінәлі ме деген үш негізгі сұрақ қ о й ы л а д ы .

2. Сотталушының кінәлілігі туралы негізгі сұрақтан кейін кінәлілік дәрежесін арттыратын немесе төмендететін не оның сипатын өзгертетін, сотталушыны жауаптылықтан босатуға әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы жеке сұрақтар қойылуы мүмкін. Қажет болған жағдайларда қылмыстық ниеттің жүзеге асырылу дәрежесі, әрекеттің соңына дейін жеткізілмеуіне әсер еткен себептер, сотталушылардың әрқайсысының қылмыстың жасалуына қатысу дәрежесі мен сипаты туралы сұрақтар да жеке қойылады. Егер қойылатын сұрақтар сотталушының қорғану құқығын бұзбаса, сотталушының онша ауыр емес

қылмыс жасаудағы кінәсін анықтауға мүмкіндік беретін сұрақтар қоюға жол беріледі.

3. Шешуге жататын сұрақтар әрбір сотталушыға қатысты жеке қойылады.

567-бап. Төрағалық етушінің алқабилерге жүгінуі

1. Судья мен алқабилер кеңесу бөлмесіне кетер алдында төрағалық етуші алқабилерге жүгінеді.

2. Алқабилерге жүгінген кезде төрағалық етушіге алқабилер алқасы мен судья алдына қойылған сұрақтар бойынша қандай да бір нысанда өз пікірін айтуға тыйым салынады.

3. Төрағалық етуші жүгінуінде:

- 1) айыптаудың мазмұнын баяндайды;
- 2) сотталушы айыпталып отырған әрекетті жасағаны үшін жауаптылық көзделген қылмыстық заңның мазмұнын хабарлайды;
- 3) сотталушының айыбын ашатын да, сол сияқты оны ақтайтын да, сотта зерттелген дәлелдемелер туралы еске салады, бұл ретте осы дәлелдемелерге өзінің көзқарасын білдірмейді және одан қорытындылар жасамайды;
- 4) мемлекеттік айыптаушының және қорғаушының ұстанымдарын баяндайды;

5) алқабилерге дәлелдемелерді олардың жиынтығында бағалаудың негізгі ережелерін; кінәсіздік презумпциясы принципін мәнін; сотталушының пайдасына жойылмаған күмәнді түсіндіру туралы ережені; олардың қорытындылары тікелей сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге ғана негізделуі мүмкін екендігі, олар үшін ешқандай дәлелдеменің алдын ала белгіленген күші жоқ, олардың қорытындылары болжамдарға, сондай-ақ сот пайдалануға жол берілмейді деп таныған дәлелдемелерге негізделмеуге тиіс екендігі туралы ережені түсіндіреді;

6) алқабилер назарын сотталушының айғақ беруден бас тартуы немесе оның сотта жауап бермеуі заң тұрғысынан маңызға ие болмайтынына және сотталушының кінәлілігінің дәлелі ретінде түсіндірілмейтініне аударады;

7) кеңесу, бюллетеньдерді негізгі мәселелер бойынша толтыру тәртібін, үкім шығару мәселелері бойынша жалпы дауыс беру тәртібін түсіндіреді.

4. Тараптар сот отырысында төрағалық етушінің объективтілік принципін бұзу себептері бойынша жүгінуінің мазмұнына байланысты қарсылық білдіруге құқылы, ол сот отырысының хаттамасына енгізілуге жатады.

Ескерту. 567-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

568-бап. Алқабилер кеңесінің құпиясы

1. Жарыссөздер аяқталғаннан кейін судья және негізгі алқабилер үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетеді.

2. Судья мен алқабилерден басқа, кеңесу бөлмесінде өзге адамдардың болуына жол берілмейді. Жұмыс уақыты аяқталған соң, сондай-ақ жұмыс күні ішінде төрағалық етуші кеңесу бөлмесінен шығып, демалу үшін үзіліс жасауға құқылы.

Ескерту. 568-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

569-бап. Кеңесу бөлмесінде кеңесу мен дауыс беруді жүргізу тәртібі

1. Төрағалық етуші алқабилер кеңесіне басшылық етеді, шешілуге жататын мәселелерді рет-ретімен талқылауға қояды, жауаптар бойынша дауыс беруді және дауыстардың есебін жүргізеді.

2. Кеңесу бөлмесінде алқабилер қойылған мәселелерге байланысты өздерінде туындаған түсінбеушіліктер бойынша төрағалық етушіден түсініктер алуға құқылы.

3. Негізгі мәселелер бойынша дауыс беру жазбаша жүргізіледі. Судья мен алқабилердің дауыс беру кезінде қалыс қалуға құқықтары жоқ. Судья мен алқабилердің дауыстары тең.

4. Судья мен алқабилер сотталушылардың саны бойынша соттың мөртабаны басылып, дауыс беруге арналған: "Өзімнің ар-намысым, ар-ожданым бойынша және ішкі нанымым бойынша менің қорытындым..." деген сөздер жазылған, таза бюллетеньді алады. Олардың әрқайсысы құпияны қамтамасыз ете отырып, бюллетеньге сұрақ парағында қойылған және шешілуге жататын сұрақтардың әрқайсысына жауап жазады. Сұрақ парағында қойылған сұрақтардың реті бойынша жауап мақұлдаған "иә" немесе құптамаған "жоқ" деген немесе жауаптың мәнін ашатын ("иә, дәлелденді", "жоқ, дәлелденген жоқ", "иә, кінәлі", "жоқ, кінәсіз") міндетті түсіндірме сөзден немесе сөз тіркестерінен тұруға тиіс. Судья мен алқабилер өздерінің бюллетеньдерін дауыс беруге арналған жәшікке салады.

5. Дауыс беру аяқталғаннан кейін төрағалық етуші алқабилердің қатысуымен жәшікті ашады және әрбір бюллетеньдегі дауыстарды санайды, дауыстарды санау нәтижесін сұрақ парағында көрсетілген негізгі үш сұрақтың әрқайсысының тұсына дереу жазады.

6. Алқабилер мен судьяның жауаптары бар бюллетеньдер қылмыстық істе сақталатын конвертке салынып, желімделеді.

7. Егер алдыңғы сұраққа берілген жауап кейінгі сұраққа жауап берудің қажеттілігін жойса, төрағалық етуші алқабилердің көпшілігінің келісімімен сол кейінгі сұрақтың тұсына "жауап берілмейді" деген сөздерді жазады.

8. Егер осы Кодекстің 566-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген үш сұрақтың әрқайсысына мақұлдаған жауаптарға дауыс берушілердің көпшілігі дауыс берсе, айыптау шешімі қабылданған болып есептеледі.

9. Егер қойылған негізгі сұрақтардың кез келгеніне берілген құпталмаған жауапқа дауыс берушілердің алтауы және одан да көбі дауыс берсе, ақтау шешімі қабылданған болып есептеледі.

10. Егер сотталушының кінәлілігі туралы мәселе оң шешілсе, онда судья бұл әрекет қылмыс болып табыла ма деген және оның нақ қандай қылмыстық заңда көзделгені (бабы, бөлігі, тармағы) туралы мәселені шешеді, сондай-ақ осы әрекеттер үшін қандай жазалау шарасы көзделгенін алқабилерге түсіндіреді.

11. Судья алқабилердің қатысуымен соттың әрекетті дәрежеліу мәселесін шешкеннен кейін осы Кодекстің 371-бабы бірінші бөлігінің 5)-8) және 14) тармақтарында көзделген, шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданатын мәселелер үзіліс жасалмай шешіледі. Егер оған дауыс берушілердің көпшілігі жақтап дауыс берсе, шешім қабылданған деп есептеледі.

Осы Кодекстің 371-бабы бірінші бөлігінің 9) – 13), 15) – 18) тармақтарында және бесінші бөлігінде көзделген мәселелерді судья дербес қарайды.

12. Он бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза, егер осындай шешімге дауыс берушілердің сегізі және одан да көбі дауыс берсе, тағайындалуы мүмкін.

13. Айрықша жазалау шарасы - өлім жазасы судья мен алқабилер бірауыздан шешім шығарған кезде ғана тағайындалуы мүмкін.

14. Судья мен алқабилердің жауаптары бар сұрақ парағына судья мен алқабилер қол қояды және ол іс материалдарына қоса тігіледі.

Ескерту. 569-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

570-бап. Алқабилер қатысатын сот қабылдайтын шешімдердің түрлері

Алқабилердің қатысуымен сотта қылмыстық істі талқылау мына шешімдердің бірін:

1) осы Кодекстің 324-бабында көзделген жағдайларда, істі қысқарту туралы қаулыны;

2) алқабилердің қатысуымен сот осы Кодекстің 566-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негізгі үш сұрақтың кем дегенде біреуіне теріс жауап берген жағдайларда, ақтау үкімін;

3) осы Кодекстің 375-бабының екінші бөлігіне сәйкес айыптау үкімін қабылдаумен аяқталады.

571-бап. Үкімнің қаулысы

1. Үкімге осы Кодекстің 44-тарауында белгіленген тәртіппен төрағалық етушінің мынадай ерекшеліктермен қаулысы шығарылады:

- 1) үкімнің кіріспе бөлімінде алқабилердің тегі көрсетілмейді;
- 2) ақтау үкімінің сипаттамалы-дәлелді бөлігінде алқабилердің қатысуымен сот ақтау шешімін шығарған айыптаудың мәні баяндалады және шешімге не мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына сілтеме қамтылады;
- 3) айыптау үкімінің сипаттамалы-дәлелді бөлігінде сотталушы жасағаны үшін кінәлі деп танылған қылмыстық әрекеттің сипаттамасы, жасалған әрекеттің дәрежеленуі, жаза тағайындау себептері және азаматтық талапқа қатысты сот шешімінің негіздемесі қамтылуға тиіс;
- 4) үкімнің қарар бөлігінде апелляциялық сатыға үкімге шағым жасау және наразылық білдіру тәртібі туралы түсінік қамтылуға тиіс.

2. Үкімге іс бойынша төрағалық етуші қол қояды.

Ескерту. 571-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

572-бап. Сотталушының есі дұрыс емес екендігінің анықталуына байланысты қылмыстық істі қарауды тоқтату

1. Егер алқабилердің қатысуымен соттың істі талқылау барысында сотталушы өзінің психикалық жағдайы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін емес не оны өз іс-әрекеттеріне есеп беру немесе оларды басшылыққа алып жүру мүмкіндігінен айыратын, сот-психиатриялық сараптаманың тиісті қорытындысымен расталған, жан күйзелісі ауруына шалдықты деп есептеуге негіз болатын мән-жайлар анықталса, төрағалық етуші алқабилер қатысқан соттың қылмыстық істі қарауды тоқтатуы туралы қаулы шығарады және оны осы Кодекстің 12-бөлімінде көзделген тәртіппен соттың қарауына жібереді.

2. Төрағалық етушінің алқабилер қатысқан соттың істі қарауды тоқтатуы және оны осы Кодексте көзделген жалпы тәртіппен соттың қарауына жіберуі туралы қаулысы түпкілікті болып табылады және апелляциялық тәртіппен шағым жасауға, наразылық білдіруге жатпайды.

573-бап. Сот отырысының хаттамасын жүргізу ерекшеліктері

1. Сот отырысының хаттамасы, осы Кодекстің 328-бабының талаптарына сәйкес, осы бапта көзделген ерекшеліктермен жүргізіледі.

2. Хаттамада сот отырысына шақырылған алқабиге кандидаттар құрамы және алқабилер алқасын құру барысы міндетті түрде көрсетіледі.

3. Төрағалық етушінің жүгінуі сот отырысының хаттамасына жазылады немесе оның мәтіні қылмыстық іс материалдарына тіркеліп, бұл туралы х а т т а м а д а к ө р с е т і л е д і .

4. Сот отырысының хаттамасында соттың іс қарауының бүкіл барысы оның өтуінің дұрыстығын куәландыратындай етіп көрсетуге тиіс.

61-тарау. Алқабилердің қатысуымен қаралған істер бойынша заңды күшіне енбеген үкімдерді, қаулыларды қайта қарау жөніндегі іс жүргізу ерекшеліктері

Ескерту. 61-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

574-бап. Алқабилердің қатысуымен сот шығарған, заңды күшіне енбеген үкімдер мен қаулыларға шағымдану және наразылық келтіру

Алқабилер қатысуымен соттың заңды күшіне енбеген үкімдері мен қаулыларына шағымдану, наразылық келтіру тәртібі, осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодекстің 46 және 47-тарауларында көзделген қағидалармен айқындалады.

Ескерту. 574-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

575-бап. Алқабилердің қатысуымен сот қараған істерді апелляциялық сатыда жүргізу ерекшеліктері

Ескерту. 575-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Апелляциялық сатыда сот шешімдерінің күшін жоюға немесе оларды өзгертуге:

1) істі аяқтау үшін айтарлықтай маңызы болуы мүмкін жол берілетін дәлелдемелерді талқылаудан негізсіз алып тастау;

2) істі аяқтау үшін айтарлықтай маңызы болуы мүмкін дәлелдемелерді тараптың зерттеуінен негізсіз бас тарту;

3) істің аяқталуына әсер еткен дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол беруге болмайтын іс жүзіндегі деректерді сот отырысында зерттеу;

4) осы Кодексте көзделген қылмыстық іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзу;

5) төрағалық етуші:
алқабилер алқасын қалыптастырған кезде;
алқабилердің қатысуымен талқылануға жатпайтын мәселелерді талқылаған кезде;

алқабилердің шешуіне жататын мәселелерді тұжырымдаған кезде;
сот жарыссөздерін жүргізген кезде;

төрағалық етушінің алқабилерге арнаған сөзінде жіберген, сот төрелігі үкімінің шығарылуына ықпал еткен немесе ықпал етуі мүмкін бұзушылықтар негіз болып табылады.

2. Апелляциялық саты сотталған адамға онша ауыр емес қылмыс туралы

қылмыстық заңды қолдануға және жасалған әрекеттің өзгертілген саралануына сәйкес жазаны төмендетуге құқылы. Бұл ретте, кассациялық сатының неғұрлым ауыр қылмыс туралы қылмыстық заңды қолдануға немесе тағайындалған жазаны күшейтуге құқығы жоқ.

3. Қылмыстық іс жүргізу заңын прокурордың, жәбірленушінің немесе оның өкілінің дәлелдемелерді ұсыну құқығын шектеген бұзушылықтар, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінің 5) тармағында көзделген, оның ішінде жол берілетін дәлелдемелер негізсіз алып тасталған жағдайларды қоспағанда, алқабилер қатысқан соттың ақтау үкімі апелляциялық сатыда күшін жоймауға тиіс.

Ескерту. 575-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 227-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

62-тарау. Алқабилердің қатысуымен қаралған істер бойынша заңды күшіне енген үкімдерді, қаулыларды қайта қарау жөніндегі іс жүргізу ерекшеліктері

Ескерту. 62-тарау жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.17 N 565-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

575-1-бап. Алқабилер қатысқан соттың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын кассациялық сатыдағы сотта қайта қарау

1. Егер сот талқылауы барысында қылмыстық іс жүргізу заңын:
1) үкімді алқабилер алқасының заңсыз құрамымен шығаруына әкеп соққан;
2) жәбірленушіні сотта қорғалу құқығынан айырған елеулі түрде бұзушылықтарға жол берілсе, алқабилер қатысқан соттың ақтау үкімін және апелляциялық алқаның қаулысын кассациялық тәртіппен қайта қарауға жол беріледі.

2. Мыналар:

1) қылмыстың қайталану түрі мен түзеу колониясы режимінің түрін дұрыс айқындамау;

2) талап арызды қараусыз қалдыру жағдайларынан басқа, азаматтық талап арызды дұрыс шешпеу;

3) үкімді орындау тәртібімен заңсыз қаулы да қайта қаралуға жатады.

3. Кассациялық саты сотталған адамға онша ауыр емес қылмыс туралы қылмыстық заңды қолдануға және жасалған әрекеттің өзгертілген саралануына

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда, іс бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберіледі.

576-бап. Алқабилер қатысқан соттың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын қайта қарау

Алқабилердің қатысуымен қаралған істер бойынша заңды күшіне енген үкімдерді, қаулыларды қайта қарау туралы іс жүргізу осы Кодекстің 48-1-тарауында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен облыстық және оған теңестірілген соттардың кассациялық сатысында жүзеге асырылады. Жоғарғы Соттың алқасында қайта қарау кассациялық сатыда қаралғаннан кейін ғана осы Кодекстің 459-бабы бірінші бөлігінің 1) тармағында және екінші бөлігінің 1), 2) тармақтарында көзделген негіздер бойынша мүмкін болады.

577-бап. Алқабилер қатысқан соттың заңды күшіне енген үкімін, қаулысын қайта қараған кезде сотталған адамның жағдайын нашарлатуға жол бермеу

Соттың айыптау үкімін, сондай-ақ қаулысын жазаның жеңілдігіне орай неғұрлым ауыр қылмыс туралы қылмыстық заңды қолдану қажеттігіне байланысты немесе сотталған адамның жағдайын нашарлатуға әкеп соғатын өзге де негіздер бойынша қайта қарауға, сондай-ақ соттың ақтау үкімін не қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысын қайта қарауға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының

Президенті